ВУльянов (Ленин)

Том 38

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

38 ТОМ

Март — июнь 1919

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1980

ББК 11.5
Л40

0101020000 Л $\frac{10102-120}{401(07)-80}$ 7—79

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының отыз сегізінші томына 1919 жылғы 12 марттан 27 июньге дейін жазылған шығармалар еніп отыр.

Бұл шетел империалистерінің Совет еліне қарсы әскери интервенцияны күшейткен дәуір еді. 1919 жылғы марттың бас кезінде Колчак армиясы шабуылға шығып, Уфаны басып алды; оңтүстікте генерал Деникин Луганскіні және Донбасстың бір бөлегін алды; майда Петроградқа генерал Юденич шабуыл бастады; солтүстіктен генерал Миллердің ақ гвардияшылары мен ағылшын, американ және француз интервенттерінің отрядтары шабуылға шықты.

Совет халқына интервенттер мен ішкі контрреволюцияға қарсы ерекше қиын жағдайларда соғыс жүргізуге тура келді. Жаулар отын, шикізат пен азық-түлік өндірудің негізгі базаларын басып алған еді. Отынның тапшылығынан темір жолдар мен фабрикалар тоқтап қалды; армия мен қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін орасан зор күш-жігер жұмсау керек болды.

Осы томға енген шығармалар В. И. Лениннің, партия мен үкіметтің елдің қорғанысын ұйымдастыру жөніндегі қажырлы жұмысын, халықтың майдан мен тылдағы қаһармандық күш-жігерін көрсетеді. Шетел интервенциясы тудырған ауыр жағдайларға қарамастан, Ленин, большевиктер партиясы совет халқының жеңетіндігіне, советтік құрылыстың беріктігіне, Октябрь социалистік

революциясы ұлы ісінің салтанат құратындығына кәміл сенді. «Жұмысшылары мен шаруаларының көпшілігі,—деді Ленин,—өз өкіметін, Совет өкіметін—еңбекшілер өкіметін қорғайтындығын, жеңген күнде мәдениет игіліктерінің бәрін, адам еңбегі жасаған нәрсенің бәрін өздерінің және өз балаларының пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін істі қорғайтындығын білген, сезген және көрген халық еш уақытта жеңілмейді» (осы том, 347-бет).

Соғыстың сұрапыл күндерінде, адам көрмеген қиынқыстау жағдайда Совет елінде сан қырлы жасампаздық қызмет тоқталған жоқ, жаңа қоғам құрылысы жүріп жатты, социализмнің өркендері көбейе берді, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңістері ұлғая түсті. «Біздің революциямыз,—деп атап көрсетті Ленин 1919 жылғы майда,—бір жарым жыл ішінде пролетариат үшін, өзіміз қызмет етіп отырған тап үшін, біздің жұмыс істеп отырған мақсатымыз үшін, капитал үстемдігін құлату үшін француз революциясының өз табына бергенінен өлшеусіз көп нәрсені берді» (406-бет).

Лениннің бұл кезеңде жазған шығармалары капитализмнен социализмге өту проблемаларына, Совет елінде социалистік құрылысты өрістету перспективаларына, Коммунистік партияның жаңа Программасын әзірлеуге Коммунистік партияның орасан зор көңіл бөлгендігін көрсетеді. 1919 жылғы мартта өткен партияның VIII съезі осы мәселелерге арналды. Съезді ашарда сөйлеген сөзінде Ленин, соғысқа қарамастан, жасампаздық міндеттер бірінші кезекке қойылады, съездің бүкіл жұмысы осы міндеттердің бағытында жүреді деп атап көрсетті.

Партия программасын талдап жасауға, партияның VIII съезінің орта шаруаға көзқарас туралы программалық документтерін және басқа шешімдерін дайындауға және негіздеуге арналған шығармалар томда негізгі орын алады. В. И. Ленин съезді ашарда және жабарда сөз сөйледі, Орталық Комитеттің есебін берді, партия программасы туралы және деревнядағы жұмыс туралы баяндамалар жасады.

Съезде В. И. Лениннің басшылығымен талдап жасалған партияның жаңа программасын талқылауға және қабылдауға баса назар аударылды. Томдағы программаны даярлауға қатысты материалдар Лениннің программа жобасын жасау жөніндегі орасан зор жұмысын, оның программа жобасының теориялық бөлімін де, сондай-ақ Россиядағы пролетариат диктатурасының практикалық міндеттері туралы пункттерін де терең талдап жасағандығын көрсетеді.

«РКП(б) программасының жобасында», сондай-ақ партияның VIII съезінде жасаған баяндамасы мен қорытынды сөзінде Ленин партия программасының теориялық бөлімінде империализмге капитализмнің жоғары және соңғы сатысы деп анықтама берудің ғана емес, сонымен бірге монополияға дейінгі капитализм мен жай товар шаруашылығына сипаттама берудің де қажеттігін жан-жақты негіздеп берді. Бұл ұсынысқа қарсы шыққан Н. И. Бухаринді және оның жақтастарын сынай келіп, В. И. Ленин империализм товар шаруашылығы мен капитализм негізінде дамыды, империализм капитализмнің қайшылығын тереңдетіп, шегіне жеткенше асқындыра түседі деп атап көрсетті. Капиталистік қоғамның дамуына теориялық талдау жасау негізінде Ленин «капитализмнің негізгі базасынсыз таза империализм еш уақытта болған емес, еш жерде жоқ және еш уақытта болмайды да» (167—168-беттер) деген ғылыми тұрғыдан дәлелденген қорытындыға келді. Егер тек империализмнің өзі ғана болып отырса, деді Ленин, онда социалистік революцияны жасау және социализмге өту міндеті сан есе жеңіл болар еді. Онда миллиондаған ұсақ товар өндірушілерді социалистік құрылыс жолына түсіру сияқты күрделі де қиын проблема тумаған болар еді.

Ленин жай товар өндірісінің сипаттамасын партия программасында қалдырудың Совет елінде социализм құрылысы міндеттерін дұрыс белгілеу үшін зор маңызы болды деп көрсетті. Социализмнің жеңіп шығуы үшін капитализмнің түпкі тамырларын жою, капиталистік элементтерді ұдайы және көп көлемде туғызып отыра-

тын ұсақ товар шаруашылығын қайта құру қажет болды. Программаға жай товар өндірісінің сипаттамасын енгізуге қарсы болған Бухарин кулак элементтері шаруалардың ұсақ товар шаруашылығынан туып, дамуы фактісін бүркемеледі, мұның өзі кейінірек Бухаринді социализмге «кулактың ұласуы» теориясына әкеп соқтырды. Бухариннің ұсыныстары партияны деревнядағы капиталистік элементтерге қарсы күресуден алаңдатты. Бұл ұсыныстарға қарсы шыға отырып, Ленин ол ұсыныстардың теориялық жағынан негізсіз және саяси жағынан зиянды екенін ашып берді. Ол былай деп көрсетті: ұсақ товар өндірісін елемеушілік—социализм құрылысында орта шаруалардың жұмысшы табының одақтасы ретіндегі ролін теріске шығару болып табылады; мұның өзі жұмысшы табы мен шаруалардың одағына негізделген пролетариат диктатурасын әлсірететін еді.

«Біздің программамыз халықаралық сипатта болу үшін,—деді Ленин,—экономика жағынан барлық елдерге тән болып отырған таптық жағдайларды есепке алуға тиіс» (195-бет). Капитализмнің үстемдігі және дамыған капиталистік мемлекеттерде де ұсақ шаруа шаруашылықтарының болуы, Совет республикасынан басқа, барлық елдерге тән еді. Бухарин және оның жақтастары социалистік революцияның резерві болып табылатын шаруалардың революциялық қозғалысын, езілген халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын елемеді. Партияның VIII съезі Бухариннің антимаркстік ұсыныстарын қабылдамай тастады, сөйтіп лениндік қағидаларды мақұлдады.

Партияның программасы, деді Ленин, ғылыми негізде құрылуға тиіс. Программа коммунистік революцияның қалай туғандығын, оның неліктен болмай қоймайтындығын, оның мацызы, оның мәні, оның күші неде екендігін, оның нені шешуге тиіс екендігін бұқараға түсіндіруге тиіс. РКП(б) VIII съезі қабылдаған, негізгі бөлімдерін Ленин жазған, партия Программасында капитализмге және оның жоғары сатысы—империализмге айқын сипаттама берілген. Дүние жүзілік капитализмнің және жұмысшы табының революциялық кү-

ресінің одан әрі дамуы 1919 жылы жасалған партия Программасында берілген маркстік-лениндік талдаудың дұрыстығын толық растады. Сондықтан бұл талдаудың негізгі қағидалары партияның XXII съезі қабылдаған КПСС-тің жаңа Программасына да қайта енгізілді.

Партия программасының лениндік жобасында Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін, Россияда пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін және басқа елдерде революция өрістегеннен кейін «бүкіл дүние жүзілік пролетарлық, коммунистік революция заманы басталды» (115-бет) деп көрсетілді. Партия программасы қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың негізгі міндеттерін белгілеп берді. Программа социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы лениндік теорияны, Советтер Республикасында социализм орнату үшін қажет нәрсенің бәрі бар екендігін негізге алды. Партия программасының жобасында және осы томдағы басқа да шығармаларда социалистік қоғам құруда және оны нығайтуда пролетариат диктатурасының атқаратын аса зор ролі ашып көрсетіледі.

Программа жобасында, партияның VIII съезінде жасаған баяндамасында, сондай-ақ осы томға енгізілген басқа да еңбектерінде Ленин Совет өкіметін пролетариат диктатурасының формасы ретінде сипаттауға ерекше көңіл бөлді. Ол советтік, немесе пролетарлық, демократияның буржуазиялық демократиядан түбегейлі айырмашылығы мен аса зор артықшылықтарын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Советтер Республикасы — демократияның анағұрлым өлшеусіз жоғары және прогрестік формасы, өйткені ол еңбекшілердің барлық бостандықтарды пайдалану мүмкіндігін, олардың мемлекет басқаруға мейлінше кең қатысу мүмкіндігін іс жүзінде қамтамасыз етеді. Қағаз жүзіндегі демократия емес, ал шын демократия үшін, деді Ленин, біз ең жақсы деген демократиялық республикалардың жүздеген жылдар ішінде істемеген және істей алмаған істерін істедік. «Ең демократияшыл буржуазиялық республика еш уақытта да капиталдың еңбекшілерді жаныштап отыруына арналған машина болудан, капиталдың саяси өкіметінің құралы, буржуазия диктатурасы болудан басқа ештеңе

де болған емес және бола алған да емес» (339-бет). Империалистік мемлекеттерді «жаппай кенелген» мемлекеттер ретінде суреттейтін, империалистік елдерді «еркін дүние» деп атайтын капитализм қорғаушыларының жалған пікірлерін өмірдің өзі толық әшкерелеп отыр. Шындығында—бұл халық бұқарасын қанаудың және оның правосыздығының дүниесі, қара түнек пен саяси реакция дүниесі, милитаризмнің және еңбекшілерді қанға бояп жазалаудың дүниесі.

Ленин жазған программа жобасының саяси бөлімінде социалистік демократияны одан әрі дамытудың жолдары айқындалған және Советтің әрбір мүшесі мемлекетті басқару жөнінде белгілі бір жұмысты міндетті түрде орындауына бағытталған практикалық шаралар белгіленген; бұл жұмыстар мемлекетті басқарумен байланысты істердің бүкіл шеңберін, оның барлық салаларын қамтып, дәйекті түрде өзгертіліп отыруы керек; бірте-бірте және үнемі «мемлекетті басқару ісіне... бүкіл еңбекші халық бірі қалмай дербес қатыстырылуға тиіс» (104—105-беттер). КПСС XXII съезі қабылдаған партияның жаңа Программасында лениндік қағидалар одан әрі дамытылды. Онда социализмнің толық жеңуіне байланысты пролетариат диктатурасының мемлекеті жалпы халықтық социалистік мемлекетке қалай айналатындығы тарихи тәжірибенің негізінде көрсетілген, оның бұдан әрі коммунистік қоғамның өзін өзі басқаруына ұласу жолы нұсқалған.

Ленин партияның VIII съезіндегі партия программасы туралы баяндамасында және баяндама бойынша сөйлеген қорытынды сөзінде программаның ұлттық қатынастар саласындағы бөліміне зор көңіл бөлді. Әрбір ұлттың бөлініп шығуға дейін ерікті болатын өзін өзі билеу правосын тану лениндік жобаның негізгі қағидасы болып табылады. РКП(б) саясаты, деп жазды Ленин, «барлық ұлттардың пролетарлары мен еңбекші бұқарасының буржуазияны құлату жолындағы революциялық күресінде олардың жақындасуын және қосылуын бұлжытпай жүзеге асыру болып табылады»; «ұлттардың теңдігін және бөлініп шығуға еріктілігін іс жүзінде қамқорлықпен жүзеге асырып отыру» қажет;

бұрын артта қалған ұлттарға экономикасы мен мәдениетін өркендету ісінде көмек көрсету, «барлық ұлттардың Советтік республикаларының ерікті түрде тығыз одақ жасасуына» жету керек.

В. И. Ленин съезде ұлттардың мемлекет болып бөлініп шығуға дейін ерікті болатын өзін өзі билеу правосының программалық талабына қарсы шыққан Н. И. Бухариннің, Г. Л. Пятаковтың және олардың жақтастарының антибольшевиктік көзқарастарын қатаң сынға алды. Ленин бұл көзқарастарды ұлы державалық шовинизмнің көріністері деп сипаттады. Партияның VIII съезі ұлт мәселесі жөніндегі лениндік программаны бекітті. Лениндік программалық принциптерді басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия көп ұлтты Отанымыздың барлық халықтарын топтастырды. Осы принциптер негізінде құрылған Совет Одағы көп ұлтты мемлекеттің үлгісі, ұлт мәселесін дұрыс шешудің өнегесі болды. Барлық халықтардың мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыста тығыз ынтымақтастығы, туысқандық достығы, барлық ұлттардың экономикасы мен мәдениетінің гүлденуі лениндік ұлт саясатының ең маңызды қорытындысы болып табылады.

Пролетариат диктатурасының экономика саласындағы ең маңызды міндеттерін белгілей келіп, Ленин ең алдымен жеке меншікті жою қажеттігін, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын социалистік қоғамдастыру қажеттігін: «буржуазияны экспроприациялау, өндіріс пен айналыс құрал-жабдықтарын Совет республикасының меншігіне айналдыру, яғни барлық еңбекшілердің ортақ меншігіне айналдыру жөнінде басталған жұмысты, қазірдің өзінде ең бастылары және ең негізгілері істеліп болған жұмысты бұлжытпай жалғастыра беру және ақырына дейін жеткізу» қажеттігін атап көрсетті (108-бет). Ірі өнеркәсіпті, транспортты, жерді, банктерді национализациялау нәтижесінде құрылған және совет халқының еңбегі арқасында ұлғайтылған өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік социалистік қоғамның экономикалық негізіне, халықтың әл-ауқатының қайнар көзіне, социализмнің капитализмнен артықшылықтарының негізіне айналды.

Пролетариат диктатурасының негізгі міндеттерінің бірі, деп көрсетілді программаның лениндік жобасында, жұмысшылар мен шаруалардың одағын социалистік ірі егіншілікке бірте-бірте көшу мақсатына пайдалану. «Программаның аграрлық пунктінде» Ленин ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру жөніндегі шараларды: социалистік ірі имениелер (совхоздар) ұйымдастыру, «ірі ортақ шаруашылық жүргізу үшін» ауыл шаруашылық коммуналары мен артельдері түріндегі «егіншілердің ерікті одақтарын», сондай-ақ жерді ортақтасып өңдеу жөніндегі серіктіктерді көтермелеу шараларын белгіледі. Социалистік құрылысқа орта шаруаларды тартуға Ленин ерекше зор маңыз берді. «Программаның аграрлық пунктінде» орта шаруаларды кулактардан бөліп алып, оларды жұмысшы табының жағына тартуды, орта шаруалармен практикалық келісімге келуге күш салуды, «социалистік қайта құрылыстарды жүргізу әдістерін белгілегенде кеңшілік жасап отыру керектігін» партия өзінің міндеті деп білетіні атап көрсетілген.

Социализм жеңісінің шешуші шарты—елдің өндіргіш күштерін барынша дамыту еді; Ленин социализм орнатудың, социалистік қоғамның коммунистік қоғамға ұласуының кілті осында деп білді. Еңбек өнімділігін арттыруды Ленин түбегейлі міндеттердің бірі ретінде алға қойды, «өйткені коммунизмге біржолата өту мұнсыз мүмкін емес». Бұл мақсатқа жету, деп түсіндірді Ленин, бұқараның көзін ашу және олардың мәдени дәрежесін арттыру жөнінде ұзақ уақыт жұмыс істеуді, сондай-ақ ғылым мен техника мамандарын кең және жан-жақты пайдалануды талап етеді.

Партия программасының лениндік жобасында жолдастық тәртіпті дамыту мен нығайтудың, еңбекшілердің талапкерлігі мен сана-сезімін арттырудың ерекше зор маңызы бар екендігі атап көрсетілді. Социалистік революция жеңгеннен кейін партия мен пролетарлық мемлекеттің алдына жеке меншіктің үстемдігінен туған әдеттерді жою жөнінде қиын да күрделі міндеттер қойылады, ол міндеттер бұқараны қайта тәрбиелеуде табандылықпен жұмыс істеудің арқасында ғана шешіле-

ді. Бұқараға социалистік тәрбие беруде кәсіптік одақтар зор роль атқарады; лениндік сипаттама бойынша, кәсіптік одақтар басқару мектебі, шаруашылық жүргізу мектебі, коммунизм мектебі болып табылады.

Программаның лениндік жобасында және партия съезінде жасалған баяндамада мәдени құрылыс, ғылымды дамыту саласында зор міндеттер алға қойылды. Ленин социализм мен коммунизм құрылысы үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін, өткеннің мәдени мұрасын барынша пайдалану қажеттігін мейлінше атап көрсетті. Программаның халық ағарту жөніндегі пунктінде Ленин мектептің ролі туралы аса маңызды принципті қағидаларды тұжырымдады; мектеп буржуазияның таптық үстемдігінің құралынан қоғамның таптарға бөлінуін жою құралына айналуға тиіс; мектеп пролетариаттың коммунизм орнатуға қабілетті ұрпақты тәрбиелеу мақсаты үшін еңбекшілер бұқарасының жартылай пролетарлық топтары мен пролетарлық емес топтарына идеялық ықпалын жүргізуші болуға тиіс. Бұл үшін аса маңызды мынадай шаралар белгіленді: «1) 16 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың бәріне тегін әрі міндетті түрде жалпы және политехникалық (өндірістің барлық басты салаларымен теория және практика жүзінде таныстыратын) білім беру. 2) Оқудың қоғамдық өнімді еңбекпен тығыз байланысты болуын жүзеге асыру» (107-бет). Программаның лениндік жобасының бұл пункттері социалистік құрылыс практикасында одан әрі дамытылды. Коммунизм құрылысы кеңінен өрістетілген жағдайда лениндік принциптерге негізделген халыққа білім беру ісі жан-жақты жетілген адамды қалыптастыруға, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды бірте-бірте жоюға жәрдемдеседі.

Ленин партия Программасының аса зор маңызы мынада деп білді: программа Октябрь революциясынан кейін совет халқы жүзеге асырған социалистік құрылыс тәжірибесін қорытты. Егер бастапқыда бүкіл өмірді социалистік жолмен түбегейлі қайта құру қажеттігі ғана айқын болған болса, ал мұны қалай істеуге керекті білім болмаған болса, Совет елінің еңбекшілер бұ-

қарасының творчестволық қызметі негізіндегі практика барысында бағалы тәжірибе жинақталды. Енді, деп атап көрсетті Ленин, «бізде тәжірибенің бірсыпыра нұсқаулары бар, ал бұған қол жеткен соң, біз оны өз программамызда қорыттық» (156-бет).

Ленин жасаған партия программасының бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы болды. Программа пролетарлық интернационализм рухына, жұмысшы табының ұлттық және интернационалдық міндеттерінің бірлігі идеясына толы. Ленин, большевиктер партиясы Совет еліндегі социализм құрылысын совет халқының ұлы интернационалдық міндеті, ол бүкіл дүние жүзі жұмысшы табының мүдделеріне сай келеді деп есептеді. РКП(б) VIII съезі жабыларда сөйлеген сөзінде Ленин, Программаға баға бере келіп, былай деді: «Біздің программа насихат пен үгіт үшін ең күшті материал болмақ, жұмысшылардың: «Мұнда біздің жолдастарымыз, біздің бауырларымыз бар, мұнда біздің ортақ ісіміз істеліп жатыр» деуіне негіз боларлық документ болмақ» (234-бет).

РКП(б) VIII съезінде қабылданған партия Программасы Совет елінде социализм орнатудың негізгі міндеттерін белгілеп берді. Бұл программа, деді Ленин 1920 жылғы декабрьде,—саяси программа, біздің міндеттеріміздің тізбесі, таптар арасындағы қатынастардың түсіндірмесі; бұл программа партияның екінші программасымен—шаруашылық құрылыстың нақты жоспарымен толықтырылуға тиіс. Мұндай жоспар Россияны электрлендірудің 10—15 жылға белгіленген лениндік жоспары болды. Партияның халық шаруашылығы жоспарларында нақтыландырыла түскен Программасы совет халқын айқын перспективамен қаруландырды, еңбекшілерді социализм жолындағы күресте қаһармандық ерліктерге жігерлендірді. Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы қысқа мерзімнің ішінде елді индустрияландыруды, ауыл шаруашылығын коллективтендіруді және мәдени революцияны жүзеге асырды, социализм орнатудың лениндік жоспарын жүзеге асырды. Елімізде социализмнің толық және түп-

кілікті жеңуі РКП(б) VIII съезі қабылдаған партия Программасын орындаудың ұлы қорытындысы болды.

КПСС XXII съезі қабылдаған партияның жаңа Программасы, коммунизм орнатудың жолдары жөніндегі лениндік нұсқауларды негізге ала отырып, коммунистік құрылыстың басты міндеттері мен негізгі кезеңдерін белгілеп берді. Бұл Программада коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасаудың жолдары мен мерзімдері, СССР халық шаруашылығын өркендетудің бас жоспарының ең маңызды тапсырмалары белгіленген, коммунистік қатынастарды қалыптастыру және жаңа адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер көрсетілген.

Партия программасын әзірлеуге және негіздеуге арналған осы томдағы шығармаларға орта шаруаларға көзқарас жөніндегі еңбектердің тікелей қатысы бар. Ленин партияның VIII съезінде сөйлеген сөздерінің бәрінде дерлік, әсіресе деревнядағы жұмыс туралы баяндамасында, сондай-ақ съезге дейін және съезден кейін жазылған басқа да бірқатар шығармаларында партияның орта шаруаға көзқарас жөніндегі 1918 жылы күзде жарияланған жаңа саясатын—кедейлерге сүйене отырып, кулактарға қарсы күресу үшін, жұмысшы табының басшылығымен, жұмысшылар мен шаруалардың ортақ күш-жігерін жұмылдыру арқылы социализм орнату үшін жұмысшы табы мен орта шаруалардың берік одағын құру саясатын негіздеп береді. «Совет өкіметінің бүкіл басты күші мен тірегі,—деді Ленин,—осы одақта, социалистік қайта құрылыс ісін, капиталды жеңу ісін, қанау атаулыны жою ісін біздің жеңіспен аяқтауымыздың кепілдігі — осы одақта» (261-бет).

РКП(б) Орталық Комитетінің есепті баяндамасында және деревнядағы жұмыс туралы баяндамасында Ленин социалистік революция жеңгеннен кейін және пролетариат диктатурасы нығайғаннан кейін орта шаруаларға көзқарас жөніндегі мәселе орасан зор маңыз алады деген қағиданы дамытты. Пролетариатты шаруалардың негізгі бұқарасы, яғни орта шаруалар қолдаған жағдайда ғана, ол өкіметті ұстап тұрып, социализм ор-

ната алады,—ал орта шаруалар *«ауытқып отыратын тап.* Ол бір жағынан меншік иесі, екінші жағынан еңбеккер». Саяси дамудың бүкіл тарихы, дейді Ленин, бізді мынаған үйретеді: шаруа не буржуазияның соңынан ереді, не жұмысшы табының соңынан ереді. Мұның өзі жұмысшылар мен шаруалардың одағында жұмысшы табының басшылық ролінің маңызды екенін, орта шаруаларды социалистік құрылысқа қатыстыру жөнінде ұзақ жұмыс жүргізудің қажеттігін айқындап береді.

Партия Программасының аграрлық бөлімінің қағидаларын дамыта келіп, Ленин шаруаларды социализм құрылысы ісіне бірте-бірте және жоспарлы түрде тартудың негізгі жолдары мен әдістерін белгілеп берді. Ең алдымен, деп үйретті Ленин, еңбекші шаруаларды ауыл шаруашылық артельдері мен коммуналарына еріктi түрде біріктіру принципін қатаң және дәйекті түрде сақтау қажет. *«Мұнда күш қолдану арқылы қимыл жасау бүкіл істі апатқа ұшырату болып шығады.* Бұл арада ұзаққа созылатын тәрбие жұмысы керек... *Орта шаруаның шаруашылық қатынастары жөнінде күш қолдануды тіпті ойға алудан асқан сорақы ештеңе жоқ;...* жақсы құрылысқа өтудің тәсілдерін шаруалардан үйрену және *бұйрық беруші болмау!* Біздің өзіміздің алдымызға қойып отырған қағида осындай»,—деп көрсетті Ленин (221—222-беттер). Еңбекші шаруаларға мынаны түсіндіру қажет: ұсақ товар шаруашылығын социалистік шаруашылық етіп қайта құруды олардың өмірлік мүдделері талап етеді, өйткені тек социализм ғана оларды қайыршылықтан және кулактардың қанауынан құтқарады, деді Ленин 1919 жылғы 13 мартта Петроград губерниясы ауыл шаруашылық жұмысшыларының съезінде.

Ленин жазған, партияның VIII съезі қабылдаған «Орта шаруаларға көзқарас туралы қарарда» еріктілікті өте қатаң түрде сақтай отырып, жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі серіктіктерді, ауыл шаруашылық артельдері мен коммуналарын ұйымдастыру жөніндегі практикалық шаралар талдап жасалды. Сонымен бірге қарарда коллективтік шаруашылықтарға мемлекет тарапынан

ұйымдық және материалдық көмек көрсету қажеттігі атап көрсетілді. Партия съезі орта шаруаларға экономикалық көмек корсету жөнінде де кең программа белгіледі.

Деревняда социализмнің жеңіп шығуы үшін елде бүкіл халық шаруашылығын, оның ішінде егіншілікті де жаңа техникамен жарақтандыруға қабілетті социалистік қуатты индустрияны құру қажет еді. «Егер біз,—деді Ленин партия съезінде,—күні ертең 100 мың маңдай алды трактор бере алсақ, оларды бензинмен жабдықтай алсақ, оларды жүргізетін машинистерді бере алсақ (мұның әзірше құр қиял екенін сіздер жақсы білесіздер), онда орта шаруа: «Мен коммунияны жақтаймын» (яғни коммунизм жағындамын) деген болар еді» (225-бет). Елді социалистік жолмен индустрияландыруды және шаруаларды кооперативтендіруді жүзеге асыра отырып, партия ауыл шаруашылығын маңдай алды техникамен жарақтандыру жөніндегі Лениннің нұсқауын орындап шықты.

Ленин совхоздар құрылысына зор көңіл бөлді, совхоздар дәйекті социалистік кәсіпорындар ретінде социалистік ірі шаруашылықтың үлгісі болып, оның артықшылықтарын практикада корсетуге міндетті еді. Соғыс аяқталғаннан кейін, деді Ленин Петроградта өткен ауыл шаруашылық жұмысшыларының съезінде, Совет мемлекеті совхоздарды жоғары техникамен жабдықтап, «ірі шаруашылықтарда ортақ еңбекпен бұрынғыға қарағанда жақсырақ, бұрынғыға қарағанда арзанырақ және бұрынғыға қараганда көбірек өнім өндіру үшін күш жұмсайды. Советтік шаруашылық өзінің алдына село халқын жаңа тәртіпті, ортақ еңбек тәртібін дербес жасап алуға бірте-бірте үйрету міндетін қойып отыр...».

Октябрь революциясы жеңгеннен кейін дереу құрыла бастаған алғашқы совхоздар мен колхоздар деревняны социалистік жолмен қайта құрып, шаруалардың негізгі бұқарасын жеке ұсақ товар шаруашылығынан коллективтік ірі шаруашылыққа көшуге әзірлеген тірек пункттері ретінде үлкен роль атқарды. «Совет деревнясының социалистік, ірі шаруашылыққа өтуі *экономика-*

лық қатынастар жағынан, шаруалардың бүкіл тұрмыс қалпы жағынан ұлы революция болды. Коллективтендіру деревняны кулактардың қанауынан, тап жігіне бөлінуден, күйзелістен және қайыршылықтан біржолата құтқарды. Лениндік кооперативтік жоспар негізінде ежелгі шаруа мәселесі мейлінше дұрыс шешімін тапты»,— деп көрсетілді КПСС-тің жаңа Программасында.

Шетел интервенциясы мен азамат соғысы кезінде жазылған және осы томға енгізілген шығармалардан интервенттер мен ақ гвардияшыларды жеңуді қамтамасыз ету үшін елдің барлық күшін жұмылдыруда, советтік әскери ғылым негіздерін, социалистік мемлекет армиясының әскери саясатының, стратегиясы мен тактикасының принциптерін талдап жасау ісінде Лениннің аса көрнекті роль атқарғаны айқын көрінеді. Қызыл Армияны құрудың лениндік принциптері РКП(б) VIII съезінде қабылданған партия Программасында тұжырымдалып, Орталық Комитеттің әскери мәселе жөніндегі тезистерінің негізіне алынды. Партияның Орталық Комитетінің есепті баяндамасында әскери саясат мәселелеріне үлкен орын берілді. Ленин былай деп атап көрсетті: социалистік құрылыстың басқа да салалары сияқты, Қызыл Армияны құру ісінде де партияның соны жолдармен жүруіне тура келді, бұл—мүлде жаңа мәселе еді, оны партия бұрын тіпті теориялық тұрғыдан да қоймаған болатын. Өкімет басына келген жұмысшы табы, деді Ленин, бұқараның революциялық жаңа творчествосын ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдаланумен ұштастыру міндетін шешуі қажет.

Әскери мәселе жөнінде сойлеген сөзінде Ленин қатаң тәртіпке сүйенген тұрақты армия құру, әскери комиссарлардың және партия ұяларының бақылауымен әскери мамандарды пайдалану қажеттігін негіздеп берді. Ол партизаншылдыққа қарсы шығып, Орталық Комитеттің тезистерін батыл қорғады, бұл партизаншылдықты «әскери оппозиция» дейтін (оның құрамына бұрынғы «солшыл коммунистер» В. М. Смирнов, Г. И. Сафаров, Г. Л. Пятаков және басқалар кірген болатын; онда

оппозициялық топтарға қатысы жоқ адамдар да болды) жақтады. Сөйлеген делегаттардың көпшілігі «әскери оппозицияны» айыптады. Сонымен бірге республика Революциялық-әскери советінің жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктер, атап айтқанда, оның председателі Л. Д. Троцкийдің әрекеті қатаң сынға алынды. Съезд Лениннің сөйлеген сөздерінде және Программаның теориялық бөлімінде, сондай-ақ съезд қабылдаған әскери мәселе жөніндегі қарарда баяндалған Лениннің қағидаларын толық мақұлдады.

Партияның VIII съезі жабыларда сөйлеген сөзінде Ленин былай деп ерекше атап көрсетті: Совет елінде өзінің не үшін соғысатынын білетін армия, қарулы күш, дүние жүзінде бірінші рет құрылып отыр; адам айтқысыз ауыр құрбандықтарға ұшыраған жұмысшылар мен шаруалар дүние жүзінде бірінші рет өздерінің Октябрь революциясының ұлы жеңістерін, Советтік социалистік республиканы қорғайтындығын айқын ұғынып отыр.

Ленин жазған «Шығыс майдандағы жағдайға байланысты РКП(б) Орталық Комитетінің тезистері», «Шығыс майданына көмектесу туралы Петроград жұмысшыларына хат», «Орталық Комитеттің әскери бірлік туралы директивасының жобасы» және басқа документтер партия мен халықтың күшін жауды талқандауға жұмылдыру жөніндегі айбынды программа болды. Бұл документтерде 1919 жылғы көктемде Совет республикасы үшін басты қауіп туып, революция тағдыры шешілгелі тұрған Шығыс майданға көмектесудің нақты шаралары белгіленді. Орталық Комитет партия, кәсіподақ және совет ұйымдарынан еңбекшілерді Колчакқа қарсы күреске мобилизациялауды аса маңызды саяси науқанға айналдыруды талап етті. Ленин 1919 жылғы 11 апрельде Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық орталық советінің пленумында, 16 апрельде Москва торабы теміржолшыларының конференциясында, ал келесі күні — Москва фабрика-завод комитеттері мен кәсіподақтарының конференциясында сөз сөйлеп, майданға көмектесу жөніндегі міндеттерді түсіндірді. Ленин Шығыс майданды нығайту, аса маңызды соғыс операция-

ларын даярлау және жүргізу мәселелерімен тікелей шұғылданды.

Барлық күшті жұмсап, революциялық жігерді өрістетіп, «жұмысты революциядағыша қолға алу керек» деген Лениннің, партияның Орталық Комитетінің шақыруына жұмысшы табы жаңа еңбек өрлеуімен, тылдағы жаппай ерлікпен жауап берді, бұл ерліктің айқын көрінісі Ленин «ұлы бастама» деп атаған коммунистік сенбіліктер болды.

Осы томдағы бірқатар шығармаларда («Совет өкіметінің табыстары мен қиыншылықтары» деген кітапша, «Бостандық және теңдік ұрандарымен халықты алдау туралы» сөз, «Берндік Интернационалдың сабаздары» деген мақала және басқалар) халық шаруашылығын, елдің барлық күшін интервенттер мен ақ гвардияшыларға қарсы Отан соғысында жеңіске жетуге жұмылдыруды көздеген «әскери коммунизмнің» экономикалық саясаты негізделеді; «Халықтың жасырын жауларына»—тылда бүлдірушілік әрекет жасап, советтік «әскери коммунизм» саясатына қарсы шыққан меньшевиктер мен эсерлерге қарсы күресте Ленин «әскери коммунизм» саясаты соғыс пен күйзеліс жағдайларында бірден-бір дұрыс саясат екенін, меньшевиктер мен эсерлер ұсынып отырған еркін сауда мен жеке меншік саясаты Совет республикасын апатқа ұшырататынын дәлелдеп берді. Күйзелген және ашыққан елдегі еркін сауда дегеніміз «капиталдың өктемдігін қалпына келтіру бостандығы... Мұның өзі—Колчактың экономикалық программасы» (392-бет).

Ленин «әскери коммунизмді» «тұтынушылық немесе солдаттық» коммунизм ретінде сипаттаған, Совет өкіметін өндірісті өркендету мүдделерін естен шығарды деп айыптаған буржуазияның россиялық малайларын және олардың пікірлесі К. Каутскийді масқара етіп әшкереледі. Ленин мұндай «социалистерді» цитаттарды оңды-солды келтіріп, социализм—өндірістің жоғары дамуы деген сөздерді ойыншық қылған топас догматиктер ретінде келеке қылды: «Олар кітаптарды көрген, кітаптарды жаттаған, кітаптарды пысықтаған, бірақ бұл кітаптардан мүлде түк түсінбеген». Советтік сая-

сатты сынаушыларға тойтарыс бере келіп, Ленин былай деп мәлімдеді: *«Күйзеліске ұшыраған елде бірінші міндет—еңбекшілерді аман сақтап қалу. Бүкіл адамзаттың бірінші өндіргіш күші—жұмысшы, еңбекші.* Егер ол аман қалса, біз *бәрін* сақтап қаламыз және қалпына келтіреміз». Жұмысшыны аман сақтап қалу үшін ешқандай да құрбандықтан бас тартуға болмайды—интервенция мен азамат соғысының қиын жылдарында партия, Совет өкіметі Лениннің осы нұсқауын басшылыққа алды.

«Үшінші Интернационал және оның тарихта алатын орны» деген мақалада тұңғыш рет пролетариат диктатурасын орнатқан, Маркстің ұлы ілімін жүзеге асырған Ұлы Октябрь социалистік революциясының бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы корсетіледі. «Бүкіл дүние жүзілік тарих,—деп жазды Ленин,—бұлтармастан пролетариат диктатурасына қарай келе жатыр, бірақ ол әсте бір тегіс, оңай, тура жолдармен келе жатқан жоқ». Халықаралық пролетариаттың авангарды — коммунистік партиялардың алдында мынадай міндет: «марксизмнің өсиеттерін орындау, іске асыру және социализм мен жұмысшы қозғалысының ежелден бергі мұраттарын жүзеге асыру» міндеті тұр. «Берндік Интернационалдың сабаздары» деген мақалада және басқа бірқатар еңбектерінде Ленин марксизмнен бас тартқан, жұмысшы табының ісін сатып кеткен, буржуазияның, контрреволюцияның лагеріне өтіп кеткен II Интернационал лидерлерінің идеялық жағынан күйрегендігін сипаттайды.

Венгрия мен Баварияда пролетариаттың өкіметті жеңіп алуына арналған «Бавария Совет республикасына құттықтау» және «Венгр жұмысшыларына сәлем» деген шығармалар да аса маңызды. Ленин бұл елдердегі пролетариат диктатурасына өтудің өзіндік ерекшелігін корсетеді және бұл елдердің нақты жағдайларын ескере отырып, марксизмді творчестволықпен қолдану және советтік тәжірибені творчестволықпен пайдалану қажеттігін атап корсетеді, Россиядағы Совет өкіметінің практикасын әншейін қайталаудан бавар және венгр коммунистерін сақтандырады. «Венгр революциясының

өзіндік ерекше жағдайлары болып отырғанда,—деп жазады Ленин,—біздің орыс тактикасына барлық жағынан бет алды еліктеудің қате болатындығы мүлде күмәнсыз». Сонымен бірге Ленин капитализмнен социализмге революциялық жолмен өтудің мәні болып табылатын аса маңызды өзгерістерді дәйекті түрде жүргізуге кеңес береді.

Бұл еңбектерде капитализмнен социализмге революциялық жолмен өтудің негізгі заңдылықтары және ол заңдылықтардың әр түрлі елдердегі көрінісінің ерекшеліктері туралы, пролетариат диктатурасының мәні мен міндеттері туралы марксизмнің программалық қағидалары дамытылады. Ленин қанаушылардың, капиталистер мен помещиктердің қарсылығын басып-жаншу үшін күш қолдану қажет деп атап көрсетеді. «Бірақ пролетарлық диктатураның мәні тек бір ғана күш қолдануда емес және ең бастысы күш қолдану емес. Оның басты мәні еңбекшілердің алдыңғы қатарлы отряды, олардың авангарды, олардың бірден-бір басшысы—пролетариаттың ұйымшылдығы мен тәртіптілігінде. Оның мақсаты — социализм орнату, қоғамның таптарға бөлінуін жою, қоғамның барлық мүшелерін еңбекші ету, адамды адамның қанауы атаулының негізін жою» (424-бет).

Социалистік революцияның ең маңызды белгісі және оның жеңістерінің ең терең қайнар көзі миллиондаған еңбекшілерді ұйымдастыру болып табылады, деді Ленин Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлерінің бірі—«Я. М. Свердловты еске түсірген сөзінде». Ұлы революциялар ұлы адамдарды шығарады және бұрын мүмкін еместей болып көрінетін таланттарды ашады. Большевиктік партияның күресте, түрмелерде және айдауда шыңдалған, революция ісіне берілген, бұқарамен тығыз байланысты аса көрнекті ұйымдастырушыларының, «біздің пролетариаттың мақтанышы болып табылатын көсемдерінің» даңқты тобын тәрбиелеп шығарғандығын Октябрь революциясы айқын көрсетті. Ленин жұмысшылар мен шаруалардың ортасынан басшы кадрлар үнемі өсіп шығып отырады, «коллективтік ұйымдастырушылық таланты» нығая

берді, «ал бұл талант болмайынша пролетарлардың миллиондаған армиясы өзінің жеңісіне жете алмайды» деп сенім білдірді.

Қызыл алаңда 1919 жылғы 1 Майда сөйлеген сөзінде Ленин Ұлы Октябрь қалаған берік негізде социалистік қоғам орнатылатын таяу болашақ туралы айтты. Біздің немерелеріміз капиталистік құрылыс заманының документтері мен ескерткіштеріне ерсі көре қарайтын болады. Фабрикалар мен заводтар қалайша жеке адамдардың қарамағында болғанын, еңбекпен шұғылданбаған адамдардың қалай тіршілік ете алғанын олар әрең түсінетін болады. Балалар жөнінде айта келе, Ленин бұлар «революционерлердің сіңірген еңбектері мен жасаған құрбандықтарының жемістерін толық пайдаланатын болады» деді. Лениннің бұл көрегендігі толық расталды. Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен ең қысқа тарихи мерзімнің ішінде социализмнің толық және түпкілікті жеңісіне жетіп, коммунистік қоғам құрылысын өрістетті.

* *
*

38-томда «Совет республикасының сыртқы және ішкі жағдайы туралы жасалған баяндама бойынша қарардың жобасы» тұңғыш рет жарияланып отыр. Томға Халық Комиссарлары Советінің «Мамандардың жалақысы туралы» қаулысының жобасы да енгізіліп отыр, бұл жоба бұрын Ленин Шығармаларында басылмаған.

«Дайындық материалдар» бөліміне 9 еңбек енгізілген, оның ішінде: «Программаның халық ағарту саласындағы пункті жөніндегі қосымшалардың жобасы», «Программаның экономикалық бөлімінің екінші пунктінің жоспары» (алғашқы және екінші нобай), «Программаның аграрлық пунктінің жоспары», «Программаның сот туралы пунктіндегі жазалар туралы бөлімінің конспектісі», «Программаның экономикалық бөлімінің комиссия тамамдаған пункттерінің және талдап зерттелуге тиісті мәселелердің жазбасы», «Партияның жаңа программасының ерекшеліктері» деген алты еңбек

партия программасын талдап жасауға қатысты жазылған. Сондай-ақ «Кооперациялар туралы заметкалар», «Теміржолшыларды астықпен жабдықтау туралы Қорғаныс Советі қаулысының жобасы», «Орта шаруалармен өзара қарым-қатынас туралы мәселе жөнінде» деген шаралардың жоспары да осы бөлімде берілген.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

ПЕТРОГРАД СОВЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІ

12 МАРТ, 1919 ж.

1

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Ленин жолдастың трибунаға шығуын жұрт ду овациямен қарсы алады. Бәрі орындарынан тұрады.) Бұл зал, дейді Ленин жолдас, менің Петроград Советінде[1] бірінші рет сөз сөйлегенімді еске түсіреді; ол кезде Петроград Советінде меньшевиктер мен эсерлер әлі де үстем еді. Біз жақында ғана өткен кездегіні тым тез ұмыттық. Ал қазір басқа елдердегі революция дамуының барысы біздің жақында ғана бастан кешіргендерімізді есімізге қайта салып отыр. Батыста, неғұрлым дамыған капитализмге сәйкес таптық қайшылықтар неғұрлым күшті дамыған жерде, революция біздегіден гөрі, біраз басқаша жолмен жүреді, сөйтіп өкімет бірден буржуазиядан пролетариатқа көшеді деп ойлаған едік. Алайда қазір Германияда болып жатқан оқиға мүлде керісінше жағдайды көрсетіп отыр. Бас көтерген пролетарлар бұқарасына қарсы әрекет жасау үшін біріккен герман буржуазиясы батыс буржуазиясының мол тәжірибесінен күш алып, пролетариатқа қарсы ұдайы күрес жүргізіп келеді. Ал герман революцияшыл бұқарасының әлі де болса жеткілікті тәжірибесі жоқ, олар мұны тек күрес процесінде ғана алмақшы. 1905 жылғы революция барша жұрттың есінде; ол кезде Россия пролетариаты ешқандай тәжірибесіз күреске шыққан еді. Ал қазіргі революцияда біз 1905 жылғы революцияның өзімізге берген тәжірибесін ескеріп, пайдаланып отырмыз.

Бұдан кейін Ленин жолдас Халық Комиссарлары Советінің қызметіне шолу жасады. Ол бұқараның әлі не істерін біле қоймаған, айтарлықтай беделді және күшті басшы орталықтары әлі бола қоймаған кездегі революцияның алғашқы дәуірін еске түсіріп өтті.

Басталған күрестің сәтті болуы үшін, деді Ленин жолдас, елдің барлық қаналған бұқарасы мен барлық еңбекші элементтерін мүмкіндігінше тығыз топтастыру қажет болғаны бізге жақсы мәлім еді, сондықтан да біздің алдымызға лажсыздан ұйымның формалары туралы мәселе қойылды. Сөйтіп, біз 1905 жылғы Советтердің ролін айрықша ескере отырып, еңбекшілерді біріктіру және олардың қанаушыларға қарсы күресуі ісінде неғұрлым жарамды қару ретінде Советтерді қайтадан жандандырдық. Германиядағы революцияға дейін біз әрқашан: Советтер—Россия үшін ең лайықты органдар деп айтып жүрдік. Біз ол кезде Советтердің Батыс үшін де сондай дәрежеде лайықты болатынын айта алмаған едік, бірақ өмір басқаша жағдайды көрсетті. Советтердің Батыста барған сайын кең тарап, тек Европада ғана емес, Америкада да Советтер үшін күрес жүргізіліп жатқанын көріп отырмыз. Барлық жерде Советтер құрылып жатыр, олар ерте ме, кеш пе өкіметті оз қолдарына алады.

Америка қазір бір қызық кезеңді бастан кешіруде, онда Советтер құрылып жатыр. Бәлкім, ондағы қозғалыс біздегі өтіп жатқандай жолдармен жүрмес те, бірақ ұйымның советтік формасы онда да кең тарап отырғанының маңызы зор. Бұл ұйым қазір пролетарлық ұйымдардың басқа барлық формаларының орнын басып отыр. Жалпы алғанда өкімет атаулыға қарсы болып келген анархистер өкіметтің советтік формасымен танысқаннан кейін Совет өкіметін таныды. Сөйтіп, олар өкіметтің қандайын болса да теріске шығаратын анархизм теориясының тамтығын да қалдырмады. Бұдан екі жыл бұрын Советтерде буржуазиямен ынтымақтасу жөніндегі келісімпаздық идея күшті еді. Болып жатқан оқиғаларды түсінуге кесірін тигізетін ескі қоқыстан бұқараның санасын тазарту үшін белгілі бір уақытты бастан кешіру керек болды. Бұған тек өмірдің мемле-

кеттік құрылысында Советтер жүргізетін практикалық жұмыс арқылы ғана жетуге болатын еді. Қазір герман жұмысшы бұқарасы да нақ осындай жағдайда болып отыр, олардың санасын да нақ сол секілді қоқыстан арылту қажет, бірақ онда бұл процесс біздегіден гөрі неғұрлым қатал, неғұрлым аяусыз және қан төгіс формаларда өтіп жатыр.

Мен Петроград Советі президиумының өзіме берген тақырыбынан біраз ауытқып кеттім, бірақ солай істеу қажет болды.

Халық Комиссарлары Советінің өткен жылғы жұмысын біз Советтердің роліне тек дүние жүзілік революцияның көлемінде баға бергенде ғана түсіне аламыз. Басқарудың күнделікті ұсақ-түйектері мен құрылыс ісінде болмай тұрмайтын жеке нәрселер бізді кейде басқа жаққа қарай аударып, дүние жүзілік революцияның ұлы ісін ұмытуға мәжбүр етіп жүр. Сондықтан біз Советтердің роліне дүние жүзілік көлемде баға бергенде ғана ішкі өміріміздің ұсақ-түйектерін дұрыс түсініп, оларды дер кезінде ретке келтіріп отыра аламыз. Бернің атақты ревизорлары[2] біз туралы күштеу тактикасына берілгендер деп сөз етеді, бірақ, солай дей тұра, олар өздеріндегі тек күштеу арқылы ғана билеп отырған буржуазияның әрекеттерін мүлде көрмегенсиді.

Біз басқарудың советтік формасына көшкенге дейін бірнеше айды бастан өткіздік; бұл айлардың ішінде бұқара мемлекеттік басқарудың бұрын болып көрмеген, жаңа формасына әзірленді. Біз Керенский үкіметінің сілікпесін шығарып түгін қалдырмадық, біз Уақытша үкіметті министрліктерді оңды-солды, жоғарылы-төменді сапырылыстыруға мәжбүр еттік; мұның өзі сол кезде өкімет билігінен дәметенген буржуазияшыл-келісімпаз сұрқиялардың ел басқаруға қабілетсіздігін бұқараға біржолата дәлелдеп берді,—міне осыдан кейін ғана біз өкіметті өз қолымызға алдық.

Дүние жүзілік көлемде істің жайы әлдеқайда қиын болып отыр. Бұл ретте бір ғана революциялық күштеу жеткіліксіз, сондықтан революциялық күштеудің алдында біздегі сияқты әзірлік жұмысы жүргізілуге тиіс, бірақ, әлбетте, мұның біраз ұзағырақ болуы керек. Ке-

зінде Брест бітімі көптеген пікірлер туғызды, ал кейбір мырзалар Совет өкіметінің бұл қадамын өздерінің демагогтық мақсаттарына пайдаланбақшы болып, оны келісімпаздық деп атады. Ал егер мұны келісімпаздық деп атайтын болса, онда Мемлекеттік думаға оны іштен бүлдіру үшін барғанымызды да патшамен жасалған келісімпаздық деп пайымдауға тура келеді. Біз Брест бітімін жасасқанда, Германияда Вильгельмді құлатуға себепкер болған қажетті ішкі жағдайлардың тууын күткендіктен жасастық, ал мұның өзі біздің қадамымыздың қаншалықты дұрыс болғанын көрсетеді.

Келісу елдерінде[3] қазір бұқараның ояна бастағаны байқалады; ол елдердің үкіметтері бұл сезімді сөндіруге барынша тырысып отыр. Осы мақсатпен әлі де санасыз жатқан бұқараның барлық назарын «патриотизм» жағына аударуда. Бұқараны құрғақ уәделермен тойдырып, жеңімпаз бітімнің пайдасымен қызықтыруда, оларға бітім жасалғаннан кейін қисапсыз мол пайдаға кенелесіңдер деп уәде беруде. Оларды жалған үмітпен алдап келеді. Бірақ бұл жалған үміттерді іске асыру жөніндегі есептің қаншалықты дұрыс екенін жақында біздің мүдделерімізге жат көзқарастағы, коммерциялық ниеттегі бір байсалды американ көпесімен болған менің әңгімемнен көруге болады. Францияның жағдайын ол былайша сипаттайды: француз үкіметі бұқараға олжаның астында қалдырмақ болып уәде етіп отыр, олар немістерден алынады-мыс, бірақ немістердің мұны бір жерден алып төлеуі керек қой, ал қолында түгі жоқ борышқордан ештеңе де алуға болмайды, сондықтан Германиямен пайдалы бітім жасасуға негізделген осы жалған үміттердің бәрі де күйремекші, өйткені жасалған бітім күйреу бітімі болады. Қазіргі қалыптасқан жағдайдан құтылу үшін капитализмді құлатқаннан басқа ешқандай амал жоқ екенін көріп отырған революция дұшпандарының өзі де осыны сезінеді. Бұл жағынан алғанда қазіргі ең сергек және қайырымды париждік тобырдың пиғылы өте қызғылықты. Бұдан жарты жыл бұрын большевиктерді барынша жамандаушыларды тыңдайтын осы тобыр қазір большевиктерге қарсы сөйлеушілердің аузын аштырмайды. Біздің идеяла-

рымызды насихаттау ісінде буржуазия бізге зор қызмет істеді. Буржуазия өзінің шабуыл жасауы арқылы бұқараны ойландырып, толғандырды, соның нәтижесінде Париждің тура ой жүгірте білетін бұқарасы: егер буржуазия большевиктерді сондай жек көретін болса, онда большевиктердің онымен күресе білгені ғой деген қорытындыға келді. Антанта қазір өзінің барлық назарын өз жаққа аударып отыр, ол өзі төлеуге тиісті счеттарды біздің қалтамыздан алып төлемекші. Әскери күші жағынан бізден басым жатқан, мықты жаумен санасуымызға тура келіп отыр, бірақ бұл ұзаққа бармайды: жеңістен түңілушілік туады, соның нәтижесінде «одақтастардың» барлық айла-амалдары толығынан күйрейді, тіпті бұл күйреуге дейін олардың өзара қырқысып қалуы да ғажап емес. Қазір барлық елдер ашаршылықтың зардабын тартып отыр, сондықтан ешқандай жеңіс ашаршылықтан құтқара алмайды. Біздің алдымызда сыртқы саясаттан туатын күрделі міндеттер тұр. Бұл ретте бізде Халық Комиссарлары Советінің сыртқы саясатта жасаған ең елеулі қадамы — Брест бітімінің тәжірибесі бар. Брест бітімі әскери күші жағынан бізден басым, мықты жаумен жасалды, бұл тіпті біздің өз арамызда да алауыздық туғызды, бірақ барлық жағынан империалистік жыртқыштардың қоршауында отырған пролетарлық мемлекеттің алғашқы қадамы осылай болуға тиісті еді. Брест бітімі біздің мықты және қуатты жауымызды әлсіретіп тастады. Бізге тонаушылық шарттарды таңған Германия өте қысқа мерзімнің ішінде қаусап қалды, басқа елдерде де осылай болады деп күту керек, оның бер жағында барлық жерде де армиялардың азғындауы байқалып отыр.

Біздің армияның азып-тозуы орыстардың шыдамсыздығынан болды деп түсіндірілген уақытты еске түсіріп көрейікші, бірақ мұның өзі революция жолына түскен барлық елдерге бірдей ортақ тағдыр болып шықты. Париждегі «демократиялық» үкіметтердің қазіргі ашықтан-ашық жүргізіп жатқан тонаушылығы бұқараның көзін ашады, оның бер жағында олардың олжа бөліскендегі кикілжіңдері көбінесе елеулі егеске айналып, құпия болудан қалды[4]. Советтік Россияның

өмірінде кездесіп отырған барлық қолайсыз жағдайлармен қатар бізде бір артықшылық бар, мұны буржуазиялық «Таймс»[5] газеті де атап көрсетіп отыр. Бұл газет әскери шолушысының мақаласында барлық елдердің армияларындағы азғындаушылықтың тез өршіп бара жатқанын, ал Россияда мұндай жағдайдың жоқ екенін айтады. «Таймс» газетінің айтуына қарағанда, тек Россияда ғана армия азғындаған жоқ, қайта, жаңадан құрылып жатыр. Бұл—біздің өткен жылғы құрылысымыздың маңызды бөлімдерінің бірі. Барлық жақтан жаудың қоршауында отырсақ та, біз қорғанып келеміз, Советтік Россияның әрбір сүйем жерін жеңіп алып келеміз, сөйтіп күресіміздің әрбір айы бізді дүние жүзілік революцияға барған сайын жақындата түсіп отыр. Бүкіл дүние жүзінде өкіметті біз ең бірінші болып қолға алдық, қазір бізде еңбекшілер Советтері басқарып отыр. Біз өкіметті ұстап тұра аламыз ба? Егер ұстап тұра алмасақ, онда өкіметті жеңіп алуымыз тарихи жағынан алғанда дұрыс болмағаны. Бірақ біз бұл сынақтан өттік деп қазірдің өзінде-ақ мақтаныш ете аламыз, сөйтіп біз орасан көп азапқа қарамастан, еңбекшілер өкіметін қорғап қалдық.

Ленин жолдас мұнан соң мамандар туралы мәселеге тоқталды.

Біздің жолдастардың кейбіреулері, деді Ленин жолдас, Қызыл Армияны патшаға қызмет еткендер мен бұрынғы офицерлер басқарып отыр деп күйінеді. Әлбетте, Қызыл Армияны ұйымдастыруда бұл мәселенің маңызы ерекше болмақ, сондықтан армияны ойдағыдай ұйымдастыру ісі осы мәселенің дұрыс қойылуына байланысты. Мамандар туралы мәселе кеңірек қойылуға тиіс. Біз оларды құрылыстың барлық салаларында, әлбетте, ескі буржуазиялық мамандарда бар тәжірибе мен ғылыми даярлық бізде жоқ болғандықтан өз күштерімізбен жөнді еш нәрсе бітіре алмайтын салаларда пайдалануға тиіспіз. Біз социалистік Россияның құрылыс ісін қайсыбір жаңа адамдар атқара алады деп ойлайтын утопистер емеспіз, біз ескі капиталистік дүниенің өзімізге қалдырған материалын пайдаланамыз. Ескі адамдарды біз жаңа жағдайларға қоямыз, оларға

тиісті бақылау жасап, оларды пролетариаттың қырағы қадағалауына тапсырамыз, сөйтіп оларға өзімізге қажетті жұмысты орындатқызамыз. Құрылысты тек осылай ғана жүргізуге болады. Егер сіздер буржуазиялық дүниенің бізге қалдырған материалынан үй сала алмайтын болсаңыздар, онда сіздер оны тіпті де сала алмайсыздар, олай болса сіздер коммунист емессіздер, тек құрғақ сөзуарсыздар. Социалистік құрылыс үшін ғылымды, техниканы және жалпы алғанда капиталистік Россияның бізге қалдырып кеткенінің бәрін толығынан пайдалану қажет. Әрине, бұл жолда біз үлкен қиыншылықтарға кездесеміз. Қателіктердің де болуы сөзсіз. Қашқындар мен қаскүнем саботажшылар барлық жерде де бар. Бұл жерде ең алдымен күштеу қажет болды. Бірақ одан соң біз пролетариаттың моральдық салмағын, күшті ұйым мен тәртіпті пайдалануға тиіспіз. Бізге пайдалы мамандарды есептен шығарып тастаудың ешбір керегі жоқ. Бірақ оларды пролетариаттың бақылап отыруына мүмкіншілік беретін белгілі бір шеңберде ұстау керек. Оларға жұмыс тапсыру керек, бірақ сонымен бірге оларды қырағы қадағалап, үстерінен қарайтын комиссарлар қойып, олардың контрреволюциялық ойларының алдын алып отыру керек. Сонымен қатар олардан үйрену де керек. Мүмкіндігі болған жердің бәрінде де олардың еңбегін пайдалана отырып, бұл мырзаларға титтей де саяси кеңшілік бермеу керек. Біз бұған қазірдің өзінде ішінара жетіп те отырмыз. Капиталистерді басып-жаншудан біз оларды пайдалануға көштік, ал мұның өзі, тегінде, бір жылғы ішкі құрылыс кезінде қолымыз жеткен табыстардың ең маңыздысы болар.

Біздегі мәдени құрылыстың ең елеулі мәселелерінің бірі — деревня туралы мәселе. Совет өкіметі еңбекшілерді барынша кең қолдап отыруды көздейді. Осы уақыттың бәрінде де біздің деревня жөніндегі бүкіл саясатымыз осыған негізделді. Қала пролетарларын деревня кедейлерімен байланыстыру қажет болды, мұны біз істедік те. Қазір көзге көріне қоймайтын мыңдаған арқаулар арқылы нағыз тығыз байланыс жасалып отыр. Барлық жердегі сияқты, бұл жерде де біз үлкен қиын-

шылықтарға кездесіп отырмыз, өйткені шаруалар өздерін дербес қожайындар деп сезінуге дағдыланған. Олар өз астығын емін-еркін сатуға дағдыланған және де әрбір шаруа бұған өзінің бұлжымас правосы бар деп есептеп келді. Шаруашылықты коммунистік жолмен ұйымдастырғанда ғана соғыс қалдырған күйзелісті жоюға болады деп оларды біржолата иландыру үшін қазір орасан көп жұмыс істеу керек. Бұл арада күштеу арқылы емес, тек иландыру арқылы ғана әрекет жасаған жөн. Әрине, шаруалардың арасында да біздің ашық жауларымыз—кулактар бар, бірақ кедейлер бұқарасы және оларға қосылып отырған орта шаруалар бізге ереді. Барып тұрған қас жауымыз — кулактарға қарсы біздің бір ғана қаруымыз бар, ол—күштеу. Біз өзіміздің азық-түлік саясатымызды артық астықты ашыққандарға беру принципі бойынша жүзеге асыра бастағанымызда шаруаға «Сені тонап жатыр!» деп айқай салушылар табылды. Бұлар—меньшевиктердің, солшыл эсерлердің немесе тағы басқа біреулердің сайқымазақтық тонын жамылып жүрген жаулар, шаруалардың, жұмысшылардың және коммунизмнің барып тұрған қас жаулары, сондықтан оларға бұрын не істеп келсек, алдағы уақытта да соны істейміз.

«Северная Коммуна» № 58,
14 март, 1919 ж.

«Северная Коммуна» газетінің текстi бойынша басылып отыр

2
ЗАПИСКАЛАРҒА ЖАУАП

Жолдастар, мен қазір запискаларға жауап бергім келеді, олардың ішінен екеуі онша анық емес екен. Ол запискалардың біреуінде, сірә, негізгі екі пікір болуы керек. Біріншіден, запискаиың авторы шектен шығып кетті деп большевиктерге наразы болады да, аңдап басқаны үшін меньшевиктерге іш тартады. Екіншіден, шаруалар көтерілістері туралы сұрақ қояды.

Бірінші мәселеге келетін болсақ, мен былай деуге тиіспін: егер большевиктерге қарсы мұндай айып тағылатын болса, онда олардың шектен шығып кеткені неде екенін және аңдап басудың несі жақсы екенін көрсету керек еді. Бізді меньшевиктерден ажырастырған негізгі мәселе мынадай: біз бүкіл өкіметтің Советтерге берілуін талап еттік те, шектен шыққандығымыз сонша— бұрнағы жылдың октябрінде өкіметті қолымызға алдық. Ал меньшевиктер өкіметтің осылай берілуін қаламаған, аңдап басуды талап еткен болатын. Мәселен, меньшевиктерге тілектес, белгілі социалист Каутский 1918 жылы августа өзінің бір кітапшасында: большевиктердің өкіметті алмауы керек, өйткені олар оны ұстап тұра алмайды, өздері де құриды, сөйтіп бүкіл партияны жояды деп жазған еді. Менің ойымша, оқиғалардың барысы бұл көзқарасты теріске шығарды, сондықтан, егер айқын қарсылық болмаса, бұған ерекше тоқталып жатудың қажеті жоқ. Германияда Каутский демократияны, құрылтайды талап етті. Советтерге өкі-

метті беруге болмайды—мұны айтқан осындағы меньшевиктер мен неміс меньшевиктері. Германияда Құрылтай жиналысы шақырылды, сөйтіп онда январь мен мартта жұмысшылардың бірқатар аса зор көтерілістері, азамат соғысы болды, соның нәтижесінде Гильфердинг бастаған неміс меньшевиктері соңғы мақалаларында: құрылтай мен Советтердің бірігуі керек, біріккенде Советтердің орталық комитетіне құрылтайдың шешімдерін тоқтатып тастауға және мәселені бүкіл халықтық дауысқа қоюға право берілуі керек деп ұсынды. Мұның өзі неміс меньшевиктерінің, тіпті олардың ішіндегі ең жақсыларының да, мүлдем шатасқандығын көрсетеді. Құрылтайды Советтермен біріктіру керек, буржуазия диктатурасын пролетариат диктатурасымен біріктіру керек деген идеяның өзі тек күлкі етуге ғана лайық.

Шаруалар көтерілісіне келетін болсақ, мұнда бұл тақырыпта сұрақ қойылған болатын. Әрине, біз кулактардың бірқатар көтерілістерін бастан кешірдік және бастан кешіріп те отырмыз. Өткен жылы жазда кулактардың бірсыпыра көтерілістері болып өтті. Кулак—біздің бітіспейтін жауымыз. Сондықтан бұл жерде оны жаныштағаннан басқа еш нәрсеге үміт артуға болмайды. Орта шаруаның жөні басқа, ол бізге жау емес. Россияда кулактардың емес, шаруалардың едәуір бөлегін қамтыған шаруалар көтерілістері болды деу қате. Кулактарға кейбір жеке село, болыс қосылды, бірақ Россиядағы барлық шаруаларды қамтырлықтай шаруалар көтерілістері Совет өкіметі тұсында болған жоқ. Кулактардың көтерілістері болып келді және барлық артық астықтың тұрақты бағамен ашыққандарға берілуін талап етіп отырған үкімет тұсында ондай көтерілістер болады да. Ондай көтерілістер болмай қалмайды, себебі қолында мол астық қоры бар кулак өз астығының пұтын бірнеше жүз сомнан сата алады, ал қапшықшылардың астықты қандай бағамен сатып жүргенін біздің бәріміз де білеміз. Егер кулактарға мұндай ерік берілсе, онда қағаз ақшаларының, керенкалардың жасырын қорлары бар бай тоқ болады, ал еш нәрсе бүкпейтін көпшілік ашаршылыққа ұшырайды. Біз сондықтан Совет өкіметіне қарсы кулактардың көтерілістері сөзсіз

болатынын көрмей отыра алмаймыз. Капиталистер өкіметі өмір сүріп тұрған кезде, оларға қарсы жұмысшылардың, помещиктерге қарсы шаруалардың көтерілістері сөзсіз болып тұрған-ды. Помещик пен капиталист күйретілген соң, кулактардың көтерілістері барған сайын сирей бермекші. Бірін таңдау керек. Ал егер әлдебіреу өзі ешқандай көтеріліссіз реттеле берсе екен, байлар сүйіспеншілік лебізін өз еркімен білдіріп, барлық артық астығын өз еркімен беретіндігі жөніндегі уәдесін табаққа салып алдымызға әкеліп тартса екен деп тілесе, менің ойымша, ондай адамды біз дені дұрыс адам демейміз.

Екінші бір бұлдыр записканың мазмұны мынадай: эсерлердің шақыруына елігіп алданған жұмысшылар азық-түлікті сылтауратып жұмыс істемей, ереуіл жасап, Совет өкіметіне қарсы шыққанреттерде не істеу керек делінген. Әрине, мен жұмысшылардың бәрі бірі қалмастан Совет өкіметі жағында деп есептей алмаймын. Парижде 1871 жылы Париж жұмысшыларының көтерілісі болған кезде, басқа қалалардың бірталай жұмысшылары ақ гвардияшылар әскерлерінің қатарында оларға қарсы күресіп, Париж жұмысшыларын басып-жаншыпты. Мұның өзі саналы социалистердің: Париж коммунарлары бүкіл пролетариаттың, яғни барлық таңдаулы, адал адамдардың өкілдері еді, ал ақ гвардияшылардың әскерлерінде жұмысшылардың артта қалған топтары болды деп пайымдауына бөгет болған жоқ. Совет өкіметін осы күнге дейін түсінбеген санасыз, артта қалған жұмысшылар бізде де бар; біз олардың санасын ашуға ұмтылып отырмыз. Жұмысшылардың тұрақты бұқаралық жиналыстары үшін Советтер жасап отырған мүмкіндікті бірде-бір үкімет беріп көрген емес; Советтер заводтың әрбір өкіліне мемлекеттік мекемеден орын беріп отырады. Мемлекеттік саясатты жұмысшылардың өздері жасауы үшін біз оларды мүмкін болғанынша іске тартамыз; капитализм тұсында, тіпті республика тұсында да жұмысшыларды мұндайға жолатпады, ал Совет өкіметі жұмысшыларды барынша тартып отырады, бірақ кейбіреулері әлі де недәуір ұзақ уақыт ескілікке бой ұра беретін болады.

Сіздердің араларыңызда крепостниктік право есінде қалған адамдар көп емес, бәлкім, тіпті мүлдем біреңсаран болар, оны тек қарттар ғана еске түсіре алады, бірақ бұдан 30—40 жыл бұрынғыны ұмытпаған адамдар қайткенмен де табылады. Деревняда болған адам бұдан 30 жыл бұрын: «Ал крепостниктік право кезінде жақсы еді, тәртіп күшті еді, қаталдық бар еді, қатындарды әсем киіндірмеуші еді»,—дейтін қарттарды деревнядан көп кездестіруге болғанын біледі. Шаруалар өмірін суреттеген таңдаулы жазушылардың бірі ретінде біз ескерткіш орнатайық деп отырған Успенскийді қазір оқитын болсақ, онда шаруалар ішінде шын адал ниетті қарттардың, ал кейде тіпті жай кексе адамдардың да: крепостниктік право тұсында жақсырақ еді деп айтқаны көрсетілген суреттемелерді 80 және 90-жылдар кезінен тауып алуға болады. Ескі қоғамдық тәртіптерді жойған кезде, ол тәртіптерді барлық адамдардың санасынан бірден арылту мүмкін емес, ескілікке бой ұратын аздаған адам әлі де сақталады.

Кейбір жұмысшылар, мәселен баспашылар: капитализм тұсында жақсы еді, газет көп болушы еді, ал қазір азайып кетті, ол кезде менің табысым әжептәуір болатын, ендеше маған ешқандай социализмнің керегі жоқ дейді. Бай таптарға тәуелді болған немесе сән-салтанат бұйымдарын өндірумен өмір сүрген өнеркәсіп салалары аз емес еді. Капитализм тұсында үлкен қалаларда тұрып, сән-салтанат бұйымдарын жасаумен өмір сүрген жұмысшылар да аз болған жоқ. Совет республикасында біздің бұл жұмысшыларды уақытша жұмыссыз қалдыра тұруымызға тура келеді. Біз оған: «Басқа бір пайдалы жұмыспен айналыс» дейміз. Ол бізге: «Мен өте нәзік жұмыспен айналыстым, мен зергер едім, бұл таза жұмыс еді, мен жақсы-жайсаңдарға қызмет еттім, ал енді мужиктер келді де, оларды қуып жіберді, менің капитализмге қарай кейін қайтқым келеді»,— дейді. Мұндай адамдар капитализмге қарай кейін қайтыңдар деп уағыздайтын болады немесе, меньшевиктердің айтқанындай: сау капитализмге және сау демократияға қарай ілгері басыңдар дейді. «Біз сау капитализм кезінде жақсы тұрған едік»,— дей-

тін бірнеше жүз жұмысшы табылады. Капитализм тұсында жақсы тұрған мұндай адамдар мүлде аз болатын, ал біз капитализм тұсында нашар тұрған көпшіліктің мүдделерін қорғаймыз. (Қол шапалақтау.) Сау капитализм ең ерікті деген елдерде де дүние жүзілік қырғынға әкеп соқтырды. Сау капитализмнің болуы мүмкін емес, тек мынадай капитализм ғана болады: ол Америка республикасы сияқты мәдениетті, бай, техника жағынан озық, ең ерікті республикадағы капитализм, міне осы демократиялық капитализм, нағыз республикалық капитализм, бүкіл дүние жүзін тонау мақсатымен мейлінше құтырынған дүние жүзілік қырғынға әкеліп соқтырды. Сіздер бүкіл елдегі 15 миллион жұмысшының ішінен капитализм тұсында жақсы тұрған бірнеше мың жұмысшыны ғана таба аласыздар. Ал бай елдерде мұндай жұмысшылар көбірек, өйткені олар саны едәуір көп миллионерлер мен миллиардерлерге жұмыс істеді. Олар осы айтылған топтарға қызмет етті де, солардан ерекше жоғары ақы алып отырды. Егер сіздер ағылшынның жүздеген миллионерлерін алатын болсаңыздар, олар миллиардтаған пайдаға кенелді, өйткені Индияны және бірқатар отарларды тонады. Өздеріне әдейілеп жақсы жұмыс істету үшін 10—20 мың жұмысшыға садақа берген секілді екі есе көп немесе онан да жоғары жалақы төлеуден олардың түгі де кетпейді. Менің бір американдық шаштараздың естеліктері туралы әңгіме оқығаным бар еді; бір миллиардер оған сақал-мұртын қырғызғаны үшін күніне бір доллардан төлеп тұрыпты. Ал осы шаштараз сол миллиардерді және оның тамаша тұрмысын мадақтап тұтас бір кітапша жазып шығарған. Мәртебелі финансист мырзаға таңертең бір сағатқа кіріп шыққаны үшін күніне бір доллардан алғанына оның көңілі толып, капитализмнен басқа еш нәрсені тілемеген. Мұндай дәлелдерге қарсы сақ болу керек. Жұмысшылардың орасан көпшілігі мұндай жағдайда болған жоқ. Біз, бүкіл дүние жүзінің коммунистері, еңбекшілердің орасан көпшілігінің мүдделерін қорғаймыз, ал еңбекшілердің болмашы азшылығын капиталистер жоғары ақыға сатып алып, оларды капиталдың сенімді қызметшілеріне айналдырып отыр-

ды. Крепостниктік право тұсындағы адамдардың, шаруалардың ішінде помещиктерге: «Біз сіздің құлыңызбыз (бұл бостандық берілгеннен кейін), біз сізден кетпейміз»,—деушілердің болғаны сияқты. Мұндайлар көп пе еді? Мүлде аз болатын. Осыларды тілге тиек етіп, крепостниктік правоға қарсы күресті теріске шығаруға бола ма? Әрине, болмайды. Сол сияқты қазір де буржуазиялық газеттерде, сән-салтанат заттарын өндіруде, миллиардерлердің өздеріне қызмет істеп, мол табыс тауып келген жұмысшылар азшылығын тілге тиек етіп, коммунизмді теріске шығаруға болмайды.

Енді мен айқын баяндалған мәселелерге, біріншіден, жалпы алғанда концессиялар туралы, әсіресе Ұлы солтүстік жол[6] туралы мәселеге көшемін. Мұның өзі халық байлығын жыртқыштардың талауына беріп қойғандық болады деседі. Бұған мен былай деп жауап беремін: бұл арада мәселе буржуазиялық мамандармен және дүние жүзілік империализм туралы мәселемен едәуір байланысты болып отыр. Біз қазір дүние жүзілік империализмді күйрете аламыз ба? Егер біз мұны істей алатын болсақ, оны істеуге міндетті де болар едік қой, бірақ өздеріңіз білесіздер, 1917 жылдың мартында Керенскийді құлата алмағанымыз сияқты, біз мұны да қазір істей алмаймыз; біз ол кезде Керенскийге қарсы дереу көтеріліс жасамай, советтік ұйымдардың дамуын күтуге, осы жөнінде жұмыс істеуге тиісті болдық. Дәл сол сияқты қазір де бүкіл дүние жүзілік империализмге қарсы шабуылды соғыс ашу мүмкін бе? Әрине, жоқ. Егер біз анағұрлым күштірек болып, ертең көбірек астық ала алсақ, техникалық жабдықтарымыз және басқаларымыз бар болса, біз Шейдемандардың спартакшыларды жусата қыруына жол бермей, олардың өздерін лақтырып тастаған болар едік. Бірақ қазір мұның өзі орынсыз қиял, басқа елдер советтік көпшілік әлі жоқ кезеңді бастан кешіріп отырғанда, көптеген елдерде Советтер жаңа ғана туа бастап отырғанда, жалғыз біздің еліміз бүкіл дүние жүзілік империализмді дереу лақтырып тастай алмайды, сондықтан империалистерге кеңшілік жасауға тура келеді. Біз қазір зор көлемде темір жолдар сала алмаймыз, қазір қолда барын игерсек

те шүкіршілік етер едік. Бізде астық, отын жетіспейді, паровоздар тапшы, біздің бірнеше миллион пұт астығымыз Волга-Бугульма жолында жатыр, біз оны тасып жеткізе алмай отырмыз. Біз жақында Халық Комиссарлары Советінде осы астықты тасып алу үшін үлкен право берілген уәкілдер жіберу туралы қаулы алдық. Петроград пен Москвада халық ашығуда, ал анау жақта миллиондаған пұт астық үюлі жатыр, ал біз оны паровоздардың жетіспегендігінен, отынның жоқтығынан тасып ала алмай отырмыз. Сондықтан біз: шетелдік капиталистерге алым төлесек төлейік, бірақ темір жолдарды салып алайық дейміз. Бұл алымнан біз мерт болмаймыз, ал егер темір жол қатынасын жолға қоя алмасақ, онда біздің мерт болуымыз мүмкін, өйткені халық ашығып отыр; орыс жұмысшысы қаншама төзімді болғанымен, төзімділіктің де шегі бар. Сондықтан капитализмге алым беру арқылы болса да, темір жол қатынасын жақсарту шараларын қолдану—біздің міндетіміз. Мұнымыз жақсы ма, әлде жаман ба, бірақ әзірге бұдан басқа лаж жоқ. Дүние жүзілік капитализмді біржолата құлатқанға дейін біз алым төлегеннен Совет өкіметін мерт қылмаймыз. Біз неміс империалистеріне алтын төледік, Брест бітімінің шарттары бойынша біз мұны істеуге міндетті болдық, қазір Келісу елдері бұл алтынды олардан тартып алып отыр—жеңген қарақшы жеңілген қарақшыдан тартып алып жатыр. Қазір біз былай дейміз: пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік қозғалысы жеңіске жеткізгенге дейін біз не соғысамыз, не бұл қарақшылардан алым төлеумен құтыла тұрамыз, ал бұдан көніп тұрған ешбір жамандықты көріп отырғанымыз жоқ. Біз неміс қарақшыларынан құтылып болғанға дейін, оларға бірнеше жүз миллионды беріп болғанша, бұл уақыттың ішінде біз өзіміздің Қызыл Армияны нығайтып алдық, ал неміс қарақшыларының қазір еш нәрсесі де қалған жоқ. Басқа империалистік қарақшылардың жағдайы да дәл осындай болмақ. (Қол шапалақтау.)

(Сонан соң әлгі жолдас орта шаруаларды күйзелтуге қарсы шыққандығы үшін өзінің төрт күнге қамалғанын жазып, орта шаруа дегеніміз не деп сұрайды да,

біркатар шаруалар котерілістеріне мезгейді. Әрине, егер бұл жолдасты орта шаруаларды күйзелтуге қарсы болғаны үшін қамап қойса, онда бұл дұрыс болмаған, ал оны қамаудан тез босатқанына қарағанда, қамаушының өзі ме әлде Совет өкіметінің басқа бір өкілі ме—әйтеуір біреу қамауға алудың дұрыс еместігін ескерген деп ойлаймын. Енді орта шаруа туралы айтайын. Оның кулактан айырмашылығы—ол басқаның еңбегін қанамайды. Кулак басқаның ақшасын, басқаның еңбегін тонайды. Кедей шаруалар, жартылай пролетарлар дегеніміз өздері қанауға ұшырайтындар; ал орта шаруа басқаларды қанамайды, өз шаруашылығымен тіршілік етеді, өз астығы өзіне шамамен алғанда жетеді, кулактың істегенін істемейді, бірақ ол кедейлер қатарына жатпайды. Мұндай шаруалар біз бен кулактар арасында ауытқып отырады. Егер сәті түссе, олардың біразы кулактар қатарына қосыла алады, сондықтан олар кулактарға қарай бой ұрады, бірақ көпшілігі кулактар қатарына қосыла алмайды. Ал егер социалистер мен коммунистер орта шаруалармен тіл табыса алса, онда олар басқа өкіметтің қандайынан болса да Совет өкіметінің пайдалырақ екендігін, өйткені басқа өкімет орта шаруаны езіп, жаныштап отыратынын дәлелдей алады. Бірақ орта шаруа ауытқи береді. Бүгін ол біздің жағымызда болса, ертең басқа өкіметтің жағында болады; бір бөлегі бізді жақтаса, екінші бөлегі буржуазияны жақтайды. Бірнеше күннен кейін қабылдағалы отырған программамызда да біз орта шаруа жөнінде қандай да болсын күштеуге қарсымыз[7]. Біздің партиямыз осылай деп мәлімдейді. Егер қамауға алушылық бар болса, біз оны айыптап, түзетіп отырамыз. Кулақ жөнінде күштеуді жақтаймыз, орта шаруа жөнінде күштеуге қарсымыз. Оған біздің айтатынымыз мынау: егер сен Совет өкіметі жағына шығатын болсаң, біз сені коммунаға күштеп апарып енгізгіміз келмейді, біз ешқашан да шаруаларды күштеп коммунаға айдағанымыз жоқ, ондай декрет те жоқ. Егер әлгіндей жағдай жергілікті жерлерде орын алса—бұл қиянат жасағандық, бұл үшін лауазымды адамдар орнынан алынып, сотқа беріледі. Бұл ірі мәселе. Орта шаруа екі лагерьдің арасында тұр.

Бірақ, жолдастар, мұндағы саясат әбден айқын: біз орта шаруалар жөнінде күштеуге қарсымыз, біз олармен келісімге келуді, оларға кеңшілік беруді жақтаймыз. Орта шаруа біртіндеп коммунизмге келе алады және келеді де. Ең еркін деген капиталистік республикада да орта шаруаға капитал қатер туғызады, капитал оны қайткен күнде де жаншып, езеді.

Бұдан соң менің Балтық флоты туралы пікірімді сұрапты. Мен Балтық флоты туралы мәселені талдағаным жоқ, қазір жауап та бере алмаймын, мүмкін, бұл мәселе флоттан келген жолдастың сөйлеген сөзінде толық түсіндірілген болар[8].

Одан кейінгі сұрақ жергілікті жерде жарамсыз қылықтардың, бюрократизмнің, шірік әрекеттердің көбейіп бара жатқандығына, ал онымен күресу керектігіне арналған. Әбден орынды айтылған нәрсе. Октябрь революциясы ескі бюрократтарды құлатқанда, ол мұны Советтерді құрғандықтан істеді. Ол ескі судьяларды қуып шығып, сотты халықтық сот етті. Бірақ сотты құру оңайырақ еді, ол үшін ескі заңдарды білудің керегі болған жоқ, әділеттілік сезімді басшылыққа алса, соның өзі де жетіп жатыр еді. Соттардағы бюрократизмді жою оңай болды. Басқа салаларда мұны істеу анағұрлым қиынға түсті. Біз ескі бюрократтарды қуып шығардық, бірақ олар қайтадан келді, олар өздерін «коммунистерміз» деп атайды, ал егер коммунистпіз деп айта алмаса, жағасына қызыл петлица тағып алады да, жылы орынға ұмтылады. Бұл жерде не істеу керек? Бұл жексұрындарға қарсы дамылсыз күресу керек, егер бұл жексұрындар кіріп кеткен болса, қайта-қайта тазалау жүргізіп, қуып шығу керек, оларды айлап, жылдап емес, көптен бері білетін жұмысшы коммунистер арқылы, шаруалар арқылы бақылап, қадағалап отыру керек. Сонан кейін осында тағы бір сұрақ болды—запискада партия мүшелерін артықша жағдайға қою зиянды, өйткені онда арамызға алаяқтар кіріп кетеді делінген. Жолдастар, бұған қарсы күрес жүргізіліп жатыр және жүргізіле бермек те, біз қазір партияда бір жылдан аз болғандарды партия съезіне делегат етіп жібермеуге

қаулы алдық, мұндай шараларды біз бұдан былай да қолданып отырамыз. Партия өкімет басында тұрған кезде, алғашқы кезде партияда барларды артық санауға мәжбүр боламыз,— айталық, екі адам келеді екен делік, бірі партиялық билетін суырып алып мен коммунистпін дейді, екіншісі билетсіз, ал жұрт екеуін де жақсы білмейді делік, онда, әлбетте, партияда бар адам, билеті бар адам артықша жағдайға қойылады. Біреудің партияға өзінің шын сенімі бойынша кіргенін немесе ебін тауып кіріп алғанын қалай айыруға болады? Партияға қай күні алынғанын партиялық билетіне жазып қою керек, сөйтіп ол адам сынаққа түсіп, мектептен, т. т. өтпейінше оған партиялық билет бермеу керек.

Сонан соң, революциялық салық[9] жөнінде, ол салық орта шаруаларға түсіп отыр деген тағы бір записка бар. Бұл жөнінде арнаулы мәжіліс шақырылды, шағымдар көп болды, соларды тексеру үшін былай істелді: бізде Орталық статистика басқармасы бар, оған Россияның статистика жөніндегі таңдаулы мамандары тартылған, бұл мамандардың көпшілігі оңшыл эсерлер, меньшевиктер, тіпті кадеттер де бар; коммунистер, большевиктер аз—олар практикалық қызметтен гөрі көбінесе патша өкіметіне қарсы күреспен шұғылданып келді. Бұл мамандар, менің байқауымша, жұмысты қанағаттанарлық түрде істейді, бұл, әрине, кейбір жеке адамдарға қарсы күрес жүргізуге тура келмейді деген сөз емес. Біз шаруалардың революциялық салықты қалай бөлгенін байқап көру үшін бірнеше болыста зерттеу жүргізуге тапсырма бердік. Шағым өте көп; әрине, егер бүкіл Россия бойынша мың шағым түседі дейтін болсақ, онда бүкіл Россия үшін бұл түк те емес,— егер бірнеше миллион үйге мың шағымнан келсе, бұл да дәнеңе емес; егер Орталық Атқару Комитетіне күніне үш адам келсе, бір айда 90 шағым болады, сөйтіп бұдан бізді шағым басып жатқан сияқты әсер туады. Тексеріп шығу үшін біз бірнеше болыста зерттеу жүргізуге ұйғарған едік, Поповтың баяндамасында оған дәл жауап алдық, ол жауап Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде жұмысшылар қатысып отырғанда қайталанды. Бұл баяндама шаруалардың көп ретте салықты әділ бөлетінін

көрсетті. Совет өкіметі кедейлердің еш нәрсе төлемеуін, орта шаруалардың шамалы төлеуін, ал байлардың көбірек төлеуін талап етеді, әрине, кімнің бай, кімнің кедей екенін дәл анықтауға болмайды, қателіктер болып тұрады, бірақ шаруалар салықты көбінесе дұрыс бөледі. Солай болуы да керек. (Қол шапалақтау.) Әрине, қателіктер болды. Әйтседе, мысалы, темір жолдың кіші-гірім қызметшісі үй комитетінің оған әділетсіз салық салғаны жөнінде шағым еткен. Бұл туралы ол Совет өкіметіне хабарлаған. Сонда: оны тінтіңдер, ол жалдаптық жасайды деушілер болыпты. Оның үйінен бірнеше қапшық миллиондаған керенкалар табылыпты. Қашан біз ескі қағаз ақшаның бәрін жаңасымен ауыстырудың амалын тапқанша, мұндай жағдай болады. Біз бұл қағаз ақшаны жаңа ақшамен ауыстырған кезде, қандай жалдаптың болса да бет пердесі сыпырылады. Жұрттың бәрі ескі қағаз ақшаны жаңа ақшаға айырбастауға тиісті болады. (Ду қол шапалақтау.) Егер сен жұмысшы адамға керекті мөлшерде аздаған ақша өкелсең, біз оған сомына сом береміз, егер 1—2 мың сом әкелсең, онда да сомына сом береміз. Ал егер одан көбірек әкелсең, біз бір бөлегін қағаз ақшамен береміз де, қалғанын кітапқа жазып қоямыз — күте тұрасың. (Қол шапалақтау.) Мұндай нәрсені істеу үшін жаңа қағаз ақшаларды даярлау керек[10]. Ескі ақшалар бізде шамамен 60 миллиард. Жаңа ақшаға айырбастау үшін оншалық көп ақшаның керегі жоқ, бірақ мамандардың айтуына қарағанда, кемінде 20 миллиард жаңа ақша керек көрінеді. Бізде қазірдің өзінде 17 миллиард бар. (Қол шапалақтау.) Халық Комиссарлары Советінде де бұл шараны тез арада біржолата әзірлеу мәселесі қойылды, бұл шара жалдаптарға берілетін соққы болады. Бұл шара керенкаларды жасырып отырғандарды әшкерелейді. Мұны жүзеге асыру ісі зор ұйымдастыру жұмысын керек етеді, бұл жеңіл шара емес.

Сонан соңғы сұрақ егістің қалай жүріп жатқанына, егістің қиынға соғып отырғандығына арналған. Бұл, әрине, әділетті айтылған нәрсе. Егіс көлемі жөніндегі комитет құрылды[11]. Осында Егіншілік комиссариаты-

ның жанынан Совет өкіметі декреттерінің бірі бойынша Жұмысшы комитеті құрылды[12], бұл комитет кәсіптік одақтардың келісімімен ұйымдастырылады. Оның міндеті жердің босқа жатпауын қадағалау, бос жатқан помещиктік жер болса, оны жұмысшыларға алып беру болады. Егер шаруа жерді алмайтын болса, оны мемлекеттің өзі пайдаланатындығы туралы қаулы бар. Әрине, тұқым жетіспейді. Мұнда артық астығын жасырып, тұқымға да түк бермей отырған кулактарды кедей шаруалар әшкерелеулері керек. Кулакқа артық астығын жасыру пайдалы, өйткені ашаршылық айларында ол әрбір пұт бидайға мың сомнан ақша алады, ал егіннің себусіз қалғанымен, бұл арқылы мыңдаған жұмысшыларға зиян келтіретіндігімен оның жұмысы жоқ. Ол — халық жауы, оны әшкерелеу керек.

Одан кейінгі сұрақ ақы мөлшері туралы: маманға 3 мыңнан бересіздер, ол бір жерден екінші жерге жүре береді, оны ұстау қиын делінген. Мамандар туралы менің айтатыным мынау: олар буржуазиялық ғылым мен техниканы білетін адамдар, олардың білгенін барлық жұмысшылар мен шаруалардың орасан көпшілігі білмейді, ондай мамандар керек, сондықтан біз қазір ақы төлеуді толық теңгере алмаймыз, біз үш мыңнан асырып төлеу жағындамыз. Егер біз олардың көмегімен жұмысты жақсы істеуге үйренетін болсақ, онда жылына тіпті бірнеше миллион төлесек те қымбат емес. Оларға жұмысты таяқтың күшімен істеттірмеу үшін біз істі жолға қоюдың мұнан басқа амалын көре алмай отырмыз, ал мамандардың саны әзірге аз болғандықтан, біз ақыны көп төлеуден бас тартпауға мәжбүр болып отырмыз. Біз жақында бұл мәселе жөнінде еңбек комиссары Шмидтпен әңгімелестік, ол да біздің саясатымызбен келісіп, былай дейді: бұрын, капитализм тұсында, қара жұмысшының жалақысы айына 25 сом болса, жақсы маманның табысы айына 500 сомнан кем болмайтын, айырмашылығы 1—20, қазір ең төмен табыс 600 сом, ал мамандар 3 мың сом алады, айырмашылығы 1—5. Сонымен, төмен және жоғары ақының арасын теңестіре беру үшін біз едәуір жұмыс істедік, бұл басталған істі бұдан былай да жүргізе береміз. Ал қазіргі

уақытта біз ақы төлеуді теңгере алмаймыз, мамандар аз болып отырғанда оларға жоғары ақы төлеуден бас тарта алмаймыз. Біздің айтатынымыз мынау: мамандардың бәрін пайдалану үшін ғана жылына бір миллионды немесе бір миллиардты артық бергеніміз жақсы,— олар жұмысшылар мен шаруаларды бұл миллиардтың құнынан анағұрлым қымбат нәрсеге үйретеді.

Одан әрі ауыл шаруашылық коммуналары жайында, оларда бұрынғы помещиктерді қалдыруға бола ма? — деген сұрақ қойылып отыр. Бұл оның қандай помещик екеніне байланысты. Помещиктер жіберілмесін деген декрет болған жоқ. Әрине, помещик сенімсіздік туғызады, өйткені ол ғасырлар бойы шаруаларды қанап келді, шаруалар оларды жек көреді, ал егер шаруалардың өздері дұрыс адам деп білетіндері болса, ондайларды жіберуге болатыны былай тұрсын, жіберу керек те. Біз ондай мамандарды пайдалануға тиістіміз, олар ірі шаруашылықты құруға дағдыланған және де шаруалар мен ауыл шаруашылық жұмысшыларына көп нәрселерді үйрете алады.

Одан соң: орта шаруаларды қоғамдық жерді жыртуға жіберуге бола ма? — деп сұрайды. Әрине, болады. Соңғы кезде бірсыпыра уездер жерді қоғамдасып жыртуға көшуге қаулы алды, мұның қаншалықты орындалатынын білмеймін, бұл арада нақ орташаларды тарту қажет, өйткені кедейлер бізге қосылып отыр, ал орташалар әрдайым қосыла бермейді, сондықтан оларды тарту керек. Біз капиталистерге қарсы, помещиктерге қарсы күш қолдануды жақтаймыз және тек күш қолдануды ғана емес, олардың жинаған байлығын толық экспроприацияляуды да жақтаймыз, біз кулакқа қарсы күш қолдануды жақтаймыз, бірақ оны толық экспроприацияляуды жақтамаймыз, өйткені ол өз шаруашылығын жерді өңдеу арқылы жүргізеді және байлығының бір бөлегін өз еңбегімен жинаған. Міне, бұл айырмашылықты мықтап біліп алу керек. Помещик пен капиталист толық экспроприацияланады; кулактардың бүкіл меншігін тартып алуға болмайды, ондай қаулы болған жоқ; біз орта шаруаны иландырғымыз келеді, өз өнегемізбен, өтімді сөзімізбен өзімізге тартқымыз келе-

ді. Біздің программамыз, міне, осындай. Егер мұны жергілікті жерде орындамайтындар табылса, онда олар Совет өкіметінің қаулысын бұзушылар болғаны — олар не біздің қаулымызды орындағысы келмейтіндер, не оны түсінбейтін адамдар.

Сонан соң теміржолшылардың қимылын ширату жайында мәселе көтеріліп, тағы да темір жол қатынасының тоқтап қалғандығы туралы сұрақ беріліп отыр[13]. Халық Комиссарлары Советінде бұл мәселе ерекше ынтамен талқыланып, көптеген шаралар белгіленді. Бұл — негізгі мәселе. Волга-Бугульма жолында миллиондаған пұт астық жатыр, оның шіріп кетуі де мүмкін, өйткені астық кейде қар үстінде жатады, су таси бастағанда астық құрып бітеді. Астық қазірдің өзінде дымқыл тартып кеткен (дымқылдығы 20 процентке дейін жетеді). Бұл астықты тасып алу керек, әйтпесе құрып кетеді. Ең бастысы, теміржолшылардың өздері де астыққа өте мұқтаж болып отыр. Бұл үшін жолаушылар поезының жүрісін, Қатынас жолдары комиссариатындағы жолдастардың есебіне қарағанда, 18 марттан бастап 10 апрельге дейін тоқтату керек. Жолаушылар поезының жүрісін осылай тоқтатудың өзі үш жарым миллион пұт астық бере алады, оны жолаушылар поездарының нашар паровоздарымен-ақ тасып жеткізуге болады. Егер осы поездармен қапшықшылар астық таситын болса, олар ең көп дегенде жарты миллион пұт астық тасыр еді. Кімде-кім жолаушылар поезының жүрісі тоқтатылуына налитын болса, онысы әділдік емес. Қапшықшылар мықтағанда жарты миллион ғана жеткізеді, ал біз, егер вагондарды астықпен лық толтыра тиесек, егер теміржолшылар бізге көмектессе, үш жарым миллион пұт астықты тасып жеткізе аламыз, сөйтіп азық-түлік ісін жақсартамыз. Міне, сондықтан да біз неғұрлым жетік, неғұрлым ұйымшыл жолдастардың бәрі де әскери жұмысқа және азық-түлік жұмысына баруға тиіс деп айтып келдік, әлі де айтамыз. Қаншама қиын болса да, адам беріңіздер, берген үстіне беріңіздер. Басқа қалаларға қарағанда Питердің Россияға көп бергенін біз өте жақсы білеміз, өйткені нағыз ұйымшыл, жетілген жұмысшылар Питерде. Бірақ осы жарты жыл ауыр

соғады. 1918 жылдың бірінші жартысында 27 миллион пұт астық берілді, ал екінші жартысында біз 67 миллион пұт алдық. Біз ашаршылық жарты жылына кіріп отырмыз. Март, апрель, май, июнь ауыр айлар болмақ. Мұны болдырмау үшін барлық күшті жұмсау керек. Әрбір фабрикада, әрбір үйірмеде темір жол шеберханасының ісіне қоятын еркек жоқ па, оның орнына әйел қойып, оны осы жұмысқа жіберуге болмай ма деп мәселе көтеру керек. Әрбір үйірмеде, әрбір топта, әрбір ұйымда осыны ойластыру керек, жаңа жұмысшылар беру керек, сонда біз ауыр соғып отырған осы жарты жылға төтеп бере аламыз. (Қол шапалақтау.)

Бірінші рет 1950 ж.
В. И. Ленин Шығармаларының
4-басылуында басылған,
29-том

Стенограмма бойынша
басылып отыр

ПЕТРОГРАД ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ I СЪЕЗІНІҢ МӘЖІЛІСІ

13 МАРТ, 1919 ж.[14]

1

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ КӘСІПТІК ОДАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, өзінің алдына ауыл шаруашылық жұмысшыларының кәсіптік одағын ұйымдастыру міндетін қойып отырған ауыл шаруашылық жұмысшыларының съезін Халық Комиссарлары Советінің атынан құттықтауға мүмкіндік алып отырғаныма мен өте қуаныштымын.

Жолдастар, біз партияның Орталық Комитетінде және Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық советінде Еңбек халық комиссары Шмидт жолдаспен, Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық советінің мүшелерімен және басқалармен бірге ауыл шаруашылық жұмысшыларын ұйымдастыруға қалай кірісу керек деген мәселе жөнінде әлденеше рет кеңес өткіздік. Дүние жүзінің еш жерінде, тіпті кәсіптік одақтарды ұйымдастыру тарихын ондаған жылдар бойы ғана емес, жүздеген жылдар бойы білетін ең алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде де ауыл шаруашылық жұмысшылары өздерінің азды-көпті тұрақты кәсіптік одағын құра алған емес. Мұнда шаруалардың, ауыл шаруашылық жұмысшыларының тұрмыс жағдайлары қандай кедергі келтіретінін, ауыл шаруашылық жұмысшыларының бытыраңқылығы, шашырандылығы аса зор кедергі екенін сіздер білесіздер, сондықтан қала жұмысшыларына қарағанда олардың одаққа бірігуі өлшеусіз қиын.

Сонымен қатар жұмысшы-шаруа өкіметі, барлық бағыттарда, коммунистік қоғам құруға кірісті. Ол өзінің алдына помещиктер мен капиталистерді біржолата жою міндетін ғана қойып отырған жоқ,— бұл істі біз қазірдің өзінде орындадық деуге болады,— сонымен қатар помещиктер те, капиталистер те қайта келіп кіре алмайтын қоғам орнату міндетін де қойып отыр. Помещиктер мен капиталистер құлатылған революциялар аз болған жоқ, бірақ кулактардан, бай шаруалардан, жалдаптардан біршама қысқа мерзім ішінде жаңа капиталистер туып отырды, олардың жұмысшыларды ескі помещиктер мен капиталистерге қарағанда анағұрлым қатты қанаған кездері болды. Біз орындауға тиісті міндет мынадай: тек ескі капиталистерді ғана құртып қоймай, жаңа капиталистер де пайда бола алмайтын ету керек, өкімет толығынан, бүтіндей, тек қана еңбек етушілерге, өз еңбегімен өмір сүрушілерге берілетін ету керек. Мұны қалай істеу керек? Бұл үшін бір-ақ жол бар, ол — деревня жұмысшыларын, пролетарларын ұйымдастыру жолы; бұл ұйым тұрақты ұйым болуға тиіс; тек тұрақты бұқаралық ұйымда ғана ауыл шаруашылық жұмысшылары ірі ауыл шаруашылығын басқаруда өз істерін өздері жүргізуді үйрене алады, өйткені, егер олардың өздері мұны үйренбесе, онда,— жұрттың бәрі әлдеқашаннан бері естіп жүрген «Интернационал» әніндегі сияқты,— бұл жерде оларға ешкім де көмекке келе алмайды. Советтер өкіметінің, Совет өкіметінің, істей аларлық үлкен бір жұмысы — ондай ұйымға барынша көмек көрсету. Капиталистік ұйымдар бар күшін жұмсап, барлық заңды құралдарды, әр түрлі айла-шарғыларды, полициялық қулық-сұмдықтарды қолданып, орынсыз тиісіп, өтірік-шынын араластырып ондай ұйымға кедергі жасап келді. Европаның ең алдыңғы қатарлы елі—Германияда село жұмысшыларының одағына осы күнге дейін бостандық жоқ; онда осы күнге дейін малайлар туралы заң сақталып отыр, сөйтіп село жұмысшылары малайлық тұрмыстың жағдайында өмір сүріп келеді. Осы жақында ғана менің Россияға соғыс кезінде келген бір көрнекті ағылшынмен әңгімелесуіме тура келді. Ол бұрын капитализмді жақтайды екен, ал сонан

кейін, біздің революцияның кезінде, алғашқыда меньшевиктердің дәрежесіне дейін, ал енді большевиктің дәрежесіне дейін де көтеріліп, жап-жақсы жетіліпті. Міне, Англиядағы жұмыс жағдайлары туралы онымен әңгімелескенімде,— ал Англияда шаруалар жоқ, тек ірі капиталистер мен егінші жұмысшылар ғана бар,— ол былай дейді: «Мен бұған сүйсініп қарай алмаймын, өйткені біздің село жұмысшылары капитализм жағдайында емес, феодализм жағдайында өмір сүріп отыр,— оларды жұмыс соншалықты езіп, топастандырып, титықтатып тастаған, олардың бірігуі соншалықты қиын». Ал мұның өзі ең алдыңғы қатарлы елде болып отыр; бұл елде ағылшынның село жұмысшыларының бірі осыдан жарты ғасыр бұрын-ақ село жұмысшыларының одағын құруға әрекет жасаған болатын[15]. Еркін капиталистік елдердегі прогресс, міне, осындай! Бізде мемлекеттік өкімет село жұмысшылары мен басқа жұмысшылардың ұйымдасуына әуел бастан-ақ көмек көрсетпек болып ұйғарды. Біз барынша көмек көрсетуге тиістіміз. Осында, Питерде, мүлде орынсыз пайдаланылып келген тамаша үйлер, сарайлар сондай көп жерде, жолдастардың бұл сарайларды тартып алып, оларды халықтың осы сарайлар үшін жұмыс істеп, ғасырлар бойы осы сарайларды өздері салған және бұл сарайларға бір шақырым жақын жіберілмеген таптарының жиналыстар, съездер және кеңестер өткізетін орындарына айналдырғаны өте дұрыс болған, мұны көру мен үшін өте қуанышты жай! (Қол шапалақтау.) Жолдастар, менің ойымша, қазір, Питердегі сарайлардың бәрі дерлік қала жұмысшыларының, ең алдымен, село жұмысшыларының, шаруалардың еңбекші бөлегінің жиналыстары мен одақтарының үйлеріне айналдырылған кезде,— менің ойымша, мұны халықтың еңбекші, қаналған бөлегі ұйымдасуға мүмкіндік алатын алғашқы қадам деуімізге әбден болады. Қайталап айтайын, Совет өкіметі деревня өмірін қайта құратын осындай ұйымға көмек көрсету үшін, кулакқа ешбір орынның қалмауы үшін, жалдаптықтың болмауы үшін, деревняда серіктестік ортақ еңбектің жалпы ережеге айналуы үшін қо-

лынан келгенінің бәрін дереу және сөзсіз істейді. Бәріміздің алдымызға қойып отырған міндетіміз, міне, осындай. Бұл міндеттің қандай қиын екендігін, село өмірінің барлық жағдайларын декреттермен де, заңдармен де, указдармен де қайта құруға болмайтынын сіздер өте жақсы түсінесіздер. Указдармен және декреттермен помещиктерді, капиталистерді лақтырып тастау мүмкін болды, кулактарды ауыздықтауға да болады, ал егер миллиондаған село жұмысшыларының өз ұйымы болмаса, егер олар бұл ұйымда қадам басқан сайын өз істерінің бәрін, тек саяси істерді ғана емес, сонымен бірге шаруашылық істерін де,— ал шаруашылық істер бәрінен де маңыздырақ,— өздері шешіп отыруды үйренбесе, егер ірі имениелерді басқаруды үйренбесе, егер — қазір өзге имениелерге қарағанда жақсы жағдайларда болғандықтан — бұл имениелерді бұрын жұмысшылардың қаны мен маңдай терін сығып алып келген қанау үлгілерінен серіктестік шаруашылықтың үлгілеріне айналдыра алмаса, онда бұған еңбекшілердің өздері кінәлы болады. Бірақ онді ескі шаруашылықтарды қайтадан қалпына келтіру мүмкін емес; біздің 100 десятина жерге (егер 10 усақ шаруашылыққа 10 десятинадан алатын болсақ) 10 жақсы аттан, 10 жақсы плугтен болуына жетуіміз, міне, бұған жетуіміз мүмкін емес. Бізде ондай мөлшерде аттар да, плугтер де қалған жоқ. Ал егер ірі шаруашылықтағы сол 100 десятина жерді серіктестік жолмен, немесе қоғамдасқан түрде жыртса, немесе ол жерде оз еріктерімен ауыл шаруашылық коммуналары болып істейтін болса, онда, бәлкім, сол 100 десятинаға 10 ат емес, 10 плуг емес, 3 ат, 3 плуг қана керек болар. Адам еңбегін, міне, осылай сақтап, жақсы нәтижелерге осылай жетуге болады. Бірақ бұған жеткізетін бір ғана жол бар, ол — қала мен село жұмысшыларының одақтасу жолы. Қала жұмысшылары қалада өкіметті қолына алды; қалада жасалған ең жақсы нәрселердің бәрін, сарайлар мен үйлер мағынасында алғанда да, мәдениет мағынасында алғанда да, осылардың бәрін қала жұмысшылары деревняға апарады, өйткені ауыл шаруашылық жұмысшыларымен берік одақтаспаса, қала жұмысшы-

ларының өкіметі берік болмайтынын олар біледі. Осында өздеріңіз негізін қалағалы отырған одақтарыңыз сияқты одақ қана баянды қайта құрылысқа жеткізе алады. Бұл одаққа орта шаруалар да өз еріктерімен кіреді. Әрине, көп еңбек сіңіру керек болады,— бірден еш нәрсе де істеу мүмкін емес. Егер сіздердің одақтарыңыз құрылып, өсе беретін болса, өркендеп, бүкіл Россияға тарайтын болса, егер ол қала жұмысшыларының одағымен мейлінше тығыз бірігетін болса, онда бұл қиын міндетті біз күш біріктіре отырып, миллиондап ұйымдасқан ауыл шаруашылық жұмысшылары мен қала жұмысшыларының күштерін біріктіре отырып шешеміз, сөйтіп барлық халықтарды және бізді төрт жылғы соғыс душар еткен күйзелістен құтыламыз; құтылғанда жеке-жеке, бытыраңқы күйде ескі шаруашылыққа қайта оралмаймыз,— ондай шаруашылық адамдарды қараңғылыққа, қайыршылыққа, бытыраңқылыққа душар етеді,— біз ортақ, ірі, серіктестік шаруашылыққа жол ашамыз. Сонда адамзат ғылымының, адамзат техникасының жетістіктерінің бәрі, барлық жетілдірулер, мамандардың барлық білімдері,— осылардың бәрі де біріккен жұмысшыларға қызмет етуге тиіс. Жұмысшылар барлық нәрсенің қожайыны болуы керек, олар өздері басқара білуді үйренуге тиіс, осы күнге дейін, мәселен, көптеген агрономдар сияқты, капиталистердің приказчиктері ретінде, жұмысшыларға қарсы әрекет істеп келгендерді басқара білуді үйренуге тиіс. Бұл міндет оңай емес, бірақ бұл міндетті шешу үшін қалаларда өте көп жұмыс істелді. Бұл міндетті деревняда шешудің алғашқы қадамдарын енді сіздер жасап отырсыздар. Халық Комиссарлары Советінің атынан тағы да құттықтау жолдап, осында өздеріңіз негізін қалап отырған сіздердің одағыңыз таяу келешекте ауыл шаруашылық жұмысшыларының біртұтас Бүкіл россиялық кәсіптік одағына айналатындығына кәміл сенім білдіріп, сөзімді аяқтаймын. Бұл одақ Совет өкіметінің деревнядағы шын тірегі болады, ол ортақ, біріккен, серіктестік еңбек негізінде, ешбір қанаушылықты, байлардың кедейлерге ешбір үстемдік жүргізуін қайта тудырмастай етіп, се-

лоның, деревняның бүкіл өмірін қайта құрудың тірегі, алдыңғы қатарлы армиясы болады. Менің тілегім, міне, осындай, жолдастар! (Қол шапалақтау.)

Қысқаша есеп 1919 ж. 14 мартта «Северная Коммуна» газетінің 58-номерінде басылған

Бірінші рет 1923 ж. «Работник Земли и Леса» журналының 4—5-номерінде толық басылған

Журналдың текстімен салыстырылған стенограмма бойынша басылып отыр

2
ЗАПИСКАЛАРҒА ЖАУАП

Осы арада екі записка түсті, оның екеуі де советтік шаруашылықтарда ұсақ мал, жеке огород пен құс ұстауға рұқсат етіле ме деген мәселеге арналған. Мен жақында бізде, Халық Комиссарлары Советінде талқыланып, Орталық Атқару Комитетінде бекітілген заңның текстін сұраттым; бұл заң «Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы ереже» деп аталады. Бұл заңның тексті дәл осы арада бар-жоғын білмеймін. Мен бұл заңды жасауға қатысып, Орталық Атқару Комитеті құрған комиссияда баяндамашы болған едім[16]. Егер жаңылмасам,— бізде заң деген көп, анықтап алмасаң, бәрін бірдей есте сақтау мүмкін емес, содан бері бізде көп заңдар шықты,— ол заңда арнаулы статья бар, онда: советтік шаруашылықтарда советтік шаруашылықтардың қызметкерлеріне жеке мал ұстап, жеке огород иеленуге тыйым салынады делінген. Сол заңды маған тауып беріңдер, оны қарауым керек демекпін. (Ленинге заңның тексті беріледі.) Міне 46-статьяның текстінде былай делініпті: «Шаруашылықтарда жұмысшылар мен қызметшілердің еш қайсысының өз меншігіне мал, құс және огород ұстауына правосы жоқ». Сонымен, сіздердің бірсыпыраңыз бұл заңнан хабарсыз болып шықтыңыздар. Президиумдағы бір жолдастың маған айтқанына қарағанда, сіздерде съезд кезінде дәл осы мәселе жөнінде үлкен айтыс жүргізілген көрінеді. Мұның өзі маған түсініксіздеу болып

тұр. Маған жаңа ғана «Известияның» осы заң — «Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы ереже» — басылған номерін әкеп берді. Бұл статья заңға не үшін енгізілген? Ортақ шаруашылықта ортақ еңбек болуы үшін енгізілген. Ал егер жеке огородты, жеке малды, құсты және т. т. қайтадан өрістетсек, онда, бәлкім, бәрі де осы күнге дейін болып келгені сияқты, ұсақ шаруашылыққа қайта оралады. Олай болса, босқа әуре-сарсаң болудың қажеті бар ма? Советтік шаруашылық құрудың керегі бар ма? Әлбетте, егер сіздер Петроград губерниясының жұмыс жағдайын жақсы біле отырып, бұл мәселені талқылайтын болсаңыздар,—маған сіздердің съезіңіз тек Петроград губерниясының өкілдерінен ғана құралған дегенді айтты,—егер сіздер өздеріңіз жақсы білетін Петроград губерниясының жұмыс тәжірибесі негізінде, ортақ шаруашылықтың пайдасына айтылған барлық пікірлерге қарамастан, Петроград губерниясы үшін, айталық, уақытша ерекшелік болсын деген қорытындыға келсеңіздер, онда біз бұл мәселені қайта қарауға бармыз. Бірақ сіздер бұл ерекшеліктің шынында да қажет екенін, Петроград губерниясында басқа жерлерде жоқ ерекшеліктер бар екенін бізге дәлелдеп беруге тырысуға тиіссіздер, әйтпесе басқалар да нақ осыны өтіне бастайды. Сонан соң, бұл шараны сіздер уақытша шара деп есептеп, үкіметке ұсынып отырғандарыңызды немесе үкіметтен талап етіп отырғандарыңызды ашып айтуларыңыз керек, өйткені советтік шаруашылықтар советтік шаруашылық деп атауға лайықты болса, олар ортақ еңбекке негізделіп құрылуға тиіс, бұл жөнінде талас туа қояр ма екен. Шаруа өзінің жер учаскесінде, өзінің ауласында, құс ұстап, өзінің малымен, тырмасымен, соқасымен және басқаларымен жұмыс істеген кезіндегі еңбекті біз көптеген жыл, көптеген ғасырлар бойы көріп келдік; Россияда және басқа елдерде бұдан тек шаруалардың қараңғылығы, қайыршылығы, байлардың кедейлерге үстемдігі келіп шығатындығын біз өте жақсы білеміз, өйткені бытыраңқы күйде жүріп, ауыл шаруашылығы кәсібі алдында тұрған міндеттерді орындауға болмайды. Жүз-

ден бір немесе, бәлкім, жүзден бес дәулетті ғана шығатын, ал өзгелері қайыршылықта өмір сүре беретін ескі қайыршылыққа тағы да душар болуымыз мүмкін. Біздің қазіргі міндетіміз — жерді қоғамдасып өңдеуге көшу, ортақ ірі шаруашылыққа көшу екендігі, міне, сондықтан. Бірақ Совет өкіметі тарапынан ешқандай күштеу болуы мүмкін емес; бұған ешбір заң мәжбүр етпейді. Ауыл шаруашылық коммунасы еріктілік негізінде құрылады, жерді қоғамдасып өңдеуге еріктілік жолымен ғана көшуге болады, бұл жөнінде жұмысшы-шаруа үкіметі тарапынан титтей де күштеу болуы мүмкін емес, бұған заңда да жол берілмейді. Егер сіздердің кейбіріңіз мұндай күштеуді байқаған болсаңыздар, оның қиянат екендігін, оның заңды бұзу екендігін, оны біздің барлық күшімізді жұмсап түзетуге тырысатынымызды және түзететінімізді сіздер білуге тиістісіздер. Бізге ұйымдасқан ауыл шаруашылық жұмысшылары көмек көрсетуге тиіс; ондай қиянаттардың жасалмауына тек солардың өз ұйымдары арқылы ғана жетуге болады. Бірақ советтік шаруашылықтардың жөні басқа. Бұлар—жеке ұсақ қожайындардың қолында болмаған шаруашылықтар; бұларды Совет өкіметі қолына алады да: біз онда өзімізде бар агрономдарды жіберіп, ауыл шаруашылық құралдарынан қалғанының бәрін осы шаруашылықтарға береміз дейді. Егер соғысты аяқтап, Америкамен бітім жасаса алсақ, онда біз одан жетілдірілген құралдар транспортын әкеліп, оларды ірі шаруашылықтарда ортақ еңбекпен бұрынғыға қарағанда жақсырақ, бұрынғыға қарағанда арзанырақ және бұрынғыға қарағанда көбірек өнім өндіру үшін советтік шаруашылықтарға береміз. Советтік шаруашылық өзінің алдына село халқын жаңа тәртіпті, ортақ еңбек тәртібін дербес жасап алуға бірте-бірте үйрету міндетін қойып отыр, ал ондай тәртіп болғанда, әрқашанда және тек біздің деревняларда ғана емес, сонымен бірге ең ерікті деген республикаларда да болып келгені сияқты, ат төбеліндей аз ғана байлар тобы қайта туып, кедейлер бұқарасын езгіге сала алмайды. Біздегі деревняларда соғыс кезінде жүз мыңдаған сом байлық жинап алған, осы керенкаларды қайтадан айналымға жіберіп, кедей

шаруаны езу үшін әдейі сақтап отырған жалдап-шаруалардың көп қалғанын сіздер өте жақсы білесіздер. Бұл арада қандай күрес амалы болмақ? Ортақ шаруашылыққа көшуден басқа ешқандай амал жоқ. Ауыл шаруашылық коммунасы ерікті түрде құрылады, ешқандай күштеудің болуы мүмкін емес; жерді қоғамдасып өңдеу жөнінде де дәл осылай болуға тиіс. Советтік шаруашылықтағы жер жалпы халықтық жер, өздеріңіз білесіздер, жерді меншіктену атаулының бәрі шаруалардың орасан көпшілігінің талап етуі бойынша 1917 жылы 26 октябрьде, біздің советтік революциядан кейінгі алғашқы түнде-ақ, жойылған болатын. Ірі шаруашылықтарға берілетін осы жалпы халықтық жер советтік шаруашылықтар деп аталады. Советтік шаруашылықтарда ескі ұсақ егіншілік қайтадан өркендеуі мүмкін бе? Бұлай бола алмайтынына, болмауға тиісті екеніне сіздердің бәріңіз де келісетін шығарсыздар деп ойлаймын. Егер Петроград губерниясы шаруашылығының жагдайларына қарай, оздеріңіз жақсы білетін және оның, әрине, біз ескере алмауымыз да, білмей қалуымыз да мүмкін практикалық жагдайларына қарай,— егер осы жагдайларға қарай, бұл мәселені мұқият, жан-жақты талқылап алып, сіздер Петроград губерниясы үшін ерекшелік болсын, белгілі бір уақытқа оны қалдыра тұруға болады деген қорытындыға келсеңіздер,—онда біздің өз шешімімізді өзгертуіміз үшін бұл қажеттікті мүмкіндігінше толығырақ дәлелдеп беруге тырысыңыздар, сонда мен: біз бұл мәселені, сіздердің съездеріңіздің шешіміне байланысты, Халық Комиссарлары Советінде тағы да қараймыз, ал сонан соң оны Орталық Атқару Комитетінде тағы да қараймыз деп уәде бере аламын. Өзіне огород егуге, ұсақ мал, құс т. т. ұстауға тыйым салатын 46-статьядан Петроград губерниясын белгілі бір жағдайларда, белгілі бір қысқа мерзімге шығарып тастауға болмас па екен деген мәселені біз талқылап көреміз. Егер біз ортақ шаруашылыққа көшуге келісетін болсақ, егер бүкіл жұмыс осы мағынада жүргізілетін болса, онда практикамен жақсы таныс адамдардың айтуы бойынша, біз қалай да белгілі бір ерекшеліктер жасай аламыз,—біз бұдан бас

тартпаймыз, өйткені кейде ерекшелік жасау қажет те. Осылай еткенде жұмыс ұйымшылдықпен жүреді, сөйтіп біз нағыз социалистік егіншіліктің негізін қалай аламыз деп үміттенеміз. (Қол шапалақтау.)

Бірінші рет 1926 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағында басылған, XX том, II бөлім

Стенограмма бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАД ХАЛЫҚ ҮЙІНДЕГІ МИТИНГІДЕ 1919 ж. 13 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[17]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Сіздердің көпшіліктеріңіз көңіл аударып отырған басты мәселе,—деді Ленин жолдас,—азық-түлік жағдайы қалай, бұл істе Халық Комиссарлары Советі нендей шаралар қолданды деген мәселе. Мен сіздерге сол шаралар жөнінде қысқаша айтып бермекшімін. Біз ашаршылық жайлаған, қиын жартыжылдыққа аяқ басып отырмыз, бұл кезде біздің барлық сыртқы және ішкі жауларымыз, соның ішінде оңшыл және солшыл эсерлер мен меньшевиктер халықтың хал-жайы қаншалық ауыр екенін біліп, осыны пайдаланып қалуға тырысып отыр, Советтер өкіметін құлатуға, сөйтіп қасақана немесе білместен істесе де өкіметті помещиктер мен капиталистерге қайтарып беруге тырысып отыр. Біз астық дайындау ісі астық тасу ісінен асып түскен дәуірге аяқ басып отырмыз, ал Украинада Совет өкіметінің құрылуы[18] ендігі жартыжылдық ішінде азық-түлік ісін өткен жылдағыдан гөрі жақсы жүргіземіз деп сенуімізге мүмкіндік береді, әйтседе біз таяуда ғана өткен жартыжылдықтан анағұрлым қиын жартыжылдықты бастан кешіргелі отырмыз. Шаруалар бұқарасының едәуір бөлегі Совет өкіметі жағына бет бұрып отырғаны бұл біз үшін үлкен табыс. Чехословактар болған жерлерде, Волганың арғы беті мен Уфа губерниясында тіпті ауқатты шаруалардың пиғылы да Совет өкіметінің пайдасына шұғыл өзгерді, өйткені чехословактар оларға ұмытылмастай қатал сабақ берді. Осыдан бірнеше күн ғана бұрын маған Сарапуль уезінің 5 болысы-

нан шаруалар делегациясы келді,—нақ осы болыстар ең соңғы уақыттың ішінде Москва мен Петроградқа 40 мың пұттан астық жөнелткен болатын. Мен бұл делегациядан шаруалардың Совет өкіметіне көзқарасы туралы сұрағанымда, депутация маған: «Иә, чехословактар бізді үйретті, ендігі жерде бізді Совет өкіметінен ешкім де алыстата алмайды» деп жауап берді. Бірақ басқа жерлерде де, айта кетейік, астық қоры өте мол Предуральеде шаруалар қазір Совет өкіметінің жағында. Осы жерлердің шаруалары меньшевиктер мен солшыл эсерлердің ықпалына еріп,—солшыл эсер Муравьевтің біздің майданымызды чехословактарга ашып бере жаздағаны мәлім,—сөйтіп Советтерге қарсы шыққан кезі де болған еді. Бірақ чехословак армиясы офицерлерінің істеген жүгенсіздіктері, халыққа жасаған қиянаттары, патшалық және помещиктік тәртіптерді толығынан орнатуға тырысуы,—міне осының бәрі шаруаларға сабақ болды. Қазіргі уақытта осы губерниялардың бәрінде де совет жұмысы қызу жүріп жатыр, мұндағылардың одан хабары да жоқ,—өйткені мұнда, үлкен орталықтарда, халық ұзаққа созылған ашаршылықтан әбден қажыған, ал ол жерлерде, астық қоры біршама мол болғандықтан, асқазан мәселелері кейінгі қатарға ысырылып отыр.

Егжей-тегжейлі баяндауға көшейін. Уфа губерниясында астық қоры 60 миллион пұтқа жетеді, сөйтіп онда астық дайындау жұмысы тез жүріп жатыр. Бірақ біз онда транспорт жағынан өте зор қиыншылықтарға кездестік. Қазан—Сарапуль және Волга—Бугульма темір жолы бойларында қазірдің өзінде дайындалып қойған 10 миллион пұттай астық бар. Бірақ оны біз тасып ала алмай отырмыз, өйткені паровоздар, вагондар, отын жетпей жатыр, ал паровоз жұмысы адам айтқысыз нашарлап кеткен. Темір жолдарымыздың товар тасу қабілетін күшейту үшін біздің аса батыл шара қолдануымызға тура келді: 18 марттан 10 апрельге дейін бүкіл Россияда жолаушы поездарының жүрісі тоқтатылады. Мұндай шараға бел байлаудан бұрын біз мұны теміржолшы жолдастармен және темір жол ісінің аса көрнекті мамандарымен үш рет талқыладық. Бұл шара-

ны жан-жақты талқылап, оның ықтимал нәтижелерін күні бұрын есептеп алғаннан кейін ғана біз бұл шараны жүзеге асыруға бел байладық. Жасалған есеп мынаны көрсетті: жолаушы поездарының жүрісін тоқтатқанда, 220 паровоз босайды екен, нашар болса да, бұлар дегенмен $3^1/_2$ миллион пұт астықты тасып жеткізе алады екен. Егер біз қапшықшылардың астық тасуы жөніндегі деректерді алып қарайтын болсақ,— астықты еркін тасуға рұқсат етілген апталар болып еді,—сонда әлгі 3 аптаның ішінде қапшықшылардың әкеле алатыны 200 мың пұттан аспайды екен. Мәселені шешкен осы есеп. Әлбетте, бұл жөнінде байбалам салып: бірлі-жарым пұт болса да астық әкелетін ең соңғы мүмкіндігімізден айырып отыр деп зарлайтын кулактар мен жалдаптар, тіпті жеке жұмысшылар да табылады; анархиялықты пайдаланып, халықты Совет өкіметіне қарсы қоюға әрекеттенетін эсерлер мен меньшевиктердің де табылатынын біз білеміз. Бірақ, барлық басқа қиыншылықтар кезіндегідей, бүл жерде де біз алдыңғы қатардағы жұмысшылар бұқарасының саналылығына ғана сүйенеміз. Жоқшылыққа консек конейік, эсерлер мен меньшевиктердің дүшпандық үгітіне кездессек кездесейік, бірақ қауіпке тура қарап, ашықтан-ашық былай деп мәлімдеу керек: «Егер ең батыл шараларды қолданбасақ, егер астықты тасып алуға барлық күш-жігерімізді салмасақ, біз азық-түлік қиыншылықтарынан құтыла алмаймыз». Коп жерлерде тасуға арналған астық станциялардың қасында, тура жер бетінде үюлі жатыр, сондықтан коктемгі тасқын су оны ағызып әкетеді. Оны тиеп, тасып алуды тездету керек. Осындай батыл шараны қолданғанда біз барлық бөгде жағдайларды да еске алдық. Пасха алдында жұмысшылардың темір жолмен коп журетінін біз білеміз, сондықтан пасха қарсаңында темір жол қатынасы қайта басталады. Жұмысшылар үшін қала төңірегіндегі темір жол қатынасының сөзсіз қажет екенін де біз білеміз, сондықтан ол қатынас қазір де тоқтатылмайды. Біз жергілікті жерлерге ең жігерлі және ең тәжірибелі деген жолдастарды жібердік; Уфа губерниясын өте жақсы білетін, азық-түлік жөніндегі халық комиссарының

орынбасары Брюханов жолдас сонда жіберілді. Оған әскери ведомстводағы жолдастар жәрдемдеседі, өйткені ол жерден майдан қашық емес. Сонымен бірге Қазан—Сарапуль темір жолы бойына да әскери ведомстводан жолдастар жіберілді. Оларға жергілікті шаруаларды іске жұмылдырып, астықты ең болмағанда Қазанға дейін тасып алу үшін барлық күшті салу керек деген тапсырма берілді, осы арқылы біз астықты сақтап қаламыз да, астаналарға және егін екпейтін жерлерге жеткізуді қамтамасыз етеміз. Біз ашаршылықты жеңу жөніндегі үмітімізді, міне, осыған артып отырмыз. Меньшевиктер мен эсерлердің халыққа келген апатты пайдаланбақ болған үміттері тағы да күйретіледі.

Былтырғы жылғыдан, ең астықты жерлерімізді басып алған чехословактардың бізге шабуыл жасаған кезіндегіден, бір өзгеше жағдай: қазір біздің жаңадан астық алатын екі жеріміз бар,—ол Украина мен Дон, былтырғы жылғы күзде, біздің азық-түлікшілеріміз өздерінің жабдықтау жоспарын тұтас бір жылға жасаған кезінде, бұл жерлерді есепке енгізе алмаған еді. Өткен жылдың күзінде Украина әлі германдардың қол астында болатын. Герман империалистері Украинадан Германияға 60 миллион пұт астық жеткіземіз деп уәде берді, сөйтіп осы азық-түлікті жеткізу арқылы Германиядағы халық бұқарасы арасындағы большевизмнің ұрығын құртпақшы болды. Бірақ іс жүзінде жағдай мүлдем басқаша болып шықты: 60 миллион пұт астықтың орнына, немістер Украинадан небары 9 миллион пұт қана әкетіпті. Бірақ осы астықпен қоса олар Германияға большевизмді де ала барды, большевизм онда сондай тамаша қаулап өркен жайды. Большевизм қазір Германияда Берлинді жұмысшы қанына бөктіріп жатқан социал-опасыздарға қарсы Берлин көшелерінде күресуде. Бізде Керенский қалай жеңілген болса, неміс социал-опасыздарының да солай жеңілетінін біз білеміз. (Қол шапалақтау.)

Бірақ Украинаға қоса бізде Дон да бар емес пе. Красновтың казактары әрдайым шетелдік алтынның: әуелі герман алтынының, сонан соң ағылшын-француз

алтынының арқасында жан сақтап келді. Бірақ мұның өзі оларға көмегін тигізбеді. Казактарды біздің жеңіп шығуымыз қамтамасыз етілді. Қазіргі уақытта біз Царицын—Лихая жолын, астық қоры мен көмір қорын жалғастыратын жолды өз қолымызда ұстап отырмыз. Сөйтіп, бізде астық қорының екі көзі—Украина мен Дон бар. Украинада біз туысқан Советтік республикамен істес болып отырмыз, онымен біз ең жақсы қарым-қатынастамыз. Бұл республика бізге көмектесу мәселесін саудагерлерше, жалдаптарша шешпейді, ашығып жатқан солтүстікке барынша жәрдем беру мақсатын басшылыққа ала отырып қана шешеді. Украинаның әрбір азаматының ең бірінші социалистік міндеті—солтүстікке көмектесу. Бірақ Украинада да үлкен қиыншылықтар кездесіп отыр. Халық Комиссарлары Советі келіс сөздер жүргізу үшін Раковский жолдасты бірнеше рет шақырып алды және Украинаға әскери қызметтегі жолдастарды да жіберді. Бақсақ, ұйымдастыру жағынан алғанда Украинадағы қазіргі істің жайы Октябрь революциясынан кейінгі біздің жағдайымыздан да нашар екен. Ол кезде бізге Керенскийден белгілі бір азық-түлік аппараты мұраға қалған еді. Әрине, азық-түлік чиновниктері саботаж жасады, сөйтіп олар Смольныйға келгенде бізбен бірге жұмыс істеу үшін емес, саудаласу үшін келді. Бірақ біз бұл топтардың қарсылығын күйреттік және ақырында, қайткенмен де, оларды жұмыс істеуге мәжбүр еттік. Украинада азық-түлік аппараты мүлдем жоқ. Немістер онда тек тонаумен ғана айналысты,— ол қолында күш барда тонап бақты, сондықтан олардың артында ешқандай ұйым, ешқандай аппарат, әлбетте, қалған жоқ. Украинада азық-түлік қызметкерлері жоқ және ондай қызметкерлерді алуға болатын ірі жұмысшы орталықтары да жоқ. Донецк бассейнінің қатты күйзеліске ұшырағаны сондай, ондай күйзелісті біз көрген де емеспіз. Донецк бассейнінің алыс түкпірлерін казак шайкалары әлі күнге кезіп жүр, олар жергілікті халықты аяусыз тонауда. Украинаның барлық жерлерінен: беретін жұмысшыларың қайда!—деген ащы дауыс естіледі. Біз Украинада кәсіптік қозғалыстың өкілдерінен азық-түлік бюросын

құрдық. Біз Воронеж бен Тамбов губернияларынан Украинаға неғұрлым тәжірибелі деген азық-түлік қызметкерлерін ауыстырғалы отырмыз және азық-түлік ұйымдарына қаланың ең саналы пролетарларын тартып жатырмыз. Бірақ, осылай істеп жатқанымызға қарамастан, Украинада жиналған астық жоқ, астық сатып алатын органдар жоқ, шаруалардың ақша знактарына сенбестігі байқалады, ал бізде айырбасқа беретін товар жоқ. Жағдайдың осындай қолайсыздығына да қарамастан, біз украин жолдастарға Россияға 1919 жылдың 1 июніне дейін 50 миллион пұт астық жеткізетін болыңдар деп тапсырма бердік. Менің ойымша, бұл тапсырма толық орындала қоймас, бірақ соның тек жартысы немесе үштен екісі жеткізілсе, соның өзі де жақсы болар еді.

Одан әрі Ленин жолдас былай деп көрсетті: Дондағы жеңістерге біз Қызыл Армияның қатарында партиялық және мәдени-ағарту жұмысын күшейтудің арқасында ғана жеттік.—Мұның өзі психологиялық өзгеріс туғызды, соның қорытындысында біздің Қызыл Армиямыз бізге Донды жеңіп алып берді. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Біздің Қызыл Армиямыз жалпы күн сайын нығайып келеді. Империалистік елдердегі армияның азғындап бара жатқанын, ал біздің армияның қалыптасып, нығайып, күшейіп келе жатқандығын тіпті буржуазиялық әскери мамандар да мойындап отыр. Донда да астықтың мол қоры бар. Онда да азық-түлік аппараты жоқ, бірақ онда біздің тәртіпті армиямыз бар, ал мұның өзі аппарат болып табылады, оның көмегімен біз астық дайындауда аз шығын жұмсап, көп нәтижелерге жетеміз.

Чехословактар мен казактар өз тактикасын одан әрі жүргізіп, қолынан келгенінше бәрін қиратып жатқанын атап көрсетуге тиіспін. Волгадан өтетін темір жол көпірін бұзғаннан соң, олар іле-шала барлық көпірлерді құртты, сөйтіп Волганың арғы бетіндегі темір жол магистральдарын түгелдей істен шығарды. Ең болмағанда екі темір жол линиясын: Лиски—Ростов және Лихая—Царицын линияларын қалай қалпына келтіру-

ге болатыны туралы біз Халық Комиссарлары Советінде ұзақ уақыт кеңестік. Батыл шаралар белгіленді, ал Қорғаныс Советінің 10 марттағы дүйсенбі күні өткен соңғы мәжілісінде осы линияларға барлық аспаптар мен материалдардың түгел жеткізілгендігі, сөйтіп көктемде қар ерігенше бұлардың қалпына келтірілетіндігі анықталды.

Дон мен Украинаның бізге азық-түлік жөнінен көрсететін көмегін тағы да айта келіп, Ленин жолдас: «Бұл жартыжылдық—ең соңғы ауыр жартыжылдық!» деді. (Қол шапалақтау.)

Халықаралық жағдай әлі де ауыр, дегенмен жақсарып келеді. III Интернационалдың шетелдік делегаттарын[19] сіздердің бәріңіз де көріп, сөздерін естіттіңіздер; олар өздерінің баяндамалары мен хабарламаларында біз түскен жолдың дұрыс және сенімді жол екендігін атап корсетті. Большевизм дүние жүзілік маңыз алды. Мұның озі мынадан көрінеді: өзіндегі бостандықты айтып күпінетін оң алдыңғы қатарлы деген буржуазиялық демократиялар большевиктерге қарсы жазалау шараларын қолданып жатыр. Жүз миллион халқы бар, ең бай буржуазиялық республика—Америка Құрама Штаттары кобісі тіпті ағылшынша сөйлей де білмейтін бірнеше жүз орыс большевиктерін өз жерінен қуып жіберуге асығып отыр. Большевизмнен осыншама үрейленушілік қайдан пайда болды? Газеттердің хабарлауына қарағанда, Париждегі жұмысшылар жиналыстарында тіпті большевиктерге іш тарта қоймайтын жұмысшылардың өздері де большевизмге дұшпандық пиғылдағы шешендерге бір ауыз сөз айтқызбайтын көрінеді. (Қол шапалақтау.) Батыс Европаның буржуазиялық баспасөзінің большевиктерге күн сайын жаудырып жатқан барлық өтірігіне, жауып жатқан жиіркенішті жаласына қарамастан, халық қалайда шындықты түсініп, большевиктердің соңынан еріп отыр.—Французның буржуазиялық баспасөзі большевиктер—адамзат қауымының жауыздары, олар нәрестелерді жалмап жатыр деп жазса жаза берсін,—француз жұмысшылары мұндай баспасөзге сенбейді.

«Совет» деген сөз барлық тілдерде де түсінікті сөз болды, біздің, міне, осыған қолымыз жетті. Өздерін жұмысшы-шаруа өкіметі, Советтер құтқаратынын бұқара түсінді. Міне, сондықтан да Москвада, III Интернационалдың съезінде, біздің келісімге келуіміз сондай оңай болды. Ең бір меңіреу түкпірде, қайсыбір итальян Пошехоньесінде, батырақтар мен жұмысшылар бас қосып: «Біз герман спартакистері мен орыс советистерін құттықтаймыз және олардың программасы бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының программасы болуын талап етеміз» деп мәлімдейді. Мен Москвада айтқанымды осы арада тағы да қайталап тұрмын[20]. Мұның өзі біздің жеңіп шығатынымызды және бұл жөнінде ешбір күмән болмауға тиіс екендігін көрсетеді. Буржуазиялық баспасөздің барлық өтірігіне қарамастан, біз жұмысшыларды өзімізге тілектес еттік. Ал империалистер болса бітім конференциясында келісе алмай, бірі мен бірі жұлқыса кетуге дайын отыр. Большевиктік індет Европа мен Американың барлық елдеріне қазірдің өзінде жайылды. Большевиктерді қуып жіберудің ешқандайы да жәрдем ете алмайды. Егер Батыс Европа қытай қорғаны арқылы бізден оқшауланса да, егер тіпті барлық орыс большевиктерін жер жұтып кетсе де,—бұл батыс империалистерінің жағдайын бәрібір жеңілдете алмаған болар еді. Парламенттің көмегі арқылы өздерінің жағдайын жақсарта алмайтындығын халық бұқарасы түсініп отыр. Жұмысшы өкіметі керек, Советтер керек. Соғыс сұрапыл қарыздандырып кетті, ал империалистердің ақылсыздығы соншалық—олар халықтардан соғыс заемдары бойынша төлем төлеуді талап етіп отыр. Олар халықтарға: «Біз өзіміздің алатын пайдамыз туралы мәселені шешу үшін көп рақым жасап, 10 миллион адамды қырып-жоюға мүмкіндік бердік, сол үшін бізге миллиардтап төлеңдер» дейді. Империализм Германияда қандай тұңғиыққа құласа, барлық елдерде де ол сондай тұңғиыққа құлайды. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Северная Коммуна» № 58, 14 март, 1919 ж.

Стенограммамен салыстырылған «Северная Коммуна» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ ТАБЫСТАРЫ МЕН ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ[21]

1919 ж. жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Петроград Советі жеке кітапша етіп бөлек шығарған; соңғы сөз бірінші рет 1922 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағында басылған, XVI том

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр; соңғы сөз— қолжазба бойынша басылып отыр

Нақ қазір, біз революциялық Интернационалды, Коммунистік Интернационалды қалпына келтіре алған кезде, нақ қазір, қозғалыстың советтік формасы бүкіл III Интернационал үшін өзінен-өзі әрі теориялық, әрі практикалық программа болған кезде, осылар істелген кезде,—нақ қазір Советтердің жалпы дамуын еске түсіру орынды болмақ. Советтер дегеніміз не? бұқараның өзі жасаған, ешкім ойынан шығармаған бұл форманың қандай маңызы бар?

Меніңше, біздің алдымызға—пролетариат жеңіп алған өкіметтің алдына—қазірдің өзінде қойылып отырған міндеттерді де, соңғы жылдың ішінде, Россияда пролетариат диктатурасы болып отырғанда, осы міндеттерді орындап шығу үшін істемек болған және істеп келген істерімізді де тек осы тұрғыдан қарағанда ғана дұрыс бағалауға болады.

Советтердің жалпы ролі, олардың жалпы маңызы, олардың бүкіл дүние жүзілік тарихи дамудағы орны тұрғысынан қарағанда ғана біздің қандай жағдайда болып шыққандығымызды, не себепті біз басқаша емес, тек осылайша істеуге тиісті болғандығымызды, өткендегіге көз жібере отырып өзіміздің қадамдарымыздың дұрыс немесе теріс болғандығын немен тексеру керек екендігін түсінуге болады.

Ал осындай неғұрлым жалпы, неғұрлым кең немесе неғұрлым алыстан шолатын көзқарастар бізге қазір өте-мөте қажет, өйткені қазір Россиядағы партиялық

адамдардың өз жұмысының олқылықтарын, кемшіліктерін және қанағаттанғысыздығын байқап, кейде қатты қынжылуларына тура келеді, неге десеңіз: басқарудың Совет өкіметіне жүктелген және жүктелетін шұғыл, ағымдағы, кезектегі, тым шұғыл міндеттерін практика жүзінде орындау ісі екінің бірінде көңілді басқа жаққа аудартып, назарды мұқалтып отыр, біздің барынша күш салуымызға қарамастан,—бұл жерде жұмыс жағдайына қарсы еш нәрсе істей алмайсың,— басқарудың жекелеген ұсақ мәселелеріне тым көп көңіл бөлуге бізді мәжбүр етіп отыр, сөйтіп бүкіл пролетарлық диктатураның дүние жүзілік көлемде дамуының жалпы барысын, оның Советтер өкіметі арқылы, дұрысырақ айтқанда, советтік қозғалыс арқылы дамуын, Советтер ішіндегі пролетарлық бұқараның адасулары арқылы—мұны бәріміз де бастан кешірдік, енді ұмытып та кеттік—және Советтердің ішінде диктатураны жүзеге асыру әрекеті арқылы дамуын ұмытуға мәжбүр етіп отыр.

Бізге, міне, осындай қиыншылықтар түсіп отыр, сондықтан, практикалық совет жұмысымен шұғылданып жүрген әрбір адамның мойнына жүктелетін басқарудың ұсақ-түйектерінен өзімізді өзіміз, мүмкіндігінше, біраз босатып алу үшін және бүкіл дүние жүзілік пролетарлық армияның отряды ретіндегі бізге әлі де қандай үлкен қадам жасау қажет екенін түсіну үшін, меніңше, міне, осындай жалпы міндеттерге көңіл бөлуге тырысу керек.

Дүние жүзілік көлемде толық, біржолата жеңуді жалғыз Россияда қамтамасыз ету мүмкін емес, мұның өзі барлық елдерде, ең болмағанда, алдыңғы қатарлы елдерде немесе тіпті аса ірі алдыңғы қатарлы елдердің бірнешеуінде пролетариат жеңіп шыққан кезде ғана мүмкін нәрсе. Біз тек сонда ғана пролетариаттың ісі жеңіп шықты, біздің бірінші мақсатымыз—капитализмді құлату—орындалды деп кәміл сеніммен айта аламыз.

Бұл мақсат бізде бір ел жөнінде ғана жүзеге асты және бұл мақсат біздің алдымызға екінші міндетті қойып отыр. Егер Советтер өкіметі жүзеге асырылған болса, егер бір елде буржуазия құлатылған болса, онда екінші міндет—халықаралық көлемдегі күрес, басқаша

жағдайдағы күрес, капиталистік мемлекеттердің ортасында отырған пролетарлық мемлекеттің күресі.

Мұның өзі мүлде жаңа және қиын жағдай.

Ал екінші жағынан, егер буржуазияның өкіметі құлатылған болса, онда құрылысты ұйымдастыру міндеті басты міндетке айналады.

Осы күндері Бернде бас қосып, бізге атақты шетелдіктерді жолықтыру арқылы жарылқағалы отырған сатқын социалистер: «Большевиктер күш жұмсаудың құдіреттілігіне сенеді» деген сияқты бос сөздер айтуға әуес. Бұл бос сөз оны айтушылардың революциялық күрестің желігімен жүріп, өздерін буржуазияның күштеуі бүтіндей қысымға алып отырған кезде,—Германияда не болып жатқанына қараңыздаршы,—өз пролетариатын *қажетті күштеу* тактикасына үйрете білмейтін адамдар ғана екенін көрсетеді.

Күштеу қажет те және пайдалы да болатын жағдайлар бар, күштеу ешқандай нәтижелер бере алмайтын жағдайлар да болады. Алайда бұл айырмашылықты жұрттың бәрі бірдей түсінбегенін көрсететін мысалдар да болған, міне, бұл туралы айтпасқа болмайды. Октябрьдегі күштеу, Совет өкіметінің буржуазияны құлатуы, ескі үкіметті тайдыру, революциялық күш жұмсау тамаша табысқа жеткізді.

Оның себебі не? Оның себебі, біріншіден, бұқара Советтерде ұйымдасты; оның себебі, екіншіден, біздің жауымыз — буржуазия — февральдан октябрьге дейінгі ұзаққа созылған саяси дәуірде, көктемгі тасқын айдаған сеңдей соғылып, мылжаланып, берекесі кетті де, іштей мүлде әлсіреп қалды. Сөйтіп, Октябрьдегі қозғалыс, тіпті Германиядағы қазіргі революциялық қозғалыспен салыстырсақ та, бізде революциялық күштеудің толық, тамаша жеңісін соншалық оңай қамтамасыз етті.

Күрестің осындай жолы, осындай формасы, революциялық күштеудің оңай жеңуі бұл шарттарсыз-ақ жүзеге асады деп болжауға бола ма?

Бұлайша болжау мықтап қателескендік болар еді. Белгілі бір жағдайларда қол жететін революциялық жеңістер неғұрлым ірі болса, бұлардың қандай жағдай-

ларда мүмкін болғандығын салмақпен, сабырлылықпен, байыптылықпен ойластырмай, өзімізді осы жеңістерге масаттандыру қаупі соғұрлым жиі туады.

Біз Керенскийдің үкіметін, Милюковтың коалициялық министрлігін, былайша айтқанда, сіліқпесін шығара сілкілеген кезімізде, олар қым-қиғаш араласа министрлік орындарға қалай отырар екен деп күткен кезімізде, министрлерді оңнан солға және солдан оңға қарай, төменнен жоғары және жоғарыдан төмен қарай беталды ауыстыра беруге мәжбүр еткен кезімізде былай болып шықты: олар қалай тырбанса да, музыкант болып жарытпады, содан соң олар мұрттай ұшып түсті.

Қазір дүние жүзілік империализм жөнінде біздің алдымызға қойылып отырған практикалық міндетке бұл жағдайдың ұқсастығы бар ма? Әрине, жоқ.

Міне, сондықтан да, сыртқы саясат саласында Брест бітімі туралы мәселе сондай қиыншылықтар туғызды. Бұл қиыншылықтарды жеңіп шығуға қозғалыстың бұқаралық сипаты көмектесті.

Бірақ біраз жолдастарды бізді адам айтқысыз қылмыс жасап отыр деп ойлауға мәжбүр еткен қателердің негізі неде? Қолдарына қалам ұстай білетін және өздерінің жеке бастарын бірдеңені түсінерлік, тәжірибесі бар, ақыл айта аларлық дәрежеде және т. т. деп есептейтін адамдар арасында осындай бірен-саран дарақылар қазір де бар, олар мұны герман империализмімен жасалған келісімпаздық болды деуден қазір де танбай келеді.

Иә, біз жексұрын реакциялық Думаға барып, оны іштен бүлдіре отырып, патшамен «келіскен» кезімізде осындай келісімпаздық болды.

Бұл империалистік елдерде пролетариатты тиісті дәрежеде жетілдірмейінше бүкіл дүние жүзілік империализмді бір ғана күштеуді қолдану арқылы құлатамыз деп есептеуге болатын ба еді?

Егер міндетті осылай қоятын болсақ,—ал біз марксистер ретінде қай уақытта болса да міндетті осылай, тек қана осылай қою керек деп үйретіп келдік,—онда бұл арада күштеу саясатын қолдану барып тұрған сорақылық, мағынасыздық болар еді, күштеу саясатының

сәтті болатын жағдайларын мүлде түсінбегендік болар еді.

Біз мұны енді көріп отырмыз. Біз тәжірибеге молығып отырмыз.

Брест бітімі дәуірінде біз соғыста дүние жүзіндегі қай елден болса да өзгеше қатты күйзеліп, азап шеккен елде күштерімізді жинап, азабы мол қиыншылықпен жаңа армияның, Қызыл Армияның, іргө тасын қалауға тиісті болған кезімізде, 1918 жылдың бірінші жартысында және екінші жартысының басында біз тас үстіне тас қалап, нағыз социалистік Қызыл Армияның ірге тасын қалап жатқан кезімізде,—дәл осы уақытта басқа елдердің империализмі ішкі іріп-шірудің, өсе түскен наразылықтың әсерімен мұқалып, әлсірей берді.

Ал күрестің көп айлар бойғы өршуі Германиядағы империализмді мұқалтқан кезде, онда революциялық күштеу жеңіп шықты және қазір Келісу елдері жөнінде белгілі бір дәрежеде—толығынан емес, тек белгілі бір дәрежеде—нақ осындай жағдай қайталанып отыр.

Батыс Европа елдерінде болып жатқан оқиғаларды өте мұқият, ешбір бүкпесіз, тікелей бақылаған бір американ маған жақында былай деді: «Алдағы уақытта Францияның сұмдық қатты түңілетіндігі, жалған үміттерінің күйрейтіндігі күмәнсыз; сендер жеңіп шықтыңдар ғой деп французадарды құрғақ уәделермен тойдыруда». Бүкіл француз халқының ескі патриоттық сезімдерін, 70-жылы өздерін жаншып тастағанға олардың ызалануын, төрт жылғы соғыстың ішінде елдің халқы азайып, қансырап, дымы құрып отырғанына олардың қатты күйінуін міне осылардың бәрін буржуазия шовинизм арнасына салу үшін пайдаланып: «Біз немістерді жеңдік, енді қалталарымыз лық толады, өзіміз тынығамыз»—дейді. Бірақ іске көпесше есеппен қарайтын естияр американ: «Неміс төлемейді, өйткені оның төлейтін шетеңесі жоқ»—дейді.

Сондықтан да француз халқын: әне-міне дегенше бейбітшілік орнайды, түпкілікті жеңіс болады деген құрғақ уәделермен, ертегілермен қоректендіріп келеді. Бірақ бейбітшілік дегендері — осы қанды батпақтан өтіп бүйтіп тірі құтылуға болар, бастан құлақ садақа

дегендей, аяқ-қол сынса да, әйтеуір тірі шығуға болар деген барлық үміттердің күйрегендігі. Ескі капитализм тұсында бұл әлемнен құтылу мүмкін емес, өйткені капиталистік борыштар көшкінінің, бүкіл капиталистік дүниеде соғыстан туған күйзелістер соқтасының қордаланғаны соншалық — көшкіннің өзін жоймайынша, құтылу мүмкін емес.

Тіпті революционер емес және революцияға сенбейтін, революциядан қорқатын адамдардың өздері де оны қалай да теориялық жағынан талқылап отыр, сөйтіп олар революциядан басқа құтылар жол жоқ екеніне оқиғалардың барысы арқылы, империалистік соғыстың зардаптары арқылы көз жеткізуге мәжбүр болмақ.

Қайталап айтайын, көпестің көзқарасы тұрғысынан қараған сол американның жағдайға берген бағасы мені қатты қайран қалдырды; көпес, әрине, тап күресінің теориясымен шұғылданбайды және оны шынымен-ақ сандырақ деп санайды, бірақ оның көздейтіні миллиондар мен миллиардтар, өзі есепті жақсы білетіндіктен: төлей ме, төлемей ме?—деп сұрайды да, тағы да сол нағыз епшіл коммерциялық есеп тұрғысынан: «Төлейтін дәнеңесі де жоқ! Тіпті бір сом үшін 20 тиын да ала алмайсың!» деп жауап береді.

Біз Келісу елдерінің бәрінде де жұмысшылардың советтік формаға тілектестігі негізінде орасан қаулап, жаппай өріс алған толқуды көріп отырмыз, қазіргі жағдай міне осындай.

Мәселен, Париждегі топ,—бұл, бәлкім, басқа елдердегі барлық халық жиналыстарының ішіндегі ең сезімтал топ болар, өйткені Парижде бұл топ үлкен мектептен өтті, бірқатар революциялар жасады,—сондағы топ, шешеннің жалған әуенге басуына ерік бермейтін нағыз сергек топ, қазір большевизмге қарсы сөйлемек болғандардың аузын ашқызбайды; ал осыдан бірнеше ай ғана бұрын Париждегі топтың алдында большевизмді жақтап үн қатуға да болмайтын еді, өйткені нақ сол топ мұны кекесін сөздермен қарсы алатын.

Оның бер жағында, Париждегі буржуазия өз тарапынан өтірік, жала, алдау біткеннің бәрін большевизмге қарсы жұмсап отыр. Бірақ мұның мәнісі не екенін

біз бұрыннан білеміз, өйткені 1917 жылы біз, большевиктер, бүкіл буржуазиялық баспасөздің бізді қуғындағанын басымыздан кешіргенбіз. Біздегі буржуа мырзалар большевиктерді өтірік пен жаланың торына шырмаймыз деп ойлап, біраз шатасып қалды, шектен шығып кетті; бізді жамандаймыз деп олардың шектен шығып, асыра сілтеп жібергені сонша—олар бізді тегін насихаттады, сөйтіп ең артта қалған жұмысшыларды: «Егер большевиктерді капиталистер осылай сөгетін болса, онда, демек, бұл большевиктер капиталистерге қарсы күресе білетін болғаны ғой!» деп ойлауға мәжбүр етті.

Міне сондықтан да ең айуандық, зорлықшылық, қорлаушылық бітім болған Брест бітімі кезінде біздің жүргізуімізге тура келген саясат бірден-бір дұрыс саясат болып шықты.

Сондықтан да мен бұл саясатты қазір тағы бір рет еске түсіру пайдасыз емес деп ойлаймын, өйткені қазір Келісу елдері жөніндегі жағдай осыған ұқсап келеді, олар өздерінің еңбекші бұқарасының өсе түскен ашуызасын өзінен басқа жаққа аудару үшін өз борыштарын Россияға аудара салуды, оны қайыршылыққа, күйзеліске ұшыратуды көздеп, Россияны тонап, тұншықтыруды көздеп, барынша жанталасып отыр.

Егер біз өзіміздің де және басқаның да басын қатырғымыз келмейтін болса,—ал бұлай ету революционер үшін зиянды нәрсе,—онда біз мәселеге байсалды қарап, ашықтан-ашық былай деуге мәжбүр болып отырмыз: әскери күші жағынан алғанда Антанта бізден күштірек деуге тиіспіз. Ал егер біз істің дамуы жағынан алатын болсақ, онда Келісу елдерінің бұл қуаттылығы ұзаққа бармайды, олар өздеріндегі бұқараның пиғылында орасан зор бетбұрыстың болуы қарсаңында тұр деп тағы да айдан анық және толық сеніммен айта аламыз; бұл сенім біздің тек революциялық көзқарастарымызға ғана емес, тәжірибеге де негізделген.

Олар: «Біз бүкіл дүние жүзін тонап бітірейік, сонан соң сен тоғаясың» деп, француз жұмысшыларын да, ағылшын жұмысшыларын да уәделермен тойдырып келді. Бүкіл буржуазиялық баспасөз осының бәрін же-

тілмеген бұқараның санасына сіңірмекші болып, осылай деп даурығып отыр.

Егер бірден өзара қырқысып қалмаса, олар бірнеше айдан соң бітім жасасады делік, ал олардың өзара қырқысып қалуының толып жатқан аса елеулі белгілері бар. Ал егер олар бірін бірі шаштан және алқымнан алып жұлқыласпай-ақ, бітім жасаса алатын болса, онда бұл бітім дереу күйреудің басы болады, өйткені Францияда бидай өнімі екі еседен астам кеміп, ашаршылық барлық жерде төніп келіп, өндіргіш күштер қирап қалған кезде, олар мұндай адам айтқысыз көп борышты төлей алмайды, шексіз күйзелістен құтыла алмайды,—бұдан құтылуға олардың халі жоқ.

Егер мәселеге байсалды қарайтын болсақ, онда мынаны мойындауымыз керек: орыс революциясына баға берер кезде қолымызға сондай дұрыс өлшеуіш берген әдіс—істің жайын бағалау әдісі—дүние жүзілік революцияның болатындығын да күн санап дәлелдей түсіп отыр. Антантаның осы сеңдерін,—Келісу елдерінің, капитализмнің, империализмнің сеңдерін ағызып әкететін бұлақтардың күн санап күшейіп келе жатқанын біз білеміз.

Бір жағынан, Келісу елдері бізден күштірек, екінші жағынан—өздерінің ішкі жағдайларына қарағанда, олар ешбір ретте де азды-көпті ұзақ уақыт жан сақтап тұра алмайды.

Нақ осы жағдайдан халықаралық саясаттың күрделі міндеттері келіп туады—бұл міндеттерді біздің, бәлкім, тіпті анығында да, өте таяу күндердің ішінде шешуімізге тура келер, ал бұлар жайында менің қолымда мейлінше нақты мағлұматтар жеткіліксіз, бірақ менің бәрінен де гөрі осы міндеттер туралы көбірек айтқым келеді,—ондағы ойым атап айтқанда мынау: Халық Комиссарлары Советінің қызметі саласындағы, сыртқы саясат саласындағы тәжірибе сіздердің алдарыңызда, жолдастар, айқын да тартымды формада көрінсе екен деймін.

Біздің ең елеулі тәжірибеміз—Брест бітімі. Халық Комиссарлары Советінің сыртқы саясатының нәтижесіндегі ең елеулі нәрсе, міне, осы. Жаңа социалистік

армияның жаңа негізін қалауға мүмкіндік алу үшін біз аңысын аңдауға, шегінуге, бұлтаруға, ең қорлық бітімге қол қоюға тиісті болдық. Сөйтіп біз сол негізді қаладық, ал біздің бір кездегі қуатты және құдіретті жауымыз енді дәрменсіз болып қалды.

Бүкіл дүние жүзінде де істің жайы осылай болғалы отыр, ал мүның өзі басты және негізгі сабақ, Халық Комиссарлары Советінің алдына, Орталық Атқару Комитетінің алдына, жалпы алғанда бүкіл Совет өкіметінің алдына бүгін болмаса ертең қойылғалы отырған сыртқы саясаттың өте күрделі, өте қиын, өте шытырман мәселелерінде қате жіберіп алмау үшін бұл сабақты мүмкін болғанынша терең ұғынып, мүмкін болғанынша айқын түсінуге тырысу керек.

Басқа да кейбір аса маңызды мәселелерге тоқтап өту үшін мен сыртқы саясат туралы мәселені осымен тамамдаймын.

Жолдастар, әскери іске келетін болсақ, осыдан бір жыл бұрын—1918 ж. февраль мен мартта—бізде ешқандай армия жоқ еді. Бізде, бәлкім, 10 миллион қаруланған жүмысшылар мен шаруалар болған шығар; мүлде азғындаған, қайткен күнде де бәрін тастап кетуге, қашуға барынша әзірленіп, бел байлаған ескі армия, міне, осылардан құралған еді.

Мүның өзі ол кезде тек қана орыстарға тән құбылыс деп қаралды. Орыстар өздеріне тән шыдамсыздықтан немесе ұйымшылдығының жеткіліксіздігінен төзімділік көрсете алмайды, ал немістер төзімділік көрсетеді деп ойлаушылар болды.

Бәрі осылай десті. Ал біз қазір мынаны көріп отырмыз: бірнеше ай өткеннен кейін—мәдениеттілігі, техникасы, тәртібі жағынан, ауруларға, жаралыларға адамға тән жағдайлар жасау жағынан, демалыс беру және т. т. жағынан біздің армиядан өлшеусіз жоғары болған неміс армиясының ұйымы да, оның ұйымы да нақ осындай халге ұшырады. Ең мәдениетті және тәртіпті деген бұқара да қырғынға, көп жылға созылған қырғынға төзе алмады, мүлдем азғындау дәуірі басталып, алдыңғы қатарлы деген неміс армиясының да сағы сынды.

Анығында, тек Россия үшін ғана емес, барлық елдер үшін де шек бар. Әр түрлі елдер үшін түрліше болса да, әйтеуір—шек бар, сол шектен әрі асып, капиталистердің мүдделеріне бола соғыс жүргізуге болмайды. Біздің қазіргі байқап отырғанымыз, міне, осы.

Неміс империализмі өзінің жыртқыш екендігін ақырына дейін әшкереледі. Ең бір маңызды нәрсе сол—тіпті Америкада да, Францияда да, осы атышулы демократияларда (социализмге опасыздық жасағандар, меньшевиктер мен эсерлер, өздерін социалистер деп атайтын осы бейшара адамдар демократиялар туралы мылжыңдап жүр), дүние жүзіндегі осы алдыңғы қатарлы демократияларда, осы республикаларда империализм күннен күнге озбырланып барады, сөйтіп жабайы аңдар, жыртқыштар басқа қай жердегіден болса да көбірек әйгіленіп отыр. Олар дүние жүзін тонап жатыр, өзара жұлқысып, біріне бірі қарсы қаруланып жатыр. Мұны ұзақ уақыт жасыруға болмайды. Мұны соғыс желігінің кезінде жасыруға болатын еді. Желік тарқап барады, бейбітшілік жақындап келеді, бүкіл өтірік-өсекке қарамастан, нақ осы демократиялардағы бұқара соғыстың жаңа тонаушылыққа әкеп соққанын көріп отыр. Ең демократиялық республика дегенінің өзі ең айуан, ең арсыз жыртқышқа арналған әсем бүркеніштен басқа түк те емес; осы жыртқыш борыштарды төлеу үшін, яғни рақым етіп жұмысшылардың бірін бірі бауыздауына мүмкіндік берген империалист, капиталист мырзаларға ақы төлеу үшін жүз миллиондаған адамдарды күйзелтуге әзір. Мұның өзі бұқараға күннен күнге айқындала түсуде.

Ең бай және саясат жағынан ең тәжірибелі буржуазияның газеті—ағылшынның «Таймс»-ында басылған бір әскери шолушының мақаласы сияқты саяси пікірлер айтуға мүмкіндік туған жағдай міне осындай, ол шолушы оқиғаларды «Бүкіл дүние жүзіндегі армиялар азғындап барады, бірақ армиясы құрылып жатқан бір ғана ел бар, ол ел—Россия» деген сөздермен бағалайды.

Әскери күш жағынан советтік большевизмнен анағұрлым күшті буржуазия мойындауға мәжбүр болып

отырған факт, міне, осы. Сондықтан биылғы жылғы совет жұмысында тындырған істерімізді біз осы фактінің тұрғысынан бағалаймыз.

Біздің бетбұрыс жасауға қолымыз жетті; соғыстың сұмдықтарына төзе алмай жаппай қашқан және бұл соғыстың қылмысты соғыс екенін түсінген он миллиондық армияның орнына жүз мыңның үстіне жүз мыңдап қосылып социалистік армия құрыла бастады; бұл армия не үшін күресетінін біледі, сондықтан да патша өкіметі тұсындағыдан әлдеқайда зор құрбандықтар мен жоқшылықтардан тайынбайды, өйткені бұл армия өзінің ісін, өзінің жерін, фабрикадағы өзінің өкіметін қорғап отырғандығын, еңбекшілердің өкіметін қорғап отырғандығын, ал басқа елдердің еңбекшілері, қиындықпен және өте ауыр болса да, әйтеуір оянып келе жатқандығын біледі.

Совет өкіметінің бір жылдық тәжірибесі сипаттайтын жағдай, міне, осындай.

Советтік Россия үшін соғыс сұрапыл қиын нәрсе, империалистік соғыстың сұмдықтарын төрт жыл бойы бастан кешірген халық үшін соғыс сұрапыл қиын нәрсе. Советтік Россия үшін соғыс өте-мөте қиын. Бірақ қазіргі уақытта біздің күшті деген жауларымыз да өз армияларының азғындап жатқанын, ал біздің армиямыздың құрылып жатқанын мойындап отыр. Өйткені тарихта бірінші рет бұл армия Советтердің армиямен жақындығы, ажырағысыз жақындығы, былайша айтқанда—ажырағысыз тұтастығы негізінде құрылып жатыр. Советтер барлық еңбекшілер мен қаналғандарды біріктіреді—және де армия социалистік қорғаныс пен саналылықтың негізінде құрылып жатыр.

XVIII ғасырдағы Пруссияның бір монархы: «Егер солдаттарымыз біздің не үшін соғысып жатқанымызды түсінген болса, онда бірде-бір соғысты жүргізуге болмас еді»—деп тауып айтқан екен. Пруссияның қарт монархы ақылсыз кісі болмаған. Ал біз қазір өз жағдайымызды сол монархтың жағдайымен салыстыра отырып, былай деуге дайынбыз: біз соғысты жүргізе аламыз, өйткені не үшін соғысатынын бұқара біледі және адам айтқысыз ауыртпалықтарға қарамастан

олардың соғысқысы келеді де—қайталап айтамын, соғыстың ауыртпалықтары патша өкіметі тұсындағыдан әлдеқайда көп—өзге елдердегі «азғындауға» айналған және біздің жағдайымызды түсіне бастаған жұмысшылармен қатар күресе отырып, өзінің социалистік ісін қорғау жолында шектен тыс ауыр құрбандықтарға ұшырайтынын бұқара біледі.

Қызыл милитаризм туралы байбалам салып жүрген ақымақ адамдар да бар; олар—осы ақымақшылыққа нанғанси қалатын саяси алаяқтар, олар мұндай айыптауларды оңды-солды сапырылыстырады, бұл үшін олар өздерінің адвокаттық білгірлігін пайдаланып, жалған дәлелдерді қиыстырады, сөйтіп жұрттың көзіне топырақ шашады. Меньшевиктер де, эсерлер де: «Мынаны қараңдар, сендерге социализмнің орнына қызыл милитаризмді беріп жатыр!» деп байбалам салып жүр.

Шынында да, «сұмдық» қылмыс! Бүкіл дүние жүзінің империалистері Россия республикасын тұншықтыру үшін оған бас салды, ал біз өзінің не үшін күресетінін және не үшін құрбандық жасайтынын тарихта тұңғыш рет білетін армияны құра бастадық, бұл армия өзінен саны анағұрлым басым жауға ойдағыдай қарсылық көрсетуде, сөйтіп ай сайын күшейген қарсылық арқылы бұған дейін әлі болып көрмеген көлемде бүкіл дүние жүзілік революцияны жақындата түсуде,—міне, осыны қызыл милитаризм деп айыптайды!

Қайталап айтайын—олар не ешқандай саяси баға беруге лайықсыз ақымақтар, не саяси алаяқтар.

Бұл соғыстың бізге еріксіз әкеп таңылғаны жұрттың бәріне мәлім; 1918 жылдың басында біз бұрынғы соғысты бітірген едік, ал жаңа соғысты бастамаған едік; сонда миллиондаған ақшасын оңды-солды шашқан Антантаның көмегі арқасында ғана ақ гвардияшылардың батыста, оңтүстікте, шығыста бізге қарсы аттанғанын жұрттың бәрі біледі, оның бер жағында алдыңғы қатарлы елдер империалистік соғыстан қалған жабдықтар мен соғыс мүліктерінің орасан мол запасын жинап, ақ гвардияшыларға жәрдемге үйіп-төкті, өйткені бұл миллионер және миллиардер мырзалар өздерінің тағды-

ры осы арада шешілетінін, егер бізді дереу жаныштай алмаса, онда өздерінің мерт болатынын біледі.

Социалистік республика орасан зор күш жұмсап, құрбандық жасап, жеңістерге жетуде; ал егер қазір, азамат соғысының бір жылынан соң, картаға көз салсақ: Советтік Россияның 1918 жылғы мартта қандай болғанын, ал ол 1918 жылғы июльде, батыста неміс империалистері Брест бітімі шебінде тұрғанда, Украина неміс империалистерінің езгісінде жатқан кезде, французлар мен ағылшындар сатып алған чехословактар шығыста Қазан мен Симбирскіге дейін үстемдік жүргізіп отырған кезде қандай жағдайда болғанын көреміз, ал егер картаны енді алып қарасақ, онда біз өзіміздің адам айтқысыз кеңейгенімізді, орасан зор жеңістерге жеткендігімізді көреміз.

Жағдай міне осындай; мұндай жағдайда бізге қызыл милитаризм деген айып тағып, зілді сөздер айту тек нағыз жексұрын және саяси пасық алаяқтардың ғана қолынан келеді.

Жеңіс алып, қалтаға сала қоярлық, сөйтіп табысқа масаттанарлық революциялар тарихта болған емес. Кімде кім осындай революциялар болады деп ойласа, ол адам әсте революционер емес, қайта жұмысшы табының барып тұрған қас жауы. Ондай бірде-бір революция болған емес, өкіметті бір дәулетті азшылықтың қолынан екінші бір азшылықтың қолына беру туралы ғана әңгіме болатын тіпті екінші дәрежелі, тіпті буржуазиялық революция да ондай болған емес. Біз білетін мысалдар бар! XIX ғасырдың басында ескі державалар басып-жаныштамақ болып жабыла түскен француз революциясының ұлы революция деп аталатын себебі атап айтқанда мынау: ол бүкіл дүние жүзіне тойтарыс берген халықтың қалың бұқарасын өзінің жеңісторін қорғап қалуға көтере білді; бұл революцияның сіңірген үлкен еңбегінің бірі де, міне, осында.

Революция іс жүзінде, күрес үстінде, от-жалында ең ауыр сынға түседі. Егер сен езілген болсаң, қаналған болсаң, қанаушылардың өкіметін құлатуды ойласаң, егер сен сол өкіметті құлату ісін ақыр-аяғына дейін жеткізуге бел байлаған болсаң, онда саған бүкіл дүние

жүзі қанаушыларының тегеуріиіне төтеп беруге тура келетінін білуің керек; ал егер сен күресте төтеп беру үшін сол тегеурінге тойтарыс беруге, жаңа құрбандықтар жасауға әзір болсаң, онда сен революционерсің; олай болмаған күнде сені жаныштап тастайды.

Барлық революциялардың тарихында мәселе, міне, осылай қойылып келді.

Біздің революцияны нағыз сыннан өткізу мынау болды—біз артта қалған елде басқалардан бұрын өкіметті қолға ала білдік, басқарудың советтік формасын, еңбекшілер мен қаналғандардың өкіметін орната білдік. Біз енді оны, ең болмағанда басқа елдердің бұқарасы қимыл көрсеткенге дейін, ұстап тұра аламыз ба? Ал егер біз жаңа құрбандықтарға барып, табандылық көрсете алмасақ, онда: революция тарихи тұрғыдан заңды болып шықпады деушілер табылады. Цивилизациялы елдердің демократтары, бақайшағына дейін қаруланған болса да, Америка сияқты жүз миллион халқы бар қайсыбір ерікті республикада небары жүз большевиктің пайда болуынан қорқады; мұны сондай індет көреді! Сөйтіп, ашаршылыққа, күйзеліске ұшыраған Россиядан барып большевизм туралы айта бастайтын жүз адаммен күресуге демократтар дәрменсіз болып шығады! Бұқараның тілектестігі біздің жағымызда! Буржуйлардың жан сақтарлық бір ғана амалы бар: қолдарынан семсері түспей тұрғанда, қолдарында зеңбіректері барында, сол зеңбіректерді Советтік Россияға кезеп, оны бірнеше айдың ішінде жаныштап тастау керек, әйтпесе кейіннен оны еш нәрсемен жаныштай алмайсың. Біз міне осындай жағдайға душар болып отырмыз, Халық Комиссарлары Советінің осы жылғы әскери саясатын белгілеп отырған жағдай, міне, осы, сондықтан да фактілерді, нәтижелерді атап көрсете отырып, біздің былай деуге хақымыз бар: біздің сыннан мүдірмей өтіп келе жатқан себебіміз—соғыстан қатты қажыған жұмысшылар мен шаруалар тағы да қаһармандық көрсетіп, бұрынғыдан анағұрлым қиын жағдайларда жаңа армияны құрып жатыр.

Совет өкіметінің әскери саладағы саясатының қысқаша қорытындысы осындай. Мен бұл жерде бір пункт

туралы тағы да бірнеше сөз айта кеткім келеді; бұл арада әскери мәселедегі саясат басқа мәселелердегі саясатпен, шаруашылық саясатымен келіп қабысады,— мен әскери мамандар туралы айтып отырмын.

Бұл мәселенің қандай таластар туғызғанын, шын берілген және кәміл сенімдегі коммунист-большевиктердің қатарына жататын жолдастардың бұрынғы әскери мамандарды, патша өкіметіне қызмет ету арқылы, ал кейде тіпті жұмысшылар мен шаруаларды қанға бояп жазалауы арқылы да өздеріне кір келтірген патша генералдары мен офицерлерін біздің социалистік Қызыл армияны құру ісіне пайдалануымызға жиі-жиі қызу қарсылық білдіріп жүргенін сіздер, сірә, білетін шығарсыздар.

Қайшылық бадырайып-ақ көрініп тұр, бұл жерде наразылық өзінен-өзі келіп шығады деп айтуға болады. Патша өкіметі мамандарының көмегімен социалистік армияны қалайша құруға болады?!

Біз армияны тек осылайша ғана құрған болып шығып отырмыз. Ал егер біз бұл арада өз үлесімізге тиген міндет жөнінде ойланып көретін болсақ, онда армияны тек осылайша ғана құруға мүмкін болғандығын түсіну қиын емес. Бұл тек әскери іс қана емес, бұл—халық өмірі мен халық шаруашылығының барлық салаларында біздің алдымызға қойылып отырған міндет.

Ескі утопист-социалистер социализмді мүлде өзге адамдармен құруға болады деп ойлаған, олар ең әуелі ең әдемі, тап-таза, тамаша үйретілген адамдарды тәрбиелеп алып, солардан социализм құрмақшы болған еді. Мұны біз салиқалы саясат емес, әншейін бір қуыршақ ойыны, социализммен әуестенген қылымсыған бикештердің ермегі деп әрқашан айтып та, күліп те келгенбіз.

Біз социализмді құрғанда капитализм тәрбиелеген, соның тәрбиесінде бұзылып, азғындаған, бірақ оның есесіне капитализмнің өзі күреске шынықтырған адамдардан құрмақшымыз. Құрбандықтарға қандай армиядан болса да мың есе артық төзе аларлық дәрежеде шыныққан пролетарлар бар; қараңғы, бытыраңқы болып

отырған, бірақ егер пролетариат шебер тактика жүргізе білсе, күресте оның төңірегіне біріге алатын он миллиондаған езілген шаруалар бар. Ал онан соң дүниеге буржуазиялық көзқарас бойына әбден сіңген ғылымның, техниканың мамандары бар, буржуазиялық жағдайда тәрбиеленген әскери мамандар бар,—тек буржуазиялық жағдайда тәрбиеленген ғана болса бір сәрі ғой, тіпті помещиктік, дүрелеушілік, крепостниктік жағдайларда тәрбиеленгендері де бар. Халық шаруашылығын алатын болсақ, ондағы барлық агрономдар, инженерлер, мұғалімдер—осылардың бәрі де дәулетті таптан шыққандар; олар әуеден түсе қалған жоқ қой! Станоктағы кедей пролетар және соқа ұстаған шаруа Николай патшаның тұсында да, республикалық президент Вильсонның тұсында да университет бітіре алған жоқ. Ғылым мен техника—байларға, дәулеттілерге арналды; капитализм мәдениетті тек азшылыққа ғана береді. Ал біз социализмді осы мәдениеттен орнатуға тиіспіз. Бізде онан басқа материал жоқ. Біз социализмді парниктерде өсірілетін адамдардан құрмаймыз,— мұндай бос ертегіні ермек етер жайымыз жоқ,—біз социализмді капитализмнің кешегіден бүгінге қалдырған материалынан дереу, дәл қазір құрғымыз келеді. Бізде буржуазиялық мамандар бар, олардан басқа ештеңе де жоқ. Бізде басқа кірпіш жоқ, құрылыс салуға бұдан басқа еш нәрсеміз жоқ. Социализм жеңіп шығуға тиіс, ал біздер, социалистер мен коммунистер, социализмді осы кірпіштерден, осы материалдан орнатуға, социалистік қоғамды мәдениетті тым аз пайдаланған пролетарлардан орнатуға және буржуазиялық мамандардан орнатуға өзіміздің қабілетті екендігімізді іс жүзінде дәлелдеуге тиіспіз.

Ал егер сіздер коммунистік қоғамды осы материалдан орнатпасаңыздар, онда сіздер бос сөзуарлар, мылжыңдар болып шығасыздар.

Дүние жүзілік капитализмнің тарихи мұрасы мәселені, міне, осылайша қойып отыр! Біз өкіметті алған кезде, біз советтік аппаратқа ие болған кезде біздің алдымыздан нақтылы кездескен қиыншылық, міне, осындай!

Мұның өзі міндеттің бір жартысы, онда да ең үлкен жартысы. Советтік аппарат—еңбекшілер өздерінің бұқаралық бірлестігінің салмағымен капитализмді жаныштап тастарлықтай болып біріккен деген сөз. Еңбекшілер оны жаныштады да. Бірақ жаныншталған капитализмнен тоғаймайсың. Капитализм қалдырған бүкіл мәдениетті алу керек те, содан социализм орнату керек. Бүкіл ғылымды, техниканы, барлық білімді, өнерді алу керек. Мұнсыз біз коммунистік қоғам өмірін құра алмаймыз. Ал бұл ғылым, техника, өнер—мамандардың қолында және солардың басында.

Барлық салаларда міндет осылай қойылып отыр—бүкіл капитализмнің өзінде қайшылықтың болатыны сияқты, мұның өзі қайшылықты міндет, аса қиын, бірақ орындарлық міндет. Мұның орындауға болатындығы біз осыдан жиырма жылдан соң коммунистік мамандар: коммунистердің кіршіксіз және мінсіз бірінші ұрпағын тәрбиелеп өсіретіндігімізден емес; жоқ, ғапу етіңіз, біз мұның бәрін, жиырма жылдан кейін емес, қазір, буржуазияға қарсы, бүкіл дүние жүзінің буржуазиялық ғылымы мен техникасына қарсы күресу үшін екі айдан кейін құруымыз керек. Бұл жерде біз жеңіп шығуға тиіспіз. Өзіміздің көпшілік салмағымызбен буржуазиялық мамандарды бізге қызмет істеуге мәжбүр ету—қиын, бірақ мүмкін нәрсе; ал егер біз осыны істей алсақ, біз жеңіп шығамыз.

Маған жақында Троцкий жолдас біздегі әскери ведомствода істеп жүрген офицерлердің саны ондаған мыңға жеткенді деп хабарлаған кезде, міне сонда мен жауымызды пайдаланудың сыры неде екені жөнінде нақтылы пікір қорыттым: коммунизмнің дұшпандарын коммунизмді құруға осылайша мәжбүр етіп, капиталистердің бізге қарсы таңдап алған кірпіштерінен коммунизмді осылайша құру керек! Бізде басқа кірпіш жоқ! Міне, пролетариаттың басшылығымен, біз өз үйімізді осы кірпіштерден салуға буржуазиялық мамандарды мәжбүр етуге тиіспіз. Қиыны да осы, жеңістің кепілі де осында!

Әрине, осы жаңа және қиын жолда жіберілген қателіктер аз болған жоқ, бұл жолда бізді талай жеңілістер

күтіп тұрды; мамандардың белгілі бір бөлегі бізге үнемі опасыздық жасап келгенін жұрттың бәрі біледі: заводтардағы, агрономиядағы, басқару ісіндегі мамандардың арасында біз қадам басқан сайын жұмысқа қастықпен қараушылыққа, қаскүнемдік саботажға кездесіп келдік және кездесіп те отырамыз.

Мұның бәрі де зор қиыншылықтар екенін және бұларды бір ғана күштеумен жеңуге болмайтынын біз білеміз... Біз, әрине, күштеуге қарсы емеспіз; біз пролетариат диктатурасына теріс қарайтындарды мазақтап, оларды не пролетариат диктатурасы, не буржуазия диктатурасы болуға тиіс екендігін түсіне алмайтын ақымақ адамдар дейміз. Кімде-кім бұлай емес десе—ол не нақұрыс, не соншалықты саяси сауатсыз адам, ондай адамды трибунаға шығару былай тұрсын, тіпті жиналысқа жіберудің өзі де ұят. Не Либкнехт пен Люксембургке көрсетілетін күштеу ғана, жұмысшылардың таңдаулы көсемдерін соққыға жығу ғана болмақ, не қанаушыларды күшпен жаныштау ғана болмақ, ал аралық жолды арман етуші адам—біздің ең қаскүнем және ең қауіпті дұшпанымыз. Қазір мәселе осылай қойылып отыр. Сондықтан біз мамандарды пайдалану туралы айтқанымызда, советтік саясаттың бір жыл ішінде алған сабағын ескеру керек; осы бір жылдың ішінде біз қанаушыларды күйретіп жеңдік, ал енді буржуазиялық мамандарды пайдалану міндетін шешуіміз керек. Бұл арада, қайталап айтайын, бір ғана күштеумен еш нәрсе де істей алмайсың. Мұнда, күштеуге қоса, жеңімпаз күштеуден кейін, ұйымшылдық, тәртіп керек және буржуазиялық мамандардың бәрін өзіне бағындырып, өзінің жұмысына тартып отыратын жеңімпаз пролетариаттың моральдық салмағы керек!

Күш жұмсау орнына Ленин моральдық ықпал жасауды ұсынып отыр!— деушілер болар. Бірақ коммунистік қоғам орнату ісінде жаңа ғылым мен техниканы ұйымдастыру мәселесін бір ғана күшпен шешуге болады деп ойлау ақымақтық болар еді. Сандырақ! Біз партия ретінде, советтік жұмыстың осы бір жылы ішінде бірдеме істеуге үйренген адамдар ретінде ондай ақымақтыққа бой ұрмаймыз және одан бұқараны сақтандыратын бо-

ламыз. Буржуазиялық, капиталистік қоғамның бүкіл аппаратын пайдалану керек — ондай міндет тек жеңімпаз күш жұмсауды ғана талап етіп қоймайды, оның үстіне ұйымды, тәртіпті, бұқара арасындағы жолдастық тәртіпті, халықтың барлық басқа топтарына пролетарлық ықпал жүргізуді, бұқаралық жаңа жағдай жасауды талап етеді; бұл жағдайда буржуазиялық маман өзіне құтылар жол жоқ екендігін, ескі қоғамға қайта оралуға болмайтындығын, сондықтан өзінің ісін тек коммунистермен ғана бірге істей алатындығын көріп біледі, өйткені коммунистер бұқарамен бірге жүріп, оған басшылық етеді, оларға бұқара толық сенеді, олар буржуазиялық ғылым мен техниканың жемістері, цивилизацияның мыңдаған жыл дамуының жемістері оны басқалардан бөлініп шығу және баю үшін пайдаланатын ат төбеліндей адамдардың үлесіне тимей, қайта барлық еңбекшілерге жаппай берілуін көздеп, соған ұмтылады.

Бұл өте қиын міндет, оны толық шешу үшін ондаған жылдар керек! Ал оны шешу үшін буржуазияның контрреволюционерлерін нақты жапыштап қана қоймай, сонымен қатар оларды түгел қамтитын, оларды өзіне бағындырып, біздің жолымызбен жүруге, біздің ісімізге қызмет етуге мәжбүр ететін күш жасау керек, сондай тәртіп, жолдастық тәртіп, советтік тәртіп, пролетарлық тәртіп орнату керек.

Қайталап айтайын, әскери құрылыс ісінде де, шаруашылық құрылысы ісінде де, әрбір халық шаруашылығы советінің жұмысында да, әрбір заводтық комитеттің, национализацияланған әрбір фабриканың жұмысында да біз күн сайын осы міндетке кездесіп келдік. Биылғы жылы Халық Комиссарлары Советінде белгілі бір тәртіппен, белгілі бір формада біз осындай мәселе қойып, қарап шешпеген тіпті бір апта да болмаған шығар. Советтік жұмыстың бір жылы ішінде осы мәселеге ондаған рет кездеспеген бірде-бір заводтық комитет, бірде-бір ауыл шаруашылық коммунасы, бірде-бір совет шаруашылығы, бірде-бір уездік жер бөлімі Россияда болмағанына мен сенемін.

Міндеттің қиындығы, міне, осында, бірақ нағыз игілікті міндет те, міне, осында, қазір, пролетарлық көтеріліс күші қанаушыларды жаныштап тастаған соң келесі күні біз, міне, осыны істеуге тиістіміз. Біз қанаушылардың қарсылығын жаныштадық,— мұны істеу керек болды,— бірақ тек осыны істеп қана қоймай, жаңа ұйымның, еңбекшілердің серіктестік ұйымының күшімен оларды өзімізге қызмет істеуге мәжбүр ету керек, оларды ескі кеселдерден айықтыру керек, оларға өздерінің қанаушылық практикасына қайта оралуға жол бермеу керек. Олар бұрынғы буржуа қалпында қалды, олар, инженерлер мен агрономдар, өздерін меньшевиктер және эсерлер деп атайтын осы ескі буржуалар офицерлік қызметтерде, армиямыздың штабтарында отыр. Басқаша аталудан еш нәрсе өзгермейді, бірақ олар өздерінің дүниеге көзқарасы мен әдеттері жағынан басынан аяғына дейін, тұла бойымен буржуа.

Қалай ету керек, біз оларды лақтырып тастамақпыз ба? Жүз мыңдаған адамды лақтырып тастай алмайсың! Ал егер біз оларды лақтырып тастаған болсақ, біз өзімізді өзіміз әлсіреткен болар едік. Біз капитализм жасаған нәрседен ғана болмаса басқа еш нәрседен коммунизм құра алмаймыз. Оларды лақтырып тастамау керек, қайта, қарсылығын күйрету керек, оларды қадам басқан сайын бақылап отыру керек, оларға ешқандай саяси кеңшіліктер жасамау керек, ал тұрлаусыз адамдар минут сайын жеңілдік жасауға бейім тұрады. Мәдениетті адамдардың буржуазияның саясаты мен ықпалына түсіп кететін себебі — олар өздерінің бүкіл мәдениетін буржуазиялық жағдайдан және сол арқылы қабылдап алған. Міне сондықтан да олар қадам басқан сайын сүрініп, контрреволюцияшыл буржуазияға саяси кеңшіліктер жасап отырады.

Қолды былғамау үшін мұндай жағдайға түсуге болмайды, коммунистік қолым таза болуға тиіс, жексұрын контрреволюцияшыл буржуазиялық кооператорларды пайдаланбай-ақ, коммунистік таза қолыммен коммунистік қоғам орнатамын дейтін коммунист — бос сөзуар, өйткені, керісінше, оларды пайдаланбай болмайды.

Практикалық жағынан қазір міндет былай қойылып отыр: капитализмнің бізге қарсы тәрбиелеген адамдарын өзімізге қызмет істету керек, оларды күн сайын бақылап, коммунистік ұйым жағдайында олардың үстінен жұмысшы комиссарларын қойып, олардың контрреволюциялық пиғылдарына күн сайын тойтарыс беріп отыру керек және сонымен қатар олардан үйрену де керек.

Бізде, мықтағанда, үгітшінің, насихатшының ғылымы, фабрикалық жұмысшының немесе аш шаруаның адам айтқысыз ауыр тағдырын бастан кешіріп шыныққан адамның ғылымы бар,— ол ғылым табан тіреп ұзақ шыдауға, күресте қажырлылық көрсетуге үйретеді, бізді осы күнге дейін аман сақтап келген нәрсе де нақ осы; мұның бәрі де қажет; бірақ бұл аз, жалғыз мұнымен жеңуге болмайды; жеңістің толық және түпкілікті жеңіс болуы үшін капитализмдегі бар бағалы деген нәрсенің бәрін ала білу де керек, бүкіл ғылым мен мәдениетті өз қолымызға алуымыз керек.

Ал мұны қайдан алуға болады? Біздің алдыңғы қатарлы шаруаларымыз, саналы жұмысшыларымыз дұшпандарымыздың мәдениетінің жемісін игеру үшін өздерінің фабрикаларында, уездік жер бөлімінде нақ солардан буржуазиялық агрономнан, инженерден, тағы басқалардан үйренулері керек.

Бұл жөнінде партиямыздың ішінде өткен жылы туған күрес өте-мөте нәтижелі болды; бұл күрес біртalай қатты қақтығыстар туғызды, бірақ күрес дегеніңіз қатты қақтығыстарсыз болмайды ғой; біз ешқашан да алдымызға қойылмаған, бірақ онсыз коммунизмді жүзеге асыруға да болмайтын мәселеде практикалық тәжірибе алдық. Міндет жеңімпаз пролетарлық революцияны осы күнге дейін тек аушылықтың игілігі болып келген буржуазиялық мәдениетпен, буржуазиялық ғылыммен және техникамен қалай біріктіруде болып отыр, тағы да айтамын, бұл қиын міндет. Бұл жерде барлық әңгіме еңбекшілер бұқарасының алдыңғы қатарлы тобының ұйымшылдығында, тәртіптілігінде. Егер де Россияда, азап шеккен, қараңғы, дербес құрылыс жүргізуге мүлде қабілетсіз, ғасырлар бойы помещик-

тердің езгісінде болған миллиондаған шаруалардың жанында оларға басшылық ететін, олардың өздеріне түсінікті, жақын, сенімді, сол шаруалар өз жұмысшы адамдары есебінде сенетін қала жұмысшыларының алдыңғы қатарлы тобы болмаса, егер еңбекші бұқараны топтастырып, бүкіл буржуазиялық мәдениетті өзіне алу міндетінің маңызды екендігін оларға түсіндіріп, олардың санасына сіңіріп, көзіп жеткізе алатын осындай ұйым болмаса,— онда коммунизм ісі үмітсіз іс болар еді.

Мұны жалпылама тұрғыдан емес, тұтас бір жылдың ішіндегі күнделікті тәжірибе тұрғысынан алып айтып отырмын. Егер бұл тәжірибеде кейде көңілсіз, ұнамсыз болып көрінетін көптеген ұсақ-түйектер бар болса, сол ұсақ-түйектердің бәрінің тасасында терең мәнді нәрселер жатқанын көре білу керек, жұмыстың осы ұсақ-түйектерінде, заводтық комитет пен инженердің, пәлендей қызыл әскер мен пәлендей буржуазиялық офицердің, пәлендей шаруа мен буржуазиялық агрономның арасындағы қақтығыстарда,— осындай жанжалдарда, егестерде, ұсақ-түйектерде өлшеусіз терең мән бар екенін түсіну керек. Біз осы буржуазиялық мамандарды сыртқа лақтырып тастау керек деген соқыр сенімді жеңдік. Біз бұл машинаны қолға алдық, бірақ ол әлі жаман жүруде,— жалған үміттерге берілмейік: ол машина қадам басқан сайын сүрініп, қадам басқан сайын қателіктер жасауда, қадам басқан сайын орға құлауда, ал біз оны қайтадан сүйреп шығарудамыз,— бірақ ол жүре бастады, ал біз оны дұрыс жолмен жүргізетін боламыз. Соғыс бізді әкеп киліктірген және барлық елдердің империалистері бізді құлатып, белшемізден батырып тастамақшы болып отырған бүліншіліктің, адам айтқысыз қиыншылықтардың, күйзелістің, тағыланудың, қайыршылықтың, ашаршылықтың батпағынан біз осылайша, тек қана осылайша шыға аламыз.

Біз одан шыға да бастадық. Бұл — алғашқы қадамдар.

Советтік жұмыстың өткен бір жылы бізді бұл міндетті заводтық практиканың және шаруаның жұмыс практикасының әрбір жеке жағдайында айқын түсінуге, бұл

жұмысты меңгеруге үйретті. Бұл — Совет өкіметінің бір жыл ішіндегі орасан зор жеңісі. Бұған бір жылды жоғалту өкінішті болған жоқ. Біз буржуазиялық мамандардың маңызы туралы және пролетарлық ұйымдардың маңызы туралы баяғы кездегідей жалпы теориялық жағынан пайымдап жатпаймыз, біз кез келген заводтық комитет пен кез келген жер ұйымындағы тәжірибеміздің әрбір қадамын пайдаланып отырамыз. Егер біз Қызыл Армияның негізін қалаған болсақ, егер бізде кішігірім негіз қаланып отырған болса, егер біздің национализацияланған кәсіпорындарымыз болса және олардағы жұмысшылар өз міндеттерін түсінсе, қадам басқан сайын кері шегінуге тырысатын, бірақ жұмысшылардың бұқаралық ұйымдары Совет өкіметімен қоян-қолтық ілгері басуға мәжбүр етіп отырған буржуазиялық мамандардың көмегімен еңбек өнімділігін арттыра бастаған болса,— бұл Совет өкіметінің ең үлкен жеңісі. Бұл — көзге көрінбейтін жұмыс, мұнда жарқырап тұрған еш нәрсе жоқ, мұның маңызын барлық жағынан бірдей бағалау қиын, бірақ қозғалысымыздың ілгері басқан қадамы да нақ осыдан көрінеді: біз қанаушыларды жай күшпен жаныштау жөніндегі қарапайым міндеттен өзімізді өзіміз үйрету, бұқараны капиталистік кірпіштерден коммунизм орнатуға үйрету, капиталистік буржуазиялық мамандарды өзімізге жұмыс істеуге мәжбүр ету міндетіне кірістік. Тек осы жолмен жүргенде ғана біз жеңіске жетеміз. Сөйтіп, осы уақытқа дейін жүріп келген жолымызбен жүре отырып, бұл жеңіске шынында да жететінімізді біз қазір біліп отырмыз.

Жолдастар, мен сөзімді тым ұзаққа созып жібердім, сондықтан өзім қысқаша болса да айта кеткім келген соңғы мәселеге — деревняға көзқарас жөніндегі мәселеге көшемін.

Егер мен осыған дейін әскери жұмыс туралы, диктатура туралы, буржуазиялық мамандарды пайдалану туралы айтсам, мұнда — коммунистік құрылыстың орасан зор жаңа қиыншылықтары тұр.

Егер қала пролетариаты азшылық болып отырған елде, ал шаруашылықты жеке-жеке жүргізіп дағдылан-

ған, бытыраңқы шаруашылық жүргізудің осы дағдылары бастан-аяқ бойына сіңген шаруалар көпшілік болып отырған елде өкімет пролетариаттың қолына өткен болса, не істеу керек?

Алайда бұл шаруалардың көпшілігі помещиктер мен капиталистердің езгісінен күйзелгені, қайыршылыққа ұшырап, азап шеккені соншалық, олар пролетарларға құлшына көмек көрсетеді. Егер қала жұмысшысы шаруаға әкімдік көрсетпей, сөйтіп өзіне заңды өшпенділік туғызбай, оған белгілі бір дәрежеде байсалдылықпен, әдептілікпен, адамгершілікпен қарайтын болса,— егер қала жұмысшысы шаруаға белгілі бір дәрежеде адамгершілікпен қарайтын болса, онда шаруа оған нағыз жолдастық сенім көрсетіп, оны толық қолдайтын болады. Біз мұны білеміз. Деревняда Совет өкіметі осыған сүйеніп өмір сүріп отыр. Ол тек еңбекшілер көпшілігінің шын ниетпен қолдауы арқасында ғана өмір сүре алады. Біздің осы қолдауға ие болып отырған себебіміз — қала жұмысшылары біз байқамайтын мыңдаған жолдар арқылы деревня кедейлерімен байланыс жасады.

Мемлекеттік өкімет бұрын бұған кедергі жасап келген болса, қазір бұған көмектесу үшін бәрін істеп отыр. Совет өкіметі тек осының арқасында ғана өмір сүріп отыр, жеңістің кепілі, міне, осында ғана.

Мен әлгінде ғана айтқан орасан зор қиыншылықтар мынада: шаруа жекеше жұмыс істеп, астықты еркін сатып дағдыланған, сондықтан оның ойынша, бұл — заңды нәрсе. Ол былайша пайымдайды: астық алу үшін қаншама маңдай терімді төгіп, қан-сөлімді жұмсап еңбек еткен болсам, менің сол астықты еркін сатуға правомның болмайтыны қалай? Шаруаға мұның өзі жәбірлеу секілді көрінеді.

Бірақ біз Россияның бүкіл даму тәжірибесінен мынаны білеміз: еркін сауда жасау — капиталистерді еміневркін өрбіту деген сөз; ал ашаршылық зардабын шеккен елде, аш адам бір тілім нан үшін не нәрсені болсын аямай беруге, тіпті өзін өзі құлдыққа беруге де даяр тұрған елде еркін сауда жасау, ел ашығып отырған кезде

еркін сауда жасау — азшылықты емін-еркін байытып, көпшілікті күйзелту деген сөз.

Біз ашаршылық зардабын шеккен елдегі бірінші міндет — шаруаларға көмек көрсету екендігін дәлелдеуге тиістіміз; бірақ тек олардың қимыл-әрекетін біріктіру арқылы ғана, бұқараны біріктіру арқылы ғана көмек көрсетуге болады, өйткені шаруалар шашыраңқы, бытыраңқы күйде, бет-бетімен тіршілік етіп, жұмыс істеуге дағдыланған.

Бұл қиын міндетті жүзеге асыруға сырттан келетін кедергілер жоқ; бұл жерде күш жұмсау арқылы істелетін нәрсенің бәрі істелді; біз күш жұмсаудан бас тартып отырған жоқпыз; шаруалардың арасында кулактар бар екенін, олар тікелей ақ гвардиялық көтерілістер жасап, бізге қатты қарсылық көрсетіп отырғанын біз білеміз; мұның бүкіл шаруалар бұқарасына қатысы жоқ. Кулактар — азшылық; бұл жерде де — күрескен үстіне күресу керек, оларды жаныштау керек, біз оларды жаныштаймыз да, бірақ деревняда қанаушыларды жаныштау міндеті жеңіспен шешілгеннен кейін, күш жұмсау арқылы шешуге болмайтын мәселе келіп шығады. Барлық басқа салалардағы сияқты, бұл салада да біздің міндетімізді бұқаралық ұйым арқылы ғана, қала пролетариатының шаруаларға жүргізетін ұзақ тәрбиелік ықпалы арқылы ғана шешуге болады.

Біз бұл міндетті жүзеге асыра аламыз ба?— Иә, мұны біз тәжірибеден білеміз; шаруалардың орасан көпшілігі жұмысшы өкіметіне сенеді, тек сондықтан ғана жұмысшыларға деген осы сенімнің тәжірибесі бойынша негіз қалауға болады, оны қалау қазірдің өзінде басталды да, ол әрі қарай қалана беруге тиісті, бірақ оны жолдастық ықпал мен тәртіп арқылы қалау керек.

Практика жүзінде біздің алдымызда тұрған міндет, міне, осындай.

Біз кедейлер комитеттерін құрған кезімізде, деревнямен товар айырбасын жүргізуге тырысқан кезімізде[22], қала бере алатын аздаған товарларды байдың алуын емес, ең алдымен кедейдің алуын көздедік, сөйтіп, кедейлерге көмектесе отырып, біз солардың жәрдемімен кулакты жеңуге, оның артық астығын алуға тырыстық.

Қатынас құралдары өте нашар, шаруалары бытыраңқы ұлан-байтақ елде халықты астықпен жабдықтау міндетін шешу өте қиын еді, сондықтап бұл міндет бізді бәрінен де көп әбігерге түсірді. Халық Комиссарлары Советінің барлық мәжілістерін еске түсіре келіп, мынаны айтамын: Совет өкіметі осы міндетті шешу жолындағыдай қажырлы жұмыс істеген басқа бірде-бір міндет болған емес. Бізде шаруалардың шашырандылығы, бытыраңқылығы орасан зор, деревняда қараңғылық деген, жеке шаруашылыққа дағдыланушылық деген өте-мөте көп, онда астықпен еркін сауда жасауға тыйым салынуын жәбір көрсету деп санайды, ал бұл арада, әрине, орайы келген соң, саяси алаяқтар, әр алуан эсерлер мен меньшевиктер шыға келеді де, шаруаларды айтақтап, оларға: «Сендерді тонап жатыр!»—дейді.

Мынадай оңбағандар да бар ғой: советтік жұмыстың бір жылынан кейін де, сөз арасында айта кетелік, соңғы айлардың ішінде деревняға біздің 42 мың вагон өнім беріп, оның орнына тек 39 мың вагон ғана астық алғанымызды азық-түлікшілер дәлелдеген кездің өзінде де нақ сол оңбағандар, осыны біле тұра: «Шаруалар, сендерді Совет өкіметі тонап жатыр!»— деп байбалам салып отыр.

Қалаларда жұмысшылар шаршап-шалдығып жатқан уақытта,— ал Россияның қалалары мен егін екпейтін жерлеріндегідей ешбір жерде сұрапыл ашаршылық жоқ,— шаруалар барлық помещиктік жер мен астықты өз қолдарына алған уақытта, Совет өкіметінің алғашқы жылында шаруалардың көпшілігі, біз мұны білеміз, барин мен көпеске емес, өздеріне жұмыс істеп, ішіп-жемін жақсартқан уақытта, қалалар мен егін екпейтін жерлерде ашаршылықтан ел азап шегіп жатқан кезде, барлық капиталистер бізді ашаршылықпен әлсіретуге тырысып жатқан кезде,— міне, осындай уақытта меньшевиктер мен эсерлердің немесе басқа бір сайқымазақтардың тонын жамылған адамдар шыға келіп: «Сендерді тонап жатыр!» деуге батылы барады. Бұлар — капитализмнің агенттері, сондықтан біз бұларға капитализмнің агенттеріне қолданылатын шаралардан басқаша шара қолданбаймыз, басқаша етуге тиісті де емеспіз!

Совет өкіметі қиындықтың ең бастысы аштықшылық мәселесінде болып отыр деп есептеген кезде, дәл осы уақытта әрбір совет азаматының міндеті — барлық артық астықты ашығушыға беру. Әрбір еңбекші адамға мұның анық, айқын екені соншалық, түсінікті екені соншалық, бұған қарсы дау айтуға болмайды. Осындай ұғымды, анық, айқын ақиқатты көмескілеп, оны түсініксіз ету үшін немесе оны бұрмалау үшін бұл арада алдау, саяси алаяқ болу керек!

Қала жұмысшысы осы ақиқатқа сүйенеді. Осы ақиқаттың айқындығы арқасында ол өзінің өте қиын ісін тындырып жатыр. Ол осы күнге дейін кедей шаруаларға: біз сіздермен бірге Совет өкіметінің нағыз тірегі болып табыламыз деп айтып келді. Сол үшін кедейлер комитеттері, товар айырбасының ұйымдары құрылды, бүкіл халықты біріктіру ісіне кооперативтер міндетті түрде қатыстырылды. Егіншілік саласында шығарылған барлық декреттер осы негізгі пікірге толы, қала жұмысшыларына арналып жазылған барлық үндеу хаттарда: деревня кедейлерімен бірігіңдер, бұлай етпейінше сіздер ең маңызды және ең қиын мәселені — астық туралы мәселені шеше алмайсыздар делінді. Ал шаруаларға біз былай дедік: не сен қала жұмысшысымен бірігесің, онда біз жеңіп шығамыз, не сен капиталистердің және олардың меньшевиктік костюм киген приказчиктері мен малайларының үгіті мен азғыруына еріп кетесің, олар саған: «Қалаға өзіңді тонатпа, сауданды еркін жүргізе бер; кім бай болса, пайдаға да сол кенеледі, ал егер ашаршылықтан қырылатын болса, онда сенің не жұмысың бар» деп ақыл үйретеді,— онда сен өзің де құрисың, капиталистің құлы боласың, Советтік Россияны күйзелтесің. Тек капитализм тұсында ғана: «Мен сауда істеймін, мен пайдаға кенелемін, әркім өз басының қамын ойлайды, бір құдай тағала баршаның қамын ойлайды» деп пайымдалатын еді. Осылай деп пайымдаған капитализм соғысты туғызды; жұмысшылар мен шаруалар қайыршыланып, болмашы азшылық қана миллиардерлер болғаны, міне, сондықтан.

Міндет мынада болып отыр: практикалық жұмыста шаруалармен жақындасу мақсатын, кедейлер мен орта шаруаларды ұйымдастыру мақсатын көздеу керек, сөйтіп қадам басқан сайын олардың ескілікке елігуіне қарсы, олардың кейін қарай, еркін саудаға қайта оралуға тырысқан әрекеттеріне қарсы, олардың «еркін» қожайындық етуге ұдайы ұмтылуына қарсы күресу керек. «Еркіндік» деген сөз — жақсы сөз; қадам басқан сайын «еркіндік»: сауда істеу, сату, сатылу еркіндігі және т. т. Сөйтіп, осы «еркіндік» деген тамаша сөзді әрбір газетте, сөйленген сөзде сан саққа жүгіртіп, сан құбылтып айта беретін меньшевиктер мен эсерлер, алаяқтар да табылады; бірақ бұлардың бәрі де халықты кері тартатын кілең өтірікшілер, капитализмнің жезөкшелері.

Ақыр аяғында, Халық Комиссарлары Советінің, сондай-ақ Қорғаныс Советінің де соңғы уақытта, соңғы айлар мен апталарда қамқорлықпен істеген ең басты ісі және қимыл-әрекетінің мақсаты ашаршылықпен күресу болды.

Біз үшін ашаршылық дәл қазір, көктемнің қарсаңында, өте үлкен кесел болмақ; ал көктем біздің алдымыздағы ең бір ауыр кезең. Өткен жылы қыстың аяғы, көктем мен жаздың басы бізге ең қиын мезгіл болған еді, сол сияқты биыл да біз нақ қазір сондай қиын кезеңге аяқ басып отырмыз. Совет өкіметіне қарсы ашық күресте оны күйрете алмаған ақ гвардияшылар, помещиктер мен капиталистер, бәлкім, енді ашаршылықты пайдаланып бірдеме қылармыз деп қатты үміттенуде.

Ал оның бер жағында өздерін меньшевиктер және эсерлер деп, оңшылдар және солшылдар деп атайтын адамдардың құлдырап кеткендігі соншалық, олар сөз жүзінде өздерін жұмысшы халықтың жақтаушылармыз деп мәлімдейді, ал азық-түлік жағдайы шиеленіскен кезде, ашаршылық қаупі төніп келе жатқан кезде, олар осыны пайдаланып қалуға тырысып, халық бұқарасын жұмысшылар мен шаруалар өкіметіне қарсы айдап салмақшы болады; олар өткен жылы Шығыс майданда солшыл эсер Муравьевтің жасаған опасыздығы ақ гвардияшыларға қарсы соғыста ондаған мың жұмысшылар мен шаруалардың өмірін жалмағанды-

ғын түсінбейді, сондай-ақ, солшыл эсерлер жүргізіп отырған қазіргі саясаттың қандайы болсын, үгіттің және ашаршылықты пайдаланып қалуға тырысқан әрекеттің қандайы болсын,— олар мұны жұмысшылардың пайдасы үшін жүргізіп отырмыз демек болады,— мұның бәрі ақ гвардияшыларға тікелей көмек көрсеткендіктен басқа ештеңе де емес екендігін түсінбейді. Мұндай үгіттің қандайы болса да ақ гвардияшыларға қарсы соғыста тектен-текке мыңдаған құрбандықтарға ұшыратады. Өткен жылы, Муравьев опасыздық жасаған кезде, ол бүкіл майданды ашып тастай жаздап, бірсыпыра ауыр жеңілістерге ұшыратты.

Сондықтан мен ең алдымен және көбінесе басты фактілерге өте қысқаша тоқтап өткім келеді.

Қазір біздің жағдайымыз, өткен жылдың көктеміндегі сияқты, азық-түлік жөнінен тағы да нашарлап кетіп отырса да, енді біздің бұл қиыншылықты жеңіп қана қоймай, былтырғыға қарағанда одан жақсы құтыламыз ба деген үмітіміз де бар. Ол үміт мынаған негізделген: шығыс пен оңтүстікте істің жайы анағұрлым жақсарды, ал шығыс пен оңтүстік — Россияның ең басты астық қоймасы. Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің соңғы күндерде өткізген бірсыпыра кеңестерінде біз Қазаннан Саратовқа дейінгі жолдар бойында және Волга-Бугульма жолында, Самарадан шығысқа қарай, Волганың сыртында 9 миллион пұтқа жуық даяр астық үюлі жатқандығын дәл анықтадық.

Бүкіл орасан зор қиыншылық, барлық үлкен қауіп мынада болып отыр: транспортымыздың қатты зақымданып, паровоздардың мүлде жеткіліксіз екендігі соншалық, біздің сол астықты тасып ала алатындығымызға көзіміз жетпей отыр. Біздің соңғы кездегі жұмысымызда жатпай-тұрмай қам жасайтын нәрсеміз осы болды, міне сондықтан да біз жолаушылар поездарының жүрісін 18 марттан 10 апрельге дейін тыйып, толық тоқтатып тастауға дейін бардық.

Мұның ауыр екендігін біз білеміз. Ақ гвардияшыларға көмектесетін үгітшілер табылады, олар: «Халық ашығып жатқанда, астық алып жүргізбеу үшін жолаушылар поездарын тоқтатып қойғандарын көрмейсіңдер

ме» деп айқай сала бастайды. Мұндай үгітшілер бар да. Бірақ біз өзімізге былай дейміз: қиыншылық қандай болған жағдайда да біз адал жұмысшылардың саналылығына сенеміз, олар бізді қолдайды.

Поездардың жүрісін тоқтату, мамандардың бізге берген мәліметтеріне қарағанда, 220 паровозды босатады екен. Бұл жолаушылар таситын паровоздар жүк таситын паровоздардан әлсіздеу, жүк тасушылық қабілеті де кемдеу, бірақ олар, біздің есебімізше, осы уақыттың ішінде үш жарым миллион пұтқа жуық астық тасып бере алады. Ал егер осы уақыттың ішінде астықты жекелеген қапшықшылар, басы ауған жаққа жүре беретін ашыққан адамдар таситын болса, онда олар, ең мықтағанда, жарты миллион пұт астық әкелген болар еді. Темір жолдың әрбір тәжірибелі жұмысшысы, Заволжьенің жолында болып, кейде тіке қар үстінде үюлі жатқан астықты көрген әрбір адам бұл шындықты растай алады. Қаптаулы астықтың шіріп кетуі мүмкін, астық онсыз да дымқыл болатын; ал су таси бастаған кезде жағдай тым қауіпті болады. Бірақ біз осындай қауырт шараға бел байладық, өйткені жұмысшылардың орасан зор бұқарасынан шындықты жасыруға болмайтындығына, солшыл эсерлердің үгітшілері оларды дұрыс жолдан тайдыра алмайтындығына және бұл шындықтың жеңіп шығатындығына біз сенімдіміз.

Жолаушылар поезының жүрісін тоқтату сияқты қауырт шара бірнеше миллион пұт астық жеткізуді қамтамасыз ете алады. Жолаушылар поезының жүрісін тоқтату зиянды деген өтірікті, өсек-аянды және басқа жалған сөздерді серпіп тастай отырып, біз былай деуге тиіспіз: бұл шара оңтүстікке астық әкелуге аттанатын Петроград, Москва және Иваново-Вознесенск жұмысшыларының көмегімен астықты жеткілікті етеді. Сөз арасында ескерте кетейін, азық-түлік ісін ұйымдастыру үшін Петроградтай соншама көп күш берген бірде-бір қала жоқ; оның барлық таңдаулы күштері қазірдің өзінде-ақ осы жұмысқа жөнелтілді, алдыңғы қатарлы қалалардың жұмысшылары осылай істеуге тиіс те.

Социалистік революцияны жұмысшы табынсыз жасауға болмайды; егер капитализм әбден езіп, азаптаған,

ондаған миллион сауатсыз және бытыраңқы деревня адамдарына басшылық ете алатын күштер жұмысшы табында жиналмаған болса, онда революцияны жасауға болмайды. Ал оларға тек алдыңғы қатарлы жұмысшылар ғана басшылық ете алады. Бірақ таңдаулы күштер қазірдің өзінде сарқылып, мұқалып, қажып қалды. Оларды ауыстырып, орнына орташаларды, жастарды қою керек. Бұлардың қателесуі де мүмкін,— оқасы жоқ; тек жұмысшы ісіне берілген, пролетарлық күрестің жағдайында тәрбиеленген болса болғаны.

Волга-Бугульма жолына таңдаулы күштерді жіберу үшін біз қазірдің өзінде бірқатар шаралар қолдандық. Жұмысшылар отрядымен бірге Брюханов жолдас сол жаққа жүріп кетті. Басқа жолдарға да әскери отрядтармен қоса жұмысшылар жіберілді, сондықтан, қайталап айтамын, бізде астық болады деген зор үміт бар. Жарты жыл ауыр болады, бірақ бұл ең соңғы ауыр жартыжылдық, өйткені қазір біздің алдымызда тұрған жау күшейе түскен жау емес, азғындап бара жатқан жау, өйткені советтік қозғалыс барлық елдерде өсіп келеді.

Сақтықпен пайымдап, жасаған есептерді әлденеше рет тексере отырып, жолаушылар поездарының жүрісін тоқтату бірнеше миллион пұт астық тасып жеткізуге мүмкіндік береді және шығыс пен оңтүстіктегі өте мол астықты пайдалануға жағдай жасайды дегенде, біз осындай деректерге сүйендік. Бұл ауыр жарты жылда біз өзіміздің ең басты жауымызды, аштарылықты жеңіп шығамыз; оның үстіне, өткен жылғыға қарағанда, қазір біздің жағдайымыз жақсы, өйткені бізде запас бар.

Өткен жылы чехословактар Қазан мен Симбирскіге дейін жетті, Украина немістердің тепкісінде болды, Краснов немістердің ақшасына Донда әскер жинап жатты, сөйтіп оңтүстік бізден бөлініп тасталды; ал қазір Украина неміс империалистерінен азат етілуде; Украинадан 60 миллион пұт астық әкетпекші болған неміс империалистері небары 9 милион пұт қана астық әкете алды, сонымен бірге асқазандары сіңіре алмайтын нәрсені — большевизмді қоса ала кетті. Осыдан келіп неміс

империалистері омақаса құлады, егер Россияға ішкерілеп енуге мүмкіндік алатын болса, француз империалистері де, ағылшын империалистері де осылайша омақаса құлайды.

Бізде қазір Советтік Украина бар. Ал Украинадағы Совет үкіметі астық мәселесі көтерілген кезде бізге саудагерлік баға ұсынбайды, жалдаптың немесе «Аш кісі бір пұтқа мың сом да береді, мемлекеттік монополияға пысқырып та қарамаймын, тек пайда тапсам болғаны, ал халық ашығып жатса, тіпті жақсы, көбірек береді» дейтін теріс пікірдегі мужиктің қоятын бағасын қоймайды. Деревня буржуазиясы осылайша пайымдайды, кулактар, жалдаптар осылайша пайымдайды, ал астық монополиясына қарсы даурығатындардың, сауда «еркіндігін» жақтаушылардың, яғни бай мужиктің пайдаға кенелу еркіндігін және қолына еш нәрсе түсіре алмайтын жұмысшының біржолата аштан өлу еркіндігін жақтаушылардың бәрі де оларға көмектесіп отыр. Ал украин үкіметі былай деді: «Бірінші міндет—ашығып жатқан солтүстікке көмектесу. Егер ашаршылықтың азабын тартып жатқан солтүстік шыдап тұра алмаса, онда Украина да шыдап тұра алмайды; егер Украина ашығып жатқан солтүстікке көмектессе, оның өзі де шыдап тұрады және сөзсіз жеңіп шығады».

Украинада астық қоры ұшан-теңіз. Бәрін бірден алуға болмайды. Біз Украинаға өзіміздің таңдаулы советтік күштерімізді жібердік, қазірдің өзінде ондағылар бір ауыздан былай деп хабарлап отыр: «Астық қоры ұшан-теңіз, бірақ бәрін бірден тасып әкетуге болатын емес, аппарат жоқ». Немістердің Украинаны әбден күйзелтіп кеткені соншалық, онда бірен-саран аппарат енді-енді құрыла бастады; онда берекесіздік меңдеген. Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы апталарда біздің Смольныйда отырып, күйзеліске қарсы күрескен кезіміздегі ең нашар уақыттар, қазір Украина бастан кешіріп отырған қиыншылықтармен салыстырғанда, түк емес. Украин жолдастар: кісі жоқ, Совет өкіметін құратын ешкім жоқ, ешқандай аппарат жоқ, мұнда Питер немесе Москва сияқты пролетарлық орталықтар жоқ, ал Украинаның пролетарлық орталықтары—жау

қолында деп қынжылады. Киев пролетарлық орталық емес, ашаршылықтың азабын тартқан Донецк бассейні казактардан азат етілген жоқ. «Солтүстіктегі жұмысшылар, бізге көмек көрсетіңдер!»—дейді олар.

Сондықтан, басқа қалалардың қайсысынан болса да Питер жұмысшыларының көп бергенін біле тұра, біз украин жолдастардың атынан сол Питер жұмысшыларына: «Тағы да беріңдер, әлі де болса күштеріңді сала түсіңдер!» демекпіз. Украин жолдастарға біз қазір көмектесе аламыз және көмектесуге тиіспіз де, өйткені оларға Совет өкіметінің аппаратын жергілікті жерде, ауыр қасіреттерден ойсырап, тып-типыл болған жерде құруға тура келіп отыр, басқа ешбір жерде мұндай мүшкіл хал, мұндай қасірет болған жоқ!

Біз, партиямыздың Орталық Комитетінде, бұл жағдайды талқылап, мынадай тапсырма бердік—ең әуелі Украинада аппарат құру үшін бәрін істеп, қолда қару мен аппарат болған кезде жұмысқа кірісу керек, ал 1 июньге дейін соның үшін 50 миллион пұт астық алу керек дедік.

Бұл міндет орындала қояды деп мен сіздерді ешбір сендіргім келмейді. Өзімізге қаншама міндеттер алғанымызбен, оларды көрсетілген мерзімде орындай алмағанымызды біздің бәріміз де білеміз. Бұл міндеттің тіпті бір бөлегі-ақ орындалатын болсын делік. Дегенмен, мынаны мықтап біліп алыңыздар: қиын-қыстау күн туғанда, біздегі ашаршылық күшейе түсетін кезде, шығыс пен оңтүстікте бүкіл азық-түлік аппараты толық жұмыс істей бастаған кезде, оңтүстіктен жедел жәрдем алуға, сөйтіп жағдайымызды жақсартуға мүмкіндік бар.

Украинадан басқа, бізде тағы бір астық көзі—Дон облысы бар. Қызыл Армияның жеңістері онда қазірдің өзінде-ақ кереметтер жасады. Осыдан бірнеше апта бұрын Донда ең әуелі немістердің, ал содан соң ағылшындар мен француздардың миллиондарына сатылған, қазірде де солардың жәрдемін алып отырған басты жауымыз Красновқа қарсы, офицерлерге қарсы, казактарға қарсы соғыста,—осыдан бірнеше апта бұрын біздің жағдайымыз ауыр еді; ал қазір біз орасан зор шапшаңдықпен тек Царицынға дейінгі аймақтың территория-

сын алып қана қоймай, Царицыннан оңтүстікке қарай өттік. Красновтың және Донның контрреволюционерлері күйретілді, сөйтіп оларға империалистер берген көмектің ешқайсысының да жәрдемі тимеді.

Ал мұның мәнісі не? Мұның мәнісі—біз көмір мен астыққа жақындадық деген сөз, ал оларсыз біз мерт боламыз, өйткені көмірдің тапшылығынан темір жолдар мен фабрикалар тоқтап қалып жатыр, астықтың жеткіліксіздігінен қаладағы жұмысшылар, жалпы егін екпейтін жердегілер ашаршылықтың азабын тартып отыр*.

Нақ Украинадағы сияқты, Донда да астық қоры ұшан-теңіз; оның үстіне, біз онда аппарат жоқ деп айта алмаймыз; әрбір әскери бөлімде коммунистік ұя бар, жұмысшылардан тағайындалған комиссарлар бар, азық-түлікші жұмысшылардың топтары бар; ондағы ең басты қиыншылық мынада: ақ гвардияшылар шегінген кезде көпірлерді қиратып кетті, сондықтан негізгі екі темір жол линиясының екеуі де жарамсыз болып шықты.

Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің соңғы мәжілісінде біз мамандарды шақырып алып, линияларды жөндеуге керекті материалды қалай табуға болатындығы және ең болмағанда солардың бірін қалай жөндеу керек екені жөнінде сұрастырдық. Қорғаныс Советінің соңғы мәжілісінде біз мынаны анықтап алдық: орасан көп күш жұмсаудың арқасында материалдардың жеткізілгені былай тұрсын, сонымен қатар жергілікті жолдастардан екі линияның екеуін де көк-

* Одан әрі стенограммада кітапшаға кірмеген мынадай текст келеді: «Қызыл Армия өз борышын адам айтқысыз ауыр жағдайларда атқарып жатыр. Бүкіл дүние жүзі түгелдей соғыстан титықтаған кезде біздің армия сындарлы армияға айналды, мұнда патша тұсындағыға қарағанда әлдеқайда ауыр соғысқа төзген адамдар күресіп жатыр, олардың төзетін себебі—олар әрбір әскери бастықтың жанында коммунистерден тағайындалған комиссар—Питердің немесе Московның, немесе Иваново-Вознесенскінің таңдаулы жұмысшысы отырғанын көріп жүр. Әрбір әскери бөлімде коммунистік ұялар құрылып жатыр, әрбір штаб үгіт-насихат орталығына айналып отыр. Армияның бүкіл күші бір, тек қана бір нәрседе: Петроградтың, Москваның және Иваново-Вознесенскінің таңдаулы жұмысшыларымен мейлінше тығыз байланысты болуында. Бетбұрыс жасап, кереметті көрсеткен, міне, осы; «казак» деген бір сөзден зәре-құты қалмайтын армиядан бірнеше аптаның ішінде-ақ екі темір жол линиясын қаратып алған армия құрылды, ол линиялар астық пен көмірге апаратын басты жолдар болып табылады». *Ред.*

темде су тасығанға дейін қалпына келтіруге кепіл боларлықтай уәделер алып отырмыз. Екі линияда да транспортты осылайша қалпына келтіру ісі, бәлкім, казактарды сан рет жеңгенімізге барабар болар, ал мұның өзі былай деуімізге мүмкіндік береді: «Әлде де бірнеше ауыр айларға шыдау керек, бар күш-жігерді жұмсау керек, бізге Петроградтың, Москваның және Иваново-Вознесенскінің жұмысшылары көмектесетін болсын». Бірдеңе әкелуге қиындық тигізіп отырған шығыстан басқа, астық қоры ұшан-теңіз, бірақ аппараты жоқ Украинадан басқа, Қызыл Армия жеңіп алған Дон бар. Міне сондықтан да біз осының бәрін жергілікті жерлерден сан рет түскен баяндамалар мен хабарлар арқылы тексергеннен кейін, азық-түлік және темір жол ісі жөніндегі мамандармен әңгімелескеннен кейін, сақтықпен, байыпты түрде есептей келіп былай дейміз: өткен жылғыдай шыдап бағатындығымыз былай тұрсын, сонымен қатар өз жағдайымызды едәуір жақсарта да аламыз, бұл жөнінен бізде өте берік, бұлжымас сенім бар.

Біздің ішкі жауымыз азып-тозуға айналды, сыртқы жауымыз да ұзақ шыдап тұра алмайды. Жолдастар, осында келген шетелдік жолдастардан естігендеріміз бұған бізді әсіресе иландырып отыр; олармен бірге біз жақында Москвада Коммунистік Интернационалды құрдық. Париждегі халық жиналыстарында большевизмге тиіскендері үшін шешендерді трибунадан қуып түсіреді екен. Иә, біз жеңіп шығамыз! Империалистер әлі де мың-мыңдаған жұмысшылардың қанын төгіп, Роза Люксембург пен Карл Либкнехтті және Интернационалдың жүздеген таңдаулы өкілдерін өлтірер, Англияның, Францияның, Германияның және Италияның түрмелерін социалистермен толтырар, бірақ бұл ешбір жәрдемін тигізбейді! Біз жеңіп шығамыз! Өйткені Советтердің не екенін, Совет өкіметінің не екенін—мұны, барлық жалған сөзге қарамастан, қаптаған өтірік пен жиіркенішті жалаға қарамастан, барлық елдердің жұмысшылары түсінді. Сондықтан барлық елдердің капиталистерінде жан сақтарлық амал қалған жоқ. Қайталап айтамын, олар бітім жасасар кезінде өзара қырқы-

сады. Франция Италияға тарпа бас салуға әзір тұр, олар олжаны бөлісе алмайды; Жапония Америкаға қарсы қаруланып жатыр. Олар халықтардың мойнына адам естімеген алым, миллиард-миллиард соғыс заемдарын салды. Бірақ барлық жерде де халық соғыстан қажыған, барлық жерде де азық-түлік тапшы, өндіріс тоқтап қалған, барлық жерде де ашаршылық бар. Контрреволюционерлерге оңды-солды көмектесуге уәде беріп отырған Антанта өз елдерін асырай алмай келеді. Париждің де, Лондонның да, Нью-Йорктың да жұмысшылар бұқарасы «Совет» деген сөзді өз тілдеріне аударып, бұл сөзді әрбір жұмысшыға түсінікті етті, өйткені ескі буржуазиялық республика арқылы іске көмектесуге болмайтынын, тек жұмысшы өкіметі ғана көмектесе алатынын олар біледі.

Ал егер Россияда Совет өкіметінің алдында орасан зор қиыншылықтар тұрған болса, онда мұның себебі мынада—дүние жүзіндегі ең қарулы, ең күшті державалардың әскери күші Россияға жабылып отыр. Осыған қарамастан, Россиядағы Совет өкіметі бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының тілектестігіне, көңіл аударуына және адамгершілік қолдауына ие болып алды. Сөйтіп, осы деректерге сүйене отырып, бұларды ешбір асыра көрсетпей-ақ, Германияда да, сондай-ақ басқа елдерде де жұмысшылардың қаны төгіліп жатқанына, социализмнің көптеген таңдаулы көсемдері айуандық азапқа салынып өлтіріліп жатқанына көз жұмып қарамай-ақ,—мұны біз білеміз, бұған көзімізді жұмбаймыз да,—біз былай деп кесіп айтамыз: жеңіс біздікі, бұл баянды жеңіс болмақ, себебі басқа елдердің империалистері есеңгіреп қалды, жұмысшылар қазірдің өзінде-ақ желік пен алдау-арбаудың шырмауынан арыла бастады, Совет өкіметі қазірдің өзінде-ақ бүкіл дүние жүзі жұмысшыларына өзін танытып отыр; қай жерде болса да тек Советтердің құрылысына ғана үміт артылуда, жұмысшылар өкіметті өз қолдарына алады деген үміт туып отыр.

Дамымаған, мешеу елдің өзіндегі біріккен жұмысшылар өкіметті өз қолдарына алып, бүкіл дүние жүзінің империалистеріне қарсылық көрсететін күш құра

алғанын, сол жұмысшылардың капиталистерден фабрикаларды алғанын, помещиктердің жерін шаруаларға алып бергенін жұмысшылар білген кезде,—бұл шындық барлық елдердегі жұмысшылар бұқарасына жайылған кезде, сонда жалпы жұртқа естіртіре, кәміл сеніммен, тағы да былай деуге болады: дүние жүзілік көлемде біздің жеңісіміз қамтамасыз етілді, өйткені буржуазия есеңгіреп қалды, ол енді жұмысшыларды алдай алмайды, өйткені советтік қозғалыс әр жерде де туып отыр, сөйтіп біз көп ұзамай-ақ, 1917 жылы 25 октябрьде Совет өкіметінің туғанын көргеніміздей, жақында Москвада III, Коммунистік Интернационалдың туғанын көргеніміздей,—көп ұзамай-ақ біз Халықаралық Совет республикасының туғанын да көреміз. (Сөз ұзақ қол шапалақтаумен қайта-қайта бөлініп, аяқталды.)

Төмендегіні менің сөйлеген сөзімнің *алғы сөзі* ретінде немесе *соңғы сөзі* ретінде, ең болмағанда өте ұсақ петитпен болса да, басып шығаруды питерлік жолдастардан қатты өтінемін.

17/IV.

Ленин

СОҢҒЫ СӨЗ[23]

Сөйлеген сөзімнің жазбасын түзету үшін бірсыпыра еңбек еткеннен кейін менің сөйлеген сөздерімді баспасөз үшін жазып алғысы келетін жолдастардың бәріне қатты өтініш етуге мәжбүр болып отырмын.

Өтінішім мынадай: менің сөйлеген сөздерімнің стенографиялық жазбасына да, одан басқаша жазбасына да еш уақытта сүйене көрмеңіздер, бұларды жазып алуға ешқашан да әуестенбеңіздер, менің сөздерімнің жазбасын ешқашан да баспаңыздар.

Менің сөйлеген сөздерімнің жазбасы орнына, егер оның қажеттігі болса, осы сөздер туралы есептер басылсын. Өзімнің сөйлеген сөздерім туралы газеттерде басылған осындай есептерді көрдім, бұлар қанағаттанарлық болып келді. Бірақ мен өзімнің сөйлеген сөздерім-

нің азды-көпті қанағаттанарлық жазбасын бір рет те көрген емеспін. Мұның неден екенін айта алмаймын, тым тез сөйлегендігімнен бе, әлде сөйлемнің дұрыс құрылмағандығынан ба, немесе басқа бір нәрседен бе, әйтеуір осылай екені факт. Сөйлеген сөздерімнің бірде-бір қанағаттанарлық жазбасын, стенографиялық жазбасын да, басқаша бір жазбасын да, мен әлі бір рет те көрген емеспін.

Сөйлеген сөздің жаман жазбасы болғанша, сол сөз туралы жақсы есептің болғаны артық. Сондықтан да менің өтінетінім: менің сөйлеген сөздерімнің ешқандай жазбалары ешқашан да басылмасын.

17. IV. 1919.

Н. Ленин

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 1919 ж. 18 МАРТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ МӘЖІЛІСІНДЕ Я. М. СВЕРДЛОВТЫ ЕСКЕ ТҮСІРГЕН СӨЗ

Жолдастар! Бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары Париж Коммунасының ерлік өрлеуін және оның қайғылы аяқталуын еске түсіріп жатқан күні бізге Яков Михайлович Свердловты жерлеуге тура келіп отыр. Біздің революциямыздың барысында, оның жеңістерінде Свердлов жолдас пролетарлық революцияның ең басты, ең елеулі белгілерін басқалардың қайсысынан болса да толығырақ және жинақтырақ етіп көрсете алды, міне сондықтан да оның пролетарлық революцияның көсемі ретіндегі маңызы революциялық іске оның қалтқысыз берілгендігінен гөрі анағұрлым зор дәрежеде нақ осында болып отыр.

Жолдастар! Үстірт ойлайтындардың көздеріне, біздің революцияның көптеген жауларының немесе осы күнге дейін революция мен оның дұшпандары арасында ауытқып жүргендердің көздеріне,—міне осындай адамдардың көздеріне көбінесе революцияның қанаушыларды және еңбекші халықтың жауларын батыл, аяусыз қатаң жазалаудан көрінетін белгісі түседі. Күмән жоқ, бұл белгісі болмаса,—революциялық күштеу болмаса,—пролетариат жеңе алмаған болар еді, бірақ сонымен қатар мынаған да күмән болуы мүмкін емес: революциялық күштеудің өзі революцияның белгілі бір даму кезеңдерінде ғана, белгілі бір және ерекше жағдайлар болған күнде ғана революцияның қажетті және заңды тәсілі болып отырды, ал пролетарлық бұқараны ұйымдастыру, еңбекшілерді ұйымдастыру ісі бұл революция-

ның анағұрлым терең, тұрақты қасиеті, оның жеңістерінің шарты болып келді және солай болып қала береді. Революцияның ең жақсы шарттары, оның жеңістерінің ең терең негіздері, міне, осы миллиондаған еңбекшілердің ұйымдасуында. Пролетарлық революцияның нақ осы белгісі күрестің барысында бұрын революцияда болып көрмеген осы ерекшелікті—бұқараны ұйымдастыру ісін бәрінен де көп жүзеге асырған көсемдерді өсіріп шығарды. Пролетарлық революцияның осы белгісі Я. М. Свердлов сияқты адамды да өсіріп шығарды; ол ең алдымен және көбінесе ұйымдастырушы болды.

Жолдастар! Біздерге, орыстарға, әсіресе революционерлер үшін ауыр уақыттарда, революция әзірлігінің ауыр, ұзақ, кейде азапты және шамадан тыс көпке созылған кездерінде, көбінесе теорияның, принциптердің, программаның және істің арасындағы алшақтықтан қасірет шегуімізге тура келді, бізге екінің бірінде тікелей қимылдан қол үзген теорияға шамадан тыс салынып кеткендіктен қасірет шегуге тура келді.

Орыстың талай ондаған жылдар ішіндегі революциялық қозғалысының тарихы революциялық іске шын берілген, бірақ өздерінің революциялық мұраттарын іс жүзінде қолдануға мүмкіндігі болмаған адамдардың мартирологін біледі. Міне, бұл жөнінде пролетарлық революция тұңғыш рет бұрынғы жеке-дараларға, революциялық күрестің қаһармандарына нағыз негізді, нағыз базаны, нағыз жағдайды, нағыз аудиторияны және нағыз пролетарлық армияны жасап берді; мұнда бұл көсемдер өздерін көрсете білді. Бұл жөнінде практикалық қимыл жасаушы ұйымдастырушылар ретінде соншалықты ерекше көрнекті орынға ие бола білген көсемдер бәрінен де айқын көзге түседі; Я. М. Свердлов осындай орынға ие болып, оны лайықты түрде пайдаланды.

Егер біз пролетарлық революцияның осы көсемінің өмір жолына көз жіберсек, онда біз бірден мынаны көреміз: оның тамаша ұйымдастырушылық таланты ұзақ күрес үстінде өсіп жетілді, пролетарлық революцияның бұл көсемі өзінің ірі революционерлік әрбір тамаша

қасиетін өзі шыңдады—революционерлік қызметінің әр түрлі кезеңдерінде аса ауыр жағдайларды басынан кешіріп, қиындықтың дәмін тата жүріп шыңдады. Қызметінің алғашқы кезеңінде, өрімдей жас жігіт кезінде, зердесіне саяси сана ұялай бастасымен-ақ ол бірден және түгелдей революцияға берілді. Бұл дәуірде, XX ғасырдың нақ бас кезінде, біз Свердлов жолдасты мейлінше ысылған профессионал революционер ретінде танып білдік,—бұл кісі семьясынан, ескі буржуазиялық қоғамның барлық қолайлы жағдайлары мен әдеттерінен бүтіндей қол үзген еді, бұл кісі революцияға бүтіндей және жан-тәнімен берілген еді, ол ұзақ жылдар бойы, тіпті он жылдар бойы түрмеден айдауға және айдаудан түрмеге көшіп жүріп, революционерлерді ұзақ жылдарға мойымастай етіп шынықтыратын қасиеттерді өз бойында шыңдай білген еді.

Бірақ бұл профессионал революционер ешқашан да, бір минут та бұқарадан қол үзген емес. Егер патша өкіметі тұсындағы жағдайлар, сол кездегі барлық революционерлер сияқты, оны да көбінесе астыртын, құпия қызмет істеуге мәжбүр еткен болса, осындай астыртын, құпия қызметте де Свердлов жолдас әрқашан алдыңғы қатарлы жұмысшылармен қол ұстасып, қоян-қолтық қатар жүрді, дәл XX ғасырдың басында осы алдыңғы қатарлы жұмысшылар интеллигенция арасынан шыққан революционерлердің бұрынғы ұрпағының орнын баса бастаған еді.

Нақ осы кезде ондаған, жүздеген алдыңғы қатарлы жұмысшылар іске кірісіп, өздерін революциялық күреске шынықтырды, ал осылай шынықпайынша, сонымен бірге бұқарамен аса берік байланыс жасамайынша, Россияда пролетариат революциясы табысты бола алмас еді. Құпия жұмыстың нақ осы ұзақ жолы—үнемі күреске қатыса отырып, еш уақытта бұқарадан қол үзбеген, еш уақытта Россиядан кетпеген, таңдаулы жұмысшылармен әрдайым бірге қимылдаған және қудалаудың салдарынан революционердің өмірден қол үзе беретіндігіне қарамастан өзін жұмысшылардың сүйікті көсемі етіп, практиканы жұрттың бәрінен де тереңірек, көбірек білетін көсемі ғана емес, сонымен бірге

алдыңғы қатарлы пролетарлардың ұйымдастырушысы етіп шығара білген адамға ерекше тән қасиет. Егер кейбіреулер құпия жұмысқа бүтіндей беріліп кетушілік, профессионал революционердің осы қасиеті оны бұқарадан қол үздіреді деп ойласа — көбінесе біздің дұшпандарымыз немесе ауытқушы адамдар осылай ойлайтын еді,—онда нақ Я. М. Свердловтың революциялық қызметінің үлгісі мұндай көзқарастың қаншалықты өрескел қате екендігін, қаншалықты керісінше болатындығын көрсетеді; өйткені көптеген түрмелерді көріп, Сибирьдің ең қиыр шеттерінде айдауда болған адамдардың өмірі революцияға қалтқысыз берілгендікті көрсетеді, ал нақ осының өзі біздің пролетариаттың мақтанышы болып табылатын осындай көсемдерді туғызды. Ал егер сол берілгендіктің өзі адамдарды тани білушілік қасиетімен, ұйымдастыру жұмысын жолға қоя білушілікпен ұштастырылған болса, тек осы ғана ірі ұйымдастырушыларды шыңдап шығарып отырды. Құпия үйірмелер арқылы, революциялық астыртын жұмыс арқылы, құпия партия арқылы,— ал осы партияның бейнесі мен сипатын Я. М. Свердлов сияқты ешкім де толық көрсете алған емес,—тек осы практикалық мектеп арқылы, тек осы жолмен ғана ол тұңғыш социалистік Совет республикасындағы бірінші адамның орнына жетті, қалың пролетарлық бұқараны ұйымдастырушылардың біріншісі болды.

Жолдастар! Свердлов жолдаспен, менің бірге қызмет істегенім сияқты, күнбе-күн бірге жұмыс істегендердің бәріне өте-мөте айқын болған нәрсе мынау: бұл адамның асқан ұйымдастырушылық таланты ғана біздің осы күнге дейін мақтаныш етіп келгенімізді және әбден орынды мақтаныш ететінімізді бізге қамтамасыз етті. Ол біздің ынтымақты, тиімді, шын ұйымшылдықпен жұмыс істеуімізге, ұйымдасқан пролетарлық бұқараға лайық және пролетарлық революцияның қажеттеріне сай келетін жұмысты жүргізуімізге толық мүмкіндік берді,—ал мұндай топтаса ұйымдасқан жұмыс болмайынша бізде бірде-бір табыс болмас еді, мұнсыз біз осы күнге дейін бастан кешіріп келген және қазірде де бастан кешіруімізге тура келіп отырған сансыз қиынш-

лықтардың бірде-бірін, ауыр сынақтардың бірде-бірін жеңе алмаған болар едік.

Революция іспеттес қайнаған күресте, әрбір революционер қызмет істейтін ерекше орында, егер тіпті бір шағын коллегияның жұмысы да пікір талқысына айналатындай болса, онда күрес үстінде қол жеткен, даусыз моральдық беделдің зор маңызы бар, ал мұндай бедел өз күшін, әрине, дерексіз моральдан алмайды, қайта революцияшыл күрескердің моралынан, революцияшыл бұқараның қатарлары мен саптарының моралынан алады.

Егер біз бір жылдан аса уақыттың ішінде, қалтқысыз берілген революционерлердің аз ғана тобының басына түскен өлшеусіз ауыртпалықтарды көтере алған болсақ, егер басшы топтар аса қиын мәселелерді сондай батыл, сондай тез, сондай ауыз бірлікпен шеше алған болса, оның бір ғана себебі — олардың арасында Яков Михайлович сияқты үздік, талантты ұйымдастырушы аса көрнекті орын алды. Пролетарлық қозғалыстың басшы қайраткерлерінің адам құрамын тамаша жетік білу тек соның ғана қолынан келді, ұзақ жылдар бойындағы күресте,—ол туралы мен бұл жерде тек өте қысқаша ғана айта аламын,—өзін тамаша зерек практик етіп, тамаша талантты ұйымдастырушы етіп, даусыз бедел иесі етіп жетілдіру тек соның ғана қолынан келді; осы беделдің арқасында Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жұмысындағы бір топ адамның ғана қолынан келетін аса ірі салаларды бүтіндей және толығынан Яков Михайловичтің бір өзі ғана басқарып отырды. Мынадай дәрежеге жету тек соның ғана қолынан келді: аса зор және аса маңызды практикалық ұйымдастыру мәселелерінің орасан көпшілігінде ол бір ауыз сөз айтса болғаны, мәселе ешбір мәжіліссіз-ақ, ешбір формальды дауысқа қоюсыз-ақ, ешкім таласпайтындай болып біржолата шешілетін, сонда жұрттың бәрі бұл мәселе зор практикалық білімнің және зор ұйымдастырушылық зеректіктің негізінде шешілді, сондықтан бұл шешімді тек жүздеген, мыңдаған алдыңғы қатарлы жұмысшылар ғана емес, сонымен бірге бұқара да түпкілікті шешім деп есептейтініне кәміл сенетін.

Ұлы революциялар өз күресінің барысында ұлы адамдарды шығаратынын және бұрын мүмкін еместей болып көрінетін таланттарды ашатынын тарих әлдеқашан-ақ көрсеткен. Құпия үйірме мен астыртын жұмыс мектебінен, қуғында жүрген шағын партияның мектебі мен Туруханск түрмесінен ешбір талассыз бедел алған осындай ұйымдастырушы, Россияда бүкіл Совет өкіметін ұйымдастырушы адам шықты дегенге, осы Советтерді құрған және Совет өкіметін—қазір өзінің ауыр, азап шеккен, қанға боялған, бірақ жеңімпаз шеруімен барлық халықтарға, бүкіл дүние жүзі елдеріне тарай бастаған Совет өкіметін—практикалық жағынан жүзеге асырған партияның жұмысын бірден-бір жетік білетін ұйымдастырушы адам осындай мектептен шықты дегенге ешкім сенбес еді.

Егер ерекше талантты ұйымдастырушы болып жетілген осындай адамның орнын толтыру деген сөзді бойынан осындай қабілеттер түгел кездесетін бір адамды, бір жолдасты табу мағынасында түсінетін болсақ, онда біз ешқашан да оның орнын толтыра алмаймыз. Яков Михайловичтің толассыз жұмысын көргендердің, оны жете білетіндердің ешқайсысы бұл мағынада алғанда Яков Михайловичтің орны толмайтын адам екендігіне күмәндана алмайды. Ұйымдастыру саласында, адамдарды іріктеп алу, оларды барлық әр алуан мамандықтар бойынша жауапты орындарға тағайындау саласында оның бір өзі атқарған жұмысты,— міне осы жұмысты біз қазір: Свердлов жолдастың бір өзі басқарған ірі салалардың әрқайсысына бірнеше топ адамдар бөліп, олар оның ізімен жүре отырып, бір адамның істегеніне жақындай білгенде ғана орындай аламыз.

Бірақ пролетарлық революция нақ өзінің қайнар бұлақтарының сарқылмастығымен күшті. Осы күреске шексіз беріліп, өз өмірін сарп еткен адамдардың орнына революция басқа адамдар легін шығаратынын біз білеміз; бәлкім, алғашқы қадам жасаған кезінде бұлардың тәжірибесі аздау, білімі жеткіліксіздеу, даярлығы шамалылау болар, бірақ бұл адамдар бұқарамен тығыз байланысты болады және арамыздан кеткен аса ірі таланттардың орнына солардың ісін ілгері бастыратын,

солардың жолымен жүретін, солардың бастаған ісін аяқтайтын адамдар тобын шығара алады. Міне, осы мағынада алғанда біз мынаған кәміл сенеміз: Россиядағы және бүкіл дүние жүзіндегі пролетарлық революция адамдардың әлі талай топтарын шығарады, пролетарлар ішінен, еңбекші шаруалар ішінен көптеген топтарды шығарады, бұлар өмір жөніндегі практикалық білімін, үздік талант болмағанымен де, коллективтік ұйымдастырушылық талантын беретін болады; ал бұл талант болмайынша пролетарлардың миллиондаған армиясы өзінің жеңісіне жете алмайды.

Я. М. Свердлов жолдастың есімі революционердің өз ісіне берілгендігінің мәңгілік бейнесі болып қана қоймайды, практикалық парасаттылық пен практикалық білгірлікті ұштастыра білудің, бұқарамен толық байланыстылықтың, оларды бағыттай білудің үлгісі болып қана қоймайды,—сонымен бірге пролетарлардың неғұрлым қалың бұқарасының осы өнегені басшылыққа ала отырып, бүкіл дүние жүзілік коммунистік революцияның толық жеңісіне қарай ұдайы алға баса беруіне кепілдік те болады.

«Правда» № 60,
20 март, 1919 ж.

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған стенограмма бойынша басылып отыр

Я. М. СВЕРДЛОВТЫ ЖЕРЛЕГЕНДЕ 1919 ж. 18 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ХРОНИКЕРЛІК ЖАЗБА

Біз жұмысшы табын ұйымдастыру үшін, оның жеңісі үшін өте-мөте көп еңбек сіңірген пролетарлық көсемді қабірге түсірдік. Қазір, бүкіл әлемде Совет өкіметі ұлғайып, Советтерге ұйымдасқан пролетариаттың өз идеяларын жүзеге асыру жолында қалай күресіп жатқаны жөніндегі идея көз ілеспейтін шапшаңдықпен тарап отырған кезде, біз бұл идеялар үшін қалай күресу керектігін іс жүзінде көрсетіп берген пролетариат өкілін жерлеп отырмыз.

Миллиондаған пролетарлар біздің мына сөздерімізді қайталап айтады: «Свердлов жолдас мәңгі есте сақталады; біз капиталды құлату үшін, еңбекшілерді толық азат ету үшін бұрынғыдан да күшті күресеміз деп оның қабірінің басында тұрып салтанатты түрде ант береміз!..».

«Вечерние Известия Московского Совета» № 196, 19 март, 1919 ж.

«Вечерние Известия Московского Совета» газетінің тексті бойынша басылып отыр.

РКП(б) ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[24]

РКП программасы жобасының бастапқы нобайы — 1919 ж. 23 февральда «Петроградская Правда» газетінің 43-номерінде, РКП(б) программасының жобасы, программаның саяси бөлімінен үзінді, программаның халық ағарту, діни қатынастар саласындағы, программаның экономикалық бөліміндегі пункттер, программаның аграрлық пункті—1919 ж. 25, 26 және 27 февральда «Правда» газетінің 43, 44, 45-номерлерінде, программаның ұлттық қатынастар саласындағы пункті, программаның ұлт мәселесі жөніндегі пунктінің ақырғы жобасына қосымша — 1925 ж. Лениннің III жинағында, программаның саяси бөліміне қосымша, программаның әскери саладағы пунктіне кіріспе, программаның сот туралы пунктінің бірінші абзацы 1930 ж. Лениннің XIII жинағында басылған

РКП программасы жобасының бастапқы нобайы, РКП(б) программасының жобасы, программаның сот туралы пунктінің бірінші абзацы—машинкада басылған көшірме бойынша, программаның саяси бөліміне қосымша, программаның саяси бөлімінен үзінді, программаның ұлт мәселесі жөніндегі пунктінің ақырғы жобасына қосымша, программаның әскери саладағы пунктіне кіріспе, программаның халық ағарту, ұлттық қатынастар, діни қатынастар саласындағы, программаның экономикалық бөліміндегі пункттер, программаның аграрлық пункті қолжазба бойынша басылып отыр

1

РКП ПРОГРАММАСЫ ЖОБАСЫНЫҢ БАСТАПҚЫ НОБАЙЫ

Жоспар: программа мынадай бөлімдерден құралады:

1. Кіріспе. Пролетарлық революция Россияда басталып, барлық жерде тез өсіп келеді. Оны түсіну үшін капитализмнің табиғатын және оның дамуы пролетариат диктатурасына сөзсіз әкеліп соғатынын түсіну керек.—2. Капитализм және пролетариат диктатурасы. Бұл туралы Плеханов жасаған, біздің ескі, маркстік программамыздың[25] басты-басты бөлімдерін қайтадан келтіру керек, бұл біздің дүниеге көзқарасымыздың «тарихи тамырларын» да анықтауға қажет.—3. Империализм. 1917 жылғы майдағы программа жобасынан.—4. Халықаралық жұмысшы қозғалысындағы үш ағым және жаңа Интернационал. 1917 жылғы майдағы жобаны қайта жасау.—5. Россиядағы пролетариат диктатурасының негізгі міндеттері. 1917 жылғы декабрьдегі—1918 жылғы январьдағы жобадан[26].—6. Бұл міндеттерді саяси салада нақтылау (жаңа).—7. Ұлттық, діни, педагогикалық салада да осылай ету (жаңа).—8. Экономикалық салада да осылай ету (жаңа).—9. Аграрлық салада да осылай ету (жаңа).—10. Еңбекшілерді қорғау саласында да осылай ету (Шмидт жазып жатыр).—11 және 12. Басқа салалар туралы толықтырулар (жасылған жоқ).

Бұл бастапқы нобайда көп нәрселер, әсіресе редакциялық жағы жете істелмеген және программалық тұжырымның орнына уақытша кейде түсіндіру тұжырымы алынған.

(1) Российдағы 1917 ж. 25 октябрьдегі (7 ноябрьдегі) революция ең кедей шаруалардың немесе жартылай пролетариаттың қолдауымен коммунистік қоғам құра бастаған пролетариат диктатурасын жүзеге асырды. Барлық алдыңғы қатарлы елдерде пролетариаттың революциялық қозғалысының өсуі, бұл қозғалыстың советтік формасының, яғни пролетариат диктатурасын жүзеге асыруға тікелей бағытталған формасының жер-жердің бәрінде де пайда бола бастауы және дамуы, ақырында, Австро-Венгрияда және әсіресе Германияда революцияның басталуы мен оның дамуының барысы—міне осының бәрі бүкіл дүние жүзілік пролетарлық, коммунистік революция заманының басталғандығын айқын көрсетті.

(2) Бұл революцияның себептерін, маңызы мен мақсаттарын дұрыс түсіну, біріншіден, капитализм мен буржуазиялық қоғамның мәнін, негізгі табиғатын, олардың коммунизмге қарай сөзсіз дамитынын анықтауды, ал екіншіден, капитализмнің күйреуін тездетіп, пролетарлық революцияны күн тәртібіне қойған империализм мен империалистік соғыстардың табиғатын анықтауды талап етеді.

(3) Цивилизациялы елдердің көпшілігінде әлі де болса үстемдік етіп отырған капитализм мен буржуазиялық қоғамның және дамуы пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік коммунистік революциясына сөзсіз әкелетін және әкеліп соғып отырған осы қоғамның табиғатын біздің марксстік ескі программамыз мынадай қағидалармен сипаттаған болатын:

(4) «Мұндай қоғамның басты ерекшелігі — капиталистік өндірістік қатынастар негізіндегі товар өндірісі болып табылады; мұндай өндірістік қатынастардың тұсында өндіріс құрал-жабдықтарының және товар айналысының ең маңызды және көп бөлегі өзінің саны жағынан аз ғана адамдар табының қолында болады, ал халықтың орасан көпшілігі пролетарлар мен жартылай пролетарлардан құралады, олар өздерінің экономика-

лық жағдайы бойынша өздерінің жұмыс күшін үнемі немесе дүркін-дүркін сатып отыруға, яғни капиталистерге жалдануға мәжбүр болады, сөйтіп өздерінің еңбегімен қоғамның жоғары таптарына табыс келтіріп отырады.

(5) Техниканың үнемі жетілуіне қарай капиталистік өндірістік қатынастардың үстемдік ету саласы барған сайын кеңейе түседі, сөйтіп ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызын арттырып, ұсақ дербес өндірушілерді ығыстыруға бастайды, олардың бір бөлегін пролетарларға айналдырады, ал қалғандарының қоғамдық-экономикалық өмірдегі ролін кемітеді, кей жерлерде оларды азды-көпті толық түрде, азды-көпті ашық түрде, азды-көпті ауыр түрде капиталға тәуелді етеді.

(6) Дәл сол техникалық прогресс, оның үстіне, кәсіпкерлерге өндіріс және товар айналысы процесінде әйелдер мен балалардың еңбегін барған сайын кең түрде қолдануға мүмкіндік береді. Ал, екінші жағынан, бұл техникалық прогресс жұмысшының қол еңбегін кәсіпкерлердің керек етуін біршама кемітетін болғандықтан, жұмыс күшіне сұраным оның ұсынымынан сөзсіз артта қалып отырады, осының салдарынан жалдама еңбектің капиталға тәуелділігі күшейіп, ол еңбекті қанау дәрежесі артады.

(7) Буржуазиялық елдердегі істің мұндай жағдайы және бүкіл дүние жүзілік рынокта олардың өзара бәсекесінің ұдайы шиеленісіп отыруы барған сайын үнемі көп мөлшерде өндірілетін товарларды өткізу ісін бірден-бірге қиындата береді. Азды-көпті күшті өнеркәсіп дағдарыстарында көрініп отыратын артық өндіруден соң өнеркәсіптің біршама ұзақ уақыт бойына тоқырауы басталады, артық өндіру буржуазиялық қоғамдағы өндіргіш күштердің дамуының салдарынан сөзсіз болатын нәрсе. Дағдарыстар мен өнеркәсіптің тоқырау дәуірлері, өз кезегінде, ұсақ өндірушілерді онан сайын күйзелтеді, жалдама еңбектің капиталға тәуелділігін онан сайын арттырады, жұмысшы табы жағдайының біршама, ал кейде мүлдем нашарлауын бұрынғыдан да тездетіп отырады.

(8) Сонымен, еңбек өнімділігінің артуы және қоғамдық байлықтың өсуі болып табылатын техниканың жетілуі буржуазиялық қоғамда қоғамдық теңсіздіктің ұлғаюына, дәулеттілер мен дәулетсіздер арасының қашықтауына, тіршілік ету қиыншылықтарының, жұмыссыздықтың және еңбекші бұқараның анағұрлым қалың топтары үшін басқа да әр түрлі мұқтаждықтардың өсуіне себеп болады.

(9) Бірақ буржуазиялық қоғамға тән осы қайшылықтардың бәрі өсіп, өрбіген сайын, сонымен қатар еңбекші және қаналған бұқараның болып отырған тәртіпке наразылығы да өсіп отырады, пролетарлардың саны көбейіп, топтасуы күшейеді, олардың өздерін қанаушыларға қарсы күресі шиеленісе түседі. Сонымен қатар техниканың жетілуі өндіріс және айналыс құрал-жабдықтарын шоғырландыра отырып, капиталистік кәсіпорындардағы еңбек процесін қоғамдастыра отырып, капиталистік өндірістік қатынастарды коммунистік өндірістік қатынастармен ауыстыруға, яғни пролетариаттың таптық қозғалысын саналы түрде білдіруші болып отырған халықаралық коммунистік партияның бүкіл қызметінің түпкі мақсаты болып саналатын әлеуметтік революцияның болуына материалдық мүмкіндікті барған сайын тез туғызады.

(10) Өндіріс және айналыс құрал-жабдықтарына жеке меншікті қоғамдық меншікпен ауыстырып және қоғамның барлық мүшелерінің әл-ауқатын жақсарту үшін, олардың барлық жағынан жетілуін қамтамасыз ету үшін қоғамдық-өндіріс процесін жоспарлы түрде ұйымдастыруды енгізе отырып, пролетариаттың әлеуметтік революциясы қоғамның тапқа бөлінуін жояды, сөйтіп барлық езілген адамзатты азат етеді, өйткені қоғамның бір бөлегін екінші бөлегі қанауының барлық түрлерін біржолата жояды.

(11) Бұл әлеуметтік революцияның қажетті шарты — пролетариат диктатурасы, яғни пролетариаттың саяси өкіметті, қанаушылардың қандай да болсын қарсылығын жаныштау үшін өзіне мүмкіншілік беретін саяси өкіметті жеңіп алуы болып табылады. Пролетариатты өзінің тарихи ұлы міндетін атқара алатындай ету мін-

детін алдына қоя отырып, халықаралық коммунистік партия оны барлық буржуазиялық партияларға қарсы тұратын дербес саяси партия етіп ұйымдастырады, оның таптық күресінің барлық түрлеріне басшылық етеді, қанаушылардың мүдделерінің қаналғандардың мүдделеріне келіспестей қарама-қарсы екендігін пролетариаттың алдында әшкерелейді және оған алдағы болатын әлеуметтік революцияның тарихи маңызы мен қажетті шарттарын түсіндіреді. Мұнымен бірге ол бүкіл қалған басқа еңбекші және қаналған бұқара алдында оның капиталистік қоғамдағы халінің үмітсіздігін және оның өзінің капитал езгісінен азат болу мүдделері үшін әлеуметтік революцияның қажет екендігін ашып көрсетеді. Жұмысшы табының партиясы, коммунистік партия, еңбекші және қаналған халықтың барлық тобын, олар пролетариаттың көзқарасына көшіп жатқандықтан, өз қатарына шақырады».

* *
*

(12) Бүкіл дүние жүзілік капитализм қазіргі уақытта шамамен айтқанда XX ғасырдың басынан бері— империализм сатысына жетіп отыр. Империализм немесе финанс капиталының заманы дегеніміз капиталистердің монополиялық одақтары—синдикаттар, картельдер, трестер—шешуші маңыз алған, зор көлемде шоғырланған банк капиталы өнеркәсіп капиталымен қосылған, бөтен елдерге капитал шығару өте зор көлемде дамыған, аса бай елдер арасында бүкіл дүние жүзі территория жағынан бөлініп қойған және интернационалдық трестер арасында дүние жүзі экономикалық жағынан бөлісіле бастаған кездегі аса жоғары дамыған капиталистік шаруашылық.

(13) Империалистік соғыстар,—яғни дүние жүзіне үстемдік ету үшін, банк капиталына керекті рыноктар үшін, шағын және әлсіз халықтарды тұншықтыру үшін жүргізілетін соғыстар,—мұндай жағдайда сөзсіз болып отырады. 1914—1918 жылдардағы бірінші ұлы империалистік соғыс—нақ осындай соғыс.

(14) Жалпы алғанда дүние жүзілік капитализм да-

муының өте-мөте жоғары сатысы да, еркін бәсекені монополистік капитализмнің алмастыруы да, банктердің, сол сияқты капиталистер одақтарының, өнімдерді өндіру және бөлу процесін қоғамдық жолмен реттеу үшін аппарат әзірлеуі де, капиталистік монополиялардың өсуіне байланысты болатын қымбатшылықтың өсуі мен синдикаттардың жұмысшы табын езуінің күшеюі, жұмысшы табының экономикалық және саяси күресінің орасан зор қиындауы да, империалистік соғыс туғызатын сұмдықтар, апаттар, күйзеліс, тағылану да,—міне осының бәрі капитализм дамуының қазіргі жеткен сатысынан пролетарлық, социалистік революция заманын жасайды.

Ол заман басталды.

(15) Империализм мен империалистік соғыстар туғызған тұйықтан адамзатты тек пролетарлық, социалистік революция ғана алып шыға алады. Революцияның қиыншылықтары және оның болуы мүмкін уақытша сәтсіздіктері немесе контрреволюцияның толқындары қандай болған күнде де,—пролетариаттың түпкілікті жеңіп шығатыны сөзсіз.

* *
*

(16) Пролетарлық революцияның жеңісі барлық алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшы табының барынша толық сенімін, туысқандық аса тығыз одағын және революциялық қимылдарының мүмкіндігінше күшті бірлігін талап етеді. Социализмді буржуазиялық бұрмалаушылықтан, ресми «социал-демократиялық» және «социалистік» партиялардың орасан көпшілігінің жоғарғы топтары арасында жеңіп шыққан буржуазиялық бұрмалаушылықтан, үзілді-кесілді принципті түрде қол үзбейінше және оған қарсы аяусыз күрес жүргізбейінше, бұл шарттар жүзеге аспайды.

(17) Мұндай бұрмалаушылық дегеніміз, бір жағынан, оппортунизм мен сөз жүзінде социализмді, іс жүзінде шовинизмді жақтайтын социал-шовинизм ағымы, «өзінің» ұлттық буржуазиясының тонаушылық мүдделерін қорғауды жалпы алғанда да, әсіресе 1914—1918

жылдардағы империалистік соғыс кезінде де «отан қорғау» деген ұранмен бүркемелеу болып табылады. Бұл ағымның пайда болған себебі—алдыңғы қатарлы елдердің бәрі дерлік отар және әлсіз халықтарды тонай отырып, буржуазияның осындай үстеме пайданың болмашы бөлектеріне пролетариаттың жоғарғы тобын сатып алуына, бейбітшілік кезде олардың мещандық біршама тәуір тұрмыс құруын қамтамасыз етіп, сол топтың көсемдерін өзіне қызметке алуына мүмкіндік берді. Оппортунистер мен социал-шовинистер буржуазияның малайлары бола отырып, пролетариаттың тікелей таптық жаулары болып табылады.

(18) Екінші жағынан, социализмді буржуазиялық тұрғыдан бұрмалау—«центр» ағымы болды, ол социал-шовинистермен бірігуді жақтай отырып, банкрот болған және іріп-шіріген II Интернационалды қайта жаңғыртуға тырыса отырып, социал-шовинистер мен коммунистердің арасында ауытқып жүрген, өте кең тараған, халықаралық ағым. Тек жаңа, III, Коммунистік Интернационал ғана шын пролетарлық және революциялық интернационал болып табылады, ол бірқатар елдерде, әсіресе Германияда, бұрынғы социалистік партиялардан коммунистік партиялардың құрылуы арқылы іс жүзінде негіз қалап отыр және барлық елдердің пролетариат бұқарасы арасында барған сайын зор тілектестікке ие болып келеді.

* *
*

РОССИЯДАҒЫ ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Россиядағы пролетариат диктатурасының негізгі міндеттері қазіргі уақытта мынадай: помещиктер мен буржуазияны экспроприациялау жөнінде қазірдің өзінде басталып отырған істі, барлық фабрикаларды, заводтарды, темір жолдарды, банктерді, флотты және өндіріс пен айналыстың басқа да құрал-жабдықтарын Совет республикасының меншігіне беруді ақырына дейін жеткізу, аяқтау;

қала жұмысшылары мен ең кедей шаруалардың қазірдің өзінде жерге жеке меншікті жоюға жеткізген одағын және ұсақ шаруа шаруашылығынан социализмге көшу формасы, пролетарлар жағына шыққан шаруалардың қазіргі идеологтары жерді социализациялау деп атаған форма туралы заңды жерді ортақтасып өңдеуге және ірі социалистік егіншілікке бірте-бірте, бірақ дәйекті түрде көшу үшін пайдалану;

буржуазиялық парламентаризмге қарағанда демократияның әлдеқайда неғұрлым жоғары және прогрестік формасы ретіндегі және 1871 жылғы Париж Коммунасының тәжірибесі негізінде, сондай-ақ, 1905 және 1917—1918 жылдардағы орыс революцияларының тәжірибесі негізінде, капитализмнен социализмге өту кезеңіне, яғни пролетариат диктатурасы кезеңіне сай келетін бірден-бір мемлекет типі ретіндегі Советтердің федерациялық республикасын баянды етіп, одан әрі дамыту;

империалистік буржуазиялық мемлекеттердің Россияның ішкі істеріне қол сұқпақ болған әрекеттерін немесе социалистік Совет республикасына қарсы тікелей күрес жүргізу және соғыс ашу үшін бірігуге жасаған әрекеттерін тойтара отырып, бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның Россияда тұтатылған жалынын революцияны неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерге және жалпы алғанда барлық елдерге тарату үшін жан-жақты және барынша пайдалану;

бірыңғай тұтас шаруашылықтың,—Совет республикасы осындай болуға тиіс,—өндіруші және тұтынушы коммуналарының арасында дұрыс және жоспарлы өнім айырбасын ұйымдастырғаннан кейін, біртіндеп, бірақ дәйекті жүргізілетін бірқатар шаралар арқылы жеке сауданы мүлде жою.

Совет өкіметінің жалпы міндеттерін неғұрлым нақтылы дамыта отырып, РКП бұл міндеттерді қазіргі уақытта мынадай деп белгілейді:

саяси салада

Егер пролетариат саяси өкіметті жеңіп алғанға дейін буржуазиялық демократияны және әсіресе парламента-

ризмді жұмысшы бұқарасын саяси жағынан тәрбиелеп, ұйымдастыру мақсаты үшін пайдалану қажет (міндетті) болса, қазір, пролетариат саяси өкіметті жеңіп алғаннан кейін, Совет республикасында жүзеге асырылып отырған демократизмнің неғұрлым жоғары типі кезінде, кері қарай, буржуазиялық парламентаризм мен буржуазиялық демократияға қарай қадам басудың қандайы болса да қанаушылардың, помещиктер мен капиталистердің мүдделеріне сөзсіз түрде реакциялық қызмет еткендік болар еді. Барша халық үшін жалпы ұлттық, жаппай, таптан тыс делінетін, ал іс жүзінде буржуазиялық демократияның ұрандары тек қанаушылардың мүдделеріне ғана қызмет етеді, жерге және басқа да өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік сақталып отырған уақытта ең демократиялық республиканың өзі де сөзсіз буржуазияның диктатурасы болып, еңбекшілердің orасан зор көпшілігін ат төбеліндей капиталистердің жаныштап отыруына арналған машина болып қала береді.

Совет республикасына — мемлекеттің жаңа типіне, мемлекеттің толық жойылуына дейінгі өтпелі типке — жүктелетін тарихи міндет мынадай:

1) нақ капитализм езгіге салған таптардың, пролетариат пен жартылай пролетариаттың жан-жақты және бұқаралық ұйымшылдығын орнату және дамыту. Буржуазиялық-демократиялық республика ең мықтағанда қаналған бұқараның ұйымына оны ерікті деп жариялау мағынасында ғана рұқсат етті, бірақ іс жүзінде олардың ұйымына қашан болса да ұшы-қиырсыз нақтылы кедергілер жасап отырды, ал бұл кедергілер өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктенумен айрылмастай байланысты еді. Совет өкіметі капитализм езіп келген бұқараның ұйымдасуын тарихта тұңғыш рет, жан-жақты жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар бұл ұйымды бүкіл мемлекеттік аппараттың, төменнен жоғарыға дейінгі, жергілікті және орталық аппараттың тұрақты және сөзсіз негізі етеді. Тек осындай жолмен ғана демократизм халықтың көпшілігі үшін жүзеге асырылады, яғни, ең демократиялық деген буржуазиялық республикаларда болатыны сияқты, мемлекетті іс

жүзінде, ең алдымен, буржуазиялық таптардың өкілдері басқаруының орнына, мемлекетті басқару ісіне халықтың орасан көпшілігінің, атап айтқанда еңбекшілердің іс жүзінде қатысуы жүзеге асырылады.

2) Мемлекеттің советтік ұйымы еңбекші бұқараның, атап айтқанда, социализмнің алдындағы бүкіл капиталистік даму арқылы неғұрлым шоғырланған, біріккен, көзі ашық және күресте шыныққан бөлегіне, яғни қалалық өнеркәсіп пролетариатына іс жүзінде кейбір артықшылық береді. Бұл артықшылық жұмысшыларды өзара бәсекелес топтарға бөлу арқылы жұмысшылар арасында капитализм туғызған өрісі тар цехтық және өрісі тар кәсіптік мүдделерге қарама-қарсы деревня пролетарлары мен жартылай пролетарларының неғұрлым артта қалған және бытыранды бұқарасын алдыңғы қатарлы жұмысшылармен тығыз біріктіру үшін, оларды село кулактарының және село буржуазиясының ықпалынан шығарып алу үшін, оларды коммунистік құрылысқа ұйымдастырып, тәрбиелеу үшін ұдайы және үздіксіз пайдаланылуға тиіс.

3) Буржуазиялық демократия барлық азаматтардың теңдігін салтанатты түрде жариялай отырып, іс жүзінде қанаушы-капиталистердің үстемдігін екіжүзділікпен бүркемелеп отырды, бұқараны қанаушы мен қаналғандардың теңдігі іс жүзінде мүмкін болады-мыс деген пікір арқылы алдап келді. Мемлекеттің советтік ұйымы, шын демократизмді, яғни барлық еңбекшілердің шын теңдігін жүзеге асыра отырып және қанаушыларды қоғамның толық праволы мүшелері қатарынан аластай отырып, бұл алдауды және бұл екіжүзділікті күйретеді. Дүние жүзілік бүкіл тарихтың, езілген таптардың езушілерге қарсы барлық көтерілістерінің тәжірибесі—өздерінің пұрсаттылықтарын сақтап қалу үшін күресте қанаушылардың жан таласа және ұзақ қарсыласуы сөзсіз деп үйретеді. Мемлекеттің советтік ұйымы бұл қарсылықты жаныштауға бейімделген, мұнсыз жеңімпаз коммунистік революция туралы сөз болуы да мүмкін емес.

4) Мемлекеттің құрылысы мен басқару ісіне еңбекші бұқараның неғұрлым тікелей әсер етуіне, яғни де-

мократизмнің неғұрлым жоғары формасына мемлекеттің советтік типі тұсында сонымен қатар, біріншіден, сайлау тәртібі және сайлауды жиірек өткізу мүмкіндігі, сондай-ақ депутаттарды қайта сайлау және кері шақырып алу жағдайлары, буржуазиялық демократияның ең жақсы деген формаларының тұсындағыға қарағанда, қала мен деревняның жұмысшыларына анағұрлым жеңіл және анағұрлым қолайлы болуы арқылы қол жетеді.

5) Екіншіден, оған мынау арқылы қол жетеді: Совет өкіметі тұсында мемлекеттік құрылыстың бастапқы сайлау орны және негізгі ұясы, территориялық округ емес, экономикалық, өндірістік орын (завод, фабрика) болып табылады. Мемлекеттік аппараттың алдыңғы қатарлы пролетарлардың капитализм біріктірген бұқарасымен неғұрлым тығыз осы байланысы, анағұрлым жоғары дәрежедегі демократизм құрумен қатар, социалистік терең өзгерістерді жүзеге асыруға да мүмкіндік береді.

6) Советтік ұйым жұмысшылар мен шаруалардың қарулы күшін еңбекші және қаналған бұқарамен бұрынғыға қарағанда анағұрлым тығыз байланысты етіп құруға мүмкіндік берді. Мұнсыз социализм жеңісінің негізгі шарттарының бірін, атап айтқанда: жұмысшыларды қаруландырып, буржуазияны қарусыздандыру ісін жүзеге асыру мүмкін болмас еді.

7) Советтік ұйым буржуазиялық демократизмнің орта ғасырлықпен салыстырғанда асқан зор тарихи прогрессшілдігін көрсететін жағын, атап айтқанда, лауазымды адамдарды сайлауға халықтың қатысуын өлшеусіз ілгері бастырып, кеңінен дамытты. Еңбекші бұқара өздеріне формальды түрде буржуазия беретін, бірақ іс жүзінде буржуазия қыспаққа салатын сайлау праволарын ең демократиялық деген буржуазиялық мемлекеттердің бірде-біреуінде де Совет өкіметі тұсындағыдай кең, жиі, барлық жерде бірдей жеңіл және оңай түрде шамалап болса да еш уақытта жүзеге асырып көрген емес. Сонымен қатар советтік ұйым буржуазиялық демократизмнің Париж Коммунасының өзі-ақ жоя бастаған теріс жақтарын, өресіз, шектеулі екендігін маркс-

5*

изм әлдеқашан көрсеткен жақтарын, атап айтқанда заң шығару өкіметін атқару өкіметінен бөліп тастайтын парламентаризмді жойды. Заң шығару өкіметі мен атқару өкіметін біріктіріп, Советтер мемлекеттік аппаратты еңбекшілер бұқарасымен жақындатады және екіжүзділік дәріптеушілік арқылы бұқараны алдап келген, парламенттік алаяқтардың финанстық және биржалық қулық-сұмдықтарын бүркемелеген, мемлекетті басқарудың буржуазиялық аппаратына ешкімнің қол сұқпауын қамтамасыз еткен буржуазиялық парламент сияқты кедергіні жояды.

8) Пролетариат революциясы мемлекеттің советтік ұйымының арқасында ғана ескі, буржуазиялық, мемлекеттік аппаратты бірден тас-талқан етіп қирата алды, ал мұнсыз социалистік құрылысқа кірісудің өзі мүмкін емес еді. Монархия тұсында да, ең демократиялық деген буржуазиялық республикада да барлық жерде және әрқашанда мемлекеттік өкіметті помещиктер мен капиталистердің мүдделерімен байланысты еткен бюрократизмнің тіректері қазіргі уақытта Россияда толық қиратылып отыр. Бірақ бізде бюрократизмге қарсы күрес аяқталудан әлі де алшақ жатыр. Бір жағынан, халық бұқарасының мәдени дәрежесінің төмендігін, екіншi жағынан, қала жұмысшыларының ең жетілген тобы күштерінің соғыс жұмысына адам айтқысыз дерлік көп жұмсалуын пайдаланып, бюрократия өзінің жоғалтқан позицияларының бір бөлегін қайтарып алуға тырысады. Сондықтан бюрократизмге қарсы күресті жүргізе беру—социалистік құрылыстың бұдан былай да сәтті бола беруі үшін сөзсіз және мейлінше қажет нәрсе.

9) Совет өкіметінің басты тарихи міндетін, атап айтқанда, мемлекетті толық жоюға көшуді жүзеге асыру ісімен тығыз байланысты бұл бағыттағы жұмыс мыналар болуға тиіс: біріншіден, Советтің әрбір мүшесі мемлекетті басқару жөніндегі белгілі бір жұмысты міндетті түрде орындап отыруға тиіс, екіншіден, бұл жұмыстар мемлекетті басқаруға байланысты істі түгел, оның барлық салаларын қамти отырып, үнемі өзгеріп отыруға тиіс, үшіншіден, мемлекетті басқару ісіне бірте-бір-

те жүргізілетін және сақтықпен таңдап алынатын, бірақ дәйекті түрде жүргізілетін бірқатар шаралар арқылы бүкіл еңбекші халық бірі қалмай дербес қатыстырылуға тиіс.

10) Жалпы және тұтас алғанда, бір жағынан, буржуазиялық демократия мен парламентаризмнің, екінші жағынан, советтік немесе пролетарлық демократияның арасындағы айырмашылық мынаған келіп саяды: буржуазиялық демократия мен парламентаризм салмақты әр алуан бостандықтар мен праволарды салтанатты түрде, даурыға жариялауға аударды, бірақ іс жүзінде нақ халықтың көпшілігіне, жұмысшылар мен шаруаларға бостандықтар мен праволарды азды-көпті жеткілікті дәрежеде пайдалануға мүмкіндік бермеді. Мұның керісінше, пролетарлық немесе советтік демократия салмақты бүкіл халықтың правосы мен бостандығын жариялауға аудармайды, қайта капитал езгіге салып, қанаған нақ еңбекшілер бұқарасының мемлекетті басқаруға іс жүзінде қолы жетуін, жиналыстар мен съездер өткізу үшін ең жақсы үйлер мен орындарды іс жүзінде пайдалануын, капитализм қараңғылықта ұстап, надан қалдырған адамдардың көзін ашу үшін ең жақсы баспахаиаларды және ең ірі қағаз қоймаларын (қорын) пайдалануын іс жүзінде қамтамасыз етуге, нақ осы бұқараның діни соқыр сенімдердің езгісінен бірте-бірте құтылуына нақтылы (іс жүзіндегі) мүмкіндік беруді қамтамасыз етуге, т. т. және т. с. аударады. Совет өкіметінің ең маңызды жұмысы мәдениеттің, цивилизацияның және демократияның игіліктерін еңбекшілер мен қаналғандардың іс жүзінде пайдалануына нақты мүмкіндіктер берудің нақ осы бағытында болып табылады. Совет өкіметі бұл жұмысты бұдан былай да үнемі жүргізе беруге тиіс.

Империализм тұсында жүзеге аспайтын ұлттардың теңдігін буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан жариялаудан өзгеше, РКП-ның ұлт мәселесіндегі саясаты барлық ұлттардың пролетарлары мен еңбекші бұқарасының буржуазияны құлату жолындағы революциялық күресінде олардың жақындасуын және қосылуын бұлжытпай жүзеге асыру болып табылады. Великоростарға

сенбеушілік, патшалық және буржуазиялық великорус империализмі заманынан мұра болып қалған осы сенбеушілік Россия империясының құрамына кірген ұлттардың еңбекші бұқарасының ішінде тез жойылып келеді, Советтік Россиямен танысудың әсерімен жойылып келеді, бірақ бұл сенбеушілік барлық ұлттарда бірдей және еңбекші бұқараның барлық топтарында бірдей мүлде жойылып біткен жоқ. Сондықтан бұл сенбеушіліктің негізін жойып, барлық ұлттардың Советтік республикаларының ерікті түрде тығыз одақ жасасуын қамтамасыз ету үшін ұлттық сезім жөнінде өте сақ болу керек, ұлттардың теңдігін және бөлініп шығуға еріктілігін іс жүзінде қамқорлықпен жүзеге асырып отыру қажет. Орта ғасырлық және буржуазиялық езгіге қарсы күресте әрбір ұлттың жұмысшылары мен шаруаларының дербес ұйымдасуына және білім алуына жәрдемдесу арқылы, сондай-ақ осыған дейін езіліп келген немесе бұрынғы тең праволы емес ұлттардың тілі мен әдебиетінің дамуына жәрдемдесу арқылы артта қалған және әлсіз ұлттарға көрсетілетін көмекті күшейту қажет.

Дін жөніндегі саясат саласында (РКП) пролетариат диктатурасының міндеті—декрет бойынша шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлумен ғана қанағаттанбау, яғни буржуазиялық демократия уәде еткен, бірақ капиталдың діни насихатпен іс жүзінде алуан түрлі байланыстары болғандықтан дүние жүзінің ешбір жерінде ақырына дейін жүзеге асырылмаған шаралармен ғана қанағаттанбау. Пролетарлық диктатура қанаушы таптардың, помещиктер мен капиталистердің және бұқараны қараңғылықта ұстайтын діни насихатты ұйымдастырудың арасындағы байланысты қирату ісін ақырына дейін жеткізуге тиіс. Пролетарлық диктатура еңбекші бұқараны діни соқыр сенімдерден іс жүзінде азат ету ісін бұлжытпай жүзеге асыруға тиіс, бұған насихат жұмысы арқылы және бұқараның санасын көтеру арқылы жетуге тиіс, сонымен бірге халықтың дінге сенетін бөлегінің сезімін қорлау атаулының бәрінен және діни фанатизмді нығайтудан сергектікпен аулақ болып отыру керек.

Халық ағарту саласында РКП өзінің алдына мектепті буржуазияның таптық үстемдігі құралынан осы үстемдікті талқандау құралына айналдыру жөнінде 1917 жылғы Октябрь революциясынан кейін басталған істі, сондай-ақ қоғамның тапгарға бөлінуін толық жою ісін де ақырына дейін жеткізу міндетін қояды.

Пролетариат диктатурасы дәуірінде, яғни коммунизмді толық жүзеге асыруды мүмкін ететін жағдайларды дайындау дәуірінде, коммунизмді біржолата жүзеге асыра алатын ұрпақты тәрбиелеу мақсатымен мектеп жалпы алғанда коммунизм принциптерін жүргізуші ғана болып қоймауы тиіс, ол сонымен қатар еңбекші бұқараның жартылай пролетарлық және пролетарлық емес топтарына пролетариаттың идеялық, ұйымдастырушылық, тәрбиешілік ықпалын жүргізуші болуға тиіс.

Қазіргі уақытта бұл жолдағы таяу міндеттер мынадай:

1) 16 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың бәріне тегін әрі міндетті түрде жалпы және политехникалық (өндірістің барлық басты салаларымен теория және практика жүзінде таныстыратын) білім беру.

2) Оқудың қоғамдық өнімді еңбекпен тығыз байланысты болуын жүзеге асыру.

3) Барлық оқушыларды мемлекет есебінен тамақпен, киіммен және оқу құралдарымен жабдықтау.

4) Мұғалімдер арасында үгіт пен насихатты күшейту.

5) Коммунизм идеясы бойына сіңген жаңа мұғалімдер кадрларын даярлау.

6) Еңбекші халықты ағарту ісіне белсенді түрде қатыстыру (халыққа білім беру советтерін дамыту, сауаттыларды жұмылдыру, т. т.).

7) Жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың өздігінен білім алуына және өздігінен жетілуіне Совет өкіметінің жан-жақты көмек көрсетуі (кітапханалар, ересектерге арналған мектептер, халық университеттерін, лекция курстарын, кинематографтар, студиялар, т. с. құру).

8) Коммунистік идеяларды барынша кең насихаттауды дамыту.

Совет өкіметінің жалпы міндеттерін нақтылы түрде дамыта отырып, РКП бұл міндеттерді қазіргі уақытта мынадай деп белгілейді:

экономикалық салада

Совет өкіметінің міндеті қазіргі уақытта мынадай:

(1) буржуазияны экспроприациялау, өндіріс пен айналыс құрал-жабдықтарын Совет республикасының меншігіне айналдыру, яғни барлық еңбекшілердің ортақ меншігіне айналдыру жөнінде басталған жұмысты, қазірдің өзінде ең бастылары және ең негізгілері істеліп болған жұмысты бұлжытпай жалғастыра беру және ақырына дейін жеткізу.

(2) Еңбекшілердің жолдастық тәртібін дамытып, нығайтуға және олардың дербес әрекет етушілігі мен жауапкершілікті түсінушілігін жан-жақты арттыруға ерекше зор көңіл бөлу. Капитализмді және өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің үстемдігі арқылы қалыптасқан әдеттерді біржолата жеңудің, егер бірденбір құралы болмаса, ең басты құралы осында. Бұл мақсатқа жету бұқараны қайта тәрбиелеу жөнінде табандылықпен асықпай жұмыс істеуді талап етеді, ал қазіргі уақытта, помещиктің, капиталистің және көпестің жойылғанын бұқара іс жүзінде көрген кезде, мұндай қайта тәрбиелеу тек мүмкін ғана болып қойған жоқ,— бұл қайта тәрбиелеу қазіргі уақытта жұмысшылар мен шаруалардың өздерінің практикалық тәжірибесі арқылы, мыңдаған жолдармен іс жүзінде жүріп жатыр. Бұл жөнінде еңбекшілердің кәсіптік бірігуін дамыту жұмысының өте-мөте зор маңызы бар, еңбекшілердің мұндай бірігуі Совет өкіметі тұсындағыдай еш уақытта және дүние жүзінің еш жерінде мұншалықты тез жүргізілген емес, ал еңбекшілердің бұл бірігуі барлық еңбекшілердің түгелдей сындарлы, орталықтандырылған, тәртіпті өндірістік одақтарға бірігуіне дейін жеткізілуге тиіс. Кәсіптік қозғалыстың ескі шаблонымен ешбір жағдайда шектеліп қалмай, біз әрбір қадамды практикалық тәжірибенің нәтижелері арқылы тексере отырып, одақ-

тарды, бір жағынан, бүкіл халық шаруашылығын басқару органына ұдайы айналдырып отыруға тиіспіз; кәсіптік одақтардың Халық шаруашылығының жоғары советімен, Еңбек комиссариатымен, сонан кейін мемлекеттік басқарудың басқа салаларының бәрімен жақындасуы және тығыз байланыс жасауы өсіп, нығая түсуге тиіс; — екінші жағынан, басқару ісіне қатысудың практикалық тәжірибесі, жұмысшы авангардының бақылауы болатындай етіліп, жұмысшылардың неғұрлым артта қалған топтарын қамтуы үшін кәсіптік одақтар бұрынғыдан да гөрі барлық еңбекші бұқараны түгелдей еңбекке және социализмге тәрбиелеу органына айналуға тиіс.

(3) Еңбек өнімділігін арттыру түбегейлі міндеттердің бірі болып табылады, өйткені мұнсыз коммунизмге біржолата өту мүмкін емес. Бұл мақсатқа жету ісі бұқараға білім беру және олардың мәдени дәрежесін көтеру жолында ұзақ жұмыс жүргізуді талап етумен қатар, ғылым мен техниканың мамандарын дереу, кеңінен және жан-жақты пайдалануды талап етеді; бұл мамандарды капитализм бізге мұра етіп қалдырды және әдетте олар дүниеге буржуазиялық көзқарас пен дағдылар бойына сіңген мамандар болатыны сөзсіз. Партия кәсіптік бірлестіктермен тығыз одақтаса отырып, өзінің бұрынғы бағытын жүргізе беруге тиіс: бір жағынан, осы буржуазиялық топқа титтей де саяси жеңілдік жасамауға, оның контрреволюциялық әрекеттерінің қандайын болса да аяусыз жаныштап отыруға тиіс, ал екінші жағынан, буржуазиялық мамандардан үйренбей-ақ, оларды пайдаланбай-ақ, олармен қатар отырып жұмыс істеудің ұзақ мектебінен өтпей-ақ, еңбекшілер капитализмді және буржуазиялық құрылысты жеңе алады дейтін жалған радикалдық, ал іс жүзінде надан пікірге қарсы да аяусыз күрес жүргізу керек.

Еңбек атаулының қандайына болса да төленетін ақыны тең етуге және толық коммунизмге қарай ұмтыла отырып, біз бұл теңдікті қазіргі кезеңде, капитализмнен коммунизмге өту жолында тек алғашқы қадамдар ғана жасалып жатқан кезде дереу жүзеге асыруды ешбір жағдайда да өзімізге міндет етіп қоя алмаймыз.

Сондықтан, мамандар бұрынғыға қарағанда жұмысты жаман істемей, жақсы істейтін болуы үшін оларға неғұрлым жоғары ақы төлеуді белгілі бір уақытқа дейін қалдыра тұру қажет және бұл мақсат үшін неғұрлым жемісті және әсіресе ұйымдастырушылық жұмысы үшін сыйлықтар беру жүйесінен де бас тартуға болмайды; толық коммунизм системасы тұсында сыйлыққа жол беруге болмайды, бірақ капитализмнен коммунизмге өту дәуірінде сыйлықты енгізбей болмайды, мұны теориялық пікірлер де, Совет өкіметінің бір жылдық тәжірибесі де дәлелдеп отыр.

Сонымен қатар буржуазиялық мамандардың саналы коммунистер басшылық ететін қатардағы жұмысшылар бұқарасымен қол ұстасқан жолдастық ортақ еңбек жағдайында болуы үшін тынбай жұмыс істеу керек және шыдамдылықпен, сөзсіз болатын кейбір жеке сәтсіздіктерден қаймықпастан, ғылыми даярлығы бар адамдардың санасын ғылымды жеке адамның баюы және адамды адамның қанауы үшін пайдаланушылықтың мейлінше жиіркенішті нәрсе екендігін түсінерліктей етіп ояту керек, ғылымды онымен бүкіл еңбекшілер бұқарасын таныстыру үшін пайдаланудың неғұрлым жоғары міндет екендігін түсінерліктей етіп ояту керек.

(4) Коммунизмді жүзеге асыру ісі, жалпы мемлекеттік көлемде мүмкін болғанынша еңбекті кеңінен және мейлінше қатал орталықтандыруды сөзсіз талап ете отырып, осы арқылы жұмысшылардың кәсіптік жағынан және жергілікті жерлерге бытырауы мен бөлшектенуін жоюды талап етеді; ал мұндай бытырау мен бөлшектену капиталдың күшті болып, еңбектің әлсіз болуының негіздерінің бірі еді. Цехтық тар өрістілік пен өресіздікке қарсы, цехтық эгоизмге қарсы күрес қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою жолындағы күреспен тығыз байланысты болғандықтан да өте қиын күрес, сондықтан халық еңбегінің өнімділігін алдын ала мейлінше арттырмайынша, бұл күресті кең көлемде бастау мүмкін емес. Бірақ, солай бола тұрса да, бұл жұмысқа дереу кірісе беру керек, тіпті алғашқы кезде кіші-гірім, жергілікті шеңберде болса да және түрлі кәсіптер мен түрлі жерлерде қолданылатын

әр алуан шаралардың нәтижелерін салыстыру үшін тәжірибе ретінде болса да дереу басталуға тиіс. Совет өкіметінің, кәсіптік одақтарды қатыстыра отырып, еңбекке қабілетті бүкіл халықты белгілі бір қоғамдық жұмысты орындауға түгелдей жұмылдыру ісі осы уақытқа дейінгіден гөрі анағұрлым кең және ұдайы қолданылуға тиіс.

(5) Бөліс саласында Совет өкіметінің міндеті қазіргі уақытта мынадай: сауданы жоспарлы түрде, жалпы мемлекеттік көлемде ұйымдастырылған өнімдерді бөлумен ауыстыру ісін үздіксіз жүргізе беру. Мұндағы мақсат бүкіл халықты өндірістік-тұтыну коммуналарына ұйымдастыру болып табылады; бұл коммуналар барлық қажетті өнімдерді мейлінше тез, жоспарлы түрде, үнемділікпен, еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып бөле алады, бүкіл бөлу аппаратын мейлінше орталықтандыра алады. Бұл мақсатқа жету жолындағы өтпелі құрал — кооперативтер. Бізге капитализм мұра етіп қалдырған кооперативтік аппаратты буржуазиялық ой өрістері бар және буржуазияша қожайындық ететін адамдар басқаратындықтан, бұл кооперативтерді пайдалану міндеті буржуазиялық мамандарды пайдалану міндетімен біртектес. РКП өз саясатын үнемі жүргізе беруге тиіс: партия мүшелерінің бәрін кооперативтерде жұмыс істеуге міндеттеп, кооперативтерді тағы да сол кәсіптік одақтардың көмегімен коммунистік рухта бағыттап отыру керек, кооперативтерге біріктірілген еңбекші халықтың дербес әрекет етушілігі мен тәртібін дамытып, бүкіл халықтың кооперативтерге қамтылуын және бұл кооперативтердің біртұтас, жоғарыдан төменге дейін, бүкіл Совет республикасын қамтитын кооперативке келіп қосылуын қамтамасыз ету керек; ақырында, ал мұның өзі ең басты нәрсе, еңбекшілердің басқа топтарына пролетариаттың басым ықпал жүргізуін ұдайы қамтамасыз етіп отыру қажет және барлық жерде де іс жүзінде әр алуан шараларды сынақтан өткізіп отыру қажет; мұндай шаралар ескі, капиталистік типтегі ұсақ буржуазиялық кооперативтерден пролетарлар мен жартылай пролетарлар басшылық ететін өндірістік-тұтыну коммуналарына көшуді жеңілдетіп, жүзеге асыратын болады.

(6) Капитализмнен коммунизмге өтудің алғашқы кезінде ақшаны бірден жойып жіберу мүмкін емес. Осының салдарынан халықтың буржуазиялық элементтері жеке меншікте қалып отырған ақша знактарын, қанаушылардың жалдаптық жасау, баю және еңбекшілерді тонау мақсатымен қоғамдық байлықты алуына право беретін осы куәліктерді пайдаланып отырады. Буржуазиялық тонаудың осы қалдықтарына қарсы күрес жүргізу үшін банктерді национализациялаудың бір өзі жеткіліксіз. РКП ақшаны жоюды, ең алдымен оларды жинақ книжкаларымен, чектермен, қоғамдық өнімдерді алуға право беретін қысқа мерзімдік билеттермен және тағы сондайлармен ауыстыруды дайындайтын, ақшаны міндетті түрде банктерде ұстауды және т. с. белгілейтін мейлінше батыл шараларды мүмкіндігінше неғұрлым тез жүргізуге тырысады. Бұл шараларды және сол сияқты басқа да шараларды әзірлеп, жүзеге асырудың практикалық тәжірибесі мұндай шаралардың қайсысының неғұрлым қолайлы екендігін көрсетеді.

(7) Финанс саласында РКП барлық жағдайларда, мүмкін болатын кездің бәрінде үдемелі табыс салығы мен мүлік салығын қолданып отырады. Бірақ мұндай жағдайлар жерге, фабрикалардың, заводтардың және басқа кәсіпорындардың көпшілігіне жеке меншікті жойғаннан кейін көп бола бермейді. Пролетариат диктатурасы заманында және аса маңызды өндіріс құрал-жабдықтарына мемлекеттік меншік болып отырған заманда мемлекеттің финансы әр түрлі мемлекеттік монополиялардан түсетін табыстың белгілі бір бөлегін мемлекеттің мұқтажын өтеуге тікелей айналдырып отыру негізіне сүйенуге тиіс. Кірістер мен шығыстарды балансқа келтіріп отыру товар айырбасын дұрыс жолға қойған кезде ғана жүзеге асады; өндірістік-тұтыну коммуналарын ұйымдастыру және Совет өкіметінің ең таяудағы басты мақсаттарының бірі болып табылатын транспортты қалпына келтіру істері осыған жеткізеді.

Аграрлық салада

жерге жеке меншікті жойғаннан кейін, помещиктерді толық [дерлік] экспроприациялап, жерді социализация-

лау туралы заңды, жерде ірі ортақ шаруашылық жүргізудің артықшылығын мойындайтын заңды жүзеге асырғаннан кейін Совет өкіметінің басты міндеті осы бағытта анағұрлым дұрыс, қолайлы өтпелі шараларды тауып, іс жүзінде сыннан өткізіп отыру болып табылады.

Істің жайы осындай болып отырған кезде РКП-ның аграрлық саясатының негізгі жолы мен бағыттаушы принципі бұрынғысынша деревняның пролетарлық және жартылай пролетарлық элементтеріне сүйенуге ұмтылу болып саналады. Оларды ең алдымен дербес күшке ұйымдастыру керек, оларды қала пролетариатымен жақындастырып, деревня буржуазиясы мен ұсақ меншікшілдік мүдделердің ықпалынан шығарып алу керек. Кедейлер комитеттерін ұйымдастыру бұл жолда жасалған қадамдардың бірі болды; деревняда партия ұяларын ұйымдастыру, кулактарды аластай отырып Совдептерді қайта сайлау, деревня пролетарлары мен жартылай пролетарлары кәсіптік одақтарының ерекше типін құру — осы шаралар және осы сияқты басқа да шаралар бұлжытпай іске асырылуға тиіс.

РКП-ның кулактар жөніндегі, деревня буржуазиясы жөніндегі саясаты олардың қанаушылық әрекеттеріне қарсы батыл күрес жүргізу, олардың советтік, социалистік саясатқа қарсылығын жаныштау болып табылады.

РКП-ның орта шаруалар жөніндегі саясаты — оларға абайлап қарауда; оларды кулактардан айырып алу қажет және оларға басып-жаншу шараларын ешбір жағдайда қолданбау керек; орта шаруалар, өздерінің таптық жағдайы бойынша, социализмге өту кезінде пролетарлық өкіметтің одақтасы бола алады немесе, ең болмағанда, бейтарап элемент болып қала алады. Сондықтан, сөзсіз болатын жекелеген сәтсіздіктерге және орта шаруалардың солқылдақтығына қарамастан, олармен келісім жасауға табанды түрде ұмтылу керек, олардың барлық тілектеріне қамқорлықпен қарап, социалистік қайта құрылыстарды жүргізу әдістерін белгілеуде кеңшілік жасап отыру керек. Мұнда Совет өкіметінің коммунист деген атақты алдау үшін пайда-

ланып, іс жүзінде коммунистік саясатты жүргізбей, қайта бюрократтық, әкімшілік саясатты жүргізетін өкілдерінің қиянаттарына қарсы күресу және кәсіптік одақтардың көмегімен де, басқа жолдармен де неғұрлым қатал бақылау орната отырып, мұндайларды аяусыз қуып отыру мәселесі басты орындардың біріне қойылады.

Коммунистік егіншілікке көшу шараларына келетін болсақ, онда РКП қазірдің өзінде өмірден туып отырған үш түрлі басты шараны практикада тексеретін болады, бұлар: советтік шаруашылықтар, ауыл шаруашылық коммуналары және жерді бірлесіп өңдеу қоғамдары (сондай-ақ серіктіктер), мұнымен қатар бұларды неғұрлым кең және неғұрлым дұрыс пайдалануға қамқорлық жасайды, әсіресе серіктестік егіншіліктің осы жаңа формаларына шаруалардың ерікті түрде қатысуын дамыту әдістері туралы және еңбекші шаруаларды төменнен бақылау жүргізу мен жолдастық тәртіп орнату үшін ұйымдастыруға қамқорлық жасайды.

Азық-түлік саясаты саласында РКП мемлекеттік монополияны нығайтып, өркендетуді жақтайды, кооперативтерді және жеке сауда жасаушыларды немесе сауда қызметшілерін пайдаланудан бас тартпайды, Совет өкіметінің бақылауымен және істі ұйымдастыру жағынан барынша жақсылап жолға қою мақсатымен сыйлықтар жүйесін қолданудан бас тартпайды. Оқтын-оқтын жасауға тура келіп отыратын ішінара кеңшіліктер мұқтаждықтың ерекше асқынуынан ғана туып отырған нәрсе, сондықтан мемлекеттік монополияны жүзеге асыру жолындағы табанды талаптан бас тартуға еш уақытта әкеп соқпайды. Ұсақ шаруа шаруашылығы елінде оны жүзеге асыру өте қиын, ол ұзақ уақыт жұмыс істеуді талап етеді және мақсатқа әр алуан жолдармен жеткізетін, яғни барлық артық азық-түлікті мемлекетке тапсыра отырып, барлық жерлерде өндірістік-тұтыну коммуналарын ұйымдастыруға және олардың дұрыс жұмыс істеуіне жеткізетін бірқатар өтпелі шараларды практикалық жағынан сынақтан өткізуді талап етеді.

2

РКП (БОЛЬШЕВИКТЕР) ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

(1) Россиядағы 1917 ж. 25. X. (7. XI.)-дегі революция ең кедей шаруалардың немесе жартылай пролетариаттың қолдауымен коммунистік қоғамның негіздерін құра бастаған пролетариат диктатурасын жүзеге асырды. Барлық алдыңғы қатарлы елдерде пролетариаттың революциялық қозғалысының өсуі, бұл қозғалыстың советтік формасының, яғни пролетариат диктатурасын жүзеге асыруға тікелей бағытталған формасының жер-жердің бәрінде де пайда бола бастауы және дамуы, ақырында, Австро-Венгрияда және әсіресе Германияда революцияның басталуы мен оның дамуының барысы — міне осының бәрі бүкіл дүние жүзілік пролетарлық, коммунистік революция заманының басталғандығын айқын көрсетті.

(2) Бұл революцияның себептерін, маңызы мен мақсаттарын дұрыс түсіну капитализмнің мәнін және оның коммунизмге қарай сөзсіз дамитынын, капитализмнің күйреуін тездететін империализм мен империалистік соғыстар арқылы дамитынын анықтауды талап етеді.

(3) Цивилизациялы елдердің көпшілігінде әлі де болса үстемдік етіп отырған капитализм мен буржуазиялық қоғамның және дамуы пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік коммунистік революциясына сөзсіз әкелетін осы қоғамның табиғатын біздің ескі программамыз мынадай

қағидалармен дұрыс (егер партияның аты социал-демократиялық деп дәл аталмағандығын есептемейтін болсақ) сипаттаған болатын:

(4) «Мұндай қоғамның басты ерекшелігі — капиталистік өндірістік қатынастар негізіндегі товар өндірісі болып табылады; мұндай өндірістік қатынастардың тұсында өндіріс құрал-жабдықтарының және товар айналысының ең маңызды және көп бөлегі өзінің саны жағынан аз ғана адамдар табының қолында болады, ал халықтың орасан көпшілігі пролетарлар мен жартылай пролетарлардан құралады, олар өздерінің экономикалық жағдайы бойынша өздерінің жұмыс күшін үнемі немесе дүркін-дүркін сатып отыруға, яғни капиталистерге жалдануға мәжбүр болады, сөйтіп өздерінің еңбегімен қоғамның жоғары таптарына табыс келтіріп отырады.

(5) Техниканың үнемі жетілуіне қарай капиталистік өндірістік қатынастардың үстемдік ету саласы барған сайын кеңейе түседі, сөйтіп ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызын арттырып, ұсақ дербес өндірушілерді ығыстыруға бастайды, олардың бір бөлегін пролетарларға айналдырады, ал қалғандарының қоғамдық-экономикалық өмірдегі ролін кемітеді, кей жерлерде оларды азды-көпті толық түрде, азды-көпті ашық түрде, азды-көпті ауыр түрде капиталға тәуелді етеді.

(6) Дәл сол техникалық прогресс, оның үстіне, кәсіпкерлерге өндіріс және товар айналысы процесінде әйелдер мен балалардың еңбегін барған сайын кең түрде қолдануға мүмкіндік береді. Ал, екінші жағынан, бұл техникалық прогресс жұмысшының қол еңбегін кәсіпкерлердің керек етуін біршама кемітетін болғандықтан, жұмыс күшіне сұраным оның ұсынымынан сөзсіз артта қалып отырады, осының салдарынан жалдама еңбектің капиталға тәуелділігі күшейіп, ол еңбекті қанау дәрежесі артады.

(7) Буржуазиялық елдердегі істің мұндай жағдайы және бүкіл дүние жүзілік рынокта олардың өзара бәсекесінің ұдайы шиеленісіп отыруы барған сайын үнемі көп мөлшерде өндірілетін товарларды өткізу ісін бірден-бірге қиындата береді. Азды-көпті күшті өнеркәсіп дағдарыстарында көрініп отыратын артық өндіруден соң

өнеркәсіптің біршама ұзақ уақыт бойына тоқырауы басталады, артық өндіру буржуазиялық қоғамдағы өндіргіш күштердің дамуының салдарынан сөзсіз болатын нәрсе. Дағдарыстар мен өнеркәсіптің тоқырау дәуірлері, өз кезегінде, ұсақ өндірушілерді онан сайын күйзелтеді, жалдама еңбектің капиталға тәуелділігін онан сайын арттырады, жұмысшы табы жағдайының біршама, ал кейде мүлдем нашарлауын бұрынғыдан да тездетіп отырады.

(8) Сонымен, еңбек өнімділігінің артуы және қоғамдық байлықтың өсуі болып табылатып техниканың жетілуі буржуазиялық қоғамда қоғамдық теңсіздіктің ұлғаюына, дәулеттілер мен дәулетсіздер арасының қашықтауына, тіршілік ету қиыншылықтарының, жұмыссыздықтың және еңбекші бұқараның анағұрлым қалың топтары үшін басқа да әр түрлі мұқтаждықтардың өсуіне себеп болады.

(9) Бірақ буржуазиялық қоғамға тән осы қайшылықтардың бәрі өсіп, өрбіген сайын, сонымен қатар еңбекші және қаналған бұқараның болып отырған тәртіпке наразылығы да өсіп отырады, пролетарлардың саны көбейіп, топтасуы күшейеді, олардың өздерін қанаушыларға қарсы күресі шиеленісе түседі. Сонымен қатар техниканың жетілуі өндіріс және айналыс құрал-жабдықтарын шоғырландыра отырып, капиталистік кәсіпорындардағы еңбек процесін қоғамдастыра отырып, капиталистік өндірістік қатынастарды коммунистік өндірістік қатынастармен ауыстыруға, яғни пролетариаттың таптық қозғалысын саналы түрде білдіруші болып отырған халықаралық коммунистік партияның бүкіл қызметінің түпкі мақсаты болып саналатын әлеуметтік революцияның болуына материалдық мүмкіндікті барған сайын тез туғызады.

(10) Өндіріс және айналыс құрал-жабдықтарына жеке меншікті қоғамдық меншікпен ауыстырып және қоғамның барлық мүшелерінің әл-ауқатын жақсарту үшін, олардың барлық жағынан жетілуін қамтамасыз ету үшін қоғамдық-өндіріс процесін жоспарлы түрде ұйымдастыруды енгізе отырып, пролетариаттың әлеуметтік революциясы қоғамның таптарға бөлінуін жоя-

ды, сөйтіп барлық езілген адамзатты азат етеді, өйткені қоғамның бір бөлегін екінші бөлегі қанауының барлық түрлерін біржолата жояды.

(11) Бұл әлеуметтік революцияның қажетті шарты — пролетариат диктатурасы, яғни пролетариаттың саяси өкіметті, қанаушылардың қандай да болсын қарсылығын жаныштау үшін өзіне мүмкіншілік беретін саяси өкіметті жеңіп алуы болып табылады. Пролетариатты өзінің тарихи ұлы міндетін атқара алатындай ету міндетін алдына қоя отырып, халықаралық коммунистік партия оны барлық буржуазиялық партияларға қарсы тұратын дербес саяси партия етіп ұйымдастырады, оның таптық күресінің барлық түрлеріне басшылық етеді, қанаушылардың мүдделерінің қаналғандардың мүдделеріне келіспестей қарама-қарсы екендігін пролетариаттың алдында әшкерелейді және оған алдағы болатын әлеуметтік революцияның тарихи маңызы мен қажетті шарттарын түсіндіреді. Мұнымен бірге ол бүкіл қалған басқа еңбекші және қаналған бұқара алдында оның капиталистік қоғамдағы халінің үмітсіздігін және оның өзінің капитал езгісінен азат болу мүдделері үшін әлеуметтік революцияның қажет екендігін ашып көрсетеді. Жұмысшы табының партиясы, коммунистік партия, еңбекші және қаналған халықтың барлық тобын, олар пролетариаттың көзқарасына көшіп жатқандықтан, өз қатарына шақырады».

* *
*

(12) Капиталдың шоғырланып, орталықтану процесі еркін бәсекені жоя отырып, XX ғасырдың басында бүкіл экономикалық өмірде шешуші маңыз алған капиталистердің құдіретті монополиялық одақтарының — синдикаттардың, картельдердің, трестердің,— құрылуына әкеп соқты, банк капиталының мейлінше күшті шоғырланған өнеркәсіп капиталымен бірігуіне, бөтен елдерге капиталды өте көп мөлшерде шығаруға, аса бай елдердің, капиталистік державалардың барған сайын неғұрлым кең топтарын қамтитын трестердің арасында территориялық жағынан бөлініп қойған дүние жүзін

экономикалық бөлісудің басталуына әкеп соқты. Мұның өзі финанс капиталының заманы, капиталистік мемлекеттер арасында бұрын болып көрмеген дәрежеде шиеленіскен күрес заманы — империализм заманы болып табылады.

(13) Осыдан келіп сөзсіз империалистік соғыстар, өнім өткізетін рыноктар, капитал орналастыру сфералары, шикізат пен арзан жұмыс күші үшін жүргізілетін соғыстар, яғни дүние жүзіне үстемдік ету үшін және шағын, әлсіз халықтарды тұншықтыру үшін жүргізілетін соғыстар туады. 1914—1918 жылдардағы бірінші ұлы империалистік соғыс — нақ осындай соғыс.

(14) Жалпы алғанда дүние жүзілік капитализм дамуының өте-мөте жоғары сатысы да, еркін бәсекені мемлекеттік-монополистік капитализмнің алмастыруы да, банктердің, сол сияқты капиталистер одақтарының, өнімдерді өндіру және бөлу процесін қоғамдық жолмен реттеу үшін аппарат әзірлеуі де, капиталистік монополиялардың өсуіне байланысты болатын қымбатшылықтың өсуі мен синдикаттардың жұмысшы табын езуінің күшеюі, жұмысшы табын империалистік мемлекеттің құлдыққа салуы, пролетариаттың экономикалық және саяси күресінің орасан зор қиындауы да, империалистік соғыс туғызатын сұмдықтар, апаттар, күйзеліс те,— міне осының бәрі капитализм дамуының қазіргі жеткен сатысынан пролетарлық, коммунистік революция заманын жасайды.

Ол заман басталды.

(15) Империализм мен империалистік соғыстар туғызған тұйықтан адамзатты тек пролетарлық, коммунистік революция ғана алып шыға алады. Революцияның қиыншылықтары және оның болуы мүмкін уақытша сәтсіздіктері немесе контрреволюцияның толқындары қандай болған күнде де—пролетариаттың түпкілікті жеңіп шығатыны сөзсіз.

* * *

(16) Дүние жүзілік пролетарлық революцияның жеңісі алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшы табының барынша толық сенімін, туысқандық аса тығыз одағын

және революциялық қимылдарының мүмкіндігінше күшті бірлігін талап етеді. Социализмді буржуазиялық бұрмалаушылықтан, ресми «социал-демократиялық» және «социалистік» партиялардың жоғарғы топтары арасында жеңіп шыққан буржуазиялық бұрмалаушылықтан үзілді-кесілді принципті түрде қол үзбейінше және оған қарсы аяусыз күрес жүргізбейінше, бұл шарттар жүзеге аспайды.

(17) Мұндай бұрмалаушылық дегеніміз, бір жағынан, оппортунизм мен сөз жүзінде социализмді, іс жүзінде шовинизмді жақтайтын социал-шовинизм ағымы, «өзінің» ұлттық буржуазиясының тонаушылық мүдделерін қорғауды жалпы алғанда да, әсіресе 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде де «отан қорғау» деген жалған ұранмен бүркемелеу болып табылады. Бұл ағымның пайда болған себебі — алдыңғы қатарлы капиталистік мемлекеттер отар және әлсіз халықтарды тонай отырып, буржуазияның осы тонаудан түскен үстеме пайданың болмашы бөлектеріне пролетариаттың жоғарғы тобын сатып алуына, бейбітшілік кезде олардың мещандық біршама тәуір тұрмыс құруын қамтамасыз етіп, сол топтың көсемдерін өзіне қызметке алуына мүмкіндік берді. Оппортунистер мен социал-шовинистер, буржуазияның малайлары бола отырып, пролетариаттың тікелей таптық жаулары болып табылады, әсіресе қазіргі уақытта, капиталистермен одақтаса отырып, олар өз елдерінде де, бөтен елдерде де пролетариаттың революциялық қозғалысын қарудың күшімен жаныштап отырған кезде осылай болып отыр.

(18) Екінші жағынан, социализмді буржуазиялық тұрғыдан бұрмалау — «центр» ағымы болды; барлық капиталистік елдерде де бірдей байқалып отырған бұл ағым социал-шовинистер мен коммунистердің арасында ауытқумен жүр, сөйтіп социал-шовинистермен бірлікті жақтайды және банкрот болған II Интернационалды қайта туғызуға тырысады. Пролетариатты азат ету жолындағы пролетарлық күрестің басшысы тек жаңа, III, Коммунистік Интернационал ғана, ол бірсыпыра елдерде, әсіресе Германияда, бұрынғы социалистік партия-

лардың шынайы пролетарлық элементтерінен коммунистік партиялардың ұйымдасуы арқылы іс жүзінде құрылып отыр және барлық елдердің пролетариат бұқарасы арасында барған сайын зор тілектестікке ие болып келеді. Бұл Интернационал марксизмге тек өзінің аты арқылы ғана қайта оралып қоймай, сонымен қатар буржуазиялық-оппортунистік бұрмалаулардан тазартылған Маркстің революциялық ілімін өзінің бүкіл идеялық-саяси мазмұны арқылы, өзінің бүкіл қызметі арқылы жүзеге асырып отырады.

* *
*

«Правда» № 43,
25 февраль, 1919 ж.

В. И. Ленин түзету енгізген,
машинкада басылған көшірме
бойынша басылып отыр

3

ПРОГРАММАНЫҢ САЯСИ БӨЛІМІНЕ ҚОСЫМША

Сонымен қатар өтпелі тарихи қажеттіліктерді теріс тұжырымдаудан аулақ болу үшін РКП еңбекшілер бұқарасына мынаны түсіндіруге тиіс: азаматтардың бір бөлегінің сайлау праволары жойылғанда Совет республикасында бұған, буржуазиялық-демократиялық республикалардың көпшілігінде болғаны сияқты, өмір бойына правосыз деп жарияланатын белгілі бір азаматтар тобы әсте кірмейді, бұған тек қанаушылар ғана, социалистік Совет республикасының негізгі заңдарына қарамастан өзінің қанаушылық жағдайын қарысып қорғайтын, капиталистік қатынастарды сақтауға барынша тырысатын адамдар ғана кіреді. Демек, Совет республикасында, бір жағынан, социализм күн санап нығайған сайын, қанаушы күйінде қалуға немесе капиталистік қатынастарды сақтауға объективті мүмкіндігі барлардың саны азайған сайын, сайлау правосынан айырылатындардың проценті өзінен-өзі азайып отырады. Қазірде бұл проценттің Россияда екі, үш проценттен артық болуы екіталай. Екінші жағынан, сырттан жасалатын шабуылдың тыйылуы және экспроприаторларды экспроприациялаудың аяқталуы ең таяу уақыттың ішінде, белгілі шарттар болса, мынадай жағдай туғыза алады: пролетарлық мемлекеттік өкімет қанаушылардың қарсылығын жаныштаудың басқа бір тәсілдерін таңдап алып, ешбір шек қоймай-ақ жалпыға бірдей сайлау правосын[27] енгізетін болады.

4

ПРОГРАММАНЫҢ САЯСИ БӨЛІМІНЕН ҮЗІНДІ[28]

Депутаттарды *сайлауды және кері шақырып алуды* жұмысшылар мен шаруалар үшін неғұрлым жеңіл және неғұрлым қолайлы тәсілмен жүргізуге еңбекші бұқараға буржуазиялық демократия мен парламентаризм тұсындағыдан гөрі анағұрлым көп мүмкіндік бере отырып, Советтік конституция сонымен қатар парламентаризмнің Париж Коммунасынан бастап-ақ белгілі болған теріс жақтарын, әсіресе *заң шығару және атқару* өкіметтерін бір-бірінен бөлектеуді, парламенттің бұқарадан қол үзуін және басқаларын жояды.

Советтік конституция мемлекеттік аппаратты бұқарамен мынадай жағдай арқылы да жақындатады: мемлекеттің сайлау орны және негізгі ұясы территориялық округ емес, өндірістік орын (завод, фабрика) болады.

Мемлекеттік аппараттың Советтер тұсында бұқарамен неғұрлым тығыз байланысы мынаны құруға мүмкіндік береді...

5
ПРОГРАММАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ПУНКТІ

Мемлекеттік өкіметті жеңіп алған пролетариаттың ұлт мәселесіндегі саясаты,— ұлттардың теңдігін, империализм тұсында жүзеге аспайтын теңдікті буржуазиялық-демократиялық формальды жариялаудан өзгеше,— буржуазияны құлату жолындағы өздерінің революциялық күресінде барлық ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының жақындасуын және бірігуін іс жүзінде үздіксіз жүзеге асыру болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру отар ұлттарды және езілген немесе тең правосыз жағдайда болып отырған басқа ұлттарды толық азат етуді талап етеді, олардың бөлініп шығуына ерік берілуі керек, мұның өзі әр түрлі ұлттардың еңбекші бұқарасының капитализмнен мұра болып қалған сенбеушілігі және езілген ұлттар жұмысшыларының езуші ұлттардың жұмысшыларына қарсы өшпенділігі толық жойылып, оның орнына саналы және ерікті одақ болуы үшін кепілдік ретінде керек. Капитализм заманынан ауысқан сенбеушілік пен бөтенсушіліктің барлық қалдықтарын жою үшін капитализм тұсында езуші болған ұлттардың жұмысшылары тарапынан езілген ұлттардың ұлттық сезімі жөнінде ерекше абайлап қараушылық болуы қажет (мәселен, великоростар, украиндар, поляктар тарапынан еврейлер жөнінде, татарлар тарапынан башқұрттар жөнінде, т. с.), бұрын езілуде болған ұлттардың еңбекші бұқарасының іс жүзінде тең праволы болуына ғана емес, сонымен қатар тілінің, әдебиетінің дамуына да көмек көрсетілуі қажет.

6

ПРОГРАММАНЫҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ПУНКТІНІҢ ТҮПКІЛІКТІ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША[29]

Ұлттың бөлініп шығу жөніндегі еркін кімдер білдіреді деген мәселеге РКП тарихи-таптық тұрғыдан қарайды, мұнда сол ұлт өзінің тарихи дамуының қай сатысында тұрғандығы: орта ғасырлықтан буржуазиялық демократияға қарай немесе буржуазиялық демократиядан советтік немесе пролетарлық демократияға, т. с. қарай даму жолында тұр ма деген жағын ескереді. Қалай болғанда да...

7
ПРОГРАММАНЫҢ ӘСКЕРИ САЛАДАҒЫ ПУНКТІНЕ КІРІСПЕ

Әскери міндеттер мен әскери жұмыс саласында Совет республикасындағы істің жайы пролетариат диктатурасы тұсында мынадай болып отыр.

Біздің партияның әлдеқашан болжап айтқанындай, империалистік соғыстың әділетті бітіммен аяқтала алмағаны былай тұрсын, тіпті жалпы алғанда буржуазиялық үкіметтердің азды-көпті тұрақты жай бітім жасасуы арқылы да аяқтала алмады. Демократтардың, социалистердің және социал-демократтардың мұндай ұсақ буржуазиялық жалған үмітін оқиғалардың барысы толық теріске шығарды. Мұның керісінше, империалистік соғыс пролетариат бастаған қаналған еңбекші бұқараның қанаушыларға қарсы, буржуазияға қарсы азамат соғысына біздің көз алдымызда сөзсіз айналып отырды және айналып та келеді.

Пролетариат тарапынан тегеуріннің күшеюіне қарай өсіп отырған және әсіресе жеке елдерде пролетариаттың жеңуі нәтижесінде күшейіп отырған қанаушылардың қарсылығы да, сондай-ақ буржуазияның халықаралық ынтымағы мен халықаралық ұйымшылдығы да, міне осының бәрі жекелеген елдердің ішіндегі азамат соғысын пролетарлық елдер мен капитал үстемдігін қорғаушы буржуазиялық елдердің арасындағы революциялық соғыстармен сөзсіз ұштастыра жүргізуге әкеп соғады. Мұндай соғыстар таптық сипатта болғандықтан қорғаныс және шабуыл соғыстарының арасындағы айырма-

шылықтың тіпті де ешқандай мағынасы болмай шығады.

Жалпы және тұтас алғанда, біздің көз алдымызда әсіресе 1918 жылдың аяғынан бастап ерекше тез өрістеп келе жатқан халықаралық азамат соғысының даму процесі капитализм тұсындағы тап күресінің заңды нәтижесі және халықаралық пролетарлық революцияның жеңісіне бастайтын заңды саты болып табылады.

Сондықтан РКП капитализм тұсында қарусыздануға болады деп үміттенушілікті ұсақ буржуазияшыл демократтардың, тіпті өздерін социалистер және социал-демократтар деп атап жүрген демократтардың да, реакциялық мещандық жалған үміті ретінде батыл қабылдамай тастап, іс жүзінде тек буржуазияға қызмет ететін бұл сияқты ұрандардың бәріне пролетариатты қаруландыру және буржуазияны қарусыздандыру ұранын, қанаушылардың қарсылығын толық және аяусыз жаныштау ұранын, ішкі азамат соғысында да, халықаралық революциялық соғыстарда да бүкіл дүние жүзі буржуазиясын жеңіп шыққанға дейін күресу ұранын қарсы қояды.

Бір жылдан астам әскери жұмыстың және барлық еңбекші бұқара соғыстан адам айтқысыз қажып, шаршап шыққаннан кейін пролетарлық революцияшыл армия құрудың практикалық тәжірибесі РКП-ны мынадай негізгі қорытындыларға келтірді:

8
ПРОГРАММАНЫҢ СОТ ТУРАЛЫ ПУНКТІНІҢ БІРІНШІ АБЗАЦЫ

Пролетариат диктатурасы арқылы коммунизмге жету жолында коммунистер партиясы, демократиялық ұрандарды лақтырып тастай отырып, буржуазиялық үстемдіктің бұрынғы күйде құрылған соттар сияқты органдарын да түгелімен жояды, оларды таптық жұмысшы-шаруа соттарымен алмастырады. Бүкіл өкіметті өз қолына алған пролетариат бұрынғы «судьяларды халық сайлайды» деген күңгірт формуланың орнына: «судьялар еңбекшілерден сайланады, оларды тек еңбекшілер ғана сайлайды» деген таптық ұранды ұсынады және бұл ұранды бүкіл сотты ұйымдастыру ісінде жүзеге асырады. Пайда табу мақсатымен жалдама еңбекті пайдаланбайтын жұмысшылар мен шаруалардың өкілдерін ғана сот құрамына сайлай отырып, коммунистік партия әйелдер жөніндегі айырмашылыққа жол бермейді, судьяларды сайлауда да, судьялардың міндетін атқаруда да еркек, әйелдің барлық праволарын тең ұстайды. Құлатылған үкіметтердің заңдарын жойып, партия совет сайлаушылары сайлаған судьяларға мынадай ұранды—пролетариаттың декреттерін қолдана отырып, оның еркін жүзеге асыру, ал тиісті декрет болмаған күнде немесе ондай декрет толық болмаған күнде, құлатылған үкіметтердің заңдарын лақтырып тастай отырып, социалистік праволық сананы басшылыққа алу ұранын ұсынады.

9
ПРОГРАММАНЫҢ ХАЛЫҚ АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ПУНКТІ

Халық ағарту саласында РКП өзінің алдына мектепті буржуазияның таптық үстемдігінің құралынан осы үстемдікті талқандау құралына айналдыру жөнінде 1917 жылғы Октябрь революциясынан кейін басталған істі, сондай-ақ қоғамның таптарға бөлінуін толық жою ісін де ақырына дейін жеткізу міндетін қояды. Мектеп пролетариат диктатурасының құралы болуға тиіс, яғни жалпы алғанда коммунизм принциптерін жүргізуші болып қана қоймай, сонымен қатар қанаушылардың қарсылығын толық жаныштау және коммунистік құрылысты жүзеге асыру мүдделері үшін пролетариаттың еңбекші бұқараның жартылай пролетарлық және пролетарлық емес топтарына идеялық, ұйымдастырушылық, тәрбиешілік ықпалын жүргізуші болуға тиіс. Қазіргі уақытта бұл жолдағы таяудағы міндеттер мынадай:

(1) Совет өкіметінің жан-жақты көмектесуі арқасында жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың халық ағарту саласындағы дербес әрекет етуін бұдан былай да дамыта беру;

(2) қазіргідей, мұғалімдер персоналының бір бөлегін немесе көпшілігін ғана біржолата өз жағына қаратып алумен тынбай, түзелмейтін буржуазияшыл контрреволюциялық элементтерді аластау және коммунистік принциптерді (саясатты) адал ниетпен жүзеге асыруды қамтамасыз

ету мағынасында мұғалімдердің бүкіл персоналын біржолата өз жағына қаратып алу;

(3) 16 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың бәріне тегін әрі міндетті түрде жалпы және политехникалық (өндірістің барлық басты салаларымен теория және практика жүзінде таныстыратын) білім беру;

(4) оқудың баланың қоғамдық-өнімді еңбегімен тығыз байланысты болуын жүзеге асыру;

(5) барлық оқушыларды мемлекет есебінен тамақпен, киіммен және оқу құралдарымен жабдықтау;

(6) еңбекші халықты халық ағарту ісіне белсенді қатыстыру (халыққа білім беру советтерін дамыту, сауаттыларды жұмылдыру, т. т.);

немесе 2) ad*

(7) мұғалімдер персоналын РКП-ның үгіт-насихат аппаратымен тығыз байланыстыру.

---

* — пунктке. *Ред.*

10

ПРОГРАММАНЫҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ПУНКТІ

РКП-ның дін жөніндегі саясаты — декрет бойынша шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлумен ғана қанағаттанбау, яғни буржуазиялық демократия уәде еткен, бірақ капиталдың діни насихатпен іс жүзіндегі алуан түрлі байланыстары болғандықтан дүние жүзінің ешбір жерінде ақырына дейін жүзеге асырылмаған шаралармен ғана қанағаттанбау.

Партия қанаушы таптар мен діни насихат ұйымдарының арасындағы байланысты толық күйретуге, сонымен қатар ғылыми-ағарту насихаты мен дінге қарсы насихатты мейлінше кеңінен ұйымдастыра отырып, еңбекші бұқараны діни соқыр сенімдерден іс жүзінде азат етуге тырысады. Бұл ретте дінге сенетін адамдардың сезімін қорлау атаулының қандайынан болса да сергектікпен аулақ болу керек, өйткені ондай қорлау тек діни фанатизмді нығайтуға ғана әкеліп соқтырады.

11

ПРОГРАММАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ ПУНКТТЕРІ

Совет өкіметінің жалпы міндеттерін нақтылы түрде дамыта отырып, РКП бұл міндеттерді қазіргі уақытта мынадай деп белгілейді:

экономикалық салада

Совет өкіметінің міндеті қазіргі уақытта мынадай:

(1) Буржуазияны экспроприациялау, өндіріс пен айналыс құрал-жабдықтарын Совет республикасының меншігіне айналдыру, яғни барлық еңбекшілердің ортақ меншігіне айналдыру жөнінде басталған жұмысты, қазірдің өзінде ең бастылары және ең негізгілері істеліп болған жұмысты бұлжытпай жалғастыра беру және ақырына дейін жеткізу.

(2) Еңбекшілердің жолдастық тәртібін дамытып, нығайтуға және олардың дербес әрекет етушілігі мен жауапкершілікті түсінушілігін жан-жақты арттыруға ерекше зор көңіл бөлу. Капитализмді және өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің үстемдігі арқылы қалыптасқан әдеттерді біржолата жеңудің, егер бірденбір құралы болмаса, ең басты құралы осында. Бұл мақсатқа жету бұқараны қайта тәрбиелеу жөнінде табандылықпен асықпай жұмыс істеуді талап етеді, ал қазіргі уақытта, помещиктің, капиталистің және көпестің жойылғанын бұқара іс жүзінде көрген кезде, мұндай қайта тәрбиелеу тек мүмкін ғана болып қойған жоқ,— бұл қайта тәрбиелеу қазіргі уақытта жұмысшылар мен шаруалардың өздерінің практикалық тәжірибесі арқы-

лы, мыңдаған жолдармен іс жүзінде жүріп жатыр. Бұл жөнінде еңбекшілердің кәсіптік бірігуін дамыту жұмысының өте-мөте зор маңызы бар, еңбекшілердің мұндай бірігуі Совет өкіметі тұсындағыдай еш уақытта және дүние жүзінің еш жерінде мұншалықты тез жүргізілген емес, ал еңбекшілердің бұл бірігуі барлық еңбекшілердің түгелдей сындарлы, орталықтандырылған, тәртіпті, өндірістік одақтарга бірігуіне дейін жеткізілуге тиіс.

8.[30] Өндіргіш күштерді дамытудың нақ осы міндеті бізге ғылым мен техниканың капитализм мұраға қалдырған мамандарын, көп жағдайларда буржуазиялық дүние таным мен дағдылар бұлардың бойына сөзсіз сіңген болса да, дереу, кеңінен және жан-жақты пайдалануды талап етеді. Кәсіптік бірлестіктерімен тығыз одақтаса отырып, партия өзінің бұрынғы бағытын жүргізе беруге тиіс: бір жағынан, осы буржуазиялық топқа титтей де саяси жеңілдік жасамауға, оның контрреволюциялық әрекеттерінің қандайын болса да аяусыз жаныштап отыруға тиіс, ал екінші жағынан, буржуазиялық мамандардан үйренбей-ақ, оларды пайдаланбай-ақ, олармен қатар отырып жұмыс істеудің ұзақ мектебінен өтпей-ақ еңбекшілер капитализмді және буржуазиялық құрылысты жеңе алады дейтін жалған радикалдық, ал іс жүзінде надан пікірге қарсы да аяусыз күрес жүргізу керек.

Еңбек атаулының қандайына болса да төленетін ақыны тең етуге және толық коммунизмге қарай ұмтыла отырып, Совет өкіметі бұл теңдікті қазіргі уақытта, капитализмнен коммунизмге өту жолында тек алғашқы қадамдар ғана жасалып жатқан кезде, дереу жүзеге асыруды өзіне міндет етіп қоя алмайды. Сондықтан мамандар бұрынғыға қарағанда жұмысты жаман істемей, қайта жақсы істейтін болуы үшін оларға неғұрлым жоғары ақы төлеуді белгілі бір уақытқа дейін қалдыра тұру қажет және дәл осы мақсат үшін неғұрлым жемісті және әсіресе ұйымдастырушылық жұмысы үшін сыйлықтар беру жүйесінен де бас тартуға болмайды.

Сонымен қатар буржуазиялық мамандардың саналы

коммунистер басшылық ететін қатардағы жұмысшылар бұқарасымен қол ұстасқан жолдастық ортақ еңбек жағдайында болуын көздеу қажет, сөйтіп капитализм ажыратқан дене еңбегі мен ой еңбегінің қызметкерлерінің өзара түсініспп, жақындасуына көмектесу қажет.

Белгілі бір қоғамдық жұмыстарды орындау үшін кәсіптік одақтардың қатысуымен Совет өкіметінің еңбекке жарамды халықтың бәрін жаппай іске жұмылдыруы осы уақытқа дейінгіден гөрі әлдеқайда кең және жүйелі түрде қолданылуға тиіс.

Бөліс саласында Совет өкіметінің міндеті қазіргі уақытта мынадай: сауданы жоспарлы түрде, жалпы мемлекеттік көлемде ұйымдастырылған өнімдерді бөлумен ауыстыру ісін үздіксіз жүргізе беру. Мұндағы мақсат — бүкіл халықты тұтынушылар коммуналарының біртұтас жүйесіне ұйымдастыру, бұл коммуналар бүкіл бөліс аппаратын қатаң түрде орталықтандыра отырып, барлық қажетті өнімдерді мейлінше тез, жоспарлы түрде, үнемділікпен, еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып бөлуге қабілетті болуға тиіс.

Өтпелі және әр түрлі принциптерді біріктіретін формациялардың қазіргі жағдайында бұл мақсатқа жету үшін советтік азық-түлік органдарының жоспар бойынша бөлудің бірден-бір бұқаралық аппараты ретіндегі, капитализмнен мұра болып қалған аппарат ретіндегі кооперативтерді пайдалануы өте-мөте маңызды.

Бұл аппаратты лақтырып тастауды емес, қайта оны бұдан былай осы сияқты коммунистік жолмен дамытуды принципті түрде бірден-бір дұрыс жол деп есептей отырып, РКП өз саясатын үздіксіз жүргізе беруге тиіс: партияның барлық мүшелерін кооперативтерде жұмыс істеуге міндеттеуге, кооперативтерді тағы да сол кәсіптік одақтардың көмегімен коммунистік рухта бағыттап отыруға, кооперативтерге біріктірілген еңбекші халықтың дербес әрекет етушілігі мен тәртібін дамытуға, бүкіл халықты кооперативтермен қамтуға және бұл кооперативтердің бірыңғай, жоғарыдан төменге дейін, бүкіл Совет республикасын қамтитын кооперативке бірігуін қамтамасыз етуге қол жеткізуге тиіс; ақырында, —

мұның өзі ең басты нәрсе,—еңбекшілердің басқа топтарына пролетариаттың басым ықпал жүргізуін ұдайы қамтамасыз етіп отыру қажет және барлық жерде де практика жүзінде әр алуан шараларды сынап көру қажет, мұндай шаралар ескі, капиталистік типтегі ұсақ буржуазиялық кооперативтерден пролетарлар және жартылай пролетарлар басқаратын тұтынушылар коммуналарына көшуді жеңілдетіп, жүзеге асырып отыруға тиіс.

(6) Капитализмнен коммунизмге өтудің алғашқы кезінде ақшаны бірден жойып жіберу мүмкін емес. Осының салдарынан халықтың буржуазиялық элементтері жеке меншікте қалып отырған ақша знактарын, қанаушылардың жалдаптық жасау, баю және еңбекшілерді тонау мақсатымен қоғамдық байлықты алуына право беретін осы куәліктерді пайдаланып отырады. Буржуазиялық тонаудың осы қалдықтарына қарсы күрес жүргізу үшін банктерді национализациялаудың бір өзі жеткіліксіз. РКП ақшаны жоюды, ең алдымен оларды жинақ книжкаларымен, чектермен, қоғамдық өнімдерді алуға право беретін қысқа мерзімдік билеттермен және тағы сондайлармен ауыстыруды дайындайтын, ақшаны міндетті түрде банктерде ұстауды және т. с. белгілейтін мейлінше батыл шараларды мүмкіндігінше неғұрлым тез жүргізуге тырысады. Бұл шараларды және сол сияқты басқа да шараларды әзірлеп, жүзеге асырудың практикалық тәжірибесі мұндай шаралардың қайсысының неғұрлым қолайлы екендігін көрсететін болады.

(7) Финанс саласында РКП барлық жағдайларда, мүмкін болатын кездің бәрінде үдемелі табыс салығы мен мүлік салығын қолданып отырады. Бірақ мұндай жағдайлар жерге, фабрикалардың, заводтардың және басқа кәсіпорындардың көпшілігіне жеке меншікті жойғаннан кейін көп бола бермейді. Пролетариат диктатурасы заманында және аса маңызды өндіріс құрал-жабдықтарына мемлекеттік меншік болып отырған заманда мемлекеттің финансы әр түрлі мемлекеттік монополиялардан түсетін табыстың белгілі бір бөлегін мем-

лекеттің мұқтажын өтеуге тікелей айналдырып отыру негізіне сүйенуге тиіс. Кірістер мен шығыстарды балансқа келтіріп отыру товар айырбасын дұрыс жолга қойған кезде ғана жүзеге асады, ал Совет өкіметінің ең таяудағы басты мақсаттарының бірі — тұтынушылар коммуналарын ұйымдастыру және транспортты қалпына келтіру істері осыған жеткізеді.

В. И. Лениннің
«Программаның аграрлық
пункті» деген
қолжазбасының бірінші
беті.— 1919 ж.

Кішірейтілген

Прошу переписать в 7 экз. 1)

(46) Совѣтская власть, осуществив полную отмѣну частной собственности на землю, перешла уже к проведенію в жизнь цѣлаго ряда мѣр, направленных къ организаціи крупнаго соціалистическаго земледѣлія. Важнѣйшими из этих мѣр являются устройство совѣтских хозяйств т.е. крупных соціалистических экономій, поощреніе с.-х. коммун т.е. добровольных союзов земледѣльцев для веденія крупнаго общаго хозяйства, и обществ, а равно товариществ для общественной обработки земли; организація государственных посѣвов для засѣва всѣх, чьих бы то ни было, незасѣянных земель; государственная мобилизація всѣх агрономических сил для энергических мѣр по повышенію с.-х. культуры и т.д.

Разсматривая всѣ эти мѣры как единственный путь к абсолютно необходимому повышенію производительности земледѣльческаго труда, Р.К.П. стремится к возможно болѣе полному проведенію в жизнь этих мѣр, к их распространенію на болѣе отсталыя области страны, и к дальнѣйшим шагам в том же направленіи.

В виду того, что противоположность города и деревни является одной из самых глубоких основ хозяйственной и культурной отсталости деревни, а в эпоху столь глубокаго кризиса, как нынѣшній, ставит как город так и деревню перед непосредственной опасностью вырожденія и гибели, Р.К.П. видит в уничтоженіи этой противоположности одну из коренных задач коммунистическаго строительства и, наряду с вышеуказанными мѣрами

12

ПРОГРАММАНЫҢ АГРАРЛЫҚ ПУНКТІ

Жерге жеке меншікті толық жою ісін жүзеге асыра отырып, Совет өкіметі социалистік ірі егіншілікті ұйымдастыруға бағытталған бірқыдыру шаралар жүргізуге қазірдің өзінде-ақ көшті. Мұндай шаралардың ең маңыздылары мыналар: советтік шаруашылықтар, яғни социалистік ірі экономиялар ұйымдастыру, ауыл шаруашылық коммуналарын, яғни егіншілердің ірі ортақ шаруашылық жүргізу үшін құрылатын ерікті одақтары мен қоғамдарын, сондай-ақ жерді қоғамдасып өңдеу үшін құрылатын серіктіктерді көтермелеу; кімдікі болса да, егін егілмеген жердің бәріне мемлекеттік егін егуді ұйымдастыру; ауыл шаруашылығының мәдениетін көтеру жолында мықты шаралар қолдану үшін барлық агрономиялық күштерді мемлекеттік көлемде іске жұмылдыру, т. т.

Осы шаралардың бәрін егіншіліктегі еңбектің мейлінше қажет болып отырған өнімділігін көтерудің бірден-бір жолы деп қарай отырып, РКП бұл шараларды мүмкіндігінше толық жүзеге асыруға тырысады, оларды еліміздің неғұрлым артта қалған облыстарына таратуға және нақ сол бағытта бұдан былай да ілгері басуға тырысады.

Деревняның шаруашылық және мәдениет жағынан артта қалғандығының ең терең негіздерінің бірі—қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық болып отырғандықтан, ал қазіргі сияқты соншама асқынған дағдарыс заманында бұл қарама-қарсылық қаланы да,

деревняны да тікелей азғындау және апатқа ұшырау қатеріне соқтыратын болғандықтан, РКП коммунистік құрылыстың түбегейлі міндеттерінің бірі осы қарама-қарсылықты жою деп біледі, сондықтан жоғарыда көрсетілген шаралармен қатар өнеркәсіп жұмысшыларын егіншіліктегі коммунистік құрылысқа кеңінен және жоспарлы түрде қатыстыру қажет, осы мақсат үшін Совет өкіметі қазірдің өзінде ұйымдастырып отырған жалпы мемлекеттік «Жәрдемдесу жөніндегі жұмысшы комитетінің» және сондайлардың жұмысын ілгері бастыру қажет деп есептейді.

РКП деревнядағы өзінің бүкіл жұмысында бұрынғыша деревняның пролетарлық және жартылай пролетарлық топтарына сүйенеді, оларды ең алдымен дербес күшке ұйымдастырып, деревняда кедейлер комитеттерін, партия ұяларын, деревняның пролетарлары мен жартылай пролетарларының кәсіптік одақтарының ерекше типін, т. т. құрады, оларды қала пролетариатымен барған сайын жақындастырады, сөйтіп оларды деревня буржуазиясы мен ұсақ меншікшілдік мүдделердің ықпалынан босатады.

РКП-ның кулактар жөніндегі, деревня буржуазиясы жөніндегі саясаты олардың қанаушылық әрекеттеріне қарсы батыл күрес жүргізу, олардың советтік, коммунистік саясатқа қарсылығын жаныштау болып табылады.

РКП-ның орта шаруалар жөніндегі саясаты—оларды социалистік құрылыс жұмысына біртіндеп және жоспарлы түрде тарту. Оларды кулактардан айыруды, олардың артта қалғандығына қарсы әсте жаныштау шаралары арқылы емес, идеялық әсер ету шаралары арқылы күресе отырып, олардың өмірлік мүдделеріне қатысты жағдайлардың бәрінде де олармен практикалық келісімге келуге тыряса отырып, социалистік қайта құрылысты жүргізу әдістерін белгілеуде оларға кеңшілік жасай отырып, олардың қажеттеріне зер сала қарау арқылы оларды жұмысшы табының жағына тартуды партия өзіне міндет етіп қояды.

РКП(б) VIII СЪЕЗІ[31]

18-23 МАРТ, 1919 ж.

Съезді ашарда сөйленген сөз, Орталық Комитеттің есебі, партия программасы туралы баяндама, партия программасы туралы баяндама бойынша қорытынды сөз, орта шаруаларға көзқарас туралы қарар, съезді жабарда сөйленген сөз 1919 ж. 20, 21, 22, 25, 27, 28 мартта, 1 және 2 апрельде «Правда» газетінің 60, 62, 64, 70, 71-номерлерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 60, 61, 62, 66, 67, 70-номерлерінде басылған; деревнядағы жұмыс туралы баяндама бойынша жарыс сөздерді тоқтату туралы ұсынысқа қарсы сөйленген сөз 1919 ж. мына кітапта басылған: «Россия коммунистік (большевиктер) партиясының VIII съезі. Стенографиялық есеп, 18—23 март, 1919 ж.»

Съезді ашарда сөйленген сөз, Орталық Комитеттің есебі, партия программасы туралы баяндама, партия программасы туралы баяндама бойынша қорытынды сөз, орта шаруаларға көзқарас туралы қарар, деревнядағы жұмыс туралы баяндама бойынша жарыс сөздерді тоқтату туралы ұсынысқа қарсы сөйленген сөз, съезді жабарда сөйленген сөз 1919 ж. шыққан кітаптың тексті бойынша басылып отыр

1

СЪЕЗДІ АШАРДА 18 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, біздің съезіміздегі бастапқы сөз Яков Михайлович Свердлов жолдасқа арналуға тиіс. Жолдастар, егер тұтас алғанда бүкіл партия үшін және бүкіл Совет республикасы үшін Яков Михайлович Свердлов ең басты ұйымдастырушы болған болса,—бұл туралы бүгін жерлеу кезінде көптеген жолдастар айтты,—партия съезі үшін ол анағұрлым қадірменді және жақын болған еді. Біз мұнда өзінің соңғы күндерін бүтіндей съезге арнаған жолдастан айрылып отырмыз. Бұл арада оның жоқтығы біздің жұмысымыздың бүкіл барысына әсер етеді, сондықтан съезд оның жоқтығын ерекше қатты сезінетін болады. Жолдастар, мен оны орындарыңыздан тұрып еске түсірулеріңізді ұсынамын. (Бәрі орындарынан тұрады.)

Жолдастар, бізге өзіміздің партия съезінің жұмысын орыстық және бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның өте ауыр, күрделі және өзіндік ерекшелігі бар кезеңінде ашуға тура келіп отыр. Егер Октябрьден кейін алғашқы кезде партияның күштері мен Совет өкіметінің күштері түгелдей дерлік тікелей қорғаныс міндетіне, жауларға, социалистік республиканы азды-көпті ұзақ уақыт өмір сүреді деп ойламаған сыртқы және ішкі буржуазияға тікелей тойтарыс беру міндетіне жұмсаған болса,—онда біз қалайда біртіндеп ығыса бердік, сөйтіп бірінші орынға құрылыс міндеттері, ұйымдастыру міндеттері қойыла бастады. Менің ойымша, біздің съезіміз бүтіндей осы құрылыс жұмысының

және ұйымдастыру жұмысының бағытында өтуге тиіс. Теориялық жағынан орасан зор қиын болатын программа мәселелері де көбінесе құрылыс мәселелеріне келіп тіреледі, сондай-ақ съездің күн тәртібіне арнайы қойылып отырған ұйымдастыру мәселесі, Қызыл Армия туралы мәселе және әсіресе деревнядағы жұмыс туралы мәселе,—осылардың бәрі де ең қиын соғатын, алайда социалистер үшін ең ардақты міндет болып табылатын басты мәселеге: ұйымдастыру мәселесіне бізден бар күшімізді жұмсап, назар аударуды талап етеді. Бұл арада мынаны ерекше баса көрсету керек: ұсақ шаруалар елінде коммунистік құрылыстың нағыз қиын міндеттерінің бірі қазіргі уақытта біздің алдымызға тікелей қойылуға тиіс: бұл міндет—*орта шаруаларға көзқарас туралы міндет.*

Жолдастар, алғашқы уақытта, Совет республикасының өмір сүру правосын қорғауға тиісті болған кезімізде, міне, осындай кезде бұл мәселенің кең көлемде бірінші қатарға қойыла алмағандығы табиғи нәрсе. Деревня буржуазиясына және кулактарға қарсы аяусыз шайқас жүргізу бірінші орынға деревняның пролетариаты мен жартылай пролетариатын ұйымдастыру міндетін қойды. Бірақ коммунистік қоғамның берік негіздерін орнатқысы келетін партия үшін бұдан былайғы қадам ретінде—орта шаруаларға біздің көзқарасымыз туралы мәселені дұрыс шешу міндеті қойылады. Бұл міндет анағұрлым күрделі міндет. Совет республикасының тіршілік негіздері қамтамасыз етілмей тұрып, біз бұл міндетті барынша кең көлемде қоя алмадық. Бұл анағұрлым күрделі міндет. Бұл міндет халықтың көптеген және күшті тобына біздің қалай қарайтындығымызды белгілеуді талап етеді. Мұндай көзқарас—күресу немесе сүйену деп жай ғана жауап берумен белгілене қоймайды. Егер буржуазия жөнінде біздің міндетіміз «күресу», «жаныштау» деген сөздермен тұжырымдалатын болса, егер деревняның пролетарлары мен жартылай пролетарлары жөнінде бұл міндет «біздің сүйеніішіміз» деген сөздермен тұжырымдалатын болса,— ал мұнда міндет, күмән жоқ, анағұрлым күрделі. Бұл жөнінде социалистер, социализмнің ескі

уақыттағы маңдай алды өкілдері,—өздері революцияға әлі де болса сеніп, оған теориялық және идеялық жағынан қызмет етіп жүрген кезде,—*шаруаларды бейтараптандыру* туралы айтқан еді, яғни орта шаруаларды пролетариат революциясына белсенді түрде көмек беретін қоғамдық топ болмаса да, ең болмағанда, пролетариат революциясына кедергі жасамайтын, бейтарап болатын, жауларымыздың сойылып соқпайтын қоғамдық топ қалпында қалдыру туралы айтқан еді. Міндеттің осылайша жалпылама, теориялық түрде қойылуы бізге әбден айқын. Бірақ ол жеткіліксіз. Біз социалистік құрылыстың мынадай сатысына: нақты, тыңғылықты, деревнядағы жұмыс тәжірибесі бойынша тексерілген негізгі ережелер мен нұсқауларды белгілеу керек болатын сатысына еніп отырмыз; орта шаруалармен *бекем одақ болуымыз* үшін, орта шаруаны бізден бөліп әкетіп отырған, әлденеше рет кездесіп жүрген ауытқулар мен қателіктерді болғызбау үшін біз осы ережелер мен нұсқауларды басшылыққа алуға тиіспіз; ал іс жүзінде біз, орыс шаруасына помещиктердің езгісін ақырына дейін құлатуға және соған арнап нағыз демократия орнатуға тұңғыш рет көмектескен басқарушы коммунистік партия ретінде,— біз орта шаруаның толық сенім көрсетуін әбден күте аламыз. Бұл міндет аяусыз, тез басып-жаншуды және шабуылды талап ететін міндет емес. Бұл міндет, күмән жоқ, өте-мөте күрделі. Алайда бір жыл бойы алдын ала жүргізілген жұмыстан кейін біз бұл міндетті орындай аламыз деп сенім білдіруге менің батылым барады.

Біздің халықаралық жағдайымыз туралы бірнеше сөз айтайын. Жолдастар, Москвада III, Коммунистік Интернационалдың құрылуы—біздің халықаралық жағдайымызды айқындау мағынасында өте зор маңызы бар акт болып табылатындығын, әрине, бәріңіз де білесіздер. Барынша қаруланған орасан зор нақты әскери күш—дүние жүзінің барлық ең күшті державалары осы күнге дейін бізге қарсы тұр. Бірақ, соған қарамастан, біз кәміл сеніммен өзімізге былай дейміз: бұл сырттан қарағанда орасан зор күш және қара күш жағынан бізден анағұрлым қуатты күш—шайқалып отыр.

Ол енді күш болудан қалды. Онда бұрынғы беріктік жоқ. Сондықтан біздің міндетіміз бен мақсатымыз—бұл алыпқа қарсы күресте жеңіп шығу міндеті—утопиялық нәрсе емес. Қайта, керісінше, қазіргі уақытта бүкіл дүние жүзінен біздің көпе-көрінеу бөлініп тасталып отырғандығымызға қарамастан, барлық елдерде революциялық қозғалыстың өсуі туралы газеттер күн сайын хабар жеткізіп отыр. Ол ол ма, революциялық қозғалыстың бұл өсуі советтік формаға айналып келе жатқанын білеміз, көріп отырмыз. Ал мұның өзі біздің Совет өкіметін жүзеге асырып, *пролетариат диктатурасының халықаралық, бүкіл дүние жүзілік формасын* іздеп тапқанымызға кепілдік береді. Сондықтан бүкіл дүние жүзі пролетариатының осындай күрес жолына, пролетарлық өкіметтің,—жұмысшылар мен еңбекшілер өкіметінің,— осындай формаларын жасау жолына түскендігіне біз әбден кәміл сенеміз, ал бүкіл дүние жүзілік коммунистік революцияның бүкіл дүние жүзілік Совет республикасына қарай қадам басуын дүние жүзіндегі ешбір күш бөгей алмайды. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Жолдастар, маған енді Россия коммунистік партиясы Орталық Комитетінің атынан VIII съезді ашық деп жариялауға және президиум сайлауға кірісуге рұқсат етіңіздер.

2
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ 18 МАРТТАҒЫ ЕСЕБІ

(Ду, ұзақ қол шапалақтау; «Ильич жасасын!», «Ленин жолдас жасасын!» деген дауыстар.) Жолдастар, маған Орталық Комитеттің саяси есебінен бастауға рұқсат етіңіздер. Орталық Комитеттің соңғы съезден бергі жердегі саяси қызметі туралы есеп беру дегеніміз—шын мәнісінде, біздің бүкіл революция туралы есеп беру деген сөз. Сондықтан, менің ойымша, мұндай қысқа мерзім ішінде ондай міндетті орындауға бір адамның шамасы жетпейтіні былай тұрсын, оның жалпы бір адамның қолынан келмейтіні жөнінде менің айтқаныма барша жұрт келісетін болар. Сондықтан мен партиямыздың осы дәуір ішінде істеген істерінің тарихында ғана емес, сонымен қатар, менің ойымша, қазіргі міндеттердің тұрғысынан алғанда да ерекше маңызы бар пункттерге ғана тоқталуды ұйғардым. Біз басымыздан кешіріп отырған уақытта қазіргі кез туралы және болашақ туралы ойламай, бүтіндей тарихқа беріліп кету, өткенді еске түсіру, расын айтайын, мен үшін қолдан келмейтін нәрсе болар еді.

Егер сыртқы саясаттан бастайтын болсақ, онда герман империализміне біздің көзқарасымыз және Брест бітімі бірінші орынға қойылатындығы өзінен-өзі түсінікті. Ал менің ойымша, бұл мәселе туралы айтуға тұрады, өйткені бұл мәселенің тек тарихи ғана маңызы болып отырған жоқ. Менің ойымша, Совет өкіметі одақтас державаларға жасаған ұсыныс немесе, дұрысырақ айтқанда, Принц аралдарындағы конференция[32] туралы

жұрттың бәріне белгілі ұсынысқа біздің үкіметіміз берген келісім,—менің ойымша, бұл ұсыныс және біздің оған берген жауабымыз белгілі жағдайда және өте-мөте маңызды нәрседе Брест бітімі кезінде империализмге біз белгілеген көзқарасты қайталайды. Міне сондықтан да мен оқиғалар қазіргідей тез дамып отырғанда бұл тарихқа тоқталу қажет қой деп ойлаймын.

Брест бітімі туралы мәселе шешіліп жатқан кезде, партиялық құрылыс туралы айтпағанның өзінде, советтік құрылыс әлі де алғашқы сатыда болатын. Өздеріңіз де білесіздер, біздің аяқ басып отырған жолымызбен алға басуымыздың қарқынын шамалап болса да анықтау үшін ол кезде партиямызда тұтас алғанда тәжірибе әлі де аз еді. Ескіліктің сөзсіз мирас етіп қалдырған белгілі бір шым-шытырық жағдайы ол кезде оқиғаларға көз жіберуді, болып жатқан оқиғалармен дәлме-дәл танысуды әлі де болса оте-мөте қиындатқан еді. Ал Батыс Европадан және барлық басқа елдерден орасан зор қол үзушілік Батыста пролетарлық революцияның ықтимал қарқыны туралы немесе өсу формалары туралы пікірге келу үшін бізге ешқандай объективті материалдар бермеді. Осындай қиын жағдайдан келіп Брест бітімі туралы мәселе біздің партиямыздың ішінде көптеген алауыздық туғызды.

Бірақ оқиғалар мынаны көрсетті: адам айтқысыз зорлық, сорақы, тонаушылық бітімді бүркенген герман империализмінің алдында еріксіз кейін шегіну, міне бұл шегіну социалистік жас республиканың бүкіл дүние жүзілік империализмге (бүкіл дүние жүзілік империализмнің бір жартысына) көзқарасы жағынан алғанда бірден-бір дұрыс шегіну болды. Ол кезде біздерге, Россияда помещиктер мен буржуазияны жаңа ғана құлатқан біздерге, бүкіл дүние жүзілік империализм күштерінің алдында кейін шегінуден басқа ешқандай амал қалмады. Революционердің көзқарасы тұрғысынан бұл шегінуді кінәлаған адамдар шындығына келгенде түбірінен теріс және марксистік емес көзқараста болды. Июльдегі ауыр жеңілістерден кейін, корниловшылдықтан кейін, ақырында, октябрьде еңбекшілердің орасан мол бұқарасының арасында буржуазияны құлату же-

міндегі батылдықтың, дайындықтың және бұл үшін қажет болған материалдық ұйымдасқан күштің толық пісіп жетілуіне біздің қандай жағдайларда, Керенский заманының қаншалықты ұзақ және қаншалықты қиын дамуынан кейін, Советтер ішінде қандай қиындықпен істелген аса зор дайындық жұмысынан кейін жеткенімізді олар ұмытты. Ол кезде халықаралық көлемде бұл сияқты нәрсе туралы сөз болуы да мүмкін еместігі түсінікті. Бұл тұрғыдан қарағанда бүкіл дүние жүзілік империализмге қарсы күрестің міндеті мынадай болатын: бұл империализмді іріту мағынасында, барлық жерде де толқи бастаған, бірақ өзінің қимыл-әрекетінде әлі де толық айқын сипат алмаған жұмысшы табын ағарту және біріктіру мағынасында бұдан былайғы жерде де осылайша қимыл жасау.

Міне сондықтан да біздің Брест жөнінде қолданған саясатымыз бірден-бір дұрыс саясат болып шықты; алайда, әрине, бұл саясат ол кезде біздің толып жатқан ұсақ буржуазиялық элементтермен өшпенділігімізді шиеленістірді; ал мұндай элементтер әрдайым барлық жағдайларда бірдей және әрдайым барлық елдерде бірдей социализмнің дұшпаны болып табылмайды, бола алмайды және болуға тиіс емес. Бұл арада тарих бізге сабақ берді, бұл сабақты жақсылап ұғыну керек, өйткені бұл сабақты біздің талай рет пайдалануымызға тура келетіндігі күмәнсыз. Бұл сабақтың мәнісі мынау: пролетариат партиясының ұсақ буржуазиялық демократиялық партияға көзқарастары, Россияда ерекше күшті және көп болып отырған және барлық елдерде де бар болып отырған элементтерге, жіктерге, топтарға, таптарға көзқарастары, міне мұндай көзқарастар—өте-мөте күрделі және қиын міндет. Ұсақ буржуазиялық элементтер ескі қоғам мен жаңа қоғамның арасында ауытқумен болады. Олар ескі қоғамның да, жаңа қоғамның да қозғаушысы бола алмайды. Сонымен қатар олар ескілікті помещиктер мен буржуазия сияқты дәрежеде жақтаушы болып та табылмайды. Патриотизм дегеніміз нақ ұсақ меншікшілердің өмір сүруінің экономикалық жағдайларына байланысты сезім болып табылады. Ұсақ меншікшілерге қарағанда буржуазия

неғұрлым интернационалды болады. Біздің мұндай жағдайға Брест бітімі заманында, Совет өкіметі бүкіл дүние жүзілік пролетариат диктатурасын және бүкіл дүние жүзілік революцияны ұлттық құрбандықтар қаншама қиын болғанмен сол құрбандықтардың қандайынан болса да жоғары қойған кезде кездесуімізге тура келді. Оның үстіне ұсақ буржуазиялық элементтермен біздің мейлінше қатты және аяусыз соқтығысуымызға тура келді. Бұл кезде осындай элементтердің бірсыпырасы буржуазиямен және помещиктермен бірлесіп бізге қарсы шықты, ал кейінірек бұл элементтер ауытқи бастады.

Осында ұсақ буржуазиялық партияларға көзқарас туралы кейбір жолдастар көтерген мәселе едәуір дәрежеде біздің программада қозғалған нәрсе және шындығында күн тәртібіндегі әрбір пункгті талқылаған кезде де қозғалатын болады. Бұл мәселе біздің революциямыздың барысында өзінің абстрактілігін, жалпылығын жойып, нақты мәселеге айналды. Брест бітімі заманында интернационалистер ретінде біздің міндетіміз пролетарлық элементтердің ығайып, топтасуына қайткен күнде де мүмкіндік беру болды. Мұның өзі ол кезде бізден ұсақ буржуазиялық партияларды бөліп тастады. Герман революциясынан кейін ұсақ буржуазиялық элементтердің тағы да ауытқи бастағанын біз білеміз. Бұл оқиғалар жақындап келе жатқан пролетарлық революция заманында ескі патриотизм көзқарасы тұрғысынан пайымдаған адамдардың, социалистік тұрғыдан пайымдамағандығы былай тұрсын, тіпті жалпы теріс пайымдаған адамдардың көбінің көзін ашты. Қазір, азық-түлік жөніндегі қиыншылық кезеңге байланысты, әлі де болса Антантаға қарсы жүргізіліп жатқан соғысқа байланысты, ұсақ буржуазиялық демократияның ауытқушылық толқынын біз тағы да бастан кешіріп отырмыз. Бұл ауытқуларды біздің бұдан бұрын да есепке алуымызға тура келген еді, бірақ,—бұл арада біздің бәріміз үшін орасан зор маңызы бар бір сабақ келіп шығады,—ескі жағдайлар өзінің бұрынғы қалпында қайталанбайды. Жаңа жағдай анағұрлым күрделі. Егер біз Брест бітімінің тәжірибесімен қарулансақ, бұл

жағдай дұрыс есепке алынып, біздің саясатымыз дұрыс болып шығады. Принц аралдарындағы конференция жөніндегі ұсынысты қабылдап жауап берген кезде, өте-мөте зорлық сипаттағы бітімге көнгелі отырғанымызды біз білген болатынбыз. Бірақ, екінші жағынан, Батыс Европада революциялық пролетарлық толқынның қалай көтеріліп келе жатқандығы, онда қобалжудың саналы наразылыққа қалай айналып келе жатқандығы, оның бүкіл дүние жүзілік советтік пролетарлық қозғалысты ұйымдастыруға қалай бастап отырғандығы туралы да біз қазір көбірек білеміз. Егер ол кезде біз қараңғыда қармаңып келген болсақ, егер ол кезде Европада революция қашан болатындығы жөнінде тек болжап қана айта алсақ,—бұл революция болуға тиіс деген теориялық сенімдеріміз бойынша болжаған болатынбыз,—қазір бізде басқа елдерде революцияның қалай пісіп-жетіліп келе жатқандығын, бұл қозғалыстың қалай басталғандығын көрсететін бірсыпыра фактілер бар. Міне сондықтан Батыс Европа жөнінде, Антанта елдері жөнінде өзіміздің Брест бітімі кезінде істеген нәрсеміздің көбін қайталауымызға тура келіп отыр немесе тура келеді. Брест тәжірибесінен кейін мұны істеу бізге әлдеқайда жеңіл. Біздің Орталық Комитетке Принц аралдарындағы конференцияға ақтармен бірге қатысу туралы мәселені талқылауға тура келген кезде,—мұның өзі шындығында ақтар басып алған жерлердің бәрінің аннексиялануына келіп тірелді,—уақытша бітім туралы бұл мәселе пролетариат арасында ешбір ызалы үн тудырған жоқ, бұған партия да нақ осылайша қарады. Қалай дегенмен де, менің өз басым ешбір жерден наразылық туралы немесе ызалану туралы ештеңе естігенім жоқ. Мұның бұлай болған себебі: біздің халықаралық саясатымыздың сабағы өзінің нәтижелерін берген еді.

Ұсақ буржуазиялық элементтерге келетін болсақ, бұл жөнінде партияның міндеті әлі түпкілікті шешілген жоқ. Бірсыпыра мәселелерде, шындығына келгенде, күн тәртібіне қойылған мәселелердің барлығында түгелдей, бұл міндетті дұрыс шешу үшін, әсіресе орта шаруа жөніндегі міндетті дұрыс шешу үшін біз өткен жылдың ішінде негіз қаладық. Теория жағынан біз

мынадай пікірге келдік: орта шаруа біздің жауымыз емес, ол өзіне айрықша көзқараста болуды талап етеді, бұл арада істің жайы революцияның тосыннан кездесетін көптеген жағдайларына байланысты, атап айтқанда: патриотизмді жақтау керек пе әлде патриотизмге қарсы болу керек пе?—деген мәселенің шешілуіне байланысты өзгеріп отырады. Біз үшін бұл—екінші кезектегі немесе тіпті үшінші кезектегі мәселелер, бірақ бұлар ұсақ буржуазияны біржола есінен тандырып тастайды. Екінші жағынан, бұл элементтердің бәрі күресте ауытқушылыққа ұрынып, мейлінше тұрлаусыз бола бастайды. Олар өздеріне не қажет екенін білмейді, сөйтіп өз жағдайын сақтап қалуға қабілетсіз болады. Бұл арада біздің тактикамыз өте-мөте икемді, өте-мөте сақ болуға тиіс, өйткені кейде бір қолмен беріп, екінші қолмен алуға тура келеді. Бұл жөнінде кінә бізде емес, өз күштерін жинай алмай жүрген ұсақ буржуазиялық элементтерде. Қазір біз мұны практикада көріп отырмыз және Каутский мен Гильфердинг сияқты ірі күштері бар неміс тәуелсіздерінің[33] не нәрсеге тырыса бастағандығын бүгін тағы да газеттерден оқуымызға тура келді. Олардың Советтер системасын Герман демократиялық республикасының конституциясына енгізгісі келгендігін, яғни «құрылтай» мен пролетариат диктатурасын заңды неке арқылы ұштастырмақ болғандығын сіздер білесіздер. Біз үшін бұл біздің революциямыздың, неміс революциясының, венгр революциясының, пісіп-жетіліп келе жатқан поляк революциясының дұрыс мәнін қорлағандық, біз бұған тек қайран қаламыз. Біз мынаны айта аламыз: мұндай ауытқушы элементтер ең алдыңғы қатарлы елдерде де бар. Кейде білімді, өсіп жетілген, интеллигент элементтер капитализм тұрғысынан алғанда алдыңғы қатардағы Германия сияқты елде де біздің артта қалған ұсақ буржуазиядан гөрі жүз есе көп сандырақтап, даурығып кетіп жүр. Мұның өзі ұсақ буржуазиялық партиялар мен орта шаруалар жөнінде Россия үшін сабақ болмақ. Біздің міндетіміз ұзақ уақыт бойына күрделі және екі жақты болмақ. Бұл партиялар ұзақ уақыт бойына сөзсіз бір адым ілгері басып, екі адым кейін шегінетін болады,

өйткені оларды өздерінің экономикалық жағдайы осылай етеді, өйткені олар социализмнің соңынан ергенде эсте де буржуазиялық құрылыстың жарамсыздығына әбден көзі жеткендіктен ермейді. Социализмге берілгендікті олардан талап етуге де болмайды. Олардың социализмінен дәмелену—адам күлерлік нэрсе. Олар басқа ешқандай жол жоқ екендігіне көзі жеткенде ғана, буржуазия талқандалып, біржолата жанышталғанда ғана социализмге аяқ басады.

Өткен жылдың тәжірибесін жүйелеп қорытындылап жатуға менің мүмкіндігім жоқ, мен өткендегіге көз жібергенде тек біздің саясатымыз үшін ертең немесе бүрсігүні керекті нэрселердің тұрғысынан ғана көз жібердім. Басты сабақ—орта шаруаларға және ұсақ буржуазияға өзіміздің көзқарасымызда өте-мөте сақ болуымыз керек. Мұны өткендегінің тәжірибесі талап етеді, мұны Брест мысалынан көрдік те. Біздің іс-әрекет бағытымызды жиі өзгертіп отыруымызға тура келеді, мұның өзі үстірт бақылаушыға ерсі әрі түсініксіз болып көрінуі де мүмкін. «Бұл қалай,—дейді ол,—кеше сіздер ұсақ буржуазияға уәде еттіңіздер, ал бүгін Дзержинский: солшыл эсерлер мен меньшевиктер оққа ұшырылады деп жариялап отыр. Бұл неткен қайшылық!..» Иә, қайшылық. Бірақ ұсақ буржуазиялық демократияның өзінің іс-әрекеті қайшы шығып отырады, ол өзінің қайда отырарын білмейді, екі орындықтың арасына отырмақ болады, бірінен екіншісіне секіре береді, сөйтіп біресе оңға, біресе солға қарай құлай береді. Біз ол жөнінде өз тактикамызды өзгерттік, сөйтіп ол бізге қарай бет бұрған кезде, біз оған: «Рақым етіңіз»,—дейміз. Біз орта шаруаларды ешбір экспроприациялағымыз келмейді, біз ұсақ буржуазиялық демократия жөнінде ешбір күш қолданғымыз келмейді. Біз оған былай дейміз: «Сіз—елеулі жау емессіз. Біздің жауымыз—буржуазия. Ал егер сіз буржуазиямен бірлесіп әрекет істесеңіз, онда біз сізге де пролетариат диктатурасының шараларын қолдануға мәжбүр боламыз».

Мен енді ішкі құрылыс мәселесіне көшіп, саяси тәжірибені, Орталық Комитеттің бұл уақыт ішіндегі саяси қызметінің қорытындысын сипаттайтын басты нэр-

сеге қысқаша тоқталмақпын. Орталық Комитеттің бұл саяси қызметі өте маңызды мәселелерде күн сайын көрініп отырды. Әлгі айтылғандай, ынтымақтас қарқынды жұмыс болмаса, біз өзіміз жасағандай қимыл жасай алмаған болар едік, айбынды міндеттерді орындай алмаған болар едік. Қызыл Армия туралы мәселе жөнінде, қазіргі уақытта осыншама айтыс тудырып отырған және съездің күн тәртібінде ерекше пункт арналып отырған мәселе жөнінде біз толып жатқан жекелеген кіші-гірім шешімдер қабылдадық, бұларды партиямыздың Орталық Комитеті ұсынып, Халық Комиссарлары Советі арқылы және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті арқылы өткізіп отырды. Жеке, өте маңызды тағайындаулардың саны бұдан да көп, бұларды халық комиссарлары әрқайсысы өз атынан жүргізді, бірақ олардың бәрі де жүйелі және дәйекті түрде ортақ бір бағытты жүргізді.

Қызыл Армияны құру туралы мәселе мүлде жаңа мәселе болды, ол тіпті теориялық тұрғыдан да мүлде қойылмаған еді. Бір кезде Маркс былай деген болатын: Париж коммунарларының сіңірген еңбегі сол — олар қайдағы бір күні бұрын белгілі доктриналардан алынған шешімдерді емес, қайта нақты қажеттіліктен туған шешімдерді жүзеге асырды[34]. Маркстің коммунарлар жөніндегі бұл сөздері белгілі бір мысқылмен айтылған еді, неге десеңіз, Коммунада екі бағыт—бланкистер мен прудонистер—басым болды, бұл екі ағымның екеуіне де өздерінің доктринасы үйреткен нәрселерді істемей, басқаша істеуіне тура келді. Бірақ біз марксизм өзімізді қалай үйретсе, солай жұмыс істедік. Сонымен қатар Орталық Комитеттің саяси қызметі бүтіндей нақты жағдайларда кезек күттірмейтін көкейтесті қажеттіліктің абсолюттік талаптары бойынша белгіленіп отырды. Біз екінің бірінде қараңғыда қармалап жүруге тиіс болдық. Партияның Орталық Комитетінің және Совет өкіметінің осы бір жыл ішіндегі бүкіл қызметін тұтас көрсетуге қабілеті бар тарихшының қай-қайсысы да бұл фактіні мейлінше баса көрсететін болады. Біз басымыздан кешірген дәуірді көзбен шолуға тырысқан кезде, бұл факт бәрінен де көбірек көзге түседі. Бірақ

бұл бізді тіпті 1917 жылғы 10 октябрьде, өкіметті алу туралы мәселе шешілер кезде де ешбір қобалжытқан жоқ. Троцкий жолдастың айтқанындай, эксперимент жасауымызға, тәжірибе жасауымызға тура келетіндігіне біз күмәнданған жоқпыз. Біз іске кірістік, мұндай іске дүние жүзінде ешкім нақ осындай көлемде әлі күнге дейін кірісіп көрген емес еді.

Қызыл Армия туралы да нақ солай болды. Соғыс тоқтатылғаннан кейін армия ыдырай бастаған кезде, жұрттың көбі алғашқыда мұны тек орысқа тән құбылыс деп ойлады. Бірақ орыс революциясы, шын мәнісінде, бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның бас репетициясы немесе репетицияларының бірі болғандығын біз көріп отырмыз. Біз Брест бітімін талқылаған кезде, 1918 ж. январьдың басында бітім туралы мәселе қойған кезде, армияның бұл ыдырауының қашан және басқа қай елдерде басталатындығын әлі де білген жоқ едік. Біз тәжірибеден тәжірибеге қарай қадам басып отырдық, біз еріктілер армиясын құрып көрдік, бұл жағдайда міндетті қай жолмен орындауға болатындығын зерттеп, іздестіріп, қараңғыда қармалап ілгері бастық. Ал алда тұрған міндет айқын еді. Социалистік республиканы қарудың күшімен қорғамайынша, біз өмір сүре алмайтын болдық. Үстем тап өз өкіметін езілген тапқа еш уақытта бермейді. Ал езілген тап қанаушыларды құлатуға ғана қабілетті болып қоймай, сонымен қатар өзін өзі қорғау үшін ұйымдасуға өзінің қабілетті екендігін, бәріне де тәуекел ете алатынын іс жүзінде дәлелдеуге тиіс. Біз қашанда: «Соғыстың да соғысы бар» деп келдік. Біз *империалистік* соғысты айыптадық, бірақ *жалпы алғанда соғыс* атаулының бәрін бекерге шығарған емеспіз. Бізді милитаризмге бой ұрды деп кінәлауға тырысқан адамдар шатасады. Сондықтан Каутскийдің—большевиктердікі социализм емес, милитаризм деген сөзді қолданғанын Берндегі сатқындар конференциясы туралы есептен оқуыма тура келген кезде, мен бұған қайран қалып, күлдім де қойдым. Тарихта соғыспен байланысты болмаған бірде-бір елеулі революция, сірә, болған ба екен. Әрине, болған жоқ! Біз тек бір мемлекетте ғана өмір сүріп отырған жоқпыз, со-

нымен қатар *мемлекеттер жүйесінде де* өмір сүріп келеміз, сондықтан Совет республикасының империалистік мемлекеттермен қатар ұзақ уақыт өмір сүре алуы мүмкін емес. Ақыр аяғында бұлардың екеуінің бірі жеңіп шығады. Ал бұған жеткенге дейін Совет республикасы мен буржуазиялық мемлекеттер арасында талай сұрапыл соқтығыстар болмай қалмайды. Мұның мәнісі—үстемдік құрып тұрған тап, пролетариат, егер ол үстемдік жүргізуді қаласа және үстемдік жүргізетін болса, мұны өзінің әскери ұйымымен де дәлелдеуге тиіс. Үстемдік етіп келген империалистік таптан шыққан командирлер үшін осы уақытқа дейін айдауға көнгіш малдың ролін атқарып келген тап—бұл тап өз командирлерін қалай жасауға тиіс, езілгендердің ынта-жігерін, революциялық жаңа творчествосын буржуазиялық ғылымның және милитаризм техникасының ең нашар формаларындағы запасын пайдалануымен үйлестіру міндетін қалай шешуге тиіс?—ал, мұнсыз ол қазіргі техниканы және соғыс жүргізудің қазіргі тәсілін әсте меңгере алмайды.

Бұл арада біздің алдымызға бір жылдық тәжірибенің өн бойында қорытылған міндет қойылып отыр. Партиямыздың революциялық программасында мамандар туралы мәселе жөнінде жазған кезде, біз партиямыздың ең ірі мәселелерінің бірі жөніндегі практикалық тәжірибесін қорытқан болатынбыз. Болашақ социалистік революциядағы өте көп нәрсені болжап білген және ондағы көп нәрсені белгілеген социализмнің бұрынғы ұстаздарының—олардың осы мәселе жөнінде пікір айтқаны менің есімде жоқ. Олар үшін бұл мәселе жоқ болатын, өйткені бұл мәселе тек біз Қызыл Армияны құру ісіне кіріскен кезде ғана келіп шықты. Мұның мәнісі: айдауға көнгіш малға айналдырылған езілген таптан ынта-жігері тасыған армия құру, сөйтіп бұл армияны бізге капитализмнің қалдырған мұрасының ең зорлық, ең жексұрын нәрсесін пайдалануға мәжбүр ету болды.

Қызыл Армия туралы мәселеде бізге тап болған бұл қайшылық біздің құрылысымыздың барлық салаларында да орын алып отыр. Басқасынан гөрі көп айналысқан мәселені: өнеркәсіпте жұмысшы бақылауынан

жұмысшы басқаруына көшу мәселесін алыңыз. Халық Комиссарлары Советі мен Совет өкіметінің жергілікті органдарының декреттері мен қаулыларынан кейін,— бұлардың бәрі бұл салада біздің саяси тәжірибемізді жасап отырды—шын мәнісінде, Орталық Комитеттің тек қорытып отыруына ғана тура келді. Мұндай мәселеде, осы сөздің шын мағынасында алғанда, оның басшылық ете алуы екі талай еді. Өнеркәсіпке жұмысшы бақылауын орнату туралы біздің алғашқы декреттеріміз бен қаулыларымыздың қаншалықты дәрменсіз, стихиялы және кездейсоқ болғандығын еске түсірудің өзі-ақ жеткілікті. Мұны істеу бізге оңай сияқты болып көрінді. Практика жүзінде мұның өзі мынаған әкеліп соқты: құру қажеттігі дәлелденді, бірақ *қалай* құру керек деген сұраққа біз ешбір жауап бермедік. Национализацияланған әрбір фабрика, национализацияланған өнеркәсіптің әрбір саласы, транспорт, әсіресе темір жол транспорты,—мұның өзі капиталистік механизмнің ірі материалдық техника негізінде мейлінше орталықтандырылып құрылған және мемлекет үшін аса қажетті ең ірі бейнесі,—осының бәрі капитализмнің шоғырланған тәжірибесінің жиынтығы болғандықтан да бізге өлшеусіз қиыншылықтар келтірді.

Бұл қиыншылықтардан біз қазіргі уақытта да әлі шығып болғанымыз жоқ. Алғашқы кезде бұл қиыншылықтарға мейлінше абстрактілі түрде қарадық, өйткені біз революционерлер ретінде уағыздап келгенмен, бірақ іске қалай кірісуді мүлде білмеген едік. Біздің бұл істі ақырына дейін қалай жеткізуді білмей тұрып, оған кіріскеніміз үшін талай адамдар бізді, әрине, кінәлаған болатын және социалистер мен социал-демократтардың барлығы бізді осы күнге дейін кінәлауда. Бірақ мұның өзі—өлі жандардың кісі күлерлік кінәлауы. Ең ұлы революцияны оны аяғына дейін қалай жеткізуді алдын ала біліп отырып жасауға болатындай-ақ! Оны кітаптан оқып білуге болатындай-ақ! Жоқ, біздің шешіміміз тек бұқараның тәжірибесінен ғана туа алатын еді. Мен біздің сіңірген еңбегіміз мынада болды деп есептеймін: осы уақытқа дейін өзімізге жарым-жартылай белгісіз болған мәселені шешуге біз адам айтқысыз қиынш-

лықпен кірістік, біз пролетариат бұқарасын дербес жұмыс істеуге тарттық, біз өнеркәсіп орындарын национализациялауға, т. т. жеттік. Смольныйда өзіміздің 10—12 декреттен бірден шығарғанымыз біздің есімізде. Мұның өзі біздің батылдығымыздың нышаны еді және пролетариат бұқарасының тәжірибесі мен дербес әрекет ету қабілетін оятуға тырысқандық еді. Енді бұл тәжірибе бізде бар. Енді біз өнеркәсіпте жұмысшы бақылауынан жұмысшы басқаруына көштік немесе соған жақындадық. Қазір біз барып тұрған дәрменсіздіктен арылдық, қазір бізде тәжірибенің бірсыпыра нұсқаулары бар, ал бұған қол жеткен соң, біз оны өз программамызда қорыттық. Бұған ұйымдық мәселеде толық тоқталуға тура келеді. Кәсіптік одақтардағы жолдастар бізге көмектеспегенде және бізбен бірге жұмыс істемегенде, біз бұл жұмысты орындай алмаған болар едік.

Батыс Европада мәселе басқаша болып отыр. Ондағы жолдастар қырсық кәсіптік одақтарда деп есептейді, өйткені онда бұл одақтарды ескі социализмнің сатқын өкілдерінің билеп-төстеп алғандығы сонша, коммунистер бұл одақтардың қолдауынан шығатын нәтиже шамалы деп біледі. Батыс коммунистері өкілдерінің көбі, тіпті Роза Люксембург те, кәсіптік одақтарды жою керек деп жариялап отыр[35]. Мұның өзі Батыс Европада біздің міндетіміздің қаншалықты қиын екендігін көрсетеді. Ал бұл одақтардың қолдауынсыз біз бір ай да тұра алмаған болар едік. Бұл жөнінде бізде орасан зор практикалық жұмыстың тәжірибесі бар, мұның өзі аса қиын мәселелерді шешу ісіне кірісуге мүмкіндік береді.

Мамандар туралы мәселені алайық, бұл мәселе қадам басқан сайын біздің алдымызда тұрады, әрбір тағайындау кезінде қойылып отырады, мұны халық шаруашылығы өкілдерінің де, партияның Орталық Комитетінің де қоюына тура келеді. Қазіргі жағдайда партияның Орталық Комитеті форманы сақтайтындай болып жұмыс істей алмайды. Өз саласында дербес жұмыс істей алатын жолдастарды іріктеп алуға мүмкіндік болмаса, онда біз мүлдем жұмыс істей алмаған болар едік. Бізде Я. М. Свердлов сияқты ұйымдастырушылар болуының

арқасында ғана біз соғыс жағдайында көңіл қоярлықтай бірде-бір талас-тартыс болмаған дәрежеде жұмыс істей алдық. Ал осы жұмыстың өзінде біз өздерінің қызметін ұсынған, ескі заманнан алған білімдері бар адамдардың көмегін сөзсіз пайдалануға тиіс болдық.

Атап айтқанда, әскери ведомствоны басқару туралы мәселені алайық. Мұнда штабқа, ірі ұйымдастырушы-мамандарға сенбейінше, мәселе шешуге болмайды. Бұл жөнінде бізде ішінара алауыздықтар болды, бірақ негізінен алғанда күмәнданушылық болған жоқ. Біз буржуазияшыл мамандардың көмегін пайдаландық, олар буржуазиялық психология бойына әбден сіңген адамдар, олар бізді сатып кетіп отырды және әлі талай жыл бізді сатып кетіп отырады. Солай бола тұрса да, егер мәселені мынадай мағынада қойсақ: біз буржуазияшыл мамандардың көмегінсіз тек бір ғана адал коммунистердің қолдарымен коммунизм орнатамыз десек, онда бұл балалық пікір болар еді. Бізде күресте шыныққандық бар, күш, бірлік бар, сондықтан біз осы мамандардың білімі мен тәжірибесін пайдалана отырып, ұйымдастыру жұмысының жолымен жүруге тиіспіз. Мұның өзі қажетті шарт, мұнсыз социализм орнатуға болмайды. Капиталистік мәдениеттің мұрасын пайдаланбайынша, біз социализм орната алмаймыз. Капитализмнің бізге қалдырғанынан басқа, біздің коммунизм құратын өзге ештеңеміз жоқ.

Біз қазір құрылысты практикалық тұрғыдан жүргізуге тиіспіз, сондықтан коммунистік қоғамды өз жауларымыздың қолымен орнатуға тура келеді. Мұның өзі қайшылық, бәлкім, шешілмейтін қайшылық болып көрінер, алайда іс жүзінде коммунистік құрылыстың міндеті тек осы жолмен ғана шешілмек. Ал біз өз тәжірибемізге, осы мәселеге күнбе-күн кездесіп отырғанымызға көз жібергенде, Орталық Комитеттің практикалық жұмысын көргенде, меніңше, біздің партия бұл міндетті негізінен алғанда шешкен сияқты. Мұның өзі өте-мөте қиын болды, бірақ міндет тек осылайша ғана шешілмек еді. Буржуазияшыл мамандар қаншама қарсыласып, қадам басқан сайын қарсы күрессе де, творчестволық ынтымақты ұйымшыл жұмыс оларды қыспаққа алып,

пролетариаттың сапында болғызуға тиіс. Буржуазияшыл мамандарды сақтау үшін және мәдениетсіз, жабайы капиталистік елден — мәдениетті коммунистік ел жасап шығару үшін біз буржуазияшыл мамандарды техникалық және мәдени күш ретінде жұмысқа салуға тиіспіз. Менің ойымша, осы бір жылдың ішінде біз құрылыс ісіне үйрендік, біз дұрыс жолға түстік, біз бұл жолдан таймаймыз.

Менің енді азық-түлік мәселесіне және деревня туралы мәселеге қысқаша тоқталып өткім келеді. Азық-түлік мәселесі бізде қашанда ең қиын мәселе болып келді. Пролетариат өкіметті шаруалардың көмегімен алған елде, пролетариат ұсақ буржуазиялық революцияның агенті ролін атқарған елде,—біздің революция кедейлер комитеттерін ұйымдастырғанға дейін, яғни 1918 жылдың жазына дейін және тіпті күзіне дейін—едеуір дәрежеде *буржуазиялық* революция болды. Біз бұлай деуден қорықпаймыз. Біздің Октябрь революциясын соншама оңай жасаған себебіміз—шаруалар тұтас алғанда бізбен бірге болды, өйткені олар помещиктерге қарсы шықты, өйткені олар біздің бұл арада ақырына дейін баратындығымызды көрді, өйткені біз эсерлік газеттерде басылған нәрселерді заң ретінде жүзеге асырдық,—қорқақ ұсақ буржуазия уәде еткен, бірақ орындай алмаған нәрселерді жүзеге асырдық. Ал кедейлер комитеттері ұйымдаса бастаған кезде, — осы кезден бастап біздің революция *пролетарлық* революцияға айналды. Сөйтіп, біздің алдымызға өзіміз әлі күнге дейін толық шешіп үлгірмеген міндет қойылды. Бірақ ол міндетті біздің практикалық тұрғыдан қоюымыздың өзінің зор маңызы бар. Кедейлер комитеттері өтпелі саты болды. Кедейлер комитеттерін ұйымдастыру туралы бірінші декретті Совет өкіметі сол кезде азық-түлік ісін басқарып отырған Цюрупа жолдастың инициативасы бойынша қабылдады. Ашаршылықтың азабын көрген, егіншілікпен шұғылданбайтын халықты апаттан сақтап қалу керек болды. Мұны пролетарлық ұйымдар ретіндегі кедейлер комитеттері арқылы ғана істеу мүмкін еді. Сөйтіп, біз 1918 жылдың жазында деревняда Октябрь революциясы басталып, жүзеге асқандығын

көрген кезде, тек сонда ғана біз өзіміздің нағыз пролетарлық базисімізге көштік, тек сонда ғана біздің революция прокламациялар бойынша емес, уәделер мен мәлімдемелер бойынша емес, *іс жүзінде пролетарлық* революция *болды.*

Біз қазір өз партиямыздың алдында тұрған міндетті, деревняның пролетариаты мен жартылай пролетариаты ұйымдарының формасын жасау міндетін әлі шешкеніміз жоқ. Таяуда менің Петроградта болуыма және Петроград губерниясының ауыл шаруашылық жұмысшыларының тұңғыш съездерінің біріне қатысуыма тура келді[36]. Мен өзіміздің бұл істе әлі де болса қараңғыны қармалап келе жатқандығымызды көрдім, бірақ менің ойымша, бұл іс сөзсіз алға баспақ. Мен былай деуге тиіспін: осы бір жылдың ішінде саяси басшылықтың бізге берген басты тәжірибесі сол—бұл арада мәселе ұйымдық тіректі таба білуде болып отыр. Кедейлер комитеттерін ұйымдастырып, Советтерді қайта сайлап, адам айтқысыз қиыншылықтарға кездескен азық-түлік саясатын қайта құрып, біз осыған қарай бір адым ілгері бастық. Россияның қазірде советтік болып келе жатқан шеткері аймақтарында,—Украинада, Донда,—бәлкім, бұл саясатты біраз өзгертуге тура келер. Егер біз Россияның барлық жерлері үшін декреттерді бір үлгімен көшіріп беріп отырсақ, егер Украинадағы және Дондағы большевик-коммунистер, совет қызметкерлері ешбір талғаусыз ол декреттерді басқа облыстарға да бет алды тарата берсе, бұл қате болған болар еді. Бірталай өзіндік ерекшелікті бастан кешіруге тура келеді, біз ешқашан бірыңғай үлгімен өзімізді матап қоймаймыз, біздің тәжірибемізді, орталық Россияның тәжірибесін, барлық шеткері аймақтарға толық қолдануға болады деп біржолата шешпейміз. Біз шын құрылыс міндетіне жаңа ғана жеттік, бұл жөнінде біз жаңа ғана алғашқы қадамдар жасап отырмыз,—біздің алдымызда ұшы-қиырсыз көп жұмыс тұр.

Совет өкіметінің бірінші шешуші қадамы кедейлер комитеттерін құру болды деп жаңа айтып өттім. Мұның өзін азық-түлікшілер істеді және де мұның өзі қажеттіліктен туды. Бірақ біздің міндеттерімізді ақырына

дейін жеткізу үшін бізге керегі кедейлер комитеттері сияқты уақытша ұйымдар емес. Бізде Советтермен қатар кәсіптік ұйымдар бар, оларды біз артта қалған бұқараны тәрбиелеу мектебі ретінде пайдаланып отырмыз. Осы жылдың ішінде Россияны іс жүзінде басқарған және бүкіл саясатты жүзеге асырып, біздің күшіміз болған жұмысшылар тобы,—міне бұл топ Россияда өте-мөте аз еді. Бұған біздің көзіміз жетті, мұны біз өз тәжірибемізден сезіп отырмыз. Егер бір кездерде болашақ тарихшы осы 17 айдың ішінде Россияны қандай топтардың басқарғандығы туралы, бүкіл осы жұмысты, елді басқару ісінің адам айтқысыз бүкіл ауыртпалығын жүздеген, мыңдаған қандай адамдардың мойнымен көтергендігі туралы деректерді жинайтын болса,— осындай болмашы күшпен бұл сияқты нәрсеге жетуге болады дегенге ешкім сенбес еді. Бұл күштің соншалықты аз болған себебі: Россияда интеллигент, білімді, қабілетті саяси басшылар аз ғана болды. Россияда бұл топ аз болды және бастан кешірген күресте қажып, шамадан тыс жұмыста қатты қалжырады. Мен былай деп ойлаймын: осы съезде біз өзіміздің өнеркәсіпте және—одан да маңыздысы—деревняда неғұрлым жаңа күштерді кең көлемде пайдаланудың, орташаның дәрежесінде тұрған немесе тіпті бұл дәрежеден де төмен тұрған жұмысшылар мен шаруаларды совет жұмысына қатыстырудың практикалық құралдарын іздеп табуға тиіспіз. Бұлардың кең көлемдегі көмегінсіз, біздің ойымызша, бұдан былай жұмыс жүргізу мүмкін емес.

Менің уақытым бітуге айналды, сондықтан мен тек орта шаруаларға өзіміздің көзқарасымыз туралы бірнеше сөз ғана айтқым келеді. Біздің оған көзқарасымыз революция басталар алдында да принцип жүзінде біз үшін айқын болатын. Біздің алдымызға шаруаларды *бейтарап ету* міндеті қойылды. Ұсақ буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселені қоюға тура келген Москвадағы бір жиналыста[37] мен Энгельстің сөздерін дәл келтірдім; Энгельс орта шаруалар біздің одақтасымыз болып табылады деп көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар керек десе ірі шаруалар жөнінде де, бәлкім, жазалау, жаныштау шараларын қолданбау-

ға да болар деген сенім білдірген еді. Россияда бұл болжау расталмады; біз кулактарға қарсы тікелей азамат соғысын жүргіздік, жүргізіп отырмыз және жүргіземіз де. Бұл сөзсіз нәрсе. Мұны біз практикада көрдік. Бірақ совет қызметкерлерінің тәжірибесіздігінен, мәселенің қиындығынан кулактарға арналған соққы екінің бірінде орта шаруаларға тиіп келді. Бұл жөнінде біз өте үлкен күнә жасадық. Бұл жөнінде жинақталған тәжірибе келешекте мұны болғызбау үшін қолдан келгеннің бәрін істеуімізге жәрдемдеседі. Біздің алдымызда теория жүзінде емес, практика жүзінде тұрған міндет осындай. Бұл міндеттің қиын міндет екенін сіздер жақсы білесіздер. Бізде орта шаруаға бере аларлықтай игілік жоқ, ал орта шаруа — материалист, практик, ол нақты материалдық игіліктерді талап етеді, ал біз қазір ондай игіліктерді бере алмаймыз, қазір толық жеңетіндігімізді көрсетіп отырған ауыр күрестің салдарынан еліміз бірнеше ай бойына мұндай игіліктерсіз өмір сүруі мүмкін. Бірақ біз әкімшілік практикамызда көп жұмысты тындыра аламыз: аппаратты жақсарта аламыз, толып жатқан жолсыздықтарды түзете аламыз. Партиямыздың орта шаруалармен блок жасасуға, одақ жасасуға, келісім жасасуға жеткілікті бара қоймаған бағытын,— бұл бағытты біз жөндеп, түзей аламыз, түзетуге тиіспіз.

Орталық Комитеттің өткен жыл ішіндегі экономикалық және саяси жұмысы жөнінде сіздерге баяндап бермек болғаным қысқаша айтқанда осындай. Мен енді өзіме Орталық Комитет тапсырған міндеттің екінші бөліміне — Орталық Комитеттің ұйымдық есебіне өтемөте қысқаша тоқталуға тиіспін. Бұл міндетті осы мәселе жөнінде Орталық Комитеттің баяндамашысы болып тағайындалған Яков Михайлович Свердлов қана ойдағыдай орындай алатын еді. Ол керемет, ғажап зерек еді, сондықтан өз есебінің көбін ол есінде сақтай алатын еді, ал жергілікті жерлердегі ұйымдық жұмыспен таныстығы оған мұндай есепті баяндаманы жасауға мүмкіндік беретін еді. Мен оның істейтінінің жүзден бірін де істей алмаймын, өйткені біз бұл жұмысты Свердлов жолдасқа бүтіндей сүйеніп тапсырып қойдық және су-

йенуге толық дәлеліміз де болды, ол бұл жөнінде көбінесе өзі жеке-дара шешім қабылдап отыратын еді.

Мен бұл арада жазбаша есептердің дайын нұсқаларынан біраз үзінділер оқып бере аламын. Орталық Комитет Секретариатының өз жұмысын аяқтауға мүмкіндігі болмай қалды, бірақ ол ең таяудағы аптаның ішінде жазбаша есептер баспаға дайын болады, ротаторда көбейтіліп, съездің барлық мүшелерінің қолына беріледі деп мейлінше нақты уәде берді. Бұл есептер менің қазір осы арада атап өтетін жалпы шолуымды толықтырады. Қазіргі бар жазбаша түрдегі есептің бұл материалынан ең алдымен кіріс қағаздар туралы мәліметтерді көреміз. 1918 жылдың декабрінде — 1483, 1919 жылдың январында — 1537 және февралында — 1840. Бұл қағаздар процентке шағылған, бірақ мен оны оқып жатпаймын. Бұған зер салғысы келетін жолдастар таратылып берілетін есептен, мәселен, ноябрь айының ішінде Секретариатта 490 адамның қабылдауда болғанын көреді. Ал бұл арада маған осы есепті тапсырған жолдастар былай деді: бұл есеп Секретариаттың жүргізген ісінің жартысын да қамти алатындығы екіталай, өйткені Свердлов жолдас күн сайын ондаған делегаттарды қабылдап отырған, ал олардың жартысынан көбі, сірә, совет қызмет адамдары емес, партия қызметкерлері болуы мүмкін.

Мен шетелдік топтар федерациясының[38] қызметі туралы есепке көңіл аудартқым келеді. Жұмыстың бұл саласы маған мына дәрежеде ғана таныс: менің шетелдік топтардың материалдарын көз жүгіртіп қарап өтуге мүмкіндігім болды. Бұл топтар әуелде 7 еді, қазір 9 болып отыр. Таза великорустық жерлерде тұратын, бұл топтармен тікелей танысуға мүмкіндігі болмаған және газеттердегі есептерді көрмеген жолдастардың газеттерден теріп алынған нәрселерді қарап шығуына болады, бұларды мен толық оқып бермей-ақ қоямын. Мен мынаны айтуға тиіспін: біздің III Интернационал жайында істегендеріміздің шын негізі мұнда байқалып отыр. Үшінші Интернационал Москвада қысқа мерзімде өткізілген съезде құрылды; ол туралы, сондай-ақ Орталық Комитеттің Интернационалға қатысты барлық мәселе-

лер жөніндегі ұсыныстары туралы Зиновьев жолдас толық есеп бермекші. Егер біз қысқа мерзім ішінде Москвада өткен коммунистер съезінде осыншама көп нәрсе істей алған болсақ, мұның өзі партиямыздың Орталық Комитеті мен съезді ұйымдастырушы Свердлов жолдастың орасан зор әзірлік жұмыстарын жүргізуінің арқасында істелді. Россияда жүрген шетелдіктер арасында үгіт және насихат жұмыстары жүргізіліп, бірсыпыра шетелдік топтар ұйымдастырылды. Бұл топтардың талай ондаған мүшелері басшылыққа алынатын бағыт мағынасында саясаттың негізгі жоспарларымен және жалпы міндеттерімен толық таныстырылды. Империалистер тек өз мақсаттары үшін ғана құрған армиялардан қолға түскен жүз мыңдаған соғыс тұтқындары Венгрияға, Германияға, Австрияға барған соң, большевизмнің бациллалары бұл елдерді тегіс қамтыды. Ал егер ол жерлерде бізбен тілектес топтар немесе партиялар үстем болып отырса, онда мұның өзі — Россиядағы шетелдік топтардың сырт қарағанда елеусіз және ұйымдық есепте жалпылама әрі қысқа ғана берілетін жұмысының арқасында болып отыр, бұл жұмыс Бүкіл дүние жүзілік коммунистік партияның бір ұясы ретіндегі Россия коммунистік партиясы қызметінің ең маңызды беттерінің бірі болып табылады.

Содан соң маған тапсырылған материалдарда Орталық Комитетке мәліметтердің қандай ұйымдардан қалай түскендігі туралы деректер бар, ал бұл арада біздің россиялық берекесіздігіміз біз үшін мейлінше сұрықсыз түрде көзге түседі. Мәліметтер 4 губерниянын ұйымдарынан жүйелі түрде, 14 губерниядан жүйесіз, анда-санда, 16 губерниядан кездейсоқ түсіп отырған. Бұл губерниялардың аттары тізімде бар, сондықтан маған оны оқымауға рұқсат етіңіздер. Әрине, біздің бұл өтемөте берекесіздігімізге, ұйымшылдығымыздың өте-мөте жеткіліксіздігіне көбіне-көп азамат соғысының жағдайлары себеп болды, бірақ бәріне бірдей осы себеп деуге болмайды. Сондықтан осыны бүркеніп, осы арқылы қорғану, сылтау айту онша лайықты емес. Ұйымдық қызмет жалпы алғанда орыстардың және жекелеп алғанда большевиктердің еш уақытта да күшті жағы болған

емес, ал оның бер жағында пролетариат революциясының басты міндеті — нақ *ұйымдастыру міндеті.* Бұл арада ұйымдық мәселенің аса көрнекті орындардың біріне қойылып отырғаны тегін емес. Бұл арада үзілді-кесілді және батыл, тағы да үзілді-кесілді және тағы да батыл түрде, барлық шараларды қолдана отырып күресу керек. Біз бұл арада ұзақ уақыт тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу ісін жүргізбейінше, еш нәрсе істей алмаймыз. Бұл жұмыстың революциялық күштеу, диктатура қиянат жасау үшін қолданылатын саласы, сондықтан мен мұндай қиянат көрсетуден сіздерді сақтандырғым келеді. Егер тиісті уақытында және тиісті адамға қарсы қолданылса, революциялық күштеу мен диктатура дегеніңіз өте тамаша нәрсе. Бірақ ұйымдық салада оларды қолдануға болмайды. Бұл тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу және ұзақ уақыт ұйымдық жұмыс жүргізу міндетін біз ешбір шешкеніміз жоқ, сондықтан бұған біз жүйелі түрде кірісуге тиіспіз.

Менің қолымда финанс жөніндегі толық есеп бар. Жеке статьялардың ішінде ең ірісі — жұмысшы кітап баспасы және газеттер жөніндегі статья: 1 миллион, 1 миллион және тағы да 1 миллион — 3 миллион. Партия ұйымдарына 2 800 000, редакциялық шығындар 3 600 000. Бұл есепте бұдан да гөрі егжей-тегжейлі цифрлар бар, бұл есеп көбейтіліп басылып, барлық делегаттарға таратылып беріледі. Жолдастар әзірше топтардың өкілдері арқылы таныса алады. Бұл цифрларды оқымай-ақ қоюға рұқсат етіңіздер. Есепті тапсырған жолдастар бұл арада басты нәрсені және ең көрнекі нәрсені, атап айтқанда: баспа мағынасында насихат жұмысының жалпы қорытындыларын берді. «Коммунист»[39] баспасы 62 кітап шығарды. «Правда» газеті 1918 жылы 25 миллион дана болып шығарылып, 2 миллион таза пайда келтірді. «Беднота»[40] газеті 2 370 000 таза пайда берді, 33 миллион дана болып шығарылды. Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросындағы жолдастар өздерінің қолындағы толық цифрларды ең болмағанда бастапқы екі пунктті салыстыруға болатындай етіп өңдеуге уәде берді. Тарихта бірінші рет қазіргі баспаханалық ірі капиталистік техниканы буржуазия үшін

емес, жұмысшылар мен шаруалар үшін пайдаланып отырған партияның орасан зор ағарту жұмысы сонда кімге болса да көрінетін болады. Бізді баспасөз бостандығын бұзды деп, демократиядан бас тартты деп мыңдаған және миллиондаған рет кінәлап келеді. Бұл кінәлаушылар баспасөзді капиталдың сатып алуын, бай адамдар баспасөзді оз мақсаттары үшін пайдалана алуын демократия деп атайды. Біз мұны демократия емес, плутократия деп атаймыз. Халықты алдап, капиталистерді жақтау үшін буржуазиялық мәдениеттің жасаған нәрселерінің бәрін біз олардан жұмысшылар мен шаруалардың саяси тілектерін қанағаттандыру үшін тартып алдық. Ал біз бұл жөнінде соншама көп нәрселер істедік, мұны ширек ғасырдың немесе жарты ғасырдың ішінде бірде-бір социалистік партия істей алған жоқ. Солай бола тұрса да, біздің бұл істегеніміз істелуге тиісті нәрселерден өлшеусіз аз.

Бюроның маған берген соңғы материалы — нұсқау хаттар. Мұндай хаттар 14, ал бұлармен таныс емес немесе таныстығы аз жолдастарды танысуға шақырамыз. Әрине, бұл жөнінде Орталық Комитеттің қызметі онша толық емес. Бірақ мынаны ескеру керек: біздің жұмыс істеген жағдайлар сияқты жағдайда жұмыс істеуге тура келген кезде, бірсыпыра мәселелер жөнінде күн сайын саяси директивалар беріп, мұның өзін ерекше, тіпті сирек кездесетін жағдайларда ғана Орталық Комитеттің Саяси бюросы немесе пленумы арқылы істеп отыруға тура келген кезде,— міне мұндай жағдайларда бізді саяси нұсқау хаттарды жиі қолдана алды деп ойлау мүмкін емес.

Мен қайталап айтамын: айбынды партияның азамат соғысы заманындағы айбынды органы ретінде біз жұмысты басқаша істей де алмаймыз. Бұлай болмаған күнде мұның өзі не жартыкеш сөз, не парламент болып шығады, ал диктатура заманында парламент арқылы мәселелерді шешуге де, партияны немесе совет ұйымдарын бағыттауға да болмайды. Жолдастар, біздер буржуазиялық баспахана және баспасөз аппаратын пайдаланып отырған заманда Орталық Комитеттің нұсқау хаттарының маңызы бәсеңдеді. Біз тек жариялауға

болмайтын директиваларды ғана жіберіп отырамыз, өйткені өзінің орасан зор көлемділігіне қарамастан, біздің ашық болған қызметімізде дегенмен құпия жұмыс болып келді, болып отыр және болмақ та. Біз өзіміздің құпия және астыртын жұмысымыз үшін тағылатын кінәдан қорыққанымыз жоқ, қайта біз бұған мақтандық. Сөйтіп, біз мынадай жағдайға кездескен кезде — буржуазияны құлатып, европалық буржуазияға душар болған кезде, біздің әрекетімізде құпиялық қалып отырды және жұмысымызда да астыртындық болып келді.

Жолдастар, мен осымен өз баяндамамды бітіремін. (Қол шапалақтау.)

3
ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ 19 МАРТТА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

(Қол шапалақтау.) Жолдастар, Бухарин жолдаспен өзара келісіп, тақырыптарды бөлісуіміз бойынша, маған бірсыпыра нақты және неғұрлым талас тудыратын немесе қазіргі уақытта партияның назарын неғұрлым көп аударатын пункттер жөнінде комиссияның көзқарасын анықтау жүктелген.

Мен Бухарин жолдастың комиссияда өз арамызда талас тудырған пункттер ретінде өз баяндамасының соңында атаған пункттерге қысқаша тоқталып өтуден бастамақпын. Біріншісі — программаның жалпы бөлімінің құрылу сипаты. Программаны жасағанда ескі капитализм туралы айтылғандардың бәрін алып тастау жөніндегі талаптардың барлығын комиссия көпшілігінің не себепті қабылдамағандығын, меніңше, бұл арада Бухарин жолдас онша дұрыс баяндамады. Бухарин жолдастың сөзінде кейде былай болып шықты: комиссияның көпшілігі бұл туралы жұрт не айтады деп қорыққан сияқты, комиссияның көпшілігін ескіні жеткілікті сыйламағаны үшін кінәлайды деп қорыққан сияқты болып шықты. Күмән жоқ, комиссия көпшілігінің позициясын бұлай баяндағанда ол өте ерсі болып көрінеді. Бірақ бұл ақиқаттан алыс жатыр. Комиссияның көпшілігі мұндай талаптарды қабылдамай тастады, өйткені бұл талаптар теріс болған болар еді. Бұл талаптар істің шын жағдайына сай келмеген болар еді. Капитализмнің негізгі базасынсыз таза империализм еш

уақытта болған емес, еш жерде жоқ және еш уақытта болмайды да. Финанс капитализмін сипаттағанда онда ескі капитализмнің ешқандай негізі жоқ сияқты етіп сипаттау — синдикаттар, картельдер, трестер туралы, финанс капитализмі туралы айтылғандардың барлығын теріс қорытындылау болып табылады.

Бұл дұрыс емес. Әсіресе бұл империалистік соғыс заманы үшін және империалистік соғыстан кейінгі заман үшін теріс болмақ. Энгельс өзінің болашақ соғыс туралы пайымдауларының бірінде былай деп жазған болатын: мұндай соғыс отыз жылдық соғыстан кейінгі болған күйреуден анағұрлым сұрапыл күйреу болмақ, адамзат едәуір дәрежеде тағылыққа ұшырайды, біздегі сауда мен өнеркәсіп жөніндегі жасанды аппарат күйрейтін болады[41]. Соғыстың басында социал-опасыздар мен оппортунистер капитализмнің өміршеңдігі жөнінде мақтанып, «фанатиктерді немесе жартылай анархистерді»,— олар бізді осылай деп атайтын,— мазақ етті. «Қараңыздаршы,— деді олар,— бұл болжаулар орындалмады. Мұның өзі тек елдердің өте шағын бөлегі жөнінде ғана және өте қысқа кезеңге ғана дұрыс болғандығын оқиғалар көрсетті!» Ал қазір осы заманғы капитализмнің нақ осындай жойқын күйреуі тек Россияда ғана емес және тек Германияда ғана емес, сонымен қатар жеңген елдерде де басталып отыр, бұл күйреу екінің бірінде осы айтылған жасанды аппаратты алып тастап, ескі капитализмді қайта қалпына келтіріп жатыр.

Бухарин жолдас капитализмнің және империализмнің күйреуінің тұтас бейнесін беруге әрекет жасауға болады деген кезде, біз комиссияда бұған қарсы болдық, ал мен бұл арада да қарсы болуға тиіспін: солай бейнелеп беруге әрекет жасап байқаңызшы, сонда сіз мұның мүмкін емес екенін көресіз. Бухарин жолдас осындай әрекеттің бірін сонда комиссияда жасап көріп, одан өзі бас тартты. Егер мұны бір адам істей алатын болса, онда мұны осы мәселемен өте көп және өте мұқият шұғылданып жүрген Бухарин жолдас басқадан көбірек істей алар еді деп мен кәміл сенемін. Мен былай деп кесіп айтамын: мұндай әрекеттің сәтті болуы мүмкін емес, өйткені қойылған міндеттің өзі дұрыс емес. Қазір

біз Россияда империалистік соғыстың салдарын және пролетариат диктатурасының басталуын бастан кешіріп отырмыз. Сонымен қатар Россияның бір-бірінен бұрынғыдан да бетер бөлініп қалған бірқатар облыстарында біз екінің бірінде капитализмнің қайтадан қалпына келтірілуін және оның бірінші сатысының дамуын бастан кешіріп отырмыз. Мұнан аттап өте алмайсың. Егер программаны Бухарин жолдастың қалағанындай етіп жазатын болсақ,— мұндай программа дұрыс болмайды. Мұндай программа финанс капитализмі мен империализм туралы айтылғандардың ең мықтағанның өзінде жақсыларын қайталап айтатын болады, бірақ шындықты көрсете алмайды, өйткені бұл шындықта дәл осындай тұтастық жоқ. Әр текті бөлімдерден құралған программа — тартымды программа болмайды (бірақ, әрине, ең маңыздысы бұл емес),— бірақ басқаша программа тіпті де дұрыс болмайды. Осы әр қилылықтың өзі, әр түрлі материалдан алып осылай құрудың өзі қаншалықты ұнамсыз болса да, сындарлылығы қаншалықты жеткіліксіз болса да, біз мұнан өте ұзақ уақыт бойы аттап өте алмаймыз. Ал аттап өткен кезде біз басқа программа жасаймыз. Бірақ бұл кезде біз социалистік қоғамда өмір сүретін боламыз. Социалистік қоғамда да нақ қазіргідей болады деп ойлау ерсі болған болар еді.

Біз капитализмнің ең қарапайым негізгі құбылыстарының бірсыпырасы қайта туып жатқан кезде өмір сүріп отырмыз. Тіпті транспорттың күйреуін алсақ та болады, біз оның зардабын өз басымыздан соншама айқын немесе, дұрысын айтқанда, соншама қиындықпен кешіріп отырмыз. Мұның өзі басқа елдерде де, тіпті жеңуші-елдерде де болып отыр ғой. Ал империалистік системада транспорттың күйреуі дегеніміз не? — Товар өндірісінің ең бастапқы формаларына қайта оралу деген сөз. Біз қапшықшылар дегеннің не екенін жақсы білеміз. Бұл сөз осы уақытқа дейін шетелдіктерге түсініксіз болған тәрізді, ал енді ше? III Интернационал конгресіне келген жолдастармен сөйлесіп көріңіздерші. Бақсақ, бұл сияқты сөздер Германияда да, Швейцарияда да туып келе жатқан көрінеді. Ал бұл категорияны

сіздер ешқандай да пролетариат диктатурасына жанастыра алмайсыздар, қайта капиталистік қоғамның және товар өндірісінің төменгі сатыларына қайта оралуға тиісті боласыздар.

Бұл күйіншті шындықтан теп-тегіс және тұп-тұтас программа жасау арқылы аттап кету дегеніміз — қайдағы бір ауасыз бос қуысқа және бұлттың ар жағындағы кеңістік сияқты бірдемеге ырғып шығу деген сөз, теріс программа жазу деген сөз. Бұл арада бізді ескі программаның кейбір жерлерінен алып қосуға мәжбүр еткен нәрсе, Бухарин жолдастың сыпайы түрде ишарат білдіргеніндей, әсте ескіні құрметтегендіктен емес. Программа 1903 жылы Лениннің қагысуымен жазылды, күмән жоқ, бұл жаман программа болды, ал қарт адамдар көбінесе өткен кезді еске алуды жақсы көретін болғандықтан, ескіні құрметтеп, жаңа заманда жаңа программа жасады да, ол программада ескіні қайталады деген сияқты болып шықты. Егер істің жайы осылай болған болса, онда мұндай дарақыларды мазақ етуге болар еді. Мен бұлай емес деп кесіп айтамын. 1903 жылы суреттелген капитализм, нақ империализмнің ыдырауы, оның күйреуі арқасында, Советтік пролетарлық республикада 1919 жылы да өмір сүріп отыр. Мәселен, мұндай капитализмді Москвадан онша қашық емес Самара губерниясынан да, Вятка губерниясынан да табуға болады. Азамат соғысы елді бөлшектеп отырған заманда бұл жағдайдан, бұл қапшықшылықтан біз тез арада шыға алмаймыз. Міне сондықтан программаны басқаша құру теріс болар еді. Қазіргі бар нәрсені айту керек: программа мейлінше қалтқысыз нәрсені, іс жүзінде анықталып отырған нәрсені қамтуға тиіс, тек сонда ғана ол маркстік программа болады.

Бухарин жолдас мұны теориялық тұрғыдан кәміл түсінеді және программа нақтылы болуға тиіс дейді. Бірақ түсіну бір басқа да, оны іс жүзінде қолдану бір басқа. Бухарин жолдас айтатын нақтылық — бұл финанс капитализмін кітапшадағыдай баяндау. Шындығында біз әр тектес құбылыстарды байқап отырмыз. Әрбір егіншілік губерниясында монополияланған өнеркәсіппен қатар біз еркін бәсекені байқаймыз. Монопо-

листік капитализм бірсыпыра салаларда еркін бәсекесіз дүние жүзінде еш жерде болған емес және болмайды да. Мұндай системаны жазу — өмірден қол үзген және теріс системаны жазу деген сөз. Егер Маркс мануфактура туралы ол жаппай ұсақ өндірістің қондырмасы болды[42] деген болса, онда империализм мен финанс капитализмі ескі капитализмнің қондырмасы болып табылады. Егер оның жоғарғы қабатын бұзса, ескі капитализм ашылып шыға келеді. Ескі капитализмсіз біртұтас империализм болады деген мұндай көзқараста болу — ойдағы нәрсені шындыққа балағандық болады.

Мұның өзі табиғи қателік, бұған ұшырау өте оңай. Ал егер біздің алдымызда капитализмді басынан аяғына дейін қайта жасаған біртұтас империализм тұрған болса, біздің міндетіміз жүз мың есе жеңіл болған болар еді. Мұның өзі барлық нәрсені бір ғана финанс капиталына бағындыратындай система берген болар еді. Онда жоғарғы қабатын алып тастап, басқаларын пролетариаттың қолына беру ғана қалған болар еді. Мұның өзі өте ұнамды нәрсе болар еді, бірақ шындығында бұл жоқ болып отыр. Шындығында дамудың өзі сондай болғандықтан мүлде басқаша жасауға тура келеді. *Империализм дегеніміз — капитализмнің үстіндегі қондырма.* Ол күйреген кезде жоғарғы қабаты қиратылып, іргенің жалаңаштануымен істес болуға тура келеді. Міне сондықтан біздің программамыз, егер ол дұрыс программа болғысы келсе, бар нәрсені айтуға тиіс. Бірсыпыра салаларда империализмге дейін өсіп жетілген ескі капитализм бар. Оның тенденциялары — тек империалистік тенденциялар. Түбегейлі мәселелерді тек империализм тұрғысынан ғана алып қарауға болады. Ішкі немесе сыртқы саясатта осы тенденцияның тұрғысынан басқаша түрде шешуге болатын бірде-бір ірі мәселе жоқ. Программа қазір бұл туралы айтып отырған жоқ. Шындығында ескі капитализмнің орасан зор бастапқы негізі бар. Империализмнің соғысқа әкеп соқтырған қондырмасы бар, ал пролетариат диктатурасының бастамасы осы соғыстан шығып отыр. Бұл фазадан сіздер аттап өте алмайсыздар. Бүкіл дүние жүзіндегі пролетарлық революцияның даму қарқынының өзін осы факт

сипаттайды, сондықтан мұның өзі көп жылдар бойында факт болып қала береді.

Батыс европалық революциялар, бәлкім, неғұрлым оңайырақ болар, алайда бүкіл дүние жүзін қайта құру үшін, елдердің көпшілігін қайта құру үшін әлі талай жылдар керек. Ал мұның мәнісі мынада: өзіміз басымыздан кешіріп отырған өтпелі дәуірде біз бұл әр қилы шындықтан аттап өте алмаймыз. Бұл әр тектес бөлімдерден құралған өмір шындығын қанша ұнамсыз болса да, лақтырып тастауға болмайды, мұның титтейін де лақтырып тастауға болмайды. Осы жасалып отырған күйіндегісінен басқаша жасалған программа дұрыс болмайды.

Біздің диктатураға қолымыз жетті дейміз. Бірақ *қалай* жеткенімізді білу керек қой. Ескілік бізді мыңдаған қолмен жабысып ұстап отыр, бір қадам да ілгері бастырмайды немесе мұндай қадамды, біздің жасап отырғанымыздай, өте нашар жасатады. Сондықтан да біз былай дейміз: өзіміздің қандай жағдайға душар болағынымызды түсіну үшін өзіміздің қалай жүріп келгенімізді, социалистік революцияның өзіне бізді не нәрсенің жеткізгендігін айту керек. Бізді империализм жеткізді, бізді өзінің бастапқы товар-шаруашылық формаларындағы капитализм жеткізді. Осының бәрін түсіну керек, өйткені біз өмір шындығын есепке алғанда ғана, айталық, орта шаруаларға көзқарас сияқты мәселелерді шеше аламыз. Расында да, таза империалистік капитализм заманында орта шаруа қайдан шықты? Жай капиталистік елдердің өздерінде де ол болған жоқ еді ғой. Егер біз осы орта ғасырлық дерлік құбылысқа (орта шаруаларға) өзіміздің көзқарасымыз туралы мәселені тек империализмнің және пролетариат диктатурасының тұрғысынан қарап қана шешетін болсақ, онда біз істің бас-аяғын ұштастыра алмаймыз, сөйтіп өзіміз көп опық жейміз. Ал егер біз орта шаруаларға өзіміздің көзқарасымызды өзгертеді екенбіз,— онда теориялық бөлімде де оның қайдан шыққанын, оның не нәрсе екенін именбей айтудан қашпайық. Ол — ұсақ товар өндіруші. Капитализмнің әліппесі осындай, мұны айту керек, өйткені біз бұл әліппеден әлі күнге дейін шыққанымыз жоқ.

Бұған қолды бір-ақ сілтеп: «Біз финанс капитализмін зерттеп біліп отырғанда, бізге әліппемен айналысудың не керегі бар!» деу — мұның өзі барып тұрған сорақылық.

Ұлт мәселесі жөнінде де мен нақ осыны айтуға тиіспін. Бухарин жолдас бұл арада да ойдағы нәрсені шындыққа балап отыр. Ол былай дейді: ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындауға болмайды. Ұлт дегеніміз — пролетариатпен қоса алғандағы буржуазия. Біздер, пролетарлар, қайдағы бір оңбаған буржуазияның өзін өзі билеу правосын мойындамақпыз ба! Бұл еш нәрсеге үйлеспейді! Жоқ, ғапу етіңіз, мұның өзі қазір бар нәрсемен үйлеседі. Егер сіз мұны алып тастасаңыз, сізде құр қиял болып шығады. Сіз ұлт ішінде болып жатқан жіктелу процесіне, пролетариаттың буржуазиядан бөліну процесіне иек артасыз. Алайда бұл жіктелудің қалай жүретіндігін әлі де қарап көреміз.

Мәселен, капитализмнің, финанс капитализмінің ұйымдасқандығы жағынан Америкадан жоғары болған Германияны — алдыңғы қатарлы капиталистік елдің осы үлгісін алып қараңыздар. Ол көп жағдайларда, техника мен өндіріс жағынан, саясат жағынан төмен болды, бірақ финанс капитализмінің ұйымдасқандығы жағынан, монополиялық капитализмнің мемлекеттік-монополиялық капитализмге айналуы жағынан Германия Америкадан жоғары болды. Мұның өзі үлгі сияқты көрінеді. Ал онда не болып жатыр? Герман пролетариаты буржуазиядан бөлек жіктелді ме? Жоқ! Тек бірнеше ірі қалада ғана жұмысшылардың көпшілігі шейдемапшылдарға қарсы шықты деген хабар болды емес пе. Бірақ мұның өзі қалай болды екен? Мұның өзі спартакшылдардың[43] немістің үш мәрте қарғыс атқан меньшевик-тәуелсіздерімен одақ жасасуы арқылы болды, барлығын шатастырып, Советтер системасын құрылтаймен некелестіргісі келіп отырған нақ сол меньшевик-тәуелсіздер! Нақ сол Германияда осылай болып отыр емес пе! Ал бұл алдыңғы қатарлы ел ғой.

Бухарин жолдас: «Ұлттардың өзін өзі билеу правосының бізге не керегі бар!» — дейді. Мен: ол 1917 жылдың жазында программа-минимумды алып тастап, тек про-

грамма-максимумды ғана қалдыруды ұсынған кезде, оған қарсы айтқан пікірімді қайталауға тиіспін. Мен сонда былай деп жауап бердім: «Шайқасқа барар жолда мақтанба, шайқастан келе жатып мақтан». Біз өкіметті жеңіп алғаннан кейін, біраз аңысын байқаймыз, міне сонда мұны істейміз*. Біз өкіметті жеңіп алдық, біраз аңысын байқадық, енді мен мұны істеуге келісемін. Біз бүтіндей социалистік құрылысқа кірістік, бізге қатер төндірген бірінші тегеурінге төтеп бердік,— енді бұл орынды болады. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөнінде де нақ осындай. «Мен тек еңбекші таптардың өзін өзі билеу правосын ғана мойындағым келеді»,— дейді Бухарин жолдас. Демек, сіз іс жүзінде Россиядан басқа бірде-бір елде қол жетпеген нәрсені мойындағыңыз келеді ғой. Бұл кісі күлерлік емес пе.

Финляндияға қараңызшы: бұл демократиялық ел, бізге қарағанда анағұрлым дамыған, анағұрлым мәдениетті ел. Бұл елде пролетариаттың бөліну, жіктелу процесі жүріп жатыр, онда да өзіндік ерекшелігімен, бізге қарағанда анағұрлым жан қиналарлық түрде жүріп жатыр. Финдер Германия диктатурасын бастан кешірді, қазір одақтас державалардың диктатурасын бастан кешіріп отыр. Бірақ ұлттардың өзін өзі билеу правосын біздің мойындауымыздың арқасында, жіктелу процесі онда жеңілдеп отыр. Смольныйда Свинхувудқа[44]— орыс тіліне аударғанда бұл «шошқа бас» деген сөз — Финляндия буржуазиясының жендеттік роль атқарған осы өкіліне өзім грамота берген кездегі оқиға менің есімде жақсы сақталған. Ол кішіпейілділікпен менің қолымды қысты, біз бір-бірімізге қошемет сөздер айттық. Бұл қандай жаман еді десеңізші! Бірақ мұны істеу керек болды, неге десеңіз, ол кезде бұл буржуазия москальдар, шовинистер, великоростар финдерді тұншықтырғалы отыр деп халықты алдады, еңбекші бұқараны алдады. Мұны істеу керек болғаны содан еді.

Ал кеше Башқұрт республикасы жөнінде нақ осыны істеуге тура келген жоқ па[45]? Бухарин жолдас: «Кейбіреулер үшін бұл правоны мойындауға болады» деген

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 418—423-беттер. *Ред.*

кезде, мен тіпті жазып та қойдым: оның бұл тізіміне готтентоттар, бушмендер, үнділер кірген көрінеді. Бұл тізімді естігенде мен: Бухарин жолдас бір кішкентай нәрсені, башқұрттарды қалай ғана ұмытты екен?— деп ойладым. Россияда бушмендер жоқ, автономиялы республика талап ететін готтентоттарды да мен естігенім жоқ, ал бізде башқұрттар, қырғыздар, толып жатқан басқа да халықтар бар ғой, олар жөнінде біз мұны мойындаудан бас тарта алмаймыз. Біз бұрынғы Россия империясының шеңберінде тұратын бірде-бір халық жөнінде бұдан бас тарта алмаймыз. Тіпті былай делік: башқұрттар қанаушыларды құлатты делік және біз оларға мұны жасауға көмектестік делік. Бірақ мұның өзі төңкеріс әбден пісіп жеткен кезде ғана мүмкін нәрсе ғой. Ал пролетариаттың өзіміз тездетуге тиісті болған жіктелу процесін өзіміздің араласуымыз арқылы бөгеп тастамау үшін мұны өте абайлап істеу керек. Осы уақытқа дейін өз молдаларының ықпалында қалып отырған қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен сияқты халықтар жөнінде біз не істей аламыз? Поптарды ұзақ уақыт бойы сынап көргеннен кейін біздің Россиядағы халық бізге поптарды лақтырып тастауға көмектесті. Бірақ азаматтық неке туралы декреттің жүзеге асырылуы әлі де нашар болып отырғанын сіздер білесіздер ғой. Біз осы халықтарға барып: «Біз сіздердің қанаушыларыңызды лақтырып тастаймыз»,— деп айта аламыз ба? Біз мұны істей алмаймыз, өйткені олар бүтіндей өз молдаларына бағынышты. Бұл арада сол халықтың дамып жетілуін күту керек, пролетариаттың буржуазиялық элементтерден жіктелуін күту керек, ол болмай қалмайды.

Бухарин жолдастың күткісі келмейді. Ол тағатсыздыққа салынады: «Неге бұлай етеміз! Біз өзіміз буржуазияны құлатып, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасын жариялап отырғанда, неге бұлай етеміз!» Мұның өзі жігер беретін үндеу сияқты әсер етеді, біздің жолымызға жөн сілтейді, бірақ егер біз тек осыны ғана программада жариялайтын болсақ, онда ол программа болмай, прокламация болып шығады. Біз Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасын жариялай аламыз, бур-

жуазияны мейлінше жек көруді жариялай аламыз, буржуазияның бұлай жек көруге мың мәрте тұратыны да айқын, бірақ программада нақты бар нәрсені мейлінше дәлме-дәл жазу керек. Сонда біздің программамыз мүлтіксіз программа болмақ.

Біз бұлжымас таптық көзқарастамыз. Біздің программада жазатынымыз жалпы алғанда ұлттардың өзін өзі билеуі туралы біз жазған заманнан кейін іс жүзінде болған нәрсені мойындау болып табылады. Ол кезде пролетарлық республикалар әлі жоқ болатын. Мұндай республикалар жарыққа шыққан кезде және олардың жарыққа шығу шамасына қарай біз қазіргі жазып отырған нәрсені: *«Советтік тип* бойынша ұйымдасқан мемлекеттердің федерациялық бірігуі» деп жаза алдық. Советтік тип дегеніміз әлі де Россияда болып отырғандағыдай Советтер емес, алайда советтік тип халықаралық болып келеді. Біз тек осыны ғана айта аламыз. Бұдан әрі бару, бір адым әрі бару, титтей болса да әрі бару, дұрыс болмай шығады, сондықтан да программа үшін жарамсыз.

Біз былай дейміз: белгілі бір ұлттың орта ғасырлықтан буржуазиялық демократияға қарай және буржуазиялық демократиядан пролетарлық демократияға қарай баратын жолдың қай сатысында тұрғанымен санасу керек. Бұл мейлінше дұрыс. Барлық ұлттардың өзін өзі билеуге правосы бар,— готтентоттар мен бушмендер туралы арнайы айтып жатудың қажеті жоқ. Жер бетіндегі барлық халықтың орасан басым көпшілігі, шамамен оннан тоғызы, бәлкім 95 проценті, осы сипаттамаға дәл келеді, өйткені барлық елдер — орта ғасырлықтан буржуазиялық демократияға немесе буржуазиялық демократиядан пролетарлық демократияға қарай даму жолында. Мұның өзі — тіпті де болмай қалмайтын жол. Бұдан артық айтуға болмайды, өйткені бұл теріс болады, өйткені бұл қазіргі бар нәрсе болып шықпайды. Ұлттардың өзін өзі билеуін алып тастап, еңбекшілердің өзін өзі билеуін енгізу мүлде теріс, өйткені мәселені бұлайша қою ұлттардың ішіндегі жіктелудің қандай қиыншылықтармен, қандай бұралаң жолдармен жүріп жатқанын есепке алмайды. Мұның өзі Германияда біз-

дегіден басқаша. Кейбір реттерде тезірек, ал кейбір реттерде неғұрлым баяу және қиян-кескі жолмен жүріп отыр. Советтер мен құрылтайды ұштастыру сияқты масқара идеяны бізде бірде-бір партия қабылдаған жоқ. Біз осы ұлттармен қатар өмір сүруге тиіспіз ғой. Қазірдің өзінде-ақ біз туралы шейдеманшылдар: олар Германияны жаулап алғысы келеді деп жүр. Бұл, әрине, кісі күлерлік нәрсе, бос сөз. Бірақ буржуазияның өз мүдделері бар және бұл туралы бүкіл дүние жүзіне даурығатын жүздеген миллион дана өз баспасөзі бар, ал Вильсон өз мүдделері үшін мұны қолдайды. Большевиктердің үлкен армиясы бар, сондықтан олар жаулап алу жолымен Германияда өз большевизмін орнатқысы келеді деседі. Германияның таңдаулы адамдары — спартакшылдар — бізге мынаны айтты: неміс жұмысшыларын коммунистерге қарсы айдап салып, большевиктерде істің жайы қаншалықты нашар екендігін қараңыздар! — дейтін көрінеді. Ал бізде істің жайы өте жақсы болды деп біз айта алмаймыз. Сөйтіп, біздің Германиядағы жауларымыз бұқараға Германиядағы пролетарлық революция Россиядағы сияқты тәртіпсіздікке әкеп соғады деген сылтаумен әсер етеді. Біздегі тәртіпсіздік — біздің созалаң ауруымыз. Біз өзімізде пролетариат диктатурасын құру жолында адам айтқысыз қиыншылықтарға қарсы күресудеміз. Буржуазия немесе ұсақ буржуазия немесе тіпті неміс жұмысшыларының бір бөлегі: «Большевиктер өз құрылысын күшпен орнатқысы келеді» — деген құбыжыққа нанып отырған кезде,— міне бұл кезде «еңбекшілердің өзін өзі билеуі» деген формула жағдайды жеңілдете алмайды. Біз істі мынадай дәрежеде жолға қоюға тиіспіз: немістің социал-опасыздары большевиктер өздерінің универсалдық системасын күшпен таңбақшы, бұл системаны Берлинге қызыл әскерлердің найзасымен енгізбекші дей алмайтындай етуге тиіспіз. Ұлттардың өзін өзі билеу принципін бекерге шығару тұрғысынан қарағанда нақ осындай болып шығуы мүмкін де.

Біздің программамыз еңбекшілердің өзін өзі билеуі туралы айтпауға тиіс, өйткені бұл теріс болады. Программа қазіргі бар нәрсені айтуға тиіс. Ұлттар орта

ғасырлықтан буржуазиялық демократияға қарай және буржуазиялық демократиядан пролетарлық демократияға қарай даму жолының әр қилы сатысында тұрғандықтан, біздің программаның бұл қағидасы мейлінше дұрыс. Бізде бұл жолда бұраландар өте көп болды. Әрбір ұлт өзін өзі билеу правосын алуға тиіс, ал мұның өзі еңбекшілердің өзін өзі билеуіне жәрдемдеседі. Финляндияда пролетариаттың буржуазиядан бөліну процесі өте-мөте айқын, күшті және терең түрде болып отыр. Онда барлығы да, қалай болғанда да, біздегіден басқаша өтпек. Егер біз: ешқандай финн ұлтын мойындамаймыз, тек еңбекші бұқараны ғана мойындаймыз десек,— мұның өзі мейлінше бос нәрсе болып шығады. Бар нәрсені мойындамауға болмайды: бар нәрсе өзін мойындатады. Әр түрлі елде пролетариат пен буржуазияның жіктелуі өзіндік ерекше жолдармен өтіп жатыр. Біз бұл жолда өте сақтықпен қимылдауға тиіспіз. Әсіресе әр түрлі ұлттар жөнінде сақ болу керек, өйткені ұлттардың сенімсіздігінен жаман нәрсе жоқ. Поляктарда пролетариаттың өзін өзі билеуі жүзеге асып жатыр. Жұмысшы депутаттары Варшава Советінің[46] құрамы жөніндегі соңғы цифрлар мынадай: поляк социал-опасыздарынан — 333, коммунистерден — 297. Мұның өзі онда біздің революциялық календарымыз бойынша енді Октябрьдің алыс емес екендігін көрсетеді. Мұның өзі — 1917 жылғы не август, не сентябрь. Бірақ, біріншіден, барлық елдер большевиктік революциялық календарь бойынша өмір сүруге тиіс деген декрет әлі шыққан жоқ, тіпті мұндай декрет шыққан күннің өзінде де ол орындалмаған болар еді. Ал, екіншіден, қазірде істің жағдайы мынадай: біздегіге қарағанда анағұрлым озық, анағұрлым мәдениетті поляк жұмысшыларының көпшілігі социал-қорғампаздықтың, социал-патриотизмнің көзқарасында болып отыр. Күте тұру керек. Бұл арада еңбекші бұқараның өзін өзі билеуі туралы айтуға болмайды. Біз бұл жіктелуді насихаттауға тиіспіз. Мұны біз істеп отырмыз, бірақ қазір поляк ұлтының өзін өзі билеуін мойындамауға болмайтындығы ешбір күмәнсыз. Бұл айқын. Поляк пролетариатының қозғалысы нақ біздің жолымызбен келе жатыр, пролетариат дик-

татурасына қарай келе жатыр, бірақ Россиядағыдай болып отырған жоқ. Ал ондағы жұмысшыларды қашанда поляктарды жаныштап келген москальдар, великоростар, коммунизмнің атын жамылған өздерінің великорустық шовинизмін Польшаға енгізгісі келеді деп қорқытушылар бар. Коммунизм зорлықпен енгізілмейді. Поляк коммунистерінің ішіндегі таңдаулы жолдастардың біріне мен: «Сіздер басқаша істейсіздер ғой» деген кезде, ол маған: «Жоқ, біз нақ солай істейміз, бірақ сізерден гөрі жақсырақ етіп істейміз», деп жауап берді. Мұндай дәлелге қарсы мен мүлде еш нәрсе айта алмадым. Совет өкіметін біздегіден гөрі жақсырақ жасаймыз деген қарапайым тілекті орындауға мүмкіндік беруіміз керек. Ондағы жолдың бірсыпыра ерекше екендігімен санаспауға болмайды, сондықтан: «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жойылсын! Біз тек еңбекші бұқараға ғана өзін өзі билеу правосын береміз»,—деуге болмайды. Бұл өзін өзі билеу ісі өте күрделі және қиын жолмен жүріп жатыр. Ол Россиядан басқа ешбір жерде жоқ, сондықтан басқа елдердегі дамудың барлық сатыларын қарастыра отырып, Москвадан еш нәрсені декреттемеу керек. Әлгі ұсынысты принципті түрде қабылдауға болмайтыны сондықтан.

Жасалған жоспар бойынша өзім баяндап өтуге тиісті келесі пункттерге көшейін. *Ұсақ меншікшілер мен орта шаруа туралы* мәселені мен бірінші орынға қойып отырмын. Бұл жөнінде 47-параграфта былай делінген:

«РКП-ның орта шаруалар жөніндегі саясаты—оларды социалистік құрылыс жұмысына біртіндеп және жоспарлы түрде тарту. Оларды кулактардан айыруды, олардың артта қалғандығына қарсы әсте жаныштау шаралары арқылы емес, идеялық әсер ету шаралары арқылы күресе отырып, олардың өмірлік мүдделеріне қатысты жағдайлардың бәрінде де олармен практикалық келісімге келуге тырыса отырып, социалистік қайта құрылысты жүргізу әдістерін белгілеуде оларға кеңшілік жасай отырып, олардың қажеттеріне зер сала қарау арқылы оларды жұмысшы табының жағына тартуды партия өзіне міндет етіп қояды».

Менің ойымша, біз бұл арада социализмнің негізін салушылардың орта шаруалар жөнінде талай рет айтқандарын тұжырымдап отырмыз. Бұл пункттің кемшілігі — оның жеткілікті түрде нақты болмауы ғана. Программада біздің бұдан көбірек айта алуымыз екіталай. Бірақ съезде қойылатын мәселелер тек программалық мәселелер ғана емес, сондықтан орта шаруалар туралы мәселеге біз баса және үш есе баса көңіл аударуға тиіспіз. Кейбір жерлерде болған көтерілістерде *жалпы жоспардың* айқын көрінгендігі туралы деректер бізде бар, ал бұл жоспар март айында жалпы шабуыл жасауды және бірқатар көтерілістер ұйымдастыруды ұйғарған ақ гвардияшылардың әскери жоспарымен айқын байланысты. Съездің президиумында съезд атынан жарияланатын үндеудің жобасы бар, бұл жоба сіздерге баяндалады[17]. Бұл көтерілістер бізге мынаны айдан анық көрсетіп отыр: солшыл эсерлер және меньшевиктердің бір бөлегі—Брянскіде көтерілісті меньшевиктер әзірлеген — ақ гвардияшылардың тікелей агенттерінің ролін атқаруда. Ақ гвардияшылардың жалпы шабуылы, деревнялардағы көтерілістер, темір жол қатынасының үзілуі:—большевиктерді тіпті осылайша лақтырып тастауға болмас па екен?— дегендік болды. Бұл арада орта шаруалардың ролі ерекше айқын, ерекше өмірлік қажеттілік түрінде көрініп отыр. Біз съезде орта шаруалар жөніндегі өзіміздің кеңшілік көзқарасымызды ерекше баса көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар мүмкіндігінше неғұрлым нақты бірсыпыра шаралар туралы, орта шаруаларға тікелей әйтеуір бірдеңе бере алатын шаралар туралы ойластыруға тиіспіз. Өзімізді сақтау мүдделері де, біздің барлық жауларымызға қарсы күресу мүдделері де бұл шараларды батыл талап етеді; ал біздің жауларымыз орта шаруаның біз бен олардың арасында ауытқып отырғанын біледі, сөйтіп олар оны бізден бөліп әкетуге тырысады. Қазір біздің жағдайымыз мынадай: бізде орасан зор резервтер бар. Поляк революциясының да, венгр революциясының да өршіп келе жатқанын және өте тез өршіп келе жатқанын біз білеміз. Бұл революциялар бізге пролетарлық резервтер береді, біздің жағдайымызды жеңілдетеді

және біздің пролетарлық базамызды — бұл бізде әлсіз—орасан зор көлемде нығайтады. Мұның өзі таяудағы айлардың ішінде болуы мүмкін, бірақ мұның қашан болатындығын біз білмейміз. Сіздер білесіздер, қазір қысыл-таяң кезең туып отыр, сондықтан орта шаруалар туралы мәселе қазіргі уақытта орасан зор практикалық маңыз алып отыр.

Бұдан әрі мен *кооперация* туралы тақырыпқа тоқталғым келеді,—бұл біздің программаның 48-параграфы. Бұл параграф белгілі бір дәрежеде ескірген. Біз бұл параграфты комиссияда жазған кезде бізде кооперация бар еді де, тұтынушылар коммуналары жоқ болатын, бірақ бірнеше күннен кейін кооперациялардың барлық түрлерін біртұтас тұтынушылар коммунасы етіп біріктіру туралы декрет қабылданды. Бұл декрет[48] жарияланды ма және осында отырғандардың көпшілігі мұнымен таныс па,—мен оны білмеймін. Егер жарияланбаса, онда декрет ертең немесе бүрсігүні жарияланатын болады. Осы тұрғыдан алғанда бұл параграф қазірдің өзінде ескіріп қалды, бірақ менің ойымша, солай бола тұрса да, ол параграф керек, өйткені декреттердің шыққанынан бастап олардың орындалуына дейінгі аралық жер мен көктей екендігін бәріміз де жақсы білеміз. Біз 1918 жылдың апрелінен бастап-ақ кооперативтер жөнінде әрекет істеп, әуреленіп келеміз және бұл жөнінде біз едәуір табысқа жеттік, бірақ, ол әлі шешуші табыс емес. Халықты кооперативтерге біріктіру жөнінде кейде біз мынадай дәрежеге жеттік: көп уездерде село халқы қазірдің өзінде 98 процент бірігіп отыр. Бірақ капиталистік қоғамда өмір сүрген бұл кооперативтерге бастан-аяқ буржуазиялық қоғамның рухы сіңген және де оларды меньшевиктер мен эсерлер, буржуазиялық мамандар басқарып отыр. Оларды біз әлі де өзімізге бағындыра алғанымыз жоқ, бұл жөнінде біздің міндетіміз орындалмай қалып отыр. Біздің декрет тұтынушылар коммуналарын құру мағынасында бір адым ілгері басып, бүкіл Россияда кооперациялардың барлық түрлері қосылуға тиіс деп жариялап отыр. Бірақ, біз бұл декретті толық жүзеге асырған күннің өзінде де, ол болашақ тұтынушылар коммунасының ішінде жү-

мысшы кооперациясының автономиялы секциясын қалдырады, неге десеңіз жұмысшы кооперациясының практика жүзінде іспен таныстығы бар өкілдері бізге: неғұрлым жетілген ұйым ретінде жұмысшы кооперациясы сақталуға тиіс, өйткені оның жұмыс істеуі қажет болып отыр дегенді айтып, дәлелдеді. Бізде партия ішінде кооперация жөнінде алауыздықтар мен айтыс-таластар аз болған жоқ, кооперациядағы большевиктер мен Советтердегі большевиктер арасында егестер болып тұрды. Принцип жағынан алғанда, менің ойымша, бұл мәселе мына мағынада сөзсіз шешілуге тиіс: бұл аппарат бұқара арасында капитализм дайындаған бірден-бір аппарат ретінде, әлі де мешеу капитализм сатысында тұрған деревня бұқарасының арасында жұмыс істеп отырған бірден-бір аппарат ретінде — қайткен күнде де сақталуға, дамытылуға тиіс, бірақ қайткенде де жоғалмауға тиіс. Мұндағы міндет қиын міндет, өйткені көп реттерде кооперативтердің көсемдері буржуазиялық мамандар, бұлар екінің бірінде нағыз ақ гвардияшылар болып отыр. Осыдан келіп оларға деген өшпенділік, орынды өшпенділік туды, осыдан келіп оларға қарсы күрес туды. Бірақ оны, әрине, шебер жүргізу керек: *кооператорлардың контрреволюциялық пиғылдарын жою керек, бірақ мұның өзі кооперация аппаратына қарсы күрес болмауға тиіс.* Мұндай контрреволюцияшыл қайраткерлерді аластай отырып, аппараттың өзін біз өзімізге бағындыруға тиіспіз. Бұл арадағы міндет буржуазиялық мамандар жөніндегі міндетпен дәл бірдей болып отыр, ал буржуазиялық мамандар туралы мәселе — басқа мәселе, мен мұны көрсете кеткім келеді.

Буржуазиялық мамандар туралы мәселе көптеген егестер мен алауыздықтар туғызып жүр. Жақын арада менің Петроград Советінде сөз сөйлеуіме тура келген кезде, маған келіп түскен запискалардың бірнешеуі жалақы ставкасы туралы мәселеге арналған екен. Менен былай деп сұрапты: социалистік республикада 3000 сомға дейін төлеуге бола ма? Шынына келгенде, бұл мәселені біз программада қойдық, өйткені осыдан келіп туған наразылық әжептәуір асқынып отыр. Буржуа-

зиялық мамандар туралы мәселе армияда, өнеркәсіпте, кооперативтерде қойылып отыр, барлық жерлерде де қойылып отыр. Мұның өзі капитализмнен коммунизмге бастайтын өтпелі кезеңнің өте маңызды мәселесі. Біз буржуазиялық ғылым мен техниканың құралдары арқылы коммунизмді бұқараға неғұрлым ұғымды еткен кезде ғана коммунизмді орната аламыз. Бұлай етпеген күнде коммунистік қоғамды орнатуға болмайды. Ал оны осылайша орнату үшін аппаратты буржуазиядан алу керек, бұл мамандардың барлығын жұмысқа тарту керек. Бұл мәселені тиянақты түрде шешу үшін біз оны программада әдейі егжей-тегжейлі дамыттық. Біз Россияның мәдениет жағынан жетілмегендігінің не екендігін, принцип жағынан өлшеусіз жоғары пролетарлық демократияны берген, бүкіл дүние жүзі үшін мұндай демократияның үлгісін берген Совет өкіметіне оның не істеп отырғандығын,— бұл мәдениетсіздіктің Совет өкіметінің беделін қалай түсіріп, бюрократияны қалай қайта туғызып отырғанын біз өте жақсы білеміз. Совет аппараты сөз жүзінде барлық еңбекшілерге түсінікті аппарат, ал іс жүзінде олардың барлығына бірдей оншалық түсінікті емес, мұны біз бәріміз де білеміз. Мұның себебі әсте бұған буржуазия тұсындағыдай, заңдардың бөгет жасап отырғандығында емес: біздің заңдар, мұның керісінше, бұған көмектеседі. Бірақ заңдардың жалғыз өзі бұл арада жеткіліксіз. Толып жатқан тәрбиелік, ұйымдық, мәдени жұмыстар істеу қажет,— мұны заң арқылы тез істеуге болмайды, мұның өзі орасан көп ұзақ уақыт жұмыс жүргізуді талап етеді. Буржуазиялық мамандар туралы бұл мәселе осы съезде толығынан нақты шешілуге тиіс. Осы съезге сөзсіз құлақ асатын жолдастарға мұндай шешім съездің беделіне сүйенуге мүмкіндік береді, біздің қандай қиыншылықтарға кездесіп отырғанымызды көруге мүмкіндік береді. Мұның өзі осы мәселеге қадам басқан сайын кездесіп отырған жолдастардың ең болмағанда насихат жұмысына қатысуына көмектеседі.

Спартакшылдардан өкіл болып келген жолдастар съезде, осы Москвада, бізге мынаны айтты: өнеркәсібі неғұрлым жоғары дамыған, жұмысшылар арасында

спартакшылдардың ықпалы неғұрлым күшті болып отырған батыс Германияда, онда спартакшылдар әлі жеңе қоймаса да, ең ірі кәсіпорындардың басым көпшілігіндегі инженерлер, директорлар спартакшылдарға келіп: «Біз сіздермен бірге боламыз»,—депті. Бізде мұндай болған жоқ. Сірә, ондағы жұмысшылардың мәдени дәрежесінің неғұрлым жоғары болуы, техникалық қызметкерлердің неғұрлым пролетарландырылуы, бәлкім, біз білмейтін толып жатқан басқа да себептер біздегіден біраз өзгеше осындай қатынастар туғызған болса керек.

Қалай болғанда да біздің бұдан былай алға басуымызға негізгі кедергілердің бірі осында болып отыр. Біздің дәл қазір, басқа елдердің қолдауын күтпей-ақ, дереу және дәл қазір өндіргіш күштерді көтеруіміз керек. Мұны буржуазиялық мамандарсыз істеуге болмайды. Мұны біржолата кесіп айту керек. Әрине, бұл мамандардың көпшілігінің дүниеге көзқарасы барып тұрған буржуазиялық көзқарас. Оларды жолдастық ынтымақтастық жағдайға бөлеп, жұмысшы комиссарлардың, коммунистік ұялардың ортасына алу керек, оларды сытылып шығып кете алмайтын етіп қою керек, бірақ олардың капитализм тұсындағыдан гөрі жақсы жағдайларда жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек, өйткені буржуазия баулыған бұл топ олай болмаған күнде жұмыс істемейді. Бүтіндей бір топты таяқтың күшімен жұмыс істетуге болмайды,— мұны біз өз басымыздан әбден кештірдік. Оларды контрреволюцияға белсенді түрде қатыспайтын етуге болады, оларды ақ гвардиялық үндеу хатқа қол созудан қорқатындай етіп үрейлендіруге болады. Бұл жөнінде большевиктер жігерлі қимылдайды. Мұны істеуге болады, біз мұны жеткілікті түрде істеп келеміз. Мұны бәріміз де үйрендік. Бірақ бүтіндей бір топты осындай тәсілмен жұмыс істету мүмкін емес. Бұл адамдар мәдениетті жұмысқа дағдыланған, олар мұны буржуазиялық құрылыстың шеңберінде ілгері бастырып келді, яғни буржуазияны орасан зор материалдық табыстармен байытты, ал пролетариатқа мұндай табыстардың болмашы ғана бөлегін беріп отырды. Бірақ олар қалай болғанда да мәдениетті алға бастырды, олардың кәсібі нақ осында болды.

Мәдениетті бағалап қана қоймай, сонымен қатар мәдениетті бұқараға таратуға көмектесетін алдыңғы қатарлы ұйымшыл топтарды жұмысшы табының баулып шығаратынын көрген соң, олар бізге өздерінің көзқарастарын өзгертеді. Жұқпалы ауруларға қарсы күресте пролетариаттың еңбекшілердің дербес қимылға қабілеттілігін көтергенін дәрігер өз көзімен көргенде, ол бізге мүлде басқаша қарайды. Бізде мұндай буржуазиялық дәрігерлердің, инженерлердің, агрономдардың, кооператорлардың үлкен тобы бар, ал олар пролетариаттың бұл іске қалың бұқараны барған сайын көбірек тартып отырғандығын практика жүзінде көрген кезде, олар буржуазиядан саяси жағынан ғана ажыратылып қоймай, *моральдық* жағынан да жеңілетін болады. Сонда біздің міндетіміз жеңілдейді. Сонда олар біздің аппаратымызға өзінен-өзі тартылады, сол аппараттың бір бөлегі болып алады. Бұл үшін шығынға бару қажет. Бұл үшін тіпті екі миллиард төлеудің өзі де — түк емес. Мұндай шығыннан қорқу балалық болар еді, өйткені мұның өзі біздің алдымызда тұрған міндеттерді түсінбегендік болар еді.

Транспорттың бүлінуі, өнеркәсіп пен егіншіліктің бүлінуі Совет республикасының өмір сүруін мықтап әлсіретеді. Бұл арада біз елдің барлық күштерін сарқа пайдаланатын ең батыл шараларға баруымыз керек. Мамандар жөнінде біз ұсақ-түйекке жармасу саясатын қолданбауға тиіспіз. Бұл мамандар — қанаушылардың малайлары емес, олар — мәдениетті қайраткерлер, олар буржуазиялық қоғамда буржуазияға қызмет етті, олар жөнінде бүкіл дүние жүзінің барлық социалистері: пролетарлық қоғамда олар *бізге* қызмет етеді деген болатын. Бұл өтпелі кезеңде біз оларға өмір сүрудің мүмкіндігінше неғұрлым жақсы жағдайларын жасауымыз керек. Бұл ең жақсы саясат болмақ, бұл мейлінше үнемді түрде қожайындық ету болмақ. Бұлай етпеген күнде біз, бірнеше жүз миллионды үнемдейміз деп жүріп, өте көп нәрседен айырылуымыз мүмкін, ал бұл айырылғанымыздың орнын ешқандай миллиардтар толтыра алмайды.

Біз жалақы ставкасы туралы мәселе жөнінде еңбек

комиссары Шмидт жолдаспен әңгімелескенімізде, ол мынадай фактілерді айтты. Ол былай деді: жалақыны теңестіру үшін біздің істегеніміз өте көп, мұндай нәрсе еш жерде істелген жоқ және мұны ондаған жылдар бойы бірде-бір буржуазиялық мемлекет істей алмайды. Соғысқа дейінгі жалақы ставкасын алыңыз: қара жұмысшы күніне 1 сом,— айына 25 сом алатын, ал маман, жүздеген мың сом алып отырғандарды есептемегенде, айына 500 сом алатын. Жұмысшыға қарағанда маман 20 есе көп алатын еді. Біздің қазіргі ставка 600 сомнан 3000 сомға дейінгі аралықта — бұл арадағы айырмашылық бес есе ғана. Ақыны теңестіру үшін біз көп нәрсе істедік. Әрине, қазір де біз мамандарға артық төлеп отырмыз, бірақ оларға ғылым үшін артық та төлеуге болатындығы былай тұрсын, сонымен қатар бұл әрі міндетті, әрі теория жағынан қажет нәрсе. Бұл мәселе программада, меніңше, жеткілікті түрде толық талданған. Оны мейлінше баса көрсету қажет. Оны бұл арада принципті түрде шешіп қоймай, сонымен қатар былай етуіміз керек: съездің барлық мүшелері, жер-жерге қайтқаннан кейін, өз ұйымдарына жасайтын баяндамаларында, өздерінің бүкіл қызметінде мұны жүзеге асыруға күш жұмсайтын болсын.

Біз ауытқушы интеллигенцияның арасында қазірдің өзінде үлкен бетбұрыс туғыздық. Егер біз күні кеше ұсақ буржуазиялық партияларды жария жағдайға шығару туралы айтып, ал бүгін меньшевиктер мен эсерлерді тұтқынға алып отырсақ, онда бұл сияқты ауытқулар арқылы біз мейлінше нақты бір жүйені іске асырып отырмыз. Осы ауытқулар арқылы жүргізіліп отырған мейлінше қатал, бір бағыт бар: *контрреволюцияның тамыры қырқылсын, буржуазиялық-мәдени аппарат пайдаланылсын* дейміз. Меньшевиктер — социализмнің ең жексұрын жаулары, өйткені олар пролетариаттың тонын жамылады, бірақ меньшевиктер — пролетарлық топ емес. Бұл топта пролетарлардың ат төбеліндей аз ғана жоғары бөлегі ғана бар, ал оның өзі ұсақ интеллигенциядан тұрады. Бұл топ бізге қарай ойысып келе жатыр. Біз оны топ ретінде түгелімен өзімізге қаратып аламыз. Олар бізге қарай бет алған уақыттың бәрінде

де біз оларға: «Рақым етіңіз»,— дейміз. Мұндай әрбір ауытқу кезінде олардың бір бөлегі бізге қарай ойысып отырады. Меньшевиктер мен новожизньшілдер[49] жөнінде, эсерлер жөнінде осылай болды, мұндай ауытқушы элементтердің барлығы жөнінде де осылай болмақ, олар әлі де көпке дейін аяққа оралғы болады, сары уайымға салынады, бір лагерьден екінші лагерьге ауып кетіп отырады —оларға еш нәрсе істей алмайсың. Бірақ біз осы ауытқулардың бәрін бастан кешіре отырып, мәдениетті интеллигенция топтарын совет қызметкерлерінің қатарына қосып алып, ақ гвардияшыларды қолдауын қоймай жүрген элементтерді аластап тастап отырамыз.

Тақырыптардың бөлінісі бойынша менің міндетіме кіретін бұдан кейінгі мәселе—*бюрократизм туралы және қалың бұқараны совет жұмысына тарту туралы мәселе.* Бюрократизм жөніндегі шағымдар көптен бері естіліп жүр, бұл шағымдардың орынды екені сөзсіз. Біз бюрократизмге қарсы күресте дүние жүзіндегі бірде-бір мемлекет істемеген нәрсені істедік. Басынан аяғына дейін бюрократтық және буржуазиялық-езуші аппарат болған аппаратты, тіпті ең ерікті деген буржуазиялық республикалардың өзінде де осындай болып отырған аппаратты,—біз түп тамырымен жойдық. Тіпті сотты алайық. Рас, бұл арада міндет жеңілдеу болды, бұл арада жаңа аппарат құруға тура келген жоқ, неге десеңіз еңбекші таптардың революциялық праволық санасының негізінде кім болса да соттай алады. Біз бұл арада әлі де дегенімізге жетіп болғанымыз жоқ, бірақ бірсыпыра салаларда сотты керекті түрге келтірдік. Біз тек еркектерді ғана емес, сонымен қатар әйелдерді де, осынау ең артта қалған және бойкүйез элементті де, түгел қамти аларлық органдарды құрдық.

Басқарудың өзге салаларындағы қызметшілер—неғұрлым кертартпа бюрократ-чиновниктер. Бұл арада міндет қиынырақ. Мұндай аппаратсыз біз өмір сүре алмаймыз, басқарудың қай саласы болса да мұндай аппаратты керек етеді. Бұл арада біз Россияның капиталистік жолмен жеткілікті дамымағандығынан қиындық көріп отырмыз. Германия, сірә, мұны бастан оңайырақ

кешірстін болу керек, өйткені оның бюрократтық аппараты үлкен мектептен өтті, онда барлық нәр біткенді сығып алып отырады, бірақ онда, біздің кеңселердегі сияқты орындықты тескенше отырғызып коймай, іс істетеді. Бұл ескі бюрократтық элементті біз қуып шықтық, астан-кестенін шығардық, содан соң жаңа орындарға қайтадан қоя бастадық. Патша тұсындағы бюрократтар совет мекемелеріне өте бастады да, бюрократизмді жүргізуге кірісті, коммунистерге ұқсау үшін боянып алып, мансап жағынан көбірек жетістікке жету үшін РКП-ның мүшелік билеттерін қолға түсіре бастады. Сойтіп, олар есіктен қусаң, терезеден қайта кіріп жатты. Бұл арада көбінесе мәдени күштердің жеткіліксіздігі байқалып отыр. Бұл бюрократтарды таратып жіберуге болар еді, бірақ оларды бірден қайта тәрбиелей қою мүмкін емес. Бұл арада біздің алдымызға ең алдымен ұйымдастыру, мәдени және тәрбие міндеттері қойылып отыр.

Бүкіл халық басқару жұмысына қатысқанда ғана бюрократизмге қарсы ақырына дейін, оны толық жеңгенге дейін күресуге болады. Буржуазиялық республикаларда мұның мүмкін еместігі былай тұрсын: *бұған заңның өзі кедергі жасады.* Буржуазиялық республикалардың ең жақсы дегендерінің өзінде де, олар қаншама демократиялық болса да, заң жүзінде жасалатын мыңдаған кедергілер бар, бұл кедергілер еңбекшілердің басқару ісіне қатысуына бөгет жасайды. Біз мұндай кедергілерді бізде болмайтындай еттік, бірақ осы уақытқа дейін біз еңбекші бұқара басқару ісіне қатыса алатындай дәрежеге жеткен жоқпыз, заңнан басқа мәдени дәреже де бар, мұның өзін ешқандай заңға бағындыра алмайсың. Мәдени дәреженің мұндай төмен болуы мынаған әкеліп соғып отыр: Советтер өзінің программасы бойынша *еңбекшілер арқылы* басқару органдары бола отырып, іс жүзінде еңбекші бұқара арқылы емес, пролетариаттың алдыңғы қатарлы тобы арқылы *еңбекшілер үшін* басқару органдары болып отыр.

Бұл арада біздің алдымызда тұрған міндетті тек ұзақ тәрбие жұмысы арқылы ғана орындауға болады, басқаша орындау мүмкін емес. Қазір бұл міндет біз үшін

адам айтқысыз қиын, өйткені жұмысшылардың басқаратын тобы өте-мөте, адам айтқысыз *аз*, мен мұны бірнеше рет атап көрсеткен болатынмын. Біз көмек алуға тиіспіз. Барлық белгілерге қарағанда, мұндай резерв ел ішінде өсіп келеді. Білімге деген орасан зор құштарлық, көбінесе мектептен тысқары жолмен білім алудың орасан зор табыстары,—еңбекшілер бұқарасының білім алу жолындағы орасан зор табысы ешбір күмәнсыз нәрсе. Бұл табыс ешбір мектеп шеңберіне сыймайды, бірақ бұл табыс орасан зор. Барлық белгілер мынаны көрсетеді: таяу уақыттың ішінде біз орасан зор резерв аламыз; мұның өзі пролетариаттың жұмыстан тым қатты қалжыраған шағын тобы өкілдерінің орнын басады. Бірақ, қалай дегенменде, бұл жөнінде қазір біздің жағдайымыз өте-мөте қиын. Бюрократия жеңілді. Қанаушылар тайдырылды. Бірақ мәдени дәреже көтерілген жоқ, сондықтан да бюрократтар ескі орындарға ие болып отыр. Жұмысшыларды басқару ісіне қатыстыру жөніндегі шараларды шындап жүргізумен қатар, пролетариат пен шаруаларды осы уақытқа дейінгіден анағұрлым кең көлемде ұйымдастыру арқылы ғана бюрократияны ығыстырып шығаруға болады. Әрбір халық комиссариаты саласындағы бұл шараларды сіздердің бәріңіз де білесіздер, сондықтан мен оларға тоқталып жатпаймын.

Мен тоқталуға тиісті соңғы пункт—*пролетариаттың басшылық ролі және сайлау правосынан айыру жөнінде*. Біздің Конституциямыз пролетариаттың шаруалардан артық дәрежеде екендігін мойындайды және қанаушыларды сайлау праволарынан айырады. Бұған көбінесе Батыс Европаның таза демократтары шабуыл жасады. Біз былай деп жауап беріп келдік және жауап береміз: олар марксизмнің ең негізгі қағидаларын ұмытқан, оларда әңгіме буржуазиялық демократия туралы болып отырғанын, ал біздің *пролетарлық* демократияға өткендігімізді ұмытқан. Жұмысшылар мен кедей шаруаларды мемлекетті басқару ісіне қатыстыру мағынасында осы өткен айлардың ішінде Совет республикасының бұлар үшін істеген нәрселерінің оннан бір бөлегін болса да істеген дүние жүзінде бірде-бір ел жоқ. Бұл—

абсолюттік ақиқат. Қағаз жүзіндегі емес, шын мәнісіндегі демократия үшін, жұмысшылар мен шаруаларды қатыстыру үшін біз ең таңдаулы демократиялық республикалардың жүздеген жылдар бойында істемегенін және істей алмағанын істедік, мұны ешкім де бекер дей қоймайды. Мұның өзі Советтердің маңызын анықтап берді, осының арқасында Советтер барлық елдер пролетариатының ұранына айналды.

Бірақ мұның өзі бұқараның мәдениеті жеткіліксіздігінен біздің сүрініп жүргендігімізді ешбір жоққа шығара алмайды. Буржуазияны сайлау праволарынан айыру туралы мәселені біз әсте абсолюттік көзқарас тұрғысынан қараған емеспіз, өйткені теория бойынша мынадай нәрсенің болуы әбден мүмкін: пролетариат диктатурасы буржуазияны қадам басқан сайын жаныштайтын болады, бірақ буржуазияны сайлау праволарынан айырмауы да мүмкін. Мұның өзі теория бойынша толық мүмкін нәрсе, сондықтан біз өзіміздің Конституциямызды басқа елдер үшін де үлгі ретінде ұсынбаймыз. Біз тек былай дейміз: буржуазияны жаныштаусыз социализмге өтуге болады деп түсінген адам—социалист емес. Ал егер буржуазияны тап ретінде басып-жаныштау қажет болса, онда оны сайлау праволары мен теңдігінен айыру қажетті нәрсе емес. Біз буржуазия үшін бостандықты тілемейміз, қанаушылар мен қаналғандардың теңдігін біз мойындамаймыз, бірақ біз программада бұл мәселені былай деп қараймыз: жұмысшылар мен шаруалардың тең болмауы сияқты шараларды Конституция көрсетіп жатпайды. Бұл шаралар өмірде қолданылғаннан *кейін* барып Конституция бұларды жазып қойды. Советтердің конституциясын тіпті большевиктер дайындаған жоқ, оны большевиктік революцияға дейін меньшевиктер мен эсерлер өздеріне қарсы дайындап қойған-ды. Олар оны өмірдің дайындағанындай етіп дайындады. Шаруалардың ұйымдасуына қарағанда пролетариаттың ұйымдасуы анағұрлым тез болды, мұның өзі жұмысшыларды революцияның тірегі етіп, оларды іс жүзінде артықша жағдайға қойды. Бұдан былайғы міндет: мұндай артықшылықтардан бірте-бірте оларды теңестіруге көшу. Буржуазияны Октябрь рево-

люциясына дейін және онан кейін де Советтерден ешкім қуған жоқ. *Советтерден буржуазияның өзі кетті.*

Буржуазияның сайлау праволары жөніндегі мәселе осылай болып отыр. Біздің міндет—мәселені барынша айқын қою. Біз өзіміздің әрекетіміз үшін ешқандай кешірім жасалуын өтінбейміз, қайта фактілерді іс жүзіндегі қалпында мейлінше дәл тізбектейміз. Өзіміздің көрсетіп отырғанымыздай, біздің Конституция мұндай теңсіздік барын жазып қоюға мәжбүр болды, өйткені мәдени дәреже төмен, өйткені бізде ұйым нашар. Бірақ біз мұны мұратқа айналдырмаймыз, қайта, мұның керісінше, партия программада неғұрлым ұйымдасқан пролетариат пен шаруалардың арасындағы бұл теңсіздікті жою жолында үнемі жұмыс істеуге міндеттенеді. Мәдени дәрежені көтеруге қолымыз жетісімен-ақ біз бұл теңсіздікті жоямыз. Сонда біз мұндай шек қоймаймыз. Қазір, революциядан кейін небары 17 айдан соң-ақ, бұл шек қоюдың маңызы практика жүзінде өте-мөте аз болып отыр.

Жолдастар, программаны жалпы талқылауда менің тоқталу қажет болар деп тапқан басты пункттерім міне осылар, ал бұдан былайғы талқылауды дискуссияға қалдырайын. (Қол шапалақтау.)

4
ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША 19 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

(Қол шапалақтау.) Жолдастар, мен мәселенің бұл бөлегін, баяндама жөнінде жасағанымыз сияқты, Бухарин жолдаспен алдын ала келісіп, тәптіштеп бөліе алмадым. Бәлкім, мұның қажеттігі де болмас. Меніңше, бұл жерде өріс алған жарыс сөздер ең алдымен бір нәрсені: белгілі бір нақты және тұжырымдалған қарсы ұсыныстың жоқтығын көрсетті. Жеке нәрселер жөнінде үздік-создық сөздер көп айтылды, бірақ ешқандай қарсы ұсыныс болған жоқ. Мен ең алдымен кіріспе бөлімге қарсы бағытталған басты-басты қарсы пікірлерге тоқталмақпын. Бухарин жолдас маған өзінің кіріспеде капитализмнің сипаттамасы мен империализмнің сипаттамасын біртұтас байланысты нәрсе етіп біріктіру мүмкін деген пікірді қорғайтындардың қатарына жататындығын, бірақ мұндай нәрсе жоқ болғандықтан біздің қазіргі жобаны қабылдауға тиісті екендігімізді айтты.

Сөйлегендердің көбі сіздерге ұсынылып отырған күйінде жоба теріс деген көзқарасты ұсынды,—әсіресе Подбельский жолдас оны батыл ұсынды. Подбельский жолдастың дәлелдері мейлінше таңданарлық дәлелдер болды. Мәселен, бірінші параграфта революция пәлендей күнгі революция деп аталған деген сияқты дәлел. Мұның өзі Подбельский жолдасқа әлде неліктен тіпті бұл революция да номерлі революция сияқтанып көрінген. Мен былай дей аламын: біз Халық Комиссарлары Советінде номерленген өте көп қағаздарға кездесіп

отырамыз, бұдан біз жиі шаршаймыз да, бірақ содан алған әсеріңді мұнда әкеліп таңудың не керегі бар? Расында да, бұл арада номердің не қатысы бар? Біз мейрам күнін белгілейміз де, соны мейрамдаймыз. Нақ 25 октябрьде өкіметтің қолға алынғандығын қалайша мойындамауға болады? Егер сіз мұны бірдеңе етіп өзгертіп көрсеңіз, онда бұл жасанды нәрсе болып шығады. Егер сіз революцияны Октябрь-Ноябрь революциясы деп атасаңыз, онда осы арқылы іс бір күнде істелмеген екен ғой деп айтуға мүмкіндік бересіз. Әрине, революция негұрлым ұзақ дәуір ішінде болды—октябрь ішінде, ноябрь ішінде және тіпті бір жыл ішінде де болған жоқ. Подбельский жолдас параграфтардың бірінде *болашақ* әлеуметтік революция туралы айтылғандығына тиіседі. Ол осыған сүйеніп, программаны «ұлы мәртебелі оны жәбірлеу» — әлеуметтік революцияны жәбірлеу үшін қалайда қастандық жасау ниеті бар сияқты нәрсе деп көрсетті. Біз әлеуметтік революцияны бастан кешіріп отырмыз, ал бізге оны болашақ революция ретінде айтады! — дейді. Мұндай дәлел мүлде қисынсыз, өйткені біздің программада дүние жүзілік көлемдегі әлеуметтік революция туралы айтылып отыр.

Революцияға біз экономикалық тұрғыдан қараймыз дегенді айтады бізге. Бұл керек пе әлде керек емес пе? Осында еліґіп кеткен көптеген жолдастар халық шаруашылығының бүкіл дүние жүзілік советі болсын және ұлттық партиялардың барлығы РКП Орталық Комитетіне бағындырылсын дегенге дейін барды. Пятаков жолдас осыны айтуға аз-ақ қалды. (П я т а к о в (о р н ы н д а о т ы р ы п): «Ал сонда сіз мұны жаман болар еді деп ойлайсыз ба?») Егер ол қазір мұның өзі жаман болмаған болар еді деп ескертпе жасап отырған болса, онда мен былай деп жауап беруге тиіспін: егер бұл сияқты бір нәрсе программада жазылған болса, онда оны сынап жатудың қажеті болмас еді: мұндай ұсыныстың авторлары өздерін өздері мерт қылар еді. Бұл еліґуші жолдастар программада біздің қазіргі бар нәрсеге сүйенуге тиіс екенімізді ескермеген. Бұл жолдастардың бірі, сірә, Суница болса керек, программаны түкке тұрғысыз, т. т. деп мейлінше батыл сынаған; осы еліґуші

жолдастардың біреуі: программада қазіргі бар нәрсенің айтылуына қосыла алмайтынын айтты, программада қазір жоқ нәрсе сөз болуға тиіс деді. (Күлкі.) Менің ойымша, мәселенің бұлайша тұжырымдалуы өзінің мүлде терістігінен күлкінді келтіретіндігі заңды нәрсе. Мен тек қазір бар нәрсе ғана айтылуға тиіс деген жоқпын. Мен: біз *әбден орныққан нәрсеге сүйенуге* тиіспіз дедім. Біз пролетарлар мен еңбекші шаруаларға коммунистік революция сөзсіз болады дегенді айтуға және дәлелдеуге тиіспіз. Мұны айтудың керегі жоқ деп осында бірдебір адам айтты ма? Егер әйтеуір біреу мұндай ұсынысты қоюға әрекет жасаған болса, онда мұның бұлай емес екендігін оған дәлелдеген болар едік. Ешкім мұндай еш нәрсе айтқан жоқ және айтпайды да, өйткені біздің партия өкімет басына келгенде тек коммунистік пролетариатқа ғана сүйеніп келген жоқ, сонымен қатар бүкіл шаруаларға да сүйеніп келді, бұл — даусыз факт. Сонда біз қазір өзімізбен бірге келе жатқан осы бұқараның бәріне: «Партияның ісі тек социалистік құрылысты жүзеге асыру ғана. Коммунистік революция жасалды, коммунизмді жүзеге асырыңдар»,— деумен ғана тынбақпыз ба. Мұндай көзқарас түбірінен жарамсыз, теориялық тұрғыдан дұрыс емес. Біздің партия тікелей, көбіне-көп жанама түрде, миллиондаған адамдарды өзіне тартып отыр, олар қазіргі уақытта тап күресі туралы мәселені, капитализмнен коммунизмге өту туралы мәселені түсінеді.

Капитализмді социализмге айналдыру туралы мәселемен еңбекші халық қазір біздегідей еш жерде, басқа ешбір елде шұғылданып көрген емес деп қазір айтуға болады,— әлбетте, мұнда ешқандай асыра айтқандық жоқ. Бұл туралы бізде басқа елдердің қандайынан болса да анағұрлым көп ойлайды. Ал партия бұл мәселеге қалайша жауап бермей қалмақ? Бұл коммунистік революцияның қалай дамитындығын біз ғылыми тұрғыдан көрсетуге тиіспіз. Бұл жөніндегі басқа ұсыныстардың барлығы да жартыкеш ұсыныстар. Мұны ешкімнің де түгел алып тастағысы келген жоқ. Бәлкім, ескі программаны қысқарту керек болар, цитат алудың керегі болмас, өйткені ол теріс қой деп күмілжігендер болды. Ал

егер программа теріс болған болса, онда өзіміздің соншама жылдар бойғы жұмысымызда біз оған қалайша сүйене алдық? Бәлкім бүкіл дүние жүзілік Совет республикасы құрылған кезде бізде ортақ программа болуы мүмкін, ал оған дейін біз анығында әлі де бірнеше программа жазатын шығармыз. Ал қазір ескі Россия империясының орнында бір ғана Совет республикасы болып отырған кезде ондай программаларды жазу мезгілсіз болар еді. Тіпті Совет республикасына қарай сөзсіз келе жатқан Финляндияның өзі де оны әлі жүзеге асырған жоқ, ал Финляндияның бұрынғы Россия империясын мекендеген басқа халықтардың барлығынан өзгешелігі — оның жоғары мәдениеттілігі емес пе. Сондықтан қазіргі уақытта программада аяқталған процесті бейнелеуге тырысу аса елеулі қателік болар еді. Мұның өзі қазіргі уақытта біз программада халық шаруашылығының бүкіл дүние жүзілік советін ұсынуымызға ұқсас болар еді. Ал оның бер жағында «халық шаруашылығы советі» деген осы сүреңсіз сөзге әлі біздің өзіміз де дағдыланған жоқпыз, ал шетелдіктердің осындай станция жоқ па екен деп анықтамалық кітаптан іздейтін кездері болатын көрінеді. (К ү л к і.) Бұл сөздерді біз бүкіл дүние жүзіне декреттей алмаймыз.

Біздің программамыз халықаралық сипатта болу үшін экономика жағынан барлық елдерге тән болып отырған таптық жағдайларды есепке алуға тиіс. Көптеген жерлерде капитализмнің әлі де болса дамып келе жатқандығы барлық елдерге тән сипат. Мұның өзі бүкіл Азия үшін, буржуазиялық демократияға өтіп отырған барлық елдер үшін дұрыс келеді, мұның өзі Россияның бірсыпыра бөліктері үшін дұрыс нәрсе. Мәселен, шаруашылық саласындағы фактілерді өте жақсы білетін Рыков жолдас бізге өзімізде өмір сүріп отырған жаңа буржуазия туралы айтты. Бұл шындық. Буржуазия біздің советтік қызметшілерден ғана туып қоймайды — ол аз болса да одан да тууы мүмкін,— ол капиталистік банктердің езгісінен босатылған, ал қазір темір жол транспортынан қол үзген шаруалар мен майдагерлердің ортасынан да туады. Бұл факт. Сіздер бұл фактіге қалайша соқпай өткілеріңіз келеді? Сіздер мұнымен тек

өзіңіздің жалған үміттеріңізді ғана алдандырасыздар немесе ой елегінен өтпеген кітапты шындыққа балайсыздар, ал шындық анағұрлым күрделірек. Шындық бізге мынаны көрсетіп отыр: барлық капиталистік қоғамдағы сияқты, тіпті Россияда да, капиталистік товар шаруашылығы өмір сүріп, әрекет жасап, дамып отыр, буржуазияны туғызып отыр.

Рыков жолдас былай деді: «Біз буржуазияға қарсы күресіп жатырмыз, бірақ бізде буржуазияның туатын себебі мынадан: шаруа шаруашылығы әлі де болса жойылып кеткен жоқ, ал бұл шаруашылық буржуазия мен капитализмді туғызады». Бізде бұл туралы дәлме-дәл деректер жоқ, бірақ мұның болып жатқандығы күмәнсыз. Бүкіл дүние жүзінде Совет республикасы әзірге тек бұрынғы Россия империясының шеңберінде ғана өмір сүріп отыр. Бірсыпыра елдерде ол өсіп, дамып келеді, бірақ басқа елдердің бірде-бірінде ол әлі жоқ. Сондықтан өз программамызда әлі қолымыз жетпеген нәрседен дәмелену, міне, бұл — қиял болады, бұл — басқа елдерде социалистік республиканың толғағы біздің бастан кешіргенімізден гөрі анағұрлым күмәнсыз қиын екенін көрсететін ұнамсыз шындықтан аттап өткісі келгендік болады. Бұл бізге оңайға түсті, өйткені біз 1917 жылы 26 октябрьде эсерлердің қарарларында шаруалардың талап еткендерін заң жүзінде бекіттік. Бұл бірде-бір елде жоқ. Швейцариялық жолдас пен неміс жолдас былай деп көрсетті: шаруалар Швейцариядағы ереуілшілерге қарсы бұрын болып көрмеген дәрежеде қаруланды, ал Германия деревнясында батырақтар мен ұсақ шаруалардан Советтердің шығуы мағынасында ешқандай еркіндік лебі байқалмайды. Бізде революцияның алғашқы айларынан кейін-ақ шаруа депутаттарының Советтері елді түгелдей дерлік қамтыды. Біз, артта қалған ел болсақ та, оларды құрдық. Бұл арада капиталистік жағдайдағы халықтар әлі шешпеген орасан зор проблема келіп шығып отыр. Ал біз қайдан үлгілі капиталистік ұлт болмақпыз? 1917 жылға дейін бізде крепостниктіктің сарқыншақтары әлі де болып келді. Бірақ капиталистік жолмен құралған бірде-бір ұлт бұл мәселенің практикада қалай шешілетіндігін осы уақытқа

дейін көрсеткен жоқ. Біздің өкімет билігіне ерекше жағдайда қолымыз жетті, бұл кезде патша өкіметінің езгісі зор ынта-жігермен негізінен және тез өзгеріс жасауға мәжбүр етті, ал біз осындай ерекше жағдайда бірнеше ай бойы тұтасымен бүкіл шаруаларға сүйене білдік. Бұл — тарихи факт. Біз кем дегенде 1918 жылдың жазына дейін, кедейлер комитеттері құрылғанға дейін, өкімет ретінде өмір сүрген болсақ, мұның себебі — тұтас алғанда бүкіл шаруаларға сүйендік. Мұның өзі бірде-бір капиталистік елде мүмкін емес. Сіздер бүкіл программаны түбірінен қайта құру туралы айтқанда міне осы негізгі экономикалық фактіні ұмытасыздар. Сіздердің программаңыз мұнсыз ғылыми негізге қойыла алмайды.

Біз программа ғылыми негізде құрылуға тиіс деген маркстік қағидаға сүйенуге міндеттіміз, бұл қағиданы жұрттың бәрі мойындайды. Программа бұқараға коммунистік революцияның қалай пайда болғанын, оның не себепті сөзсіз болатындығын, оның маңызы, оның мәнісі, оның күші неде екенін, оның нені шешуге тиіс екенін түсіндіруге тиіс. Біздің программа үгітке арналған жинақ болуға тиіс, барлық программалардың жинақ болғаны сияқты, мәселен, Эрфурт программасының[50] жинақ болғаны сияқты жинақ болуға тиіс. Эрфурт программасының әрбір параграфында үгітшілердің жүз мыңдаған сөздері мен мақалалары болды. Біздің программаның әрбір параграфы әрбір еңбекшінің білуге, ұғынуға және түсінуге тиісті нәрсесі болып табылады. Егер ол капитализмнің не екенін түсінбесе, егер ол ұсақ шаруалардың және майдагерлік шаруашылықтың бұл капитализмді қалайда ұдайы сөзсіз туғызып отыратындығын түсінбесе,— егер ол осыны түсінбесе, онда ол өзін тіпті жүз мәрте коммунистпін деп жариялап, барып тұрған радикалдық коммунизмді бетке ұстаса да, мұндай коммунизмнің құны бір-ақ тиын. Біз коммунизмді ол экономикалық жағынан негізделгенде ғана бағалаймыз.

Социалистік революция тіпті кейбір алдыңғы қатарлы елдерде де өте көп нәрсені өзгертеді. Империализм финанс капиталын жинақтап, шоғырландырса да, капита-

листік ондіріс әдісі өзінің неғұрлым аз дамыған формаларын көбінесе сақтай отырып, бүкіл дүние жүзінде әлі де өмір сүріп отыр. Ең дамыған елдердің де бірде-бірінде өзінің бірыңғай мейлінше жетілген формасындағы капитализмді кездестіре алмайсың. Тіпті Германияда да мұндай ештеңе жоқ. Біз өзіміздің нақты міндеттеріміз жөнінде материал жинаған кезде, Орталық статистикалық бюроның меңгерушісі жолдас: Германияда неміс шаруасы өзінің артық картобының 40 процентін азықтүлік органдарынан *жасырып қалған* деп хабарлады. Капитализм мейлінше дамып отырған капиталистік мемлекетте ерікті ұсақ сауда-саттығы бар, ұсақ жалдаптығы бар ұсақ шаруа шаруашылықтары өмір сүріп отыр. Мұндай фактілерді ұмытуға болмайды. Осында өкілдері келген партияның үш жүз мың мүшесінің ішінен осы мәселені толық түсінетін адамдар көп табыла қояр ма екен? Жобаны жазу бақытына ие болған біздер үшін осының бәрі анық болғандықтан коммунистер бұқарасы да осының бәріне жетік деп ойлау — адам күлерліктей дандайсу болады. Жоқ, оларға осы әліппе керек, оларға бұл бізден гөрі жүз есе артық керек, өйткені коммунизмнің не екенін және товар шаруашылығының не екенін ұғынбаған, түсіне алмаған адамдарда коммунизм болуы мүмкін емес. Біз күн сайын, азық-түлік, егіншілік жөніндегі практикалық шаруашылық саясаттың немесе Халық шаруашылығының жоғары советіне қатысты саясаттың әрбір мәселесінде ұсақ товар шаруашылығының осы фактілеріне тап болып отырмыз. Бірақ бұл туралы программада айтылмауға тиіс болыпты-мыс! Егерде біз бұлай еткен болсақ, онда біз тек мынаны көрсеткен болар едік: біз бұл мәселені шеше білмейміз, біздің еліміздегі революцияның сәттілігі ерекше жағдайлардың арқасы деген болар едік.

Социалистік құрылыстың формаларын түсініп алу үшін бізге Германиядан жолдастар келіп жүр. Сондықтан біз шетелдік жолдастарға өз күшімізді дәлелдейтіндей болып, өз революциямызда біз шындықтың шеңберінен ешбір шықпайтынымызды оларға көрсететіндей болып, оларға өздері үшін бекерге шығарылмай-

тын материал беретіндей болып қимыл жасауымыз керек. Өз революциямызды барлық елдер үшін қайдағы бір мінсіз өнеге етіп көрсету, революциямыз толып жатқан данышпандық жаңалықтар ашты, толып жатқан социалистік жаңалықтар енгізді деп ойлау адам күлерлік нәрсе болар еді. Мен мұндай нәрсені ешкімнен естігенім жоқ және де ешкімнен естімеймін деп кесіп айтамын. Бізде пролетариат пен шаруалар ерекше қатынаста болып отырған елде капитализмді қирату жөніндегі алғашқы қадамдарды жүзеге асырудың практикалық тәжірибесі бар. Бұдан басқа ештеңе жоқ. Егер біз көлбақаға ұқсап, ырс-ырс етіп, ісіп-кеуіп керілсек, онда мұның өзі бар әлемге күлкі болар еді, біз құр мақтаншақтар болып шығар едік.

Біз маркстік программаға сүйеніп пролетариат партиясын тәрбиелеп шығардық, ендеше өзіміздегі он миллиондаған еңбекшілерді де нақ осылай тәрбиелеп шығаруымыз керек. Біз мұнда идеялық басшылар ретінде жиналдық, сондықтан бұқараға былай деуге тиіспіз: «Біз пролетариатты тәрбиелеп шығардық және біз әрқашан және оның алдымен дәлме-дәл экономикалық талдауға сүйендік». Бұл міндет манифестің ісі емес. III Интернационалдың манифесі—ұран, прокламация, мұның өзі біздің алдымызда тұрған нәрсеге көңіл аудару, мұның өзі бұқараның сезіміне жүгіну. Өздеріңізде экономикалық база бар екенін және өздеріңіздің бекерге әурешілікке түсіп жатпағандарыңызды ғылыми жолмен дәлелдеуге күш салыңыздар. Егер сіздер мұны істей алмайды екенсіздер, онда программа жасаймын деп бекер әуре болмаңыздар. Ал мұны істеу үшін біздің, басқаша емес, нақ былай жасағанымыз жөн: өзіміздің 15 жыл бойы басымыздан кешіргенімізді қайта қарап шығуымыз керек. Егер бұдан 15 жыл бұрын біз келешектегі әлеуметтік революцияға қарай бара жатырмыз деген болсақ, ал қазір соған келген болсақ, бұл бізді қалайша әлсіретпек? Бұл бізді нығайтып, күшейте түседі. Мәселенің бәрі мынаған келіп саяды: капитализм империализмге ұласады, ал империализм социалистік революцияның басталуына әкеліп соқтырады. Мұның өзі іш пыстырарлық, ұзақ нәрсе, бұл процестен әлі бірде-бір

капиталистік ел өткен жоқ. Бірақ бұл процесті программада көрсету қажет.

Міне сондықтан осында айтылған теориялық қарсы пікірлер ешбір сынды көтермейді. Егер өз ойын баяндауға машықтанған 10—20 әдебиетшіні тәулігіне үштөрт сағаттан жұмысқа отырғызса, онда олардың бір ай ішінде бұдан жақсырақ, толығырақ программа жасап шығаратындығына мен күмәнданбаймын. Бірақ, Подбельский жолдастың айтқанындай, мұны бір-екі күнде жасап шығаруды талап ету—кісі күлерлік нәрсе. Біз бір-екі күн істеген жоқпыз, тіпті екі апта да істеген жоқпыз. Қайталап айтамын, егер 30 адамнан комиссия құруға және оны бір ай бойына күніне бірнеше сағат жұмысқа отырғызуға мүмкіндік болса, оның үстіне телефон соғылуы мазаламаса, онда олардың бес есе жақсы программа беретіндігінде күмән жоқ. Бірақ істің мәнісіне бұл арада ешкім таласқан жоқ. Товар шаруашылығы мен капитализмнің негіздері туралы айтпайтын программа маркстік интернационалдық программа болмайды. Интернационалдық программа болу үшін оған бүкіл дүние жүзілік Совет республикасын жариялау немесе, Пятаков жолдастың: ешқандай ұлттардың керегі жоқ, барлық пролетарлардың бірігуі керек деп жариялағаны сияқты, ұлттардың жойылуын жариялау аз. Әрине, бұл өте тамаша нәрсе, бұл болады да, тек коммунистік дамудың мүлде басқа сатысында болады. Пятаков жолдас мардымсып: «Сіздер 1917 жылы артта қалған едіңіздер, ал енді ілгері жылжып отырсыздар»— дейді. Біз программаға шындыққа сай келе бастаған нәрсені енгізген кезде ілгері бастық. Біз: ұлттар буржуазиялық демократиядан пролетарлық өкіметке қарай ілгерілеп келеді дегенде, біз бар нәрсені айттық, ал 1917 жылы мұның өзі тек сіздердің тілеген нәрселеріңіз ғана болатын.

Бізде спартакшылдармен біртұтас коммунизм үшін керекті шынайы жолдастық сенім болған кезде, күн сайын туып келе жатқан және, бәлкім, бірнеше айдан кейін орнауы мүмкін жолдастық сенім болған кезде, міне сонда мұның өзі программада бейнеленеді. Бірақ бұл әлі болмай отырғанда, мұны жариялау—оларды

өздерінің тәжірибесі арқылы әлі де болса жетпеген нәрсеге қарай сүйреу болады. Біз: советтік тип интернационалдық маңыз алды дейміз. Бухарин жолдас фабрикалық старосталардың ағылшын комитеттері жөнінде айтты. Бұлар Советтерге онша ұқсамайды. Олар өсіп келеді, бірақ олар әлі құрсақта жатыр. Олар жарық дүниеге шыққан кезде, міне сонда біз «қарап көреміз». Ал біз орыс Советтерін ағылшын жұмысшыларына сыйлаймыз деу—мұның өзі ешбір сынды көтермейді.

Енді мен ұлттардың өзін өзі билеуі туралы мәселеге тоқталуым керек. Бұл мәселе біздің сынымызда тым асыра. маңыз алып кетті. Бұл жөнінде біздің сынның әлсіздігі байқалды, шындығында программаның жалпы құрылымында, программалық талаптардың жалпы жиынтығында екінші дәрежеге де жетпейтіндей маңызы болып отырған мәселе—міне бұл мәселе біздің сынымызда арнаулы маңыз алып кетті.

Пятаков жолдас сөйлеген кезде, мен қайран қалдым: бұл не—программа туралы пайымдау ма әлде екі ұйымдық бюроның таласы ма. Пятаков жолдас: украин коммунистері РКП(б) Орталық Комитетінің директиваларына сәйкес әрекет жасап отыр дегенде, мен оның қай сарында айтқанын түсінбедім. Өкініш сарынында айтты ма? Мен Пятаков жолдасты бұл сарында айтты деп күдіктенбеймін, бірақ оның сөзінің мәнісі мынадай болды: Москвада тамаша Орталық Комитет болып отырғанда, барлық осы өзін өзі билеу дегеннің не керегі бар! Мұның өзі балалық көзқарас. Украина Россиядан ерекше жағдайларға байланысты бөлектенді, сондықтан онда ұлттық қозғалыс терең тамыр жаймады. Ол қозғалыс көрінген бойда-ақ немістер жайпап тастады. Бұл факт, бірақ ерекше факт. Онда тіпті тіл жөніндегі мәселенің өзі былай болып отыр: украин тілі бұқаралық тіл ме әлде бұқаралық емес пе?—бұл да белгісіз болып отыр. Басқа ұлттардың еңбекші бұқарасы кулактардың және жаныштаушылардың ұлты ретінде великоростарға мүлде сенімсіздікпен қарап келді. Бұл факт. Финнің өкілі маған былай деді: великоростарды жек көрген Финляндия буржуазиясы арасында: «Немістер нағыз

хайуан болып шықты, Антанта нағыз хайуан болып шықты, одан да большевиктердің өзі жақсы екен» деген дауыстар естіле бастады. Мұның өзі ұлт мәселесінде біздің финн буржуазиясын ойсыратқан аса үлкен жеңісіміз болып табылады. Бұл біздің таптық дұшпанымыз ретінде оған қарсы күресуге, бұл үшін лайықты құралдар таңдап ала отырып күресуге ешбір бөгет жасамайды. Финляндияны патша өкіметі езген елде құрылған Совет республикасы, міне осы республика ұлттардың тәуелсіздік правосын құрметтейтіндігін айтуға тиіс. Аз-ақ уақыт өмір сүрген қызыл финн үкіметімен біз шарт жасастық[51], территория жөнінен белгілі бір дәрежеде кеңшіліктер жасауға бардық, бұл жайында мен: «Онда тым жақсы балық кәсіпшіліктері бар болатын, ал сіздер соларды беріп жібердіңіздер»—деген бірқыдыру нағыз шовинистік наразылықтар да естідім. Мұндай наразылықтар жөнінде мен: қайсыбір коммунисті сілкілесең, одан великорус шовинисін табасың деген болатынмын, бұл да сондай наразылық.

Менің ойымша, Финляндия жөніндегі, сондай-ақ башқұрттар жөніндегі бұл мысал ұлт мәселесінде қайткен күнде де шаруашылық жағынан тұтастық болу керек деп пайымдауға болмайтындығын көрсетеді. Әрине, шаруашылық жағынан тұтастық болғаны жақсы! Бірақ біз оған насихат арқылы, үгіт арқылы, ерікті одақ арқылы жетуіміз керек. Башқұрттар великоростарға сенбейді, өйткені великоростар анағұрлым мәдениетті болды және өзінің мәдениеттілігін башқұрттарды тонау үшін пайдаланды. Сондықтан бұл меңіреу түкпірлерде великоросс деген есім башқұрттар үшін—«езуші», «алаяқ» деген сөз. Мұнымен санасу керек, бұған қарсы күресу керек. Бірақ бұл—ұзақ нәрсе ғой. Мұны ешқандай декретпен жоя алмайсың ғой. Бұл істе біз өте сақ болуға тиіспіз. Әсіресе басқа ұлттарды өзіне қатты өшіктірген великорус ұлты сияқты ұлттың тарапынан сақтық керек, ал мұны біз тек қазір ғана түзетуді үйрендік, онда да нашар үйрендік. Мәселен, бізде Ағарту комиссариатында немесе соның төңірегінде: біртұтас мектеп болсын, сондықтан орыс тілінен басқа тілде

оқытам деп әуре болмаңыз!—дейтін коммунистер бар. Меніңше, мұндай коммунист—великорус шовинисі. Ол біздің көпшілігіміздің басымызда бар және оған қарсы күресу керек.

Міне сондықтан біз басқа ұлттарға былай деп айтуға тиіспіз: біз ақырына дейін интернационалист болып қаламыз және барлық ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының ерікті одағын құруға тырысып отырмыз. Мұның өзі соғыстарды әсте жоққа шығармайды. Соғыс дегеніміз—империализмнің мәнісінен туатын басқа мәселе. Егер біз Вильсонмен соғысып отырсақ, ал Вильсон шағын ұлтты өзінің құралына айналдырып отырса, біз былай дейміз: біз осы құралға қарсы күресеміз. Біз еш уақытта да бұған қарсы шыққанымыз жоқ. Біз еш уақытта да социалистік республика әскери күшсіз өмір сүре алады деген жоқпыз. Белгілі бір жағдайларда соғыстың қажет болып шығуы мүмкін. Ал қазір ұлттардың өзін өзі билеуі туралы мәселеде істің мәні мынада: әр түрлі ұлттар бірыңғай тарихи жолмен жүріп келеді, бірақ мейлінше әр қилы бұралаң жолдармен, соқпақтармен жүріп келеді, ал неғұрлым мәдениетті ұлттар мәдениеті төмен ұлттарға қарағанда көрінеу басқаша жүріп келеді. Финляндия басқаша жүріп келді. Германия өзгеше жүріп келеді. Пятаков жолдастың бізге бірлік керек деуі мың мәрте дұрыс. Бірақ оған жету үшін насихат арқылы, партиялық ықпал арқылы, біртұтас кәсіптік одақтар құру арқылы күресу керек. Бірақ бұл арада да бірыңғай шаблон бойынша әрекет етуге болмайды. Егер біз бұл пунктті жойған болсақ немесе оны басқаша редакциялаған болсақ, біз ұлт мәселесін программадан алып тастаған болар едік. Егер адамдардың ұлттық ерекшеліктері болмаған болса, онда осылай істеуге де болар еді. Бірақ ондай адамдар жоқ, ал социалистік қоғамды біз басқаша ешбір орната алмаймыз.

Жолдастар, менің ойымша, осында ұсынылып отырған программаны негіз етіп қабылдау керек, оны комиссияға тапсыру керек, комиссияны оппозицияның өкілдерімен немесе, дұрысырақ айтқанда, осында байыпты ұсыныстар енгізген жолдастармен толықтыру керек, ал

бұл комиссия: 1) жобадағы аталған түзетулер жөнінде және 2) келісімге келуге болмайтын теориялық қарсы пікірлер жөнінде қорытынды шығаруға тиіс. Меніңше, мұның өзі мәселенің ең байыпты қойылысы болады және де мәселені бұлай қою бізді дұрыс шешімге мейлінше тез жеткізеді. (*Қол шапалақтау.*)

5

ПРОГРАММАНЫҢ ЖАЛПЫ САЯСИ БӨЛІМІНІҢ ҮШІНШІ ПУНКТІНІҢ ЖОБАСЫ

(ПАРТИЯНЫҢ VIII СЪЕЗІНІҢ ПРОГРАММАЛЫҚ КОМИССИЯСЫНА АРНАП

Буржуазиялық демократия барлық азаматтарға бірдей формальды праволарды, мәселен, жиналыстар, одақтар, баспасөз праволарын жариялаумен шектеліп келді. Ең жақсы дегенде неғұрлым демократиялық буржуазиялық республикаларда осы пункттер бойынша заң шығару жүзіндегі шектеулер жойылып отырды. Бірақ шындығында әкімшілік практика да, сол сияқты ең алдымен еңбекшілердің экономикалық құлдықта болуы да буржуазиялық демократия тұсында еңбекшілердің осы праволар мен бостандықтарды азды-көпті кең пайдалануына ешбір уақытта жол берген емес.

Керісінше, пролетарлық немесе советтік демократия праволар мен бостандықтарды формальды жариялаудың орнына, қайта бұларды бәрінен бұрын және көбінесе халықтың капитализм езгісінде болған таптарына, яғни пролетариат пен шаруаларға іс жүзінде берілуін көздейді. Бұл үшін Совет өкіметі буржуазиядан үйлерді, баспаханаларды, қағаз қоймаларын экспроприациялап, оларды еңбекшілердің және олардың ұйымдарының емін-еркін пайдалануына береді.

РКП-ның міндеті еңбекші халықтың қалың бұқарасын демократиялық праволар мен бостандықтарды пайдалануға барынша көп тарту және мұның материалдық мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады.

1919 ж. кеш дегенде 20 мартта жазылған

Бірінші рет 1956 ж. 22 апрельде «Правда» газетінің 113-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

6
ВЕНГР СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНЕ СЪЕЗД АТЫНАН ЖІБЕРІЛГЕН ҚҰТТЫҚТАУ РАДИОТЕЛЕГРАММА[52]

Венгр Совет Республикасы үкіметіне,
Будапешт

Россия коммунистік партиясының VIII съезі Венгр Совет республикасына жалынды сәлем жолдайды. Бүкіл дүние жүзінде коммунизмнің жеңетін кезі алыс емес екендігіне біздің съезіміз сенеді. Россияның жұмысшы табы барлық күшін салып, сіздерге көмек беруге асығулы. Бүкіл дүние жүзінің пролетариаты сіздердің одан арғы күрестеріңізді зер сала қадағалап отыр және жаңа социалистік республикаға империалистердің қол жұмсауына жол бермейді.

Советтік Венгрия жасасын! Халықаралық коммунистік республика жасасын!

1919 ж. 22 мартта жазылған

1919 ж. 25 мартта «Népszava» газетінің 71-номерінде венгр тілінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1927 ж. «Пролетарская Революция» журналының 5-номерінде басылған

Неміс тіліндегі телеграф лентасының фотокөшірмесімен салыстырылып, газеттің тексті бойынша басылып отыр

Венгр тілінен аударма

7

ДЕРЕВНЯДАҒЫ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ 23 МАРТТА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

(*Ұзақ қол шапалақтау.*) Жолдастар, деревнядағы жұмыс туралы съезд сайлаған секцияның[53] барлық мәжілістеріне қатыса алмағаным үшін кешірім сұрауға тиіспін. Сондықтан секцияның жұмысына басынан бастап қатысқан жолдастардың сөйлеген сөздері қосымша болмақ. Секция ақыр аяғында тезистерді дайындап шығарды, бұл тезистер комиссияға тапсырылған, енді олар сіздерге баяндалады. Мен секция жұмысының қорытындысында біздің алдымызға қойылып отырған және, менің ойымша, қазір бүкіл партияның алдына қойылып отырған қалпында алғандағы мәселенің жалпы маңызына тоқталғым келеді.

Жолдастар, пролетарлық революцияның дамуында бізге қоғамдық өмірдің неғұрлым күрделі және маңызды мәселелерінің біресе біреуін, біресе екіншісін бірінші орынға қоюға тура келетіні әбден табиғи нәрсе. Өмірдің неғұрлым терең негіздерін, халықтың ең қалың бұқарасын қозғайтын және қозғамай тұра алмайтын төңкеріс тұсында бірде-бір партияның, тіпті бұқараға ең жақын тұрған бірде-бір үкіметтің өмірдің барлық жақтарын *бірден* ешбір қамти алмайтындығы әбден табиғи нәрсе. Ал егер қазір бізге деревнядағы жұмыс туралы мәселеге тоқталуға және бұл мәселеден көбінесе орта шаруалардың жағдайын бөліп алып қарауға тура келіп отырған болса,— онда, жалпы алғанда пролетарлық революцияның даму тұрғысынан қарағанда, мұнда ерсі және қалыптан тыс еш нәрсе болуы мүмкін емес.

Пролетарлық революцияның бір-біріне дұшпан екі таптың арасындағы—пролетариат пен буржуазияның арасындағы—негізгі қатынастан бастауына тура келгендігі түсінікті. Негізгі міндет—өкіметті жұмысшы табының қолына беру, оның диктатурасын қамтамасыз ету, буржуазияны құлату және оның өкіметінің экономикалық негіздерін—жалпы алғанда социалистік құрылыс атаулының ісіне сөзсіз кедергі болатын экономикалық негіздерін—одан тартып алу болды. Марксизммен таныс болғандықтан біздің бәріміз де мынадай ақиқатқа—капиталистік қоғамның нақ экономикалық құрылысы бойынша бұл қоғамда шешуші маңыз алатын не пролетариат, не буржуазия екендігіне еш уақытта күмәнданганымыз жоқ. Қазір біз пролетариаттың буржуазияға қарсы үзілді-кесілді күресі дәуірінде *жалпы демократия* үстем бола алады дейтін көптеген бұрынғы марксистерді,—мәселен, меньшевиктердің лагерінен,—көріп отырмыз. Эсерлермен бүтіндей үндесіп алып отырған меньшевиктер осылай дейді. Өзіне ненің тиімді екендігіне қарай демократияны буржуазияның нақ өзі жасап немесе өзі жойып отырмайтындай-ақ! Ал олай болатын болса, онда буржуазияның пролетариатқа қарсы шиеленіскен күресі кезінде жалпы алғанда демократия туралы ешқандай сөз болуы мүмкін емес қой. Бұл марксистердің немесе марксистсымақтардың,— мәселен, біздің меньшевиктердің,— өздерін қалай тез әшкерелейтіндігіне, олардың шын табиғатының, ұсақ буржуазиялық демократтар табиғатының қалай тез жарыққа шығатындығына тек таңдануға ғана тура келеді.

Маркс өмір бойы көбіне-көп ұсақ буржуазиялық демократияның және буржуазиялық демократизмнің жалған үміттеріне қарсы күресті. Маркс көбіне-көп бостандық пен теңдік туралы бос сөздерді шенеді, әсіресе осы бос сөздер арқылы жұмысшылардың аштан өлу бостандығын бүркемелеген кезде немесе өзінің жұмысшы күшін сататын адамның буржуамен, еркін рынокта оның еңбегін бейне бір ерікті және тең праволы түрде сатып алатын, т. с. жасайтын буржуамен теңдігін бүркемелеген кезде шенеген болатын. Маркс өзінің экономикалық шығармаларының бәрінде осыны анықтады. Маркстің

«Капиталы» түгелімен мынадай ақиқатты—*капиталистік қоғамның негізгі күштері тек буржуазия мен пролетариат қана болатындығын және бола алатындығын* анықтауға арналған деп айтуға болады:—буржуазия сол капиталистік қоғамның құрушысы ретінде, оның басшысы ретінде, оның қозғаушысы ретінде болады,—пролетариат капиталистік қоғамның көрін қазушы, оның орнын басуға қабілеті бар бірден-бір күш ретінде болады. Маркстің қай шығармасынан болса да осыған арналмаған тіпті бірде-бір тараудың табыла қоюы екіталай. II Интернационалдағы бүкіл дүние жүзінің социалистері бұл ақиқатты түсінетіндігі жөнінде жұмысшылардың алдында сан рет қарғанып, ант-су ішті деуге болады. Бірақ, мәселе өкімет билігі үшін пролетариат пен буржуазияның арасындағы нағыз және сонымен қатар үзілді-кесілді күреске келіп тірелген кезде, міне бұл кезде біз мынаны көрдік: біздің меньшевиктер мен эсерлер, сонымен қатар бүкіл дүние жүзіндегі ескі социалистік партиялардың көсемдері бұл ақиқатты ұмытып, жалпы алғанда демократизм туралы филистерлік жел сөздерді құр өңшейін қайталауға кірісті.

Бізде: «Демократия диктатурасы» дегенде кейде бұл сөздерге неғұрлым «мықты» секілді мән беруге тырысатындар бар. Мұның өзі барып тұрған мағынасыздық. Демократиялық буржуазияның диктатурасы дегеніміз көтеріліс жасаушы жұмысшыларды жазалау деген мағынадан басқа еш нәрсе еместігін біз тарихтан өте жақсы білеміз. 1848 жылдан бастап осылай болды,—қалай дегенмен де мұнан кеш емес, бірақ жеке мысалдарды бұдан бұрынырақ уақыттан да табуға болады. Тарих бізге мынаны көрсетеді: пролетариат пен буржуазияның арасындағы нағыз шиеленіскен күрес нақ буржуазиялық демократия тұсында кең және еркін өріс алады. Бұл ақиқаттың дұрыс екендігіне біздің практика жүзінде көзімізді жеткізуімізге тура келді. Ал егер Совет үкіметінің қадамдары 1917 жылғы октябрьден бастап барлық түбегейлі мәселелерде берік болғандығымен ерекшеленген болса, онда мұның нақты себебі—біз бұл ақиқаттан еш уақытта шегінбедік, оны еш уақытта ұмытпадық. Буржуазияға қарсы үстемдік үшін күресте

мәселені тек бір таптың—пролетариаттың—диктатурасы ғана шеше алады. Буржуазияны тек пролетариат диктатурасы ғана жеңе алады. Буржуазияны тек пролетариат қана құлата алады. Буржуазияға қарсы күресте тек пролетариат қана бұқараны өз соңынан ерте алады.

Бірақ та, бұдан—коммунистік құрылыстың бұдан былайғы барысында да, буржуазия құлатылып, саяси өкімет пролетариаттың қолында болған кезде де—міне бұдан былай да біз орта, аралық элементтердің қатысуынсыз-ақ жүре беруімізге болады екен деп ешбір жағдайда да ойлауға болмайды,—егер олай ойласақ мұның өзі аса үлкен қате болған болар еді.

Революцияның,— пролетарлық революцияның, — бас кезінде оның қайраткерлерінің бүкіл назары басты нәрсеге, негізгі нәрсеге: пролетариаттың үстемдігіне және буржуазияны жеңу арқылы бұл үстемдікті қамтамасыз етуге,—буржуазияның өкімет басына қайта келмеуін қамтамасыз етуге аударылғандығы табиғи нәрсе. Буржуазияның қолында оның басқа елдердегі байлықтары, немесе кейде тіпті біздегі ақшалай байлығы түрінде артықшылықтар осы уақытқа дейін қалып отырғандығын біз өте жақсы білеміз. Пролетарлардан гөрі анағұрлым тәжірибелі, буржуазияға көмектесетін әлеуметтік элементтер бар екенін біз жақсы білеміз. Буржуазияның өз өкіметін қайтарып алу ниетінен бас тартпай отырғанын, өз үстемдігін қайта орнату әрекетін тоқтатпай отырғанын біз жақсы білеміз.

Бірақ іс тіпті де мұнымен аяқталмайды. Көбінесе: «Қай жерде жақсы болса, отан сонда» деген принцип ұстайтын, ақша мағынасында қашанда интернационалды болған буржуазия,— міне бұл *буржуазия дүние жүзі көлемінде қазір бізден әлі де күшті.* Оның үстемдігі тез әлсіреп келеді, ол венгр революциясы сияқты мысалдарды көріп отыр,—бұл революция туралы біз кеше сіздерге қуанышпен хабарладық және ол туралы бүгін расқа шығарған мәліметтер келуде,—буржуазия өз үстемдігінің шайқалып тұрғанын түсіне бастап отыр. Оның еркін әрекет жасауға мұршасы жоқ. Бірақ қазір, егер бүкіл дүние жүзі көлеміндегі материалдық құрал-

дарды есепке алатын болсақ, онда материалдық жағынан буржуазияның қазір әлі де бізден күшті екенін мойындамауға болмайды.

Міне, сондықтан да, біздің назарымыздың, біздің практикалық қызметіміздің оннан тоғызы осы негізгі мәселеге—буржуазияны құлатуға, пролетариат өкіметін орнықтыруға, буржуазияның өкімет басына қайта оралуына ешқандай мүмкіндік қалдырмауға арналды және осыған арналуға тиісті болды. Мұның өзі мейлінше табиғи, заңды, болмай қалмайтын нәрсе және бұл жөнінде өте көп нәрселер ойдағыдай істелді де.

Ал енді біз күн тәртібіне басқа топтар туралы мәселені қоюға тиіспіз. Біз *орта шаруалар туралы мәселені* өзінің бүкіл аумағымен күн тәртібіне қоюға тиіспіз,—мұның өзі аграрлық секцияда біздің жасаған жалпы қорытындымыз, ал бұл жөнінде біз партия қызметкерлерінің бәрінің ойы бір жерден шығады деп сенеміз, өйткені біз тек олардың байқағандарының тәжірибесін қорыттық.

Әрине, біздің революциямыздың барысын ойластырудың орнына, қазір біздің алдымызда қандай міндеттер тұрғандығы туралы ой жүгіртудің орнына—міне мұның орнына Совет өкіметінің әрбір қадамын мысқылдап, мін тағу үшін пайдаланатын адамдар табылады, ондайларды біз меньшевиктер мен оңшыл эсер мырзалардан көріп отырмыз. Бұлар—өздерінің біз бен буржуазия диктатурасының біреуін таңдап алулары керек екенін осы уақытқа дейін түсінбеген адамдар. Біз олар жөнінде көп шыдамдылық жасадық және тіпті қайырымдылық көрсеттік, біз өзіміздің осы қайырымдылығымызды сынап көруге оларға тағы бір рет мүмкіндік береміз, бірақ таяудағы уақыттың ішінде бұл шыдамдылық пен қайырымдылықты біз доғарамыз, ал егер олар өз таңдауын жасамаса, біз оларға Колчакқа кетіңдер деп барынша шындап ұсыныс жасаймыз. (Қол шапалақтау.) Біз бұл адамдардан ерекше жақсы ақыл-ой қабілеттілігін күтпейміз. (Күлкі.) Бірақ Колчактың айуандықтарын басынан кешіргеннен кейін олар біз бен Колчактың бірін таңдауды біздің олардан талап етуге праволы екенімізді түсінуге тиіс деп күтуге болар еді. Егер Ок-

тябрьден кейінгі алғашқы айларда көптеген аңқау адамдар пролетариат диктатурасы дегеніміз—өткінші, кездейсоқ нәрсе деп ойлап, ақымақтық жасаған болса, онда қазір тіпті меньшевиктер мен эсерлердің өзі бүкіл халықаралық буржуазияның тегеурінімен болып жатқан күресте заңды бірдеме бар екенін түсінуге тиіс еді.

Іс жүзінде тек екі күш: буржуазия диктатурасы мен пролетариат диктатурасы құрылды. Мұны Маркстен оқымаған адам, мұны барлық ұлы социалистердің шығармаларынан оқымаған адам—ол еш уақытта социалист болмаған, социализмнен еш нәрсені түсінбеген, өзін тек социалистпін деп атап қана келген адам. Бұл адамдардың ойлануына біз аз ғана уақыт береміз де, олардың бұл мәселені шешуін талап етеміз. Менің олар туралы еске түсірген себебім—қазір олар былай деп жүр немесе былай дейтін болады: «Большевиктер орта шаруалар туралы мәселе қойды, оларға жағымпаздық еткісі келеді». Бұл сияқты дәлелдеменің, тіпті бұдан да гөрі нашар дәлелдеменің меньшевиктік баспасөзде кең орын алып жүргенін мен өте жақсы білемін. Біз оны серпіп тастаймыз, біз өз қарсыластарымыздың мылжыңына еш уақытта мән бермейміз. Осы уақытқа дейін буржуазия мен пролетариаттың арасында ауытқып жүрген адамдар не айтқысы келсе соны айта берсін. Біз өз жолымызбен жүре береміз.

Біздің жолымыз ең алдымен күштерді таптық тұрғыдан есепке алу арқылы анықталады. Капиталистік қоғамда буржуазия мен пролетариаттың күресі дамып келеді. Бұл күрес әлі аяқталмай тұрғанда, біз бұл күресті аяғына дейін жеткізу үшін күшті көңіл бөлеміз. Бұл күрес әлі аяғына дейін жеткізілген жоқ. Бұл күресте қазірдің өзінде көп нәрселер істелді. Қазір халықаралық буржуазия енді еркін қимылдай алмайды. Бұған венгр пролетарлық революциясының болуы ең жақсы дәлел. Сондықтан біздің деревнядағы құрылысымыз барлығы өкімет үшін күрестің негізгі талабына бағындырылған кездегі шеңберден қазірдің өзінде шығып отырғандығы анық.

Бұл құрылыс басты-басты екі кезеңнен өтті. 1917 ж. октябрьде біз өкіметті *барлық шаруалармен бірге* ал-

дық. Тап күресі деревняда әлі өрістемегендіктен, мұның өзі буржуазиялық революция болды. Менің алда айтып өткенімдегідей, деревняда нағыз пролетарлық революция тек 1918 жылдың жазында ғана басталды. Егер біз бұл революцияны өрге бастыра алмаған болсақ, біздің жұмысымыз шала болған болар еді. Бірінші кезең—қалада өкімет билігін алу, басқарудың советтік формасын орнату болды. Екінші кезең: деревняда пролетарлық және жартылай пролетарлық элементтерді бөлектеп шығару, оларды деревнядағы буржуазияға қарсы күресу үшін қала пролетариатымен топтастыру болды, мұның өзі барлық социалистер үшін негізгі нәрсе болып табылады, мұны істемеген социалистер—социалистер емес. Бұл кезең де негізінен аяқталды. Алғашқыда бұл үшін біз құрған ұйымдар, кедейлер комитеттері, қазір әбден ығайды, біз оларды дұрыс сайланған Советтермен алмастыруды мүмкін деп таптық, яғни селолық Советтерді олар таптық үстемдік органдары, деревнядағы пролетарлық өкімет органдары болатындай етіп қайта құруды мүмкін деп таптық. Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы заң сияқты шаралар,—бұл таяуда ғана Орталық Атқару Комитетінен өтті, демек, әрине, жұрттың бәріне мәлім,—біздің пролетарлық революция тұрғысынан алғанда бастан кешірілгендердің қорытындысын шығарады.

Пролетарлық революцияның бірінші және негізгі міндеті болып табылатын басты нәрсені біз істедік. Біз нақ осыны істегендіктен де—күн тәртібіне неғұрлым күрделі міндет: *орта шаруаларға көзқарас* жөніндегі міндет қойылып отыр. Кімде-кім бұл міндеттің алға қойылуын біздің өкімет сипатының әлсіреуіне, пролетариат диктатурасының әлсіреуіне, біздің негізгі саясаттың тіпті ішінара болса да, тіпті өте аздап болса да өзгеруіне белгілі бір жағынан ұқсас деп ойлайтын болса — ол адам пролетариаттың міндеттерін, коммунистік төңкерістің міндеттерін мүлде түсінбейді. Мен мұндай адамдар біздің партияда табылмас деп сенемін. Мен тек жолдастарды жұмысшы партиясынан тысқары жерден табылатын адамдарға қарсы сақтандырғым келді, ал

бұл адамдар мұны дүниеге белгілі бір көзқарастан шығатын болғандықтан айтпайды, тек біздің ісімізді бүлдіріп, ақ гвардияшыларға көмектесу үшін айтады,—түсініктірек айтқанда, қашан да ауытқып келген, ауытқымай тұра алмайтын және әлі де көп уақыт ауытқитын орташа мужикті бізге қарсы айдап салу үшін айтады. Мужикті бізге қарсы айдап салу үшін олар былай дейтін болады: «Қарандаршы, олар сіздерге жарамсақтанып отыр! Демек, сіздердің көтерілістеріңізді есепке алған, демек, олар қобалжыған», т. т. және т. с. Біздің жолдастардың бәрі мұндай үгітке қарсы тойтарыс беретіндей болуға тиіс. Қазір біз бұл мәселені тап күресінің тұрғысынан қоюға жетсек, біздің жолдастардың тойтарыс бере алатындай болатынына менің көзім жетеді.

Бұл негізгі мәселенің: *пролетариаттың орта шаруаларға көзқарасын дәлме-дәл қалай анықтауға болады?*—деген мәселенің анағұрлым күрделі міндет екені, сонымен қатар маңыздылығы да бұдан кем соқпайтын міндет екені әбден түсінікті. Жолдастар, теориялық тұрғыдан алғанда, бұл мәселе марксистер үшін қиын соқпайды, оны жұмысшылардың орасан көпшілігі түсінген. Мен, мәселен, мынаны естеріңізге салайын: Каутскийдің аграрлық мәселе туралы кітабында, Каутский Маркстің ілімін дұрыс баяндап және бұл салада талассыз беделді адам саналып жүрген кезде жазған кітабында—аграрлық мәселе туралы осы кітапта ол капитализмнен социализмге өту жөнінде былай дейді: социалистік партияның міндеті—*шаруаларды бейтараптандыру,* яғни пролетариат пен буржуазияның арасындағы күресте шаруаның бейтарап болып қалуына жету, шаруаның бізге қарсы буржуазияға белсенді көмек көрсете алмауына жету болып табылады.

Буржуазия үстемдік еткен орасан ұзақ дәуір бойына шаруалар буржуазия өкіметін қолдап келді, буржуазия жағында болды. Егер буржуазияның экономикалық күшін және оның үстемдік жүргізуінің саяси құралдарын еске алатын болсақ, мұның өзі түсінікті нәрсе. Біз орта шаруа дереу біздің жағымызға шығады екен деп үміттене алмаймыз. Бірақ, егер біз саясатты дұрыс жүргіз-

сек, онда біраз уақыттан соң бұл ауытқулар тоқталады, сөйтіп шаруа біздің жағымызға шыға алады.

Маркспен бірге ғылыми марксизмнің, яғни біздің партия ұдайы және әсіресе революция кезінде басшылыққа алып отырған ілімнің негізін қалаған Энгельстің өзі-ақ,— міне Энгельстің өзі-ақ шаруаларды ұсақ, орташа және ірі шаруалар болып бөлінеді деп көрсеткен болатын, ал бұлайша бөлудің өзі европалық елдердің орасан көпшілігі үшін қазір де шындық. Энгельс: «Тіпті ірі шаруаларды да барлық жерде бірдей күшпен басыпжаныштауға тура келмеуі мүмкін» деген болатын. Ал орта шаруаларға (ұсақ шаруалар — біздің досымыз) біздің әйтеуір бір кезде күш қолдануымыз мүмкін екендігі жөнінде,— бұл туралы бірде-бір парасатты социалист еш уақытта да ойлаған емес. 1894 жылы, қайтыс боларынан бір жыл бұрын, аграрлық мәселе күн тәртібіне қойылған кезде Энгельс осылай деген болатын[54]. Бұл көзқарас бізге кейде жұрт ұмытып жүрген ақиқатты, алайда теория жүзінде бәріміз де қосылатын ақиқатты көрсетеді. Помещиктер мен капиталистер жөніндегі біздің міндетіміз — толық экспроприациялау. *Бірақ орта шаруалар жөнінде біз ешқандай күш қолдануға жол бермейміз.* Тіпті бай шаруалар жөнінде де біз буржуазия жөніндегідей үзілді-кесілді: бай шаруалар мен кулактарды мүлде экспроприациялау керек демейміз. Біздің программада бұл айырмашылық көрсетілген. Біз: бай шаруалардың қарсылығын басу, оның контрреволюциялық пиғылдарын басу керек дейміз. Бұл толық экспроприациялау емес.

Буржуазия мен орта шаруалар жөніндегі біздің көзқарасымызды белгілейтін негізгі өзгешелік — буржуазияны толық экспроприациялау, басқаларды қанамайтын орта шаруалармен одақ жасау,— бұл негізгі бағытты теорияда жұрттың бәрі мойындайды. Бірақ практикада бұл бағыт дәйекті сақталмай жүр, жергілікті жерде оны сақтауға әлі үйренген жоқ. Буржуазияны құлатып, өз өкіметін нығайтып, пролетариат жаңа қоғам құру ісіне жан-жақты кіріскен кезде орта шаруалар туралы мәселе бірінші орынға шыға келді. Ірі егіншілік елдері мен ұсақ егіншілік елдерінде коммунизм құрылысының

ор қилы болатындығын дүние жүзінде бірде-бір социалист бекер деген жоқ. Бұл — мейлінше қарапайым, анайқын ақиқат. Бұл ақиқаттан шығатын қорытынды мынау: біз коммунистік құрылыс міндеттеріне жақындаған сайын біздің негізгі назарымыз белгілі бір дәрежеде нақ орта шаруаларға аударылуға тиіс.

Көп нәрсе орта шаруаларға біздің өз көзқарасымызды қалай белгілеуімізге байланысты болмақ. Бұл мәселе теория жүзінде шешілген, бірақ мәселенің теория жүзінде шешілуі мен ол шешімді практикада іске асырудың арасындағы айырмашылықты біз өте жақсы сезіндік; оны біз оз тәжірибемізден білеміз. Біз осы айырмашылыққа тікелей таяп келіп тұрмыз; бұл айырмашылық ұлы француз революциясына өте-мөте тән болды, онда француз Конвенті кең көлемді шаралар белгілеген еді, бірақ оларды жүзеге асыру үшін оның тиісті тірегі болмады, тіпті белгілі бір шараны жүзеге асыру үшін ол қай тапқа сүйену керектігін де білмеді.

Біз одан гөрі әлдеқайда сәтті жағдайдамыз. Тұтас бір ғасыр бойғы дамудың арқасында біз өзіміздің қай тапқа сүйенетінімізді білеміз. Бірақ біз бұл таптың практикалық тәжірибесінің өте-мөте жеткіліксіз екенін де білеміз. Негізгі мәселе: буржуазияның өкіметін құлатып, билікті жұмысшыларға беру екені жұмысшы табы үшін, жұмысшы партиясы үшін айқын болды. Бірақ мұны *қалай* істеу керек? Өнеркәсіпті жұмысшы бақылауынан жұмысшы басқаруына біздің қандай қиындықтармен, қаншама қателер жасау арқылы көшкеніміз жұрттың бәрінің есінде. Ал мұның өзі біздің өз табымыздың ішіндегі, өзіміздің қашан да істес болған пролетарлық ортаның ішіндегі жұмыс болды ғой. Ал енді бізге жаңа тапқа, қала жұмысшысы білмейтін тапқа өз көзқарасымызды анықтауға тура келіп отыр. Белгілі бір тұрақты жағдайы жоқ тап жөніндегі көзқарасымызды анықтау қажет. Пролетариат негізінен социализм жағында, буржуазия негізінен социализмге қарсы,— бұл екі таптың арасындағы қатынасты анықтау оңай. Ал біз орта шаруалар сияқты топты алсақ, *оның ауытқып отыратын тап* екенін көреміз. Ол бір жағынан — меншік иесі, екінші жағынан—еңбеккер. Ол еңбекшілердің басқа

өкілдерін қанамайды. Ол өзінің жағдайын ондаған жылдар бойы әрең деп сақтап келді, ол помещиктер мен капиталистердің қанауын басынан кешірді, ол барлық ауыртпалықты көтерді, бірақ сонымен қатар ол — меншік иесі. Сондықтан біздің осы ауытқушы тап жөніндегі көзқарасымызды белгілеуде зор қиыншылықтар кездеседі. Өзіміздің бір жылдан астам тәжірибемізге, өзіміздің деревнядағы жарты жылдан астам пролетарлық жұмысымызға, қазірдің өзінде деревняда таптық жіктелістің болып отырғандығына сүйене отырып,— біз бұл арада әсіресе асығып-аптығудан, қисынсыз теорияшылдықтан, өзіміздің дайындап жатқан нәрсемізді, өзіміздің әлі де дайындап болмаған нәрсемізді дайын нәрсе деп есептеуге тырысудан сақтануға тиіспіз. Секция сайлаған комиссия сіздерге ұсынып отырған және келесі шешендердің бірі сіздерге оқып шығатын қарарда сіздер бұл жөнінде жетерліктей сақтандыру бар екенін көресіздер.

Экономикалық көзқарас тұрғысынан алғанда біздің орта шаруаларға көмекке баруымыздың керектігі айқын. Бұл жөнінде теориялық жағынан ешқандай күмән жоқ. Бірақ біздің мінез-құлқымызға байланысты, біздің мәдени дәрежемізге байланысты, бізде деревняға жіберерліктей мәдени және техникалық күштердің жеткіліксіздігіне байланысты және деревняға келгенде біздің көбіне дәрменсіз болып шығуымызға байланысты, жолдастар өте көп жағдайда күштеу шараларын қолданады, сөйтіп бүкіл істі бүлдіреді. Күні кеше ғана бір жолдас маған РКП (большевиктер) Нижегород комитеті бастырған «Нижегород губерниясында партия жұмысының қойылысы туралы нұсқаулар мен ережелер» деп аталатын кітапша берді,— міне осы кітапшаның, мәселен, 41-бетінен мен мынаны оқыдым: «Төтенше салық туралы декреттің барлық ауыр салмағы деревня кулактарының, жалдаптардың және жалпы алғанда *шаруалардың орта элементінің* мойнына түсуге тиіс». Міне адамдардың «түсінгендігі» осы! Не бұл — қате басылған,— бірақ мұндай қатенің жіберілуіне төзуге болмайды! Не бұл — асығыс, үстірт жасалған жұмыс, мұның өзі бұл істе асығудың қандайы болса да қаншама қауіп-

ті екендігін көрсетеді. Не бұл — жай түк түсінбегендік, мұның өзі — ең жаман болжау, ал мен нижегородтық жолдастар жөнінде бұлай ойлағым келмейді. Мұның жай аңдамағандық болып шығуы да ғажап емес[55].

Комиссиядағы бір жолдастың айтқанындай, практикада мынадай оқиғалар болып тұрады. Оны шаруалар қаумалап алып, әрқайсысы былай деп сұрапты: «Мен орташамын ба, әлде орташа емеспін бе?— анықтап берші. Менің екі атым, бір сиырым бар. Менің екі сиырым, бір атым бар», т. т. Міне барлық уездерді аралап жүретін бұл үгітшінің ғажап термометрі болуға тиіс, ол соның көмегімен шаруаның орташа не орташа емес екенін дәл айтып бере алатындай болуы керек. Бұл үшін сол шаруа шаруашылығының бүкіл тарихын, оның төменгі және жоғарғы топтарға қатынасын білу керек,— ал біз мұны дәлме-дәл біле алмаймыз.

Бұл арада практикалық тұрғыдан көп нәрселерді білу керек, жергілікті жағдайларды білу керек. Бізде бұл әлі жоқ. Мұны мойындаудың ешбір айып-шамы жоқ; біз мұны ашық мойындауға тиіспіз. Біз еш уақытта утопист болған емеспіз және біз коммунистік қоғамды таза коммунистік қоғамда туып, тәрбиеленуге тиісті адал коммунистердің адал қолдарымен құрамыз деп ойлаған емеспіз. Бұл — балалық ертегілер. Коммунизмді біз капитализмнің қираған қалдықтарынан құруға тиіспіз, ал мұны оған қарсы күресте шыныққан тап қана істей алады. Пролетариатта,— сіздер мұны өте жақсы білесіздер,— капиталистік қоғамның кемшіліктері мен әлсіздіктері жоқ емес. Ол социализм үшін күреседі, сонымен бірге ол өз кемшіліктеріне де қарсы күреседі. Пролетариаттың қалаларда ондаған жылдар бойы тайынбай қиян-кескі күрес жүргізген алдыңғы қатарлы таңдаулы бөлегінің бұл күресте қалалық және астаналық өмірдің бүкіл мәдениетін үйренуге мүмкіндігі болды және белгілі бір дәрежеде бұл мәдениетті үйренді де. Тіпті алдыңғы қатарлы елдердің өзінде де деревняның қараңғылықта болғанын сіздер білесіздер. Әрине, біз деревняның мәдениеттілігін көтеретін боламыз, бірақ бұл талай жылдар бойы істелетін іс. Бізде жолдастар барлық жерлерде міне осыны ұмытып жүр және мұндағы ин-

теллигенттердің емес, ведомстволық адамдардың емес,— оларды біз көп естідік,— жергілікті жердегі адамдардың, деревнядағы жұмысты практика жүзінде байқаған адамдардың әрбір сөзі бізге міне осыны ерекше айқын суреттейді. Аграрлық секцияда бізге міне осы дауыстар ерекше бағалы болды. Бұл дауыстар қазір,— менің бұған көзім жетеді,— бүкіл партия съезі үшін ерекше бағалы болмақ, өйткені олар кітаптардан, декреттерден алынбай, өмірдің өзінен алынған.

Осының бәрі бізді орта шаруаларға өз көзқарасымызды көбірек анықтау мағынасында жұмыс істеуге жетектейді. Бұл өте қиын, өйткені *бұл анықтық өмірде әлі жоқ*. Бұл мәселенің шешілмегендігі былай тұрсын, егер оны *бірден және дәл қазір* шешкіміз келетін болса, онда тіпті *шешілмейді де*. «Осыншама декреттер жазудың керегі жоқ еді» дейтін,— және декреттерді қалай жүзеге асыруды білмей тұрып, декреттер жазуға кірiскені үшін Совет үкіметін жазғыратын адамдар бар. Өздерінің ақ гвардияшыларға қарай қалай құлдырап бара жатқанын бұл адамдар шындығында байқамай отыр. Жүздеген декреттер жазудан бүкіл деревня өмірі өзгереді деп күткен болсақ, біз барып тұрған нақұрыс болған болар едік. Ал егер біз декреттерде жолымызды белгілеуден бас тартқан болсақ, біз социализмге опасыздық жасаған болар едік. Практикада бірден, толық жүзеге асырылмаған бұл декреттер насихат үшін үлкен роль атқарды. Егер біз бұрынғы уақытта жалпы ақиқаттар арқылы насихаттаған болсақ, қазір *біз жұмыс арқылы насихаттаймыз*. Бұл да — уағыз, бірақ бұл қимыл арқылы уағыздау — тек қайдағы бір жел өкпелердің анархистер мен ескі социализм заманында біз көп мазақ еткен жеке қимылы мағынасындағы уағыздау емес. Біздің декретіміз — үндеу, бірақ бұрынғы рухтағы: «Жұмысшылар, көтеріліске шығыңдар, буржуазияны құлатыңдар!» дейтін үндеу емес. Жоқ, бұл — бұқараға үндеу, оларды практикалық іске үндеу. *Декреттер дегеніміз — жаппай практикалық іске шақыратын нұсқаулар*. Міне маңызды нәрсе осы. Бұл декреттерде көп нәрселер жарамсыз-ақ бола берсін, жүзеге аспайтын нәрселер көп-ақ бола берсін. Бірақ оларда практикалық іс үшін материал бар,

сондықтан декреттің міндеті — Совет өкіметінің үніне құлақ асатын жүздеген, мыңдаған және миллиондаған адамды практикалық қадам жасауға үйрету. Мұның өзі деревняда социалистік құрылыс саласындағы практикалық қимылды сынап көру болып табылады. Егер біз іске осылай деп қарайтын болсақ, онда өз заңдарымыздың, декреттеріміздің және қаулыларымыздың жиынтығынан өте көп нәрселер аламыз. Біз оларға қайткен күнде де, сол сағатта, бірден жүзеге асырылуға тиісті абсолюттік қаулылар деп қарамаймыз.

Жекелеген қиянаттарды практика жүзінде қолдайтын нәрсенің барлығынан қашу керек. Біздің арамызға кей жерлерде өздерін коммунистерміз деп атап, бізді алдап жүрген мансапқорлар, авантюристер кіріп кетіп отыр, олардың біздің арамызға кіріп кеткен себебі — коммунистер қазір өкімет басында отыр, оның себебі — неғұрлым адал «қызметкер» элементтер өздерінің артта қалған идеяларының салдарынан бізге жұмыс істеуге келмеді, ал мансапқорларда ешқандай идея жоқ, ешқандай адалдық жоқ. Жағынуға ғана тырысатын бұл адамдар жергілікті жерлерде күш қолданады, сөйтіп мұны өздерінше жақсы деп ойлайды. Ал іс жүзінде мұның өзі кейде шаруалардың: «Совет өкіметі жасасын, бірақ *коммуния жойылсын!»* (яғни коммунизм жойылсын) деуіне әкеліп соғады. Мұндай оқиғалар ойдан шығарылып отырған жоқ, нақты өмірден, жергілікті жердегі жолдастардың хабарларынан алынып отыр. Нысапсыздық атаулының бәрі, шала-шарпылық пен аптығыпасығушылық атаулының бәрі қаншалықты орасан зор зиян келтіретіндігін біз ұмытпауға тиіспіз.

Бізді апатқа ұшыратқан империалистік соғыстан біз жанталаса тырмысу арқылы қайткен күнде де шығу үшін асығуға тиіс болдық, буржуазияны жаныштау үшін және біздің өзімізді жаныштау қаупін төндірген күштерді жаныштау үшін мейлінше жанталаса күш жұмсауға тиіс болдық. Мұның бәрі қажет болды, мұнсыз біз жеңе алмаған болар едік. Бірақ, егер орта шаруалар жөнінде нақ осылай қимылдайтын болсақ, онда мұның өзі сондайлық нақұрыстық, сондайлық топастық болады және істі сондайлық апатқа ұшырату болады, тек аран-

датушылар ғана біле тұра әдейі осылай істеуі мүмкін. Бұл арада міндет мүлде басқаша қойылуға тиіс. Бұл арада мәселе көрінеу қанаушылардың қарсылығын күйрету, оларды жеңіп, құлату туралы болып отырған жоқ,— мұндай міндетті біз бұрынырақта қойған болатынбыз. Жоқ, біз бұл басты міндетті шешкен соң енді күн тәртібіне анағұрлым күрделі міндеттер қойылып отыр. Бұл арада күштеумен еш нәрсе істей алмайсың. *Орта шаруаларға күш қолдану өте-мөте зиянды іс болып табылады.* Бұл — өте көп, сан миллиондаған топ. Тіпті орта шаруалар ешбір жерінде мұндайлық күш болмаған, техникасы мен мәдениеті, қала тұрмысы, темір жолдары орасан зор өскен Европаның өзінде де, онда бұл туралы өзге жердің қайсысындағыдан болсын оңайырақ ойлауға болатын болса да — ешкім, нағыз революцияшыл социалистердің бірде-бірі орта шаруалар жөнінде күш қолдану шараларын ұсынып көрген емес.

Біз өкіметті қолымызға алған кезде, біз шаруалардың бәріне түгелдей сүйендік. Ол кезде барлық шаруалардың міндеті біреу-ақ еді — помещиктерге қарсы күресу еді. Бірақ осы уақытқа дейін оларда ірі шаруашылыққа қарсы пікір сақталып қалып отыр. Шаруа: «Егер ірі шаруашылық болатын болса, онда мен тағы да батырақ болғаным ғой» деп ойлайды. Әрине, бұл қате. Бірақ шаруаның көңілінде ірі шаруашылыққа деген өшпенділік сақталып қалған, оның ойында помещиктердің халықты қалай езгендігі туралы ой сақталған. Бұл сезім қалып отыр, ол әлі өшкен жоқ.

Біз шындығында күштеу жолымен мұнда еш нәрсеге қол жеткізуге болмайды деген ақиқатқа сүйеніп, көбінесе соны негіз етіп алуымыз керек. Мұнда экономикалық міндет мүлде басқаша болып отыр. Мұнда бүкіл іргені, бүкіл үйді алып қалып, мынасын кесіп түсіруге болады дерлік жоғарғы қабат жоқ. Қалада ондай жоғарғы қабат капиталистер болса, олар мұнда жоқ. *Мұнда күш қолдану арқылы қимыл жасау бүкіл істі апатқа ұшырату болып шығады.* Бұл арада ұзаққа созылатын тәрбие жұмысы керек. Тек бізде ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінде практик әрі реалист болып отырған шаруаға біз «коммунияның» басқалардың бәрі-

нен де жақсы екенін дәлелдейтін нақты мысалдар беруге тиіспіз. Егер деревняға қаладан асығыс барып, біраз мылжыңдап, бірнеше интеллигенттік, кейде тіпті интеллигенттік те емес өсек-аяң таратып, жан-жағына түкірініп, кетіп қалатын шалағай адамдар деревняға баратын болса, онда, әрине, бұдан ештеңе шықпайды. Мұндай жағдай болады. Мұндай адамдарды жұрт сыйлаудың орнына, мазақ етеді және мұнысы мейлінше заңды да.

Бұл мәселе жөнінде біз мынаны айтуға тиіспіз: біз коммунаны қолдаймыз; бірақ олар *шаруаның сеніміне ие болатындай етіліп* жолға қойылуға тиіс. Ал оған дейін біз — шаруалардың ұстазы емеспіз, қайта олардың шәкіртіміз. Ауыл шаруашылығын және оның ерекшеліктерін білмейтін адамдардың, қоғамдық шаруашылықтың пайдалы екендігі туралы естігендіктен ғана, қала тұрмысынан шаршап, деревняда жұмыс істегісі келгендіктен ғана деревняға лап қойған адамдардың,— міне мұндай адамдардың өздерін барлық жағынан шаруалардың ұстазымыз деп есептеуінен асқан сорақы ештеңе жоқ. *Орта шаруаның шаруашылық қатынастары жөнінде күш қолдануды тіпті ойға алудан асқан сорақы ештеңе жоқ.*

Бұл арадағы міндет — орта шаруаны экспроприациялау емес, қайта, шаруа тұрмысының ерекше жағдайларын есепке алу, жақсы құрылысқа өтудің тәсілдерін шаруалардан үйрену және *бұйрық беруші болмау!* Біздің өзіміздің алдымызға қойып отырған қағида осындай. (Бүкіл съезд қол шапалақтайды.) Біз қарардың өзіміз жасаған жобасында баяндауға тырысқан қағида осындай, өйткені бұл жөнінде біз шынында да аз кінәлы болған жоқпыз, жолдастар. Мұны мойындаудың ешбір ұяты жоқ. Бізде тәжірибе болмады. Қанаушыларға қарсы күрестің өзін біз тәжірибеден алдық. Бұл күрес үшін кейде бізді кінәлаған болса, онда біз былай дей аламыз: «Капиталист мырзалар, бұған сіздер кінәлысыздар. Егер сіздер сонша ма қасарыса, сонша ма мағынасыз, арсыз және жанталаса қарсылық көрсетпеген болсаңыздар, егер сіздер бүкіл дүние жүзі буржуазиясымен одақ жасауға бармаған болсаңыздар,— төңкеріс анағұрлым бейбіт формада өткен болар

еді». Қазір, жан-жақтан төніп келген жанталасқан тегеуріңді тойтарғаннан кейін, біз басқа әдістерге көше аламыз, өйткені біз үйірме ретінде емес, қайта соңынан миллиондарды ерткен партия ретінде әрекет жасаймыз. Бағыттың өзгеруін миллиондар бірден түсіне алмайды. сондықтан кулактарға қарсы жұмсалған соққылар екінің бірінде орта шаруаға тиіп жатады. Бұл таңырқарлық нәрсе емес. Мұның өзін бастан өткен тарихи жағдайлар туғызғанын, ал жаңа жағдайлар және бұл тап жөніндегі жаңа міндеттер жаңа психологияны талап ететіндігін тек түсіне білу қажет.

Біздің шаруа шаруашылығы жөніндегі декреттеріміз негізінен дұрыс. Олардың бірде-бірінен бас тартуға, олардың бірде-біреуіне өкінуге біздің дәлеліміз жоқ. Ал егер декреттер дұрыс десек, *онда оларды шаруаға күшпен таңу теріс болады.* Бұл туралы бірде-бір декретте айтылмаған. Белгіленген жол ретінде, практикалық шаралар қолдануға шақыру ретінде бұл декреттер дұрыс. Біз: «Бірігуді қолдаңдар» дегенде,— біз директивалар береміз, бұларды жүзеге асырудың түпкілікті *формасын* табу үшін бұл директивалар талай рет тексерілуге тиіс. Еркімен келісуіне жету қажет дейтін болсақ, онда шаруаны иландыру керек және практика жүзінде иландыру керек. Шаруалар оздерін құр сөзбен сендіргенге конбейді, ал құр сөзбен сендіргенге көнбегені өте жақсы да. Егер олар өздерін бір ғана декреттерді оқу арқылы және үгіт листоктары арқылы иландыруға көнген болса, онда бұл жаман болған болар еді. Егер экономикалық өмірді осылай етіп қайта құруға болатын болса, бұл қайта құрудың бәрі соқыр тиынға да тұрмаған болар еді. Алдымен мұндай бірігудің жақсы екенін дәлелдеу керек, адамдарды шын бірігетіндей етіп, жан-жағына босқа түкірінбейтіндей етіп біріктіру керек,— мұның тиімді екенін дәлелдеу керек. Шаруа мәселені осылай қояды, біздің декреттеріміз де мәселені осылай қояды. Егер осы уақытқа дейін біз бұған қол жеткізе алмаған болсақ, мұның ешқандай айыбы жоқ, біз мұны ашықтан-ашық мойындауға тиіспіз.

Біз әзірше социалистік төңкеріс атаулының бәріне бірдей негізгі міндетті ғана — буржуазияны жеңу мінде-

тін ғана орындадық. Қазір бізді басып-жаныштау үшін бүкіл дүние жүзінің империалистері ең соңғы күштерін салып отырған керемет ауыр жартыжылдық басталып отырса да, бұл міндетті біз негізінен орындадық. Біз қазір, ешбір асыра сілтемей-ақ: *бұл жартыжылдықтан кейін өздерінің ісі мүлде үмітсіз болатынын империалистердің өздері де түсінеді* деп айта аламыз. Не олар қазір біздің титықтағанымызды пайдаланып, жеке бір елді жеңеді, не біз, тек өз еліміз жөнінде ғана емес, ал жалпы жеңіп шығамыз. Бұл жартыжылдықта, азық-түлік және транспорт дағдарыстары қабаттасқан кезде, империалистік державалар әлденеше майданда шабуыл жасауға әрекеттеніп отырған кезде, біздің жағдайымыз өте-мөте ауыр. Бірақ *бұл — ең соңғы ауыр жартыжылдық*. Бізге шабуыл жасап отырған сыртқы жауға қарсы күреске бұрынғыша барлық күшімізді жұмсауымыз қажет.

Бірақ біз деревнядағы жұмыстың міндеттері туралы айтқанда, барлық қиыншылықтарға қарамастан, өзіміздің бүкіл тәжірибеміздің қанаушыларды тікелей жаныштауға бағытталғандығына қарамастан,— біз деревняда орта шаруалар жөніндегі міндеттердің басқаша қойылып отырғандығын есте ұстауға және ұмытпауға тиіспіз.

Деревняда болған саналы жұмысшылардың бәрі: Питер, Иваново-Вознесенск, Москва жұмысшылары, бұлардың бәрі бізге мынадай мысалдарды айтып берді: әсте жойылмайтындай көрінген толып жатқан түсініспеушіліктер, тым ірі көрінген толып жатқан жанжалдар парасатты жұмысшылардың сөз сөйлеуі арқылы жойылып, немесе бәсеңдетіліп отырған, ал бұл жұмысшылар кітап бойынша сөйлемей, мужикке түсінікті тілде сөйлеген, олар командирлерше, өздері деревня тұрмысын білмесе де бұйрық беруге баратын командирлерше сөйлемей, қайта жағдайды түсіндіретін, еңбекшілердің қанаушыларға қарсы сезімін өршітетін жолдастарынша сөйлеген. Өздерін командирлерше және бастықтарша ұстаған жүздеген басқа адамдардың қолы жетпеген нәрсеге осындай жолдастық түсіндіру негізінде қол жеткен.

Біз сіздердің назарыңызға ұсынып отырған қарар бастан-аяқ міне осындай рухта жазылған.

Өзімнің қысқаша баяндамамда мен бұл қарардың принциптік жағына, жалпы саяси маңызына тоқталуға тырыстым. Тұтасымен алғанда мен бүкіл революция мүдделері тұрғысынан қарағанда бізде ешқандай бет-бұрыс жоқ екенін, ешқандай бағыт өзгерісінің жоқ екенін дәлелдеуге тырыстым және де мұны дәлелдедім ғой деп ойлағым келеді. Ақ гвардияшылар мен олардың көмекшілері бұл туралы даурығып жүр немесе даурығатын болады. Мейлі даурыға берсін. Бұған біз мойымаймыз. Біз өз міндеттерімізді барынша дәйекті түрде дамытамыз. Бізге өз назарымызды буржуазияны жаныштау міндетінен орта шаруалардың тұрмысын реттеу міндетіне аудару қажет. Біз орта шаруалармен тату өмір сүруге тиіспіз. Орта шаруалардың экономикалық тұрмыс жағдайларын жеңілдетіп, жақсартсақ қана, тек сонда ғана олар коммунистік қоғамда біздің жағымызда болады. Егер біз күні ертең 100 мың маңдай алды трактор бере алсақ, оларды бензинмен жабдықтай алсақ, оларды жүргізетін машинистерді бере алсақ (мұның әзірше құр қиял екенін сіздер жақсы білесіздер), онда орта шаруа: «Мен коммунияны жақтаймын» (яғни коммунизм жағындамын) деген болар еді. Бірақ мұны істеу үшін әуелі халықаралық буржуазияны жеңуіміз керек, оларды бізге жаңағы тракторларды беруге мәжбүр етуіміз керек немесе еңбек өнімділігін сол тракторларды өзіміз жасап бере алатындай етіп көтеруіміз керек. Тек осылай қойылғанда ғана бұл мәселе дұрыс қойылған болады.

Шаруаға қаланың өнеркәсібі керек, шаруа онсыз тіршілік ете алмайды, ал ол біздің қолымызда. Егер біз істі дұрыстап қолға алсақ, онда шаруа біздің оған қаладан осы өнімдерді, осы құрал-саймандарды, осы мәдениетті апарғанымыз үшін бізге алғыс айтатын болады. Бұларды оған қанаушылар, помещиктер апармайды, қайта өздері сияқты еңбеккер жолдастары апарады; шаруа бұларды өте-мөте қатты бағалайды, бірақ практика жүзінде бағалайды, бұйрықты, жоғарыдан берілетін «жарлықтарды» қабылдамай тастай отырып — және қабыл-

дамауы әбден орынды да,— олардың тек іс жүзіндегі көмегін ғана бағалайды.

Алдымен көмектесіңіздер, содан кейін барып сенімге жетуді көздеңіздер. Егер бұл іс дұрыс жүргізілетін болса, егер уездегі, болыстағы, азық-түлік отрядындағы, барлық ұйымдардағы біздің әрбір тобымыздың әрбір қадамы дұрыс қойылатын болса, егер біздің әрбір қадамымыз осы тұрғыдан мұқият тексеріліп отыратын болса, біз шаруаның сеніміне ие боламыз, тек сонда ғана біз ілгері қарай бара аламыз. Қазір біз оған көмек беруге, кеңес беруге тиіспіз. Мұның өзі командирдің бұйрығы болмайды, қайта жолдастың кеңесі болады. Сол уақытта шаруа толығынан бізді жақтайды.

Біздің қарарымызда, міне, осылар баяндалған, жолдастар, меніңше, съездің шешімі міне осындай болуға тиіс. Егер біз мұны қабылдасақ, егер біздің партия ұйымдарының бүкіл жұмысын осы нәрсе белгілейтін болса, онда біз алдымызда тұрған екінші ұлы міндетті де орындай аламыз.

Буржуазияны қалай құлату керек, оны қалай басыпжаншу керек,— біз мұны үйрендік және мұны мақтан етеміз. Миллиондаған орта шаруалармен қатынасты қалай ретке келтіру керек, оның сеніміне қандай жолмен жету керек, біз мұны әлі үйренгеніміз жоқ,— мұны ашық айту керек. Бірақ біз міндетімізді түсіндік, біз ол міндетті алдымызға қойдық және де әбден сене отырып, әбден біле отырып, барынша батыл түрде өзімізге былай дейміз: біз бұл міндетті орындай аламыз, сонда социализм ешбір жеңілмейтін болады. (Ұзақ қол шапалақтау.)

В. И. Ленин түзету енгізген стенограмма бойынша басылып отыр

8
ДЕРЕВНЯДАҒЫ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ЖАРЫС СӨЗДЕРДІ ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСҚА ҚАРСЫ 23 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, осының алдында сөйлеген шешеннің айтқанына мен ешбір қосыла алмаймын, өйткені бүгінгі кеште сіздердің жұмысты деревняға ешбір көшіре алмайтындарыңызға менің көзім жетеді. Біз комиссияда былай деп ойладық: біз бұл съезде осы кішкентай зал үшін сөз сөйлемейміз, бүкіл Россия үшін сөйлейміз, ал Россия біздің съездің шешімдерін оқып қана қоймайды, сонымен қатар партияның деревнядағы жұмысқа қаншалықты назар аударатынын да білгісі келеді. Сондықтан жергілікті жерлерден келген жолдастардың сөзін тыңдау қажет. Егер сіздер бұған бір сағат немесе бір жарым сағат уақыттарыңызды жоғалтсаңыздар, бұдан деревнядағы жұмыс ақсамайды. Сондықтан мен сіздердің осы бір сағат немесе бір жарым сағат уақытты аямауларыңызды комиссияның атынан қатты өтінер едім. Күмән жоқ, бұл арадағы практиктердің айтатындары бізге көп нәрсе бере қоймайды, бірақ газет оқитын бүкіл Россия үшін біздің жұмысымыздың бұл бірнеше сағаты өте-мөте пайдалы болмақ.

9
ОРТА ШАРУАЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ҚАРАР

1919 жылы 22 мартта қабылданған партия программасына сүйене отырып және Совет өкіметі қабылдаған социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы заңды бүтіндей қолдай отырып, VIII съезд деревнядағы жұмыс туралы мәселе жөнінде былай деп есептейді: орта шаруалардың мұқтаждарына неғұрлым мұқият қарау, жергілікті өкімет орындары тарапынан болатын озбырлықтарды жою және орта шаруалармен келісуге тырысу мағынасында алғанда қазіргі уақытта партияның орта шаруалар жөнінде ұстаған бағытын неғұрлым дұрыс жүргізудің ерекше зор маңызы бар.

1) Орта шаруаларды кулактармен шатастыру, кулактарға қарсы бағытталған шараларды азды-көпті дәрежеде орта шаруаларға да қолдану — Совет өкіметінің барлық декреттерін, оның бүкіл саясатын нағыз өрескел бұзу болып табылатындығы былай тұрсын, сонымен қатар пролетариаттың буржуазияны құлату жолындағы үзілді-кесілді күресі дәуірінде қанаушылық атаулыны жоюға ауыртпалықсыз көшу шарттарының бірі — пролетариаттың орта шаруалармен келісуі екенін көрсеткен коммунизмнің барлық негізгі принциптерін бұзу болып саналады.

2) Росссияны былай қойғанда, тіпті алдыңғы қатардағы капиталистік елдерде де, ауыл шаруашылық техникасының өнеркәсіп техникасынан артта қалуы себепті, экономикалық тамырлары біршама мықты орта

шаруалар пролетарлық революция басталған соң едәуір ұзақ уақытқа дейін қалпында қалады. Сондықтан деревнядағы совет қызметкерлерінің тактикасы, сол сияқты партия қайраткерлерінің тактикасы да, орта шаруалармен ұзақ уақыт істес болуды көздеуге тиіс.

3) Өзгенің еңбегінен пайда келтірмейтін болғандықтан, орта шаруалардың қанаушыларға жатпайтындығы туралы ғылыми социализм әбден анықтаған ақиқатты деревнядағы барлық совет қызметкерлерінің мейлінше айқын және берік ұғынуына партия қайткен күнде де қол жеткізуге тиіс. Ұсақ өндірушілердің мұндай табы социализмнен еш нәрсе жоғалтпайды, қайта, мұның керісінше, қандай республикаларда болсын, тіпті ең демократиялық республикада да, оны мыңдаған әдістер арқылы қанайтын капиталдың езгісін құлатудан өтемөте көп ұтады.

Сөйтіп, Совет өкіметінің деревнядағы әбден дұрыс саясаты жеңімпаз пролетариаттың орта шаруалармен одақтасып, келісуін қамтамасыз етеді.

4) Орта шаруалардың қандай болса да серіктіктерін, сонымен қатар ауыл шаруашылық коммуналарын да көтермелей отырып, Совет өкілдері оларды құрған кезде титтей де болсын күштеуге жол бермеулері керек. Шаруалардың өздерінің еркін бастамаларымен құрылып, тиімділігін іс жүзінде олардың өздері тексерген бірлестіктер ғана құнды бола алады. Бұл істе тым асығыстық жасау зиянды, өйткені мұның өзі орта шаруалардың жаңалыққа қарсы теріс пікірлерін тек күшейте түседі.

Совет өкіметі өкілдерінің шаруаларды коммуналарға кіргізу жөнінде тікелей күштегендері былай тұрсын, жанама түрде күштегендері де аса қатаң жауапқа тартылып, деревнядағы жұмыстан босатылуға тиіс.

5) Өз бетімен, яғни орталық өкімет заңдарының дәлме-дәл нұсқауларына сүйенбеген реквизициялар аяусыз қуғынға салынуы тиіс. Съезд бұл жөнінде Егіншілік халық комиссариатының, Ішкі істер халық комиссариатының, сондай-ақ Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бақылау жасауын күшейтуді талап етеді.

6) Капиталистердің тонаушылық мүдделеріне бола жүргізілген төрт жылдық империалистік соғыс дүние жүзінің барлық елдерінде туғызып отырған адам айтқысыз күйзеліс және әсіресе Россияда қатты асқынған күйзеліс қазіргі уақытта орта шаруаларды қиын жағдайға қойып отыр.

Осыны ескере келіп, Совет өкіметінің төтенше салық туралы заңы, дүние жүзіндегі барлық буржуазиялық үкіметтердің барлық заңдарынан өзгеше, салықтың ауыр салмағы бүтіндей кулактардың мойнына түсуін, соғыс кезінде байлыққа ерекше кенелген қанаушы шаруалардың азғантай өкілдерінің мойнына түсуін талап етеді. Ал орта шаруаларға мөлшерлеп қана, күші жетерліктей және оларға ауырлық түсірмейтіндей мөлшерде ғана салық салынуға тиіс.

Партия орта шаруаларға төтенше салық салу ісін қайткен күнде де жеңілдетуді, тіпті салықтың жалпы көлемін кемітуден де тайынбай жеңілдетуді талап етеді.

7) Социалистік мемлекет шаруаларға мейлінше кең түрде көмектесуге тиіс, бұл көмек, ең алдымен, ауыл шаруашылық мәдениетін арттыру үшін және шаруалардың еңбегі мен тұрмысын оңдау үшін орта шаруаларды қалалық өнеркәсіп өнімдерімен және әсіресе жақсартылған ауыл шаруашылық құралдарымен, тұқыммен және әр түрлі материалдармен жабдықтау түрінде болуға тиіс.

Егер қазіргі күйзеліс бұл шараларды дереу және толық жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін болса, онда жергілікті совет өкіметі орындарының міндеті: кедей шаруалар мен орта шаруаларға әр алуан нақтылы көмек көрсетудің, қазіргі қиын кезеңде оларға жәрдем боларлықтай көмек көрсетудің барлық мүмкін жолдарын іздеп табу болуға тиіс. Партия бұл үшін көп мөлшерде мемлекеттік қор бөлуді қажет деп табады.

8) Әсіресе Совет өкіметінің совет шаруашылықтарынан, ауыл шаруашылық коммуналарынан және соларға ұқсас барлық бірлестіктерден төңіректегі орта шаруаларға дереу және жан-жақты көмек көрсетуді

талап ететін заңының шын мағынасында және толық жүзеге асырылуын қамтамасыз ету керек. Тек осындай, іс жүзінде көрсетілетін көмектің негізінде ғана орта шаруалармен келісімге келуге болады. Тек осылай етгенде ғана оның сенімін де болуға болады және ие болуға тиістімін.

Съезд барлық партия қызметкерлерінің назарын партия программасының аграрлық бөлімінде көрсетілген талаптардың бәрін дереу нақтылы жүзеге асыру қажеттігіне аударады; атап айтқанда, ол талаптар мынадай:

а) шаруалардың жерді пайдалануын тәртіпке салу (аралас танаптылықты, ұзын алқапты жерді және сондайларды жою), б) шаруаларды жақсартылған тұқыммен және жасанды тыңайтқыштармен жабдықтау, в) шаруа малдарының тұқымын жақсарту, г) агрономиялық білімдерді тарату, д) шаруаларға агрономиялық көмек көрсету, е) совет жөндеу шеберханаларында шаруалардың ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеу, ж) прокат пункттерін, тәжірибе станцияларын, үлгілі егіс алаңдарын, т. с. құру, з) шаруа жерлерін мелиорациялау.

9) Ауыл шаруашылық өндірісін өрге бастыру мақсатымен, әсіресе ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу, шаруа жерлерін мелиорациялау, майдагерлік өнеркәсіпті қолдау, т. т. мақсатымен құрылған шаруалардың кооперативтік бірлестіктері мемлекет тарапынан финанс жағынан да, ұйымдастыру жағынан да кең көлемде көмек алуға тиіс.

10) Партияның қаулыларында да, Совет өкіметінің декреттерінде де орта шаруалармен келісімге келу жолынан таюшылықтың еш уақытта да болмағандығын съезд еске салады. Мәселен, деревнядағы Совет өкіметінің құрылысы туралы өте маңызды мәселеде, кедейлер комитеттері құрылған кезде, Халық Комиссарлары Советі председателінің және азық-түлік халық комиссарының қолы қойылып нұсқау хат жарияланды, бұл нұсқау хатта кедейлер комитеттеріне орта шаруалардың өкілдерін де енгізу қажеттігі көрсетілді. Кедейлер комитет-

1*

тері таратылған кезде Советтердің Бүкіл россиялық съезі болыстық Советтерге орта шаруалардың өкілдерін енгізу қажет екендігін тағы да көрсетті. Жұмысшы-шаруа үкіметінің және коммунистік партияның саясаты келешекте де пролетариат пен кедей шаруалардың орта шаруалармен осындай келісуі рухында жүргізілуге тиіс.

10

СЪЕЗДІ ЖАБАРДА 23 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, күн тәртібіндегі мәселелеріміз бітті. Енді съезд жұмысының аяқталуына байланысты менің бірер сөз айтуыма рұқсат етіңіздер.

Жолдастар! Біздің ауыр сәтте жиналуымызға тура келді, бұл сәттің ауыр болуы өзіміздің ең жақсы ұйымдастырушымыз және практикалық басшымыз Яков Михайлович Свердловтан айрылғанымыздан ғана емес. Біздің ерекше ауыр сәтте жиналуымызға тура келіп отырған себебі, халықаралық империализм,—қазір бұл жөнінде ешқандай күмән жоқ,— Совет республикасын басып-жаныштауға соңғы рет, ерекше күшті әрекет жасап отыр. Толып жатқан ақ гвардиялық көтерілістермен бір мезгілде, әлденеше жерде темір жолдарды бұзу әрекеттерімен бір мезгілде батыс пен шығыстан күшті шабуыл жасау,— міне, осының бәрі мейлінше анық ойластырылған және Келісу империалистерінің анығында Парижде шешкен қадамы екендігі біз үшін күмәнсыз. Жолдастар, төрт жылдық империалистік соғысты басынан кешірген Россияның империалист-жыртқыштарға қарсы Совет республикасын қорғап қалу үшін қандай қиыншылықтармен қолға қайтадан қару алуға тиіс болғандығын біз бәріміз білеміз. Бұл соғыстың қаншалық ауыр екендігін, оның бізді қаншалықты титықтататынын біз бәріміз білеміз. Бірақ сонымен қатар біз мынаны да білеміз: егер бұл соғыс еселенген жігермен, еселенген ерлікпен жүргізіліп отырған болса, онда мұның бір ғана себебі—өзінің не үшін соғысатындығын білетін

армия, қарулы күш дүние жүзінде бірінші рет құрылып отыр және адам айтқысыз ауыр құрбандықтарға ұшырап жатқан жұмысшылар мен шаруалар өздерінің Советтік социалистік республиканы, еңбекшілердің капиталистерге үстемдік жүргізуін қорғап отырғандығын, бүкіл дүние жүзілік пролетарлық социалистік революцияның ісін қорғап отырғандығын дүние жүзінде бірінші рет анық түсініп отыр.

Осындай қиын жағдайларда біз қысқа мерзімнің ішінде орасан зор істі атқара алдық. Біз, съездің барлық маңызды шешімдерін бекіткендегіміз сияқты,—программаны да бекіте алдық, оның бер жағында бірауыздан бекіте алдық. Көптеген редакциялық кемшіліктеріне және басқа олқылықтарына қарамастан, бұл программаның пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік азаттық қозғалысының жаңа кезеңінің қорытындыларын шығарған программа ретінде III Интернационал тарихына қазірдің өзінде-ақ кіріп отырғандығына біз сенімдіміз. Біздің одақтастарымыз бен достарымыз өзіміздің білетінімізден гөрі анағұрлым көп болып отырған бірсыпыра елдерде біздің программаны аударудың өзі—бүкіл дүние жүзілік пролетариат отрядтарының бірі болып табылатын Россия коммунистік партиясы не істеді деген сұраққа берілетін ең жақсы жауап болатындығына біз сенімдіміз. Біздің программа насихат пен үгіт үшін ең күшті материал болмақ, жұмысшылардың: «Мұнда біздің жолдастарымыз, біздің бауырларымыз бар, мұнда біздің ортақ ісіміз істеліп жатыр» деуіне негіз боларлық документ болмақ.

Жолдастар, сонымен қатар біз бұл съезде басқа да өте маңызды шешімдер қабылдай алдық. Біз осында, Москвада негізі қаланған III, Коммунистік Интернационалдың құрылуын мақұлдадық. Біз әскери мәселе жөнінде бірауызды шешімге келдік. Әуелде алауыздықтар қанша зор болып көрінсе де, біздің әскери саясатымыздың кемшіліктері туралы көп жолдастардың осы жерде ашықтан-ашық айтқан пікірлері қаншалықты әр қилы болса да,—комиссияда біз мейлінше бірауызды шешімге оп-оңай келдік, сондықтан біз бұл съезден тарағанда, біздің ең басты қорғаушымыз, Қызыл Армия,—

бұл үшін бүкіл еліміз қисапсыз құрбандықтарға барып отыр,—міне, бұл армия съездің барлық мүшелерінен, партияның барлық мүшелерінен өзіне ең жігерлі, қалтқысыз берілген коммунистер, басшылар, достар және қызметкерлер табады деген сеніммен тараймыз.

Жолдастар, ұйымдастыру мәселесі жөнінде алдымызда тұрған проблемаларды біздің осынша оңай шеше алған себебімізді партияның Советтерге көзқарасының тарихы осы шешімдердің бәрін көрсетіп берді. Бізге тек қорытынды жасауға ғана тура келді. Съездің деревнядағы жұмыс туралы мәселе жөнінде бірауыздан және ілезде қабылдаған шешімі арқылы біз айрықша керек және айрықша қиын мәселеде, басқа елдерде тіпті шешілмейді деп есептелетін мәселеде,—буржуазияны құлатқан пролетариаттың көп миллиондаған орта шаруаларға көзқарасы туралы мәселеде бағыт белгілеп алдық. Съездің бұл қарарының өкіметімізді нығайтатындығына біз бәріміз де сенімдіміз. Біз басымыздан кешіріп отырған ауыр кезеңде, империалистер Совет өкіметін күшпен құлатуға ақырғы рет әрекет жасап отырған кезеңде, азық-түлік тапшылығының күшейе түсуі, транспорттың бүлінуі жүздеген, мыңдаған және миллиондаған адамдарды қайта-қайта адам айтқысыз ауыр жағдайға душар етіп отырған кезеңде,—міне осындай ауыр кезеңде өзіміз шығарған қарардың, съезд мүшелерін жігерлендірген рухтың бұл тауқыметке төзуге көмектесетіндігіне, осы бір қысылтаяң жартыжылдықтан шығуға көмектесетіндігіне біз сенімдіміз.

Мұның өзі ең соңғы қысылтаяң жартыжылдық болатындығына біз сенімдіміз. Күні кеше біз съезге айтқан хабар — Венгрияда пролетарлық революцияның жеңгендігі туралы хабар біздің бұл сенімімізді барынша нығайта түседі. Егер осы уақытқа дейін Совет өкіметі елдің ішінде ғана, бұрынғы Россия империясының құрамына кірген халықтардың арасында ғана жеңген болса, егер осы уақытқа дейін алдын болжай алмайтын адамдар, әсіресе кертартпалықтан, ескі ой-пікір әдеттерінен (тіпті олар социалистер лагеріне жататын болса да) оңайлықпен қол үзе алмайтын адамдар—пролетарлық совет демократиясына жасалған бұл шұғыл бетбұрысты

Россияның ерекшеліктері ғана туғызды деп, бұл демократияның өзгешеліктерінен патшалық Россияның ескі өзгешеліктері қисық айнадан көрінгендей көрінуі мүмкін деп ойлаған болса,—егер мұндай пікір әлі де сақталып келген болса, онда мұндай пікір қазір түп-тамырымен күйреп отыр. Жолдастар, бүгін алынған хабарлар бізге венгр революциясының сипатын суреттейді. Бүгінгі хабарлардан біз мынаны білдік: одақтас державалар Венгрияға әскерлер өткізу туралы барып тұрған айуандық ультиматум тапсырған көрінеді. Буржуазиялық үкімет одақтас державалардың өз әскерлерін Венгрия арқылы өткізгісі келетіндігін сезіп, Венгрияға жаңа соғыстың адам айтқысыз ауыртпалығы тағы да түсетіндігін түсінген соң, буржуазиялық келісімпаз үкіметтің өзі отставкаға шығыпты, оның өзі коммунистермен, түрмелерде отырған венгр жолдастармен келіс сөз жүргізіпті, сөйтіп өкіметті еңбекші халыққа беруден басқа жол жоқ екендігін мойындапты. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар! Егер бізді басқыншылар деп келген болса, егер 1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың басында буржуазия мен оның көптеген жақтастары біздің революция туралы—«зорлық», «басып алу» дегеннен басқа сөздер айтпаған болса, егер большевиктік өкімет күштеу арқылы өмір сүріп отыр деген дауыстар осы уақытқа дейін естіліп келген болса,—ал біз мұндай дауыстардың мүлде мағынасыз екендігін талай рет дәлелдедік те,—егер мұндай мағынасыздықты бұдан бұрын қайталай беру мүмкін болса,—енді Венгрияның мысалы мұндай сөздерді тоқтатуға мәжбүр етеді. Советтер өкіметінен басқа өкіметтің болуы мүмкін еместігін тіпті буржуазия да көріп отыр. Елдің апатқа ұшырайтындығын, ауыр сындардың барған сайын халықтың мойнына түсіп отырғандығын неғұрлым мәдениетті елдің буржуазиясы, 25 октябрьдің қарсаңындағы біздің буржуазиядан гөрі анығырақ көрді,—демек, өкімет Советтердің қолында болуға тиіс, демек, Венгрияның жұмысшылары мен шаруалары, советтік пролетарлық жаңа демократия оны аман алып қалуға тиіс.

Жолдастар, венгр революциясының қиыншылықтары орасан зор. Россияға қарағанда бұл кішкентай елді империалистер оп-оңай тұншықтыра алуы мүмкін. Бірақ Венгрияның алдында әлі де сөзсіз тұрған қиыншылықтар қандай болғанымен де, біз мұнда Совет өкіметінің жеңуімен қатар, біздің *моральдық жеңісімізді* де көріп отырмыз. Нағыз радикал, анағұрлым демократиялық, келісімпаз буржуазия орасан зор дағдарыс тұсында, соғыс титықтатқан елге жаңа соғыс қаупі төнген кезде, Совет өкіметінің тарихи қажеттілігін мойындады, мұндай елде Советтер өкіметінен басқа, пролетариат диктатурасынан басқа өкімет болуы мүмкін еместігін мойындады.

Жолдастар, біз Россияны азат ету жолында өзінің өмірін құрбан еткен көптеген революционерлерге арқа сүйейміз. Бұл революцияшыл қайраткерлердің көпшілігінің тағдыры өте ауыр болды. Оларды патша өкіметі қуғындады, олар жеңімпаз революцияға қатысу бақытына ие бола алмады. Ал бізге онан да артық бақытқа ие болу үлесі тиді. Біз өз революциямыздың жеңісін көріп қана қойғанымыз жоқ, біз ол революцияның адам айтқысыз қиыншылықтармен қалай нығайғанын және оның бізге бүкіл дүние жүзінің ықыласын аудартқан өкіметтің жаңа формаларын қалай жасағандығын көріп қана қойғанымыз жоқ, сонымен қатар біз орыс революциясы сепкен тұқымның Европада да қалай өніп шыққанын көріп отырмыз. Бізге әлі де болса кездесуі мүмкін сын қаншалықты ауыр болса да, жан тәсілім еткелі жатқан халықаралық империалистік жыртқыштың бізге әлі де болса келтіруі мүмкін кесапаттары қаншалықты орасан зор болатын болса да,—мұның өзі бұл жыртқыштың өліп, социализмнің бүкіл дүние жүзінде жеңетіндігіне бізді кәміл, қалтқысыз сендіреді. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Россия коммунистік партиясының VIII съезін жабық деп жариялаймын.

ВЕНГР СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІН РАДИО АРҚЫЛЫ ҚҰТТЫҚТАУ

Бұл Ленин. Венгр Совет республикасының пролетарлық үкіметіне және әсіресе Бела Кун жолдасқа шын жүректен сәлем жолдаймын. Сіздің сәлеміңізді мен Россия коммунистік большевиктер партиясының съезіне жеткіздім. Орасан зор жігер туғызды. III, Коммунистік Интернационалдың Москва конгресінің шешімдерін, сонымен қатар соғыс жағдайы туралы хабарды біз сіздерге мүмкіндігінше тез жібереміз. Будапешт пен Москваның арасында радио арқылы ұдайы хабарласып тұру сөзсіз қажет.

Коммунистік сәлем жолдап, қолдарыңды қысушы

Ленин

1919 ж. 22 мартта жазылған
1919 ж. 23 мартта венгр тілінде
«Népszava» газетінің
70-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1927 ж.
«Пролетарская Революция»
журналының 5-номерінде
басылған

Газеттің тексті бойынша
басылып отыр
Венгр тілінен аударма

БЕЛА КУНГЕ РАДИОТЕЛЕГРАММА

Ленин Бела Кунге, Будапештке

Мынаны хабарлауыңызды өтінемін: жаңа венгр үкіметінің, шынында да, тек жай социалистік, яғни социал-сатқындық үкімет болмай, коммунистік үкімет болатындығына Сіздің қандай нақты кепілдігіңіз бар?

Үкіметте коммунистер көпшілік пе? Советтер съезі қашан болмақ? Социалистердің пролетариат диктатурасын мойындауы іс жүзінде неде деуге болар еді?

Венгр революциясының өзіндік ерекше жағдайлары болып отырғанда біздің орыс тактикасына барлық жағынан бет алды еліктеудің қате болатындығы мүлде күмәнсыз. Мен осындай қатеден сақтандыруға тиіспін, бірақ мен шын кепілдікті Сіздің неде деп табатыныңызды білгім келер еді.

Маған Сіздің нақ өзіңіздің жауап бергеніңізді дәл білу үшін мынаны хабарлауыңызды өтінемін: Сіз соңғы рет Кремльде менде болғаныңызда мен Сізбен Ұлттық жиналыс туралы қай мағынада сөйлескен едім.

Коммунистік сәлеммен

Ленин

1919 ж. 23 мартта неміс тілінде жазылған
Бірінші рет 1932 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXIV том

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

МАМАННЫҢ АШЫҚ ХАТЫНА ЖАУАП

Мен бүгін мынадай хат алдым:

««Маманның» Ленин жолдасқа ашық хаты

Сіздің мамандар туралы баяндамаңызды «Известиядан» оқып шықтым да, өзімнің ашу-ызамды баса алмай отырмын. Егер өз бойында өзін өзі сыйлаудың ең болмағанда жұрнағы қалған болса, бірде бір адал маманның Сіз қамтамасыз етем деген қара басының жайлы тұрмысына бола жұмыс істеуге бара алмайтындығын Сіз неліктен түсінбейсіз? Сіз айналаңыздағы өмірді көрмейтіндей болып, Кремльде оқшауланып қалғаныңыз ба; орыс мамандарының ішінде, рас, үкіметтік коммунистер болмағанымен, өзінің мамандық білімін капиталистердің қолынан алмай және капиталдың мақсаттары үшін алмай, барынша күш салу арқылы, бұрынғы құрылыстың студенттік және академиялық тұрмысының адам айтқысыз ауыр жағдайларымен қайсарлылықпен күресу арқылы алған нағыз еңбеккерлер бар екендігін қалай көрмедіңіз. Бұл жағдайлар коммунистік өкімет тұсында (мен үшін бұл коммунистік құрылыс туралы ұғымға сай келмейді) олар үшін жақсарған жоқ. Осы, нағыз барып тұрған пролетарларға, тіпті әр қилы таптардан шыққан, саналы өмірінің алғашқы сәттерінен бастап еңбекші бауырына ойымен де, сөзімен де, ісімен де қызмет еткен пролетарларға — ант атқан «интеллигенттік» бір үйіндіге апарып сіз төге салған осы пролетарларға провинцияда көбінесе «жергілікті өкімет орындарының» едәуір бөлегі болып отырған бұрынғы городовойлардан, урядниктерден, ұсақ чиновниктерден, дүкеншілерден шыққан санасыз тосын коммунистер айдалып салынды, сондықтан әлгілердің бастан кешірген сұмдық қорлығы мен азабының бәрін суреттеу қиын. Қисынсыз құпия хабарлар мен айыптаулар ұдайы болып тұрады, нәтижесіз болғанымен кісіні қатты қорлайтын тінтулер, атып өлтіремін, реквизициялаймын, конфискелеймін деп қорқытулар, адамның жеке өмірінің сыр ашпайтын жақтарына қол сұғушылық (мен сабақ беріп жүрген оқу орнында пәтерге орналасқан отряд бастығы менің өз әйеліммен міндетті түрде бір төсекте жатуымды талап етті ғой) болып отырады. Жоғары мектептің көптеген мамандарының ең соңғы уақытқа дейін міне осындай жағдайда жұмыс істеуіне тура келді. Солай бола тұрса да, осы «ұсақ буржуалар» өз қызметтерін тастап кеткен жоқ, өздерінің мойнына алған моральдық

міндетін, мәдениет пен білімді, қандай құрбандық арқылы болса да, басшылардың азғыруы бойынша өздерін қорлаған және балағаттаған адамдар үшін сақтау міндетін қастерлеп орындады. Өзінің жеке басының бақытсыздыққа және қасіретке ұшырауын жаңа жақсы омірді құру мәселесімен шатастырмау керек екендігін олар түсінді, ал мұның өзі олардың төзіп, жұмыс істеуіне көмектесті және қазір де көмектесіп отыр.

Бірақ мынаған сеніңіз: олар болашақ социалистік және коммунистік құрылысқа жетуді сізден және сіздің шәкірттеріңізден басқаша ойлайтын болғандықтан ғана сіз оларды буржуалар, контрреволюционерлер, саботажшылар және сондайлар деп бет алды атаған адамдардың арасынан сіз өзіңіз арман еткен бағаға бірде-бір адамды сатып ала алмайсыз. Ал егер жан сауғалап сізге бара қалған «мамандар» болса, олар елге пайда келтірмейді. Маман машина емес, оны әншейін бұрап жіберіп, іске қоса салуға болмайды. Шабытсыз, іште жалын болмайынша, творчестволық құштарлықсыз бірде-бір маман, оған қаншама жоғары ақы төлегенімен де, еш нәрсе бермейді. Бақылау қойылатын, 1919 жылы пайда болған коммунистердің ішінен шыққан комиссардың күзетіндегі басшы ретінде емес, ал білгір басшы ретінде өзін сыйлайтын қызметкер-жолдастарының арасында жұмыс істейтін, жасампаз ерікті маман ғана бәрін бере алады.

Егер сіз өзіңізде тек ақы үшін баратын «мамандар» болмасын десеңіз, егер сіз, өздеріңізбен көп мәселелер жөнінде принципінде келіспейтіндігіне қарамастан, сіздің тактикаңыз өздерін көп ретте жәбірленушілік жағдайына қоятындығына қарамастан, көптеген совет мекемелерінің, кейде нағыз өміршең бастамаларды құртатын мекемелердің қисапсыз бюрократиялық былығына қарамастан кейбір жерлерде қазірдің өзінде қорыққаннан емес, ар ұяты үшін сіздермен бірге жұмыс істеп жүрген мамандарға жаңадан адал еріктілер қосылсын десеңіз,— егер сіз осыны тілесеңіз, онда, ең алдымен, өз партияңызды, өзіңіздің үкіметтік мекемелеріңізді арсыз Mitläufer*-лерден тазартыңыз, коммунизмнің туын жамылып, не өзінің оңбағандығынан халық игілігін талан-таражға салатын, не ақымақтығынан өзінің сорақы іріткі салушылық әрекеттері арқылы халық өмірінің тамырына балта шабатын жәбірлерді, авантюристерді, итаршылар мен бандиттерді мықтап қолға алыңыз.

Егер сіз мамандарды «пайдаланғыңыз» келсе, онда оларды сатып алмаңыз, қайта оларды өзіңізге белгілі уақытқа дейін керекті жанды және жансыз құрал-сайман ретінде емес, адам ретінде сыйлауға үйреніңіз.

М. Дукельский

Воронеж ауыл шаруашылық институтының профессоры. Бұлғары өнеркәсібі мемлекеттік кәсіпорындарының Орталық басқармасының председателі».

---

* [illegible]лерден. *Ред.*

Ашулы хат және, сірә, шын ниетпен жазылған хат болса керек. Бұл хатқа жауап бергім келеді.

Меніңше, солай бола тұрса да, авторды оның жеке басының ашуы жеңіп кеткен, осы ашу оқиғаларды бұқаралық тұрғыдан және олардың шын сабақтастығы тұрғысынан талқылау қабілетін жойып жіберген.

Автордың ойынша, біз, коммунистер, мамандарды әр түрлі жаман сөздермен «даттап», оларды сыртқа тепкен сияқтымыз.

Іс олай болған жоқ.

Жұмысшылар мен шаруалар буржуазияны және буржуазиялық парламентаризмді құлатып, Совет өкіметін орнатты. Қазір мұның өзі большевиктердің «авантюрасы» емес және «есаландығы» емес, қайта, бүкіл дүние жүзілік-тарихи екі заманның: буржуазия заманы мен социализм заманының, капиталистердің парламентаризм заманы мен пролетариаттың советтік мемлекеттік мекемелері заманының бүкіл дүние жүзілік алмасуының бастамасы екенін көрмеу қиын. Егер бұдан бір жылдан аса уақыт бұрын интеллигенттердің көпшілігі мұны көргісі келмеген болса (біразы көре алмады), онда бұған біз кінәлымыз ба?

Саботажды интеллигенция мен чиновниктер бастады, бұлардың көпшілігі буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық адамдар еді. Бұл сөздерде таптық мінездеме, тарихи баға бар, мұның дұрыс не теріс болуы мүмкін, бірақ мұны балағаттайтын сөз немесе тілдеу деуге әсте болмайды. Интеллигенцияның саботаж жасағандығына жұмысшылар мен шаруалардың ызалануы сөзсіз нәрсе, сондықтан егер біреуді «кінәлау» керек болса, онда тек буржуазияны ғана және оның ерікті не еріксіз көмекшілерін ғана кінәлауға болады.

Егер біз «интеллигенцияға» «айдап салған» болсақ, онда бізді бұл үшін дарға асу керек еді. Бірақ біз халықты интеллигенцияға айдап салмағанымыз былай тұрсын, қайта, партияның атынан және өкіметтің атынан интеллигенцияға жұмыстың жақсы жағдайларын туғызу қажеттігін уағыздадық. Мен мұны 1918 жылдың апрелінен бастап істедім, тіпті бұдан да ерте болуы мүмкін. Автордың «Известияның» қай номеріне сүйеніп

отырғанын білмеймін, алайда саясатпен айналысып әдеттенген, яғни құбылыстарды адамның жеке басының тұрғысынан қарамай, бұқаралық тұрғыдан қарауға әдеттенген адамға неғұрлым жоғары жалақыны жақтау—сөзсіз ұнамсыз немесе жалпы алғанда «сатып алуды» көздерген жаман ниет болып табылады-мыс дегенді есту мейлінше таңқаларлық нәрсе. Құрметті автор менің мұнымды кешірер, бірақ, құдай біледі-ау, мұның өзі «қылымсыған бикештің» әдеби типін есіме түсірді.

Айталық, ерекше, әдейі бөлектеп алынған адамдардың бір тобына, яғни бұрын жалпы әлеуметтік себептерге байланысты неғұрлым жоғары жалақы алмаған және ала алмайтын топқа жоғары жалақы төлеу туралы сөз болды дейік. Міне сонда үкіметтің бұл топты «сатып алу» мақсаты болды деп ойлауға болар еді. Бірақ *бір уақытта* жақсы жалақы алып келген жүз мыңдаған, егер миллиондаған болмаса, адамдар туралы әңгіме болып отырғанда, онда барлық нәрсеге жабыса беретін былыққан ашу жетегіне берілмейінше, белгілі уақытқа төмендетілген, бірақ солай бола тұрса да орта жалақыға қарағанда анағұрлым жоғары жалақыны сақтау қажеттігі туралы пікірді қорғауда қайдағы бір арам ниет немесе «оноо» сияқты бір нәрсе бар деп қалайша қарауға болады?

Ол ол ма, мұның өзі жалпы алғанда еш нәрсемен үйлеспейді. Оқу орнын пәтер еткен отряд бастығының профессордан оның өз әйелімен міндетті түрде бір төсекте жатуын талап еткендігі жөніндегі оқиғаны кереметтей өкпе ретінде, қорлайтын сөз ретінде айтамын деп, автор өзін өзі жығып беріп отыр.

Біріншіден, интеллигент адамдардың ерлі-зайыпты екеуіне жеке-жеке екі төсек ұстағысы келуі—заңды тілек болатын болса (ал мұның өзі, күмән жоқ, заңды тілек), онда бұл тілекті орындау үшін орта жалақыдан гөрі неғұрлым жоғары жалақының болуы қажет. Россия азаматына «орта есеппен» еш уақытта да бір-бір төсектен келмегендігін хаттың авторы білмеуі мүмкін емес!

Екіншіден. *Осы* жағдайда отряд бастығының істегені теріс пе? Егер дөрекілік, балағаттау, қорлау ниеті және

сондайлар болмаған болса (мұндай нәрсенің болуы *мүмкін,* онда мұны жазалау керек), егер, қайталап айтамын, бұл *болмаған болса,* онда, меніңше, *оның істегені дұрыс.* Солдаттар шаршап-шалдыққан, айлар бойы төсекті де, сірә, жалпы жөндеп түнеп жатуды да білмеген. Солдаттар адам айтқысыз қиыншылықтарда, адам төзіп болмайтын жағдайларда социалистік республиканы қорғап жүр, ендеше азды-кем уақыт демалуға олардың өздеріне бір төсекті алуына правосы болмағаны ма? Жоқ, солдаттар және оның бастығы дұрыс істеген.

Интеллигенттер тұрмысының жалпы жағдайы бірден орта дәрежеге дейін төмендеуіне біз қарсымыз—демек, біз олардың жалақыларының орта мөлшерге дейін төмендеуіне қарсымыз. Бірақ соғыс нені болса да өзіне бағындырады, сондықтан солдаттарға демалғызу үшін интеллигенттер аздап сығылысуға тиіс. Бұл кісіні қорлайтын талап емес, қайта әділ талап.

Автор интеллигенттерге жолдастық көзқарас болуын талап етеді. Бұл дұрыс. Мұны біз де талап етеміз. Біздің партияның программасында нақ осындай талап анық, тікелей, дәл қойылған. Егер, екінші жағынан, партияда жоқ интеллигенттердің немесе большевиктерге партиялық жағынан өш интеллигенттердің топтары өздерінің жақтастарына өз талаптарын нақ осындай айқын қоятын болса: азап шеккен солдаттарға, ғасырлар бойғы қанаудан ашынған, шаршап-шалдыққан жұмысшыларға жолдастық көзбен қараңдар дейтін болса, онда дене еңбегі мен ой еңбегі қызметкерлерінің жақындасу ісі қарыштап алға басады.

Автор бізден өз партиямызды және өзіміздің үкіметтік мекемелерімізді «арсыз кездейсоқ жолбикелерден, жебірлерден, авантюристерден, итаршылардан, бандиттерден тазартуды» талап етеді.

Бұл дұрыс талап. Біз бұл талапты әлдеқашан қойдық және жүзеге асырып келеміз. Партиямызға «жаңадан келгендерге» біз ерік бере бермейміз. Съезд тіпті ерекше түрде қайта тіркеу[56] ісін белгіледі. Қолға түскен бандиттерді, жебірлерді, авантюристерді біз атып жатырмыз және ататын боламыз. Бірақ тазалау толық әрі тезірек жүруі үшін партияда жоқ адал интеллигенция-

ның бұл жөнінде бізге көмектесуі керек. Интеллигенция бір-біріне таныс адамдардан топ құрып, олардың атынан совет мекемелерінде адал жұмыс істеуге шақырып, ашық хаттағы айтылған сөздерді қолдансақ, «еңбекші бауырға қызмет етуге» шақыратын болса, онда жаңа қоғамдық укладтың толғақ азабы едәуір кеміді және жеңілдейді.

Н. Ленин

27 март, 1919 ж.

«Правда» № 67, 28 март, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

М. И. КАЛИНИННІҢ КАНДИДАТУРАСЫН БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҰСЫНУ ТУРАЛЫ

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ЖЫІ МӘЖІЛІСІНДЕ 1919 ж. 30 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Яков Михайлович Свердлов жолдастың орнын басатын лайықты адам табу—өте-мөте қиын міндет, өйткені бір адамның әрі жауапты партия қызметкері, оның үстіне партия тарихын білетін қызметкер болуы, сонымен қатар адамдарды жақсы білетін және оларды жауапты совет қызметтеріне таңдап ала білетін адам болуы,—мүмкін емес дерлік нәрсе. Свердлов жолдастың атқарған қызметтерінің барлығын бір жолдастың жалғыз өзі алып баруы,—кандидатураны талқылаған кезде партияда бұл жөнінде барлығының сөзі бір жерден шықты,—мүмкін емес болар еді, сондықтан да жеке қызмет салаларын басқару ісін бүтіндей бір коллегияларға, күн сайын жиналып отыратын және жеке салаларға басшылық ететін коллегияларға тапсыру қажет. Ал председательге келетін болсақ, онда бұл арада мәселені былайша қою керек: председатель партияның шаруалар жөніндегі бағытын белгілеп беріп отыруға тиіс.

Сіздер білесіздер, біздің орта шаруаларға көзқарасымыз, оның партия съезінде анықталғанындай, біздің жалпы саясатымыздың өзгергендігі емес. Орта шаруаларға көзқарас жөніндегі міндеттерді бірінші міндет—буржуазияны жаныштау міндеті шешілгеннен кейін орындау қажет. Орта шаруаларға көзқарас жөніндегі мәселе, біздің Европадағы жолдастарымызда қойылуынан гөрі, бізде анағұрлым қатты қойылып отыр, сондықтан бізде былай істелуі қажет: Совет өкіметінің басшы-

сы болып орта шаруаларға көзқарас жөніндегі біздің қаулымыздың шын жүзеге асырылатындығын көрсете алатын жолдас отыруы керек.

Менің ойымша, басшы партияның орта шаруалар жөніндегі ұстаған бағытын жүргізуді бүтіндей өзінің міндеті етіп қоятын жолдасты табуға болады және табу керек. Қазіргі уақытта хабардар ету және хабарлап отыру міндеті ерекше қатты қойылып отырғанын біз білеміз. Транспорттың әлсіреп отырған кезінде, кейде тіпті жеке губерниялардың ғана емес, сонымен қатар тұтас бір облыстардың орталықпен байланысын мүлде нашарлататын азамат соғысы болып жатқан кезде,— міне мұндай жағдайларда хабардар ету және хабарлап отыру міндеті ерекше көңіл бөлуді талап ететіндігін біз білеміз.

Егер біз өмір тәжірибесі бар және орта шаруалардың тұрмысымен таныстығы бар жолдасты табатын болсақ, бұл міндетті шеше алатындығымызды біз білеміз, ал менің ойымша, сіздер бүгін газеттен оқыған кандидатура осы шарттардың барлығына сай келеді. Бұл—Калинин жолдастың кандидатурасы.

Бұл жолдас жиырма жылға жуық партия жұмысында болған; оның өзі Тверь губерниясының шаруасы, оның шаруа шаруашылығымен тығыз байланысы бар және бұл байланысты ұдайы жаңғыртып, жаңартып отырады. Оның еңбекші бұқараның қалың топтарымен тіл табыса білетіндігіне Петроград жұмысшыларының көзі жетті; еңбекші бұқараның қалың топтарының партиялық дайындығы жоқ кезде, насихатшылар мен үгітшілер оларға жолдастықпен және икемді түрде жанаса алмаған кезде, міне осындайда Калинин жолдас бұл міндетті шеше алды. Қазіргі уақытта осының бәрінің ерекше маңызы бар. Әрине, орта шаруалардың бәрі, оның ең жақсы элементтерінің бәрі бізге батыл көмек көрсетіп отыр, бұл көмек барлық қиыншылықтарды жеңіп шығады, бұл көмек деревня кулактарының деревня бұқарасының болмашы азшылығының олардың соңынан еруімен жасап отырған көтерілісін жояды. Ұсақ егіншілік еліндегі біздің басты міндетіміз — жұмысшылар мен орта шаруалардың мызғымас одағын қамтамасыз ету

екенін біз білеміз. Біздің жер жөніндегі шараларымыз— помещиктік жер иеленуді толық жою және орта шаруаларға батыл көмек көрсету,— міне, бұл шаралар қазірдің өзінде нәтижесін беріп отыр, сөйтіп осы шаралардың арқасында бір жылдың ішінде орта шаруалардың саны көбейді. Бірақ жергілікті жерлерде әкімгерлер ретінде өз міндеттеріне сай келмейтін адамдар көп пайдаланылып келеді.

Қиянат жасалған жағдайлар болды, бірақ бұған біз кінәлы емеспіз. Интеллигенцияны тарту үшін барлығын істегенімізді білеміз, бірақ біздерді саяси алауыздық бөліп отырды. Буржуазиялық парламентаризмнің заманы біткендігін, бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының тілектестігі Совет өкіметінің жағында екендігін, буржуазия, Германияда істеп отырғанындай, пролетариаттың көсемдерін қалай өлтірсе де,—Совет өкіметінің сөзсіз жеңетіндігін біз білеміз. Бүкіл тәжірибе интеллигенцияны біржолата біздің қатарымызға сөзсіз әкеліп қосады, сөйтіп біз материал алып, сол материал арқылы басқара алатын боламыз. Біз Совет өкіметіне өзінің бас пайдасын көздеп қана жабысып жүрген адамдарды кетіреміз, ал мұның өзі наразылықтың болу себептерінің бірі, мұны біз заңды деп мойындаудан қорықпаймыз. Осы кеселге қарсы күресуге біз барынша зор көңіл бөлуге тиіспіз. Барлық қызметкерлер өзінің жұмысында осы бағытты ұстасын деп біз партия съезінде берік шештік.

Социалистік егіншілікке келетін болсақ, біз былай деуге тиіспіз: біз мұны орта шаруалармен бірсыпыра жолдастық келісімдерге келу арқылы ғана шешіледі деп ойлаймыз. Біз мүмкіндігінше көбінесе орта шаруаларға сөз салуға тиіспіз.

Ал біз көбінесе революция дәуірінде жұмыс істеген және осы жұмысқа бүтіндей берілген жолдастардың орта шаруалармен ойдағыдай тіл табыса алмағандығын, мұны қатесіз істей алмағандығын білеміз; ал мұндай қателердің әрбіреуін жаулар іліп әкетіп отырды, мұндай қателердің әрбіреуі кейбір күдік те туғызды, орта шаруалардың бізге көзқарасы туралы мәселені қиындатты.

Міне, сондықтан бұл арада мен айтқан қасиеттерді өз бойына жинақтаған адамды табудың зор маңызы бар. Орта шаруалар бүкіл Совет республикасының жоғары өкілінің өз адамы екендігін көруі үшін, орта шарумен іскерлікпен тіл табысу керек екендігі туралы, біз өзіміздің әрбір қадамымызды өзіміздегі бар тәжірибенің тұрғысынан қарап, зерттеп, тексеріп отыруға дайын екендігіміз туралы өзіміздің партиялық шешіміміздің,—міне бұл шешімнің тек қағаз жүзінде ғана қалмауы үшін, біз оған өзіміздің ұйымдастыру тәжірибеміз арқылы көмектесуге тиіспіз.

Біз өз одақтастарымыздың саны өсіп келе жатқанын білеміз, біз таяудағы айлардың ішінде олардың саны талай есе көбейетіндігін де білеміз, ал әзірге бұл ауыртпалық біздің өте-мөте күйзелген, жұтаған еліміздің ғана мойнына түсіп отыр. Бұл орта шаруа үшін тым қиын еңбек. Онымен тіл табыса білу керек және өзіміздің қолымыздан келетіннің бәрін істеу керек, өзіміздің партия съезінің шешімдерін іс жүзіне асыруға біздің берік бел буғанымызды түсіндіріп, іс жүзінде көрсету керек.

Міне, сондықтан Калинин жолдас сияқты адамның кандидатурасы біздің бәрімізді біріктіруге тиіс секілді. Мұндай кандидатура Совет өкіметінің жоғары өкілінің орта шаруалармен бірсыпыра тікелей қарым-қатынастар жасауын практикалық жолмен ұйымдастыруымызға көмектеседі, біздің орта шаруалармен жақындасуымызға көмектеседі.

Бұл міндетті бірден шешуге болмайды, алайда өзіміздің қабылдауға тиісті шешіміміздің дұрыс екендігіне біз күмәнданбаймыз, бірақ біз бұл жөнінде практикалық тәжірибенің өзімізде аз екендігін білеміз. Совет республикасының жоғары өкілінің өзі бірінші болып, біздің жалпы көмегімізге сүйеніп, бұл тәжірибені ала бастасын, бүкіл жиған-терген білімімізді жинап, тексере бастасын, сонда біз бұл міндетті өзіміздің шеше алатынымызға сене аламыз, Россия пролетариат диктатурасы берік жүзеге асырылған және буржуазия аяусыз жаншталған—біздің бұған қазірдің өзінде-ақ қолымыз жетіп отыр—елдің үлгісі ғана болып қоймай, сонымен қатар қала жұмысшылары мен орта шаруалардың ара-

сындағы қарым-қатынастар жолдастық көмек пен жаңа тәжірибенің негізінде қанағаттанарлықтай дәрежеде шешіліп отырған елдің үлгісі болатындығына біз сене аламыз,—ал мұның өз пролетарлық революцияның толық жеңуінің басты кепілдіктерінің бірі.

Менің сіздерге бұл кандидатураны—Калинин жолдастың кандидатурасын ұсынып отырған себебім, міне, осы.

Қысқаша есеп 1 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 70-номерінде басылған

Бірінші рет 1932 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылымдарында толық басылған, XXIV том

Стенограмма бойынша басылып отыр

ГРАММОФОН ПЛАСТИНКАЛАРЫНА ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕР[57]

1919 ж. марттың аяғында сөйленген

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі Я. М. Свердлов жолдасты еске түсіру; III, Коммунистік Интернационал; Бела Кунмен радио арқылы сөйлесу жөнінде хабар; Қызыл Армияға үндеу; орта шаруалар туралы; еврейлерді ойран сала қуғындау туралы — 1924 жылдың февраль—мартында «Молодая гвардия» журналының 2—3-номерінде басылған; Совет өкіметі дегеніміз не — 1928 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 18-номерінде басылған; помещиктер мен капиталистердің езгісінен еңбекшілерді біржолата қалай құтқаруға болады — 1932 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXIV том

Граммофон пластинкаларының жазбасы бойынша басылып отыр

1

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ЯКОВ МИХАЙЛОВИЧ СВЕРДЛОВ ЖОЛДАСТЫ ЕСКЕ ТҮСІРУ

Свердлов жолдаспен күнбе-күн бірге жұмыс істеген адамдарға ерекше анық нәрсе сол—оның ерекше ұйымдастырушылық таланты біздің толық правомен мақтануымызға мүмкіндік берді. Ол ынтымақты түрде, тиімді түрде ұйымдасып жұмыс істеу мүмкіншілігін қамтамасыз етіп отырды, мұндай жұмыс ұйымдасқан пролетарлық бұқараға лайықты болған болар еді, мұндай жұмыссыз табысқа жету мүмкін болмас еді және де мұндай жұмыстың өзі пролетарлық революцияның талаптарына бүтіндей сәйкес келіп отырды. Яков Михайлович Свердлов жолдастың бейнесі революционердің өз ісіне берілгендігінің символы болып қана коймайды, практикалық байсалдылық пен практикалық іскерлікті, бұқарамен толық байланыстылықты бұқараға бағыт беру шеберлігімен біріктірудің үлгісі болып қана қоймайды, сонымен қатар пролетариаттың барған сайын погүрлым қалың бұқарасының коммунистік революцияның толық жеңісіне қарай одан әрі аяқ баса беретіндігінің кепілі де болып табылады.

2
III, КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛ

Үстіміздегі, 1919, жылы мартта Москвада коммунистердің халықаралық съезі болып өтті. Бұл съезд III, Коммунистік Интернационалдың — барлық елдерде Совет өкіметін орнатуға ұмтылатын Бүкіл дүние жүзі жұмысшылары одағының негізін қалады.

Маркс негізін қалаған Бірінші Интернационал 1864 жылдан 1872 жылға дейін өмір сүрді. Париждің қаһарман жұмысшыларының, атақты Париж Коммунасының жеңілуі—бұл Интернационалдың ақыры болды. Бұл Интернационал ұмытылмайды, жұмысшылардың өз бостандығы жолындағы күресі тарихында ол мәңгі жасайды. Ол қазір бақытымызға қарай біз орнатып жатқан бүкіл дүние жүзілік социалистік республиканың іргетасын қалады.

Екінші Интернационал соғысқа дейін, 1889 жылдан 1914 жылға дейін өмір сүрді. Бұл уақыт капитализмнің неғұрлым тыныш және бейбіт дамыған кезеңі болды, ұлы революцияларсыз өткен кезең болды. Бұл уақыттың ішінде бірсыпыра елдерде жұмысшы қозғалысы нығайып, есейді. Бірақ партиялардың көпшілігіндегі жұмысшы көсемдері бейбітшілік уақытқа дағдыланып, революциялық күреске деген қабілетінен айрылды. Төрт жыл бойы жер бетін қанға бояған соғыс, капиталистер арасында пайданы бөлісу үшін, азғантай және әлсіз халықтарға өктемдік жүргізу үшін болған соғыс 1914 жылы басталған кезде, бұл социалистер өз үкіметтерінің жағына шығып кетті. Олар жұмысшылар-

га опасыздық жасады, олар қырғынды соза түсуге көмектесті, олар социализмнің жауларына айналды, олар капиталистердің жағына шығып кетті.

Жұмысшы бұқарасы социализмнің бұл опасыздарынан теріс айналды. Бүкіл дүние жүзінде революциялық күреске бетбұрыс басталды. Соғыс капитализмнің мерт болғанын көрсетті. Оның орнына жаңа тәртіп келе жатыр. Социализм деген байырғы сөзді социализмнің опасыздары масқара етті.

Капитал езгісін құлату ісіне адалдықтан айнымаған жұмысшылар қазіргі күнде өздерін коммунистпіз деп атайды. Бүкіл дүние жүзінде коммунистер одағы өсіп келеді. Бірсыпыра елдерде қазірдің өзінде Совет өкіметі жеңіп отыр. Енді біраз уақыт өткеннен кейін біз бүкіл дүние жүзінде коммунизмнің жеңгендігін көреміз, Советтердің Бүкіл дүние жүзілік Федеративтік Республикасының құрылғандығын көреміз.

Қолжазбамен салыстырылған
граммофон пластинкасының
жазбасы бойынша басылып
отыр

3
БЕЛА КУНМЕН РАДИО АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСУ ЖӨНІНДЕ ХАБАР

Бела Кун жолдасты мен оның Россияда әскери тұтқын болып жүрген кезінен жақсы білетін едім, ол коммунизм туралы және коммунистік революция туралы тақырыптарда әңгімелесу үшін маған талай рет келген болатын. Сондықтан венгр коммунистік революциясы туралы хабар, оның бер жағында Бела Кун жолдас қол қойған хабар келген кезде, біздің онымен сөйлесіп, бұл революциядағы істің жайы қалай екендігін дәлірек анықтағымыз келді. Бұл революция туралы алғашқы хабарлар социалистер немесе социал-сатқындар деп аталатындардың тарапынан алдау болған жоқ па екен, олар коммунистерді, әсіресе коммунистер түрмеде отырғанда, орағытып кетпеді ме екен деп біраз қауіптенуге мәжбүр етті. Сөйтіп, венгр революциясы туралы бірінші хабардан кейін келесі күні мен Будапештке* радиотелеграмма жіберіп, Бела Кунның аппаратқа келуін сұрадым, сөйлеп тұрған адамның ол екенін тексеру үшін сұрақтар қойдым, одан үкіметтің сипаты жөнінде, оның шын саясаты жөнінде қандай нақтылы кепілдіктер бар деп сұрадым. Бела Кун жолдас әбден қанағаттанарлық жауап беріп, біздің күдіктерімiздің бәрін сейілтті. Бақсақ, солшыл социалистер түрмеде жатқан Бела Кунге үкімет құру үшін кеңесуге келген көрінеді. Сөйтіп, коммунистерге тілектес тек осы солшыл социалистер ғана және оның үстіне центрдің адамдары ғана

---

* Қараңыз: осы том, 239-бет. *Ред.*

жаңа үкімет құрыпты, ал оңшыл социалистер, социал-сатқындар, былайша айтқанда, келісімге келмейтіндер мен түзелмейтіндер, партиядан мүлде кетіп қалыпты, кеткенде жұмысшылардан ешкімді ерте алмай кетіпті. Бұдан соңғы хабарлар венгр үкіметі саясатының мейлінше берік және коммунистік бағытта екендігін көрсетті, егер біз жұмысшы бақылауынан бастаған болсақ және өнеркәсіпті социализациялауға тек біртіндеп қана көшсек, Бела Кун өзінің беделі арқылы, өзін қалың бұқараның қолдайтындығына сенуі арқылы Венгрияның капиталистік жолмен жүргізіліп келген өнеркәсіп орындарының барлығының қоғамдық меншікке көшуі туралы заңды бірден қабылдата алған. Екі күн өткен соң венгр революциясының бірден, ғажап тез коммунистік арнаға түскендігіне біздің әбден көзіміз жетті. Венгрия коммунистеріне өкіметті буржуазияның өзі тапсырды. Буржуазия ауыр дағдарыс басталған кезде, ұлтқа қауіп төнген кезде, өзінің ел басқара алмайтындығын бүкіл дүние жүзіне көрсетті. Оны шын халықтың, халық шын сүйетін бір ғана өкімет — жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің өкіметі ғана басқара алады.

Венгриядағы Совет өкіметі жасасын!

4

ҚЫЗЫЛ АРМИЯҒА ҮНДЕУ

Қызыл әскер жолдастар! Англия, Америка, Франция капиталистері Россияға қарсы соғыс жүргізіп жатыр. Олар Советтік жұмысшы және шаруа республикасынан оның помещиктер мен капиталистердің өкіметін құлатып, осы арқылы жер жүзінің барлық халықтарына үлгі көрсеткендігі үшін кек алмақшы. Англияның, Францияның және Американың капиталистері патша өкіметін, помещиктер өкіметін, капиталистер өкіметін қайта орнатпақшы болып, Совет өкіметіне қарсы Сибирьден, Доннан, Солтүстік Кавказдан әскерлер әкеле жатқан орыс помещиктеріне ақшалай және соғыс құрал-жабдықтарымен көмектесіп отыр. Жоқ. Олардың ойлағаны болмайды. Қызыл Армия топтасып, күреске көтеріліп, помещиктік әскерлер мен ақ гвардиялық офицерлерді Волгадан қуып шықты, Риганы босатты, бүкіл Украинаны дерлік босатып алды, енді Одесса мен Ростовқа жақындады. Тағы біраз күш салынса, жауға қарсы тағы біраз айлар бойы күрес жүргізілсе, біз жеңіп шығамыз. Қызыл Армияның күшті болып отырған себебі — ол шаруалардың жері үшін, жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі үшін, Совет өкіметі үшін саналы түрде және бір кісідей жұмыла ұрысқа аттанып отыр.

Қызыл Армия жеңілмейді, өйткені ол миллиондаған еңбекші шаруаларды жұмысшылармен біріктіріп отыр, бұлар енді күресуді үйренді, жолдастық тәртіпке үйренді, олардың еңсесі түспейді, кіші-гірім жеңілістерден кейін шынығa түседі, жаудың толық жеңілуі алыс емес-

тігін біле отырып, барған сайын батыл түрде жауға қарсы аттанады.

Қызыл әскер жолдастар! Қызыл Армияның жұмысшы және шаруа одағы—берік, тығыз, бұзылмайтын одақ. Кулактар мен өте бай шаруалар Совет өкіметіне қарсы көтерілістер жасауға тырысуда, бірақ олар болмашы азшылық. Олар шаруаларды аз уақыт қана және сирек алдай алады. Жұмысшылармен одақтасқанда ғана өздерінің помещиктерді жеңетіндігін шаруалар біледі. Жұмысшы халықтың оңбаған жаулары, өздерінің қара бастарының қамы үшін өкіметке жабысып жүрген және алдау арқылы әрекет жасап, орта шаруаларға қарсы әділетсіздік етіп, жәбір көрсететін зорлықшылар кейде өздерін деревняларда коммунистерміз деп атайды. Жұмысшы-шаруа үкіметі мұндай адамдарға қарсы күресуге және деревняны олардан тазартуға белді бекем буып отыр. Орта шаруа жұмысшының жауы емес, ал досы, Совет өкіметінің досы. Саналы жұмысшылар және нағыз совет адамдары орта шаруаға жолдас ретінде қарайды. Орта шаруа кулактар сияқты басқаның еңбегін тонамайды, басқаның есесінен байымайды, орта шаруа өзі еңбек етеді, өз еңбегімен күн көреді. Совет өкіметі кулактарды жаныштайды, орта шаруаларға әділ қарамайтын адамдардан деревняны тазартады, жұмысшылардың бүкіл еңбекші шаруалармен—кедей шаруалармен де, орта шаруалармен де одағын қайткен күнде де орнатады.

Бұл одақ бүкіл дүние жүзінде өсіп келеді. Революция жақындап, барлық жерде де өршіп келеді. Таяуда ол Венгрияда жеңіп шықты. Венгрияда Совет өкіметі — жұмысшы үкіметі орнады. Барлық халықтар сөзсіз осыған келеді.

Қызыл әскер жолдастар! Табан тіреп, бұлжымай, ынтымақтасып тұрыңдар! Жауға қарсы батыл алға ұмтылыңдар! Біз жеңіп шығамыз. Россияда күйреген помещиктер мен капиталистер өкіметі енді бүкіл дүние жүзінде жеңіледі!

29/III.

5
ОРТА ШАРУАЛАР ТУРАЛЫ

Қазірде коммунистер партиясының алдында тұрған және соңғы партия съезінде басқа мәселелерден гөрі өзіне көп көңіл болгізген ең басты мәселе—орта шаруалар туралы мәселе.

Әдетте бірінші сұрақ ретінде орта шаруа дегеніміз не деп қойылатындығы табиғи нәрсе.

Деревняда партиялық жолдастардан орташа дегеніміз кім деп сұрайтындығын олардың талай рет айтып жүргені табиғи нәрсе. Сондықтан, біз бұған былай жауап береміз: орташа—басқаның еңбегін қанамайтын, басқаның еңбегімен күн көрмейтін, басқаның еңбегінің жемістерін тіпті ешқандай дәрежеде де ешбір ретте де пайдаланбайтын, қайта өзі жұмыс істеп, өз еңбегімен күн көретін шаруа.

Мұндай шаруалар қазіргіге қарағанда капитализм тұсында аз болған, өйткені олардың көпшілігі мүлде мұқтаж шаруалардың қатарына жатты, ал олардың болмашы азшылығы ғана ол кезде де, қазірде де кулактардың, қанаушылардың, бай шаруалардың қатарына жатты.

Жерге жеке меншікті жойғаннан кейін орта шаруалар көбейе бастады. Сөйтіп, Совет өкіметі орта шаруамен қайткен күнде де толық татулық және келісімді қарым-қатынас орнатуға берік бел байлап отыр. Орта шаруаның бірден социализм жағына шыға алмайтындығы түсінікті, өйткені ол өзінің әдеттенген нәрсесін берік ұстайды, жаңалық атаулының барлығына абай-

лап қарайды, өзін не нәрсеге шақырып отырса соны алдымен іс жүзінде, практикада тексереді, бұл өзгерістің қажет екендігіне көзі жеткенге дейін өз өмірін өзгертуге аяқ баспайды.

Нақ сондықтан да, біз мынаны білуге, есте ұстауға және іске асыруға тиіспіз: деревняға баратын жұмысшы-коммунистер орта шаруалармен жолдастық қарым-қатынас орнату жолын іздестіруге міндетті, олармен жолдастық қарым-қатынас орнатуға міндетті, басқаның еңбегін қанамайтын еңбекші жұмысшының жолдасы екендігін және онымен ерікті, мейлінше шынайы, толық сенімді одақ жасауға болатындығын және жасауға тиістігін есте ұстауға міндетті. Коммунистік өкіметтің ұсынатын шараларының қайсысын болса да орта шаруаға берілген кеңес, нұсқау деп, оның жаңа тәртіпке көшуі жөнінде жасалған ұсыныс деп қана білу керек.

Сондықтан мұндай шараларды практикада сынап көретін, олардың қателерін тексеретін, кездесуі мүмкін қателерді жоятын, орта шаруамен келісімге жете алатын бірлескен жұмыс арқылы ғана,—тек осындай жұмыс арқылы ғана жұмысшылар мен шаруалардың одағы қамтамасыз етіледі. Совет өкіметінің бүкіл басты күші мен тірегі —осы одақта, социалистік қайта құрылыс ісін, капиталды жеңу ісін, қанау атаулыны жою ісін біздің жеңіспен аяқтауымыздың кепілдігі—осы одақта.

6
СОВЕТ ӨКІМЕТІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Совет өкіметі дегеніміз не? Елдердің көпшілігінде әлі де болса түсінгісі келмей отырған немесе түсіне алмай отырған бұл жаңа өкіметтің мәнісі неде? Оның әр елдің жұмысшыларын біртіндеп өз жағына тартып отырған мәнісі—егер бұрын мемлекетті қалай болған күнде де байлар немесе капиталистер басқарған болса, қазір мемлекетті бірінші рет, оның үстіне көпшілік бұқара болып, капитализмнен езгі көріп келген таптардың нақ өзі басқарады. Капиталдың үстемдігі сақталып отырған кезде, жер жеке меншікте қалып отырған кезде, тіпті ең демократиялық, тіпті ең ерікті деген республиканың өзінде де мемлекетті қашан да болсын болмашы азшылық басқарады, бұл азшылықтың оннан тоғызы капиталистерден немесе байлардан болады.

Мемлекеттегі өкімет бізде Россияда дүние жүзінде бірінші рет мынадай болып құрылып отыр: тек жұмысшылар ғана, қанаушыларды қоспағанда, тек еңбекші шаруалар ғана бұқаралық ұйымдарды—Советтерді құрады, ал бұл Советтерге бүкіл мемлекеттік өкімет тапсырылады. Міне сондықтан да, барлық елдердегі буржуазияның өкілдері Россияға қалай жала жапса да, дүние жүзінің барлық жерлерінде «Совет» деген сөз түсінікті ғана болып қоймай, сонымен қатар кең тараған, жұмысшылар үшін, барлық еңбекшілер үшін сүйікті сөз болып отыр. Міне сондықтан да, коммунизмнің жақтаушылары түрлі елдерде қалай қуғындалса да, Со-

вет өкіметі сөзсіз, міндетті түрде және көп ұзамай бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығады.

Бізде Совет өкіметін ұйымдастыруда кемшіліктердің әлі де көп екендігін біз жақсы білеміз. Совет өкіметі қасиетті тұмар емес. Ол ескіліктің кемшіліктерінен, сауатсыздықтан, мәдениетсіздіктен, айуандық соғыстың кесапатынан, тонаушы капитализмнің мұрасынан бірден сауықтырып жібермейді. Бірақ мұның есесіне ол социализмге көшуге мүмкіншілік береді. Ол езгіде болып келгендердің еңсесін көтеруіне мүмкіншілік береді, мемлекетті бүкіл басқаруды, шаруашылықты бүкіл басқаруды, өндірісті бүкіл басқаруды олардың біртебірте өз қолдарына алуына мүмкіншілік береді.

Совет өкіметі дегеніміз—социализмге апаратын жол, мұны еңбекші бұқара тапты, сондықтан да—ол дұрыс, сондықтан да—ол жеңілмейтін жол болып табылады.

7
ПОМЕЩИКТЕР МЕН КАПИТАЛИСТЕРДІҢ ЕЗГІСІНЕН ЕҢБЕКШІЛЕРДІ БІРЖОЛАТА ҚАЛАЙ ҚҰТҚАРУҒА БОЛАДЫ

Еңбекшілердің жаулары—помещиктер мен капиталистер—былай дейді: жұмысшылар мен шаруалар бізсіз күн көре алмайды. Бізсіз тәртіп орнататын, жұмысты бөлетін, зорлап еңбек еткізетін ешкім болмайды. Бізсіз барлығы да күйрейді, мемлекет құлайды. Бізді қуып шықты, бірақ күйзеліс бізді өкімет басына қайтадан әкеледі. Помещиктер мен капиталистердің мұндай сөздері жұмысшылар мен шаруаларды қобалжыта алмайды, қорқыта алмайды, алдай алмайды. Армияда нағыз қатаң тәртіп болуы қажет. Солай бола тұрса да, саналы жұмысшылар шаруаларды біріктіре білді, патшаның бұрынғы офицерлерін өзіне қызметке ала білді, жеңімпаз армияны құра білді.

Қызыл Армия бұрын болып көрмеген мықты тәртіпті таяқтың күшімен емес, жұмысшылар мен шаруалардың өздерінің саналылығына, берілгендігіне, жан қиярлығына сүйеніп орнатты.

Сонымен—еңбекшілерді помещиктер мен капиталистердің езгісінен, олардың өкіметі қайта орнауынан біржолата құтқару үшін,—еңбектің ұлы қызыл армиясын құру керек. Егер ол армияда еңбек тәртібі болса, онда ол жеңілмейтін болады. Жұмысшылар мен шаруалар помещиктерсіз және помещиктерге қарсы, капиталистерсіз және капиталистерге қарсы еңбекті дұрыс бөлуді, көпшіліктің пайдасы үшін еңбекте қалтқысыз тәртіп пен адалдық болуын ұйымдастыра алатындығын олардың өздері дәлелдеуге тиіс және олар дәлелдейді.

Еңбек тәртібі, еңбекте керемет жігер көрсету, жан қиярлыққа дайын болу, шаруалардың жұмысшылармен тығыз одағы—еңбекшілерді помещиктер мен капиталистердің езгісінен біржолата құтқаратын нәрсе міне осы.

8
ЕВРЕЙЛЕРДІ ОЙРАН САЛА ҚУҒЫНДАУ ТУРАЛЫ

Еврейлерге қарсы өшпенділік тарату антисемитизм деп аталады. Қарғыс атқан патша монархиясы өзінің өмір сүруінің соңғы кезінде қараңғы жұмысшылар мен шаруаларды еврейлерге қарсы айдап салуға тырысты. Патша полициясы помещиктермен және капиталистермен одақтаса отырып, еврейлерге ойран салды. Жоқшылықтан азап шеккен жұмысшылар мен шаруалардың өшпенділігін помещиктер мен капиталистер еврейлерге қарсы бағыттауға тырысты. Жұмысшылардың көзін алдау үшін, олардың назарын еңбекшілердің шын жауы—капиталдан басқа жаққа аудару үшін капиталистердің еврейлерге өшпенділікті қоздырып отыратындығын басқа елдерде де жиі көруге тура келеді. Помещиктер мен капиталистердің кіріптарлыққа салуы жұмысшылар мен шаруаларды барып тұрған қараңғылыққа ұшыратқан жерде ғана еврейлерге өшпенділік күшті болып отыр. Еврейлерге қарсы таратылып жүрген өтірік пен жалаға тек мейлінше қараңғы, мейлінше жаншылған адамдар ғана сене алады. Мұның өзі — поптар діннен безгендерді өртеуге мәжбүр еткен кездегі, шаруалардың құлдығы бар болған кездегі, халық жаншталып, үнін шығара алмаған кездегі ескі крепостниктік заманның қалдықтары. Бұл ескі крепостниктік қараңғылық жойылып келеді. Халықтың көкірегі ашыла бастады.

Еңбекшілердің жаулары еврейлер емес. Жұмысшылардың жаулары — барлық елдердің капиталистері. Ев-

рейлердің ішінде жұмысшылар, еңбеккерлер бар,—олар көпшілік. Олар капиталдың езгісі жағынан алғанда біздің бауырларымыз, социализм үшін күресте біздің жолдастарымыз. Орыстардың арасындағы сияқты, барлық ұлттардың арасындағы сияқты, еврейлердің арасында да кулактар, қанаушылар, капиталистер бар. Капиталистер діні әр түрлі, ұлты әр түрлі, нәсілі әр түрлі жұмысшылардың арасында өшпенділік туғызып, оны өрпітуге тырысады. Капиталдың күші мен өктемдігі жұмысшылардың арасындағы алауыздыққа сүйенеді. Бай орыстар сияқты, барлық елдердің байлары сияқты, бай еврейлер де бір-бірімен одақтаса отырып, жұмысшыларды жаныштайды, езеді, тонайды, бір-бірінен ажыратады.

Еврейлерді азаптап, қуғындаған қарғыс атқан патша өкіметіне лағынет. Еврейлерге қарсы өшпенділікті таратушыларға, басқа ұлттарды жек көрушілікті таратушыларға лағынет.

Капиталды құлату жолындағы күресте барлық ұлттар жұмысшыларының туысқандық сенімі мен жауынгерлік одағы жасасын.

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯҒА ТЕЛЕФОНОГРАММА

Бүкіл россиялық төтенше комиссияның хабары бойынша, Колчак, Деникин және одақтастар агенттерінің Петроградтағы су құбыры станциясын қопаруға әрекет еткені туралы Петроградтан хабар алынды. Үй астынан қопарғыш заттар, сонымен қатар сұмдық машина табылған, оны жоюды ерекше команда өз міндетіне алған, бірақ қопару уақытынан бұрын басталып кетіп, отряд командирі өлген және 10 қызыл әскер жараланған.

Жекелеген пункттерде көпірлерді бұзуға және темір жол жүрісін тоқтатуға әрекет жасалуда.

Қызыл Москва мен Петроградты азық-түліксіз қалдыру үшін темір жолдарды бұзып тастауға әрекет істелуде.

Социалист-революционерлер мен меньшевиктер ереуілге шақыруға, Совет өкіметін құлатуға үгіттеуге белсене қатысуда.

Осындай хабарлар алынғандықтан, Қорғаныс Советі қопару, темір жолдарды істен шығару және ереуілдерге шақыру әрекеттерінің қандайын болса да басып-жаныштау үшін ең жедел шаралар қолдануды бұйырады.

Қорғаныс Советі Төтенше комиссиялардың қызметкерлерінің бәрін қырағылыққа шақыруға және қолданылған шаралар туралы Қорғаныс Советіне хабарлап отыруға бұйырады.

Қорғаныс Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

1919 ж. 1 апрельде жазылған

1919 ж. 2 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 71-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ МОСКВА СОВЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ МӘЖІЛІСІ

3 АПРЕЛЬ, 1919 ж.[58]

1

СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Жолдастар! Маған Совет республикасының сыртқы және ішкі жағдайы туралы өзімнің баяндамамды мынадан бастауыма тура келеді: дәл осы айларда, осы көктемнен бастап, біз тағы да өте-мөте қиын жағдайды басымыздан кешіріп отырмыз. Менің ойымша, азамат соғысының да, сондай-ақ Антантаға қарсы соғыстың да жағдайлары, қалай да, барынша абайлап пайымдағанның өзінде де,— мен халықаралық жағдайға тоқталған кезде бұл жағдайлар туралы әлі айтамын,—барынша абайлап пайымдағанның өзінде де бізге мынаны айтуға мүмкіншілік береді: біз өзіміз тең ортасына қарай аяқ басып отырған бұл жарты жыл ең соңғы ауыр жарты жыл болмақ, өйткені француз және ағылшын капиталистерінің қазір өздері барлық күшін сала дамытып отырған тегеуріні сияқты тегеурінді қайталауға күші жетпейтін болады. Ал екінші жағынан, біздің Қызыл Армияның Украинада және Донда қолы жеткен жеңістерінің бәрі, бұл жеңістерді баянды етуге біздің мүмкіншілігіміз бар, ішкі жағдай үшін өте елеулі жеңілдік береді, астық пен көмір береді, азық-түлік пен отын береді. Ал қазір, күрес әлі аяқталмаған кезде, Украинада астық жинауда өте-мөте қиын жағдайда әрекет етуге тура келіп отырғанда,—міне бұл кезде, көктемгі лайсаңда, хал-жағдай өте-мөте ауыр болып отыр.

Совет өкіметінің барлық күші жұмысшылардың сеніміне және саналы көзқарасына негізделеді деп біз сан рет айтқан болатынбыз. Өзімізді қоршаған жаудың са-

ны және бізге Антанта жіберіп отырған шпиондардың, бәлкім, өздерін көмекшілеріміз деп санамаса да, ақ гвардияшыларға көмектесетін адамдар жәрдем етіп отырған осы шпиондардың саны қаншама көп болса да,— бұл арада айтылатын әрбір сөздің басқаша түсіндірілетіндігі, біздің мойындауларымызға ақ гвардияшылар агенттерінің құлақ салатындығы жөнінде өзіміздің ешқашан көз жұмбайлыққа салынбайтындығымызды біз талай рет дәлелдеп келдік,— бірақ біз: мейлі!— дейміз. Тіке және ашық айтылған шындықтан біз анағұрлым көп пайда көреміз, өйткені мұның өзі қиын шындық болғанмен, ол анық естілген кезде жұмысшы табының әрбір саналы өкілі, әрбір еңбекші шаруа онан бірден-бір дұрыс қорытынды шығаратындығына біз сенеміз.

Олар, ақыр аяғында, мынадай бірден-бір мүмкін қорытындыны шығарады: біздің ісіміз бүкіл дүние жүзінде жеңіске жетуге жақын, империалистік соғыстың төрт жылы ішінде, ал қазір оның үстіне азамат соғысының ең сұрапыл екі жылы ішінде қажыған, ашыққан, азап шеккен еңбекші бұқараның халі қаншама адам айтқысыз ауыр болғанмен,— бұл хал қанша ауыр болғанмен, ол қазіргі уақытта қаншама асқынып отырса да,— тек Россияда ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінде де жеңіп шығуға біздің мейлінше елеулі мүмкіншіліктеріміз бар. Сондықтан да, біз басымыздан кешіруге тиісті осы 4—5 айдың өте-мөте ауырлығына қарамастан, біз бұл қиыншылықтарды жеңген үстіне жеңе аламыз және осылай ету арқылы жауларға, бүкіл дүние жүзінің біріккен капиталистеріне олардың Россияға жасаған шабуылы іске аспайтындығын көрсете аламыз.

Ал олар нақ қазір, сөз жоқ, алдын ала ойланылған жоспар бойынша, Красновтың құрып бара жатқан бандаларын сақтап қалу үшін, бізді соғыс арқылы жаныштауға батыстан да, шығыстан да әрекет жасап отыр. Кеше Мариупольді алғандығы туралы хабар келді. Сонымен, Ростов жартылай қоршауда қалып отыр. Бір сөзбен айтқанда, Келісу елдері барлық күшін Красновты құтқаруға және нақ осы көктемде бізге күшті соққы беруге жұмсап отыр. Олар, сөз жоқ, Гинденбургпен ке-

лісім бойынша қимылдап отыр. Ондағы жолдастардың қандай халге ұшырағандығы туралы Латвиядан келген жолдас айтты. Елдің басым бөлегі соншалық апатты бастан кешіріп отыр, ал бұл жөнінде Москва жұмысшыларының түсінігі де жоқ,— шапқыншылықтан және әскерлер тобырының деревняларды сан рет тып-типыл етіп тапап өтуінен болған апатты бастан кешіріп отыр. Риганы бөліп тастау үшін немістер енді Двинскіге келе жатыр. Ақшаға сатылған эстон ақ гвардияшылары оларға солтүстіктен көмектесуде, бұл ақшаны Англияның, Францияның және Американың миллиардерлеріне біржолата сатылған шведтер мен датчандар жіберген еріктілердің көмегі арқылы Англия жіберіп отырады. Өздерінің Германияда қанға бояп жаныштау арқылы спартакшылдар мен революционерлердің қозғалысын әлсірете алғандығын пайдаланып, олар біз үшін мейлінше айқын жалпы жоспар бойынша әрекет жасап отыр. Олар өздерінің халі мүшкілдігін сезіп отырса да, сонда да бұл сәтті пайдаланып қалу үшін, әскерлердің бір бөлегін Гинденбургке беру үшін, аздап шегініп, қалжыраған Латвияға батыс жақтан қысым жасауды күшейту үшін және бізге де қауіп төндіру үшін едәуір қолайлы деп тауып отыр. Екінші жағынан, Колчак шығыста бір қатар жеңіске жетті, сонымен, Келісу елдерінің соңғы рет және мейлінше батыл қысым жасауы үшін жағдайлар дайындап отыр.

Сөйтіп, әрқашанғыдай, олар сырттан қысым жасаумен шектелмей, заговорлар, көтерілістер жасау арқылы, бомба тастау және Петроградтағы су құбырын қопару әрекеттері арқылы,— бұл туралы сіздер газеттерден оқыдыңыздар,— темір жолдарды бұзып тастау әрекеттері арқылы,— бұл әрекет Самараға таяу жерде істелген, мұның өзі қазір бізге шығыстан астық жеткізілетін ең басты темір жол торабы,— міне осындай әрекеттер арқылы олар ел ішінде қимыл жасауда. Бізге келетін бұл астықтың бір бөлегі құрыды, оны Колчак басып алды. Курск-Харьков темір жолы бойындағы темір жол торабын бұзып алып тастауға әрекеттер жасалды; Қызыл Армия босатып алған Донецк бассейнінің көмірі осы жолмен тасыла бастаған болатын. Осының бәрін

тұтас алып қарастырғанымызда Келісу елдерінің, француз империалистері мен миллиардерлерінің Совет өкіметін соғыс арқылы жаншып тастауға соңғы рет әрекет жасап отырғаны біз үшін айқын болып шығады.

Күрестің аяқталып келе жатқандығын, мәселе мейлінше жанталасқан, аяусыз соғыс туралы болып отырғандығын осы уақытқа дейін түсінбеген меньшевиктер де, оңшыл және солшыл эсерлер де,— міне, бұлар біресе ереуілді уағыздауын, біресе азамат соғысын тоқтатуды уағыздауын қоймай отыр. Олар жөніндегі іс қандай болса да, олар ақ гвардияшыларға көмектесуде,— олар туралы мен кейінірек айтамын, қазір менің тек халіміздің шын мәнінде қиын екендігін анықтаңқырағым ғана келді.

Халықаралық капиталистердің барлық күштері осы көктемде бізге қарсы ақырғы ұрыс жасамақ. Біздің бақытымызға қарай, бұл күштер қаусаған, өліп бара жатқан, ауруы асқынған кәртеміштің — халықаралық капитализмнің күштері. Бірақ, қалай болғанмен де, бізге қарсы топтастырылған әскери күштер қазір өте-мөте көп. Атап айтқанда, Колчак қазір өзінің барлық резервтерін аттандырды, оның ақ гвардияшы-еріктілері, қисапсыз көп бандалары бар, ол Англия мен Америкадан қару-жарақ және соғыс жабдықтары түрінде орасан зор көмек алып отыр. Міне сондықтан да, қалыптасқан жағдай бізден Совет республикасы халінің қиын екендігін анық түсінуді талап етеді.

Соғыстың не үшін болып жатқандығын еңбекші бұқараның түсінгендігіне біз сенімдіміз. Осы бірнеше айдың біздің революцияның да, едәуір дәрежеде халықаралық революцияның да, тағдырын шешетіндігін олар біледі, капиталистердің Советтік Россияны қирату жөніндегі бұл әрекетінің осынша шиеленісіп отырған себебі, олардың бізге қарсы осынша аласұрып шабуыл жасап отырған себебі — өздерінің ішінде нақ сол жаудың — большевиктік қозғалыстың бар екенін капиталистер біледі. Бұл қозғалыс оларда да тез және тоқтаусыз өсуде.

Біздің жағдайымызды ерекше ауырлататын нәрсе, барлық саналы жұмысшыларды көмекке шақырған үсті-

не шақыруға мәжбүр ететін нәрсе — азық-түлік пен транспорттағы қиыншылық. Транспортты империалистік соғыс төрт жыл бойы бүлдірді, сондықтан Россия сияқты соншалық мешеу қалған елде бұл бүлінудің зардаптары осы уақытқа дейін түзетілген жоқ және оны ұзақ айлар бойы, немесе, мүмкін, жылдар бойы мейлінше қажырлы жұмыс істемейінше түзету мүмкін емес. Ал отынсыз жұмыс істеуге болмайды. Тек соңғы уақытта ғана біз Донецк бассейнінен көмір ала бастадық. Бакудегі мұнайды бізден ағылшындардың алып қойғандығын сіздер білесіздер. Олар Каспий теңізіндегі кемелердің бір бөлегін қолға түсіріп, Грозныйды басып алып, бізге мұнайды пайдалануға бөгет жасап отыр. Ал отынсыз өнеркәсіп те, темір жолдар да жұмыс істей алмайды. Барлық күш-жігерді жұмсауға тура келеді.

Барлық жолдастарға біз тағы да былай дейміз: азық-түлік және транспорт жөніндегі жұмысқа көбірек күш жұмсау керек. Транспорт жөніндегі жұмыс былай болып отыр: Россияның шығысында, Волганың ар жағында бізде бірнеше миллион пұт астық бар, — 10 — 20 миллион пұт астық қазірдің өзінде құйылып, дайын тұр, бірақ біз оны тасып жеткізе алмай отырмыз. Уфаны басып алып, біздің әскерлерді кейін шегінуге мәжбүр еткен Колчак әскерлерінің соңғы ілгері жылжуының салдарынан біз бұл астықтың бір бөлегін жоғалттық. Бұл шығын өте қатты сезіліп және ауыр соғып отыр. Транспорт жөніндегі жұмыс қисапсыз күш жұмсауды талап етеді. Жұмысшылар әрбір жиналыста өздеріне мынадай сұрау қоюға тиіс: транспортқа біз немен көмектесе аламыз? Біз мұндағы жұмыстарда еркектердің орнына әйелдерді қойып, еркектерді не жөндеу шеберханаларына, не теміржолшыларға көмекке жібере алмаймыз ба? Мұны қалай істеуді — кімді қандай мамандыққа қоюды жұмысшылар жақсырақ біледі. Мұны практика адамдары жақсырақ біледі, олар көмектесудің бірден-бірге жаңа құралдарын тынымсыз іздеп табуға тиіс. Соңғы уақытта біздің Қатынас жолдары комиссариаты Азық-түлік комиссариатымен бірлесе отырып, белгілі бір табыстарға жетті деп сенеміз және бұған біздің көзіміз жетеді. Товар тасу айы — жолаушылар

қатынасын тоқтату, біздің жауларымыз қаншама жала жапса да, қазірдің өзінде істі жақсартып отыр, бірақ үлкен табыстарға жету үшін күш-жігерді он есе көп жұмсау керек. Кеше «Известияда» цифр мәліметтері басылды. Мен олардың басты-бастыларын келтірейін. Марттың басында Москваға күніне орта есеппен азық-түлік тиелген 118 вагон келді, оның 25-і астық тиелген вагондар. Марттың аяғында күніне азық-түлік тиелген 209 вагоннан келе бастады, оның ішінде 47-сі астық тиелген вагондар. Бұл — екі есе дерлік көбейді деген сөз. Мұның өзі — жолаушылар қатынасына тыйым салу сияқты ауыр шара дұрыс қабылданды деген сөз. Мұның өзі — біз Москваның, Петроградтың және бүкіл өнеркәсіпті облыстың ашыққан халқына көмектестік деген сөз. Бірақ бұл істелуге тиісті нәрселердің тіпті де барлығы емес. Ал бұдан әрі, лайсаң толық күшіне кірген кезде, бұдан анағұрлым қиын және анағұрлым ашаршылық кезеңге кездесеміз. Біздің бұл арада жұмысты ешбір бәсеңсітпей, жігермен істеу керек дейтін себебіміз осы. Біздің, ең алдымен, бізге қызметке келгенмен, араларында жарамсыз қызметкерлер де көп болып отырған интеллигенциядан шыққан қызметкерлерге емес, жұмысшылар бұқарасына сүйенуіміз керек.

Біздің Украинадағы жағдаймен де санасуымыз керек. Бір жыл бойы, бүкіл Украина немістің қол астында қалып, бүкіл Дон соншалықты ауыр халде болған кезде, біз тым көп қиындықты басымыздан кешірдік. Қазір біздің халіміз жақсарып келеді. Украинада біздің 258 миллион пұт астығымыз бар, мұның 100 миллион пұты қазірдің өзінде бөліске түсті, бірақ істің барлық мәні мынада болып отыр: Украинада шаруалар немістерден және немістің тонауынан сұмдық үрейленіп қалған. Мен мынаны естідім: онда шаруалардың немістерден қорқып қалғандығы сонша — осы күнге дейін, мұндағы Совет өкіметінің жағдайын өздерінің білетіндігіне қарамастан, олар помещиктік жерлерді алуға бата алмайтын көрінеді. Оның бер жағында, қазірдің өзінде жерді көктемгі өңдеу мезгілі туып отыр. Ал украин шаруаларының неміс тонауының барлық сұмдықтарынан запы болғаны сонша — олар осы уақытқа дейін қатты қаймы-

ғып жүр. Айта кету керек, онда әрдайым партизан соғысы жүріп жатты. Бұл соғыс оңтүстікте қазірде де болып жатыр. Онда тұрақты әскер жоқ. Тұрақты әскердің жоқтығынан ол жерде осы уақытқа дейін толық жеңіс те жоқ. Біз онда өзіміздің тұрақты әскерімізді жібердік, бірақ бұл аз. Жұмысты едәуір күшейту керек, сондықтан да мен сіздерге: әрбір жұмысшы жиналысы азықтүлік туралы мәселені және транспорт туралы мәселені нақтылы түрде қоюы керек дегенді айтуға тиіспін. Біз ең таяудағы уақыттың ішінде жағдайды қалай түзеу керек және өзіміз қазір пайдалана алатын нәрселерді қалай пайдалануымыз керек деген мәселені шешуге тиіспіз.

Тек жұмысшы табы күштерінің көмегімен ғана аяғымызды нық баса алатындығымызды, өзіміздің тамаша жеңістерге жете алатындығымызды біз жете білуге тиіспіз, сондықтан да өз пролетариатымыздың барлық таңдаулы күштерін біз сонда, майданға жіберуге тиіспіз. Біз майданға жауапты қызметкерлерді жіберуге тиіспіз. Егер мұнда белгілі бір мекеме ақсайтын болса, біз, әрине, белгілі бір зиян шегеміз, бірақ біз бұдан құрып кетпейміз, ал егер бізде армияда жұмысшылар жеткіліксіз болса, біз, сөзсіз, құримыз. Бізде осы уақытқа дейін армия өзінің жеткіліксіз топтасқандығынан, жеткіліксіз ұйымдасқандығынан ақсап келеді, ал бұл жөніндегі бүкіл көмекті жұмысшылар көрсетуге тиіс, бар сенім жұмысшыларға жүктелуге тиіс. Бүкіл күресті басынан кешірген жұмысшылар ғана, өзінің бүкіл басынан кешіргендерімен, өзінің көрген бейнетімен ортақтаса алатын жұмысшылар ғана, тек осындай жұмысшылар ғана армияға ықпал ете алады, сөйтіп шаруаларды саналы және бізге керекті күрескерлерге айналдыра алады.

Сондықтан біз осында тағы да келіп, сіздердің бәріңізді жинап алып, жалпы ауыр жағдайға байланысты транспорттың ауыр халде екенін көрсетуге ұйғардық. Әлі де 3—4 ай төзу керек, тек сонда ғана толық жеңіске жетеміз деп біз атап айтамыз. Бірақ бұл үшін күш керек. Ал бұл күшті қайдан алу керек? Күрес ақ гвардиялық шапқыншылықтармен алмасқан кезде, осының салдарынан барлық ауыртпалықты өз мойнымен көте-

рін, одан үлкен тәжірибе алған жұмысшылар ғана, біздегі күйзелістің бар ауыртпалығын өз мойнымен көтерген жұмысшылар ғана,— тек осы жұмысшылар ғана,— біздің тек осы алдыңғы қатарлы отрядтарымыз ғана бізге көмектесе алатындығын көріп отырған жоқпыз ба! Олардың шектен тыс азап шеккендігін, олардың өз үлестеріне тиген адам айтқысыз ауыр жұмыстан қалжырағандығын біз өте жақсы білеміз. Біз мұның бәрін білеміз, бірақ солай бола тұрса да, біз сіздерге қазір бұл арада мынаны айтамыз: барлық күшті жұмсау керек, революция үшін, оның тамаша жеңісі үшін барлық күшті жинауды ойластыру керек. Қазір ең қиын, ең ауыр кезең келе жатыр, сондықтан біз революционерлерше қимылдауға тиіспіз. Біз күшті еңбекші бұқарадан алуға тиіспіз.

Кеше осында кәсіптік қозғалыстың — Москвадағы және бүкіл Россиядағы кәсіптік қозғалыстың ықпалды қайраткерлерінің жиналысы болып өтті. Міне осы жиналыста жұрттың бәрі бұл жұмысқа қазіргі кезеңде орташаны тарту қажет деген пікірге келді, ал орташаны осы уақытқа дейін біздің бәріміз мұндай жұмысқа қабілетті деп санамаған болатынбыз. Ал қазір қалжыраған қызметкерлерді алмастыру үшін орташаларды жұмысқа салуымыз керек екендігі мейлінше айқын болып отыр, бірақ мұны істеуден бұрын осы уақытқа дейін іспен айналысып келген қызметкерлер оларға нұсқау беруі қажет. Біз өзіміздің күштерімізді сақтауға тиіспіз, сондықтан біз өз жауапты қызметкерлерімізді орташадан шыққан қызметкерлермен уақытша алмастыруымыз керек. Біз мұндай он мыңдаған қызметкерді іске қосуға тиіспіз ғой. Олар өз жұмысын тәжірибелі қызметкерлердің істегеніндей жақсы істей алмайды деп біз қорықпауға тиіспіз. Егер оларды жауапты орындарға қоятын болсақ, онда олардың алғашқы кезде жіберуі мүмкін қателері онша қорқынышты емес. Біз үшін маңыздысы — оларды алдыңғы жауапты орындарға қою. Олар бұл орындарда өз күшін көрсете алады, өз жұмысын өрістетіп жүргізе алады, өйткені олар сенімді қимылдайды, Россияда бір жыл жұмыс істеген үлкен тәжірибелі қызметкерлерге арқа сүйеп отырғандығын олар

білетін болады. Өздерінің неғұрлым тәжірибелі жолдастарының қиын кезеңде өз міндетін жеңілдететіндігін олар біледі. Егер алдыңғы қатарлы жұмысшылар оларды алдыңғы қатарлы орындарға жіберетін болса, жұмысшылардың бұл жаңа тобы істі жақсы алып бара алады. Біз мұны зиянсыз істей аламыз, өйткені бұл қалың топтың пролетарлық түйсігі бар, ол өз парызын пролетарша түсінеді және ұғады. Оларға сенуге болады және олар туралы бұлар қиын уақытта бізге көмектеседі деуге болады. Россияның бір ерекшелігі — ең қиын уақытта одан запас ретінде, ескі күштер сарқыла бастаған кезде жаңа күштер беретін запас ретінде алға жұмсауға болатын бұқара қашан да табылып отырды. Иә, алдыңғы қатарлы жұмысшы қалжырады, ал бұдан соңғы топ істі нашарлау істейді, бірақ ештеңе етпейді, мұнан зиян келмейді, егер бұл жаңа күштерді жұмылдырып, оларға жол сілтесек және істі ақсатуға жібермесек, біз істі күйретпейміз.

Мұндай жағдайда эсерлер мен меньшевиктер туралы айтпауға болмайды. Соңғы кезде Совет өкіметі олардың газеттерін жауып, өздерін тұтқынға ала бастады. Кейбір жұмысшы жолдастар, мұны көргенде былай дейді: «Демек, біздің ұсақ буржуазиялық демократияға белгілі бір жеңілдік жасауға тартқан большевиктердікі,— олардың қатарында мен де жатамын,— теріс болған екен ғой. Егер біз қазір олардың газеттерін жауып, өздерін тұтқынға алуға тиіс болсақ, онда біз не үшін жеңілдіктер жасадық? Мұнда қандай дәйектілік бар?».

Бұған мен былай деп жауап беремін. Россия сияқты елде, ұсақ буржуазиялық элементтер бүкіл ауыл шаруашылығын жүргізіп отырған елде, міне мұндай елде ұсақ буржуазиялық топтың қолдауынсыз біз ұзақ уақыт шыдап тұра алмаймыз. Қазіргі кезде бұл топ мақсатқа тіке жолмен келе жатқан жоқ, бұралаң жолмен келе жатыр. Егер мен тура жолмен келмей, бұралаң жолмен келе жатқан жауды қудалайтын болсам, онда жауды қуып жету үшін мен де бұралаң жолмен жүруге тиіс емеспін бе. Саяси тілмен айтқанда, ұсақ буржуазиялық бұқара еңбек пен капиталдың аралығында тұрады, бұл бұқараға бір нәрсені: не буржуазия диктатурасы болуы мүм-

кін, не жұмысшы табының диктатурасы болуы мүмкін екендігін түсініп алу қажеттігін ұғындыру үшін, бұл бұқараны жүз рет соққылау керек. Мұны ескерген адам қазіргі кезеңнің жағдайын түсінеді. Жұмысшылар да мұны біледі. Өкіметтің тек осы екі түрінің ғана: не жұмысшы табының толық өкіметі, не буржуазияның толық өкіметі болуы мүмкін екендігін,—аралық нәрсенің жоқ екендігін, үшінші жолдың жоқ екендігін түсінушілік жұмысшылардың санасына тәжірибе арқылы және толып жатқан көрген-білгендері арқылы сіңіп отыр. Жұмысшы табы мұны стачкалық және революциялық күрестен әлдеқашан түсінген. Ұсақ буржуазия мұны бірден түсіне алмайды; өмірдің жүздеген тағылымы ұсақ буржуазияны бұл пікірге үйретіп, дағдыландыра алмайды, сол себепті ол ірі буржуазиямен бірігу туралы ойлауын қоймайды, өйткені пролетариат диктатурасынсыз немесе буржуазия диктатурасынсыз мүмкін еместігін түсіне алмайды.

Мейлінше жанталасқан, ашынған күресте, шетел көмек көрсетсе де, демократияның еш нәрсе бермегендігі кездейсоқ нәрсе еместігін эсерлер мен меньшевиктер Колчактың тәжірибесінен көріп, түсінді. Оларға екі күш әсер етеді,—бұл күштерден басқа еш нәрсе жоқ— не буржуазияның диктатурасы, не жұмысшы табының өкіметі мен толық диктатурасы, ал ешбір жерде аралық нәрсе ештеңе бере алған емес, аралық нәрседен ешбір жерде ештеңе шыққан да емес. Құрылтайдан да еш нәрсе шыққан жоқ. Мұны эсерлер мен меньшевиктер және ұсақ буржуазия өз бастарынан кешірді.

Эсерлер мен меньшевиктер: «Біз Колчактан және оны жақтайтын, Антантаның қол сұғуын жақтайтын адамдардың бәрінен кетеміз» дегенде, олар мұны тек екіжүзділікпен ғана айтқан жоқ. Бұл адамдардың бір бөлегі «біз, былайша айтқанда, большевиктерді алдап соғамыз, тек бізге өткендегіні қайталауға мүмкіншілік берсе болғаны» деп үміттенгенімен, мұның өзі тек саяси зымияндық қана болған жоқ. Біз бұл зымияндықты ескеріп, әрине, оған қарсы шаралар қолдандық, алайда меньшевиктер мен эсерлер мұны айтқан кезде,— мұның өзі тек қана екіжүзділік пен зымияндық қана болып

қойған жоқ, сонымен қатар олардың көбінің *сенімі* де болды. Біз олардың арасынан әдебиетшілердің тобын ғана көріп отырған жоқпыз, сонымен қатар техниктердің, инженерлердің және сондайлардың ұсақ буржуазиялық топтарын да көріп отырмыз. Меньшевиктер одақтастардың қол сұғуына өздерінің қарсы екендігін жариялаған кезде, біз оларға өзімізде жұмыс істеуді ұсындық, олар біздің ұсынысымызға ықыласпен ризалық білдірді. Алайда қазір оларды қуғындап отырған болсақ, ұсақ буржуазиялық топты қуғындап отырған болсақ, біздікі толығымен дұрыс, өйткені бұл топ түсінуге келгенде керемет топас. Мұны бұл топ керенскийшілдік кезеңде де, өздерінің қазіргі әрекеттерінде де көрсетіп отыр. Олар бізге қызмет істеуге келгеннен кейін былай дейді: «Біз саясаттан бас тарттық, біз ықыласпен жұмыс істейміз». Мұндай адамдарға біз былай деп жауап береміз: «Бізге меньшевиктерден шыққан чиновниктер керек, өйткені олар бізге жармаса беретін, коммунист болып жазылатын және бізге жамандық жасайтын қазына ұрлаушылар емес және қаражүздіктер емес». Егер адамдар құрылтайға сенетін болса, онда біз оларға былай дейміз: «Мырзалар, тек құрылтайға сенбек түгіл, құдайға сенсеңдер де мейілдерің, бірақ өз жұмыстарыңызды істеңіздер, саясатпен айналыспаңыздар». Саясатта өздерінің масқара болғандығын: өздерінің Совет өкіметі—тек тағы Россияда ғана болуы мүмкін ойдан шығарылған жексұрын нәрсе деп айқай-шу көтергендігін түсінетін адамдардың саны олардың арасында көбейіп келеді. Олар: құрылтайды қуу—патша өкіметі тәрбиелеген варварлардың әрекеті деген болатын. Мұны Европада да қайталаған-ды. Енді Европадан—Совет өкіметі бүкіл дүние жүзінде буржуазиялық құрылтайдың орнын басқалы келеді деген хабарлар келуде. Мұның өзі—бізге қызметке келетін бүкіл интеллигенцияға беріліп отырған сабақ. Қазір бізде жұмыс істейтін чиновниктер бұдан жарты жыл бұрынғы уақытқа қарағанда екі есе көп. Қаражүздіктерден гөрі жұмысты жақсы істейтін чиновниктерді алуымыз—біздің ұтқанымыз. Біз оларды өзімізге қызметке шақырған кезде, олар былай деген болатын: «Колчактан қор-

қамып, мен—сені жақтаймын, бірақ саған көмектескім келмейді. Мен бейне құрылтайда отырғандай, нағыз парламентарийше пайымдаймын, сен маған тиісуші болма, өйткені мен демократпын». Құрылтай туралы айтып жүрген бұл топтарға біз былай дейміз: «Егер сіздер мұны көп айта беретін болсаңыздар, біз сіздерді Колчакқа және Грузияға апарамыз». (Қол шапалақтау.) Айтыс, жария топтың оппозициясы құрылмақ. Біз оппозицияға жол бермейміз. Бүкіл дүние жүзінің империалистері бізді алқымнан алып отыр, соғыс тегеурінінің барлық күштері арқылы бізді жеңуге тырысады, біз күресуге тиіспіз, бұл арадағы күрес—өліспей берісniейтін күрес. Егер сен мұнда бізге көмектесуге келген болсаң—қош келіпсің, ал егер сен газеттер басып шығарып, жұмысшыларды ереуілге айдап салатын болсаң,— ал ереуілдерден біздің қызыл әскерлер майдандарда қазаға ұшырауда, ереуілдің әрбір күнінен біздің фабрикаларда он мыңдаған адам жоқшылық көріп, аштықтың азабын шегуде, мұның өзі бізді қинап отыр,—онда сенің мұның құрылтай тұрғысынан қарағанда, бәлкім, дұрыс та шығар, бірақ біздің күресіміздің және біздің мойынға алып отырған жауапкершілігіміздің тұрғысынан қарағанда сенікі дұрыс емес, сен бізге көмектесе алмайсың екен, Грузияға жөнел, Колчакқа жөнел, әйтпесе сен түрмеге отырасың! Біз мұны істейміз де.

Жолдастар! Жиналыстың аяғында ұсынылатын қарарды біз бәріміз де бірауыздан қабылдармыз деп сенемін, онда біз қажетті нұсқаулар беруге тырыстық, ал ол нұсқауларды мен өз баяндамамда дәлелдемек болдым. Енді мен мынадай екі мәселеге: орта шаруаның жағдайына және өте зор маңызы бар халықаралық мәселеге көшкім келеді.

Орта шаруа туралы біз партия съезінде сөз қылдық, сөйтіп партиямыздың орта шаруалар жөнінде қандай бағыт ұстауға тиіс екенін шештік. Біздің партия ең жауапты орынға, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті председателінің орнына, осы уақытқа дейін ерекше талантты ұйымдастырушы Свердлов жолдас істеп келгендіктен де жауапты орынға, міне осы орынға

біздің партия осы кезге дейін деревнямен байланысы бар Петербург жұмысшысы Калинин жолдасты сайлады. Бүгін газеттерде бір Калинин жолдасты эсерлер өлтіріпті деп хабарланды,— бұл ол Калинин емес. Мұның өзі эсерлердің қандай әрекетке бара алатындығын көрсетеді. М. И. Калинин жолдас—Тверь губерниясының орта шаруасы, ол осы губернияға жыл сайын барып тұрады. Орта шаруалар—біздің революциямыздан кейін жерге помещиктік жеке меншіктілікті жоюымыздың арқасында көбейіп отырған ең ірі топ. Шаруалар біздің революциямыздан жақсылық көрді, өйткені олар бүкіл помещиктік жерді қолына алды, ал осыдан келіп орта шаруалардың саны едәуір көбейді. Егер орта шаруалардың арасында наразылық байқалса, онда біз былай дейміз: бұл наразылыққа жоғарыдағылар себеп болып отыр, сондықтан біздің күшіміз жетімсіз болып отырған кезде бұл наразылықтың қаншалықты заңды екендігін біліп алу керек. Сөз бұйдаға салушылыққа қарсы, кеңсешілдікке қарсы күрестің қаншалықты ауыр екендігін мұнда, астанада, отырған сіздер білесіздер. Біз ескі чиновниктерді қызметке алуға тиіспіз, өйткені басқалары жоқ. Оларды қайта тәрбиелеп, үйрету керек, ал мұның өзі уақытты керек қылады. Біз азық-түлік ұйымдарындағы жауапты орындарға жаңадан жұмысшылар жібере аламыз, бірақ Мемлекеттік бақылауда отырған ескі чиновниктердің саны әлі күнге тым көп-ақ, сондықтан біз сөз бұйдаға салушылықтан, кеңсешілдіктен жапа шегіп отырмыз. Жұмысшылар бақылау жұмысында, Қатынас жолдары комиссариатында мамандармен бірге жұмысқа қатысуы үшін біз жаңа жұмысшыларды беруге тырысамыз. Сөйтіп, біз сөз бұйдаға салушылық пен кеңсешілдікке қарсы күресіп отырмыз. Бірақ мұнда, Москвада да, мұның өзіне қаншама еңбек сарп етіледі десеңізші! Ал деревняларда не істеліп жатыр екен?— Деревняларда өздерін партиядамыз деушілер көбінесе алаяқтар болып шығады, олар барынша арсыздықпен зорлық жасайды. Ал кулакты орта шаруамен шатастыратын тәжірибесіз адамдармен қаншалық жиі күресуге тура келеді десеңізші! Кулак дегеніміз—басқаның еңбегімен күн көретін, басқаның еңбегін тонайтын, жоқшы-

лықты пайдаланып қалғысы келетін адам; орта шаруа—біреуді қанамайтын және өзі де қанауға түспейтін, өзінің ұсақ шаруашылығымен, өз еңбегімен күн көретін адам. Ал дүние жүзінде бірде-бір социалист ұсақ қожайынның меншігін алуды еш уақытта ойлаған емес. Ұсақ қожайын ұзақ жылдар бойы өмір сүретін болады. Бұл арада ешқандай декреттер арқылы еш нәрсе істеуге болмайды, бұл арада шаруаның тәжірибемен санасуға үйренуін күту керек. Коллективті шаруашылықтың анағұрлым артық екендігін көрген кезде ол біздің жағымызға шығады. Біз оның сеніміне ие болуымыз керек. Бұл арада қиянатқа қарсы күресу керек. Біз тек қала жұмысшыларының күші арқылы ғана күресе аламыз, өйткені олардың шаруалармен байланысы өте зор, олар жүз мыңдаған қызметкерлер бере алады. Жолдастарды жоғары орындарға тағайындау да, нұсқаулар да, декреттер де көмектесе алмайтындығын, қайта әрбір топтың, әрбір үйірменің жұмысшылары істі өз қолдарына алуға тиіс екендігін,—олардың деревнямен ерекше байланысы бар екендігін біз өте жақсы білеміз.

Мен жұмысшылардың бірінші міндеті—барлық күшін салып, соғыста көмектесу болуға тиіс дедім; екінші міндеті: жаудың деревнядағы бірде-бір елеулі тегеурінін жазасыз қалдырмау үшін орта шаруаға байланыс жасау арқылы көмектесу болуға тиіс. Қала жұмысшысы орта шаруаға өзінің жолдасы ретінде көмектесетіндігін көрсету керек, өйткені орта шаруа да нақ сондай еңбекші, бірақ ол тек басқа жағдайларда өскен, ол бытыранды, қараңғы деревняда тұрады, сондықтан оның адам қатарына қосылуы әлдеқайда қиынырақ. Ал біз жолдастардың табандылығы арқасында орта шаруалармен байланыс орната алатындығымызды білуге тиіспіз. Шаруалардың болмашы бөлегі кулактарға қарай кетеді, көтеріліс жасайтын болады,— мұны біз білеміз. Ал егер бұл осылай болатын болса, онда орта шаруаға қалай көмектесу керек, оның сеніміне қалай ие болу керек, қиянат атаулыға қарсы оған қалай көмектесу керек? Егер біз бұл жөнінде аз жұмыс істеген болсақ, онда бұл біздің кінәмыз емес: бізге буржуазиямен күрес кедергі жасады. Мұны түсіну керек, әрбір жұмыс-

шының алдына бұл мәселені қойып, былай деу керек: біз, жұмысшылар, тұтас алғанда орта шаруалармен байланыстымыз, бұл байланысты біз пайдаланамыз, біз мынаған қол жеткіземіз: әрбір орта шаруа біздің көмек беріп отырғанымызды тек Калинин жолдастың тағайындалуынан ғана білетін болмасын, қайта іс жүзінде аз да болса көмек алатын болсын, бірақ ол көмек кішкентай болса да жолдастық кеңес түрінде болсын. Ал шаруа қазір бәрінен гөрі осындай көмекті бағалайды. Біздің оған керекті көмекті, қала мәдениетінде жатқан көмекті көрсетуімізге жағдайымыздың қиындығы не себепті кедергі жасайтындығын оның түсінуі керек. Шаруаға қала өнімдері, қала мәдениеті керек, ал біз оған мұны беруге тиіспіз. Пролетариат шаруаға осындай көмекті көрсеткен кезде ғана,—шаруа өзіне жұмысшының қанаушылар сияқты емес, басқаша көмек көрсететіндігін көретін болады. Шаруаның қала дәрежесіне дейін көтерілуіне көмектесу керек,— деревнямен байланысы бар әрбір жұмысшы өзінің алдына осы міндетті қоюға тиіс. Қала жұмысшысы өзіне өзі: қазірде, көктемде, азық-түлік жағдайы ерекше қиындап отырған кезде, мен шаруаға көмекке баруға тиіспін деуі керек, ал егер әркім осы жұмыстың тым болмаса азғана бөлегін орындайтын болса, онда біздің ғимаратымыздың тек фасады ғана болып қоймайтындығын, Совет өкіметін қамтамасыз ету мағынасында алғанда біздің ісіміздің орындалатынын көретін боламыз, өйткені шаруа: «Совет өкіметі жасасын, большевиктер жасасын, коммуния жойылсын!» дейтін болады. Ол жөн-жосықсыз құрылып жүрген, өзіне еріксіз әкеп таңылып жүрген «коммунияны» жазғырады. Еріксіз әкеп таңылатын нәрселердің барлығына ол сенімсіздікпен, орынды сенімсіздікпен қарайды. Біз орташаға барып, оған көмектесуге, оны үйретуге тиіспіз, бірақ тек ғылым мен социализм саласында ғана үйретуге тиіспіз, ал ауыл шаруашылығы саласында біздің одан үйренуіміз керек. Біздің алдымызға ерекше күшті қойылып отырған міндет, міне, осындай.

Енді халықаралық жағдай туралы мәселеге көшейік. Мен былай деймін: Англия, Франция және Америка империалистері бізді алқымнан алу үшін соңғы рет

әрекет жасап отыр, бірақ бұл олардың қолынан келмейді. Жағдай қанша ауыр болса да, біз халықаралық империализмді жеңеміз деп сеніммен айта аламыз. Біз бүкіл дүние жүзінің миллиардерлерін жеңеміз. Біз оларды екі себеппен жеңе аламыз. Біріншіден, жеңетін себебіміз: олар — өзара қырқыста тым шектен шығып, өздерінің шыңырау шетінде тұрғандығын көрмей, бірбірін талап жатқан жыртқыштар. Ал екіншіден, жеңетін себебіміз — Совет өкіметі бүкіл дүние жүзінде үздіксіз өсіп келеді. Бұл туралы біз газеттен оқымаған бірде-бір күн болған жоқ. Бүгін біз баспасөздің американ радио бюросының Лионнан жіберген хабарын оқыдық: комиссияда 10 адам болып мәжіліс құрған бұл адамдар комиссияны ықшамдап, қазір 4 адам: Вильсон, Ллойд Джордж, Клемансо және Орландо[59] болып сөйлесіп жатқан көрінеді. Торт ұлттың көсемдері, бұлардың өздері де келісе алмай жатқан көрінеді: Англия мен Америка көмір өндіруден түсетін пайданы Францияға беруге риза емес. Бұлар — бүкіл дүние жүзінен олжаны талап алып, қазір өзара келісе алмай отырған жыртқыштар. Бұл төрт адам, құдай сақтасын, сөз тарап кетпесін деп төртеуден құрылған топта томаға тұйық отыр,— олардың бәрі де ұлы демократтар,— бірақ олардың өздері сөз таратуға себепші болып, көмірден түсетін пайданы беруге өздерінің риза емес екендігі туралы радиомен хабар жіберіп отыр. Француз әскери тұтқындарын көрген бір француз жолдас маған бұл әскери тұтқындардың не дейтінін айтты: «Бізге немістермен күресу үшін Россияға бару керек деді, өйткені немістер біздің елімізді тұншықтырды. Бірақ қазір Германиямен уақытша келісім жасалды ғой, сонда мен кімге қарсы күресуге барамын?». Бұл туралы оған бір сөз де айтпапты. Міне, өзіне-өзі мұндай сұрақты қойып жүрген осындай адамдардың саны күннен-күнге миллион-миллиондап өсуде. Бұл адамдар империалистік соғыстың сұмдықтарын басынан кешірген, сондықтан олар: «Біз не үшін соғысуға бара жатырмыз?» дейді. Егер оларға бұдан бұрын большевиктер астыртын листоктар арқылы өздерінің не үшін соғысуға баратындығын үйреткен болса, енді империалистер: Англия көмірден түсетін

пайданы Францияға беруге риза емес деп радиотелеграмма жіберіп отыр. Сонымен, бір француз журналисінің айтқанындай-ақ, олар бұл мәселені шешуге әуреленіп, бір бөлмеден екінші бөлмеге босқа секеңдеп жүр. Олар кімге көп беру керек екенін шешуде, сөйтіп бес ай бойы өзара жұлқысуда; олар тіпті өзін өзі ұстай алмайтын дәрежеге дейін жетті, сондықтан бұл жыртқыштар тек бір ғана құйыршығы қалғанша жұлқысатын болады. Сондықтан біз былай дейміз: біздің халықаралық жағдайымыз алғашқы уақытта нашар болғандығы соншалық, олар бізді бірнеше аптаның ішінде жаныштап тастай алатын еді, ал қазір, олар олжаны өзара бөлісе алмай жатқан кезде, олар өздерін өздері жұлқылай бастаған кезде,— міне бұл кезде біздің жағдайымыз жақсарып отыр. Олар солдаттарға: Германияны жеңіңдер, сонда құлақ естімеген пайда табасыңдар деп уәде етуде. Олар Германиядан 60 миллиард алу керек пе немесе 80 миллиард алу керек пе деп таласуда. Әсіресе, егер мұны жұмысшыға немесе шаруаға айтатын болсақ, бұл мәселе өте-мөте принципті, өте-мөте қызықты мәселе. Бірақ, егер олар ұзақ уақыт таласатын болса, онда олар бірде бір миллиард ала алмайды. Бәрінен гөрі қызығы, міне, осы!

Ешбір асыра айтпай-ақ, тіпті социалистер ретінде ғана емес, ал өзімізге қарсы келе жатқан күштерді жай байсалды түрде салмақтай отырып қана біз өзімізге: Совет республикасының жағдайы күн сайын емес, сағат сайын жақсарып келеді дейтін себебіміз осы. Жаулар өзара бітісе алмайды. Олар жеңгеннен бері бес ай өтті. Сонда да олар бітім жасасқан жоқ. Француз палатасы жақында соғыс дайындығына арнап жаңадан жүздеген миллион қаржы бөлуге дауыс берді. Олар өз көрін өздері қазуда, ал олардың өз ішінде — оларды осы көрге салып, жақсылап көметін адамдар қазірдің өзінде бар. (Қол шапалақтау.) Мұның себебі — советтік қозғалыс барлық елдерде өсіп келеді, ал венгр революциясы мынаны дәлелдеді: біз тек өзіміз үшін ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі Совет өкіметі үшін де күресеміз дегенде, мұнда қызыл әскерлердің қаны аштыққа ұшыраған жолдастар үшін ғана төгілмей, бүкіл дүние жү-

зінде Совет өкіметінің жеңіп шығуы үшін де төгіліп жатқандығын,— Венгрияның мысалы мұның көрегендік пен уәде ғана емес, қайта мұның тікелей шындық екендігін көрсетті.

Венгрияда революция мүлде ерекше болды. Венгрдің Керенскийі, мұны онда Карольи деп атайды, отставкаға өзі шықты, ал венгр келісімпаздары — меньшевиктер мен эсерлер — венгрдің таңдаулы коммунистерінің бірі, венгр Бела Кун жолдас отырған түрмеге бару керек екендігін түсінді. Олар түрмеге келіп, оған: «Сізге өкіметті қолға алуға тура келеді!» — деді. (Қол шапалақтау.) Буржуазиялық үкімет отставкаға шықты. Венгрияның буржуазияшыл социалистері, меньшевиктер мен эсерлер, венгр большевиктерінің партиясына қосылып, біртұтас партия, біртұтас үкімет құрған. Бела Кун жолдас, біздің жолдасымыз және Россиядағы большевизмнің практикалық жолынан толық өткен коммунист, мен онымен радио арқылы сөйлескенде былай деді: «Үкіметте көпшілік мен жағында емес, бірақ мен жеңіп шығамын, өйткені бұқара мені жақтайды және Советтер съезі шақырылып отыр». Мұның өзі — бүкіл дүние жүзілік-тарихи төңкеріс.

Советтік Россия туралы: «Онда ешқандай өкімет жоқ, жай әншейін анархия, ондағылар жай төбелесшілер» деп осы уақытқа дейін Европаның барлық жұмысшыларына өтірік айтылып келді. Таяуда француз министрі Пишон Советтік Россия туралы былай деп мәлімдеді: «Бұл — анархия, олар — зорлықшылар, узурпаторлар!».— «Россияға қараңдаршы,— деді неміс меньшевиктері өз жұмысшыларына: — онда соғыс, аштық, күйзеліс! Социализм үшін сіздер осыны тілейсіздер ме?» Сөйтіп, олар жұмысшыларды осылай деп қорқытты. Ал Венгрия мүлде басқаша туатын революцияның мысалын көрсетті. Күмән жоқ, Венгрияның буржуазияға қарсы ауыр күресті басынан кешіруіне тура келеді — бұл сөзсіз. Бірақ факт мынадай: бұл жыртқыштар, ағылшын және француз империалистері, Венгрияда революцияның болатындығын алдын-ала сезген кезде, олар оны жойғысы келді, оны жарық дүниеге келтірмеуге тырысты. Біздегі жағдайдың қиын болған себебі — бізге Совет өкіметін

патриотизмге қарсы туғызуға тура келді. Патриотизмді қиратып, Брест бітімін жасасуға тура келді. Мұның өзі мейлінше жанталасқан және аласұрған қан төгіс қирату болды. Көршілес елдердегі буржуазия кімнің басқаруы керек екендігін көрді. Совет басқармағанда, кім басқармақ? Мұның өзі ескі уақыттағыдай болды, ол кезде корольдер, патшасымақтар, князьдар өз өкіметінің әлсірегендігін көргенде: «Конституция керек, басқаруға буржуазия келсін!» деген әуенге көшетін. Ал егер король әлсірейтін болса, онда ол пенсия немесе жылы орын алатын. Бұдан 50—60 жыл бұрын корольдер мен патшасымақтардың басынан кешіргенін қазіргі бүкіл дүние жүзілік буржуазия бастан кешіріп отыр. Ағылшын және француз империалистері венгр капиталистеріне құлақ естімеген талаптар қойған кезде, венгр капиталистері былай деді: «Біз соғыса алмаймыз. Халық біздің соңымыздан ермейді, бірақ біз, венгр патриоттары ретінде, тойтарыс бергіміз келеді. Сонда қандай өкімет болуға тиіс? — Советтер өкіметі болуға тиіс». Венгр буржуазиясы өзінің ерікті түрде отставкаға шығатындығын және қиын сәтте халықтарды басқара алатын дүние жүзінде бір ғана өкімет бар екендігін,— мұның Советтер өкіметі екендігін бүкіл дүние жүзі алдында мойындады. (Қол шапалақтау.) Міне сондықтан венгр революциясы біздің революцияға қарағанда өзінің мүлде басқаша тууы арқылы Россия жөнінде беймағлұм болған нәрсені: атап айтқанда, большевизмнің ескі парламенттің орнына келетін жаңа пролетарлық, жұмысшы демократиясымен байланысты екенін бүкіл дүние жүзіне көрсетеді. Ол жұмысшыларды алдаған, оларды капиталистік жолмен кіріптарлыққа салған кез еді. Бұрынғы буржуазиялық парламенттің орнына бүкіл дүние жүзілік Совет өкіметі келе жатыр, бұл өкімет барлық жұмысшылардың тілектестігіне ие болды, өйткені бұл өкімет — еңбекшілердің өкіметі, өздері үстемдік ететін, өздері басқаратын миллиондардың өкіметі. Бәлкім, олар, Россиядағы біз сияқты, нашар басқаратын болар, бірақ біз адам айтқысыз қиын жағдайларда отырмыз ғой. Буржуазия соншалық жанталаса қарсыласпайтын мемлекетте Совет өкіметінің міндеттері жеңілдеу бол-

мақ, ол өкімет Керенский және империалист мырзалар бізді қолдануға мәжбүр еткен күштеусіз, қанды жолсыз жұмыс істей алады. Біз бұдан да гөрі ауыр жолдан өте аламыз. Басқа елдерге қарағанда Россияның үлесіне анағұрлым үлкен құрбандықтар тисе тие берсін. Бізге бұрынғы күйзеліс мұра болып қалып отырғанда, мұның өзі таңқаларлық нәрсе емес. Басқа елдер өзгеше жолмен, анағұрлым адамшылық жолмен келмек, бірақ бәрібір нақ сол — Совет өкіметіне келеді. Міне сондықтан да Венгрия мысалының шешуші маңызы болмақ.

Адам тәжірибеден үйренеді. Совет өкіметінің дұрыстығын сөзбен дәлелдей алмайсың. Жалғыз Россияның мысалы бүкіл дүние жүзі жұмысшылары үшін түсінікті бола қоймады. Олардың бәрі Россияда Совет орнағанын білді,— олардың бәрі Советті жақтады, бірақ олар қанды күрестің сұмдықтарынан қорықты. Венгрия мысалының пролетариат бұқарасы үшін, Европа пролетариаты мен еңбекші шаруалары үшін шешуші маңызы бар: қиын сәтте Совет өкіметінен басқа өкімет елді басқара алмайды.

Біз қарт адамдардың: «Балалар өсті, балалар адам болды, енді өлсем де болады» деген сөздерін еске түсіреміз. Біз өлгелі отырғанымыз жоқ, біз жеңіске жетеміз, бірақ біз қазірдің өзінде Совет өкіметі болып отырған Венгрия сияқты жеткіншекті көргенде, былай дейміз: біз өз ісімізді орыстық көлемде ғана емес, сонымен қатар халықаралық көлемде де тындырдық, толық жеңіп шығу үшін, орыс және венгр Совет республикаларына халықаралық Совет республикасы қосылуы үшін — оның қалай қосылатынын біз көреміз де — біз бел қайыстыратын ауыр қиыншылықтардың барлығына да төтеп береміз. (Қол шапалақтау.)

«Правда» №№ 76, 77, 9, 10 апрель, 1919 ж.

«Жұмысшы және қызыл әскер депутаттарының Москва Советі мәжілістерінің стенографиялық есептері. 1919 жылдың бірінші жарты жылдығы (13 январь — 1919 ж.— 10 июнь)». М., 1919 деген кітаптың текстімен салыстырылған стенограмма бойынша басылып отыр

2

СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

РСФСР-дің жұмысшы табы мен шаруалары өкілдерінің жиналысы Совет республикасының ерекше ауыр күйге аяқ басқанын мәлімдейді. Антанта бізді әскери күшпен жаныштап тастауға ақырғы рет жанталасып әрекет етуде. Көктем айларында азық-түлік жайы өте қиын болып отыр, транспорт сұмдық бүлінген.

Сондықтан күш-жігерді барынша сарқа жұмсау ғана бізді сақтап қала алады. Жеңіп шығуымыз мүмкін. Венгриядағы революция Батыс Европада советтік қозғалыстың өсіп келе жатқанын, ол қозғалыстың жеңіп шығуының алыс емес екенін біржолата дәлелдеді. Бүкіл дүние жүзінде біздің одақтастарымыз көп, өзіміздің білетінімізден де көп. Бірақ жауды жеңу үшін өте ауыр төрт-бес айға шыдап бағу керек.

Жиналыс сөз жүзінде Совет өкіметі жағында болатын, немесе Антантаның соғыс ашып қол сұғуына қарсы болып, стачканы жақтап немесе азамат соғысын тоқтатуды жақтап (біз барлығына бітім жасасуды ұсынып отырсақ та[60]!) немесе еркін саудаға кеңшілік жасауды жақтап және тағы сондайларды жақтап үгіт жүргізетін, ал *іс жүзінде ақ гвардияшыларға жәрдемдесіп отырған* солшыл эсерлерді*, меньшевиктерді және оңшыл эсерлерді аяусыз айыптайды.

---

* Қолжазбаның бірінші парағы сақталмаған. «Солшыл эсерлер» деген сөздерге дейінгі текст машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр. *Ред.*

Жиналыс біздің қиын күресімізде өзімізге көмектесуге әзір тұрған барлық меньшевиктер мен эсерлерге біз олардың Совет республикасының азаматтары ретіндегі бостандығын толық қамтамасыз етуді қорғаймыз деп мәлімдейді.

Бірақ жиналыс «Всегда Вперед!»[61] пен «Дело Народаның»[62] әдеби және саяси топтары сияқты *іс жүзінде* біздің күресімізге кедергі жасайтын, іс жүзінде ақ гвардияшыларға *жәрдемдесіп* отырған меньшевиктер мен эсерлерге аяусыз күрес жариялайды.

Жиналыс барлық жұмысшыларды, барлық жұмысшы ұйымдарын, барлық еңбекші шаруаларды Совет өкіметінің жауларына тойтарыс беру үшін, оны қорғау үшін, азық-түлік және транспорт жұмысын күшейту үшін барлық күш-жігерді сарқа жұмсауға шақырады.

1. Алдыңғы қатарлы адамдар қалжырағандықтан, олардың орнына орташаларды, яғни алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен шаруалардан гөрі тәжірибесі аз адамдарды тарту керек.

2. Алдыңғы қатарлы адамдарды да, бұқаралық қызметкерлерді де азық-түлік ісіне, транспортқа және әскердегі жұмысқа жіберуді үсті-үстіне күшейте түсу керек.

3. Жұмысты жақсарту және бюрократизмді, соз бұйдаға салушылықты, кеңсешілдікті жою мақсатымен саналы жұмысшылар мен шаруаларды Қатынас жолдары халық комиссариатында және Мемлекеттік бақылауда жұмыс істеуге тарту күшейтілсін.

4. Астық өндіруді күшейту үшін егіншілікке, огород салуға, деревняға, Украинаға, Донға және тағы сол сияқты жерлерге халқы ашығып отырған қалалардан мүмкіндігінше көп күш жіберілсін.

Орта шаруа жиі-жиі зәбір шегіп жүрген қиянаттарға қарсы күресу үшін, оған жолдастық жәрдем көрсету үшін, осы бірден-бір дұрыс саясатты жүргізгісі келмейтін немесе оны түсінбейтін совет қызметкерлерін орындарынан тайдыру үшін барлық күш-жігер орта шаруаға көмектесуге жұмсалатын болсын.

5. Қажығандықтың, тұрлаусыздықтың, қобалжушылықтың барлық көріністеріне қарсы күресу керек, мұн-

дай босаңдық көрсететіндерді қалай да жігерлендіріп және рухтандырып, олардың саналылығын және жолдастық тәртібін күшейтіп отыру керек. Орыс жұмысшы табы мен шаруалары қисапсыз көп бейнет шекті. Соңғы айлар шамадан тыс өте ауыр айлар болып отыр. Бірақ жиналыс мынаны мәлімдейді: жұмысшылардың жігері жасыған жоқ, жұмысшы табы өз міндетін атқарып келеді, ол барлық қиыншылықтарды жеңіп, Советтік социалистік республиканың Россияда да және бүкіл дүние жүзінде де жеңісін қайткен күнде де қорғап қалады.

1919 ж. кеш дегенде 3 апрельде жазылған

Бірінші рет машинкада басылған көшірмемен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

3
СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚАРАР

Совет республикасы барлық халықтардың алдында бола отырып жүргізген ауыр және даңқты күресінде өз өмірінің ең қиын кезеңіне аяқ басып отыр. Алдағы айлар дағдарыс айлары болмақ. Антанта бізді қарудың күшімен жаныштау үшін ақырғы рет жанталаса күш жұмсап отыр. Азық-түлік жағдайы өте-мөте шиеленісуде. Транспорт қатты бүлінген.

Бізді тек күшімізді барынша сарқа жұмсау ғана сақтап қала алады. Алайда, жеңіп шығуымыз әбден ықтимал. Венгриядағы революция Европада совет қозғалысының тез өсіп отырғандығын және оның алдағы уақытта жеңіп шығатындығын біржолата дәлелдеп берді. Дүние жүзінің барлық елдерінде біздің одақтастарымыз өзіміздің болжауымыздан гөрі көп. Біздің толық жеңіп шығуымызға дейін тек тағы да 4 немесе 5 ай бойы шыдауымыз қажет, бұл айлардың ең қатерлі және қиын айлар болуы мүмкін. Міне осындай күндерде, өздерін меньшевиктер, солшыл және оңшыл эсерлер деп атайтын есерсоқтар мен авантюристер, сөз жүзінде Совет өкіметіне қосыла отырып, Антантаның соғыс ашып қол сұғуына қарсы наразылық көрсете отырып, стачканы жақтап, немесе еркті саудаға кеңшілік жасауды жақтап, немесе азамат соғысын тоқтатуды жақтап үгіт жүргізеді, олар біздің барлық елдерге бітім жасасуды ұсынғанымызды, біздің соғысымыздың — әділетті, заңды, амалсыз қорғаныс екендігін ұмытады. Анығында, бұл үгіт ең ақырғы күшін салып бізге апат дайындап

жатқан ақ гвардияшыларға мейлінше белсенді және шын көмек көрсету болып табылады. Жиналыс халықтың бұл жасырын жауларын аяусыз әшкерелейді.

Жиналыс біздің қиын күресімізде өзімізге шын көмектесуге дайын меньшевиктер мен эсерлердің барлығына: жұмысшы-шаруа өкіметі оларға толық бостандық береді және оларға Совет республикасы азаматтары праволарының барлығын түгел қамтамасыз етеді деп мәлімдейді.

Жиналыс Совет өкіметінің міндеті — қазіргі уақытта «Всегда Вперед!» пен «Дело Народаның» әдеби және саяси топтары сияқты шындығында біздің күресімізге кедергі жасап, біздің қас дұшпандарымыздың одақтастары болып отырған меньшевиктер мен эсерлерге қарсы аяусыз шайқасу болып табылады деп жариялайды. Жиналыс барлық жұмысшы ұйымдарын, пролетарлар мен еңбекші шаруалардың барлығын Совет өкіметінің жауларына тойтарыс беру үшін, оны қорғау үшін, сондайлық азық-түлік пен транспортты ретке келтіру үшін барлық күштерін сарқа жұмсауға шақырады.

Бұл үшін жиналыс мыналарды жүзеге асыру қажет деп санайды:

1) Алдыңғы қатарлы адамдар қалжырағандықтан олардың орнына орташаларды, яғни алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен шаруалардан гөрі осы таптардың тәжірибесі аз окілдерін тарту керек.

2) Алдыңғы қатарлы адамдарды да, бұқаралық жұмысшыларды да азық-түлік ісіне, транспортқа, әскердегі жұмысқа жіберуді үсті-үстіне күшейте түсу керек.

3) Жұмысты жақсарту және кеңсешілдік пен соз бүйдаға салушылықты жою мақсатымен саналы жұмысшылар мен шаруалар Қатынас жолдары халық комиссариатында, Мемлекеттік бақылауда жұмыс істеуге мүмкіндігінше көбірек тартылсын.

4) Астықты жәно басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді күшейту үшін деревняларға — огород салуға, Украинаға, Донға және басқа сондай жерлердегі ауыл шаруашылық жұмыстарына халқы ашығып отырған қалалардан мүмкіндігінше көп күш жіберілсін.

5) Орта шаруаға көмек көрсету үшін және орта шаруа жиі-жиі зәбір шегіп жүрген қиянаттарды жою үшін, оған жолдастық көмек көрсету үшін барлық күш жұмсалатын болсын. Бұл бірден-бір дұрыс саясатты түсінбейтін немесе оны жүзеге асыра білмейтін совет қызметкерлері дереу орындарынан алынуға тиіс.

6) Қажығандықтың, тұрлаусыздықтың және қобалжушылықтың барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізу жұрттың барлығы үшін күн тәртібіне қойылып отыр. Жұрттың жүрегіне сергектік сезімін ұялату керек, еңсесін көтеріңкі ұстауға шақыру керек, саналылықты арттырып, жолдастық тәртіпті нығайту керек.

Россияның жұмысшы табы мен шаруалары адам айтқысыз бейнеттерді басынан кешірді. Олардың көрген азабы соңғы айларда бұрынғыдан бетер ауырлай түсті. Бірақ жиналыс мынаны мәлімдейді: жұмысшылардың жігері жасыған жоқ, жұмысшы табы бұрынғысынша өз міндетін атқарып келеді, ол барлық қиыншылықтарды жеңетініне толық сенеді, ол Советтік социалистік республиканың Россиядағы және бүкіл дүние жүзіндегі жеңісін қайткен күнде де қорғап қалады.

«Правда» № 73,
4 апрель, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА КӨМЕКТЕСУ ТУРАЛЫ ПЕТРОГРАД ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ

Петроградтағы жұмысшы жолдастарға

Жолдастар! Шығыс майданындағы жағдай өте-мөте шиеленісіп кетті. Колчак бүгін Воткинск заводын алды, Бугульма күйрегелі тұр; сірә, Колчактың әлі де ілгерілеуі мүмкін.

Қауіп өте зор.

Біз бүгін Халық Комиссарлары Советінде Шығыс майданына[63] көмектесу жөнінде бірқатар шұғыл шаралар қабылдаймыз, үгітті күшейте бермекпіз.

Біз Питер жұмысшыларынан *жұрттың бәрін аяғынан тік тұрғызуды, барлық күшті* Шығыс майданына көмек беруге *жұмылдыруды* сұраймыз.

Онда жұмысшы-солдаттар өз күнін өзі көреді және азық-түлік жіберу арқылы өз семьяларына да көмектесе алады. Ең бастысы,— онда революцияның тағдыры шешіліп жатыр.

Шығыс майданында жеңіске жетсек, *біз соғысты бітіреміз,* өйткені *шетелден бұдан әрі ақтарға көмек болмайды.* Оңтүстікте біз жеңіске жеткелі отырмыз. Онда толық жеңіп шыққанға дейін оңтүстіктен күштерді алуға болмайды.

Сондықтан *Шығыс майданына көмекке жұмылайық!*

Совдеп те, кәсіптік одақтар да,— барлық күшті жұмылдыруға тиіс, жұрттың бәрін аяғынан тік тұрғызуға, Шығыс майданына барынша көмектесуге тиіс.

Жолдастар, Питер жұмысшыларының бүкіл Россияға үлгі көрсететіндігіне мен сенемін.

Коммунистік сәлеммен
Ленин

Москва, 10 апрель, 1919 ж.

«Петроградская Правда» № 81, 12 апрель, 1919 ж.

«Петроградская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

В. И. Лениннің «Шығыс майдандағы жағдайға байланысты РКП(б) Орталық Комитетінің тезистері» деген қолжазбасының бірінші беті. —1919 ж.

Кішірейтілген

ШЫҒЫС МАЙДАНДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ТЕЗИСТЕРІ

Колчактың Шығыс майдандағы жеңістері Совет республикасы үшін өте-мөте қатерлі жағдай туғызып отыр. Колчакты талқандау үшін бар жігерді салып күш жұмсау қажет.

Сондықтан Орталық Комитет партия ұйымдарының бәріне ең алдымен төмендегі шараларды жүзеге асыруға барлық күш-жігерді жұмсауды ұсынады; жұмысшы табының ең қалың бұқарасын ел қорғауға белсенді түрде қатыстыру үшін бұл шараларды партия ұйымдары да, әсіресе кәсіптік одақтар да жүзеге асыруға тиіс.

1. 1919 жылғы 11 апрельде жарияланған мобилизацияны барлық жағынан қолдау керек.

Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 10 апрельдегі декреті бойынша жарияланған мобилизация ісіне ең таяу арада, ешбір кідіртпей, нағыз жігерлі жәрдем көрсету үшін, партия мен кәсіптік одақтардың барлық күштері дереу жұмылдырылуға тиіс.

Мобилизацияланатындар кәсіптік одақтардың бұл іске жұмылып қатысуын көзбен көретіндей және оларды жұмысшы табының қолдайтынын сезетіндей жағдайға дереу жету керек.

Әсіресе, мобилизацияланатындардың бәрі және әрқайсысы ол дереу майданға жөнелтілсе азық-түлік жағынан тәуір қамтамасыз етілетінін, өйткені, біріншіден, майдан маңындағы астықты аудандарда солдаттардың азық-түлік жайы тәуір екенін, екіншіден, ашаршылыққа ұшыраған губернияларға апарылатын астық жан

саны жағынан азғантай адамдарға үлестірілетіндігін, үшіншіден, майдан маңындағы жерлерден қызыл әскерлердің еліндегі семьясына азық-түлік посылкасын жіберу ісі кең түрде ұйымдастырылатындығын ұғатын ету керек.

Орталық Комитет әрбір партия ұйымы мен әрбір кәсіподақ ұйымынан мобилизация ісіне және мобилизацияланатындарға қандай жәрдем көрсеткені туралы апта сайын, ең қысқаша түрде болса да, есеп беріп тұруды талап етеді.

2. Майдан маңындағы жерлерде, әсіресе Поволжьеде, кәсіптік одақтардың барлық мүшелерін тегіс қаруландыру ісін, ал қару жеткіліксіз болған күнде, оларды Қызыл Армияға түрліше жәрдем көрсетуге, қатардан шығып қалғандардың орнына жіберуге, т. с. тегіс мобилизациялау ісін жүзеге асыру керек.

Кәсіптік одақтар өздерінің барлық мүшелерінің 50 процентін дереу мобилизациялау туралы өздері қаулы еткен Покровск сияқты қалалардың ісі бізге үлгі болуға тиіс. Астаналар және фабрика-завод өнеркәсібінің аса ірі орталықтары Покровскіден қалмауға тиіс.

Кәсіптік одақтар барлық жерлерде, өздерінің күштері және құралдарымен, туған жерінде өте қажет еместердің бәрін Волга мен Урал өлкесін қорғау жолындағы күреске жөнелту үшін өз мүшелерін тағы да тексеріп тізімге алуға тиіс.

3. Үгітті күшейту, әсіресе мобилизацияланатындардың, мобилизацияланғандардың және қызыл әскерлердің арасындағы үгітті күшейту ісіне нағыз айтарлықтай көңіл бөлінуге тиіс. Үгіттің әдеттегі әдістерімен, лекциялармен, митингілермен, тағы сондайлармен қанағаттанбау керек, топ-топ, жеке-жеке жұмысшылар арқылы қызыл әскерлер арасында үгітті күшейту керек, жай жұмысшылардың, кәсіптік одақ мүшелерінің осындай топтарына казармаларды, қызыл әскер бөлімдерін, фабрикаларды бөліп беру керек. Кәсіптік одақтар өздерінің әрбір мүшесінің үгіт жүргізу үшін үйлерді аралауға, листоктар таратуға, ауызекі әңгімелер жасауға қатысуын тексеріп отыру ісін ұйымдастыруға тиіс.

4. Қызметші-еркектердің бәрін әйелдермен ауыстыру керек. Мұның үшін партия ұйымында да, кәсіптік одақ ұйымында да жаңадан тізімге алу жұмысы жүргізілсін.

Кәсіптік одақтардың барлық мүшелері үшін және барлық қызметшілер үшін ерекше карточка ашылып, әркімнің Қызыл Армияға жәрдемдесу ісіне қатысқан-қатыспағаны туралы белгі қойылып отырсын.

5. Кәсіптік одақтар, фабрика-завод комитеттері, партия ұйымдары, кооперативтер, т. с. арқылы дереу жергілікті орындарда да, орталықта да *көмек бюролары* немесе *жәрдемдесу комитеттері* құрылсын. Олардың адрестері жариялануға тиіс. Олар туралы халық кең түрде хабарлануы керек. Мобилизацияланатын әрбір адам, әрбір қызыл әскер, оңтүстікке, Донға, Украинаға азық-түлік жұмысына барғысы келетіндердің әрқайсысы жұмысшы мен шаруаға осындай жақын және олардың қолы жететін көмек бюросында немесе жәрдемдесу комитетінде кеңес, нұсқау алатындығын, әскери мекемелермен, т. т. қатынас жасауы жеңілдейтіндігін білуге тиіс.

Мұндай бюролардың ерекше міндеті *Қызыл Армияны жабдықтау* ісіне көмектесу болуға тиіс. Егер армиямызды қарумен, киіммен және басқалармен жабдықтау ісін жақсартсақ, біз оны өте-мөте көбейте аламыз. Ал халықтың қолында тығулы жатқан немесе армия үшін пайдаланылмаған қарулар әлі де аз емес. Армияға қажетті түрлі заттардың фабрикалық запастары аз емес, сондықтан оларды жылдам тауып, армияға жөнелту керек. Армияны жабдықтау ісімен шұғылданатын әскери мекемелерге халықтың өзі тарапынан дереу, мол, нақты жәрдем көрсетілуге тиіс. Барлық күшті салып, осы міндетті қолға алу керек.

6. Кәсіптік одақтар арқылы шаруаларды, әсіресе егіншілікті кәсіп етпейтін губерниялардың шаруа жастарын Қызыл Армия қатарына және Донда, Украинада азық-түлік отрядтары мен азық-түлік армиясын құруға кең түрде тарту ісі ұйымдастырылуға тиіс.

Бұл істі еселеп өрістетуге болады, өрістету керек те; бұл іс әрі астаналардың және егіншілікті кәсіп етпейтін

губерниялардың ашыққан халқына жәрдем болады, әрі Қызыл Армияны күшейтуге көмек болады.

7. Меньшевиктер мен эсерлер жөнінде, қазіргі жағдайда, партияның бағыты мынадай: әдейі немесе аңғармай Колчакқа жәрдемдесетіндерді түрмеге жабу керек. Біз өзіміздің республикамызда Колчакқа қарсы күресте бізге ісімен жәрдемдеспейтін еңбекші адамдарға төзіп отыра алмаймыз. Бірақ меньшевиктер мен эсерлердің ішінде осындай жәрдем көрсеткісі келетін адамдар бар. Мұндай адамдарға көбінесе тылда Қызыл Армияға техникалық жағынан көмектесу жөнінде практикалық жұмыстар бере отырып, бұл жұмысты қатаң тексере отырып, ол адамдарды көтермелеу керек.

Орталық Комитет партияның барлық ұйымдарынан және барлық кәсіптік одақтардан, ескі дағдыларға қанағаттанбай, жұмысты революциялық жолмен қолға алуды өтінеді.

Біз Колчакты жеңе аламыз. Біз тез де түпкілікті жеңіп шыға аламыз, өйткені біздің оңтүстіктегі жеңістеріміз және күн сайын тәуірленіп келе жатқан, біздің пайдамызға қарай өзгеріп келе жатқан халықаралық жағдай біздің мерейіміздің түпкілікті үстем болуына кепілдік беріп отыр.

Барлық күшті салу керек, революциялық жігерді күшейту керек, сонда Колчак тез талқандалады. Волга, Урал, Сибирь қорғалып, сақталып қалады, солай болуға тиіс те.

РКП(б) Орталық Комитеті

1919 ж. 11 апрельде жазылған

1919 ж. 12 апрельде «Правда» газетінің 79-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 79-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ СОВЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

11 АПРЕЛЬ, 1919 ж.[64]

Қысқаша есеп 1919 ж.
13 апрельде
«Известия ВЦИК» газетінің
80-номерінде басылған

Бірінші рет 1932 ж. В. И. Ленин
Шығармаларының 2—3-
басылуларында толық
басылған, XXIV том

Стенограмма бойынша
басылып отыр

1

ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА МОБИЛИЗАЦИЯЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Жолдастар, егіншілікті кәсіп етпейтін губернияларда мобилизация жүргізу туралы бүгін жарияланған декретпен, әрине, сіздердің бәріңіз де таныссыздар, сондықтан осы декретті туғызған себептерге менің мұндай жиналыста ұзақ тоқтап жатуымның реті жоқ, өйткені Шығыс майданында Колчактың жеңістерге жетуі салдарынан біздің жағдайымыздың кенеттен өте-мөте ауырлап кеткендігі сіздерге газеттерден әбден мәлім екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Осы соғыс жағдайына байланысты көптен бері үкімет директиваларының бәрі басты күштерді Оңтүстік майданына жұмсауға бағытталғанын сіздер білесіздер. Шынында да, Оңтүстік майданында красновшылдардың күштері көп шоғырланғаны сонша және 1905 жылдан кейін де тап бұрынғысындай монархияшыл күйінде қалған нағыз контрреволюцияшыл казактар ұясының онда берік болғандығы сонша, Оңтүстік майданында жеңіске жетпейінше орталықта Советтік пролетарлық өкіметті ешқандай нығайту туралы сөз болуы да мүмкін емес еді. Одақтас-империалистердің нақ оңтүстіктен, Украинадан, шабуыл жасауға әрекеттенгендігіне, сөйтіп Совет республикасына қарсы Украинаны тірек пункті еткісі келгендігіне байланысты Оңтүстік майданының маңызы біз үшін соғұрлым күшейе түсті, сондықтан да әскери міндеттердің бәрін Оңтүстік майданына көбірек көңіл бөлу, көбірек күш бөлу негізінде құрғандығымызға біздің өкінуімізге тура келмейді. Біз

бұл жөпінде қателескен жоқпыз ғой деп ойлаймын. Сонан соң, Одессаның алынғандығы туралы соңғы хабарлар және Симферополь мен Евпаторияның алынғандығы туралы бүгінгі хабар онда жағдайдың мынадай болғанын, соғыстың өн бойында басты шешуші роль атқарған осы ауданның — міне осы ауданның қазір тазартылғанын көрсетіп отыр.

Төрт жылдық империалистік соғыстан кейін бізге азамат соғысын жүргізу қаншама адам айтқысыз қиындыққа түсетіндігін, бұқараның қаншама қажығандығын, екі жыл бойы азамат соғысын жүргізе отырып, жұмысшылардың қазір жасап отырған құрбандықтарының қаншалық қисапсыз көп екенін сіздер өте жақсы білесіздер. Соғысты біздің зор күш жұмсаумен ғана жүргізіп жатқандығымызды сіздер білесіздер. Сондықтан күштердің бәрін Оңтүстік майданына шоғырландыру Шығыс майданының қатты әлсіреуіне әкеп соқты. Біз Шығыс майданына қосымша күш бере алмадық. Шығыс майданындағы армия құлақ естімеген ауыртпалықтар мен құрбандықтарға душар болды. Ол айлар бойы күресті, бірталай қызметкер-жолдастар телеграммаларында соғысып жатқан қызыл әскерлердің мұндай ауыртпалықтарды көтере беруі төзгісіздей ауырлап барады деп хабарлады. Мұның нәтижесінде—Шығыс майданында шектен тыс күш жұмсалды. Оның бер жағында Колчак патшалық тәртіптің немесе таяқ тәртібінің күшімен Сибирь халқын—шаруаларды мобилизациялады. Армияға басшылар ретінде офицерлерді және бүкіл контрреволюцияшыл буржуазияны топтастыруға мүмкіндігі болғандықтан, ол бұрынғы майдангерлерді өз армиясынан шығарды. Офицерлер мен буржуазияға сүйене отырып, Колчак соңғы кезде Шығыс майданында бірсыпыра жеңістерге жетті; оның бұл жеңістері Волгаға қауіп төндіріп, бізді былай деуге мәжбүр етеді: Колчакты кейін серпіп тастау үшін бізге күшті орасан көп жұмсауға тура келеді. Ал бұл күштерді осы жақтан беруге тура келеді, өйткені оларды біз оңтүстіктен жібере алмаймыз,—егер жіберсек, онда мұнымыз оңтүстіктегі басты жауды ақырына дейін құртпай қалдыру болып шығар еді.

Оңтүстіктегі және Дондағы жеңістерімізден кейін, халықаралық жағдайға байланысты, біздің жалпы жағдайымыз күн сайын жақсарып келеді. Біздің халықаралық жағдайымыздың жақсарып келе жатқандығы жөнінде жақсы лебізді хабарлар келмейтін бірде-бір күн жоқ.

Бұдан үш ай бұрын ағылшын, француз және американ капиталистері орасан зор күш болып көрініп қана қоймай, сонымен қатар орасан зор күш болған да еді, егер сол кезде өздерінің орасан зор материалдық күштерін бізге қарсы пайдалануға олардың жағдайы келген болса, онда, әрине, бұл күш бізді жаныштап жіберген болар еді. Олар мұны істей алатын еді. Қазір біз олардың мұны істемегендігін және енді істей алмайтындығын айқын көріп отырмыз. Олардың Одессадағы соңғы жеңілісі мынаны айқын көрсетеді: империалистердің материалдық күші қаншама зор болса да, таза әскери тұрғыдан қарағанда олар Россияға жасаған жорықта толық күйреп отыр. Егер Европаның қақ ортасында Совет республикаларының барын және советтік форма бой бермей өсіп бара жатқандығын еске алатын болсақ, онда жағдайды мейлінше байыпты талдай келіп, ешбір асырып айтпай-ақ, біздің жеңісіміз халықаралық көлемде әбден қамтамасыз етілді деуге болады.

Егер іс тек осындай ғана болатын болса, біз мұны мейлінше байсалды түрде айта алар едік, бірақ Колчактың соңғы жеңістерін ескерсек, онда былай деу керек: оның әскерлерін талқандау үшін бізге тағы да бірнеше ай бойы зор күш жұмсауға тура келеді. Күмән жоқ, біз тек ескі әдістермен ғана бұл міндетті орындай алмаймыз, ал бізде Совет өкіметінің бір жарым жыл өмір сүрген уақыты ішінде мүлде әдетке айналған әдістер, мүмкін, кейбір кезде тіпті кертартпа әдістер пайда болды, олар жұмысшы табының алдыңғы қатарлы тобының күш-жігерін едәуір сарқып тастады. Жұмысшы табының кейбір топтарында мейлінше қалжырағандықтың сезілетіндігін, күрестің қаншама қиындап бара жатқандығын біз көрмей отырған жоқпыз, бірақ қазір есеп әлдеқайда қарапайым және анық. Тіпті Совет өкіметін

жақтамайтындар үшін де, өздерін саясатта әжептеуір үлкен тұлға деп есептейтіндер үшін де, тіпті солар үшін де біздің жеңісіміз халықаралық көлемде қамтамасыз етілгендігі айқын болып отыр.

Бізге әлі де Колчакқа байланысты азамат соғысының қиян-кескі кезеңін бастан кешіруге тура келіп отыр. Сондықтан біз нақ Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық Орталық Советі—пролетариаттың қалың бұқарасын біріктіретін ең беделді ұйым—өз тарапынан бірнеше айдың ішінде соғысты біржолата аяқтау үшін бізге жәрдемін тигізетін барынша жігерлі бірқатар шаралар ұсынуға тиіс деп ұйғардық. Соғыстың түпкілікті аяқталуы әбден мүмкін, өйткені біздің халықаралық жағдайымыз жақсарып келеді, біз бұл жөнінде мейлінше қамтамасыз етілдік. Біздің европалық және американдық тылымыз ең жақсы жағдайда, бұл туралы біз бұдан бес ай бұрын арман да ете алмаған едік. Бұл арада Вильсондар мен Клемансо мырзалардың бізге көмектесу мақсатына келіп тірелгенін айту керек: олардың дүрдараз болып жатқандығы туралы, біріне-бірі жол бермей есікті тарс жауып тастағысы келетіндіктері туралы хабарларды күн сайын жеткізіп отырған телеграммалар бұл мырзалардың өлердей жанжалдасқанын көрсетеді.

Бірақ халықаралық көлемде біздің ісіміздің ұтқандығы айқын бола бастаған сайын орыс помещиктері мен капиталистері және Уралдың ар жағына қашып кеткен кулактар мейлінше жанталасып, қанышезерлікпен күресуде. Осы қадірі кеткен ағайындастардың бәрі жанталаса күресіп жатыр. Уфада ақ гвардиялық террордың қандай шекке жеткендігі жөніндегі газет хабарларына сіздер, әрине, назар аударған боларсыздар; бұл ақ гвардиялық элементтердің, бұл буржуазияның өзінің ақырғы тәуекелге барып отырғандығында күмән жоқ. Сондықтан буржуазия шектен тыс шүйіліп отыр: ол барынша жанталасқан шабуыл арқылы бізді шешуші Оңтүстік майданынан өз күштеріміздің бір бөлегін басқа жаққа аударуға мәжбүр етеміз деп дәмеленеді. Біз мұны істемейміз, сондықтан біз жұмысшыларға мынаны

ашық айтамыз: мұның өзі біздің Шығыстағы күштерімізді ең ақырғы шегіне дейін сарқа пайдалану қажет деген сөз.

Мен сіздерге бірқатар практикалық шаралар ұсынбақпын, бұл шаралар, менің ойымша, күштерді жаңаша топтастыруға, кәсіптік одақтардың тарапынан нақтылы жаңа міндеттер туғызуға тиіс және мен жаңа ғана өзім қысқаша суреттеп өткен жағдайда бұларды қажетті деп есептеймін. Бұған тағы да тоқталып жатудың қажеті жоқ—бұл жұрттың бәріне мәлім. Мейлінше байыпты түрде пайымдайтын болсақ, бұл жағдай ішкі соғысты да, халықаралық көлемдегі соғысты да бірнеше айдың ішінде аяқтауға мүмкіндік береді. Бірақ осы бірнеше айдың ішінде күшті сарқа пайдалану қажет. Кәсіптік одақтардың алдына қоюға болатын бірінші міндет мынау:

«1. 1919 жылғы 11 апрельде жарияланған мобилизацияны барлық жағынан қолдау керек.

Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 10 апрельдегі декреті бойынша жарияланған мобилизация ісінеең таяу арада, ешбір кідіртпей нағыз жігерлі жәрдем көрсету үшін, партия мен кәсіптік одақтардың барлық күштері дереу жұмылдырылуға тиіс.

Мобилизацияланатындар кәсіптік одақтардың бұл іске жұмылып қатысуын көзбен көретіндей және оларды жұмысшы табының қолдайтынын сезетіндей жағдайға дереу жету керек.

Әсіресе, мобилизацияланатындардың бәрі және әрқайсысы ол дереу майданға жөнелтілсе азық-түлік жағынан тәуір қамтамасыз етілетінін, өйткені, біріншіден, майдан маңындағы астықты аудандарда солдаттардың азық-түлік жайы тәуір екенін, екіншіден, ашаршылыққа ұшыраған губернияларға апарылатын астық жан саны жағынан азғантай адамдарға үлестірілетіндігін, үшіншіден, майдан маңындағы жерлерден қызыл әскерлердің еліндегі семьясына азық-түлік посылкасын жіберу ісі кең түрде ұйымдастырылатындығын ұғатын ету керек...».

Әрине, мен азық-түлік жағдайы туралы бұл арада қысқаша ғана тоқталып өттім, бірақ мұның өзі ең бас-

ты ішкі қиыншылығымыз екендігін сіздердің бәріңіз де түсінесіздер, егер мобилизацияны майдан маңындағы жерлер мен астықты жерлерге тезірек жетумен, мұнда емес, тап сол жердің өзінде жасақтауды ұйымдастырумен байланыстыру мүмкіндігі болмаса,—егер осы мүмкіндік болмаса, онда мобилизация үмітсіз болатындығын, яғни оны ойдағыдай болады деп есептеуге болмайтындығын сіздердің бәріңіз де түсінесіздер. Ал қазір мұндай мүмкіндік бар. Мобилизация бәрінен де гөрі егіншілікті кәсіп етпейтін губернияларда, жұмысшылар мен шаруалар аштықтан бәрінен де көбірек зардап шегіп отырған жерлерде жүргізіліп отыр. Біз оларды, ең алдымен, Донға қарай аттандыра аламыз—қазір бүкіл Дон облысы біздің қолымызда; казактарға қарсы күрес көптен бері жүргізіліп келді, ол жерде алдыңғы шептегі әскер бөлімдерінің ішіп-жемін тікелей ғана емес, азық-түлік посылкаларын көбейту арқылы да жақсарту мүмкіндігі бар. Бұл жөнінде шаралар қолданылды, айына екі рет 20 қадақ мөлшерде азық-түлік посылкаларын жіберуге рұқсат етілді. Бұл жөнінде келісім жасалды. Сонымен, былтырғы жылы бір жарым пұтшылар[65] ретінде жасауға тура келген жеңілдіктерді—енді оларды неғұрлым кең тәсілмен—азық-түлік посылкаларымен салыстыруға болады; бұл посылкалар қызыл әскерлердің мұндағы семьяларына көмек көрсете алады.

Осы сияқты істі дамыта отырып, біз майданға көмек көрсетуді егіншілікті кәсіп етпейтін, азық-түлік жөнінде неғұрлым зардап шеккен ең басты аудандарды азық-түлікпен жабдықтау ісімен ұштастырамыз. Донға қарай жылжу Поволжьеге қарай жылжумен байланысты болатындығы түсінікті; Поволжьеде қазір дұшпан бізге өте ауыр соққы берді, осының салдарынан Волганың ар жағында, шығыста, дайындалған әлде неше миллион пұт астық құрып кетті. Ол жердегі соғыс, шындап келгенде, тікелей астық үшін соғыс болып отыр. Кәсіптік одақтардың міндеті—осы мобилизация әдеттегі нәрсе шеңберінде өтпей, қайта Советтерге кәсіби жәрдем көрсетумен ұштастырылуына қол жеткізу. Мен оқып шыққан әлгі тезисте бұл оншалықты нақтылы айтылмаған.

Мен бұл жан-жақты көмекті алдымен бірқатар үлгілі шаралар арқылы, ал содан кейін осы мобилизацияға тек әскери-азық-түлік шара сипатын ғана емес, сонымен қатар аса ірі саяси қадам сипатын беру үшін, халықаралық көлемде жаңа одақтастардың келуі қамтамасыз етіліп отырғандықтан, оны біздің бірнеше айда соғысты аяқтай алатынымызды түсінетін жұмысшы табының ісіне айналдыру үшін, кәсіптік одақтар барлық күшін жұмылдыра отырып, нақ қалай көмектесуге тиіс екендігі жөнінде нақтылы нұсқаулар мен практикалық жоспар жасау арқылы көрсеткен жөн ғой деп ойлаймын. Мұны тек пролетариат ұйымдары, тек кәсіптік одақтар ғана істей алады. Бұл практикалық шараларды мен атап шыға алмаймын. Меніңше мұны тек кәсіптік одақтардың өздері ғана істей алады. Олар бұл міндетті жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, істі практикалық негізге қоя отырып шеше алады. Біздің міндетіміз—жұмысшы табына негізгі саяси нұсқау беру; жұмысшы табы қайтадан топтасуға тиіс және жаңа ауыртпалыққа душар ететін өте қасіретті ақиқатты, бірақ сонымен қатар қиыншылықтарды қысқа мерзім ішінде жоюға мүмкіндік бере алатын нақтылы және практикалық жолды белгілейтін осы өте қасіретті ақиқатты түсінуге тиіс. Астықты оңтүстікке қарай жұмысшыларды пәрменді түрде аттандыру арқылы біз ондағы күштерді ныгайтамыз, ал егер ақ гвардияшылар мен помещиктердің әскерлері өздерінің шығыстағы жеңістерімен бізді оңтүстікті әлсіретуге мәжбүр етеміз деп есептейтін болса, онда мен бұл олардың қолынан келмейді деп ойлаймын, сондықтан да мен біз оңтүстікті әлсіретпейміз, шығысқа жәрдемдесеміз деп кәміл сенемін. Дұшпан майдангерлерден безе отырып,—өйткені олардан қорқады,— Сибирь жастарын жинап алды және Сибирь шаруаларын аттандырды. Бұл—оның ақырғы таянышы, ақырғы қоры. Оның тірек етері жоқ, адамдары жоқ. Одақтастар оған көмек көрсете алмады. Көмек көрсету олардың қолынан келмеді.

Міне сондықтан мен кәсіптік қозғалыстың өкілдерінен осы мәселеге мейлінше көп көңіл аударуды, сөйтіп мобилизацияны ескіше өткізбеу жағын қарастыруды

өтінемін. Мұның өзі жұмысшы табының орасан зор саяси науқаны,—тек әскери-азық-түлік науқаны ғана емес, сонымен қатар аса ірі саяси науқаны болуға тиіс. Соғыс факторлары мен таптық қатынас тұрғысынан істі мейлінше байыпты түрде есепке алатын болсақ, онда таяудағы бірнеше айда істің тағдырын осының өзі-ақ шешетіндігіне ешкім де күмәнданбайды. Бұл үшін кәсіптік одақтар жұмыстың ескі шеңберлерінде қалып қоймаулары керек. Ескі шеңберлер көлемінде қимыл жасағанда бұл міндетті шешуге болмайды. Бұл арада жаңа ауқым керек. Тек кәсіподақшылдар ретінде ғана емес, сонымен қатар Совет республикасының негізгі мәселесін шешетін революционерлер ретінде қимылдау керек; олар бізде Октябрьде Совет республикасының негізгі мәселесі ретінде—империалистік соғысты аяқтау туралы және социалистік құрылысты бастау туралы негізгі мәселені шешкен болатын. Қазір кәсіптік одақтар нақ революционерлер сияқты қимылдауға тиіс,—Россияда азамат соғысын аяқтау туралы практикалық мәселені шеше отырып, ескі шеңберлерде қалып қоймай, бұқаралық жолмен қимыл жасауға тиіс. Соғыстың аяқталуы өте жақын, бірақ ол өте-мөте қиын. Сонан соң:

«2. Майдан маңындағы жерлерде, әсіресе Поволжьеде, кәсіптік одақтардың барлық мүшелерін тегіс қаруландыру ісін, ал қару жеткіліксіз болған күнде, оларды Қызыл Армияға түрліше жәрдем көрсетуге, қатардан шығып қалғандардың орнына жіберуге, т. с. тегіс мобилизациялау ісін жүзеге асыру керек...

3. Үгітті күшейту, әсіресе мобилизацияланатындардың, мобилизацияланғандардың және қызыл әскерлердің арасындағы үгітті күшейту ісіне нағыз айтарлықтай көңіл бөлінуге тиіс. Үгіттің әдеттегі әдістерімен, лекциялармен, митингілермен, тағы сондайлармен қанағаттанбау керек, топ-топ, жеке-жеке жұмысшылар арқылы қызыл әскерлер арасында үгітті күшейту керек, жай жұмысшылардың, кәсіптік одақ мүшелерінің осындай топтарына казармаларды, қызыл әскер бөлімдерін, фабрикаларды бөліп беру керек. Кәсіптік одақтар өздерінің әрбір мүшесінің үгіт жүргізу үшін үйлерді аралауға,

листоктар таратуға, ауызекі әңгімелер жасауға қатысуын тексеріп отыру ісін ұйымдастыруға тиіс».

Біз қазір, әрине, ескі уақыттағы, өзіміз қуғындалып жүрген немесе өкімет үшін күресуші партия болып жүрген кездегі үгіттің тәсілдерінен біраз тосырқап қалдық. Мемлекеттік өкімет біздің қолымызға орасан зор мемлекеттік аппарат берді, осының жәрдемімен үгіт жаңа жолға қойылды. Үгіт осы бір жарым жылдың ішінде басқаша көлемде жүргізілді, бірақ империалистік соғыс қалдырған, азамат соғысы күшейте түскен сұрапыл күйзеліс жағдайында және Россияның бірталай губернияларын шапқыншылық шарпыған керемет қиындықтар жағдайында біздің үгітіміз істелуге тиісті нәрселерді ешбір істей алмағандығын сіздер білесіздер. Бұрынғымен салыстырғанда үгіт керемет нәрселер істеді, бірақ ол бәрін істей алмады және бұл істі ақырына дейін жеткізе алмады. Шаруалар мен жұмысшылардың орасан көпшілігі қазір үгітпен өте-мөте аз қамтылып отыр. Сондықтан бұл арада ескі шеңберлермен шектеліп қалуға болмайды, бұл үшін қазір мемлекеттік совет органдары бар екен деп сеніп қалуға ешбір болмайды. Егер біз бұған арқа сүйейтін болсақ, біз міндеттерді шеше алмас едік. Бұл жөнінде ескіні еске түсіру керек, жеке адамның инициативасына көп көңіл бөлу керек, осы жеке адамның инициативасы бұқаралық көлемде қолданылатын болса, біз бұрынғыдан гөрі қазір көп нәрсені жүзеге асырамыз деуге тиіспіз, неге десеңіз, қазір жұмысшы табы, көптеген өкілдерінің қалжырап отырғанына қарамастан, ол міндеттің мәнін өзінің түйсігімен ұға білді. Тіпті өздерінің саяси идеологиясында—меньшевиктер мен эсерлер — шындықты түсінбегендіктен өздерін темір қалқандармен қоршап, істің жайын түсінуге қарсы тістене күрескендердің өздері де,—тіпті солар да қазір бүкіл дүние жүзінде күрес ескі, буржуазиялық, құрылыс пен жаңа, советтік, құрылыстың арасында болып жатқанын түсінді. Герман революциясы іс жүзінде өзін көрсеткен уақыттан бері, герман үкіметі социал-патриоттар көпшілігінің қолдауымен тек пролетариаттың таңдаулы көсемдерін өлтіріп келген уақыттан бері, бірқатар европалық елдерде Совет өкіме-

ті жеңген уақыттан бері,—сол уақыттан бері мәселе практика жағынан шешілді. Не Совет өкіметі, не ескі, буржуазиялық тәртіп—мәселе осылай қойылып отыр. Мұның өзі тарихи көлемде практика жағынан шешілген. Жұмысшылардың түйсігі істі шешті; енді оны он есе күшейген үгітке айналдыру керек.

Біз азық-түлік жоқ кезде, оны көбейте алмаймыз, машықтанған үгітшілер мен интеллигенттер жоқ кезде, олардың санын он есе көбейте алмаймыз,—біз мұны істей алмаймыз. Бірақ біз жұмысшылардың қалың бұқарасына былай дей аламыз: сіздер қазір кешегі күнге дейінгі жұмысшылар емессіздер. Егер сіздер жеке бастың үгіті сияқты әдістермен іске кіріссеңіздер, сіздердің сан жағынан басымдықтарыңыз жеңеді.

Біз мынадай жағдайға жете аламыз: бұл мобилизация тек әдеттегі мобилизация болып қана шықпай, сонымен қатар шын жорық болып шығады, бұл жорық бізді ең ақырғы, шешуші зор майданнан—ән мен өлеңдерде айтылып жүрген мағынада емес, сөздің дәл мағынасындағы майданнан—осы таяудағы айлар ғана алшақтатып тұрғанын түсінген жұмысшы табының тағдырын түпкілікті шешетін жорық болады, өйткені қазір біз тек ақ гвардияшылар жөнінде ғана емес, басқалар жөнінде де өзіміздің практикалық күштерімізді салмақтап көрдік.

Соғыстың бір жылында біз практика жүзінде өзіміздің күштерімізді халықаралық империализм жөнінде де салмақтап көрдік. Бізді немістер тұншықтырған уақыт болды, ал біз немістердің матаулы екендігін, оларды ағылшын-француз империалистері бір қолымен ұстап тұрғандығын білдік. Бізге ағылшындар мен француздар қарсы шыққан уақыт та болды; олардың екі қолы да бос болды. Егер олар 1918 жылдың декабрінде бізге тап берсе, онда біз төтеп бере алмаған болар едік, ал қазір біз оларды тағы да бірнеше ауыр айлар бойы сынадық, сөйтіп олардың буржуазиялық тәртіп мағынасында іріп-шірігендігін білеміз. Олардың ең таңдаулы әскерлерінің өзі Украинада қимыл жасап жүрген көтерілісшілер отрядтарының өзінен шегінуге ғана жарайды. Сонымен біз әбден айқын пайымдап отырмыз, сон-

дықтан мұнда ақырғы майдан болатындығын, біз мұнда біржолата жеңеміз бе, әлде біз тағы да жаңа қиындықтарды кешіп жүре береміз бе дегенді бірнеше айлар шешетіндігін жұмысшы табы түйсігімен сезді.

Будан арғы шаралардың осында белгіленгендерін оқып берейін:

«4. Қызметші-еркектердің бәрін әйелдермен ауыстыру керек. Мұның үшін партия ұйымында да, кәсіптік одақ ұйымында да жаңадан тізімге алу жұмысы жүргізілсін...

5. Кәсіптік одақтар, фабрика-завод комитеттері, партия ұйымдары, кооперативтер, т. с. арқылы дереу жергілікті орындарда да, орталықта да *көмек бюролары* немесе *жәрдемдесу комитеттері* құрылсын. Олардың адрестері жариялануға тиіс. Олар туралы халық кең түрде хабарлануы керек. Мобилизацияланатын әрбір адам, әрбір қызыл әскер, оңтүстікке, Донға, Украинаға азық-түлік жұмысына барғысы келетіндердің әрқайсысы жұмысшы мен шаруаға осындай жақын және олардың қолы жететін көмек бюросында немесе жәрдемдесу комитетінде кеңес, нұсқау алатындығын, әскери мекемелермен, т. т. қатынас жасауы жеңілденетіндігін білуге тиіс.

Мұндай бюролардың ерекше міндеті *Қызыл Армияны жабдықтау* ісіне көмектесу болуға тиіс. Егер армиямызды қарумен, киіммен және басқалармен жабдықтау ісін жақсартсақ, біз оны өте-мөте көбейте аламыз. Ал халықтың қолында тығулы жатқан немесе армия үшін пайдаланылмаған қарулар әлі де аз емес. Армияға қажетті түрлі заттардың фабрикалық запастары аз емес, сондықтан оларды жылдам тауып, армияға жөнелту керек. Армияны жабдықтау ісімен шұғылданатын әскери мекемелерге халықтың өзі тарапынан дереу, мол, нақты жәрдем көрсетілуге тиіс. Барлық күшті салып, осы міндетті қолға алу керек».

Мен өзіміздің әскери міндеттеріміз жөнінде әр қилы заманның бірнешеуіне тоқталып өтпекшімін. Біздің алдымызда тұрған өзіміздің бірінші әскери міндетімізді, қазір Украинада ондағы жолдастардың істеп жатқаны сияқты, нақ сол анда-санда болатын партизандық көте-

ріліс арқылы шештік. Украинада соғыстан да гөрі, партизандық қозғалыс пен стихиялық көтеріліс болып жатқанын көріп отырмыз. Ол тегеуріннің орасан зор тездігін және мейлінше шытырмандықты тудырады, ал мұндай жағдайда азық-түлік запастарын пайдалану— қисапсыз қиын міндет. Онда ескі аппараттан дәнеңе де жоқ. Онда тіпті біздің өкіметіміздің Смольный дәуірінен өзімізге мұраға қалғандай да аппарат жоқ—оның өзі өте жаман аппарат еді, ол бізді жақтап қызмет етуден гөрі, бізге қарсы қызмет еткен аппарат еді. Ал мұндай аппарат Украинада неліктен жоқ? Неге десеңіз, Украина партизаншылдық пен стихиялық көтерілістер дәуірінен тұрақты армияға көшкен жоқ, ал тұрақты армия қай таптың болса да, соның ішінде пролетариаттың да ныгайған өкіметіне тэп нэрсе. Біз мұны адам айтқысыз қиын болған бірнеше айлардан кейін жасадық.

Жабдықтау туралы мәселе жөніпде бізде арнаулы мекемелер құрылды. Біз бұған жабдықтау ісінде мамандарды бірсыдырғы пайдалану арқылы жеттік, оларды партиялық бақылауға алдық, ал қазір бізде барлық жерлерде жабдықтау ісін басқаратын әскери мекемелер бар. Күштерді сарқа жұмсайтын кезең туған кезде, біз былай дейміз: біз ескі партизаншылдыққа қайта оралмаймыз, біз одан тым көп зардап шектік, Қызыл Армияны жабдықтау жөнінде қазір жұмыс істеп тұрған ұйымдасқан мекемелерге, тұрақты мекемелерге жұмысшы табының өкілдерін енгізуге шақырамыз. Жұмысшы табы негізінен алғанда мұны істей алады. Мүлік саласында, оны табу, пайдалану саласында, т. с. бізде былықтың қаншама көп екендігін сіздер білесіздер. Бұл салада Қызыл Армияны жабдықтау жөнінде көмектесу қажет. Бізге әскери адамдар былай дейді: Шығыс майданында істі бірден және түпкілікті шешетін көптеген солдаттарды мобилизациялаған кезде іс ойдағыдай болады. Бұл іс бәрінен бұрын жабдықтаудың тапшылығынан кідіріп отыр. Империалистік соғыс пен азамат соғысы қалдырған күйзеліс жағдайында бұл таңырқарлық жай емес. Бірақ мұның өзі бізден жаңа жағдайды, жаңа міндеттерді ұғыну мен түсінуді талап етеді. Біздің

бұдан бір жыл бұрын тұрақты мекемелерге көшкеніміз әлі жеткіліксіз: осы тұрақты мекемелерге мұның үстіне жұмысшы табының бұқаралық қозғалысымен, бұқаралық жігерімен көмектесу керек. Кәсіптік одақтардың мұны қалай істей алатындығының біршама кестесі белгіленіп отыр. Мұны тек кәсіптік одақтар ғана істей алады, өйткені олар басқаның бәрінен де өндіріске жақын тұр және миллиондаған жұмысшылардың ең көп бұқарасын басқарады. Бұл міндет жұмыстың қарқынын және оның сипатын бірнеше айға өзгертуді талап етеді. Осындай жолмен біз өзіміздің толық жеңісімізді бірнеше айдың ішінде қамтамасыз ете аламыз.

«6. Кәсіптік одақтар арқылы шаруаларды, әсіресе егіншілікті кәсіп етпейтін губерниялардың шаруа жастарын Қызыл Армия қатарына және Донда, Украинада азық-түлік отрядтары мен азық-түлік армиясын құруға кең түрде тарту ісі ұйымдастырылуға тиіс.

Бұл істі еселеп өрістетуге болады, өрістету керек те; бұл іс әрі астаналардың және егіншілікті кәсіп етпейтін губерниялардың ашыққан халқына жәрдем болады, әрі Қызыл Армияны күшейтуге көмек болады».

Бізде азық-түлік міндеттерінің әскери міндеттермен қалай байланыстырылғаны туралы мен айтып өттім, ал бізге бұл міндеттерді байланыстырмауға әсте болмайтындығын сіздер өте жақсы түсінесіздер. Оларды міндетті түрде байланыстыру керек. Ешбір міндет бірінсіз бірі шешіле алмайды.

«7. Меньшевиктер мен эсерлер жөнінде, қазіргі жағдайда, партияның бағыты мынадай: әдейі немесе аңғармай Колчакқа жәрдемдесетіндерді түрмеге жабу керек. Біз өзіміздің республикамызда Колчакқа қарсы күресте бізге ісімен жәрдемдеспейтін еңбекші адамдарға төзіп отыра алмаймыз. Бірақ меньшевиктер мен эсерлердің ішінде осындай жәрдем көрсеткісі келетін адамдар бар. Мұндай адамдарға көбінесе тылда Қызыл Армияға техникалық жағынан көмектесу жөнінде практикалық жұмыстар бере отырып, бұл жұмысты қатаң тексере отырып, ол адамдарды көтермелеу керек...»

Біз бұл арада соңғы уақытта өзімізге ерекше ауыр және жағымсыз сындарды басымыздан кешіруге тура

келгендігін айтуға тиіспіз. Меньшевиктер мен эсерлердің басшы топтарының іске мына тұрғыдан қарағандығын сіздер білесіздер: «Ештеңеге қарамастан, біз парламентарийлер болып қалғымыз келеді және большевиктерді де, колчакшылдарды да бірдей жазғырғымыз келеді». Ғапу етіңіздер,—деуге тиіспіз біз оларға,—біздің ендігі жерде парламентпен айналысатын жағдайымыз жоқ. Бізді алқымнан алып отыр, сондықтан біз ақырғы және шешуші майданда шайқасып жатырмыз. Біз сіздермен қылжақтасып отыра алмаймыз. Егер сіздер мұндай стачкалар жасайтын болсаңыздар, онда сіздер жұмысшы табына қарсы орасан зор қылмыс жасайсыздар. Біз үшін әрбір ереуіл—мың-мыңдаған қызыл әскерлердің өміріп құрбан ету. Біз мұны жергілікті жерде көріп жүрміз. Туладағы мылтық жасап шығаруды тоқтату—мыңдаған шаруалар мен жұмысшыларды қырғынға ұшырату деген сөз; бізді Туладағы бірнеше заводтардан айыру—мыңдаған жұмысшыларды өлімге душар ету деген сөз. Біз былай дейміз: біз соғысып, ақырғы күштерімізді жұмсап жатырмыз, біз бұл соғысты бірден-бір әділетті және заңды соғыс деп есептейміз. Біз социализмнің шам-шырағын өзімізде және бүкіл дүние жүзінде жақтық. Кімде-кім осы күреске аз да болса кедергі жасаса, оған қарсы біз аяусыз күресеміз. Бізбен бірге болмаған адам—біздің дұшпанымыз. Ал егер Россияда болып жатқан нәрсені түсінуге өресі жетпейтін немесе түсінгісі келмейтін адамдар бар болса,—ал мұндай адамдардың меньшевиктер арасында бар екендігін біз білеміз,—онда олар әлі де мынаған көз жеткізе алмай отыр: егер Россияда әлгі «жаман» большевиктер осындай революция жасаған болса, онда Германияда революция орасан көп азаппен туып келеді. Ондағы демократиялық республика дегеніміздің өзі не? Герман бостандығы дегеніміз не?—Мұның өзі пролетариаттың шын көсемдерін: Карл Либкнехтті, Роза Люксембургті және басқа ондаған көсемдерді өлтіру бостандығы. Шейдеманшылдар өздерінің жеңілісін осы арқылы кешеуілдетуде. Бірақ олардың басқара алмайтындығы айдан анық. Герман республикасында бостандықтың болғанына 9 ноябрьден бері бес ай өтті. Осы уақыттың

ішінде өкімет өкілдері не шейдеманшылдар, не олардың итаршылары болды. Бірақ оларда өшпенділіктің барған сайын күшейе түсіп отырғанын сіздер білесіздер. Бұл мысал не буржуазияның диктатурасы, не пролетариаттың диктатурасы орнауы мүмкін екендігін көрсетеді; мұнда аралық жолдың қаншалықты жоқ екендігін, мысалы, «Frankfurter Zeitung»[66] газетінен бүгін біздің оқығанымыздан байқауға болады. Ол газетте Венгрияның мысалы біздің социализмге баруымызға тура келетіндігін көрсетеді делінген. Ел осындай қиынқыстау күйге түскенде Советтерден басқа ешкім де оны сақтап қала алмайтындығын, сақтап қалудың осындай қиын жолымен халықты ешкім де бастай алмайтындығын біліп, буржуазия өкіметті Советтерге өз еркімен беретіндігін Венгрия дәлелдеді. Ал ескі мен жаңаның арасында ауытқып, былай дейтін: біз пролетариат диктатурасын идея жағынан мойындамасақ та, бірақ біз өзіміздің көзқарасымызда қала отырып, Совет өкіметіне көмектесуге дайынбыз, өйткені аласұрған соғыста, пайымдауға салынбай, күресу керек екенін түсінеміз дейтін адамдарға,—міне мұндай адамдарға біз былай деп жауап береміз: егер сіздер саясатпен шұғылданбақ болсаңыздар, шаршаған, қалжыраған бұқараның алдында Совет өкіметін еркін сынауды саясат деп түсінетін болсаңыздар, өздеріңіздің мұнымен Колчакқа көмектесіп отырғандарыңызды аңғармасаңыздар,—біз: мұндай адамдарға қарсы аяусыз соғысамыз дейміз. Бұл бағытты бірден ұғынып, жүзеге асыру оңай емес. Біз олар жөнінде бір бағытта бола алмаймыз. Біз былай дейміз: егер сіздер өздеріңіздің саясаттарыңызбен шұғылданғыларыңыз келсе—біз сіздерге түрмеден немесе сіздерді қабылдайтын басқа елдерден орын тауып береміз. Біз мұндай елдерге бірнеше жүз меньшевикті сыйға тарта аламыз. Немесе, сайып келгенде, өздеріңізге былай дегілеріңіз келе ме: біз Совет өкіметіне көмектесеміз, әйтпесе бұл тағы да бірнеше жылдық орасан зор апаттар болады, ал бұл апаттар бәрібір Совет өкіметінің жеңісімен аяқталады. Мұндай адамдарға барынша көмек көрсетіп, практикалық жұмыс беру керек. Бір бағытпен жүргізілетін саясат сияқты емес, бұл сая-

сат оцай және бірден анықтала қоймайды, бірақ ауыр соғыс дегеннің не екенін, Қызыл Армияны жабдықтау дегеннің не екенін, майдандағы әрбір қызыл әскер душар болатын айуандықтың бәрі не екенін практика жүзінде байқаған әрбір жұмысшының,— міне мұндай әрбір жұмысшының саясаттың осы сабақтарын өте жақсы түсінетініне мен сенемін. Сондықтан мен осы тезистерді қабыл алуға және оларды мүмкін-қадарынша жігерлірек, мүмкін-қадарынша тезірек жүзеге асыру үшін кәсіптік одақтардың барлық күшін жұмсауға шақырамын.

2
ТУЛАДАҒЫ ЕРЕУІЛ ТУРАЛЫ СҰРАҚҚА ЖАУАП[67]

Менің қолымда Тула жөнінде нақтылы материалдар жоқ, сондықтан бұл жөнінде менің алдымда сөйлеген жолдастар секілді беделді түрде айта алмаймын. Бірақ мен «Всегда Вперед!» газетінің саяси бейнесін білемін. Бұл—стачка жасауға арандатудан басқа ештеңе де емес. Бұл—біздің дұшпандарымызға, ереуілге арандататын меньшевиктерге жол беру. Біреу маған бұл дәлелденді ме?—деп сұрақ берді. Мен оған былай деп жауап беремін: егер мен адвокат немесе стряпчий немесе парламентарий болсам, мен дәлелдеуге міндетті болған болар едім. Мен мұның біріншісі де, екіншісі де, үшіншісі де емеспін, сондықтан мен дәлелдеп жатпаймын, дәлелдеудің маған керегі де жоқ. Өздерінің арандатушылық әрекеті Тулада тікелей әшкереленген меньшевиктерден гөрі меньшевиктердің Орталық Комитеті тәуір-ақ делік,— меньшевиктік комитеттің ең жақын мүшелерінің бір бөлегі тәуір екендігіне мен күмәнданбаймын да,— бірақ саяси күресте, ақ гвардияшылар өзіңді алқымнан алып жатқан кезде, мұны айырып жатуға бола ма? біздің оған мүмкіндігіміз бар ма? Фактінің аты факт. Олар жол бермеген-ақ болсын, бірақ оңшыл меньшевиктер жөнінде әлсіздік көрсетті емес пе. Несін түсіндіріп жатамыз? Оңшыл меньшевиктер ереуілге үгіттейді, Мартов немесе басқа біреулер осы оңшылдарды өзінің газетінде жазғырады. Бұл не, бұл бізді неге үйретеді? Біз мынадай сөз жазылған қағаз аламыз: мен де жазғырамын, бірақ... (Дауыс: «Сонда не істеу ке-

рек?».) Большевиктік партияның істегенін істеу керек—өзіңнің позицияңды сөз жүзінде емес, іс жүзінде ұстауың керек. Шетелдегі үгітті айтсақ, ол осындағы барлық меньшевиктердің әрекетін пайдаланып отырған жоқ па, большевиктер—узурпаторлар деген кезде, Берн конференциясы империалистердің бәрін жақтаған жоқ па? Біз былай дейміз: Колчак бандалары соққы беріп, бүкіл дүние жүзінің империалистері қыспаққа алып отырған елде бұл соққыдан мыңдаған қызыл әскерлер опат болған кезде, сіздер осындай позицияны ұстап отырсыздар. Мүмкін, екі жылдан кейін, біз Колчакты жеңгеннен кейін, біз мұны анықтап алармыз, бірақ қазір емес. Бірнеше айда жауды жеңу үшін қазір соғысу керек, ол жаудың жұмысшыларды қандай халге душар ететінін сіздер білесіздер. Сіздер мұны Иващенковоның[68] мысалынан білесіздер, сіздер Колчактың не істеп жатқанын да білесіздер.

3
БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар! Оппозицияның шешені деп аталған шешендердің бірі қарарда біздің өз Конституциямызға көз салуымызды талап етті. Мен осыны естіген кезде: шешен біздің Конституциямызды шейдемандық конституциямен шатастырып тұрған жоқ па екен? деп ойладым. Шейдеманда және барлық демократиялық республикаларда барлық азаматтарға бостандық атаулының бәрі уәде етілген. Буржуазиялық республикалар мұны жұрттың бәріне жүздеген, мыңдаған жылдар бойына уәде етіп келді. Олардың, осы буржуазиялық республикалардың, қайда келіп тірелгендігін және олардың дүние жүзілік көлемде қазір қалай күйрегендігін сіздер білесіздер. Жұмысшылардың орасан зор көпшілігі коммунистердің жағында, бүкіл дүние жүзінде тіпті Россияда жоқ «советист» деген сөз жасалды, сондықтан біз былай дей аламыз: біз қай елге барсақ та, «советист» деген сөзді айтсақ, жұрттың бәрі бізді түсінеді және біздің соцымызға ереді. Конституцияның 23-статьясында былай делінген:

«Бүтіндей жұмысшы табының мүдделерін басшылыққа ала отырып, РСФСР өзінің праволарын социалистік революцияның мүдделеріне нұқсан келтіру үшін пайдаланған жеке адамдар мен жеке топтарды праволарынан айырады».

Біз бостандықты оңды-солды үлестіре береміз деп уәде еткеніміз жоқ, қайта, мұның керісінше, Конституцияда тура былай дедік,—ол барлық тілдерге: немісше

де, ағылшынша да, итальянша да, французша да аударылды,—егер социалистер бостандықты социалистік революцияның мүдделеріне нұқсан келтіру үшін пайдаланса, егер ол капиталистердің бостандығын бүркемелейтін болса, онда біз социалистерді бостандықтан айырамыз деп тура мәлімдедік. Міне сондықтан да бұл Конституцияға меңзеу формальдық жағынан да дұрыс емес. Біз ашықтан-ашық былай деп мәлімдедік: өтпелі уақытта, аласұрған күрес уақытында, біз бостандықты оңды-солды үлестіре беруге уәде етпейтіндігіміз былай тұрсын, қайта алдын ала былай дейміз: біз социалистік революцияға кедергі жасайтын азаматтарды праволарынан айырамыз. Ал бұған төрелік айтатын кім?—Төрелік айтатын пролетариат.

Осында істі парламенттік күреске қарай аударуға тырысты. Мен қашан да былай деп келдім: парламентаризм өте жақсы, бірақ қазір парламентарлық заман емес. Үкіметтің жағдай қиын деп мәлімдегенін көре отырып, Лозовский жолдас: халық нақ осы арада ондаған талаптар қоюға тиіс дейді. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған ескі заманда» парламентарийлердің бәрі осылай істеген, бірақ қазір оның уақыты емес. Бізде орасан көп кемістіктер барын мен білемін, Венгриядағы Совет өкіметі біздегіден гөрі тәуір болатынын да білемін. Бірақ мобилизация кезінде бізге: ананы да, мынаны да, тағы басқаны да ұсынамыз—сондықтан саудаласу керек—деген кезде, мен былай деймін: ескі парламентаризмді бұлайша қолдану жарамсыз нәрсе, саналы жұмысшылар оны ысырып тастап отыр. Мәселе мұнда емес.

Біз өзімізге қарсы кулактармен, бай элементтермен таптық күрес жүргізуді өзіміздің негізгі бағытымыз деп белгіледік. Осы бағыт қамтамасыз етілген кезде, біз былай дейміз: енді орта шаруа жөнінде неғұрлым дұрыс бағыт ұстауға жетуіміз керек. Бұл өте қиын жұмыс. Зор қауіп төнген кезде сіздер Совет өкіметіне, ол қандай болса сол күйінде, көмек көрсетуге тиістісіздер. Біз бұл айларда өзгере қоймаймыз. Мұнда ешбір аралық жол жоқ және болуы да мүмкін емес. Осы аралық жолды парламенттік тәсілдер арқылы әдейілеп жасау—

тайғақ жолға түсу деген сөз. Шешеннің шаруалардың бәрі бізге қарсы деп мәлімдеуі—практика жүзінде солшыл эсерлер мен меньшевиктерді арандататын «кішкене» асырып айтушылықтың бірі. Шаруалардың басым көпшілігі бізді жақтайтынын орасан зор көпшілік біледі. Шаруалардың тұңғыш рет Совет өкіметіне қолы жетті. Тіпті көтеріліс ұрандары, шаруа бұқарасының болмашы бөлегін қамтыған көтеріліс ұрандары мынадай болды: «Совет өкіметін жақтаймыз, большевиктерді жақтаймыз, коммуния жойылсын». Біз былай дейміз: бұған қарсы өте күшті күрес жүргізілетін болады, өйткені интеллигенция бізді саботажға ұрындырып отыр. Біз тәуір элементтерден гөрі нашар элементтерді көбірек алуға тиіс болдық. Интеллигенцияның тәуір элементтері сырт айналып кетті, сондықтан нашарларын алуға тура келді.

Романов жолдас қарар ұсынды, оны ол өзінің жолдастары тұтқынға алынғаннан кейін өзі өткізді. Олар былай деп мәлімдейді: «Біз жұрттың бәріне бостандық берілуін талап етеміз...». (Ленин қарарды оқиды.) Соңынан жұмысшылар жұмысқа кірісті, бірақ бұл үшін біздің бірнеше мың күндеріміз зая кетті және Шығыс майданында бірнеше мың қызыл әскерлердің, жұмысшылардың, шаруалардың өмірі құрбан болды.

Мен байыпты және үзілді-кесілді түрде пайымдаймын: бірнеше ондаған немесе жүздеген қылмысты немесе қылмыссыз, саналы немесе санасыз арандатушыларды түрмеге жапқан артық па, әлде мыңдаған қызыл әскерлер мен жұмысшылардан айрылған артық па?—Біріншісі артық. Мені жер бетіндегі күнәлардың қайсысымен болса да және бостандықты бұзды деп кінәлай берсін,—мен өзімді кінәлымын деп-ақ мойындайын, тек жұмысшылардың мүдделері ұтсын. Халық қажыған шақта саналы элементтер оның осы бірнеше айға төзуіне көмектесуге тиіс. Одессада жеңген біз емес. Біз жеңдік деп ойлаудың өзі күлкілі нәрсе. Олардың солдаттары ұрысқа бармағандықтан ғана біз Одессаны ала алдық. Менде Солтүстік майданынан келген телеграмма бар, онда былай делінген: «Ағылшын әскери тұтқындарын майданға жіберіңіздер». Ал мұндағы жолдастар-

дың айтуынша, ағылшындар жылап, былай дейтін көрінеді: біз армияға қайтып бармаймыз. Бұл не деген сөз?—Олардың әскерлері ұрысқа аяқ баспай отыр. Олар бізден он есе күшті, бірақ ұрысқа бармайды.

Міне, сондықтан, бізге: сіздер көп уәде бердіңіздер, бірақ оңтеңе орындаған жоқсыздар деген кезде, біз: негізгі уәдемізді орындадық деп жауап береміз. Біз дүние жүзілік революцияға айналатын революцияны бастаймыз деп уәде берген едік—ал ол басталды және қазір оның іргесінің беріктігі сонша, біздің халықаралық жағдайымыз мейлінше жақсарды,—біз өзіміздің осы негізгі уәдемізді орындадық, осыны, анығында, саналы жұмысшылардың орасан зор көпшілігі түсінді. Бүкіл дүние жүзіндегі капиталистерді жеңуге қазір бізге бірнеше ай ғана қалғанын олар түсінеді. Егер белгілі бір элементтер қажыған болса, осы бірнеше айдың ішінде қалай ету керек: оларды ойыншық етіп арандату керек пе, әлде, мұның керісінше, бүкіл соғыстың тағдырын шешетін осы бірнеше айға шыдау үшін әлгі қажығандарға көмектесу керек пе. Оңтүстікте біздің бірнеше айдан да гөрі ертерек жауды толық талқандайтынымызды, сөйтіп шығыс үшін армияны босататындығымызды сіздер көріп отырсыздар, сондықтан Антанта—ағылшындар да, французадар да, американдар да—күйреді,—бұл факт. Одессада олардың 10 мың әскері мен флоты болды—міне істің жайы осылай болатын. Мұнда мәселе парламентаризмде де, жеңілдіктер жасауда да емес,—мұны біз уәде етпейміз және өзіміздің міндетімізге де алмаймыз, мұнда мәселе мынада: халық соғыстан қажыған кезде, аштық қатты қысып отырған кезде, саналы пролетариаттың, жұмысшылардың саналы бөлегінің міндеттері қандай болмақ? Қажығандықты сылтау етуге жол беруге бола ма?—ал мұның өзі ойынға айналып барады. Егер біз: соғыс тоқтатылсын десек,—санасыз бұқара бұған қосылар еді,—ал саналы бөлегі: сен бірнеше айдың ішінде оны аяқтай аласың дер еді. Қажығандарға жігер беріп, оларды қолдап, өз соңыңнан ертуің керек. Саналы жұмысшы ондаған қажығандарды өзінің соңынан ертіп отырғанын жолдастардың өзі көрді. Біз осыны айтамыз және осыны талап етеміз. Проле-

тариат диктатурасы дегеніміздің өзі де сол — бір тап екінші тапты өзінің соңынан ертіп отырады, өйткені ол ерушіден гөрі тәуір ұйымдасқан, топтасқан, саналырақ. Санасы жетпейтіндер қандай қармаққа болса да іліне қалады, сондықтан олар қажығандықтан неге болса да дайын, ал саналы бөлегі былай дейді: шыдау керек, өйткені біз бірнеше айдан кейін бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығамыз. Міне мәселе осылай қойылып отыр. Мен өзім парламенттік айтыстар үшін мезгіл жеткен жоқ деп ойлаймын: осы айлардың ішінде жеңу үшін, бұл жолы біржолата жеңу үшін тағы да жаңадан көп күш жұмсауымыз керек.

———

АНРИ ГИЛЬБОНЫҢ: «ФРАНЦИЯДАҒЫ СОЦИАЛИЗМ МЕН СИНДИКАЛИЗМ СОҒЫС КЕЗІНДЕ» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Гильбо жолдастың кітапшасы өте-мөте дер кезінде шыққан. Түрлі елдердің социалистік және кәсіптік қозғалысының соғыс кезіндегі тарихы барлық елдер үшін жазылуға тиіс. Бұл тарих баяу болса да, бұлтармастан солға бұрылғандықты, жұмысшы табының революциялық ойы мен революциялық қимылына қарай қадам басқанын айдан анық көрсетеді. Бұл тарих, бір жағынан, III, Коммунистік Интернационалдың терең жатқан тамырларын, өзінің тарихи ерекшеліктеріне байланысты әрбір ұлттың ішінде оның әр қилы дайындалғандығын көрсетеді. III Интернационалдың терең тамырларын білу керек, бұл оның сөзсіз болатынын және оған әр түрлі ұлттық социалистік партияларды әкелетін жолдардың айырмашылығын түсіну үшін қажет.

Екінші жағынан, социалистік және кәсіптік қозғалыстың соғыс кезіндегі тарихы бізге буржуазиялық демократия мен буржуазиялық парламентаризмнің күйрей бастағанын, буржуазиялық демократиядан советтік немесе пролетарлық демократияға қарай бетбұрыстың басталғанын көрсетеді. Кертартпалықтың бұғауына, бар нәрсе мен кешегі болған нәрсенің алдында филистерлікпен бас июшілікке, барлық елдерде өліп бара жатқан капитализмнің тарихы туғызып отырған нәрсеге мещандық көрсоқырлықпен қараушылыққа шырмалғандықтан, тым көп социалистер осы бүкіл дүние жүзілік-тарихи ұлы алмасуды әлі күнге дейін түсіне алмай келеді.

Гильбо жолдас француздың социалистік және кәсіптік қозғалысының соғыс кезіндегі тарихының очеркін жазуды өз міндетіне алған. Фактілердің анық және дәл тізбесі социализм тарихында ұлы бетбұрыстың, өзгерістің басталғандығын оқушыға айқын көрсетеді. *Гильбоның* кітапшасы бүкіл саналы жұмысшылардың арасында барынша кең тарап қана қоймай, сонымен қатар басқа елдердегі социализм мен жұмысшы қозғалысының соғыс кезіндегі тарихына арналған бірталай осы сияқты басқа кітапшалардың жазылуына да себепші болатындығына сенуге болады.

Н. Ленин

Москва, 13. IV. 1919.

Француз тілінде 1919 ж. мына кітапта басылған: H. Guilbeaux. «Le mouvement socialiste et syndicaliste français pendant la guerre (Esquisse historique). 1914—1918». Pg.

Орыс тілінде бірінші рет 1920 ж. мына кітапта басылған: А. Гильбо. «Франциядағы социализм мен синдикализм соғыс кезінде. Тарихи очерк». Пг.

Кітаптың орысша басылымының тексті бойынша басылып отыр

КОМАНДИРЛЕР ДАЯРЛАЙТЫН БІРІНШІ МОСКВАЛЫҚ СОВЕТТІК КУРСТА 1919 ж. 15 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин жолдас бір герман генералының: егер солдаттар не үшін соғысып жатқанын білсе, онда соғыс болмас еді деген сөздерін еске түсірді. Қазір істің жайы басқаша. Қызыл Армияның алдына нақтылы ұлы міндеттер—жұмысшы табын азат ету міндеттері қойылып отыр. Біздің жұмысшы-шаруа Қызыл Армиямыз күн сайын өсіп, нығая түсуде. Бұл өсу жұмысшылар мен шаруалардың өз мақсаттарын терең түсінуінен болып отыр, сондықтан егер біз қазір Шығыс майданында біртағай сәтсіздікке кездесіп отырған болсақ, онда біз, қалайда, Колчакты тоқтатуға және оны талқандауға тиіспіз, ал біз оны талқандаймыз да. Краснов бандалары Советтік Россияға талай қиын-қыстау жағдай туғызды, бірақ бүкіл буржуазиялық дүниенің көмектескеніне қарамастан, олар талқандалды және таяу арада біржолата талқандалып бітеді. Біз бұған тек жұмысшылар мен шаруалардың саналылығының арқасында ғана жете алдық. Аудандық комитеттен қызыл туды қабылдап ала отырып, сіздер оны жігермен және сеніммен алға алып баруға тиістісіздер. Азаттықтың қызыл туы бірде ол жерде, бірде бұл жерде көтерілгендігі туралы күн сайын хабар келуде. Сіздердің көз алдарыңызда Венгрия Советтік республикасы, Советтік Бавария, Үшінші, Коммунистік Интернационал құрылды, енді сіздер таяу арада Советтердің Бүкіл дүние жүзілік Федерациялық Республикасының қалай құрылғанын көретін боласыздар.

Советтердің Бүкіл дүние жүзілік Федерациялық Республикасы жасасын!

Қызыл Армия жасасын!

Қызыл командирлер жасасын! (Ду қол шапалақтау.)

«Правда» № 83,
17 апрель, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ҮШІНШІ ИНТЕРНАЦИОНАЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХТА АЛАТЫН ОРНЫ

«Келісу» елдерінің империалистері Совет республикасын жұқпалы індеттің ошағы деп санап, капиталистік дүниеден бөліп тастауға тырысып, Россияға блокада жасап отыр. Өз мекемелерінің «демократизміне» мақтанатын бұл адамдардың Совет республикасын көздері қарая жек көретіндігі сонша—олар өздерін өздері кісі күлерлік етіп отырғанын да байқамайды. Тек ойлап қараңыздаршы: бақайшағына дейін қаруланған, әскери күші жағынан бүкіл жер жүзінде емін-еркін үстемдік етіп отырған алдыңғы қатарлы, ең цивилизациялы және «демократияшыл» елдер күйзелген, ашыққан, мешеу қалған елден, олардың жұртты сендіруінше—тіпті жартылай жабайы елден, шығатын *идеялық* індеттен оттан бетер қорқады!

Осы бір қайшылықтың өзі-ақ барлық елдердің еңбекші бұқарасының көзін ашады, сөйтіп империалистердің — Клемансоның, Ллойд Джорджың, Вильсонның және олардың үкіметтерінің екіжүзділігін әшкерелеуге жәрдемдеседі.

Бірақ капиталистердің Советтерді жек көріп, көздері қарайғаны ғана емес, сонымен қатар олардың өзді-өзінің қырқысуы да, бірін-бірі аяғынан шалуға итермелеп, бізге жәрдем етеді. Олар, бәрінен де гөрі, жалпы алғанда Совет республикасы туралы шын хабарларды, әсіресе оның ресми документтерін таратудан қорқып, өзара нағыз үн шығармау заговорын жасасып отыр. Алайда француз буржуазиясының басты органы «Заман»

(«Le Temps»)[69] Москвада III, Коммунистік Интернационалдың құрылғаны туралы хабарды басып шығарды.

Біз бұл үшін француз буржуазиясының басты органына, француз шовинизмі мен империализмінің бұл көсеміне, өзіміздің аса құрмет білдірген алғысымызды айтамыз. «Заман» газетіне бізге өте орынды, өте шебер жәрдемдесіп отырғаны үшін ризалығымызды білдіріп, құттықтау сәлемін жіберуге де дайынбыз.

«Заман» газеті өзінің бұл хабарын біздің радиоға сүйеніп қалайша құрастырғанынан ақша қапшығының осы органына мұны істетіп отырған себептердің не екендігі барынша айқын көрінеді. Ол Вильсонды қағытып, оны түйреп: көрдіңіз бе, сіздің келіс сөз жүргізбек болған кісілеріңіз қандай екен!—демекші болған. Ақша қапшығының тапсырмасымен жазып отырған данасымақтар өздерінің Вильсонды большевиктермен қорқытуы, еңбекшілер бұқарасының көз алдында, большевиктерге пайдалы жарнамаға айналып отырғанын байқамайды. Француз миллионерлерінің органына аса зор ізет білдірген алғысымызды тағы да айтамыз!

III Интернационал құрылып отырған кездегі дүние жүзілік жағдай мынадай—«Келісу» империалистерінің немесе, Германиядағы Шейдемандар, Австриядағы Реннерлер сияқты, капитализм малайларының ешқандай тыйым салуы, ешқандай ұсақ, болмашы айла-шарғылары бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табы арасында бұл Интернационал туралы хабардың таралуына, оған тілектестіктің күшеюіне кедергі бола алмайды. Бұл жағдайды барлық жерлерде күн сайын емес, сағат сайын анық өсіп келе жатқан пролетарлық революция жасап отыр. Бұл жағдайды еңбекшілер бұқарасының арасындағы *советтік* қозғалыс жасап отыр; бұл қозғалыстың қазірдің өзінде күшейгені сонша—ол шын *халықаралық* қозғалысқа айналған.

Бірінші Интернационал (1864—1872) жұмысшылардың капиталға қарсы революциялық тегеурінін дайындау үшін олардың халықаралық ұйымының іргесін қалады. Екінші Интернационал (1889—1914) пролетарлық қозғалыстың халықаралық ұйымы болды; бұл қоз-

налыстың *кеңейе өскені* сонша—ол революциялық дәреженің биіктігін уақытша төмендетпей кете алмады, бұл Интернационалды ақыр аяғында масқара болып күйреушілікке әкеп соқтырған оппортунизмді уақытша күшейтпей кете алмады.

Үшінші Интернационал іс жүзінде 1918 жылы—оппортунизм мен социал-шовинизмге қарсы күрестің көп жылдық процесі, әсіресе соғыс уақытында, бірталай ұлттарда коммунистік партиялардың құрылуына жеткізген кезде құрылды. Формальдық жағынан III Интернационал өзінің бірінші съезінде, 1919 жылғы мартта, Москвада құрылды. Ал бұл Интернационалдың өте ерекше белгісі, оның міндеті: марксизмнің өсиеттерін орындау, іске асыру және социализм мен жұмысшы қозғалысының ежелден бергі мұраттарын жүзеге асыру,—III Интернационалдың осы өте ерекше белгісі өзін бірден-ақ мынадан көрсетті: жаңа, үшінші, «Жұмысшылардың халықаралық қоғамы» *қазірдің өзінде-ақ*, белгілі мөлшерде, *Советтік Социалистік Республикалар Одағымен сәйкес* бола бастап отыр.

Бірінші Интернационал социализм жолындағы пролетарлық, халықаралық күрестің іргесін қалады.

Екінші Интернационал қозғалысты бірқатар елдерде кең түрде, жаппай таратуға негіз дайындау заманы болды.

Үшінші Интернационал II Интернационалдың істеген жұмысының жемісін пайдаланды, оның оппортунистік, социал-шовинистік, буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық мерезін сылып тастап, пролетариат диктатурасын *жүзеге асыра бастады.*

Дүние жүзіндегі нағыз революциялық қозғалысқа, капиталдың езгісін құлату жолындағы пролетариат қозғалысына басшылық ететін партиялардың халықаралық одағы қазір беріктігі жағынан бұрын жан естімеген мықты базаға ие болып отыр: бірнеше *Советтік республикалар* бар; бұлар халықаралық көлемде пролетариат диктатурасын, пролетариаттың капитализмді жеңуін жүзеге асырып отыр.

III, Коммунистік Интернационалдың бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы мынада—ол Маркстің асқан

ұлы ұранын, социализм мен жұмысшы қозғалысының ғасырлық дамуына қорытынды жасаған ұранды, пролетариат диктатурасы деген ұғыммен сипатталатын ұранды жүзеге асыра бастады.

Бұл данышпандық болжам, бұл данышпандық теория өмір шындығына айналып келеді.

Латынның осы бір сөздері енді қазіргі Европаның барлық халықтарының тілдеріне аударылды,—ол ол ма: дүние жүзіндегі барлық тілдерге аударылды.

Бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа заманы басталды.

Адамзат құлдықтың соңғы формасын: капиталистік немесе жалдамалы құлдықты өзінен лақтырып тастауда.

Құлдықтан босанып, адамзат тұңғыш рет шын бостандыққа көшіп келеді.

Пролетариат диктатурасын жүзеге асырған, Совет республикасын ұйымдастырған бірінші ел Европадағы ең артта қалған елдердің бірі болып шыққаны қалай? Егер біз: Россияның артта қалғандығы мен оның демократизмнің жоғары формасына, буржуазиялық демократия арқылы советтік немесе пролетарлық демократияға «секіруінің» арасындағы осы қайшылық, нақ осы қайшылық (социализм көсемдерінің көпшілігінде оппортунистік әдеттер мен филистерлік соқыр сенімдердің басым болғандығын есептемегенде) Батыста Советтердің ролін ұғынуды өте-мөте қиындатқан немесе баяулатқан себептердің бірі болды десек, қателесе қояр ма екенбіз.

Бүкіл дүние жүзінде жұмысшы бұқарасы Советтердің пролетариат күресінің құралы ретіндегі және пролетарлық мемлекеттің формасы ретіндегі маңызын өздерінің түйсігі арқылы сезе қойды. Бірақ оппортунизм бүлген «көсемдер» буржуазиялық демократияны жалпы алғанда «демократия» деп атап, соған табынып келді және әлі табынып келеді.

Пролетариат диктатурасының жүзеге асырылуы ең алдымен Россияның артта қалғандығы мен оның буржуазиялық демократия *арқылы* «секіруінің» арасындағы «қайшылықты» көрсеткені таңырқарлық нәрсе ме? Егер демократияның *жаңа* формасының жүзеге асыры-

луын тарих бізге бірқатар қайшылықтардан *тыс* сыйлаған болса, онда мұның өзі таңырқарлық нәрсе болған болар еді.

Марксистің қандайына болса да, тіпті жалпы қазіргі замандағы ғылымнан хабары бар адамның қандайына болса да: «Түрлі капиталистік елдердің пролетариат диктатурасына біркелкі немесе үйлесімді-пропорциялы түрде өтуі мүмкін бе?» деп сұрақ қойылса, ол бұл сұраққа, күмән жоқ, керісінше жауап береді. Капитализм дүниесінде біркелкілік те, үйлесімділік те, пропорциялылық та еш уақытта болған емес, болуы мүмкін де емес. Әр ел капитализмнің және жұмысшы қозғалысының кейде бір түрлі, кейде екінші түрлі жағын, немесе белгісін, немесе бір топ қасиеттерін ерекше басым дамытып отырды. Даму процесі әркелкі жүріп отырды.

Франция Европаның бүкіл континенттің тарихи жаңа өмірге оятып, өзінің буржуазиялық ұлы революциясын жасап жатқанда, Англия капиталистік даму жағынан Франциядан анағұрлым озық бола тұрып, контрреволюциялық коалицияны басқарушы болып шықты. Ал Англияның сол замандағы жұмысшы қозғалысы марксизм болашағының көп жерін данышпандықпен алдын ала болжау болды.

Англия дүние жүзіне бірінші, кең көлемді, нағыз бұқаралық, саяси жағынан қалыптасқан, пролетарлық-революциялық қозғалысты, чартизмді, берген кезде, Европа континентінде көбінесе әлсіз буржуазиялық революциялар болып жатты, ал Францияда пролетариат пен буржуазияның арасында ең алғашқы ұлы азамат соғысы бұрқ ете түсті. Буржуазия пролетариаттың түрлі ұлттық отрядтарын әр түрлі елдерде бір-бірлеп және түрліше жолдармен талқандады.

Англия, Энгельстің сөзімен айтқанда, өзінің буржуазиясы буржуазияланған аристократиямен қатар пролетариаттың неғұрлым буржуазияланған жоғарғы тобын тудырған елдің үлгісі болды[70]. Алдыңғы қатарлы капиталистік ел пролетариаттың революциялық күресі тұрғысынан алғанда әлденеше ондаған жылға артта қалған болып шықты. Франция жұмысшы табының буржуазияға қарсы 1848 және 1871 жылдардағы көтерілісте-

рінде—бүкіл дүние жүзілік-тарихи мағынада өте-мөте көп нәрсе берген екі айбынды көтерілісінде пролетариаттың күшін сарқа тауысқандай еді. Содан соң жұмысшы қозғалысының Интернационалындағы гегемондық XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап Германияға көшті; ол кезде Германия экономика жағынан Англиядан да, Франциядан да артта болатын. Ал Германия экономика жағынан бұл екі елдің екеуін де басып озған кезде, яғни XX ғасырдың екінші он жылдығы қарсаңында, Германияның бүкіл дүние жүзіне үлгі болған маркстік жұмысшы партиясының басында Шейдеман мен Носкеден бастап Давид пен Легинге дейінгі бір топ оңбаған сұмдар отырды, капиталистерге сатылған нағыз арам нағылеттер, монархия мен контрреволюциялық буржуазияға қызмет ететін, жұмысшылардан шыққан ең жексұрын жендеттер отырды.

Бүкіл дүние жүзілік тарих бұлтармастан пролетариат диктатурасына қарай келе жатыр, бірақ ол әсте бір тегіс, оңай, тура жолдармен келе жатқан жоқ.

Карл Каутский Шейдемандармен бірлік жасау үшін және советтік немесе пролетарлық демократияға қарсы буржуазиялық демократия үшін күресуші болмай, марксизмнің ренегаты болмай, марксист болып жүрген кезінде, XX ғасырдың ең басында «Славяндар және революция» деген мақала жазды. Бұл мақалада ол халықаралық революциялық қозғалыстағы гегемонияның славяндарға көшуі мүмкіндігін белгілеген тарихи жағдайларды баяндаған еді.

Солай болып та шықты. XIX ғасырдың түрлі дәуірлерінде ағылшындарда, содан соң француздарда, одан кейін немістерде болғаны сияқты, революциялық пролетарлық Интернационалдағы гегемония уақытша—өзінен-өзі түсінікті, тек қысқа уақытқа ғана—орыстарға ауысты.

Мен бұрын да былай деп сан рет айтқан болатынмын: алдыңғы қатарлы елдермен салыстырғанда орыстарға ұлы пролетарлық революцияны *бастау* оңай болды, бірақ оларға, социалистік қоғамды толық ұйымдастыру мағынасында алғанда, революцияны *одан әрі жалғастыру* және түпкілікті жеңіске жеткізу қиынырақ болады.

Бізге бастау оңай болған себебі—біріншіден, патшалық монархияның—XX ғасырдағы Европамен салыстырғанда — әдеттен тыс саяси мешеулігі бұқараның революциялық тегеурінін әдеттен тыс күшейте түсті. Екіншіден, Россияның артта қалғандығы пролетариаттың буржуазияға қарсы революциясын шаруалардың помещиктерге қарсы революциясымен айрықша түрде біріктірді. Біз 1917 жылғы Октябрьде осыдан бастадық, егер осыдан бастамасақ, ол кезде мұндай оңай жеңе алмас та едік. Маркс 1856 жылдың өзінде-ақ Пруссия туралы айта келіп, пролетариат революциясының шаруа соғысымен айрықша түрде ұштасуының мүмкін екенін атап көрсеткен болатын[71]. Большевиктер 1905 жылдың басынан бастап пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы идеясын жақтады. Үшіншіден, 1905 жылғы революция бұқараның авангардын социализмнің Батыстағы «соңғы жетістіктерімен» таныстыру жағынан да, бұқараның революциялық *қимылы* жағынан да жұмысшылар мен шаруалар бұқарасына саяси тәрбие беру жөнінде өте-мөте көп іс тындырды. 1905 жылғы сияқты «ұлы репетиция» болмаса, 1917 жылғы революциялар, буржуазиялық, февраль революциясы да, сондай-ақ пролетарлық, Октябрь революциясы да мүмкін болмас еді. Төртіншіден, Россияның географиялық жағдайлары алдыңғы қатарлы, капиталистік елдердің әскери басымдығына қарсы басқа елдерден гөрі көбірек төтеп беруге мүмкіндік берді. Бесіншіден, пролетариаттың шаруаларға айрықша көзқарасы буржуазиялық революциядан социалистік революцияға өтуді жеңілдетті, деревнядағы еңбекшілердің жартылай пролетарлық, ең кедей топтарына қала пролетарларының ықпал жүргізуін жеңілдетті. Алтыншыдан, стачкалық күрестің ұзақ мектебі және Европадағы жұмысшылардың бұқаралық қозғалысының тәжірибесі, терең және тез шиеленіскен революциялық ситуация жағдайында, пролетарлық революциялық ұйымның *Советтер* сияқты айрықша формасының шығуын жеңілдетті.

Бұл тізбе, әрине, толық емес. Бірақ әзірше осымен шектелуге болады.

Советтік немесе пролетарлық демократия Россияда туды. Париж Коммунасымен салыстырғанда бүкіл дүние жүзілік-тарихи екінші қадам жасалды. Пролетарлық-шаруалық Совет республикасы дүние жүзіндегі ең бірінші тұрақты социалистік республика болып шықты. *Мемлекеттің жаңа типі* ретінде, ол енді өлуден кетті. Ол енді жападан-жалғыз тұрған жоқ.

Социализм құру жұмысын жүргізе беру үшін, бұл жұмысты аяғына дейін жеткізу үшін әлі өте-мөте көп нәрселер керек. Пролетариатының салмағы мен ықпалы басым, мәдениеттірек елдердегі Советтік республикалардың, егер олар пролетариат диктатурасы жолына түсетін болса, Россияны басып озуға барлық мүмкіндіктері бар.

Банкрот болған II Интернационал қазір өліп барады және тірідей іріп-шіріп бара жатыр. Ол іс жүзінде халықаралық буржуазияның малайы ролін атқарып отыр. Бұл нағыз сатқын Интернационал. Оның Каутский тәрізді идеялық ең ірі көсемдері *буржуазиялық* демократияны жалпы «демократия» деп немесе — одан да гөрі топастау, тұрпайылау түрде — «таза демократия» деп дәріптеп отыр.

Жұмысшылар бұқарасын буржуазиялық демократияның шеңберінен шықпай әзірлеу ісі күн тәртібінде тұрған кезде тарихи-қажет, пайдалы жұмыс істеген II Интернационалдың күні өткені сияқты, буржуазиялық демократияның да күні өтті.

Ең демократияшыл буржуазиялық республика еш уақытта да капиталдың еңбекшілерді жаныштап отыруына арналған машина болудан, капиталдың саяси өкіметінің құралы, буржуазия диктатурасы болудан басқа ештеңе де болған емес және бола алған да емес. Демократиялық буржуазиялық республика көпшілікке өкімет билігін әперемін деп уәде берді, оны жариялады да, бірақ, жерге және басқа өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болып тұрған кезде, оны еш уақытта да жүзеге асыра алған жоқ.

Буржуазиялық демократиялық республикадағы «бостандық» іс жүзінде *байларға арналған* бостандық бол-

ды. Пролетарлар мен еңбекші шаруалар оны капиталды құлатуға, буржуазиялық демократияны жеңуге өз күштерін әзірлеу үшін пайдалана алатын еді және солай болуға тиіс те еді, бірақ *іс жүзінде* еңбекшілер бұқарасы капитализм тұсында, жалпы ереже бойынша, демократияны пайдалана алған жоқ.

Советтік немесе пролетарлық демократия дүние жүзінде тұңғыш рет бұқараға арналған, еңбекшілерге арналған, жұмысшылар мен ұсақ шаруаларға арналған *демократияны* жасады.

Дүние жүзінде еш уақытта Совет өкіметі сияқты халық *көпшілігінің* мемлекеттік өкіметі, бұл көпшіліктің *іс жүзіндегі* өкіметі болған емес.

Совет өкіметі қанаушылардың және олардың сойылын соғушылардың «бостандығын» жаныштап отыр, ол оларды жұртты қанау «бостандығынан», жұртты ашықтыру арқылы баю «бостандығынан», капиталдың өкіметін қайта орнату үшін күресу «бостандығынан», өз елінің жұмысшылары мен шаруаларына қарсы бөтен елдің буржуазиясымен келісім жасау «бостандығынан» айырып отыр.

Мұндай бостандықты Каутскийлер қорғай берсін. Мұның үшін марксизм ренегаты, социализм ренегаты болу керек.

II Интернационалдың идеялық көсемдерінің, Гильфердинг пен Каутский сияқты көсемдерінің, күйреуі олардың советтік немесе пролетарлық демократияның маңызын, оның Париж Коммунасына қатысын, оның тарихи орнын, оның пролетариат диктатурасының формасы ретінде қажеттілігін мүлде түсіне алмайтындығынан айқын көрінгендей, еш жерде айқын көрінген емес.

«Тәуелсіз» (мещандық, филистерлік, ұсақ буржуазиялық деп оқы) герман социал-демократиясының органы «Бостандық» («Die Freiheit»)[72] газетінің 74-номерінде 1919 жылы 11 февральда «Германияның революцияшыл пролетариатына» деген үндеу хат басылды.

Бұл үндеу хатқа партияның басқармасы және оның «Ұлттық жиналыстағы», герман «құрылтайындағы», бүкіл фракциясы қол қойған.

Бұл үндеу хат Шейдемандарға *Советтерді* құртуға тырысушылық жөнінен кінә тағады және—ойнамаңыз!—Советтерді құрылтаймен *қиюластыруды*, Советтерге белгілі бір мемлекеттік праволар беруді, конституциядан белгілі бір орын беруді ұсынады.

Буржуазия диктатурасын пролетариат диктатурасымен татуластырып, біріктірмекші! Неткен оп-оңай нәрсе десеңізші! Неткен данасымақ-филистерлік идея бұл!

Амал не, бұл идеяны Россияда біріккен меньшевиктер мен социалист-революционерлер, өздерін социалиске балайтын осы ұсақ буржуазиялық демократтар, Керенскийдің тұсында бастарынан кешіріп үлгірген-ді.

Маркстi оқығанында, капиталистік қоғамдағы әрбір қысылшаң кезеңде, таптардың әрбір елеулі қақтығысында, не буржуазия диктатурасы, не пролетариат диктатурасы болуы ғана ықтимал екендігін түсінбеген адам—Маркстің экономикалық ілімінен де, саяси ілімінен де түк түсінбеген адам.

Бірақ, егер 11 февральдағы осынау ғажап және нағыз кісі күлерлік үндеу хаттың ішіндегі толып жатқан экономикалық және саяси сорақылықтарды сарқа айтқымыз келсе, Гильфердингтің, Каутскийдің және К°-нің буржуазия диктатурасы мен пролетариат диктатурасын бейбіт түрде біріктіру туралы данасымақ-филистерлік идеясы ерекше талдауды керек қылады. Ал мұны екінші мақалаға қалдыруға тура келеді*.

Москва, 15 апрель, 1919 ж.

1919 ж. майда «Коммунистический Интернационал» журналының 1-нөмерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 428—438-беттер. *Ред.*

МОСКВА ТОРАБЫ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1919 ж. 16 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, қазір біздің еліміз ауыр кезеңді басынан кешіріп отырғанын бәріміз де білеміз. Контрреволюция мен халықаралық империализмнің ақырғы тегеурінін тойтару үшін бізге мобилизация жариялауға тура келді. Қазіргі кезеңде осы мобилизацияны ойдағыдай өткізу ісінде еңбекші бұқараның өз тарапынан пәрменді көмек көрсетілуі қажет.

Жолдастар, дәл қазіргі кезде, еліміз азық-түлік ісінің қиыншылықтарын және соғысқа байланысты транспорт бүліншілігін басынан кешіріп отырған кезде, соғыстың қандай зор қиындықтар тудыратындығын және оның қандай орасан зор құрбандықтар талап ететіндігін сіздер, әрине, бәріңіз де өте жақсы түсінесіздер. Осы соғыстың салдарынан еңбекші бұқараға түсетін азаптар қазір бұл қиыншылықтар себепті бұрынғыдан бетер күшейе түсті.

Бірақ бізде істің жайы жақсарды және біз қиындықтардың бәрін жеңіп шығамыз деп ойлауға және тап басып айтуға барлық негізіміз бар. Біз өзімізді алдандырып отырғанымыз жоқ. Қазір біздің жауымыз—көріне көзге орыс капиталистерімен бірге қимыл жасап отырған Англия, Франция және Америка капиталистерінің Совет өкіметін құлату үшін ақырғы әрекеттер жасап отырғандығын біз білеміз. Помещиктер мен капиталистердің өкілдері көптен бері-ақ Парижде кеңес құрып жатқандығын біз көріп отырмыз. Совет өкіметі төтеп бере алмайды деп олардың күн санап, сағат санап

барған сайын көбірек үміттеніп жүргендігін біз көріп отырмыз. Бірақ сонымен қатар біз мынаны да көріп отырмыз: осы уақытқа дейін, Германияны жеңгеннен кейін бес ай өткен соң, олар әлі де болса бітім жасаса алмай отыр. Неге? Неге десеңіз, олар жіліктің майлы басын бөліске салуда—Түркия кімге тиеді, Болгария кімдікі болады, Германияны қалай тонау керек, Англияға не тиеді, Франция мен Америкаға не қалады, немістерден қаншама ондаған миллиард контрибуция алу керек,—деп жұлқысуда. Олардың Германиядан түк те ала алмауы ықтимал екендігі анық, өйткені ол ел соғыстан күйзелген, оның еңбекші бұқарасы буржуазиялық үкіметтің езгісіне барған сайын көбірек күш-жігермен қарсы шығып отыр.

Жолдастар, осылай болғандықтан, қазіргі уақытта, Шығыс майданда Колчактың жеңіске жетуіне байланысты орыс және шетел капиталистерінде біраз үміт ұшқыны қайтадан жылт ете бастағаны жөнінде бізде әбден айқын және берік сенім туып отыр. Бірақ Колчак жеке жеңістерге жетсе де, бәрібір Советтік Россия республикасында олар өздерінің үміттерін жүзеге асыра алмайды.

Біз білеміз, Германияны жеңгеннен кейін одақтастардың қолында капиталдар, көп миллиондаған армия қалды, ешкім бәсекелесе алмайтын флот та қалды. Германияны жеңгеннен кейін дереу барлық күштерін Советтік Россия республикасын жаулап алуға бағыттауға олардың толық мүмкіндігі болды. Олардың Россияның оңтүстігінде қолданған шаралары—олардың Қара теңізге әскер түсіруі, Одессаны алуы—осылардың бәрі одақтас империалистердің тарапынан Совет өкіметіне қарсы бағытталды.

Ал қазір, бес ай өткеннен кейін, не болып отыр? Олардың әскери күштері, миллиондаған армиясы болмай отыр ма, флоты болмай отыр ма? Нашар қаруланған украин жұмысшылары мен шаруаларының армиясынан олар не себепті шегінуге тиісті болды?

Неге десеңіз, олардың өз әскерлерінің ішінде іріткі шығып жатыр, мұны бізге жеткен мәліметтер көрсетіп отыр. Бұл мәліметтер расталды. Капиталистердің пай-

даларды бөлісуіне бола соғысты төрт жыл бойы тыйымсыз жүргізе беруге болмайды. Сөйтіп қазір, олар бүкіл кінәны Вильгельмге жауып, оны талқандағаннан кейін, соғысты соза беруге олардың мұршасы келмей отыр. Келісу елдері әскери күш жөнінде бізден әлдеқайда күшті бола алғандығын және, қатал айтқанда, әлдеқайда күшті болып қалып отырғандығын біз білеміз, солай бола тұрса да біз былай дейміз: олар бізге қарсы соғыста ұтылды. Бұл тек біздің қиялымыз ғана емес, бұл тек біздің еліккендігіміз ғана емес, мұны Украинадағы оқиғалар дәлелдеді. Барлық елдер соғыстан титықтағаннан кейін, соғыстан азап шеккеннен кейін, соғыстың тек капиталдың еңбекшілерге өктемдігін сақтау үшін ғана созылып жатқандығы әркімге айқын бола бастағаннан кейін олар соғыса алмайды. Одақтастар Россиямен бәрібір жасалмай қоймайтын бітімді әлі де созып келеді, біз бұл бітімді жүзеге асыру үшін бірталай қадамдар жасадық, біз бітімді тіпті өзіміз үшін ең ауыр шарттармен де ұсынып көрдік. Жұмысшылар мен шаруалардың таңдаулы ұлдарын алып кететін соғысты соза бергеннен гөрі тіпті ауыр финанстық шарттардың өзі әлдеқайда жеңіл екендігін біз білеміз ғой. Өздерінің бізге қарсы соғыс жүргізуіне болмайтындығын империалистік мемлекеттер біледі. Олар бірнеше ондаған мың сибирьлік шаруа жастарын мобилизациялап алған Колчак қозғалысының не екендігін біледі. Колчак майдангерлерді әскерге алуға бата алмады, олардың өзінің соңынан ермейтіндігін ол біледі, сондықтан жастарды таяқ тәртібі мен алдау арқылы ұстап отыр.

Міне, сондықтан, жағдайымыздың шиеленісіп кеткендігіне қарамастан, біз кәміл сеніммен былай дейміз: осы соғысты бірнеше айдың ішінде аяқтауға біздің шамамыз келеді және одақтастар бізбен бітім жасасуға тиісті болады. Олар Колчакқа сүйенеді, олар азық-түлік қиыншылықтары Совет өкіметін құлатады деп есептейді, ал біз: мұның сәті түспейді дейміз. Әрине, біздің азық-түлік жағдайымыз жеңіл емес; бұдан да үлкен қиыншылықтардың келе жатқандығын біз білеміз, бірақ сонда да былай дейміз: былтырғы жылға қарағанда біздің жағдайымыз онша жаман емес; ол кезде, көктем-

де, азық-түлік күйзелісі мен транспорт күйзелісінің ауыртпалығы бұдан да гөрі қауіпті еді.

1918 жылдың бірінші жартысында біздің азық-түлік органдарымыз тек 28 миллион пұт қана астық дайындай алды, ал екінші жартысында 67 миллион пұт астық дайындалды. Жылдың бірінші жартысы қашан да анағұрлым қиын болады, онда ашаршылық кездеседі, сондықтан былтырғы жылы, бүкіл Украина немістердің қол астында болған кезде, Краснов Донда немістерден ондаған вагон соғыс жабдықтарын алған кезде, чехословактар Волганы басып алған кезде,—азық-түлік жағдайымыз әлдеқайда нашар болған еді.

Қазір Россия Социалистік Совет Республикасына басқа республикалар келіп қосылды. Латыш республикасы соңғы кезде өзінің жағдайын нығайтты; соншалықты тез шабуыл жасаған неміс әскерлерінің арасында іріткі басталды, ал неміс солдаттары барондардың өкіметін қайтадан орнату үшін соғысқа бармаймыз деп отыр. Ал петлюрашылдар аз ғана уақытқа болса да басып алған Украина петлюрашылдардан түгелдей тазартылды, сөйтіп қызыл әскерлер Бессарабияға қарай бара жатыр. Совет республикасының халықаралық жағдайы күн сайын, тіпті сағат сайын деуге де болады, нығайып келе жатқандығын біз білеміз. Венгрияда да Совет өкіметі орнағандығын, онда Совет республикасы құрылғандығын, одақтастардың елді тонағысы келетіндігі ашылып қалған кезде буржуазияның өкіметтен кеткендігін, сөйтіп оның орнына жұмысшылардың келгендігін бәріңіз де білесіздер.

Қазір, Украинаны босатып алғаннан кейін және Донда Совет өкіметі нығайғаннан кейін, біздің күшіміз нығайып келеді. Біз енді былай дейміз: бізде астық пен азық-түліктің қайнар көздері, Донецк бассейнінен отын алу мүмкіндігі бар. Азық-түлік дағдарысы шиеленіскен кезде, біздің транспортымыз тозып, бүлінген кезде, ең қиын айлар жақындап келе жатса да, солай бола тұрса да, осы дағдарысты бастан өткізе алатындығымызға біз сенімдіміз. Украинада орасан зор запастар, артық астық бар, оларды бірден алу қиын—онда әлі күнге дейін партизаншылдық болып отыр, онда шаруалар немістер-

дің айуандық үстемдігінен зәрезап болған, сондықтан помещик жерлерін алудан қорқады. Совет өкіметі Смольныйда болған дәуірде бізде де қиын болғаны сияқты, Украинада құрылыстың алғашқы қадамдары қиынға соғып отыр.

Біз кемінде үш мың теміржолшы жұмысшыны, Россияның солтүстігіндегі ашыққан шаруалардың бір бөлегін Украинаға аттандыруға тиістіміз. Украин үкіметі қазір 100 миллион пұт шамасында алуға болатын астық мөлшерін жер-жерге дәл бөлу туралы декретті қабылдап та қойды.

Алынған мәліметтерге қарағанда, Дон бассейні округтерінің бірінде темір жолдан көп дегенде 10 шақырым жерде 1 миллион пұт астық бар көрінеді.

Былтыр болмаған, қазір бар запастар, ресурстар міне осындай. Мұның өзі, егер біз қысқа мерзім ішінде барлық күшті жұмсайтын болсақ, онда бірнеше айдың ішінде соғысты аяқтай алатындығымызды көрсетеді. Біздің оңтүстіктегі басымдылығымыз—шешуші басымдылық. Одақтастар—французлар мен ағылшындар—науқанды ұтқызды, өздерінің қолындағы болмашы әскерлермен Совет республикасына қарсы соғыс жүргізе алмайтындықтарын көрсетті. Біз жөнінде олар таратып жүрген өтірік-өсек сейіле бастады; большевиктер үкіметті күштеу арқылы құлатты және күштеумен өмір сүріп отыр деген ертегілерге қазір ешкім де сенбейді, ал Совет республикасының күн сайын нығайып келе жатқандығын қазір жұрттың бәрі біледі.

Біз қазір сіздерге үндеу салып отырмыз, өйткені соғыстың бүкіл тағдыры осы мобилизацияға байланысты. Мобилизация істі біздің пайдамызға шешеді, біз ұсынған бітімді империалистер қабылдауға мәжбүр болады, өйткені олар күн сайын әлсіреп барады деуге біздің барлық дәлеліміз бар.

Жолдастар, міне сондықтан да Совет өкіметі барлық күшті аямай жұмсау керек, көбінесе егіншілікті кәсіп етпейтін губерниялардың жұмысшылары мен шаруаларын мобилизациялау керек деп шешті. Майдандарда тез ілгерілеп отырғанда мобилизация азық-түлік жағдайын да былайша жақсартуға мүмкіндік береді деп

есептейміз; егіншілікті кәсіп етпейтін, анағұрлым ашыққан губернияларда жейтін ауыздың санын азайтады, майдандағы,—ал біз соғысты неғұрлым астықты және тоқ жерлерде жүргізіп жатырмыз,—адамдар, майданға он мыңдап аттандырылғандар тамақтарын асырауға мүмкіндік алады және почтамен посылка жіберуді өрістету арқылы олар үйлерінде қалған семьяларына дереу көмек көрсетуге, бір жарым пұтшылардың көмектескеніндей, тіпті одан да көбірек көмек көрсетуге мүмкіндік алады.

Соғыстың тез аяқталу мүмкіндігі осы мобилизацияға байланысты, Колчактың ілгерілеуі тоқтатылады және біржолата талқандалады деген үміттеріміз де осы мобилизацияға байланысты. Өзімізге ең астықты жерлерді босатып алу үшін Краснов бандаларының қалдықтарын жеңуді оңтүстікте аяқтап келе жатқан әскерлерімізді қозғағымыз келмейді. Біз бүкіл Дон облысын түгелдей дерлік алдық, ал Солтүстік Кавказда астық одан да көп, онда запастар одан да гөрі мол, егер біз Оңтүстік майданды әлсіретпесек, бұл астықты да өз қарамағымызға аламыз.

Жолдастар, соғыс бізде дүние жүзінде бірінші рет мынадай кезде болып отыр—соғыс ауыртпалығының ұшан-теңіз екендігін біле, сезе және көре отырып, нақ қоршауда қалған қамалдай империалистер қоршап алған елдегі ашаршылықтың барлық азаптарын бастарынан кешіре отырып, жұмысшылар мен шаруалар соғысты жер үшін, фабрикалар мен заводтар үшін жүргізіп жатқандығын түсініп отыр. Жұмысшылары мен шаруаларының көпшілігі өз өкіметін, Совет өкіметін — еңбекшілер өкіметін қорғайтындығын, жеңген күнде мәдениет игіліктерінің бәрін, адам еңбегі жасаған нәрсенің бәрін өздерінің және өз балаларының пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін істі қорғайтындығын білген, сезген және көрген халық еш уақытта жеңілмейді. Жолдастар, сондықтан бұрынғы мобилизациялардан гөрі бұл мобилизацияның әлдеқайда жақсы өтетіндігіне, сіздердің араларыңыздан оның қолдау табатындығына, жиналыстарда сөйлеп жүрген үгітшілерден басқа сіздердің әрқайсыңыз және сіздердің әрбір танысыңыз өзі үгітші-

ге айналатындығына, ол өз жолдастарына, завод жұмысшылары мен теміржолшыларға өзі барып, оларға қазір барлық күшті аямай жұмсаудың неліктен керектігін және бірнеше айдың ішінде жауды жою керектігін түсінікті, анық етіп айтып беретіндігіне біз сенеміз. Бұқараның өзі жапатармағай көтеріледі, сөйтіп түп-түгел үгітшілерге айналып, тек Россияда ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінде Совет республикасын қамтамасыз ететін жеңілмес күш жасайды.

«Правда» № 85,
23 апрель, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МОСКВАНЫҢ ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІ МЕН КӘСІПТІК ОДАҚТАРЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА КОЛЧАККҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ 1919 ж. 17 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин жолдас өзінің жарқын сөзінде Москва пролетариатын Колчакқа қарсы күреске тікелей қатысуға шақырды. Колчактың соңғы шабуылын, Ленин жолдастың айтқанындай, империалистік Келісу державалары дайындағаны күмәнсыз. Шет аймақтардағы ақ гвардиялық қозғалыстардың бәрін нақ Антанта басқарып отырғандығын кеше Стучка жолдастан алынған телеграмма дәлелдейді: немістер Курляндияда шабуылды тоқтатыпты, бірақ Латвияның Советтік үкіметіне олармен бітім келісімін жасасу мүмкін болмай отыр, өйткені Франция, Англия және Америка немістерден Курляндияда қалуды және соғысты соза беруді талап етеді; генералдар жеңушілерге бағынуға әзір, бірақ солдаттар соғысудан үзілді-кесілді бас тартуда. Одақтастардың соңғы дәмесі жойылды. Одақтастардың бізбен соғыса беруге күші жоқ екендігін, немесе, дұрысырақ айтқанда, өздерінің әскери күштеріне әмір жүргізе алудан қалғандығын оңтүстіктегі жеңістер көрсетті. Одақтастардың оңтүстіктегі авантюрасы Одессадан қашқан кездегі барып тұрған масқара тонаушылық әрекетімен аяқталды. Бізді тонайды, зорлық жасайды деп айыптайтын «білімпаз» одақтастар, ешбір правосы және негізі болмаса да, Одессадан біздің бүкіл сауда флотымызды алып кетті, сөйтіп мұнысымен бейбіт халықты аштыққа ұшыратты. Мұның өзі империализмнің күйреген жоспары үшін кек алу әрекеті болды. Біз Оңтүстік және Қырым майдандарын жойдық, енді Дон майданын жою қарсаңында тұр-

мыз. Соңғы хабарларға қарағанда, біз Новочеркасскіден 40 шақырым жердеміз. Біздің жеңісіміз қамтамасыз етілді.

Одақтастар дем берген Колчактың шабуылы ақ гвардияшылардың оңтүстік отрядтарының қалдықтары мен петлюрашылдардың өс жинауына мүмкіндік беру үшін Оңтүстік майдандағы біздің күштердің назарын басқа жаққа аудару мақсатын көздейді, бірақ мұнысынан түк шықпайды. Біз Оңтүстік майданнан бірде-бір полкты, бірде-бір ротаны алмаймыз.

Шығыс майданына арнап біз жаңа армиялар жинаймыз, сондықтан да осы үшін біз мобилизация жариялады қ. Бұл соңғы мобилизация болмақ, ол бізге Колчакты құртуға, яғни соғысты аяқтауға, бұл жолы мүлдем аяқтауға мүмкіндік береді.

Қазір жарияланып отырған мобилизация егіншілікті кәсіп етпейтін, біріңғай өнеркәсіпті губернияларды қамтиды. Мобилизация жоспарын жасағанда тек соғыс мүдделері ғана емес, сонымен бірге егіншілік және азық-түлік мүдделері де еске алынды. Біз адамдарды ашыққан губерниялардан алып, оларды астықты жерлерге жөнелтеміз. Бұл мобилизация астаналардағы және солтүстік губерниялардағы азық-түлік жағдайын едәуір жеңілдетеді. Барлық мобилизацияланғандарға өздерінің семьяларына арнап айына екі рет азық-түлік посылкаларын жіберуге право бере отырып, біз жұмысшы халқына өздерінің майданға алынған туысқандарынан астық алып отыруға мүмкіндік береміз. Почта комиссарының хабарына қарағанда, азық-түлік посылкалары қалаларды жабдықтауға едәуір септігін тигізетін көрінеді; бір күннің ішінде азық-түлік посылкалары тиелген 37 вагон келіпті. Бұл шараның нәтижелері «бір жарым пұтшылардың» былтырғы тәжірибесінің нәтижелерінен анағұрлым елеулі, анағұрлым мол болатындығы күмәнсыз.

Мобилизация дұрыс ойластырылып, дұрыс жасалды, бірақ ол сәтті болуы үшін оны жүзеге асырғанда чиновниктік тәсілдер қолданылмауға тиіс. Бұл мобилизацияның шешуші роль атқаратындығын, сондықтан оны жүзеге асыру үшін барлық күшті жұмсау талап етіле-

тіндігін естен шығармау керек. Әрбір саналы жұмысшы, әрбір саналы жұмысшы әйел мобилизацияға тікелей қатысуға тиіс. Жиналыстар мен митингілер аздық етеді, әрбір адаммен үгіт жүргізу керек, мобилизациялана-тындарды аралап шығу керек, олардың әрқайсысына соғыстың аяқталуы оның ерлігіне, батылдығына және берілгендігіне байланысты екендігін жеке-жеке түсін-діру керек.

Пролетарлық революция дүние жүзінің барлық елде-рін қамтиды; егер одақтастар Россияның істеріне әскери күшпен ашықтан-ашық араласудан іс жүзінде бас тар-тып отырса, оның себебі мынау: орыс революциясына түйсік бойынша тілектес болған өз армияларын олар билей алмай отыр. Олар өздерінің солдаттары мен жұ-мысшыларынан қорқады, оларды орыс революциясының ықпалынан қалқалайды. Соңғы кезде Келісу елдерінде большевизмнің табыстары туралы тіпті газет хабарла-рын да жібермей қойды. Италияда тіпті Россиядан жа-зылған жеке адамдардың хаттарына да өте алмайтын тосқауыл жасалған. Ленин жолдас Циммервальд конфе-ренциясында мейлінше баяу болған белгілі итальян со-циалисі Моргариден таяу арада өзінің хат алғандығын айтты. Бұл хат құпия түрде жіберіліп, патша заманын-дағы партиялық хат-хабарлар сияқты бір жапырақ қа-ғаздарға жазылған көрінеді. Осы жасырын хатта Морга-ри былай деп жазады: «Итальян партиясының атынан орыс жолдастарға және Совет өкіметіне ең жалынды сә-лем жолдаймын». (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.) Венг-рияда, жұртқа мәлім, буржуазиялық үкімет өз еркімен отставкаға шықты, бұрын орыс тұтқынында болған және орыс коммунистерінің қатарында белсене күрескен, өт-кен жылдың июлінде солшыл эсерлердің көтерілісін басып-жаншуға қатысқан венгр офицері, коммунист Бела Кунды ол өз еркімен түрмеден босатты. Қуғын-сүргіндерді, жаланы және қорлықтарды басынан кешір-ген осы венгр большевигі қазір Венгр Совет үкіметінің іс жүзіндегі басшысы болып отыр. Россиямен салыстыр-ғанда Венгрия кішкентай ел, бірақ венгр революциясы тарихта, бәлкім, орыс революциясынан да гөрі үлкенірек

роль атқаратын болар. Бұл мәдениетті елде орыс революциясының бүкіл тәжірибесі есепке алынып, социализация мықтап жүргізілуде және негіздің неғұрлым тәуір дайындалғандығы арқасында социализмнің құрылысы жоспарлы түрде және сәттірек жүргізілуде.

Міне осындай кезеңде, халықаралық империализмнің ісі біржолата ұтылды деп біз сенімді түрде айта алатын кезде, шығыстан, Колчактың ашынған және жанталасқан ақ гвардияшы бандалары тарапынан бізге қауіп төніп отыр. Мұны жою керек. Колчакты құртсақ, біз соғысты мүлдем аяқтаймыз. Барлық күшті жұмсау қажет, мобилизацияға саналы пролетариаттың түгел қатысуы қажет. Саналы жұмысшы мен жұмысшы әйелдің әрбір бос күні, әрбір бос сағаты тікелей үгітке пайдаланылуға тиіс. Мұндай күш жұмсау бізге ұзақ уақытқа емес, бірнеше айға, мүмкін, тек бірнеше аптаға ғана керек, ал мұның өзі ең ақырғы және шешуші күш жұмсау болмақ, өйткені біздің жеңетіндігіміз күмәнсыз.

«Известия ВЦИК» № 84,
18 апрель, 1919 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ОҚУШЫ-КОММУНИСТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ I СЪЕЗІНДЕ 1919 ж. 17 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[73]

Сіздерді құттықтағаныма аса қуаныштымын. Мұнда қанша губернияның өкілдері барын және сіздердің қайдан келгендеріңізді білмеймін. Маңызды нәрсе — жастардың, коммунистік жастардың ұйымдасып келе жатқандығы. Маңызды нәрсе — жаңа мектеп құруды үйрену үшін жастардың бас қосып отырғандығы. Енді сіздердің алдарыңызда жаңа мектеп тұр. Ескі, сүйкімсіз, қазыналық, жек көрінішті және өздеріңізбен байланысы жоқ мектеп енді жоқ. Жұмысты біз өте ұзақ уақытқа жоспарлап отырмыз. Біз ұмтылып отырған болашақ қоғамды, тек қызметкерлер ғана болатын қоғамды, ешқандай ала-құлалық болмайтын қоғамды,— міне мұндай қоғамды ұзақ уақыт құруға тура келеді. Қазір біз болашақ қоғамның тек іргетасын ғана қалап жатырмыз, ал оны өздеріңіз есейген кезде сіздердің құруларыңызға тура келеді. Ал қазір күштеріңіз жететін жұмысты істеңдер, қолдан келмейтін жұмысқа ұмтылмаңдар, жұмысты үлкендердің басшылығымен істеңдер. Съезге тағы да сәлем жолдаймын және сіздердің өз істеріңізде барынша табысқа жетулеріңізге тілектеспін.

Бірінші рет 1923 ж. мына кітапта басылған: В. И. Ленин (Ульянов). «Жастар туралы сөздер мен мақалалар». М.—Пг., «Молодая Гвардия»

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

БАВАРИЯ СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚҰТТЫҚТАУ[74]

Сәлем жолдағандарыңыз үшін алғыс айтамыз және өз тарапымыздан Бавариядағы Совет республикасын шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерден мыналарды жиірек және нақтырақ хабарлап тұруларыңызды өте қатты өтінеміз; буржуазиялық жендет Шейдемандарға және К⁰-ге қарсы күресу үшін қандай шаралар қолдандыңыздар, қала учаскелері бойынша жұмысшылар мен үй қызметшілерінің Советтерін құрдыңыздар ма, жұмысшыларды қаруландырдыңыздар ма, буржуазияны қарусыздандырдыңыздар ма, жұмысшыларға, әсіресе батырақтар мен ұсақ шаруаларға дереу және кең түрде көмек көрсету үшін киім-кешек және басқа өнімдер қоймаларын пайдаландыңыздар ма, Мюнхендегі капиталистердің фабрикалары мен байлықтарын, сол сияқты Мюнхен төңірегіндегі капиталистік егіншілік шаруашылықтарын экспроприацияладыңыздар ма, ұсақ шаруалар үшін ипотекалар мен аренда ақыларын жойдыңыздар ма, батырақтарға және қара жұмысшыларға ақыны екі немесе үш есе арттырдыңыздар ма, бұқара үшін көпшілікке арналған листовкалар мен газеттер басып шығару үшін барлық қағазды және барлық баспаханаларды конфискеледіңіздер ме, күніне екі немесе үш сағат мемлекетті басқару ісіне үйрететін етіп 6 сағаттық жұмыс күнін енгіздіңіздер ме, Мюнхенде жұмысшыларды бай пәтерлерге дереу енгізу үшін буржуазияны ығыстырдыңыздар ма, банктердің бәрін өз қолдарыңызға алдыңыздар ма, буржуазиядан аманатқа кісі ұстадыңыздар ма, буржуа-

зиядан гөрі жұмысшыларға неғұрлым көбірек азық-түлік паегін беретін болдыңыздар ма, қорғаныс үшін де, төңіректегі деревняларда идеялық насихат жүргізу үшін де жұмысшыларды тегіс жұмылдырдыңыздар ма? Жұмысшы, батырақ және олардан ерекше ұсақ шаруалар Советтерінің дербес қимылға қабілеттілігі арқылы осындай және осылар сияқты шаралардың мейлінше тез және кең түрде жүргізілуі сіздердің жағдайларыңызды нығайтуға тиіс. Буржуазияға төтенше салық салу қажет, ал жұмысшылардың, батырақтардың, ұсақ шаруалардың жағдайларын іс жүзінде қайткен күнде де дереу жақсарту керек.

Ізгі сәлем жолдап, табысқа жетулеріңізге тілектестік білдіремін.

Ленин

1919 ж. 27 апрельде жазылған

Бірінші рет 1930 ж. 22 апрельде «Правда» газетінің 111-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚЫЗЫЛ АЛАҢДА 1919 ж. 1 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН ҮШ СӨЗ

ХРОНИКЕРЛІК ЖАЗБАЛАР

1

(Ленин жолдастың демонстранттар арасына келуі көпке дейін басылмаған овация тудырды.) Москва және бүкіл дүние жүзі пролетариатына сәлемін жолдағаннан кейін Ленин жолдас былтырғы жылғы бірінші май мейрамы мен биылғы жылғы бірінші май мейрамын салыстырды. Осы бір жылдың ішінде саяси жағдай Совет өкіметінің пайдасына едәуір өзгерді. Былтырғы жылғы 1 Майда бізге герман империализмінің қатері төнген еді. Қазір ол талқандалып, күлі көкке ұшты.

Пролетар күнін мейрамдаудың бейнесі тек бізде ғана өзгеріп қойған жоқ. Барлық елдерде жұмысшылар империализмге қарсы күрес жолына түсті. Азат болған жұмысшы табы тек Советтік Россияда ғана емес, сонымен бірге Советтік Венгрия мен Советтік Баварияда да өзінің мереке күнін еркін және ашық түрде жеңімпаздықпен мейрамдап отыр. Бүгін сонымен бірге былай деп кәміл сеніммен айтуға болады: серуендеу үшін емес, өздерінің күштерін көрсету үшін көшеге шыққан жұмысшылар тек Қызыл Москвада, Қызыл Петроградта және Будапештте ғана емес, пролетарлық ірі орталықтардың бәрінде де Совет өкіметінің маңызы туралы және пролетариат жеңісінің таяу екендігі туралы айтуда.

Ағылшын-француз империализмінің қоқан-лоқыларына тоқтала келіп, Ленин жолдас былай деді: егер ағылшын-француз империализміне көтерілісшілердің

болмашы отрядтары қимыл жасаған Украинада күрес майданын тастап кетуге тура келген болса, онда Советтік Россияның, Венгрияның және Баварияның біріккен күшіне ол мүлде қарсы тұра алмайды. Одесса мен Қырымды тастап кетулері ағылшын-француз солдаттарының Советтік Россияға қарсы шайқасқылары келмейтіндіктерін көрсетеді, біздің жеңісіміздің кепілі — міне осында.

В. И. Ленин Севастопольдің француз' отрядтарынан мүлде тазартылғандығы туралы Каменев жолдастан алынған телеграмманы хабарлады. Сонымен, деді ол, бүгін азат етілген Севастопольде империалистік бандалардан өзінің азат болған күнін мейрамдап отырған пролетариаттың қызыл туы желбіреуде. (*Ұзаққа созылған овация. «Ура» деген дауыстар көпке дейін басылмайды.*)

Колчактың қоқан-лоқыларына тоқтала келіп, Ленин былай деді: майданнан келген соңғы хабарлар Колчакты өте таяу арада жеңеміз деп айтуымызға мүмкіндік береді. Колчак бандаларын біржолата жоятын ондаған, жүздеген мың жауынгерлер майданға аттануда.

Қорытындысында Ленин жолдас Совет өкіметінің бүкіл дүние жүзінде түпкілікті жеңіп шығатындығына сенім білдіріп: «Советтердің халықаралық республикасы жасасын! Коммунизм жасасын!» — деп ұран тастады.

«Известия ВЦИК» № 93,
3 май, 1919 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

2

Осында қатысып отырғандардың көпшілігі,— деді Ленин жолдас,— жастары 30—35-тен аспағандар, олар біз әзірге қашығырақ тұрған коммунизмнің гүлденгенін көретін болады.

Балаларға қарай нұсқап, Ленин жолдас былай деді: қазір еңбекті азат ету мейрамына қатысушы мына балалар революционерлердің сіңірген еңбектері мен жасаған құрбандықтарының жемістерін толық пайдаланатын болады.

— Біздің немерелеріміз капиталистік құрылыс заманының документтері мен ескерткіштеріне құбыжық деп қарап, таңқалатын болады. Ең қажет заттармен сауда жасау ісі қалайша жеке адамдардың қолында болғандығын, фабрикалар мен заводтардың қалайша жеке адамдардікі болғандығын, бір адамның екінші адамды қалай қанағандығын, еңбек етпеген адамдардың қалай өмір сүргендігін олар әрең-әрең түсінетін болады. Балаларымыздың алда нені көре алатындығын осыған дейін ертегі сияқты етіп айтып келдік, ал қазір, жолдастар, негізін өзіміз қалаған социалистік қоғам құрылысының утопия еместігін сіздер анық көріп отырсыздар. Бұл құрылысты біздің балаларымыз бұдан да гөрі ынталана салатын болады. (Д у қ о л ш а п а л а к т а у.)

«Вечерние Известия Московского Совета» № 230, 2 май, 1919 ж.

«Вечерние Известия Московского Совета» газетінің тексті бойынша басылып отыр

3
СТЕПАН РАЗИНГЕ ЕСКЕРТКІШТІ АШАРДА ЕРТЕРЕКТЕ ЖАЗАЛАУ ОРНЫ БОЛҒАН ЖЕРДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Ду қол шапалақтау.) Жолдастар, бүгін біз капиталды құлатуды аңсаған бүкіл дүние жүзі пролетарларымен бірге 1 Майды мейрамдап отырмыз. Мына Жазалау орны болған жер еңбекші бұқараның талай ғасырлар бойы қысым көрсетушілердің езгісінен азап көріп, қатты жапа шеккендігін біздің есімізге түсіреді, өйткені капиталдың өктемдігі зорлау мен қорлаусыз еш уақытта да тұра алған емес, ал бұлар тіпті өткен замандарда да ашу-ызаны туғызып отырды. Мына ескерткіш көтерілісші шаруалардың бір өкілін бейнелейді. Бостандық жолындағы күресте ол дәл осы жерде өзін құрбан етті. Капиталға қарсы күресте орыс революционерлері көптеген құрбандықтар жасады. Пролетариат пен шаруалардың таңдаулы адамдары, бостандық жолындағы күрескерлер қаза тапты, бірақ олар капитал ұсынып отырған бостандық, банктердің, жеке меншікті фабрикалар мен заводтардың, жалдаптықтың бостандығы үшін қаза тапқан жоқ. Ондай бостандық жойылсын,— бізге қоғам мүшелері тек қызметкерлер ғана болған кезде мүмкін болатын нағыз бостандық керек. Мұндай бостандық үшін көп еңбек сіңіріп, көп құрбандық жасауға тура келеді. Ал біз осы ұлы мақсат үшін, социализмнің жүзеге асуы үшін қолдан келгеннің бәрін істейміз. (Ду қол шапалақтау.)

«Вечерние Известия Московского Совета» № 230, 2 май, 1919 ж.

«Вечерние Известия Московского Совета» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МЕКТЕПТЕН ТЫС БІЛІМ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ I СЪЕЗД[75]

6—19 МАЙ, 1919 ж.

Құттықтау сөз — 1919 ж. 7 майда «Правда» газетінің 96-номерінде басылған; бостандық және теңдік ұрандарымен халықты алдау туралы сөз 1919 ж. мына кітапта басылған: Н. Ленин. «Мектептен тыс білім беру жөніндегі Бүкіл россиялық I съезде сөйленген екі сөз (6—19 май, 1919 жыл)». М.

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

1

6 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Жолдастар, мектептен тыс білім беру жөніндегі съезді құттықтағаныма өте қуаныштымын. Бұл мәселеге әбден қанық және онымен арнайы шұғылданып жүрген, менің алдымда сөйлеген шешен Луначарский жолдастың жасағаны сияқты, менен істің мәніне терең бойлайтын сөзді сіздер, әрине, күтпессіздер. Бірер ауыз құттықтау сөзбен және Халық Комиссарлары Советінде сіздердің тікелей жұмыстарыңызбен азды-көпті жақын айналысуға тура келген кездерде өзімнің азын-аулақ байқағандарым мен түйген пікірлерімді айтумен шектелуіме рұқсат етіңіздер. Совет қызметінде бір жарым жыл ішінде осыншалық орасан зор табыстарға қол жеткен мектептен тыс білім беру және ағарту саласы сияқты саланы табу екіталай, бұған мен сенемін. Бұл салада жұмыс істеу біздер мен сіздерге басқа салаларға қарағанда оңай болды, бұл күмәнсыз. Мұнда бізге ескі бөгеттер мен ескі кедергілерді лақтырып тастауға тура келді. Мұнда білім алу, еркін оқу, еркін жетілу талабын — жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы арасында бәрінен де гөрі көбірек көрінген орасан зор талапты орындау оңайырақ болды, өйткені егер бізге, бұқараның қуатты тегеуріні арқасында, оның жолында тұрған сыртқы кедергілерді лақтырып тастау, бізді империалистік соғысқа душар еткен және Россияны осы соғыстан туатын аса зор ауыртпалықтарға ұшыратқан буржуазиялық тарихи мекемелерді қирату оңай болса, егер бізге сыртқы кедергілерді қирату оңай болса, оның есесіне бізге бұ-

қараны қайта тәрбиелеу ісінде, ұйымдастыру және оқыту ісінде, білім тарату ісінде, қараңғылық пен мәдениетсіздіктің, тағылық пен жабайылықтың бізге қалған мұрасына қарсы күресу ісінде жұмыстың барлық ауырлығын орасан қатты сезуге тура келді. Мұнда күресті мүлдем басқа әдістермен жүргізуге тура келді. Мұнда тек қана ұзақ мерзімді табысқа жетуден, халықтың алдыңғы қатарлы топтарының табандылықпен үнемі ықпал жасауынан, бұқара тарапынан ең қуанышты түрде қабыл алынатын ықпалдан үміттенуге тура келді, сондықтан біз көп ретте өзіміздің бере алатынымыздан аз бергеніміз үшін кінәлы болып жүрміз. Менің ойымша, осы алғашқы қадамдарда, мектептен тыс білім беруді тарату ісінде, ескі шеңберлермен және шарттылықтармен байланысты емес, еркін білім беруді тарату ісінде, ересек адамдар қуаттайтын білім беруді тарату ісінде, осы салада алғашқы кезде бізге екі түрлі кедергімен бәрінен де көбірек күресуге тура келді. Кедергілердің екеуі де бізге ескі, капиталистік қоғамнан мұра болып қалған, бұл қоғам осы уақытқа дейін бізді тежеп отыр, бізді мыңдаған, миллиондаған жіптермен, арқандармен, шынжырлармен төмен қарай сүйреп отыр.

Бірінші кемшілік — буржуазиялық интеллигенциядан шыққандардың өте көп болуы; бұл интеллигенция шаруалар мен жұмысшылардың жаңаша құрылып жатқан білім беру мекемелеріне екінің бірінде философия саласындағы немесе мәдениет саласындағы өз бастарының қиялдарын тарату үшін ең қолайлы орын ретінде қарады, онда екінің бірінде ең қисынсыз бұрмалаулар жаңа бірдеңе ретінде ұсынылды, таза пролетарлық өнер, пролетарлық мәдениет деген желеумен табиғаттан тыс, сорақы бірдеңе ұсынылды[76]. (Қол шапалақтау.) Алайда алғашқы кезде мұның өзі табиғи, бәлкім, кешірімді де еді, сондықтан кең көлемді қозғалыстың айыбы болып саналуы мүмкін емес және біз қалайда, сайып келгенде, бұдан құтыла бастадық және құтыламыз деп сенемін.

Екінші кемшілік — бұл да капитализмнің мұрасы. Ұсақ буржуазиялық еңбекшілердің қалың бұқарасы білімге ұмтыла, ескіні қирата отырып, ұйымдастыратын

ешбір нәрсе, ұйымдасқан ешбір нәрсе енгізе алмады. Халық Комиссарлары Советінде сауаттыларды мобилизациялау туралы және кітапхана бөлімі туралы мәселе қойылғанда, менің біраз нәрселерді байқауыма тура келді, ал осы азын-аулақ байқағандарымнан мен бұл ретте істің қаншалықты нашар жолға қойылып отырғандығы жөнінде өз қорытындыларымды жасадым. Әрине, құттықтау сөздерде істің жаман жақтары онша көп айтыла бермейді. Сіздер ондай әдеттерден аулақ шығарсыздар және мен өзімнің біраз күйінішті байқағандарым жайынан сіздермен пікір алыссам, маған ренжімессіздер деп сенемін. Біз сауаттыларды мобилизациялау туралы мәселе қойғанда, бәрінен де гөрі көзге түскен нәрсе мынау болды: бізде революция буржуазиялық революцияның шеңберінен бірден шықпай-ақ тамаша табысқа жетті. Ол қолда бар күштердің еркін өркендеуіне мүмкіндік берді, ал бұл қолда бар күштер — «әркім өз басының қамын ойлайды, бір құдай тағала баршаның қамын ойлайды» деген кәдімгі ұранды, Колчакқа және ескі буржуазиялық реставрацияға апарудан басқа еш уақытта еш нәрсеге жеткізбейтін кәдімгі капиталистік қарғыс атқан ұранды ұстанған ұсақ буржуазиялық күштер. Бізде сауатсыздарды оқыту саласында не істеліп жатқанына көз салсақ, бұл жөнінде, менің ше, өте аз істелген, сондықтан бұл арадағы біздің ортақ міндетіміз — пролетарлық элементтердің ұйымшылдығы қажеттігін түсіну. Мәселе қағаз жүзінде қалатын кісі күлерлік бос сөздерде емес, халыққа қазір қажет болып отырған көкейтесті шараларды қолдануда болып отыр, ол шаралар әрбір сауатты адамның бірнеше сауатсыз адамды оқыту қажеттігіне өз міндетім деп қарауына жеткізер еді. Мұның өзі біздің декретімізде жарияланған[77]. Алайда бұл салада еш нәрсе істелген жоқ деуге болады.

Халық Комиссарлары Советінде басқа мәселемен, кітапхана мәселесімен, танысқанымда мен былай дедім: бізде кітаптар аз және біз оларды жеткілікті мөлшерде шығара алмай отырмыз, бұған біздің өндірістік мешеулігіміз кінәлы деген үнемі естіліп жүрген шағымдар — мен мұны өзіме айтып тұрмын — дұрыс шағымдар. Әрине, бізде отын жоқ, фабрикалар тоқтап тұр, қағаз аз

және кітап та ала алмай отырмыз. Мұның бәрі дұрыс, бірақ оның үстіне мынау да дұрыс: біз өзімізде бар кітаптарды да ала алмай отырмыз. Бұл ретте біз мужиктік аңқаулықтан, мужиктік дәрменсіздіктен азап шегіп келеміз; бариннің кітапханасын тонаған мужик, оны біреу тартып алар деп қорқып, үйіне қарай жүгірген, өйткені дұрыс бөлістің болуы мүмкін, қазына жиркенішті бірдеңе емес, қазына — жұмысшылар мен еңбекшілердің ортақ игілігі деген ой-сананың мужикте болуы әлі мүмкін емес-ті. Санасы жетілмеген шаруа бұқарасы бұған кінәлы емес, сондықтан революцияның дамуы тұрғысынан бұл әбден заңды, бұл лажсыз саты, ал шаруа кітапхананы өзіне алып, басқадан жасырын ұстағанда ол басқаша істей алмас еді, өйткені Россияның кітапханаларын бір жерге біріктірудің мүмкін екендігін және сауаттылардың шөлін қандырып, сауатсыздарды оқыту үшін кітаптардың жеткілікті болатындығын ол түсінбеді. Қазір берекесіздік туғызудың қалдықтарына, былыққа, ведомстволардың арасындағы кісі күлерлік таластарға қарсы күресу қажет. Бұл біздің басты міндетіміз болуға тиіс. Біз сауаттыларды мобилизациялаудың, сауатсыздықпен күресудің толғағы жеткен, қарапайым ісін қолға алуға тиістіміз. Біз өзімізде бар кітаптарды пайдалануға және кітапханалардың ұйымдасқан жүйесін құру ісін бастауға тиіспіз, бұл өзімізде бар әрбір кітапты халықтың пайдалануына, қосарлас ұйымдар құрмай, қайта бірыңғай жоспарлы ұйым құруға көмектесер еді. Осы шағын істен біздің революциямыздың негізгі міндеті көрінеді. Егер революциямыз бұл міндетті шешпесе, егер ол Россиядағы шым-шытырық былық пен мағынасыздықтың орнына шын мәнінде жоспарлы бірыңғай ұйым құру жолына шықпаса,— онда бұл революция буржуазиялық революция болып қалады, өйткені коммунизмге баратын пролетарлық революцияның негізгі ерекшелігінің өзі нақ осында, ал буржуазия үшін ескіні қирату және, өткендегі барлық революциялардағы сияқты, нақ сол капитализмді жаңғыртқан шаруа шаруашылығына ерік беру жеткілікті болды.

Егер біз коммунистер партиясы деп аталып отырсақ, онда мынаны түсінуге тиіспіз: тек енді ғана, біз сыртқы

кедергілерді жойып, ескі мекемелерді қиратқаннан кейін ғана нағыз пролетарлық революцияның бірінші міндеті — ондаған, жүздеген миллион адамдарды ұйымдастыру міндеті біздің алдымызға тұңғыш рет шын мәнінде және бүкіл тұлғасымен қойылып отыр. Бәрімiздiң осы саладағы бір жарым жылдық тәжірибемізден кейін біз, ақырында, дұрыс жолға, өзімізді үнемі азап шектіріп келген мәдениетсіздікті, қараңғылықты, тағылықты жеңе алатын жолға түсуге тиіспіз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

2
БОСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ТЕҢДІК ҰРАНДАРЫМЕН ХАЛЫҚТЫ АЛДАУ ТУРАЛЫ 19 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, ағымдағы кезеңге баға берудің орнына,— бүгін, сірә, сіздердің кейбірсулеріңіз күткен баға берудің орнына,— ең мәнді саяси мәселелерге, әрине, тек теориялық мәселелер ғана емес, сонымен бірге қазір біздің алдымызға қойылып отырған практикалық мәселелерге де жауап беруіме рұқсат етіңіздер; бұл мәселелер совет революциясының бүкіл кезеңін сипаттайды және өздерін социалистерміз деп санайтын адамдардың тарапынан бәрінен де гөрі көп талас, бәрінен де гөрі көп жанжал туғызып отыр, өздерін демократтармыз деп санайтын және демократизмді бұзды деп бізге қарсы айыптарды барынша құлшына, барынша кең таратып жүрген адамдардың тарапынан бәрінен де гөрі көп түсінбестік туғызып отыр. Менің ойымша, бұл жалпы саяси мәселелер қазіргі бүкіл насихат пен үгітте, большевизмге қарсы дұшпандықпен жазылған бүкіл әдебиетте,— егер, әрине, бұл әдебиет буржуазияның барлық органдарына тән болып отырған әншейінгі өтіріктің, жаланың, балағаттың деңгейінен сәл-пәл болса да көтерілсе,— тым жиі, тіпті үнемі кездесіп отырады. Егер біз бұдан сәл-пәл болса да көтеріле бастаған әдебиетті алсақ, онда мен былай деп ойлаймын: демократияның диктатураға қатынасы туралы, революцияшыл таптың революция дәуіріндегі міндеттері туралы, жалпы алғанда социализмге өту міндеттері туралы, жұмысшы табы мен шаруалардың қарым-қатынастары туралы негізгі мәселелер, менің ойымша, бұл мәселелер осы күнгі бар-

лық саяси айтыстардың ең мәнді негізі болып табылады, ал бұларды анықтау, мүмкін, кейде сіздерге бүгінгі күннің тікелей зәру мәселесінен алыстап кету болып көрінсе де,— бұларды анықтау, менің ойымша, дегенмен біздің жалпы басты міндетіміз болуға тиіс. Әрине, мен қысқа рефератта бұл мәселелердің бәрін қамтимын деп ешбір дәмеленбеймін. Мен бұл мәселелердің кейбіреулерін ғана іріктеп алдым және осы мәселелердің кейбіреулері жөнінде ғана әңгіме етпекпін.

I

Менің алған мәселелерімнің біріншісі — революция атаулының, жаңа құрылысқа өту атаулының қиыншылықтары туралы мәселе. Егер сіздер өздерін социалистер және демократтар деп есептейтін адамдардың тарапынан большевиктерге тағылып жатқан кіналарға көз салсаңыздар,— мен мұндай адамдардың үлгісі ретінде «Всегда Вперед!» пен «Дело Народа» әдеби топтарын мысалға алмақпын,— бұл газеттер, меніңше, әбден әділетті түрде және революцияның мүдделері үшін жабылған, бұл газеттердің өкілдері өздерінің кіналауларында, біздің өкіметіміз контрреволюциялық органдар деп танитын органдардың тарапынан өте-мөте табиғи нәрсе болып отырған кіналауларда, бәрінен де гөрі теориялық сынға жиірек бой ұрады,— егер сіздер большевизмге осы лагерьден тағылып жатқан кіналарға көз салсаңыздар, онда айыптардың ішінен екінің бірінде: «Еңбекшілер, сіздерге большевиктер нан, бітім және бостандық береміз деп уәде етіп еді; олар нан да, бітім де, бостандық та берген жоқ, олар сіздерді алдады және демократиядан шегіну арқылы алдады» дегенді көресіз. Демократиядан шегінгендік жөнінде бөлек әңгіме болады. Мен қазір бұл айыптаудың басқа жағын алып отырмын: «Большевиктер нан, бітім және бостандық береміз деп уәде етіп еді, большевиктер іс жүзінде соғыстың созылуын, өте қатты, өте табан тірескен күресті берді, барлық империалистердің, барлық Келісу елдері капиталистерінің, демек, неғұрлым цивилизациялы және алдыңғы қатарлы елдердің азап шеккен, титықтаған, мешеу, қал-

жыраған Россияға қарсы соғысын берді». Қайталап айтамын, бұл айыптауларды сіздер жоғарыда аталған газеттердің әрқайсысынан да көресіздер, буржуазиялық интеллигенттің әрбір әңгімесінен естисіздер, ол, әрине, өзін буржуазиялық интеллигент деп есептемейді,— сіздер мұны әрбір тоғышарлық сөзден үнемі естисіздер. Міне, сондықтан мен сіздерді осы сияқты айыптаулар жөнінде ойланып көруге шақырамын.

Иә, большевиктер буржуазияға қарсы революция жасауға барды, буржуазиялық үкіметті күшпен құлатуға, буржуазиялық демократияның барлық дәстүрлі дағдыларынан, уәделерінен, өсиеттерінен қол үзуге, дәулетті таптарды басып-жаншу үшін нағыз ашынған, зорлық күрес пен соғысқа барды,—Россияны, содан кейін бүкіл адамзатты империалистік қырғыннан құтқару үшін, барлық соғыстарды біржола жою үшін барды. Иә, большевиктер революция жасауға осыған бола барды және, әрине, олар өздерінің осы негізгі, басты міндетінен безуді еш уақытта ойлаған да емес. Сонымен қатар мына жағдай да күмәнсыз: осы империалистік қырғыннан шығу, буржуазияның үстемдігін қирату әрекеттері, осы әрекеттер барлық цивилизациялы мемлекеттердің Россияға жорық жасауын туғызды. Өйткені Францияның, Англияның және Американың, олар интервенциядан бас тартамыз деп қалай сендірмек болса да, саяси программасы осындай. Ллойд Джорджлар, Вильсондар және Клемансолар бұған қалай сендірмек болса да, интервенциядан бас тартамыз деп қалай сендірмек болса да, мұның өтірік екендігін бәріміз де білеміз. Одақтастардың Одесса мен Севастопольден кеткен және кетуге мәжбүр болған соғыс кемелері Қара теңіз жағалауын қоршауға алып отырғандығын және Керчьке тақау Қырым түбегінің еріктілер орналасқан бөлегін тіпті атқылап жатқандығын да біз білеміз. Олар: «Біз мұны сіздерге бере алмаймыз. Еріктілердің сіздерге әлі келмесе де, біз Қырым түбегінің бұл бөлегін қалай да сіздерге бере алмаймыз, өйткені онда сіздер Азов теңізіне ие боласыздар, біздің Деникинге баратын жолымызды кесесіздер, достарымызды жабдықтауға мүмкіндік бермейсіздер» дейді. Немесе Петроградқа шабуыл

күшейіп отыр: кеше біздің бір миноносеціміз дұшпанның төрт миноносеціне қарсы шайқасты. Мұның интервенция екені айқын емес пе, бұған ағылшын флоты қатысып отырған жоқ па? Архангельскіде де, Сибирьде де нақ осылай болып отырған жоқ па? Фактілер мынадай: бүкіл цивилизациялы әлем қазір Россияга қарсы аттанып отыр.

Еңбекшілерге бітімді уәде етіп, оларды революцияга шақырып, бірақ бүкіл цивилизациялы әлемнің әлсіз, қалжыраған, мешеу, қаусаган Россияга қарсы жорығына душар қылганда, біз өзімізбен өзіміз қайшылыққа ұрындық па, немесе бізге арсыздықпен осы сияқты кінә тағып отырғандар демократия мен социализмнің қарапайым ұғымдарымен қайшылыққа ұрынды ма?—деген сұрақ туады. Мәселе міне қайда жатыр. Бұл мәселені теориялық, жалпы формада сіздерге қою үшін мен бір теңеу келтірейін. Біз революциялық тап жөнінде, халықтың революциялық саясаты жөнінде айтып отырмыз, мен сіздерге жеке революционерді алуды ұсынайын. Чернышевскийді-ақ алып, оның қызметіне баға берелік. Мүлде надан, қараңғы адам ол қызметке қалай баға бермек? Ол, бәлкім: «Ал сонда не болды, ол өзінің өмірін өксітті, Сибирьге айдалды, еш нәрсе шығара алмады» дер. Сіздерге айтатын мысал міне осындай. Егер біз мұндай бағаны беймәлім біреуден естісек, онда біз: «Ең тәуір дегенде бұл бағаны мейлінше қараңғы адам, жеке революционер қызметінің маңызын революциялық оқиғалардың жалпы тізбегіне байланысты түсіне алмайтындай болып топастапгандығына, бәлкім, кінәлы да емес адам, айтып отыр; немесе бұл бағаны реакцияны жақтаушы, еңбекшілерді революциядан әдейі шошытқысы келетін нағыз жексұрын адам айтып отыр» дер едік. Менің Чернышевскийді мысалға алған себебім, өздерін социалистер деп атайтын адамдар, қандай бағытқа жатса да, бұл арада, осы жеке-дара революционерге баға беруде, шын мәнісінде алауыздық болуы мүмкін емес. Жұрттың бәрі мынаған келісер деймін: егер жеке революционерді, оның қызметінің мазмұнын, оның қызметінің ілгергі және кейінгі революционерлермен байланысын сырт қалдырып, оның жаса-

ган құрбандықтарының, сырттай қарағанда пайдасыз, көбінесе нәтижесіз сияқты болып көрінетін құрбандықтарының тұрғысынан бағалайтын болсақ, оның қызметінің маңызын осылай бағалайтын болсақ,— бұл не шектен асқан қараңғылық, надандық, не реакцияның мүдделерін, езгіні, қанауды, таптық езгіні қасақана, екіжүзділікпен қорғау болып табылады. Бұл жөнінде алауыздық болуы мүмкін емес.

Мен сіздерді енді жеке революционерлерден тұтас бір халықтың, тұтас бір елдің революциясына көшуге шақырамын. Революция барлық елдерді немесе, ең болмағанда, ең елеулі алдыңғы қатарлы елдердің біразын қамтығанда ғана түпкілікті жеңе алатындығын большевиктерден біреу-міреу қашан болса да теріске шығарып көрді ме? Біз әрқашан осылай деп келдік. Әлде біз империалистік соғыстан найзаны жерге жәй шанша салып-ақ шығуға болады деп айтып көрдік пе? Керенскийдің заманында—мен өзім де, біздің барлық жолдастарымыз да—қарарларда, сөйленген сөздерде, газеттерде үнемі қолданған сөзді мен әдейі алып отырмын. Біз онда: найзаны жерге шанша салумен соғысты аяқтауға болмайды; найзаны жерге шаншумен соғысты аяқтауға болады деп ойлап жүрген толстойшылдар болса оларды ақылынан адасқан адамдар деп есіркеуге тура келеді,—қайтеміз, олардан не күтуге болады,—дейтін едік.

Біз бұл соғыстан шығудың жолы революциялық соғыс дедік. Мұны біз 1915 жылдан бастап, содан соң Керенский заманында да айтқанбыз. Әрине, революциялық соғыс та — нақ осындай қан төктіртетін, азап шектіртетін ауыр соғыс. Ал ол соғыс дүние жүзілік көлемдегі революция бола бастағанда ол дәл сондай дүние жүзілік көлемде қарсылық туғызбай қоймайды. Сондықтан да, біз қазір дүние жүзінің барлық цивилизациялы елдері Россияға қарсы жорыққа шығып отырған жағдайға тап болғанымызда, мүлде қараңғы мужиктер бізге өз уәделерін бұзды деп айып тақса, біз бұған таңданбай, тек: олардан не күтуге болады,—дейміз. Олардың мейлінше қараңғылығы, мүлде надандығы оларды айыптауға мүмкіндік бермейді. Шынында да, мүлде

қараңғы шаруадан соғыстың да соғысы болатындығын, әділетті және әділетсіз, прогрестік және реакциялық соғыстар, алдыңғы қатарлы таптардың соғыстары және артта қалған таптардың соғыстары, таптық езгіні нығайтуға қызмет ететін соғыстар және таптық езгіні құлатуға қызмет ететін соғыстар болатындығын түсінуді талап етуге бола ма? Мұны түсіну үшін тап күресімен, социализм негіздерімен, тым болмағанда революция тарихымен ептеп таныс болу керек. Біз қараңғы шаруадан мұны талап ете алмаймыз.

Ал егер өзін демократ, социалист деп атайтын және жұрт алдында трибунадан сөз сөйлегісі келетін адам, өзін қалай деп атаса да—меньшевик, социал-демократ, эсер, шынайы социалист, берндік Интернационалды жақтаушы деп атаса да,—әр түрлі аттар толып жатыр, олар арзан,—егер осындай субъект бізге айып тағып: «Сіздер бітімді уәде етіп, соғыс тығыздыңыздар!» десе, онда оған не деп жауап беру керек? Надан шаруа сияқты, ол соғыстың да соғысы болатындығын аңғара алмайтын қараңғылық дәрежесіне дейін жетіпті деп топшылауға бола ма? Ол тонаушылық соғыс болған және қазір ақырына дейін әшкереленген осы империалистік соғысты түсінбей отыр деп ойлауға бола ма?—Версаль бітімінен[78] кейін, тек мүлде пайымдай және ойлай білмейтіндер немесе мүлде соқырлар ғана бұл соғыстың екі жақтан да тонаушылық соғыс болғандығын көре алмайды,—сол тонаушылық соғыс пен біздің соғысымыз арасындағы, дүние жүзілік буржуазия өзіне қарсы үзілді-кесілді ұрыс жүріп жатқандығын түсінгендіктен дүние жүзілік көлем алып отырған біздің соғысымыз арасындағы айырмашылықты түсінбейтін тіпті бір сауатты адам бар деп ойлауға бола ма? Мұның біріне де жол бере алмаймыз. Сондықтан да біз былай дейміз: қандай да болсын сарындағы демократ немесе социалист атанудан дәмеленіп жүрген әрбір адам: большевиктер бітімді уәде етіп еді, ал өздері азамат соғысын, бұл ауыр соғысты, азапты соғысты созып отыр деп халық арасына қалай болғанда да, тікелей немесе жанамалап айыптаулар таратса,—ол буржуазияның жақтасы болып табылады, сондықтан біз оған Колчакқа жауап

бергеніміз сияқты жауап береміз, оған Колчакқа қарсы тұрғанымыз сияқты қарсы тұрамыз,—біздің жауабымыз міне осы. Істің мәні осында.

«Дело Народадағы» мырзалар таңданып: «Ал біз Колчакқа қарсымыз ғой, бізді қуғындау неткен сорақы әділетсіздік» дейді.

Мырзалар, сіздердің істің бас-аяғын ұштастырғыларыңыз келмеуі, айқын қорытындылар шығатын қарапайым саяси ақиқатты түсінгілеріңіз келмеуі өте өкінішті. Сіздер Колчакқа қарсымыз деп сендірмек боласыздар. Мен «Всегда Вперед!» және «Дело Народа» газеттерін қолыма алып, осы тектес бүкіл тоғышарлық пайымдауларды, интеллигенция арасында өте көп, интеллигенция арасында басым болып отырған осы пиғылдарды біліп отырмын. Менің айтатыным: сіздердің іштеріңізден халық арасына осы тектес айыптауларды таратып жүрген әрбір адам колчакшыл болып табылады, өйткені ол біз күйреткен империалистік соғыс пен біз өзіміз душар болған азамат соғысының арасындағы айырмашылықты, әрбір сауатты адамға түсінікті қарапайым, негізгі айырмашылықты түсінбейді. Біз мұндай тәуекелге баратынымызды халықтан еш уақытта жасырған емеспіз. Біз бұл азамат соғысында буржуазияны жеңіп шығу үшін, таптық езгінің болу мүмкіндігінің түп тамырын қырқу үшін барлық күшімізді жұмсаймыз. Ұзақ, ауыр күрестен және, мүмкін, ең жан түршігерлік құрбандықтарға толы күрестен басы бос революция жоқ, болған емес және болуы да мүмкін емес. Бүкіл дәулетті, бүкіл контрреволюциялық таптар революцияға қарсы күресіп отырған кезде революциялық күрестің барысында оның жеңіп шығуы үшін жасалған құрбандықтарды айыра білмейтін адам, осы құрбандықтарды тонаушылық қанаушылық соғыстың құрбандықтарынан ажырата білмейтін адам,—ол адам барып тұрған қараңғылықтың өкілі болып табылады, ол адам жөнінде мынаны айту керек: оған әліппені оқыту керек, мектептен тыс білімнен бұрын оны төменгі мектеп біліміне тарту керек, не ол,—қалай аталса да, қандай атты бүркенсе де,—ең қаскөй колчактық екіжүзділік-

тің өкілі. Большевиктерді бұлай айыптау—бұл нағыз әдет болған және «өтімді» айыптау. Бұл айыптаулар қалың еңбекшілер бұқарасымен шын байланысты, өйткені қараңғы шаруаға мұны түсіну қиын. Соғыс не үшін болса да, одан шаруа азапты бірдей көреді. Қараңғы шаруалар арасынан: «Патша үшін соғыстық, меньшевиктер үшін соғысып болдық, ал енді большевиктер үшін тағы да соғысамыз» деген пікірлер естісем, бұған мен таңданбаймын. Бұл мені таңдандырмайды. Шынында да, соғыстың аты соғыс, ол ұшы-қиыры жоқ ауыр құрбандықтарға ұшыратады. «Патша мұның өзі бостандық үшін, езгіден құтылу үшін деді, меньшевиктер бостандық үшін, езгіден құтылу үшін деді, енді большевиктер де нақ соны айтып отыр. Бәрі де соны айтады, бізге анығына жету қайда!»

Шынында да, қараңғы шаруаға анығына жету, сірә, қайдан келсін. Мұндай адамның қарапайым саяси сауатқа әлі де үйренуі керек. Бірақ «революция», «демократия», «социализм» деген сөздерді қолданатын, бұл сөздерді түсініп қолданудан дәмелі адам жөнінде не айтуға болады. Ол адам, егер саяси алаяққа айналғысы келмесе, бұл ұғымдарды қақпақыл ете алмайды, өйткені жыртқыштардың екі тобының арасындағы соғыс пен жыртқыштық атаулыға қарсы аттанған езілген тап жүргізіп отырған соғыстың айырмашылығы,— қарапайым, түбегейлі және негізгі айырмашылық. Әңгіме белгілі бір партияның, белгілі бір таптың, белгілі бір үкіметтің соғысты ақтап келгендігінде емес, қайта, әңгіме осы соғыстың мазмұны қандай екендігінде, оның таптық мазмұны қандай екендігінде, соғысты қай тап жүргізіп отырғандығында, соғыста қандай саясат жүзеге асатындығында.

II

Қазір басымыздан кешіріп отырған және революциямен сөзсіз байланысты ауыр және қиын дәуірге баға беру мәселесінен мен екінің бірінде барлық жарыс сөздерде, барлық түсінбестіктерде көзге түсіп отыратын басқа бір саяси мәселеге көшемін, ол империалистермен

блок жасау туралы, империалистермен одақ, келісім жасау туралы мәселе.

Сіздер газеттерден, мүмкін, социалист-революционерлер Вольскийдің және, сірә, екіншісінің—Святицкийдің есімдерін кездестірген шығарсыздар, бұлар кейінгі кезде «Известияда» да жазды, бұлар өздерінің манифесімен шықты, бұлар өздерін нақ колчакшыл деп айыптауға болмайтын социалист-революционерлерміз деп санайды: олар Колчактан кеткен, олар Колчактан жапа шеккен және бізге келіп, Колчакқа қарсы бізге қызмет көрсеткен. Бұл рас. Бірақ бұл азаматтардың пайымдауларын қарап көріңіздерші, империалистермен блок жасау туралы, империалистермен одақ немесе келісім жасау туралы мәселені бұлардың қалай бағалайтындығын қарап көріңіздерші. Контрреволюциямен күрескен біздің өкімет бұлардың жазғандарын тартып алған кезде, колчакшылдыққа бұлардың қатыстылығын тиісінше анықтау үшін бұлардың документтерімен танысуға тура келген кезде мен бұлардың пайымдауларымен танысқан едім. Күмән жоқ, бұлар эсерлердің ішіндегі тәуірлері. Бұлардың жазғандарының ішінен мен мына тектес пайымдауларды да кездестірдім: «Ғапу етіңіз, бізден райдан қайтуды күтіп отыр; біз райдан қайтады деп күтіп отыр. Еш нәрседе, еш уақытта райдан қайтпаймыз! Біз райдан қайтатын еш нәрсе жоқ! Бізді Антантамен, империалистермен блок жасадыңдар, келісім жасадыңдар деп айыптайды. Ал сіздер, большевиктер, неміс империалистерімен келісім жасаған жоқ па едіңіздер? Ал Брест деген не? Әлде Брест империализммен келісім жасағандық емес пе? Сіздер Бресте неміс империализмімен келісім жасадыңыздар, біз француз империализмімен келісім жасадық,— ендеше есеп айырыстық, біз райдан қайтатын еш нәрсе жоқ!»

Өзім атап кеткен адамдардың және олардың пікірлестерінің жазғандарынан көрген осы пайымдауды өзім атап кеткен газеттерді еске түсіргенімде, тоғышарлардың әңгімелерінен туған әсерлерді қорытындылауға әрекет жасағанымда кездестіремін. Бұл пайымдауды сіздер үнемі кездестіресіздер. Бұл пайымдау—біздің кездесуімізге тура келетін негізгі саяси пайымдаулар-

дың бірі. Міне, сондықтан мен сіздерді осы пайымдауды талқылауға, талдауға, теориялық жағынан ойластыруға шақырамын. Мұның маңызы қандай? «Біз, демократтар, социалистер, Антантамен блокта болдық, сіздер Вильгельммен блокта болдыңыздар, Брест бітімін жасадыңыздар, бір-бірімізді кінәлайтын еш нәрсе жоқ, біз есептестік» дейтін адамдардікі жөн бе? Немесе большевиктік революцияға қарсы Антантамен келісім жасауда өздерін сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсеткендер—шын мәнінде колчакшылдар деген біздікі жөн бе? Олар мұны жүз мың мәрте теріске шығарса да, олардың өздері Колчактан кетсе де және Колчакқа қарсы екенін бүкіл халыққа мәлімдесе де, өздерінің негізгі түп тамырлары жағынан, өз пайымдаулары мен өз істерінің бүкіл мазмұны мен маңызы жағынан олар— колчакшылдар. Кімдікі жөн? Бұл — революцияның негізгі мәселесі, сондықтан бұл жөнінде ойластыру керек.

Бұл мәселені айқындап алу үшін мен бір теңеу келтірейін,—бұл жолы жеке бір революционер жөнінде емес, жеке бір тоғышар жөнінде теңеу келтірейін. Айталық, сіздің автомобиліңізді бандиттер қоршап алып, шықшытыңызға револьвер тақап тұр екен делік. Айталық, сіз содан кейін бандиттерге ақшаңыз бен қаруыңызды беріп, оларға осы автомобильге мініп кетуге мүмкіндік бергенсіз екен делік. Сонда не болып шықты? Сіз бандиттерге қару мен ақша бердіңіз. Бұл факт. Енді былай деп ойлап көріңіз: басқа бір азамат бандиттердің тыныш жүрген азаматтарға қарсы әрекеттеріне қатысу мақсатымен оларға қару және ақша берді екен делік.

Мұның екеуінде де келісім бар. Ол келісім жазылған ба, жазылмаған ба, айтылған ба, айтылмаған ба—мұның мәні шамалы. Біреу үн-түнсіз өзінің револьверін, өзінің қаруы мен ақшасын береді, бар болғаны осы. Келісімнің мазмұны айқын. Ол адам бандиттерге: «Мен саған револьверімді, қаруымды және ақшамды берейін, сен тек маған өзіңнен аулақ кетуге мүмкіндік берсең болғаны» дейді (к ү л к і); бұл келісім. Дәл сол сияқты бандиттердің басқаларды тонауына мүмкіндік беру үшін оларға қару мен ақша беретін, ал содан кейін ол-

жаның бір бөлегін алатын адамның үн-түнсіз келісім жасауы да мүмкін. Бұл да—үн-түнсіз келісім.

Мен сіздерден осы екі келісімді ажырата білмейтін сауатты адам табыла қояр ма екен деп сұраймын. Сіздер: егер бұл келісімдерді ажырата алмайтын және «Сен бандиттерге қару мен ақша бердің, олай болса бұдан былай бандитизм жөнінде ешкімді кінәлама; бұдан кейін бандитизм жөнінде кінәлауға сенің қандай правоң бар?» дейтін адам шынымен-ақ табылса, ол меңіреу болуы мүмкін дер едіңіздер. Ондай сауатты адамды кездестіре қалсаңыздар, ол адамды ақылынан ауысқан адам, мұндай адаммен саяси тақырып былай тұрсын, тіпті қылмысты істер тақырыбында да пікірлесуге болмайтындығын сіздер мойындауға тиіс боласыздар, немесе қалай болғанда да 1000 адамнан 999 адам мұны мойындайды.

Енді мен сіздерді бұл мысалдан Брест бітімін және Антантамен жасалған келісімді салыстыруға көшуге шақырамын. Брест бітімі деген не еді? Мұның өзі барлық халықтарға *өз* буржуазиясын құлатуды ұсынып, біз адал бітімді ұсынған кезде, бізге қарсы шапқан бандиттердің күш көрсетуі емес пе? Егер біз неміс буржуазиясын құлатудан бастасақ, мұның өзі кісі күлерлік болмас па еді! Біз бұл шарттың нағыз тонаушылық, қарақшылық шарт екенін бүкіл дүние жүзі алдында әшкереледік, оны масқараладық, герман жұмысшылары жәрдемдеседі деп дәмеленіп, тіпті ол бітімге бірден қол қоюдан да бас тарттық. Зорлықшылар біздің шықшытымызға револьверді тақаған кезде, біз: қару, ақша алыңдар, біз сендермен кейіннен басқа шаралар арқылы есептесеміз,—дедік. Неміс империализміне басқа жаудың бар екенін біз білеміз, ол—неміс жұмысшылары, оны көрсоқырлар көрмеді. Империализммен жасалған бұл келісімді демократтар, социалистер, социалист-революционерлер, — ойнамаңыздар, неғұрлым мығым болған сайын, соғұрлым дардай,—өз елінің жұмысшыларына қарсы шығу үшін Антантамен жасасқан келісіммен салыстыруға бола ма? Ал мәселе осылай болғанды, осы уақытқа дейін осылай болып та отыр. Европаға әйгілі меньшевиктер мен эсерлердің ең ықпалды бөлегі

шетелде қазір де Антантамен келісім жасасып жүр, олар қазір де осылай істеп жүр. Бұған қол қойылған-қойылмағанын мен білмеймін,— сірә, қол қойылмаған болар,—ақылды адамдар мұндай нәрселерді үн-түнсіз істейді. Бірақ ондай келісімнің бар екендігі айқын, өйткені оларды алақандарына салып көтеріп жүр, оларға паспорттар беріп отыр, бүгін Аксельрод сөйледі, ертең Савинков немесе Авксентьев сөйлейді, бүрсігүні Брешковская сөйлейді деп, радио-телеграф' арқылы бүкіл жер жүзіне хабар таратып отыр. Бұл, үн-түнсіз жасалған болса да, келісім емес пе? Ал империалистермен жасалған бұл келісім біздің жасасқан келісіміміз сияқты келісім бе? Бұл келісімнің сырт көрінісі жағынан біздің келісімімізге ұқсастығы, бандиттерге мылтық пен ақша берген адам ісінің сырт көрінісі жағынан осындай әрбір іске ұқсастығындай, ал мұның өзі бұл істің мақсаты мен сипатының қандай екендігіне қарамастан,— қалай болғанда да бандиттерге ақша мен қаруды менің не үшін беріп отырғаныма қарамастан,—осылай болып отыр. Бандиттер маған шабуыл жасағанда, егер мен оларға револьверді бермесем, олар мені өлтіріп кететіндей жағдайға душар болғандықтан ақша мен қаруды олардан құтылу үшін беріп отырмын ба? Немесе бандиттерге мен ақша мен қаруды, олардың тонауға баратынын өзім біле тұрып, бұл тонаудан түскен олжаға өзімнің де ортақтасатынымды біле тұрып беріп отырмын ба?

«Мен мұны, әрине, Россияны зорлықшылардың диктатурасынан құтқару деп атаймын, мен, әлбетте, демократпын, өйткені барша жұртқа мәлім сибирьлік демократияны немесе архангельскілік демократияны қуаттаймын, мен, әлбетте, Құрылтай жиналысы үшін күресемін. Егер мен бандиттерге, ағылшын, француз, американ империалистеріне қызмет көрсетсем, жамандыққа жорып, маған күдік туғыза көрмеңіздер, мұны мен демократияның, Құрылтай жиналысының, халық өкіметінің мүдделеріне бола, халықтың еңбекші таптарының бірлігі үшін және зорлықшыларды, узурпаторларды, большевиктерді құлату үшін істеймін!»

Бұлар, әрине, ең ізгі мақсаттар. Бірақ саясатқа мәлімдемелер бойынша емес, нақты таптық мазмұн бойынша баға берілетіндігін саясатпен шұғылданатын адамдардың бәрі де естімеді ме екен? Сен қай тапқа қызмет етесің? Егер сенің империалистермен келісімің болса, онда сен империалистік бандитизмге қатысасың ба әлде қатыспайсың ба?

Мен өзімнің «Американ жұмысшыларына хатымда»* сөз арасында мынаны атап көрсеттім: революцияшыл американ халқы XVIII ғасырда өзі Англиядан азат болғанда, адамзат тарихында алғашқы және ең ұлы шын азаттық соғыстардың бірі және адамзат тарихындағы аз ғана шын революциялық соғыстардың бірі болған өзінің соғысын жүргізгенде, өзін азат етуші ұлы революцияшыл американ халқы ол кезде Американың өзінде осы халықпен көршілес отарлары бар испан және француз империализмінің бандиттерімен келісім жасасқан-ды. Ол осы бандиттермен одақтасып, ағылшындарға соққы берді, сөйтіп олардан азат болды. Бұл үшін американ халқын көпшілік алдында айыптауға, американ халқы демократизмнің, бостандықтың, т. т. принципін бұзды деп айтуға батылы барған сауатты адамдар дүние жүзінде болды ма және сондай социалистерді, социалист-революционерлерді, демократияның өкілдерін немесе әр түрлі, тіпті меньшевик деп те аталып жүргендерді сіздер көрдіңіздер ме? Ондай есерсоқ әлі туған жоқ. Ал қазір бізде өздеріне әр түрлі ат қойып алған осындай адамдар бар және олар тіпті бізбен бірге бір Интернационалда болуға тиіспіз деп дәмеленеді, мұның өзі барып тұрған большевиктік сотқарлық дейді,—егер большевиктер өздерінің Коммунистік Интернационалын ұйымдастырып жүрсе, берндік, жақсы, ескі, ортақ, бірыңғай Интернационалға барғылары келмесе, олардың сотқар екендігі белгілі!—дейді.

«Біз райдан қайтатын еш нәрсе жоқ—сіздер Вильгельммен келісім жасастыңыздар, біздер Антантамен келісім жасастық,—біздер есептестік!»—дейтін адамдар да табылады.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 51—69-беттер. *Ред.*

Мен былай деймін: егер бұл адамдардың қарапайым саяси сауаты болса, онда бұлар—колчакшылдықтан өз басы қалай безсе де, колчакшылдықтан өз басы қалай жиренсе де, Колчактан өз басы қалай жапа шексе де және тіпті біздің жағымызға шықса да—колчакшылдар. Бұлар—колчакшылдар, өйткені былай ойлауға: олар қанаушыларға қарсы күресте амалсыздан жасасқан келісімнің,—революция атаулының бүкіл тарихында қаналған таптар екінің бірінде амалсыздан мұндай келісім жасасып келген болатын—және біздің жалған демократтар өкілдерінің, жалған «социалистік» интеллигенция өкілдерінің ең ықпалдыларының бір бөлегі кеше, ал бір бөлегі бүгін өз елінің еңбекші таптарының бір *бөлегіне,*— олар осылай дейді,— бір бөлегіне қарсы халықаралық империализмнің бандиттерімен және қарақшыларымен келісім жасасқан бұл адамдардың істегенінің және істеп отырғанының арасындағы айырмашылықты түсінбейді деп ойлауға болмайды. Бұл адамдар — колчакшылдар, сондықтан оларга саналы революционерлердің колчакшылдарға көзқарасы сияқты көзқарас болуға тиіс, басқаша ешқандай көзқарастың болуы мүмкін емес.

III

Мен енді келесі мәселеге көшемін. Бұл мәселе—жалпы демократияға көзқарас мәселесі.

Демократтардың, социалистердің бізге қарсы ұстаған саяси позицияларының ең үйреншікті ақтауы, ең үйреншікті қорғауы демократияны тілге тиек ету екендігін менің бұдан бұрын да көрсетіп отуіме тура келгенді. Бұл көзқарастың европалық әдебиеттегі ең батыл өкілі танылған II Интернационалдың идеялық көсемі және осы уақытқа дейін берндік Интернационалдың мүшесі Каутский, сіздер оны, әрине, білесіздер. Ол: «Большевиктер демократияны бұзатын әдісті таңдап алды, большевиктер диктатура әдісін таңдап алды, сондықтан олардың ісі теріс» дейді. Бұл дәлел барлық жерде және үнемі бүкіл баспасөзде, мен атап кеткен газеттерде мың, миллион рет айтылды. Мұны бүкіл

интеллигенция да үнемі қайталайды, ал кейде тоғышарлар жартылай саналы түрде мұны дәлел ретінде қайталайды. «Демократия—бостандық деген сөз, теңдік деген сөз, көпшіліктің шешімі деген сөз; бостандықтан, теңдіктен, көпшіліктің шешімінен жоғары не болуы мүмкін! Егер сіздер, большевиктер, бұдан шегінсеңіздер және тіпті арсыздық істеп, ашық түрде: өздеріңізді бостандықтан да, теңдіктен де, көпшіліктің шешімінен де жоғары десеңіздер, онда біздердің сіздерді узурпаторлар, зорлықшылар деп атағанымызға таңданбаңыздар және шағынбаңыздар!»

Біз бұған ешбір таңданбаймыз, өйткені біз бәрінен де гөрі айқындық болуын тілейміз және еңбекшілердің алдыңғы қатарлы бөлегінің өз жағдайын шын айқын түсінуін ғана көздейміз. Иә, біз өз программамызда, партиялық программамызда: бостандық, теңдік және көпшіліктің еркі деген ұрандар сияқты әсем естілетін ұрандармен өзімізді алдатпаймыз және өзін демократ, таза демократияның жақтаушысы, дәйекті демократияның жақтаушысы деп атай отырып, демократияны тура немесе жанамалап пролетариат диктатурасына қарсы қоятындарға,—біз бұларға Колчакқа көмектесушілер ретінде қараймыз деп айттық және үнемі айтып та келеміз.

Анықтаңыздар, анықтау керек. Шынында таза демократтардың кінәсы олардың таза демократияны уағыздап отырғандығында ма, оны узурпаторлардан қорғап отырғандығында ма, немесе олардың кінәсы дәулетті таптардың жағында, Колчактың жағында болып отырғандығында ма?

Анықтап алуды бостандықтан бастайық. Бостандық, айтатыны жоқ, әрбір революция үшін, социалистік революция үшін де немесе демократиялық революция үшін де, аса маңызды ұран болып табылады. Ал біздің программамызда: егер бостандық еңбекті капиталдың езгісінен азат етуге қайшы келетін болса, онда ол алдау болып табылады делінген. Ал сіздердің араңыздан Маркс шығармаларын оқыған әрбір адам—менің ойымша, тым болмаса Маркстің көзқарасын түсінікті етіп баяндаған бір еңбекті оқыған әрбір адам—мынаны бі-

леді: Маркс өз өмірінің және өз әдеби еңбектерінің үлкен бөлегін және өзінің ғылыми зерттеулерінің үлкен бөлегін нақ жалпы бостандық, теңдік, көпшілік еркі дегендерді және осыларды сан саққа жүгіртіп жазған Бентам атаулыларды келеке етуге арнады және бұл жел сөздердің астарында товар иесі бостандығының, капитал бостандығының мүдделері жатқандығын дәлелдеуге арнады, өйткені капитал бостандықты еңбекші бұқараны езу үшін пайдаланады.

Кімде-кім іс бүкіл дүние жүзінде немесе тым болмаса бір елде капиталдың өктемдігін құлатуға дейін жеткен кезде, кімде-кім езілген еңбекші таптардың капиталды толық құлату, товар өндірісін толық жою жолындағы күресі бірінші қатарға қойылып отырған тарихи кезеңде, кімде-кім осындай саяси кезеңде «бостандық» деген сөзді жалпы алатын болса, кімде-кім осындай бостандыққа бола пролетариат диктатурасына қарсы шығатын болса,—ол адам қанаушыларға көмектеседі, одан басқа еш нәрсе де емес, ол адам қанаушылардың жақтасы деп біз әркімге айтамыз, өйткені бостандық деген, егер ол еңбекті капиталдың езгісінен азат ету мүдделеріне бағынбаса, алдау болады, мұны біз өзіміздің партиялық программамызда тура айтқанбыз. Программаның сыртқы құрылымы тұрғысынан бұл, мүмкін, артықтау болар, бірақ бұл—біздің бүкіл насихат пен үгіттің тұрғысынан, пролетарлық күрес пен пролетарлық өкімет негіздері тұрғысынан ең түбегейлі мәселе. Бүкіл дүние жүзілік капиталға қарсы күресуге тиіс екенімізді біз өте жақсы білеміз, бүкіл дүние жүзілік капиталдың өз кезінде бостандық орнатуды өзінің алдына міндет етіп қойғанын, феодалдық құлдықты жойғанын, буржуазиялық бостандықты орнатқанын біз өте жақсы білеміз, мұның бүкіл дүние жүзілік-тарихи прогресс екенін біз өте жақсы білеміз. Сондықтан біз былай деп мәлімдейміз: біз жалпы капитализмге қарсы, республикалық капитализмге қарсы, демократиялық капитализмге қарсы, ерікті капитализмге қарсы барамыз,—әрине, оның бізге қарсы бостандық туын пайдаланатынын біз білеміз. Ал біз оған жауап береміз. Біз бұл жауапты өз программамызда беруді қажет деп есепте-

дік: бостандық атаулының бәрі, егер ол еңбекті капитал езгісінен азат ету мүдделеріне қайшы келетін болса, алдау болып табылады.

Бірақ, бәлкім, мұның болуы мүмкін емес шығар? Бәлкім, бостандықтың еңбекті капитал езгісінен азат ету ісімен қайшылығы жоқ шығар? Не өзіңіз қайсыбірінде болған, не, ең болмаса, қайсыбірі туралы оқыған барлық батыс европалық елдерге қараңыздаршы. Әрбір кітапшада олардың құрылысы нағыз бостандық құрылыс ретінде жазылып келді, ал енді осы цивилизациялы батыс европалық елдер—Франция, Англия, Америка—осы туды көтеріп отыр, олар «бостандыққа бола» большевиктерге қарсы шығып отыр. Осы таяу күндерде—қазір француз газеттері бізге сирек келеді, өйткені біз айнала қоршаудамыз, бірақ радио арқылы мәліметтер келеді, ауаны басып алуға болмайды ғой, біз шетелдік радиохабарларын ұстап аламыз—таяу күндерде мен француздың тонаушы үкіметі жіберген мынадай радио хабарын оқуға мүмкіндік алдым: Франция, большевиктерге қарсы шыға отырып және олардың дұшпандарын қолдай отырып, өзіне мейлінше тән «бостандықтың ең асыл мұратына» бұрынғысынша ие болып отыр. Мұны біз қадам басқан сайын кездестіреміз, бұл — олардың бізге қарсы айтысындағы негізгі сарыны.

Ал олар бостандық деп нені атайды? Бұл цивилизацияланған француздар, ағылшындар, американдар тым болмаса жиналыс бостандығын бостандық деп атаса екен. Конституцияда: «Барлық азаматтарға жиналыс бостандығы берілсін» деп жазылуға тиіс. «Міне бұл,— дейді олар,— бостандықтың мазмұны болып табылады, міне бұл оның негізгі көрінісі болып табылады. Ал сіздер, большевиктер, жиналыс бостандығын бұздыңыздар».

Иә,— деп жауап береміз біз,— ағылшын, француз, американ мырзалар, сіздердегі бостандық, егер ол еңбекті капитал езгісінен азат етуге қайшы келіп отырса, алдау болып табылады. Цивилизацияланған мырзалар, сіздер бір ұсақ нәрсені ұмыттыңыздар. Сіздердегі бостандықтың *жеке меншікті заңды ететін* конституцияда жазылғанын ұмыттыңыздар. Істің мәнісі міне осында.

Меншік бостандықпен қатар қойылған, сіздердің конституцияңызда осылай жазылған да. Жиналыс бостандығын сіздердің мойындауларыңыз, әрине, феодалдық тәртіппен, орта ғасырлықпен, крепостниктік правомен салыстырғанда орасан зор прогресс. Капитализм езгісін қалай құлатуды пролетариатқа үйрету үшін буржуазиялық қоғамның бұл бостандығын пайдаланған кезде социалистердің бәрі мұны мойындады.

Бірақ сіздердегі бостандық — іс жүзіндегі бостандық емес, қағаз жүзіндегі бостандық. Мұның мәнісі мынадай: егер үлкен қалаларда, осы зал сияқты үлкен залдар болса, олар капиталистер мен помещиктердікі болады, олар, мәселен, «ізгі жиналыс» залдары деп аталады. Сіздер, Россия демократиялық республикасының азаматтары, еркін жинала аласыздар, бірақ бұл — жеке меншік, ғапу етіңіз, айыпқа бұйырмаңыз, жеке меншікті құрметтеу керек, әйтпесе сіздер большевик, қылмыскер, қарақшы, тонаушы, сотқар боласыздар. Ал біз былай дейміз: «Біз мұны төңкеріп тастаймыз. Осы үйді «ізгі жиналыс» үйінен әуелі жұмысшы ұйымдарының үйіне айналдырамыз, содан кейін барып қана жиналыс бостандығы туралы сөйлесеміз». Сіздер біздерді бостандықты бұзды деп айыптайсыздар. Ал біз бостандық атаулының бәрі, егер ол еңбекті капитал езгісінен азат ету мүдделеріне бағынбаса, алдау болып табылады деп танимыз. Барлық буржуазиялық республикалардың конституцияларында жазылған жиналыс бостандығы алдау болып табылады, өйткені цивилизацияланған елде,— дегенмен қысты жоймаған, ауа райын өзгертпеген елде,— жиналу үшін жиналыс өткізуге арналған үй керек, ал жақсы үйлер жеке меншікте. Әуелі жақсы үйлерді тартып аламыз, ал содан кейін бостандық туралы сөйлесеміз.

Біз капиталистер үшін жиналыс бостандығы — еңбекшілерге қарсы өте зор қылмыс, контрреволюционерлер үшін жиналыс бостандығы болып табылады дейміз. Біз буржуазиялық интеллигент мырзаларға, демократияны жақтаушы мырзаларға: сіздер біздерге бостандықты бұздыңдар деп айып тағып, өтірік айтып отырсыздар дейміз! Сіздердің буржуазиялық ұлы революционерлері-

ціз 1649 жылы Англияда және 1792—1793 жылдары Францияда революция жасағанда, олар монархистерге жиналыс бостандығын берген жоқ. Француз революциясы нақ сондықтан да ұлы революция деп аталды, бұл революцияда 1848 жылғы революциялардың көбінде болған болбырлық, шалағайлық, сөзуарлық болған жоқ, бұл революция монархистерді құлатып, оларды жеріне жеткізе жаныштаған іскер революция болды. Біз де капиталист мырзалар жөнінде осындай шара қолдана аламыз, өйткені еңбекшілерді капитал езгісінен босату үшін капиталистерден жиналыс бостандығын тартып алу керек, олардың «бостандығын» тартып алу немесе ықшамдау керек екенін біз білеміз. Мұның өзі еңбекті капитал езгісінен азат етуге қызмет етеді, мұның өзі нағыз бостандыққа қызмет етеді; ал шын бостандық кезінде жеке семья тұратын үйлер және жеке алғанда әлдекімдердікі — помещиктердікі, капиталистердікі немесе қайдағы бір акционерлік қоғамдікі болатын үйлер болмайды. Бұл болған кезде, адамдар қоғамдық үйлердің әлдекімнің меншігі бола алатынын ұмытқан кезде, сол кезде біз толық бостандықты жақтаймыз. Жарық дүниеде тек жұмыс істейтіндер ғана қалатын кезде және жұмыс істемейтін адам қоғам мүшесі бола алады деп ойлауды жұрт ұмытқан кезде,— бұл әлі онша тез болмайды, мұның кешеуілдеуіне буржуа мырзалар, буржуазиялық интеллигент мырзалар кінәлы,— сол кезде біз әрбір адам үшін жиналыс бостандығы болуын жақтаймыз, ал қазір жиналыс бостандығы капиталистер үшін, контрреволюционерлер үшін жиналыс бостандығы болып табылады. Біз олармен күресеміз, біз оларға соққы береміз және бұл бостандықты біз жоямыз дейміз.

Біз ұрысқа шығамыз — мұның өзі пролетариат диктатурасының мазмұны. Аңғал, утопиялық, фантастикалық, механикалық, интеллигенттік социализмнің заманы өтті; ол кезде: социалистік қоғамның әдемі суретін салып, адамдардың көпшілігін иландырады, сөйтіп көпшілік социализмнің көзқарасына көшеді деп білетін. Балаларға айтылатын осы ертегілермен өздерін де, басқаларды да алдандырған заман өтті. Тап күресінің қажеттігін мойындаған марксизм: адамзат социализмге

тек пролетариат диктатурасы арқылы ғана келеді дейді. Диктатура деген — қатал, ауыр, қылышынан қан тамған, азапты сөз, мұндай сөздер бекерге айтылмайды. Егер социалистер осындай ұран көтеріп отырса, оның себебі мынау: олар жанталаса, аяусыз күрес жүргізбейінше, қанаушылар табының эсте берілмейтінін және оның алуан түрлі жақсы сөздермен өзінің үстемдігін бүркемелейтіндігін біледі.

Жиналыс бостандығы, бұл сөзден асқақ, бұл сөзден жақсы не болуы мүмкін! Жиналыс бостандығы болмайынша, еңбекшілердің жетілуі және олардың саналылығының артуы мүмкін бе? жиналыс бостандығы болмайынша, адамшылық негіздерінің болуы мүмкін бе? Ал біз былай дейміз: Англияның және Солтүстік Америка Құрама Штаттарының конституцияларындағы жиналыс бостандығы — алдау, өйткені ол социализмге өтудің бүкіл уақыты бойына еңбекші бұқараның қолын байлайды,— бұл алдау болып табылады, өйткені біз мынаны өте жақсы білеміз: алғашында соншалық әдеттегіден тыс, соншалық «ғажайып» бұл өкіметті құлату үшін буржуазия қолынан келгеннің бәрін істейді. Тап күресін жете ойлаған адамның, бір елде құлатылған, бірақ барлық елдерде құлатылмаған және нақ әбден құлатылмағандықтан да қатты өшіге күреске ұмтылған буржуазияға көтеріліс жасаған жұмысшылардың көзқарасы жөнінде азды-көпті нақты, айқын ойлайтын адамның көз алдында басқаша болуы мүмкін емес.

Буржуазия құлатылғаннан кейін әлбетте тап күресі мейлінше кескілескен формаларға ұласады. Сондықтан өздерін, ал содан соң басқаларды да алдап: буржуазия құлаған екен, осымен іс бітті дейтін демократтар мен социалистер түкке тұрмайды. Іс біткен жоқ, тек енді ғана басталды, өйткені буржуазия өзінің құлағаны жөніндегі ойға осы уақытқа дейін сенбеді, сөйтіп Октябрь революциясы қарсаңында өте жылы шыраймен және өте сыпайы түрде қалжыңдады; Милюков та, Чернов та, новожизньшілдер де қалжыңдады. Олар былай деп қалжыңдады: «Ал, большевик мырзалар, кабинет құрыңыздар, өкіметті бір-екі аптаға өздеріңіз алыңыздар,— сіздер бізге тамаша көмек көрсетесіздер!». Чернов

эсерлердің атынан осылай жазды ғой, Милюков «Речьте»[79] осылай жазған-ды, жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» осылай жазған-ды. Олардың қалжыңдаған себебі — істі шын деп ойламады. Ал енді істің шындап бара жатқанын көрді, сондықтан өздерінің «демократиялық республикаларын» өздерін қорғайтын сауыт деп ойлаған ағылшын, француз және швейцариялық буржуа мырзалар да істің шындап бара жатқанын көріп, түсінді, ал қазір олардың бәрі қаруланып жатыр. Егер еркін Швейцарияда не істеліп жатқанын көрген болсаңыздар ғой, онда түп-түгел әрбір буржуа қаруланып жатыр, ақ гвардия құрып отыр, өйткені олар біледі: енді миллиондаған адамдарды жалдама құлдықта ұстауға мүмкіндік беретін пұрсаттылықтарының сақталу-сақталмауы туралы мәселе алға қойылып отыр. Қазір күрес дүние жүзілік өріс алып отыр, сондықтан енді «демократия», «бостандық» деген сөздермен бізге қарсы шығып отырған әрбір адам дәулетті таптардың жағында болады, халықты алдайды, өйткені бостандық пен демократияның осы уақытқа дейін *дәулеттілер үшін* бостандық пен демократия, ал дәулетсіздер үшін тек дастарханнан түскен қиқым ғана болып келгенін ол түсінбейді.

Еңбекшілер капитал құлдығынан және капитал үшін жұмыс істеуден езіліп отырғанда, жиналыс бостандығы деген не? Бұл — алдау, сондықтан еңбекшілерге бостандық әперуге бару үшін әуелі қанаушылардың қарсылығын жеңу керек, ал егер мен бүкіл бір таптың қарсылығына ұшырап отырсам, онда бұл тап үшін бостандықты да, теңдікті де, көпшіліктің шешімін де уәде ете алмайтыным айқын.

IV

Енді мен бостандықтан теңдікке көшемін. Мұнда істің мәнісі бұрынғыдан да терең жатыр. Бұл арада біз үлкен алауыздықтар туғызатын, анағұрлым келелі, анағұрлым шетін мәселені қозғаймыз.

Революция өзінің барысында бір қанаушы таптан кейін екіншісін құлатады. Ол әуелі монархияны құлатты және теңдік деп тек өкіметтің сайланып қойылуы мен

республиканың болуын ғана түсінді. Ол одан да әрі барып, помещиктерді құлатты, ал өздеріңіз білесіздер, орта ғасырлық тәртіптерге қарсы, феодализмге қарсы бүкіл күрес «теңдік» ұранымен өтті. Бәрі тең, сословиесіне қарамастан, бәрі, оның ішінде миллионер мен қайыршы да тең,— ұлы француз революциясы дәуірі ретінде тарихқа енген дәуірдің ең ұлы революционерлері осылай деді, осылай ойлады, шынымен осылай есептеді. Революция помещиктерге қарсы теңдік ұранымен жүргізілді және теңдік деп миллионер мен жұмысшының правосы тең болуы керек дегенді атады. Революция одан әрі барды. Революция былай дейді: «теңдік»,— біз мұны өз программамызда ерекше айтқанымыз жоқ; ұшы-қиырсыз қайталай беруге болмайды ғой; бұл да бостандық жөнінде айтқанымыз сияқты айқын,— теңдік, егер ол еңбекті капитал езгісінен азат етуге қайшы келетін болса, алдау болып табылады. Біз осылай дейміз, ал мұның өзі мейлінше шындық. Біз былай дейміз: осы күнгі теңдігі бар демократиялық республика — жалған, алдамшы, онда теңдік сақталмайды, онда теңдіктің болуы мүмкін емес және бұл теңдікті пайдалануға кедергі болып отырған нәрсе — өндіріс құрал-жабдықтарына, ақшаға, капиталға меншіктің болуы. Бай үйлердің меншікте болуын дереу жоюға болады, капитал мен өндіріс құрал-жабдықтарының жеке меншікте болуын біршама тез жоюға болады, бірақ ақшаның жеке меншікте болуын алып көріңізші.

Ақша — қоғамдық байлықтың жиынтығы, қоғамдық еңбектің жиынтығы, ақша — барлық еңбекшілерден алым алудың айғағы, ақша — кешегі қанаудың қалдығы. Ақша деген міне осындай нәрсе. Ақшаны бірдеме етіп дереу жойып жіберуге бола ма? Болмайды. Тіпті социалистік революциядан бұрын социалистер ақшаны бірден жоюға болмайды деп жазған болатын, біз де өз тәжірибемізбен мұны растай аламыз. Ақшаны жою үшін өте көп техникалық және, мұның өзі анағұрлым қиын, анағұрлым маңызды болып отыр, ұйымдық жетістіктер керек, ал оған дейін сөз жүзіндегі, конституциядағы теңдік жағдайында және ақшасы бар әрбір адамның қанауға іс жүзінде правосы болатын жағдайда қала беруге

тура келеді. Біз де ақшаны бірден жойып жібере алмадық. Біз былай дейміз: әзірге ақша қалады және капиталистік ескі қоғамнан социалистік жаңа қоғамға өту дәуірі бойындағы едәуір ұзақ уақытқа қалады. Теңдік, егер ол еңбекті капитал езгісінен азат ету мүдделеріне қайшы келетін болса, алдау болып табылады.

Таптарды *жоймайынша,* теңдік ұғымы барып тұрған ақымақтық, сорақы соқыр сенім болып табылады[80],— деп жазғанда Энгельс мың мәрте дұрыс айтқан болатын. Буржуазиялық профессорлар теңдік ұғымы үшін бізді бір адамды екінші бір адамдарға теңестіргісі келеді-міс деп кінәлауға әрекет жасады. Олар өздері ойдан шығарған осы мағынасыздық үшін социалистерді кінәлауға әрекет жасады. Бірақ олар өздерінің надандықтарынан мынаны білмеді: социалистер — атап айтқанда қазіргі ғылыми социализмнің негізін салушылар, Маркс пен Энгельс — егер теңдік таптардың жойылуы ретінде түсінілмесе, теңдік дегеніңіз бос сөз деді. Біз таптарды жоюды көздейміз, бұл ретте біз теңдікті жақтаймыз. Ал біз барлық адамдарды бір-біріне тең етеміз деп есептеу — барып тұрған бос сөз және кейде шын пейілімен бұландап, мазмұнсыз сөздер құрастыратын интеллигенттің,— ол өзін жазушы, кейде ғалым және басқа кім деп атаса да мейлі,— ойлап тапқан сорақы өтірігі.

Міне сондықтан біз былай дейміз: теңдікті біз таптардың жойылуы мағынасында өзімізге мақсат етіп қоямыз. Онда жұмысшылар мен шаруалар арасындағы таптық айырмашылықты да жою керек. Біздің мақсатымыз да нақ осы. Жұмысшы мен шаруаның арасында таптық айырмашылық сақталып қалған қоғам коммунистік қоғам да емес, социалистік қоғам да емес. Әрине, социализм деген сөзді белгілі бір мағынада әңгіме еткенде оны социалистік қоғам деп атауға болады, бірақ бұл казуистика, сөздер жөнінде таласу ғана болып табылады. Социализм —коммунизмнің бірінші сатысы,— бірақ сөздер жөнінде таласуға тұрмайды. Бір нәрсе айқын: жұмысшы мен шаруаның арасында әлі таптық айырмашылық қалып отырғанда, буржуазияның диірменіне су құйып алудан сақтанбайынша, біз теңдік туралы сөз

ете алмаймыз. Шаруалар — патриархтық заманның табы, ондаған, жүздеген жылдар бойы құлдық жағдайында тәрбиеленген тап, сондықтан барлық осы ондаған жылдар бойында шаруа әуелі басқа таптарға бағынды, содан соң формальды түрде ерікті және тең *ұсақ қожайын* ретінде өмір сүрді, бірақ *тамақ заттарын меншіктенуші және олардың иесі* болып келді.

Нақ осы арада біз жауларымыздың бізге бәрінен де гөрі көп қарсылығын туғызатын мәселеге жақындаймыз, бұл мәселе тәжірибесіз және істің байыбына бармайтын адамдар арасында бәрінен де гөрі көп күмән туғызады және демократ, социалист атанғысы келетін адамдардан және біз өздерін демократ деп те, социалист деп те санамай, қайта капиталистерді жақтаушы, бәлкім, қараңғылығынан болар, әйтеуір капиталистерді жақтаушы деп атағанымыз үшін бізге ренжитін адамдардан бізді бәрінен де гөрі көбірек қашықтатады.

Шаруаның жағдайы оның тұрмысы, өндіріс жағдайлары, оның өмір жағдайлары, оның шаруашылық жағдайлары жағынан мынадай: шаруа — жартылай еңбекші, жартылай жалдап.

Бұл — факт. Ақшаны жоймай тұрып, айырбасты жоймай тұрып, бұл фактіден аттап өте алмайсыз. Ал мұны істеу үшін пролетариаттың ұзақ жылдар бойы берік үстемдігі керек, өйткені буржуазияны жеңуге тек пролетариат қана қабілетті. Бізге былай деушілер бар: «Сіздер теңдікті бұзушысыздар, сіздер тек қанаушылар жөнінде ғана теңдікті бұзып қойған жоқсыздар,— мұнымен, сірә, келісуге де әзірмін, дейді қайдағы бір социалист-революционер немесе меньшевик, өзінің не айтып отырғанын түсінбей,— сонымен қатар сіздер жұмысшылар мен шаруалардың теңдігін де бұздыңыздар, «еңбек демократиясының» теңдігін бұздыңыздар, сіздер — қылмыстыларсыздар!». Біз оларға былай деп жауап береміз: «Иә, біз жұмысшылардың шаруалармен теңдігін бұздық, ал осы теңдікті жақтап отырған сіздер — Колчактың жақтастарысыздар дейміз». Мен жуықта «Правдадан» Германов жолдастың тамаша мақаласын оқыдым; онда неғұрлым «социалистік» социал-демократ меньшевиктердің бірі азамат Шердің[81] тезистері бар

екен. Бұл тезистер біздің бір кооперативтік мекемеде ұсынылған. Бұл тезистердің мәні сол: оларды тақтайға нақыштап салып, әрбір болыстық атқару комитетінде іліп қойып, «мұның өзі — колчакшыл» деп жазу керек еді.

Мен осы азамат Шердің және оның пікірлестерінің бұл үшін мені жалақор деп және одан да жаман бірдеңе деп атайтынын жақсы білемін. Осыған қарамастан, мен саяси экономияның әліппесін оқыған және саяси сауаты ашылған адамдарды кімдікі жөн, кім кінәлы екендігін мұқият талдауға шақырамын. Азамат Шер былай дейді: Совет өкіметінің азық-түлік саясаты және жалпы алғанда экономикалық саясаты түкке жарамайды; әуелі бірте-бірте, ал кейін кең түрде азық-түлік өнімдерімен еркін сауда жасауға және жеке меншікті қамтамасыз етуге көшу керек.

Мен мұны Колчактың экономикалық программасы, соның экономикалық негізі деймін. Мен былай деп білемін: кімде-кім Маркстің шығармаларын, әсіресе «Капиталдың» бірінші тарауын оқыған болса, тым болмаса Каутскийдің Маркстің көзқарасын түсіндіріп жазған «Карл Маркстің экономикалық ілімі» деген шығармасын оқыған болса, ол адам мынадай пікірге: шынында да, пролетариаттың буржуазияға қарсы революциясы болып жатқан кезде, помещиктік және капиталистік меншік жойылып жатқан кезде, төрт жылдық империалистік соғыстан күйзелген ел ашығып отырған кезде астықпен сауда жасау бостандығы капиталистің бостандығы, капиталдың өктемдігін қалпына келтіру бостандығы болып табылады деген пікірге келуге тиіс. Мұның өзі — Колчактың экономикалық программасы, өйткені Колчак аспанда жүрген жоқ.

Колчакты жұмысшыларға зорлық жасағаны үшін және тіпті большевиктерге тілектестік білдірген мұғалималарға дүре соққаны үшін ғана айыптау онша ақылды іс емес. Бұл — демократияны тұрпайы қорғау, бұл — Колчакты ақылсыз айыптау. Колчак өзіне қолайлы деп тапқан әдістермен қимыл жасайды. Алайда ол экономика жағынан неге сүйеніп отыр? Ол сауда бостандығына сүйенеді, ол соны жақтайды, ал *бұл үшін* оны барлық

капиталистер қолдайды. Ал сіз: «Мен Колчактан кеткенмін, мен колчакшыл емеспін» дейсіз. Әрине, бұл сен үшін абырой, алайда бұл әлі сенің иығыңда пайымдауға қабілетті бастың бар екендігіне дәлел емес. Біз бұл адамдарға, Колчактың зорлықшыл екенін көргеннен кейін одан кеткен эсерлер мен меньшевиктердің абыройына ешбір қол сұқпастан, нақ осылай жауап береміз. Бірақ Колчакқа қарсы жанталасқан шайқаста күрес жүргізіп отырған елде мұндай адам «еңбек демократиясының теңдігі» үшін, астықпен сауда жасаудың бостандығы үшін күресіп отырса, онда бұл адам — нақ колчакшыл, ол тек істің мәнін түсінбейді, бас-аяғын ұштастыра білмейді.

Колчактың сүйеніші мынау: астығы мол жерді алып,— ол Колчак немесе Деникин деп аталса да, мундирлері әр түрлі болса да, мәні бір,— онда ол астықпен сауда жасау бостандығына және *капитализмді қалпына келтіру бостандығына* рұқсат беріп отыр. Барлық революцияларда осылай болған, егер біз пролетариат диктатурасынан демократ мырзалардың, эсерлердің, солшыл меньшевиктердің, кейде тіпті анархистердің, т. т.—атаулар көп қой — осы «бостандығына» және «теңдігіне» көшсек, бізде де дәл солай болады. Қазір Украинада әрбір банда өзіне бірінен гөрі бірі еріктірек, бірінен гөрі бірі демократиялырақ ат қояды және әрбір уезде бір-бір банда бар.

Жұмысшылар мен шаруалардың арасында теңдік болуын бізге «еңбекші шаруаның мүдделерін қорғаушылар» ұсынады, бұлардың көпшілік бөлегі эсерлер. Басқалары, азамат Шер сияқтылар, марксизмді оқыған, сойткенмен де капитализмнен социализмге өту кезінде жұмысшы мен шаруа арасында теңдіктің бола алмайтындығын түсінбеген, ал теңдікті уәде етушілерді, олар мұны түсінбесе де, Колчактың программасын дамытушылар деп білу керек. Мен кімде-кім елдің, әсіресе мүлдем күйзелген елдің нақты жағдайлары жөнінде ойластырса, ол адам мұны түсінеді ғой деймін.

Қазір бізде буржуазиялық революция дәуірі өтіп жатыр дейтін біздің «социалистер» біздегі коммунизмді тұтынушылық коммунизм деп атап, бізді үнемі жазғы-

рып келеді. Кейбіреулері солдаттық коммунизм деп қосады және өздерін жоғары тұрғандармыз деп есептейді, сөйтіп коммунизмнің бұл «оңбаған» түрінен жоғары көтерілдік деп санайды. Бұлар тек сөздерді құйқылжытып жүрген адамдар ғана. Олар кітаптарды көрген, кітаптарды жаттаған, кітаптарды пысықтаған, бірақ бұл кітаптардан мүлде түк түсінбеген. Мұндай оқымысты, тіпті аса оқымысты адамдар болады. Олар социализм өндірістің жоғары дәрежеде дамуы дегенді кітаптардан оқыған. Каутскийдің тіпті қазір де істеп отырғаны — тек осыны қайталау ғана. Мен жуырда бізге кездейсоқ келіп түскен немістің бір газетін көрдім, ол газеттен Германиядағы Советтердің соңғы съезі[82] жөнінде оқыдым. Каусткий баяндамашы болып, өзінің баяндамасында мынаны атап көрсеткен,— оның өзі емес, оның әйелі, өйткені ол ауырып қалған, әйелі оның баяндамасын оқып берген,— осы баяндамасында ол социализм өндірістің жоғары дәрежеде дамуы және өндіріссіз капитализм де, социализм де өмір сүре алмайды, ал неміс жұмысшылары осыны түсінбейді деп атап көрсеткен.

Бейшара неміс жұмысшылары-ай! Олар Шейдеман мен Носкеге қарсы күрес жүргізіп жатыр, жендеттерге қарсы күрес жүргізіп жатыр, өздерін социал-демократтар деп санауын қоймай жүрген жендеттердің, Шейдеман мен Носкенің, өкіметін құлатуға тырысып жатыр, олар азамат соғысы жүріп жатыр деп ойлайды. Либкнехт өлтірілді, Роза Люксембург өлтірілді. Бүкіл орыс буржуасы: «Біздің большевиктер жөнінде де міне осылай істеу керек!» — дейді — мұның өзі Екатеринодар газетінде басылған. Нақ осылай басылған. Бүкіл халықаралық буржуазияның осы көзқараста екенін істің мәнін түсінетін адам өте жақсы біледі. Қорғану керек. Шейдеман мен Носке пролетариатқа қарсы азамат соғысын жүргізіп отыр. Соғыстың аты соғыс. Неміс жұмысшылары азамат соғысы жағдайында отырмыз, ал қалған мәселелердің бәрінің бағыныңқы маңызы бар деп ойлайды. Ең алдымен жұмысшыларды асырау керек. Каутский мұны солдаттық немесе тұтынушылық коммунизм деп есептейді. Өндірісті дамыту керек!..

О, данасыған мырзалар-ай! Империалистер тонаған, күйзелткен елде, көмір, шикізат, құралдар жоқ елде сіздер өндірісті қалай дамыта алмақсыздар? «Өндірісті дамыту»! Ал бізде Халық Комиссарлары Советінің немесе Қорғаныс Советінің бірнеше миллион пұт көмір немесе мұнай бөлмеген мәжілісі болмайды және қинала отырып, комиссарлардың бәрі ең ақырғы қалдықты алады, бәріне бірдей жетпейді, сондықтан қай жерде фабрикаларды жабу, қай жерде жұмысшыларды жұмыссыз қалдыру мәселесін шешу керек,— қиналтатын мәселе, бірақ мұны істеуге тура келеді, өйткені көмір жоқ. Көмір — Донецк бассейнінде, көмірді неміс шапқыншылығы құртқан. Сіздер Бельгияны, Польшаны алыңыздар,— оларда да жағдай осындай, империалистік соғыстың зардабы есепті барлық жерде жағдай дәл осындай болып отыр. Мұның мәнісі — жұмыссыздық пен ашаршылық көп жылға созылады деген сөз, өйткені су толып кететін шахталар бар, су басқан кезде оларды көп жылдан кейін де қалпына келтіре алмайсың. Ал бұл арада бізге: «Социализм дегеніміз өнімділікті арттыру» дейді. Жайсаң мырзалар-ау, сіздер кітап оқығансыздар, сіздер кітап жазғансыздар, бірақ сіздер кітаптан ештеңе де түсінбегенсіздер. (Қол шапалақтау.)

Әрине, бейбіт уақытта социализмге бейбіт түрде көше алатын капиталистік қоғамның тұрғысынан қарасақ, бізде өнімділікті көтеруден шұғыл міндет болмас еді. Тек қана мына бір «Егер де» деген кішкентай сөзді ғана айту керек. *Егер де* социализм бейбіт жолмен туа қалса ғой, бірақ капиталист мырзалар оның бұлай тууын қалай қояр ма екен. Кішкене ғана жетімсіздік болды. Егер тіпті соғыс болмағанның өзінде де бәрібір капиталист мырзалар ондай бейбіт дамуға жол бермеу үшін қолынан келгеннің бәрін істеген болар еді. Ұлы француз революциясы сияқты бейбіт басталған ұлы революциялардың өздері де жанталасқан соғыстармен аяқталған, ол соғыстарды контрреволюцияшыл буржуазия ашқан. Егер бұл мәселеге бостандық, теңдік, еңбек демократиясы және көпшіліктің еркі туралы айтылып жүрген мещандық бос сөздер, меньшевиктер, эсерлер, бүкіл осы «демократия» бізді әбден мезі қылған

мещандық топастық бос сөздер тұрғысынан қарамай, тап күресінің тұрғысынан қараса, басқаша болуы мүмкін де емес. Социализмге қарай бейбіт даму мүмкін емес. Ал қазіргі дәуірде, империалистік соғыстан кейін, әсіресе күйзеліске ұшыраған елде бейбіт даму туралы айтудың өзі кісі күлерлік нәрсе. Францияны алыңыз. Франция—жеңген ел, ал онда астық өндірісі жартылай қысқарған. Англияда, мен ағылшын буржуазиялық газеттерінен оқыдым: «Біз қазір қайыршымыз»— дейді. Ал күйзеліске ұшыраған елде өндірістің тоқтағаны үшін коммунистерді кінәламақ! Кімде-кім бұлай десе, ол адам, өзін берндік Интернационалдың көсемі деп үш мәрте атаса да, не барып тұрған нақұрыс, не жұмысшыларға опасыздық жасаушы.

Күйзеліске ұшыраған елде бірінші міндет—еңбекшілерді аман сақтап қалу. Бүкіл адамзаттың бірінші өндіргіш күші—жұмысшы, еңбекші. Егер ол аман қалса, біз *бәрін* сақтап қаламыз және қалпына келтіреміз.

Біз көп жыл бойғы жоқшылыққа төземіз, кері қарай, варварлыққа қарай қайта оралуға төземіз. Бізді кері кетірген, варварлыққа қарай шегерген империалистік соғыс, ал егер біз еңбекшіні аман сақтап қалсақ, адамзаттың басты өндіргіш күшін—жұмысшыны сақтап қалсақ,—біз бәрін де қайтарып аламыз, ал егер оны сақтап қала білмесек, біз құримыз, сондықтан да кімде-кім осы кезде тұтынушылық және солдаттық коммунизм турасында даурығып, басқаларға жоғарыдан қараса, өзін осы большевик-коммунистерден жоғары көтерілді деп ойласа, ол адам, қайталап айтамын, саяси экономиядан мүлде түк түсінбейді және басы цитат толтырған жәшік сияқты оқымысты ретінде кітаптардан алынған цитаттарға жармасады, сөйтіп бұл цитаттарды сопаң еткізеді, ал кітапта жазылмаған бір жаңа шымшытырық жағдай пайда болса, ол сасқалақтап қалады да, жәшіктен нақ керек цитатты емес, өзге бір цитатты суырып алады.

Ел күйзелген кезеңде біздің басты негізгі міндетіміз—жұмысшының өмірін қорғап қалу, *жұмысшыны аман сақтап қалу,* ал жұмысшылардың қырылуының себебі—фабрикалар тоқтап тұр, ал фабрикалардың

тоқтауының себебі—отын жоқ, оның себебі—біздің өндірісіміз түгелімен жасанды, өнеркәсіп шикізат алатын жерлерден бөлініп қалып отыр. Мұның өзі бүкіл дүние жүзінде осылай. Орыс мақта-мата фабрикаларына шикізатты Египеттен, Америкадан, ең жақын дегенде Түркістаннан тасу керек, ал онда контрреволюцияшыл бандалар және ағылшын әскерлері Ашхабад пен Красноводскіні басып алып отырғанда тасып көріңіз, темір жолдар жүк тасымай, бүлініп, тұрып қалғанда, көмір жоқ кезде Египеттен, Америкадан тасып көріңіз.

Жұмысшыны, ол жұмыс істей алмайтын болса да, аман сақтап қалу керек. Егер біз жұмысшыны осы бірнеше жылға аман сақтап қалсақ, онда біз елді, қоғамды және социализмді аман сақтап қаламыз. Егер аман сақтап қалмасақ, онда кейін қарай, жалдама құлдыққа қарай құлдыраймыз. Өзін социал-демократ деп атайтын бейбіт ақымақтың қиялынан емес, қайта нақты өмір шындығынан, арпалысқан, мейлінше аяусыз тап күресінен туатын социализм туралы мәселе осылай қойылып отыр. Бұл—факт. Жұмысшының өмірін сақтап қалу үшін бәрін де құрбандық ету керек. Ал іске осы тұрғыдан қарағанда, бізге келіп: «Біз еңбек демократиясының теңдігін жақтаймыз, ал сіздер, коммунистер, тіпті жұмысшылар мен шаруаларға да теңдік бермейсіздер» деп айтатындарға біз былайша жауап береміз: еңбеккерлер ретінде жұмысшы мен шаруа тең, бірақ астықпен сауда жасайтын, қарны тоқ жалдап алу еңбеккерге тең емес. Тек сондықтан ғана біздің Конституциямызда жұмысшы мен шаруа тең емес деп жазылған.

Сіздерше, олар тең болуға тиіс пе? Кәне өлшеп, есептеп көрелік. 60 шаруаны, 10 жұмысшыны алыңыз. 60 шаруаның артық астығы бар. Олар жалба-жұлба болып жүреді, бірақ олардың астығы бар. 10 жұмысшыны алайық. Империалистік соғыстан кейін олар жалба-жұлба болған, қажыған, олардың астығы, отыны, шикізаты жоқ. Фабрикалар тоқтап тұр. Сіздерше, бұлар тең бе? 60 шаруаның шешуге правосы бар, ал 10 жұмысшы бағынуға тиіс пе? Теңдіктің, еңбек демократиясы мен көпшілік шешімі бірлігінің ұлы принципі дейді!

Олар бізге осылай дейді. Біз былай деп жауап береміз: «Сіздер барып тұрған сайқымазақсыздар, өйткені сіздер жұртты әдемі сөзбен алдандырып, аштыршылық туралы мәселені бүркемелейсіздер».

Біз сіздерден былай деп сұраймыз: егер шаруалар артық астығын бермей отырса, онда фабрикалары тоқтап тұрған, күйзеліске ұшыраған елдегі аш жұмысшылардың шаруалар көпшілігінің шешіміне бағынуға правосы бар ма? Осы артық астықты жұмысшылардың, егер басқаша алуға болмаса, тіпті күштеп болса да алуға правосы бар ма? Тура жауап беріңіздер! Мәселенің шын мәні жөнінде сұрақ қойылғанда сіздер қипақтап, тыпырши бастайсыздар.

Барлық елдерде өнеркәсіп күйзелген және бірнеше жыл күйзелмек, өйткені фабрикаларды өртеу немесе кен орындарын суға толтыру оңай нәрсе, вагондарды қирату, паровоздарды сындыру оңай нәрсе, мұны кез келген ақымақ, мейлі ол неміс офицері немесе француз офицері аталса да, әсіресе оның қиратуға, атуға, тағысын-тағыларға арналған жақсы машинасы болса—оңай істей алады, ал қалпына келтіру—өте қиын іс, бұған жылдар керек.

Шаруалар—ерекше тап: еңбеккерлер ретінде олар капиталистік қанаудың жауы, ал сонымен қатар олар меншікшілер болып табылады. Шаруа жүздеген жылдар бойы астық — өзімдікі, оны сатуға мен еріктімін деген рухта тәрбиеленіп келді. Шаруа бұл—менің правом деп ойлайды, өйткені бұл—менің еңбегім, менің терім мен қаным дейді. Оның психологиясын тез өзгертуге болмайды, ол үшін ұзақ, қиын күрес процесі керек. Кімде-кім социализмге өту біреудің—екіншіге, екіншінің үшіншіге түсіндіруімен болады деп ойласа, ол адам ең тәуір дегенде бала, немесе саяси жағынан алғанда екіжүзді адам, ал саяси кафедрадан сөйлейтін адамдардың көпшілігі, әрине, соңғы категорияға жатады.

Сонымен, мәселе былай қойылып отыр: шаруа астықпен еркін сауда жасауға дағдыланған. Біз капиталистік мекемелерді лақтырып тастағанда, капитализм тірек еткен тағы да бір күш бар болып шықты,—ол дағдының күші. Капитализмді қолдаған барлық мекемелерді біз

негұрлым батыл лақтырып тастаған сайын, капитализмді қолдаған екінші бір күш—дағдының күші—соғұрлым айқын көрінді. Ыңғайы келгенде мекемені бірден қиратуға болады, дағдыны еш уақытта, қалай ыңғайы келсе де, бірден қиратуға болмайды. Біз барлық жерді шаруаларға беріп, оларды помещиктік жер иелігінен босатып отырғанда, оларды матап келген нәрсенің бәрін жұлып тастап отырғанда, шаруалар астықты еркін сатуды «бостандық» деп, ал артық астықты тұрақты бағамен беру міндеттемесін бостандық емес деп санауды қоймай отыр. Шаруа бұл не, мұны «беру» деген не деп ызаланады, әсіресе, егер оның үстіне аппарат әлі нашар болып отырғанда ызаланады, ал аппараттың нашар болатын себебі—бүкіл буржуазиялық интеллигенция Сухаревка[83] жағында. Бұл аппарат үйреніп жүрген адамдарға, тәуір дегенде, егер өздері іждағатты және жұмысқа берілген болса, бірнеше жылдың ішінде үйреніп шығатын адамдарға сүйенуге тиіс екені, ал оған дейін аппараттың нашар болатыны, ал кейде өздерін коммунист деп атап жүрген әр түрлі жуликтердің араласып кететіні түсінікті. Бұл қауіп әрбір басқарушы партияға, әрбір жеңімпаз пролетариатқа төнеді, өйткені бірден буржуазияның қарсылығын қиратуға да, кемеліне келген аппаратты жасауға да болмайды. Азық-түлік комиссариаты аппаратының әлі де нашар екенін біз өте жақсы білеміз. Егіншілікпен айналыспайтын губернияларда жұмысшының қалай тамақтанатыны жөнінде жуырда ғылыми статистикалық зерттеу жүргізілді. Бақсақ, жұмысшы бүкіл тамақтың жартысын Азық-түлік комиссариатынан, екінші жартысын жалдаптардан алады екен; бірінші жартысына өзінің тамаққа шығаратын бүкіл шығынының оннан бірін, екінші жартысына оннан тоғызын төлейді екен.

Азық-түлік комиссариаты тарапынан жиналып, жеткізілген азық-түліктің жартысы, әрине, нашар жиналған, бірақ ол капиталистік жолмен емес, социалистік жолмен жиналған. Бұл жартысы жалдаптармен мәмлеге келу арқылы емес, жалдаптарды жеңу арқылы жиналған, мұны жинау үшін дүниедегі барлық қалған мүдделер, оның ішінде меньшевик, эсер және К⁰ мыр-

залар бетке ұстаған формальды «теңдік» мүдделері де, ашыққан жұмысшылардың мүдделеріне құрбан етілген. Мырзалар, сіздер өздеріңіздің «теңдіктеріңізбен» қала беріңіздер, ал біз аш жұмысшылармен, аштаршылықтан өзіміз аман сақтап қалған жұмысшылармен қаламыз. Бізді меньшевиктер «теңдікті» бұзды деп қалай кінәласа да, факт мынадай: құлақ естіп, көз көрмеген, адам айтқысыз қиыншылықтар жағдайында біз азық-түлік міндетін жартылай шештік. Сондықтан біз былай дейміз: егер 60 шаруаның артық астығы болса, ал 10 жұмысшы ашығып отырса, онда жалпы «теңдік» туралы және «еңбек адамдарының теңдігі» туралы айтудың керегі жоқ, қайта 10 жұмысшының шешіміне 60 шаруаның бағынуы және артық астықты беруі туралы, тіпті қарыз ретінде болса да беруі бұл шаруалардың сөзсіз міндеті екендігі туралы айту керек.

Бүкіл саяси экономия, егер біреу одан бір нәрсе үйренген болса, революцияның бүкіл тарихы, бүкіл XIX ғасыр бойындағы саяси дамудың бүкіл тарихы бізге шаруа не жұмысшының, не буржуаның соңынан ереді деп үйретеді. Ол басқаша кете алмайды. Бұл, әрине, кейбір демократтарға, бәлкім, ренжітетін нәрсе сияқты болып көрінер,— кейбіреу мені марксистік ызақорлықпен шаруаға жала жауып отыр деп те ойлап қалар. Шаруалар көпшілік, олар еңбеккерлер—солай бола тұрса да, олар өз жолымен жүре алмайды! Себебі не?

Егер сіздер мұның себебін білмесеңіздер, мен бұл сияқты азаматтарға, Маркстің саяси экономиясының әліппесін оқыңыздар, бұған Каутский тарапынан берілген түсінікті оқыңыздар, XVIII және XIX ғасырлардағы ірі революциялардың әрқайсысының дамуы жөнінде, XIX ғасырдағы елдердің әрқайсысының саяси тарихы жөнінде ойлап көріңіздер дер едім. Сіздер оның себебін содан табасыздар. Капиталистік қоғамның экономикасы мынадай: тек капитал немесе оны құлататын пролетариат қана үстемдік етуші күш бола алады.

Бұл қоғамның экономикасында басқа күштер жоқ.

Шаруа жартылай еңбеккер, жартылай жалдап болып табылады. Шаруа—еңбеккер, өйткені терін төгіп, жанын қинап өзіне нан табады, оны помещиктер, капита-

листер, көпестер қанайды. Шаруа—жалдап, өйткені ол астық сатады, ал астық—зәру нәрсе, егер ол жоқ болса, бар мүлкіңді соған беруге татитын нәрсе. Аштық мейірімсіз; астық үшін мың сом да береді, қанша болса, сонша береді, тіпті бар мүлкін беруге де әзір.

Бұған шаруа кінәлы емес, бірақ оның экономикалык жағдайы мынадай: ол товар шаруашылығында тұрады. ондаған, жүздеген жылдар осылай күн кешіп келді, өзінің астығын ақшаға айырбастауға дағдыланды. Дағдыны өзгерте алмайсың, ақшаны бірден жоюға болмайды. Бұларды жою үшін жүз миллиондаған адамдар үшін өнімдерді бөлу ісін ұйымдастыруды жолға қою керек,— ал мұның өзі ұзақ жылдардың ісі. Сондықтан да товар шаруашылығы әзірге қалып отырғанда, артық астығын жасыратын тоқ шаруалармен қатар аш жұмысшылар болып отырғанда, жұмысшылар мен шаруалардың мүдделері арасында белгілі бір қарама-қарсылық болмай қоймайды, ал кімде-кім өмір туғызған осы нақты қарама-қарсылықтан «бостандық», «теңдік» және «еңбек демократиясы» туралы құрғақ сөздермен құтылатын болса, ол адам тәуір дегенде барып тұрған созуар, ал ең жаманы—капитализмнің екіжүзді қорғаушысы. Егер капитализм революцияны жеңсе, онда шаруалардың қараңғылығын пайдалана отырып қана жеңе алады, оларды еркін саудаға қайта оралу үмітімен сатып алу, еліктіру арқылы жеңе алады. Меньшевиктер мен эсерлер іс жүзінде социализмге қарсы, капитализм жағында тұр.

Колчактың, Деникиннің және бүкіл орыс ақ гвардияшыларының экономикалық программасы—еркін сауда. Олар мұны түсінеді, ал азамат Шердің мұны түсінбеуі олардың кінәсы емес. Белгілі бір партия өмірдің экономикалық фактілерін түсінбесе, одан бұл фактілер өзгермейді. Буржуазияның ұраны—еркін сауда. «Ескіше өмір сүрудің өзі жақсы емес пе еді? Егіншілікпен айналысқан еңбекті өз еркіңмен, еркін сату арқылы өмір сүрудің өзі жақсы емес пе еді? Содан әділетті не бар еді?» дегенді айтып, шаруаларды алдауға тырысады. Саналы колчакшылдар осылай дейді, ал капитал мүдделері тұрғысынан алғанда олардікі жөн. Россияда капи-

тал өктемдігін қалпына келтіру үшін дәстүрлерге сүйену керек,—шаруаның санасына қарсы оның соқыр сеніміне, еркін сауда жөніндегі ескі дағдыға сүйену керек және жұмысшылардың қарсылығын күшпен басу керек. Басқа жол жоқ. Капитал тұрғысынан алғанда колчакшылдардікі жөн, олар өздерінің экономикалық және саяси программасында істің бас-аяғын ұштастыра біледі, бас-аяғының қайда екенін түсінеді, шаруалардың еркін саудасы мен жұмысшыларды зорлап атудың арасындағы байланысты түсінеді. Байланыс бар, бірақ оны азамат Шер түсінбейді. Астықпен еркін сауда жасау—колчакшылдардың экономикалық программасы, ондаған мың жұмысшыларды ату (Финляндиядағы сияқты) осы программаны жүзеге асырудың қажетті құралы, өйткені жұмысшы өзінің қолы жеткен жеңісін тегіннен-тегін бермейді. Байланыс ажырағысыз, ал экономикалық ғылым мен саясаттан мүлде түк түсінбейтін адамдар, өздері мещандарша қорқып қалғандықтан социализмнің негіздерін ұмытқан адамдар, атап айтқанда меньшевиктер мен «социал-революционерлер», осы адамдар «теңдік» туралы, «бостандық» туралы бос сөздермен, бізді «еңбек демократиясы» ішінде теңдік принципін бұзды деген, біздің Конституциямыз «әділетсіз» деген байбаламдармен бізді бұл байланысты ұмытуға мәжбүр етуге әрекет жасайды.

Әлденеше шаруаның даусы қанша болса, бір жұмысшының даусы да соншалық. Бұл—әділетсіздік пе?

Жоқ, капиталды құлату керек болған заман үшін бұл әділетті. Әділеттік туралы ұғымдарыңды сіздердің қайдан алып отырғандарыңды мен білемін. Бұл ұғымдарды сіздер кешегі өткен капиталистік заманнан алып отырсыздар. Товар иесі, оның теңдігі, оның бостандығы—сіздердің әділеттік туралы ұғымдарыңыз міне осы. Бұл—ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдердің ұсақ буржуазиялық сарқыншақтары — сіздердегі әділет, сіздердегі теңдік, сіздердегі еңбек демократиясы міне осы. Ал біз үшін әділеттік капиталды құлату мүдделеріне бағындырылған. Капиталды пролетариаттың біріккен күш-жігері арқылы құлату керек, басқаша құлатуға болмайды.

Он миллиондаған шаруаны капиталға қарсы, ерікті саудаға қарсы бірден және мықтап біріктіруге бола ма? Шаруалар тіпті әбден ерікті және анағұрлым мәдениетті болса да, экономикалық жағдайдың салдарынан сіздер мұны істей алмайсыздар. Мұны істеуге болмайды, өйткені бұл үшін басқаша экономикалық жағдай керек, бұл үшін ұзақ жылдар бойы әзірлену керек. Ал мұны, бұл әзірлікті, кім жасайды? Не пролетариат, не буржуазия жасайды.

Буржуазиялық қоғамда шаруа өзінің экономикалық жағдайы арқылы не жұмысшының соңынан, не буржуазияның соңынан еруге сөзсіз мәжбүр болып отыр. *Аралық жол жоқ.* Ол қобалжып, шырматылуы, қиялға салынуы мүмкін, сөгіп, ұрыса алады, пролетариаттың «өрісі тар» өкілдеріне, буржуазияның «өрісі тар» өкілдеріне қарғыс та айта алады. Олар азшылық емес пе дейді. Оларды қарғауға, көпшілік жөнінде, сіздердегі еңбек демократиясының кең, жалпыға бірдей сипаты жөнінде, таза демократия жөнінде даурықпа сөздер айтуға болады. Сөзді, қанша болса да, тізіп айта беруге болады. Бұл сөздер, егер шаруа жұмысшының соңына ермесе, онда оның буржуазияның соңына еретіні жөніндегі фактіні бүркемелейтін сөздер болады. Аралық жол жоқ және болуы да мүмкін емес. Сондықтан да, тарихтың осы аса қысылшаң кезеңінде, жұмысшылар ашығып отырған, олардың өнеркәсібі тоқтап тұрған кезде, *жұмысшылардың «еркін» бағамен емес,* капиталистік, жалдаптық бағамен емес, неғұрлым әділетті бағамен нан алуына *көмектеспей отырған* адамдар,—бұл адамдар, өз бастары үшін қалай мойындамаса да, өз программасын өздерінің адал орындап отырғандықтарына шын ниетпен қалай сенсе де, бәрібір, колчакшылдардың программасын жүзеге асырады.

V

Мен енді өзім белгілеп алған ақырғы мәселеге, революцияның жеңілуі мен жеңуі туралы мәселеге тоқталмақпын. Каутский,—оны мен сіздерге ескі, шірік социализмнің басты өкілі деп атағанмын,—пролетариат

диктатурасының міндеттерін түсінбеген. Ол бізді көпшілік дауыспен алынған шешім бейбіт жолмен аяқталуды қамтамасыз ететін шешім болар еді деп кінәлады. Диктатура арқылы шешу—әскери жолмен шешу деген сөз. Демек, егер сіздер әскери жолмен ұтпасаңыздар, онда сіздер жеңілесіздер және жойыласыздар, өйткені азамат соғысы тұтқынға кісі алмайды, жояды. Зәресі ұшқан Каутский бізді осылайша «үрейлендірді».

Әбден дұрыс. Бұл—факт. Бұл байқаудың дұрыстығын біз растаймыз. Бұл арада айтатын ештеңе жоқ. Азамат соғысы—басқа соғыстардың бәрінен де анағұрлым қиын әрі аяусыз соғыс. Ежелгі Римнің азамат соғыстарынан бастап, тарихта әрқашан осылай болып келген, өйткені халықаралық соғыстар әрқашан дәулетті таптар арасында мәмлеге келумен бітетін, тек азамат соғысында ғана езілген тап езуші тапты ақырына дейін жоюға, бұл таптың тіршілік етуінің экономикалық жағдайларын жоюға күш салады.

Мен сіздерден былай деп сұраймын: басталған революцияны оның жеңіліп қалуы мүмкін деп үрейлендіретін «революционерлер» неге тұрады? Жеңіліп қалу қаупіне ұшырамайтын революция болған емес, жоқ, болмайды және болуы да мүмкін емес. Таптардың мейлінше шиеленісу дәрежесіне жеткен кескілескен күресі революция деп аталады. Тап күресі болмай қоймайды. Не революция атаулыдан бас тарту керек, не дәулетті таптарға қарсы күрес барлық революциялардың ішіндегі ең сұрапылы болатындығын мойындау керек. Бұл жөнінде азды-көпті саналы социалистердің арасында көзқарас алалығы болған емес. Каутскийдің осы жазғандарының бүкіл ренегаттық астарын қарастыруыма тура келген кезде, осыдан бір жыл бұрын мен былай деп жазған едім: тіпті егер де,—бұл өткен жылдың сентябрінде болған-ды,—тіпті егер де күні ертең империалистер большевиктік өкіметті құлатса да, біз ол өкіметті алғанымыз үшін бір секунд те өкінбеген болар едік*. Сонымен бірге еңбекші бұқараның мүддесін көздейтін саналы жұмысшылардың бірде-бірі бұған өкінбейді, біз-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 341—342-беттер. *Ред.*

дің революцияның қалайда жеңгендігіне күмәнданбайды. Өйткені, егер революция қанаушылыққа елеулі соққы беретін алдыңғы қатарлы тапты ілгері бастаса, ол жеңеді. Бұл жағдайда, тіпті жеңіліске ұшыраған күнде де, революциялар жеңеді. Мұның өзі сөзді қақпақыл ету сияқты болып көрінуі мүмкін, бірақ мұның факт екендігін көрсету үшін тарихтан нақты мысал келтірейік.

Ұлы француз революциясын алыңыз. Ұлы революция деп тегін аталмаған. Бұл революция өзі қызмет еткен табы үшін, буржуазия үшін, көп еңбек сіңіргені соншалық, тіпті бүкіл XIX ғасыр, бүкіл адамзатқа цивилизация мен мәдениетті берген ғасыр, француз революциясының туы астында өтті. Ол ғасыр дүние жүзінің барлық түкпірлерінде тек мынаны ғана істеді: бостандық, теңдік және туысқандық деген сөздерді жамылғы етіп, өздері түсінбесе де, буржуазияның мүддесіне қызмет еткен ұлы француз революционерлерінің буржуазияға арнап жасағандарын кәдеге жаратты, бөліп-бөліп жүзеге асырды және бітпегенін аяқтады.

Біздің революция өзіміз қызмет етіп отырған біздің тап үшін, пролетариат үшін, бір жарым жылдың өзінде-ақ ұлы француз революционерлерінің істегенінен өлшеусіз көп нәрсені істеді.

Олар өз елінде екі жыл өмір сүрген соң, біріккен европалық реакцияның соққысынан опат болды, бүкіл дүние жүзінің біріккен қанқұйлы тобырларының соққысынан опат болды, ол қанқұйлы тобырлар француз революционерлерінің сағын сындырды, Францияда легитимдік, заңды монархты, сол кездегі Романовты орнына қайта қойды, помещиктерді қалпына келтірді, сөйтіп Францияда революциялық қозғалыс атаулыны талай онжылдарға тұншықтырды. Солай бола тұрса да, ұлы француз революциясы жеңді деу керек.

Тарихқа саналы түрде қарайтын әрбір адам француз революциясы, талқандалса да, бәрібір жеңді дейді, өйткені ол бүкіл дүние жүзіне буржуазиялық демократияның, буржуазиялық бостандықтың енді жойылмайтын тіректерін берді.

Біздің революциямыз бір жарым жыл ішінде пролетариат үшін, өзіміз қызмет етіп отырған тап үшін, біздің жұмыс істеп отырған мақсатымыз үшін, капитал үстемдігін құлату үшін француз революциясының өз табына бергенінен өлшеусіз көп нәрсені берді. Сондықтан да біз былай дейміз: егер де тіпті бір болжамалы түрде мүмкін жағдайды, ықтимал жағдайлардың ең нашарын алып, егер де күні ертең қайдағы бір әрекеті сәтті Колчак большевиктерді тептегіс қырып кетсе де, революция жеңімпаз болып қала берер еді. Ал біз өз сөздеріміздің дәлелін мынадан көріп отырмыз: осы революция құрған жаңа мемлекеттік ұйым бүкіл дүние жүзі жұмысшы табының арасында қазірдің өзінде-ақ моральдық жағынан жеңіп отыр және қазірдің өзінде-ақ осы таптың қолдауына ие болып отыр. Ұлы француз буржуазиялық революционерлері күресте опат болған кезде—олар жеке-дара опат болды, оларға басқа елдерден қолдау жасалмады. Бүкіл европалық мемлекеттер, бәрінен бұрын алдыңғы қатарлы Англия оларға қарсы аттанды. Біздің революция қазір, большевиктік өкімет үстемдік еткен тек бір жарым жыл ішінде ғана ол құрған жаңа мемлекеттік ұйым, советтік ұйым, бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларына түсінікті, таныс, белгілі ұйым, олардың өз ұйымы болып алды.

Мен сіздерге капитализмнен құтылу үшін пролетариат диктатурасының болмай қоймайтын, қажет және сөзсіз керек нәрсе екенін дәлелдеген едім. Диктатура тек зорлық қана емес, әйткенмен оның зорлықсыз іске асуы мүмкін емес, ол сонымен қатар еңбектің бұрынғы ұйымдастырылуына қарағанда, анағұрлым жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы болып табылады. Нақ сондықтан да мен съездің бас кезінде өзімнің қысқаша құттықтау сөзімде *ұйымдастырудың* осы негізгі, қарапайым, өте оңай міндетін атап көрсеттім, нақ сондықтан да мен әр түрлі интеллигенттік өтіріктерге, әр түрлі «пролетарлық мәдениеттерге» аяусыз дұшпандықпен қараймын. Бұл өтіріктерге мен ұйымдастырудың әліппесін қарсы қоямын. Астықты және көмірді бөлгенде әрбір пұт көмірге, әрбір пұт астыққа қамқорлық көзқарас болатындай етіп бөліңіздер,—пролетарлық тәртіп-

тің міндеті міне осындай. Крепостниктердің таяқ арқылы орнатқан тәртібі сияқты таяқпен орнайтын тәртіп емес, немесе капиталистердің аштық арқылы орнатқан тәртібі сияқты тәртіп емес, қайта жолдастық тәртіп, жұмысшы одақтарының тәртібі керек. Ұйымдастырудың осы қарапайым, өте оңай міндетін шешіңіздерші, сонда біз жеңіп шығамыз. Өйткені сонда шаруа толық біздің соңымыздан ереді; шаруа жұмысшы мен капиталистің арасында ауытқып отырады, ол өзі әлі сенбейтін адамдардың соңынан еруі керек пе, міне осыны білмейді, бірақ ол әлгі адамдардың қанау болмайтын және астықпен «еркін» сауда жасау мемлекетке қарсы қылмыс деп саналатын анағұрлым әділетті тәртіпті жүзеге асырып жатқанын бекерге шығара да алмайды; ол осы адамдардың соңынан еру керек пе, немесе бейне бір еңбек бостандығы болып табылатын астықпен еркін сауда жасауды бұрынғыша уәде ететін адамдардың соңынан еру керек пе,—міне осыны әлі білмей отырған шаруа. Егер шаруа пролетариаттың өзінің мемлекеттік өкіметін тәртіп орната алатындай етіп құрып жатқанын көрсе,—ал шаруа осы тәртіпті талап етеді, осы тәртіпті көксейді, шаруаның бұл тәртіпке ұмтылушылығымен көптеген көмескі, көптеген реакциялық нәрселер, көптеген соқыр сенімдер байланысты бола тұрса да, оның мұнысы жөн,—онда шаруа ақыр-аяғында, бірсыпыра қобалжудан кейін, жұмысшының соңынан ереді. Шаруа ескі қоғамнан әншейін, оп-оңай, бірден жаңа қоғамға шыға алмайды. Ескі қоғамның оған «тәртіпті» еңбекшілерді күйзелту нәтижесінде, оларды құлдыққа салу нәтижесінде бергенін шаруа біледі. Пролетариаттың оған тәртіпті бере алатын-алмайтынын ол білмейді. Езілген, қараңғы, бытыраңқы шаруадан бұдан артықты сұрауға да болмайды. Шаруа ешқандай сөздерге, ешқандай программаларға сенбейді. Ал сөздерге сенбегені жақсы, әйтпесе алдаудан құтылудың жолын таба алмас еді. Ол тек іске, практикалық тәжірибеге ғана сенеді. Сіздер, біріккен пролетариат, пролетарлық мемлекеттік өкімет, пролетарлық диктатура, астық пен көмірді бөлгенде астықтың әрбір пұты, көмірдің әрбір пұты үнемді жұмсалатындай етіп бөле білетіндіктеріңізді,

артық астықтың әрбір пұты, артық көмірдің әрбір пұты жалдаптық саудаға кетпеуін, Сухаревка сабаздарына қызмет етпеуін, қайта оны әділетті жолмен бөлу үшін, аш жұмысшыларды жабдықтау үшін тіпті оларды жұмыссыздық уақытында, заводтар мен фабрикалар тоқтап қалған кезде қолдау үшін қызмет етуін қамтамасыз ете білетіндеріңізді шаруаға дәлелдеңіздер. Осыны дәлелдеңіздер. Пролетарлық мәдениеттің, пролетарлық ұйымның негізгі міндеті міне осындай. Экономикалық негіздер болмай тұрғанда күштеуді қолдануға болады, бірақ онда тарих оны апатқа душар етеді. Бірақ күштеуді алдыңғы қатарлы тапқа сүйене отырып, социалистік құрылыстың, тәртіптің және ұйымның анағұрлым жоғары принциптеріне сүйене отырып қолдануға да болады. *Ал онда күштеу уақытша сәтсіздікке ұшырауы мүмкін, бірақ ол жеңілмейтін болады.*

Егер пролетарлық ұйым шаруаға тәртіптің дұрыстығын, еңбек пен астық бөлінісінің дұрыстығын көрсетсе, астық пен көмірдің әрбір пұтына қамқорлық жасаудың жүзеге асқандығын көрсетсе, біз, жұмысшылар, өзіміздің жолдастық, одақтық тәртібімізбен мұны жүзеге асыра алатынымызды және күштеу арқылы біз тек еңбек мүддесін қорғау үшін, еңбеккердің астығын алу үшін емес, жалдаптың астығын алу үшін ғана күресетінімізді, орташа шаруамен, еңбеккер шаруамен, біз келісім жасауға баратынымызды, біз оған қазір өзіміз бере алатын нәрсенің бәрін беруге әзір екенімізді көрсетсек,—егер шаруа осыны көрсе, онда шаруаның жұмысшы табымен одағы, оның пролетариатпен одағы мызғымайтын болады — біз нақ осыған қарай бара жатырмыз.

Алайда мен өзімнің тақырыбымнан біраз алшақтап кеттім ғой деймін, сондықтан оған қайта оралайын. Енді барлық елдерде «большевик» деген сөз бен «Совет» деген сөз біздің осы таяу арада түсінбей қайталай берген «боксшы» деген сөз сияқты таңырқарлық сөз болудан қалды. «Большевик» деген сөз бен «Совет» деген сөз қазір дүние жүзіндегі барлық тілдерде қайталанады. Барлық елдердің буржуазиясы өздерінің миллиондаған дана газеттерінде Совет өкіметіне күн сайын

қалай жала жаудырып отырғанын саналы жұмысшылар көріп отыр, бұл балағаттаудан олар өздеріне сабақ алады. Мен жуырда кейбір американ газеттерін оқыдым. Мен бір американдық поптың сөзін көрдім; ол: большевиктер — адамгершіліктен ада болғандар, олар әйелдерді национализациялауды енгізіп отыр, олар— қарақшылар, тонаушылар депті. Мен сонымен қатар американ социалистерінің жауабын да көрдім: олар Россия Советтік республикасының, «еңбек демократиясы теңдігін» бермейтін осы «диктатураның» Конституциясын 5 центтен таратып жүр. Олар еңбек демократиясының бірлігін бұзушы осы «узурпаторлардың», «қарақшылардың», «зорлықшылардың» осы Конституциясының бір параграфынан цитат келтіре отырып жауап беруде. Сөз арасында айта кетелік, Брешковская барған күні оны құттықтағанда, Нью-Йорктың ең ірі капиталистік газеті мейлінше ірі әріптермен: «Хош келдіңіз, әже!» деп жазыпты. Американ социалистері мұны көшіріп басып, былай деді: «Ол саяси демократияны жақтайды,—оны капиталистердің мақтап отырғанына, американ жұмысшылары, сіздердің, таңдануларыңызға бола ма?». Ол саяси демократияны жақтайды. Олар Брешковскаяны не үшін мақтауға тиіс? Неге десеңіз, ол— Совет конституциясына қарсы. «Сіздер міне сол қарақшылар Конституциясының бір параграфын қарап көріңіздер»—дейді американ социалистері. Олар әрқашан белгілі бір параграфтан цитат келтіреді, ал ол параграфта былай делінген: өзгенің еңбегін қанайтын адам сайлай алмайды және сайлануға да правосы жоқ. Біздің Конституциямыздың бұл параграфын бүкіл дүние жүзінде біледі. Барлығы да пролетариат диктатурасына бағынады және оның өзі мемлекеттік ұйымның жаңа типі болып табылады деп нақ ашық айтуы арқасында, нақ осының арқасында Совет өкіметі бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының тілектестігіне ие болды. Бұл жаңа мемлекеттік ұйым өте зор қиыншылықпен туады, өйткені өзінің іріткі салушы, ұсақ буржуазиялық тәртіпсіздігін жеңу—ең қиын іс, мұның өзі зорлықшы-помещикті немесе зорлықшы-капиталисті жаныштаудан миллион есе қиын, бірақ мұның өзі қанаудан азат

жаңа ұйымды құру үшін миллион есе жемісті. Пролетарлық ұйым бұл міндетті шешкен кезде социализм түпкілікті жеңеді. Мектептен тыс білімнің де, мектеп білімінің де бүкіл қызметін осыған арнау керек. Өте-мөте қиын жағдайларға, социалистік төңкерістің дүние жүзінде алғаш рет мәдениеті сонша лық төмен елде болып отырғанына қарамастан, осыған қарамастан Совет өкіметі қазірдің өзінде-ақ өзін басқа елдер жұмысшыларының мойындауына ие болды. «Пролетариат диктатурасы» деген сөз—латын сөзі, оны естіген әрбір еңбекші адам мұның не екенін түсінбеді, мұның қалай жүзеге асатынын ұқпады. Енді бұл сөз латын тілінен халықтардың осы күнгі тілдеріне аударылды, қазір біз пролетариат диктатурасы дегеніміз Совет өкіметі екенін көрсетіп отырмыз, бұл өкімет тұсында жұмысшылар өздері ұйымдасады және былай дейді: «Біздің ұйымымыз бәрінен де жоғары; еңбек етпейтін бірде-бір адамның, бірде-бір қанаушының бұл ұйымға қатысуға правосы жоқ. Бұл ұйым түгелдей бір мақсатқа—капитализмді құлатуға бағытталған. «Бостандық», «теңдік» деген сияқты ешқандай жалған ұрандармен, ешқандай елестермен бізді алдай алмайсыздар. Егер еңбекті капиталдың езгісінен азат ету мүдделеріне қайшы келетін болса, біз бостандықты да, теңдікті де, еңбек демократиясын да мойындамаймыз». Біз мұны Совет конституциясына енгіздік және бұған бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының тілектестігін туғыздық. Жаңа тәртіп қандай қиыншылықпен туып жатса да, жеке Совет республикаларының үлесіне қандай ауыр сындар және тіпті жеңілістер тиіп отырса да, дүние жүзінде ешқандай күштің адамзатты кері шегіндіре алмайтынын олар біледі. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«БОСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ТЕҢДІК ҰРАНДАРЫМЕН ХАЛЫҚТЫ АЛДАУ ТУРАЛЫ» СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДІҢ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Мектептен тыс білім беру жөніндегі съезде 19 майда сөйлеген сөзімде мен талдаған мәселе, атап айтқанда, жалпы теңдік туралы және әсіресе жұмысшы мен шаруаның теңдігі туралы мәселе, күмән жоқ, осы заманның ең шұғыл және «көкейкесті» мәселелерінің бірі, ұсақ буржуаның, ұсақ қожайынсымақтың, ұсақ товар иесінің, әр түрлі тоғышарлардың және интеллигенцияның (оның ішінде меньшевик және эсер интеллигенцияның) оннан тоғызының барынша сүйекке сіңген соқыр сенімдерін қозғайтын мәселе болып табылады.

Жұмысшының шаруамен тең екендігін теріске шығарады! Тек ойлаңыздаршы, не деген сұмдық нәрсе! Әрине, капиталистердің барлық достары, олардың барлық құйыршықтары, ал ең алдымен меньшевиктер мен эсерлер шаруаны «шағыстыру», оны «өшіктіру», жұмысшыларға, коммунистерге айдап салу үшін бұған жармасуға тырысады. Бұл сияқты әрекеттер сөзсіз болады, бірақ өтірікке негізделгендіктен олардың масқара болып күйреуі қамтамасыз етілген.

Шаруалар—байыпты, іскер адамдар, практикалық өмір адамдары. Істі оларға практика жүзінде, күнделік тұрмыстағы қарапайым мысалдармен түсіндіру керек. Артық астығы бар шаруаның осы артық астықты, бағаның жалдаптық мөлшерге барынша шырқап көтерілуін күтіп, ашыққан жұмысшылармен санаспай, оны тығып қоюы әділетті ме? Немесе жұмысшылардың қолын-

дағы мемлекеттік өкіметтің барлық артық астықты жалдаптық бағамен емес, саудагерлік, тонаушылық бағамен емес, мемлекет белгілеген тұрақты бағамен алғаны әділетті ме?

Мәселе нақ осылай қойылып отыр. Істің бүкіл мәні осында. Меньшевиктер мен эсерлер сияқты, капиталистердің пайдасына, капиталистердің толық өктемдігінің қайта оралуы пайдасына жұмыс істейтін әр түрлі алдаушылар істің осы мәнінен «теңдік» туралы және «еңбек демократиясының бірлігі» туралы түрліше бос сөздермен «мылжыңдап құтылғысы» келеді.

Шаруа екінің бірін таңдауға тиіс:

не астықпен еркін сауда жасауды жақтауға тиіс,— мұның өзі астықпен жалдаптық жасауды жақтау деген сөз, мұның өзі байлардың пайда табу бостандығын жақтау, кедейлердің күйзеліп, ашығу бостандығын жақтау деген сөз, помещиктер мен капиталистердің толық өктемдігінің қайта оралуын жақтау, шаруалардың жұмысшылармен одағын бұзуды жақтау деген сөз;

немесе артық астықтың тұрақты бағамен мемлекетке, яғни біріккен жұмысшы өкіметіне берілуін жақтауға тиіс,—мұның өзі буржуазияны толық жою үшін, оның өкіметін қалпына келтірудің қандай да болсын мүмкіндігін жою үшін шаруалардың жұмысшылармен одағын жақтау деген сөз.

Қалау мәселесі осылай қойылып отыр.

Бай шаруалар, кулактар, біріншісін қалайды, жұмысшыларға қарсы, кедейлерге қарсы капиталистермен және помещиктермен одақтасып бақыттарын байқағысы келеді, бірақ Россияда мұндай шаруалар аз. Ал шаруалардың көпшілігі капиталистердің өкіметін қалпына келтіруге қарсы, «байдың пайда табу бостандығына» қарсы, «кедейдің ашығу бостандығына» қарсы, осы қарғыс атқан капиталистік «бостандықты» (аштан өлу бостандығын) «теңдік» туралы (артық астығы бар тоқ адамның аш адаммен теңдігі туралы) көпірме сөздермен алдап бүркеуге қарсы жұмысшылармен одақтасуды жақтайды.

Біздің міндетіміз—меньшевиктер мен эсерлер «бостандық» пен «теңдік» туралы даурықпа, думанды сөз-

сымақтармен бүркемелеп жүргізіп отырған капиталистік сұмпайы алдауға қарсы күресу.

Шаруалар! «Бостандық», «теңдік», «еңбек демократиясының бірлігі» туралы жылымшы әуенге басып, ал іс жүзінде осымен помещиктің шаруаларды езу «бостандығын», бай капиталистің жұмысшымен немесе жартылай аш шаруамен «теңдігін», артық астығын жасыратын тоқ адамның жұмысшымен, соғыстың елді күйзелтуі салдарынан туған ашаршылық пен жұмыссыздықтан азап шегіп отырған жұмысшымен «теңдігін» жақтайтын, қой терісін жамылған қасқырлардың бет пердесін жыртыңдар. Бұл сияқты қой терісін жамылған қасқырлар—еңбекшілердің ең қас жаулары, меньшевиктер, эсерлер немесе партияда жоқтар деп аталса да, олар іс жүзінде капиталистердің достары.

«Жұмысшы мен шаруа еңбеккерлер ретінде тең, бірақ астықпен сауда жасайтын қарны тоқ жалдап аш еңбеккерге тең емес». «Біз тек еңбек мүддесін қорғай отырып, еңбеккердің астығын алу үшін емес, жалдаптың астығын алу үшін күресеміз». «Біз орта шаруамен, еңбеккер шаруамен, келісім жасауға барамыз»—мен өзімнің сөзімде нақ осыларды айттым, істің *мәні* міне осында, «теңдік» туралы даурықпа сөздермен шатастырылған нағыз шындық міне осындай. Ал шаруалардың орасан көпшілігі мұның шындық екенін, *жұмысшы мемлекетінің* жалдаптар мен байларға қарсы күресіп жатқанын, еңбекшілер мен кедейлерге барынша көмектесіп отырғанын біледі,—ал *помещиктік мемлекет те* (патша тұсында), *капиталистік мемлекет те* (ең ерікті және демократиялық республика тұсында) әрқашан және барлық жерде, барлық елдерде *байлардың еңбеккерлерді тонауына көмектеседі, күйзеліске ұшырайтын кедейлердің есебінен жалдаптар мен байлардың пайда табуына көмектеседі.*

Бұл шындықты әрбір шаруа біледі. Сондықтан да шаруалардың көпшілігі неғұрлым саналы болса, соғұрлым тез және берік түрде өзінің таңдауын жасайды: жұмысшылармен одақтасуды жақтайды, помещиктік немесе капиталистік мемлекетке қарсы жұмысшы үкіметімен келісім жасауды жақтайды; «Құрылтай жина-

лысына» немесе «демократиялық республикаға» қарсы Совет өкіметін жақтайды; капиталистерді, меньшевиктер мен эсерлерді қолдауға қарсы большевик-коммунистермен келісім жасауды жақтайды!

* *
*

Ал «оқымысты» мырзаларға, демократтарға, социалистерге, социал-демократтарға, социалист-революционерлерге, т. с. біз: сөз жүзінде сіздердің бәріңіз де «тап күресін» мойындайсыздар, ал іс жүзінде нақ бұл күрес әсіресе шиеленіскен кезде оны ұмытасыздар дейміз. Ал оны ұмыту—еңбекшілерге қарсы капиталдың жағына, буржуазияның жағына шығу деген сөз.

Кімде-кім тап күресін мойындаса, ол мынаны мойындауға тиіс: буржуазиялық республикада, тіпті ең ерікті және ең демократиялық республика болса да, «бостандық» пен «теңдік» *товар иелерінің* теңдігі мен бостандығының, *капитал* теңдігі мен бостандығының көрінісінен басқа еш нәрсе бола алмаған және еш уақытта болған да емес. Маркс мұны өзінің барлық шығармаларында және әсіресе (сіздердің бәріңіз де *сөз жүзінде* мойындайтын) өзінің «Капиталында» мың мәрте түсіндірген болатын, «бостандық пен теңдікті» абстрактылы түсінуді, мұны көрмейтін арамза Бентамдарды келеке етіп күлген болатын, бұл абстракциялардың материалдық тамырларын ашып көрсеткен болатын.

Буржуазиялық құрылыста (яғни жер мен өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болып отырған уақытта) және буржуазиялық демократияда «бостандық пен теңдік» тек формальды түрде қала береді, іс жүзінде жұмысшылардың (формальды түрде ерікті, формальды түрде тең праволы) *жалдама құлдығы және капиталдың толық өктемдігі,* капиталдың еңбекті езуі болып табылады. Бұл—социализмнің әліппесі, «оқымысты» мырзалар,—ал сіздер бұл әліппені ұмытқансыздар.

Бұл әліппеден шығатын қорытынды мынау: пролетарлық революция уақытында, тап күресі шиеленісін, азамат соғысы дәрежесіне жеткен кезде, тек ақымақтар мен сатқындар ғана «бостандық», «теңдік», «еңбек де-

мократиясының бірлігі» туралы бос сөздермен құтыла алады. Іс жүзінде бәрін пролетариаттың буржуазиямен күресінің нәтижесі шешеді, ал аралық, орта таптар (оның ішінде бүкіл ұсақ буржуазия, демек, барлық «шаруалар» да) осы екі лагерьдің арасында сөзсіз ауытқиды.

Әңгіме осы аралық топтардың басты күштердің біріне, пролетариатқа немесе буржуазияға қосылуы жөнінде болып отыр. Басқа еш нәрсе *болуы мүмкін емес:* кімде-кім Маркстің «Капиталын» оқи отырып, мұны түсінбесе, ол адам Маркстен түк түсінбеген, социализмнен түк түсінбеген, ол адам іс жүзінде буржуазияның соңынан көзін жұмып сүйретілген филистер және мещан. Ал кімде-кім мұны түсінсе, ол адам «бостандық» пен «теңдік» туралы бос сөздермен өзін алдауға жол бермейді, ол адам *іс туралы* ойлайды және сөз етеді, яғни шаруалардың жұмысшылармен *жақындасуының,* олардың капиталистерге қарсы *одағының,* олардың қанаушыларға, байларға және жалдаптарға қарсы *келісімінің* нақты жағдайлары туралы ойлайды және сөз етеді.

Пролетариат диктатурасы—тап күресінің аяқталуы емес, қайта оның жаңа формалардағы жалғасы. Пролетариат диктатурасы—жеңген және саяси өкіметті өз қолына алған пролетариаттың буржуазияға, жеңілген, бірақ жойылмаған, құрып бітпеген, қарсылық жасауын қоймаған, қайта өзінің қарсылығын күшейте түскен буржуазияға қарсы тап күресі. Пролетариат диктатурасы—еңбекшілердің авангарды болып табылатын пролетариат пен еңбекшілердің көптеген пролетарлық емес топтары (ұсақ буржуазия, ұсақ қожайынсымақтар, шаруалар, интеллигенция, т. т.), немесе олардың көпшілігі арасындағы таптық одақтың, капиталға қарсы одақтың, капиталды толық құлату, буржуазияның қарсылығын және оның тарапынан болып отырған реставрация жасау әрекеттерін толық басып-жаншу мақсатында жасалған одақтың, социализмді түпкілікті орнату және нығайту мақсатында жасалған одақтың ерекше формасы болып табылады. Бұл — ерекше бір жағдайда, атап айтқанда, жанталасқан азамат соғысы жағдайында қалыптаса бастаған ерекше түрдегі одақ,

бұл — социализмнің берік жақтаушыларының оның әуытқымалы одақтастарымен, кейде «бейтараптармен» (онда одақ күрес жөніндегі келісімнен бейтараптық жөніндегі келісімге айналады) одағы, экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани жағынан бірдей емес таптар арасындағы одақ. Бұл одақтың нақты формаларын, жағдайларын, міндеттерін зерттеуден «бостандық», «теңдік», «еңбек демократиясының бірлігі» туралы жалпы сөздер арқылы, яғни товар шаруашылығы заманының идеялық қорының үзіктері арқылы тек шірік «берндік» Интернационалдың немесе сатқын Интернационалдың Каутский, Мартов және K^0 сияқты шірік сабаздары ғана құтыла алады.

Н. Ленин

23 июнь, 1919 жыл.

1919 ж. мына кітапта басылған: Н. Ленин. «Мектептен тыс білім беру жөніндегі Бүкіл россиялық 1-съезде сөйленген екі сөз (6—19 май, 1919 жыл)». М.

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

УКРАИНА ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА

Киев. Раковскийге

Көшірмелері: Антоновқа, Подвойскийге, Каменевке. Иоффеге

Партияның Орталық Комитеті Донбасс пен Манычтағы қысылшаң, апатқа жуық жағдайды талқылап, Киев қорғаныс советіне мыналарды іждағаттап ұсынады: Донбассқа әскери көмекті тездету үшін және күшейту үшін барлық күш салынсын, мұның орындалуын күн сайын мұқият қадағалап отыру үшін бірсыпыра таңдаулы жолдастар тағайындалсын, әсіресе Оңтүстік майданға көмекке жіберу үшін Одессаның, Екатеринославтың, Николаевтың, Харьковтың және Севастопольдің жұмысшылары дереу және тегіс мобилизацияландсын, ақырында, Махно тобы үшін Подвойскийдің және Антоновтың тікелей жауапкершілігі белгіленсін. Ростов тез алынбаса, революцияның апат болуы сөзсіз екендігін түсініңіздер.

Орталық Комитет атынан

Ленин[84]

1919 ж. 8 майда жазылған

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ГЕРМАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ЖӘНЕ ӨЗГЕНІҢ ЕҢБЕГІН ҚАНАМАЙТЫН ШАРУАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮНДЕУ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША[85]

Бүкіл дүние жүзінде пролетарлардың Совет өкіметіне тілектестігі өсуде, олардың тіпті ең демократиялық республикадағы буржуазиялық парламентаризм де емес, тек Совет өкіметі, еңбекшілердің өз өкіметі ғана еңбекті капитал езгісінен, халықтарды жауласу мен соғысудан, адамзатты құтырынған империализмнің зорлық-зомбылығынан босата алады деген сенімі өсуде.

Бұл сенім қайткен күнде де өзіне жол ашады. Буржуазиямен байланысты үзбейінше және оны жеңбейінше, оның өкіметін құлатпайынша, қанаушылардың қарсылығын аяусыз басып-жаныштпайынша империализм мен соғыстардан құтылуға болмайтындығына барлық елдер жұмысшыларының барған сайын көздері жетуде. Мұны тек өз елінен ғана бастауға болады. Егер орыс советтік системасы бүкіл дүние жүзінің жұмысшы бұқарасынан тілектестік тауып отырса, егер қанаушылардан және олардың малайларынан басқалардың бәрі құтылу жолы енді тек Совет өкіметінде ғана деп отырса, онда біздер, орыс жұмысшылары мен шаруалары, бұл сенімге өз буржуазиямыздан байланысты үзудің, оны құлатудың, оның қарсылығын басып-жаншудың, меньшевиктер мен эсерлер сияқты сатқындық социализмнің империалистік буржуазиямен, Керенскиймен, т. с. тікелей де, жанамалай да одақ жасасқан көсемдерін еңбекшілердің арасынан масқаралап қуып шығудың арқасында ие болдық.

Әзірге неміс жұмысшылары социализмнің жаңағылар сияқты сатқындарының, буржуазияның жексұрындары мен малайларының, Шейдемандардың және олардың бүкіл партиясының өкімет басында болуына төзіп отырған кезде неміс халқының құтқарылуы туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бұлайша төзіп отырған кезде неміс халқы — қандай «социалистік» жел сөздер айтылса да, алуан түрлі «демократиялық» және «республикалық» әшекейлер жасалса да — іс жүзінде буржуазияның құлы және оның қылмыстарына *қатысушы* болып қала береді,— олар дәл «берндік», сатқын Интернационалда болып отырған, Антантаның айуандығына екіжүзділік ізгі ниетпен, мағынасыз әдемі сөздермен немесе Вильсонға қошемет көрсетумен, т. с. жауап беріп отырған Антанта «социалистері» сияқты болады, өйткені бұлар социализм опасыздары, жексұрындар және француз, ағылшын, американ буржуазиясының айуандықтары мен қылмыстарына қатысушылар болып отыр.

Неміс жұмысшыларының социализм сатқындарынан, Шейдемандардан және олардың партиясынан ажырасуы сөзсіз. Күні кеше Шейдемандарға тәуелді болған, ал бүгін Советтердің толық өкіметі жағына батыл шығудан өздерінің қорқатындығына тәуелді болып отырған «тәуелсіздер» деп аталатындардың болбырлығына, шалағайлығына, идеясыздығына, тұрлаусыздығына байланысты олардан неміс жұмысшыларының ажырасуы сөзсіз. Буржуазия жүздеген көсемдерді және мыңдаған жұмысшыларды жоя алуы мүмкін, бірақ бұл ажырасуға бөгет жасауға оның дәрмені жоқ.

1919 ж. 11 майда жазылған

Бірінші рет 1949 ж. «Большевик» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МАМАНДАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ ТУРАЛЫ

ҚАУЛЫНЫҢ ЖОБАСЫ

23 май, 1919 ж.

Халық Комиссарлары Советінің Комиссиясы 23 V. 1919 ж. мәжілісте қабылдаған шешімдер:

1. 3000 сомнан жоғары ақыны әрбір Комиссариаттың коллегиясы тағайындайды, сөйтіп еңбек және мемлекеттік бақылау халық комиссарларына хабарлай отырып, Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне береді.

2. Әрбір Халық комиссариаты айына 3000 сомнан жоғары алатын барлық қызметшілердің тізімін бір апталық мерзім ішінде тапсыруға міндеттенеді.

3. Әрбір Халық комиссариаты 3000 сомнан жоғары төлеу қажет болатын аса ірі мамандар мен аса көрнекті ұйымдастырушылардың тізімін бір апталық мерзім ішінде тапсыруға міндеттенеді.

Әрбір Комиссариаттың коллегиясы әрбір адам жөнінде мыналарды мәлімдеуі керек: 1) бұл адамның пәлендей бір салада ең ірі маман екендігіне кепілдік беруге тиіс; 2) ол адамның дәл қандай аса көрнекті ұйымдастырушылық жұмыс орындап отырғанына немесе орындай алатынына кепілдік беруге тиіс.

4. 15 июньде жалақысын Халық Комиссарлары Советі бекіткен адамдар ғана норма бойынша 3000 сом және одан жоғары жалақы алады.

5. Халық Комиссарлары Советінің айлық ақыларды бекіту мерзімі айлық ақы бекітуге тапсырылған күннен бастап бір аптадан аспайтын болып белгіленеді.

6. Баяндамашылар Ленин мен Красин.

7. Аванесов аса ірі маман еместерге де 3000 сомнан жоғары ақы төлеу жөніндегі тезистерді немесе принциптерді Халық Комиссарлары Советіне ертең, 24 майда, тапсыруға міндеттенеді.

Машинкада *6—7* дана етіп көшіріп басуды өтінемін.

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ӘСКЕРИ ОҚУ МЕЙРАМЫНДА 1919 ж. 25 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[86]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Бүгін біз еңбекшілердің жалпыға бірдей әскери оқу күнін мейрамдап отырмыз.

Осы уақытқа дейін әскери іс капиталистер мен помещиктер табының пролетариатты қанау құралдарының бірі болды, бүкіл Европада осы уақытқа дейін де капиталистердің өкіметі буржуазиялық офицерлер басшылық етіп отырған ескі армияның қалдығына сүйенеді. Бірақ жұмысшылар өз қолдарына винтовка алғанда, олар пролетариаттың өзінің орасан зор армиясын құра бастағанда, не үшін соғысатынын білетін, жұмысшылар мен шаруаларды, фабрикалар мен заводтарды қорғайтынын білетін, помещиктер мен капиталистердің өз өкіметін қалпына келтіруіне мүмкіндік бермеу үшін соғысатынын білетін солдаттарды тәрбиелей бастағанда, буржуазияның осы ең мықты тірегі құлайды.

Бүгінгі мейрам біздің қандай табыстарға жеткенімізді, жұмысшы табының арасында қандай жаңа күштің өсіп отырғанын көрсетеді. Бұл парадты көргенімізде, Совет өкіметі барлық елдер жұмысшыларының тілектестігіне ие болып отырғандығына, халықаралық соғыстың орнына халықаралық Советтік республикалардың туысқандық одағы орнайтындығына біздің сеніміміз күшейе түседі.

Мен сіздерге венгр жолдасты, Венгр Совет республикасының әскери істер жөніндегі комиссары Тибор Самуэлиді таныстырамын.

Венгр пролетариаты жасасын!

Интернационалдық коммунистік революция жасасын!

«Известия ВЦИК» № 113, 27 май, 1919 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ВЕНГР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА СӘЛЕМ

Жолдастар! Венгр совет қайраткерлерінен алынып отырған хабарлар бізді сүйсіндіріп, қуантады. Венгрияда Совет өкіметінің өмір сүре бастағанына не бары екі айдан аз-ақ астам уақыт өтті, ал ұйымшылдық жағынан венгр пролетариаты, сірә, қазірдің өзінде-ақ бізді басып озған тәрізді. Бұл түсінікті де, өйткені Венгрияда халықтың жалпы мәдени дәрежесі жоғары, содан соң бүкіл халық ішінде өнеркәсіп жұмысшыларының арасалмағы да анағұрлым жоғары (қазіргі Венгрияның 8 миллион халқының ішінде Будапешт халқы 3 миллион), ақырында, Венгрияда совет құрылысына, пролетариат диктатурасына көшу де анағұрлым оңай және бейбіт болды.

Осы соңғы жағдай әсіресе маңызды. Европадағы социалистік көсемдердің көпшілігі, социал-шовинистік бағыттағысының да, каутскийшілдік бағыттағысының да, ондаған жылдар бойы біршама «бейбіт» капитализм және буржуазиялық парламентаризм жағдайында қалыптасқан барып тұрған мещандық соқыр сенімдерге белшесінен батқаны соншалық, олар Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасын тіпті түсіне де алмайды. Бұл көсемдерді өздерінің жолынан ысырып тастамайынша, оларды аластамайынша, пролетариат өзінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи азаттық міндетін орындай алмайды. Бұл адамдар Россиядағы Совет өкіметі жөніндегі буржуазиялық өтірікке толық немесе жартылай иланды, сондықтан да Совет өкіметінде жүзеге асқан жаңа демократияның, пролетарлық демократияның, еңбекшілерге арналған демократияның, социалистік демократияның мәнін бур-

жуазиялық демократияның мәнінен айыра білмеді, бұл буржуазиялық демократияны олар «таза демократия» немесе жалпы «демократия» деп атап, оған құлша бас иеді.

Буржуазиялық соқыр сенімдер топастандырған бұл көрсоқыр адамдар буржуазиялық демократиядан пролетарлық демократияға, буржуазиялық диктатурадан пролетарлық диктатураға қарай жасалған бүкіл дүние жүзілік-тарихи бетбұрысты түсінбеді. Орыс Совет өкіметінің, оның дамуы жөніндегі орыс тарихының белгілі бір ерекшелігін олар халықаралық мағынадағы Совет өкіметімен шатастырды.

Венгр пролетарлық революциясы тіпті көрсоқырлардың да көзін ашуына көмектеседі. Венгрияда пролетариат диктатурасына өту формасы Россиядағыдан мүлдем басқаша: онда буржуазиялық үкімет ерікті түрде отставкаға кетті, *коммунистік программа негізінде* жұмысшы табының бірлігі, социализмнің бірлігі бірден қалпына келтірілді. Совет өкіметінің мәні енді барған сайын айқындала түседі: енді еңбекшілерді бастаған пролетариат пен еңбекшілер қолдаған өкіметтің дүние жүзінің ешбір жерінде Совет өкіметінен басқа, пролетариат диктатурасынан басқа түрде болуы мүмкін емес.

Бұл диктатура қанаушылардың, капиталистердің, помещиктердің және олардың құйыршықтарының қарсылығын басып-жаншу үшін аяусыз қатал, жедел және батыл түрде күштеуді керек етеді. Мұны түсінбеген адам революционер емес, ондай адамды пролетариаттың көсемдері немесе кеңесшілері қызметінен алу керек.

Бірақ пролетарлық диктатураның мәні тек бір ғана күш қолдануда емес және ең бастысы күш қолдану емес. Оның басты мәні еңбекшілердің алдыңғы қатарлы отряды, олардың авангарды, олардың бірден-бір басшысы — пролетариаттың ұйымшылдығы мен тәртіптілігінде. Оның мақсаты — социализм орнату, қоғамның таптарға бөлінуін жою, қоғамның барлық мүшелерін еңбекші ету, адамды адамның қанауы атаулының негізін жою. Бұл мақсатты бірден жүзеге асыруға болмайды, бұл мақсат капитализмнен социализмге өтудің едәуір ұзақ дәуірін талап етеді, ал оның себебі: өндірісті қайта

құру қиын нәрсе, оның себебі: өмірдің барлық саласында түбегейлі өзгеріс жасау үшін уақыт керек, оның себебі: ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық шаруашылық жүргізу дағдысының орасан зор күші тек ұзақ, табанды күресте ғана жойыла алады. Сондықтан да Маркс капитализмнен социализмге өту дәуірі дегеніміз пролетариат диктатурасының тұтас бір дәуірі болып табылады деп айтқан болатын[87].

Бүкіл осы өтпелі уақыт бойында төңкеріске капиталистер де, сондай-ақ олардың буржуазиялық интеллигенциядан шыққан толып жатқан сыбайластары да қарсылық көрсетеді, бұлар саналы түрде қарсылық көрсетеді және ұсақ буржуазиялық дағдылар мен дәстүрлердің әсерінен тым артта қалған еңбекшілердің орасан зор бұқарасы, оның ішінде шаруалар да қарсылық көрсетеді, бірақ бұлар көбінесе санасыз түрде қарсылық көрсетеді. Бұл топтардың ішінде ауытқу сөзсіз болады. Шаруа, еңбеккер ретінде, социализмге қарай бой ұрады, жұмысшылар диктатурасын буржуазия диктатурасынан артық көреді. Шаруа, астық сатушы ретінде, буржуазияға қарай, еркін саудаға қарай бой ұрады, яғни кейін қарай,— «дағдылы», ескі, «ежелгі» капитализмге қарай тартады.

Пролетариат шаруаларды және жалпы алғанда барлық ұсақ буржуазиялық топтарды *өзінің соңынан ерте* алуы үшін пролетариат диктатурасы, бір таптың өкіметі керек, оның ұйымшылдығы мен тәртіптілігінің күші, оның капитализмдегі мәдениеттің, ғылымның, техниканың барлық жеңістеріне сүйенетін орталықтанған қуаты керек, әрбір еңбекшінің психологиясына оның пролетарлық жақындығы керек, бытыраңқы, жетілуі кем және деревнядағы немесе ұсақ өндірістегі саясат жағынан тұрлаусыздау еңбекші адамның алдында оның беделі болу керек. Бұл арада жалпы «демократия» туралы, «бірлік» туралы немесе «еңбек демократиясының бірлігі» туралы, барлық «еңбек адамдарының» «теңдігі» туралы, тағысын-тағылар және тағы сондайлар туралы сөзуарлықпен,— мещанданған социал-шовинистер және каутскийшілдер соншалық бейім осы сөзуарлықпен іске көмектесе алмайсың. Сөзуарлық тек көзге шел қаптатады, сананы топастандырады, капитализмнің, парламен-

таризмнің, буржуазиялық демократияның ескі топастығын, сүлесоқтығын, кертартпалығын нығайтады.

Таптарды жою — ұзақ, қиын, табанды *тап күресінің* ісі, бұл күрес капитал өкіметін құлатқаннан *кейін,* буржуазиялық мемлекетті күйреткеннен *кейін,* пролетариат диктатурасын орнатқаннан *кейін жойылып кетпейді* (ескі социализм мен ескі социал-демократия көргенсіздердің түсінгені сияқты), тек өзінің формаларын өзгертеді, көптеген жағдайларда бұрынғыдан бетер шиеленісе түседі.

Буржуазияның қарсыласуына қарсы, ұсақ буржуазияның сүлесоқтығына, кертартпалығына, тартыншақтығына, ауытқуына қарсы тап күресі арқылы пролетариат өзінің өкіметін қорғап қалуға, өзінің ұйымдастырушылық ықпалын күшейтуге тиіс, буржуазиядан алыстап кетуге қорқатын және пролетариаттың соңынан тым селқос еретін топтарды «бейтараптандыруға» жетуге тиіс, жаңа тәртіпті, еңбекшілердің жолдастық тәртібін, олардың пролетариатпен берік байланысын, олардың пролетариаттың төңірегіне бірігуін нығайтуға тиіс, орта ғасырлардағы крепостниктік тәртіптің орнына, капитализм тұсындағы ашаршылық тәртібінің, «ерікті»-жалдама құлдық тәртібінің орнына осы жаңа тәртіпті, қоғамдық байланыстың жаңа негізін нығайтуға тиіс.

Таптарды жою үшін езілген таптардың ішінен қанаушыларды құлатуға ғана, олардың қарсылығын аяусыз басып-жаншуға ғана қабілетті болып қоймай, сондай-ақ бүкіл буржуазиялық-демократиялық идеологиямен, жалпы бостандық пен теңдік жөніндегі бүкіл мещандық сөзуарлықпен идеялық жағынан ат құйрығын кесуге де қабілетті бір таптың диктатурасы дәуірі керек (Маркстің баяғыда көрсетіп бергеніндей, бұл сөзуарлық іс жүзінде *товар иелерінің* «бостандығы мен теңдігі», *капиталист пен жұмысшының* «бостандығы мен теңдігі» деген сөз болып шығады).

Ол ол ма. Езілген таптардың ішінен капиталға қарсы стачкалық және саяси күрестің ондаған жылдары бойында үйренген, біріккен, тәрбиеленген, шыныққан тап қана,— бүкіл қалалық, өнеркәсіптік, ірі капиталистік мәдениетті игерген, оны қорғап қалуға, оның барлық

жеңістерін сақтауға және одан әрі дамытуға, оларды бүкіл халықтың, күллі еңбекшілердің қолы жететіндей етуге батылдығы мен қабілеті бар тап қана,— өткендегіден байланысты үзіп, жаңа болашаққа қарай өзіне батыл жол салатын тапқа тарих сөзсіз жүктейтін барлық ауыртпалыққа, сынаққа, қиыншылыққа, ұлы құрбандыққа шыдай білетін тап қана,— таңдаулы адамдары күллі мещандық пен филистерлік атаулыны, ұсақ буржуазия арасында, ұсақ қызметшілер арасында, «интеллигенция» арасында соншалық етек алып отырған осы оңбаған нәрселерді мейлінше жек көріп, оларға жиіркене қарайтын тап қана,— «еңбектің шынықтыратын мектебін жасап көрген» және өзінің еңбекке қабілеттілігіне әрбір еңбекшінің, әрбір адал адамның құрметпен қарау сезімін туғыза алатын тап қана өзінің диктатурасы арқылы таптарды жоюға қабілетті.

Жолдастар, венгр жұмысшылары! Нағыз пролетарлық диктатура платформасы негізінде барлық социалистерді бірден-ақ біріктіріп, сіздер дүние жүзіне Советтік Россиядан да жақсырақ үлгіні бердіңіздер. Сіздердің алдарыңызда енді Антантаға қарсы ауыр соғыста табандылық көрсету міндеті, ең ардақты және ең қиын міндет тұр. Берік болыңыздар. Егер күні кеше сіздерге, пролетариат диктатурасына, қосылған социалистердің арасында немесе ұсақ буржуазия арасында ауытқу біліністін болса, оны аяусыз басып-жаныштаңыздар. Соғыста қорқақтық көрсеткеннің әділ жазасы—ату.

Сіздер бірден-бір заңды, әділетті, нағыз революциялық соғысты, езілгендердің езушілерге қарсы соғысын, еңбекшілердің қанаушыларға қарсы соғысын, социализмнің жеңуі жолындағы соғысты жүргізіп жатырсыздар. Бүкіл дүние жүзінде жұмысшы табында бар адалдық атаулының бәрі сіздердің жақтарыңызда. Дүние жүзілік пролетарлық революция ай сайын жақындап келеді.

Берік болыңыздар! Сіздер жеңесіздер!

Ленин

27. V. 1919.

«Правда», № 115, 29 май, 1919 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

БЕРНДІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ САБАЗДАРЫ

«Үшінші Интернационал және оның тарихта алатын орны» деген мақалада* («Коммунистический Интернационал»[88] № 1, 1. V. 1919, орысша басылуының 38-беті) мен ескі, шірік «берндік» Интернационал өкілдерінің идеялық күйреуінің ерекше көріністерінің бірін көрсеткенмін. Пролетариат диктатурасын түсінбейтін, реакциялық социализм теоретиктерінің бұл күйреуі герман «тәуелсіз» социал-демократтарының буржуазиялық парламентті Совет өкіметімен ұштастыру, біріктіру, сәйкестендіру жөніндегі ұсынысынан байқалды.

Ескі Интернационалдың ең көрнекті теоретиктері, Каутский, Гильфердинг, Отто Бауэр және К°, буржуазия диктатурасы мен пролетариат диктатурасын сәйкестендіруді ұсынып отырғандарын түсінбеген! Тап күресін уағыздау, оның қажеттігін түсіндіру арқылы атағын шығарған және жұмысшылардың тілектестігіне ие болған адамдар—социализм жолындағы күрестің нағыз шешуші кезеңінде—буржуазия диктатурасын пролетариат диктатурасымен сәйкестендіруге әрекет жасап, тап күресі жөніндегі бүкіл ілімді түгелдей ысырып тастап отырғанын, одан түгелдей безіп, іс жүзінде буржуазия лагеріне өтіп кеткенін түсінбеген. Мұның өзі ақылға сыймайтын нәрсе секілді, бірақ бұл—факт.

Сирек кездесетін ерекше жағдай ретінде, қазіргі күнде Москвада, біздің, жеке номерлер болса да, едәуір

* Қараңыз: осы том, 332—341-беттер. *Ред.*

шетел газеттерін алуға қолымыз жетті, сондықтан осы заманның ең басты, теориялық және практикалық мәселесінде «тәуелсіз» мырзалардың ауытқуларының тарихын,— әрине, мүлдем толық емес тарихын,— біраз егжей-тегжейлі еске түсіруге мүмкіндік туып отыр. Бұл — диктатураның *(пролетариат диктатурасының)* демократияға *(буржуазиялық демократияға)* немесе Совет өкіметінің буржуазиялық парламентаризмге көзқарасы туралы мәселе.

Каутский мырза «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасында (Wien. 1918) былай деп жазды: «совет ұйымы заманымыздың ең маңызды құбылыстарының бірі болып табылады. Капитал мен еңбек арасындағы батыл ұлы шайқастарда оның шешуші маңызы болмақ, біз соған жақындап келеміз» (Каутский кітапшасының 33-беті). Ол бұған: большевиктер Советтерді «бір *таптың жауынгер ұйымынан» «мемлекеттік ұйымға»* айналдырды, сөйтіп «демократияны жойып», қате жасады дегенді қоса айтты (бұл да сонда).

«Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапшамда (Петроград және Москва. 1918) мен Каутскийдің бұл пайымдауын толық талдаған және бұл пайымдауда марксизмнің мемлекет туралы ілімінің ең басты негіздерінің толық ұмытылғандығын көрсеткен болатынмын*. Өйткені мемлекет (мемлекет атаулының бәрі, оның ішінде ең демократиялық республика да) бір таптың екінші тапты басып-жаншуына арналған машина болып табылады, одан басқа еш нәрсе емес. Советтерді *таптың* жауынгер ұйымы деп атау және олардың «мемлекеттік ұйымға» айналу правосын теріске шығару—*іс жүзінде* социализмнің әліппесінен безу деген сөз, *пролетариатты басып-жаншуға арналған буржуазиялық машинаның (яғни* буржуазиялық-демократиялық республиканың, буржуазиялық мемлекеттің) мызғымайтындығын жариялау немесе қорғау деген сөз, іс жүзінде буржуазия лагеріне өту деген сөз.

Каутский позициясы сөлекеттігінің көзге ұрып тұрғандығы соншалық, Совет өкіметін талап етіп отырған

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 253—366-беттер. *Ред.*

жұмысшы бұқарасы тегеурінінің күштілігі соншалық, тіпті Каутский мен каутскийшілдердің масқара болып кері шегінуіне, шатасуына тура келді, өйткені олар қатесін адал мойындауға дәрменсіз болып шықты.

1919 жылы 9 февральда Германияның «тәуелсіз» (марксизмге тәуелсіз, бірақ ұсақ буржуазиялық демократияға әбден тәуелді) социал-демократтарының органы «Бостандық» («Freiheit») газетінде Гильфердинг мырзаның мақаласы жарық көрді, ол мұнда *қазірдің өзінде-ақ* Советтерді мемлекеттік ұйымдарға айналдыруды, бірақ буржуазиялық парламентпен, «Ұлттық жиналыспен» *қатар*, онымен бірге болатын ұйымдарға айналдыруды талап етеді. 1919 жылы 11 февральда Германия пролетариатына арнаған үндеу хатында *бүкіл* «тәуелсіз» партия (демек, 1918 жылдың күзінде өзінің жасаған мәлімдемесіне қарсы шығып отырған Каутский мырза да) осы ұранды қабылдайды.

Буржуазия диктатурасын пролетариат диктатурасымен сәйкестендіру жолындағы бұл әрекет марксизмнен де, жалпы алғанда социализмнен де толық безу болып табылады, 1917 жылдың 6 майынан 1917 жылдың 25 октябріне (ескіше) дейін Советтерді «мемлекеттік ұйым» ретінде *буржуазиялық* мемлекеттікпен ұштастыру «тәжірибесін» жасап көріп, осының нәтижесінде масқара болып күйреген орыс меньшевиктерінің және «социалист-революционерлерінің» тәжірибесін ұмыту болып табылады.

«Тәуелсіздердің» партия съезінде (1919 жылы марттың басында) бүкіл партия Советтерді буржуазиялық парламентаризммен асқан даналықпен біріктірудің осы позициясына көшті. Ал «Бостандықтың» 1919 жылғы 13 апрельдегі 178-номерінде («Қосымша») «тәуелсіздердің» фракциясы Советтердің II съезінде мынадай қарар ұсынғаны хабарланған:

«Советтердің екінші съезі совет системасының негізіне көшеді. Осыған сәйкес Германияның саяси және шаруашылық құрылысы Советтер ұйымына негізделуге тиіс. Жұмысшы депутаттарының Советтері саяси және шаруашылық өмірдің барлық салаларында еңбекші халықтың міндет жүктелген өкілдігі болып табылады».

Ал осымен қатар нақ сол фракция съезге «директивалар» жобасын (Richtlinien) ұсынды, одан мынаны оқимыз:

«Бүкіл саяси өкімет Советтер съезінде болады... Өзгенің жұмыс күшін қанамай, қоғамға қажет және пайдалы жұмыс атқаратындар, жыныс айырмашылығына қарамастан, Советтерге сайлауға және сайлануға праволы...».

Демек, біз «тәуелсіз» көсемдердің пролетариаттың ең артта қалған бөлегінің филистерлік соқыр сенімдеріне бүтіндей тәуелді бейшара мещандар болып шыққанын көріп отырмыз. Бұл көсемдер 1918 жылдың күзінде Советтерді мемлекеттік ұйымдарға айналдыру дегеннің бәрінен безді; мұны олар Каутскийге айтқызды. 1919 жылдың мартында олар жұмысшы бұқарасының соңынан сүйретіліп, бұл позициясын тастады. Ал 1919 жылдың апрелінде олар өз съезінің шешімін төңкеріп тастап, бүтіндей коммунистердің позициясына көшіп: «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» дейді.

Мұндай көсемдердің құны арзан болар. Пролетариаттың авангардының алдында емес, кейін жүретін ең артта қалған бөлегінің пиғылын білдіру үшін көсемдердің керегі жоқ. Осындай тұрлаусыздықпен өз ұрандарын өзгерте беретін көсемдер түкке тұрмайды. Оларға сенуге болмайды. Жұмысшы қозғалысында олар *әрқашан* құр сүлде, керексіз жүк болады.

Олардың ішіндегі неғұрлым «солшыл» Деймиг (Däumig) дейтін бір мырза партияның съезінде (қараңыз: «Бостандықтың» 9 марттағы номері) былай деп пайымдаған:

«...Деймиг коммунистердің «Бүкіл өкімет жұмысшы депутаттарының Советтеріне берілсін» деген талабынан мені еш нәрсе бөліп тұрған жоқ дейді. Бірақ ол коммунистер партиясының практика жүзінде жүргізіп отырған путчизміне қарсы және бұқараны тәрбиелеудің орнына осы бұқара жөнінде олар қолданып отырған византинизмге қарсы шығуға тиіс. Путчистік, бытыраңқы әрекет алға бастыра алмайды...».

Бұдан 50 жыл бұрын Россияда ескі революционерлердің «бүліктер», «бүлікшілдік» деп атағандарын, ұсақ

заговорлар, кісі өлтіру, көтерілістер, т. с. жасауды немістер путчизм деп атайды.

Деймиг мырза коммунистерді «путчизм» жөнінде айыптай отырып, мұнысымен тек өзінің «византинизмін», ұсақ буржуазияның филистерлік соқыр сенімдеріне өзінің малайлықпен қызмет ететіндігін ғана дәлелдейді. *Бұқаралық революциялық қозғалысты түсінбей,* бұқара алдында қорқақтық жасап «сәнге айналған» ұранды қайталайтын бұл сияқты мырзаның «солшылдығы» көк тиынға да татымайды.

Германияда стихиялық стачкалық қозғалыстың күшті толқыны болып жатыр. Пролетарлық күрестің көз көріп, құлақ естімеген өрлеуі мен өсуі, сірә, Россияда 1905 жылы болғандағыдан да асып түсетін болар, ал ол кезде Россияда стачкалық қозғалыс дүние жүзінде әлі болып көрмеген жоғары дәрежеге жеткен болатын. Осындай қозғалыс болып отырғанда, «бүлікшілдік» туралы айту—барып тұрған арсыз және филистерлік соқыр сенімдердің малайы болу деген сөз.

Деймиг бастаған филистер мырзалар, сірә, мынадай революцияны (егер олардың бастарында жалпы алғанда революция жөнінде қандай да бір идея болса), бұқара *бірден* және *әбден ұйымшылдықпен* көтерілетін революцияны арман ететін болар.

Ондай революциялар болмайды және болуы да мүмкін емес. Егер капитализм миллиондаған еңбекшілер бұқарасын, олардың орасан көпшілігін езгіде, қорлықта, мұқтаждықта, қараңғылықта ұстамаған болса, ол капитализм де болмас еді. Капитализмді бұрын тыныш жатқан бұқараны күрестің барысында көтеретін революция арқылы құлатпаса, басқаша құлатуға болмайды. Революцияның өрістеуі кезінде стихиялық дүмпулер болмай қалмайды. Бірде-бір революция мұнсыз болған емес және болуы да мүмкін емес.

Коммунистер стихиялылыққа жол береді дегенге келсек, бұл—Деймиг мырзаның өтірігі, біз меньшевиктер мен эсерлерден нақ сондай сан рет естіген сорттағы өтірік. Коммунистер стихиялылыққа жол *бермейді,* бытыраңқы бүліктерді жақтай *алмайды.* Коммунистер бұқараны ұйымдасқан, тұтас, біраүызды, уақтылы, пісіп

жетілген аттанысқа үйретеді. Деймиг, Каутский және К° мырзалардың филистерлік жалалары бұл фактіні теріске шығара алмайды.

Бірақ филистерлер мыналарды түсіне алмайды: коммунистер мещандықтың тысқары тұратын және қорқақтықтан аңысын аңдап жүретін сабаздарымен емес, езілгендердің *күресіп жатқан бұқарасымен бірге болуды* өздерінің борышы деп санайды және олардың мұнысы әбден дұрыс та. Бұқара күрескенде, бұл күресте қателер болмай қалмайды: коммунистер бұл қателерді көріп, оларды бұқараға түсіндіріп, қателердің түзетілуіне күш салып, саналылықтың стихиялылықты жеңіп шығуын үнемі қорғай отырып, *бұқарамен бірге болады.* Тысқары тұрып «толық жеңісті» күтетін интеллигентсымақтармен, филистерлермен, каутскийшілдермен біргс болудан гөрі, күресіп жатқан және күрестің барысында қателерден бірте-бірте арылатын бұқарамен бірге болған жақсы,— ақиқат міне осындай, мұны Деймиг мырзалар түсіне алмайды.

Түсінбесе өз обалдары өздеріне. Олар қазірдің өзінде ақ бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның тарихына қорқақ мещандар, реакцияшыл сары уайымшылдар, Шейдемандардың кешегі малайлары, «әлеуметтік татулықтың» бүгінгі уағыздаушылары ретінде енді; олардың бұл уағызы құрылтайды Советтермен біріктіру түрінде немесе «путчизмді» терең ойланып мінеу түрінде жасырына ма—бұл бәрібір.

Марксизмді реакциялық-мещандық сары уайымшылдықпен ауыстыру ісінде Каутский мырза бәрінен де асып түсті. Ол әрқашан бір әуенге басады: болып жатқан оқиғаларды айтып көз жасын көл қылады, шағынады, жылайды, үрейленеді, татуласуды уағыздайды! Осы күйініште кейіптегі сері бүкіл өмір бойы тап күресі жөнінде, социализм жөнінде *жазып келген еді,* ал іс тап күресінің мейлінше шиеленісуіне және социализмнің қарсаңына келіп жеткенде, біздің данышпансымағымыз абыржып қалды, көз жасын төкті, нағыз филистер болып шықты. Социализмнің веналық сатқындары Аустерлицтердің, Реннерлердің, Бауэрлердің газетінің 98-номерінде («Жұмысшы Газеті», 9 апрель, 1919 ж., Вена,

таңертеңгі шығуы) Каутский, егер мыңыншы мәрте болмаса, жүзінші мәрте өзінің шағымдарын жинақтамақшы болады.

«...Экономикалық ой мен экономикалық ұғым,— дейді ол көз жасын төгіп,— барлық таптардың басынан шығарылып тасталған... Ұзақ соғыс пролетариаттың қалың топтарын экономикалық жағдайларға мейлінше немқұрайды қарауға, сөйтіп күш жұмсаудың құдіреттілігіне берік сенуге үйретті...»

Бұл — біздің «аса оқымысты» адамның екі «пунктсымағы»! «Күштеуді дәріптеу» және өндірістің күйреуі— нақ осы үшін ол, тап күресінің *нақты* жағдайларын талдаудың орнына, үйреншікті, ескілікті, ежелгі мещандық сары уайымға салынады. «Біз,—деп жазады ол,—революция пролетарлық тап күресінің нәтижесі ретінде келеді деп күткен едік... ал революция Россияда да, Германияда да үстемдік еткен системаның соғыста күйреуі нәтижесінде келді...»

Басқаша айтқанда: бұл данышпансымақ бейбіт революцияны «күткен»! Неткен ғажап!

Бірақ Каутский мырзаның абыржығаны соншалық, ол өзінің бұрын, марксист болған кезінде жазғанын, соғыстың революцияға себеп болуы әбден ықтимал деп жазғанын ұмытып қалыпты. Енді соғыстың нәтижесінде революция формаларында қандай өзгерістердің *сөзсіз* болатындығын байыпты түрде, қорқақтамай талдаудың орнына, біздің «теоретик» өзінің күйреген «үміттерін» айтып көз жасын көл етеді!

«...Пролетариаттың қалың топтарының экономикалық жағдайларға немқұрайды қарауы»!

Неткен бейшаралық сандырақ! Бұл мещандық әуен Керенский заманындағы меньшевиктік газеттерден бізге қандай жақсы тапыс!

Соғыс елді күйзелтіп, апатқа ұшырау шегіне жеткізгенде, басты, негізгі, түбегейлі «экономикалық шарт» *жұмысшыны аман сақтап қалу* болып табылатынын экономист Каутский ұмытқан. Егер жұмысшы табы аштан өлуден, тұп-тура апат болудан аман сақталып қалса, онда бүлінген өндірісті қалпына келтіруге болады. Ал жұмысшы табын аман сақтап қалу үшін соғыстың

ауыртпалықтары мен зардаптарын жұмысшыларға артуға кедергі жасайтын бірден-бір құрал—пролетариат диктатурасы керек.

Жеңілістің ауыртпалықтарын бөлу мәселесі *тап күресі арқылы* шешілетіндігін және мүлдем азап шеккен, күйзелген, аш, өлім халінде отырған ел жағдайында тап күресі өз формаларын *сөзсіз* өзгертетіндігін экономист Каутский «ұмытқан». Бұл енді өндірістегі үлес үшін емес, өндірісті жүргізу үшін емес (өйткені өндіріс тоқтап тұр, көмір жоқ, темір жолдар бүлінген үстіне бүлінген, соғыс адамдарды қалыпты өмірден айырған, машиналар тозған және тағысын-тағылар, тағы сондайлар), *ашаршылықтан аман қалу жолындағы тап күресі*. Мұндай жағдайда, тіпті асқан «оқымыстылар» болса да, тек ақымақтар ғана «тұтынушылық, солдаттық» коммунизмді «міней» алады және маңғазсып өндірістің маңыздылығын айтып жұмысшыларды үйрете алады.

Әуелі, ең алдымен, бірінші кезекте жұмысшыны аман сақтап қалу керек. Буржуазия өзінің пұрсаттылықтарын сақтағысы келеді, соғыстың барлық зардаптарын жұмысшыға аударып тастағысы келеді, ал мұның өзі—жұмысшыны аштан қатыру деген сөз.

Жұмысшы табы ашаршылықтан аман қалғысы келеді, ал бұл үшін буржуазияны тас-талқан қылу керек, *әуелі,* тіпті аздап болса да, тұтынуды қамтамасыз ету керек, өйткені басқаша жолмен жартылай аш күйде *жан сақтауға,* өндірісті қайтадан іске қосуға мүмкін болатын уақытқа дейін *төзуге болмайды.*

Қарны тоқ буржуа әбден ашыққан және аштықтан әлсіреген жұмысшыға «өндіріс туралы ойла!»—дейді, ал Каутский «экономикалық ғылым» деген сылтаумен капиталистердің осы әнін қайталап, бүтіндей буржуазияның малайына айналып отыр.

Ал жұмысшы былай дейді: еңбеккерлер есін жиюы үшін, *қырылмауы* үшін буржуазия да аппезек паекке отырып көрсін. «Тұтынушылық коммунизм»— жұмысшыны аман сақтап қалудың шарты. Жұмысшыны аман сақтап қалу үшін ешқандай құрбандықтан тартынуға болмайды! Әр капиталиске жарты қадақтан, әр жұмыс-

шыға бір қадақтан берілсін,—ашаршылықтан, күйзелушіліктен тек осылай ғана шығу керек. Ашыққан жұмысшының өзегін талдырмау—өндірісті қалпына келтірудің негізі және шарты.

Цеткина Каутскийге былай деп мүлде орынды мәлімдеген: сіз

«буржуазиялық саяси экономияға қарай ойысып кеттіңіз. Өндіріс адамға керек, әсте керісінше емес...»

Тәуелсіз Каутский мырза «күш жұмсауды дәріптеуді» айтып көзінің жасын көл етіп, ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдерге дәл жаңағыдай тәуелді екендігін көрсетті. Большевиктер тіпті 1914 жылдың өзінде-ақ империалистік соғыс азамат соғысына айналады деп көрсеткенде, бұл болжамды (және бұл ұранды) «ессіздік» деп жариялаған Давидпен және К°-мен бір партияда болған Каутский мырза үн қатпаған еді. Каутский империалистік соғыстың азамат соғысына айналуының сөзсіздігін мүлдем түсінбеді, ал енді келіп өзінің түсінбегенін азамат соғысында күресіп жатқан екі жақтың екеуіне де аударып отыр! Бұл реакциялық мещандық топас ойдың үлгісі емес пе?

Бірақ, егер империалистік соғыстың азамат соғысына сөзсіз айналуға тиіс екенін 1914 жылы түсінбеу *тек қана* мещандық топас ой болса, ал қазір, 1919 жылы, бұл—одан да сорақы бірдеңе. Бұл—жұмысшы табына опасыздық жасау. Өйткені Россияда да, Финляндияда да, Латвияда да, Германияда да, Венгрияда да азамат соғысы *факт* болып отыр. Каутский өзінің бұрынғы шығармаларында тап күресі азамат соғысына сөзсіз айналатын тарихи дәуірлер болады деп жүздеген рет мойындаған болатын. Бұл дәуір туды, ал Каутский ауытқымалы, қорқақ ұсақ буржуазияның лагерінде болып шықты.

«...Спартаққа дем берген рух, асылында, Людендорфтың рухы болды... Спартак өз ісінің тек апатқа ұшырауына ғана емес, сонымен қатар көпшілік болып отырған социалистер тарапынан зорлау саясатының өршуіне де жетеді. Носке — Спартактың антиподы...»

Каутскийдің бұл сөздері (оның Венадағы «Жұмысшы Газетінде» басылған мақаласынан) барып тұрған топас, пасық, оңбаған сөздер екендігі соншалық, тіпті жай саусақпен нұсқап көрсетудің өзі де жеткілікті. Өз ішінде бұл сияқты көсемдердің болуына төзіп отырған партия—шірік партия. Каутский мырза берндік Интернационалда, ендеше біз, Каутскийдің осы сөздері тұрғысынан, оны сатқын Интернационал деп тиісінше бағалауымыз керек.

Күлкілі жағдай ретінде, бұған қоса Гаазе мырзаның «Амстердамдағы Интернационал» туралы мақаласынан («Бостандық», 1919 жылғы 4 май) пайымдауын келтірейік. Гаазе мырза отарлар туралы мәселе жөнінде қарар ұсынғанына мақтанады, ол қарар бойынша «Интернационалдың ұсыныстары бойынша ұйымдасқан халықтар одағының... міндеті *социализм жүзеге асқанға дейін...*» (мұны есте сақтаңыз!) «...отарларды ең алдымен байырғы халықтың мүддесін көздеп, ал содан кейін халықтар одағында біріккен барлық халықтардың мүддесін көздеп басқару...» болып табылады-мыс.

Шынында да керемет-ақ емес пе? Социализм жүзеге асқанға *дейін отарларды*, бұл данышпансымақтың қарарына сәйкес, буржуазия емес, қайдағы бір мейірімді, әділетті, сүйкімді «халықтар одағы» *басқаратын* болады!! Практика жүзінде мұның ең жиренішті капиталистік екіжүзділікті боямалаудан қандай айырмашылығы бар? Ал бұлар—берндік Интернационалдың «солшыл» мүшелері...

Гаазенің, Каутскийдің және К°-нің жазғандарының бүкіл топастығын, пасықтығын, жиреніштілігін оқушы Германиядағы нақты жағдаймен көрнекі түрде салыстыра алуы үшін тағы бір кішкене цитат келтірейін.

Белгілі капиталист Вальтер Ратенау «Жаңа мемлекет» (Der neue Staat) деген кітапсымақ бастыртып шығарды. Кітапсымаққа 24 март, 1919 жыл деп белгі қойылған. Оның теориялық жағынан құндылығы жоққа

тең. Бірақ, байқаушы ретінде, Вальтер Ратенау мынаны мойындауға мәжбүр болған:

«...Біз, ақындар мен ойшылдар халқымыз, өзіміздің көлденең қызметіміз (im Nebenberuf) жағынан, филистерлер болып табыламыз...»

«...Идеализм енді тек ұшқары монархистер мен спартакшылдарда ғана бар...»

«Боямасыз ақиқат мынау: біз диктатураға қарай, пролетарлық немесе преториандық диктатураға қарай бара жатырмыз» (29, 52, 65-беттер).

Каутский мен Гаазе мырзалардың өздерін мещандық пен филистерліктен «тәуелсіз» деп есептейтіндері сияқты, бұл буржуа да өзін буржуазиядан соншалықты «тәуелсізбін» деп есептейтін болар, сірә.

Бірақ Вальтер Ратенау Карл Каутскийден екі саты жоғары, өйткені Каутский шағынып қыңқылдай береді, «боямасыз ақиқаттан» қорқып жасырынады, ал Ратенау сол ақиқатты ашық мойындап отыр.

28. V. 1919.

1919 ж. июньде «Коммунистический Интернационал» журналының 2-номерінде басылған
Қол қойған: Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШПИОНДАРДАН САҚТАНЫҢЫЗДАР!

Шпиондарға өлім келсін!

Ақ гвардияшылардың Петроградқа шабуылы бүкіл майдан бойындағы өңірде, әрбір ірі қалада ақтардың шпиондық, сатқындық, көпірлерді қопаратын, тылда көтеріліс ұйымдастыратын, коммунистерді және жұмысшы ұйымдарының аса көрнекті мүшелерін өлтіретін үлкен ұйымы бар екендігін айқын дәлелдеді.

Барлық жұрт өз орындарында болуға тиіс.

Барлық жерде қырағылық екі есе күшейтілсін, шпиондар мен ақ қаскүнемдердің ізіне түсіп, оларды ұстау жөнінде бірқатар шараларды ойластыру және ең қатаң түрде қолдану керек.

Темір жол қызметкерлері және әсіресе барлық әскери бөлімдердің саяси қызметкерлері түгелдей сақтықты екі есе күшейтуге тиіс.

Барлық саналы жұмысшылар мен шаруалар Совет өкіметін төсін төсеп қорғауға тиіс, шпиондарға, ақ гвардияшы сатқындарға қарсы күреске көтерілуге тиіс. Олардың әрқайсысы сақшылық күзетінде болсын—партия комитеттерімен, Төтенше комиссиямен, совет қызметкерлері арасындағы ең сенімді және ең тәжірибелі жолдастармен әскери тәртіп бойынша ұйымдасқан үздіксіз байланыс жасап отырсын.

Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

Ішкі істер халық комиссары *Ф. Дзержинский*

«Правда» № 116, 31 май, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ӘСКЕРИ БІРЛІК ТУРАЛЫ ДИРЕКТИВАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[89]

Мыналар еске алынсын:

1) РСФСР туысқан Украина, Латвия, Эстония, Литва және Белоруссия Советтік республикаларымен одақтасып, ортақ жауға қарсы—дүние жүзі империализміне және ол қолдап отырған қаражүздік, ақ гвардиялық контрреволюцияға қарсы қорғаныс соғысын жүргізуге мәжбүр болып отыр;

2) Қызыл Армияның барлық отрядтарына бірыңғай командованиенің болуы және социалистік республикалардың барлық күштері мен ресурстарын, атап айтқанда, бүкіл әскери жабдықтау аппаратын, сондай-ақ соғыста тек соғыс операцияларын орындау үшін ғана емес, сонымен қатар Қызыл Армияны соғыс жабдығымен, киім-кешекпен және азық-түлікпен жабдықтау үшін де бірінші дәрежелі маңызы бар материалдық фактор ретіндегі темір жол транспортын басқару ісін мейлінше қатаң орталықтандыру бұл соғыстың табысты болуының қажетті шарты болып табылады.

РКП Орталық Комитеті қаулы етті:

1) социалистік қорғаныс соғысының өн бойында Қызыл Армияны жабдықтаудың бүкіл ісін Қорғаныс Советі мен РСФСР-дің басқа да орталық мекемелерінің бірыңғай басшылығымен біріктіру сөзсіз қажет деп есептелсін;

2) социалистік қорғаныс соғысының өн бойында туысқан социалистік республикалардың барлық жерлеріндегі темір жол жүйесін басқару ісі мен темір жол

транспортын РСФСР Қатынас жолдары халық комиссариатының басшылығымен және басқаруымен біріктіру сөзсіз қажет деп есептелсін;

3) туысқан Советтік республикаларда Қызыл Армияны жабдықтаудың жеке органдарының, жеке қатынас жолдары комиссариаттарының болуы қорғаныс мүдделеріне сай келмейді деп есептелсін және оларды соғыс уақытында РСФСР-дің Қызыл Армияны жабдықтау органдарының және РСФСР Қатынас жолдары халық комиссариатының бөлімдері етіп қайта құру талап етілсін, олар РСФСР-дің Қызыл Армияны жабдықтау жөніндегі орталық органдарына, РСФСР Қатынас жолдары халық комиссариатына тікелей қарайды және толық бағынады;

4) Қызыл Армияны жабдықтауға және темір жол транспортына немесе темір жол жүйесін басқаруға қатысы бар декреттердің бәрі жойылуға жатады деп есептелсін, өйткені ол декреттер РСФСР Қызыл Армиясын жабдықтау ісін, сондай-ақ РСФСР темір жол транспорты мен темір жол жүйесін басқару ісін реттеу жөніндегі қаулылар мен декреттерге қайшы келеді.

Ленин. Сталин

1919 ж. майда жазылған

Бірінші рет 1941 ж. мына кітапта басылған: «1919 жылы Петроградты қаһармандықпен қорғау туралы документтер», М.

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАД МАЙДАНЫ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Орталық Комитет қаулы етеді:

1. Питер майданы маңыздылығы жағынан бірінші майдан деп танылсын. Әскерлерді, т. т. бөлгенде осы жағдай басшылыққа алынсын.

2. Шығыс майданнан алынатын дивизияның $^{2}/_{3}$ бөлігі Питерге, $^{1}/_{3}$ бөлігі Оңтүстік майданына берілсін.

3. Ұйымдастыру бюросына коммунистерді совет жұмысынан (орталық және жергілікті) әскери жұмысқа, әсіресе майданнан алыс және оған ең жақын тылдағы әскери жұмысқа (дезертирлікке қарсы күрес, әскери дайындау ісі, қоймалар, мобилизацияны жеделдету, тағы басқалар) жіберуді күшейту үшін бірсыпыра аса батыл және мейлінше жедел шаралар қолдану тапсырылсын.

4. Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советіне нақ осындай тапсырма беріледі.

1919 ж. 10 июньде жазылған

Алғашқы екі пункті бірінші рет 1941 ж. мына кітапта басылған: «1919 жылы Петроградты қаһармандықпен қорғау туралы документтер», М.

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында толық басылған, 29-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

*РКП(б) ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕГІ МАТЕРИАЛДАР**

1

ПРОГРАММАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ КОМИССИЯ ТАМАМДАҒАН ПУНКТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ТАЛДАП ЗЕРТТЕЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ЖАЗБАСЫ

38	1) Экспроприация және қоғамдастыру	**Қалғаны:** егіншілік
39	2) өндіргіш күштер	өнімдерді бөлу
40	3) орталықтандыру, **жоспар**	ақша және банктер
41	4) ұсақ және майдагерлік өнеркәсіп	финанстар
42	5) кәсіптік одақтар басқару органдары ретінде	*еңбек қорғау.*
43	6) жұмыс күшін бөлу	
44	7) еңбек тәртібі	
45	8) «мамандар».	

1919 ж. 23—25 февральда жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 91—138-беттер. *Ред.*

2

ПРОГРАММАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ ЕКІНШІ ПУНКТІНІҢ ЖОСПАРЫ

АЛҒАШҚЫ НОБАЙ

1) Кәсіптік одақтар, олардың басты ролі
2) оларды басқару органдарына айналдыру
3) бұқараны тәрбиелеу.

ЕКІНШІ НОБАЙ

1) Жолдастық тәртіпті дамыту
2) капитализм әдеттерінен арылу
3) бұқараны қайта тәрбиелеу
4) бұқараның практикалық тәжірибесі
5) кәсіптік одақтар басты органдар ретінде
6) олардың өндірісті басқаруға қатысуы
7) олардың еңбек тәрбиесі.

1919 ж. 23—25 февральда жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

ПРОГРАММАНЫҢ АГРАРЛЫҚ ПУНКТІНІҢ ЖОСПАРЫ

1) *Жеке меншікті* жою, социализация туралы заң және 3 — коллективтендіру
2) деревнядағы социализмге бет алған бағыт
3) өндіргіш күштерді өрге бастыру
   + (3) *қала* мен *деревня*
4) деревнядағы тірек және үш топ.

1919 ж. 23—25 февральда жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

4

ПРОГРАММАНЫҢ СОТ ТУРАЛЫ ПУНКТІНДЕГІ ЖАЗАЛАР ТУРАЛЫ БӨЛІМІНІҢ КОНСПЕКТІСІ

1) Шартты түрде соттау % >
2) көпшілік алдында бетке басу % >
3) бостандықтан айыруды өз үйінде тұрып, еріксіз еңбек етумен алмастыру
4) түрмені тәрбие мекемелерімен алмастыру
5) жолдастық соттарды енгізу (белгілі бір категориялар үшін армияда да және жұмысшылар арасында да).

1919 ж. 25 февральдан ертерек жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

5

ПРОГРАММАНЫҢ ХАЛЫҚ АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ПУНКТІ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Қосу керек: 1) жасөспірімдер мен ересектерге политехникалық білім беру туралы	*ересектер үшін:* кәсіптік білім беруді дамытып, оны политехникалық білім беруге ұластыру

2) мектептегі (балалардың) қолөнері

---

3) яслилер және т. б.

4) § 6 + кәсіптік одақтар

5) ана тілінде оқытылатын болуы.

1919 ж. 20 мартта жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

6

ПАРТИЯНЫҢ ЖАҢА ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұмыстың күрделілігі.

Жаңа тип.

Программа үшін емес §§.

Түпкілікті еместігі.

Шақыру...

Тәжірибе (өзіміз үшін ойластыру).

Европа үшін таныстыру.

1919 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КООПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР

1-параграфты алып тастаса қайтер еді?

2 және 3-параграфтарға арналған ескертуді алып тастау керек.

Әрбір кооперативте мүшелерінің жалпы санының кемінде $^{2}/_{3}$ бөлігі пролетариатқа немесе жартылай пролетарларға жататын (яғни тек қана немесе кемінде жартылай өзінің жұмыс күшін сатып күн көретін адамдарға жататын) мүшелер болуға тиіс.

Жұмысшы кооперациясының органдары дәулетті таптарға жататын 10 проценттен астам мүшелері бар кооперативтерге комиссарлар жіберіп отырады. Комиссарлардың қадағалауға және бақылауға правосы бар, сондай-ақ наразылық білдірген шешімдерді Халық шаруашылығы жоғары советі органдарының түпкілікті шешуіне беріп, «veto» салуға правосы бар.

Сауда-өнеркәсіп қызметшілері одақтарының іс жүзінде ынтымақтасуы қандай болуы керек?

Бүкіл халықты қамтыған кооперативтерге бірсыпыра елеулі сыйлықтар мен артықшылықтар беруді енгізуге болмас па екен?

Муницип. дүкендердің төңірегіне бүкіл халықты біріктіретін муниципалитеттер.

1919 ж. кеш дегенде 16 мартта жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫ АСТЫҚПЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Қатынас жолдары комиссариаты жұмысшыларға, айына 6 миллион пұт астық тасып жеткізілген жағдайда, дәлме-дәл жасалған есеп бойынша 25 қадақ астық алатынына барынша кепілдік жасалатынып жариялайды. Мұнан әлдеқайда көп тасып жеткізуге де болады ғой. Жөнделетін паровоздар санын көбейтуге барлық күшті салу керек. Мұның үстіне еңбек өнімділігін арттырған жағдайда Бүкіл россиялық кәсіпшілер одағы советінің нормалары бойынша *сыйлықтар* алуға болады.

1919 ж. 31 мартта жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРТА ШАРУАЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

Орташа үшін қолданылатын асығыс шаралардың *жоспарына:*

1) *Орташалардан* алынатын төтенше салық дереу бәсеңдетілсін.
2) *Орташа үшін* арнайы жұмыс жүргізуге партиядан адамдар (губкомнан 3 адамнан) жіберілетін болсын.
3) Орташаны *қорғау үшін* жергілікті жерлерге жіберуге орталықтан комиссиялар (бірнеше комиссия) құрылсын.
4) Калининнің сапарға шығу жоспары жасалып, бекітілсін. Сапардың мерзімдері, баратын жерлері, келушілерді қабылдау тәртіптері және басқалары жариялансын.
5) Жол жүргенде (4 және 5-пункттер бойынша) *Юстиция, Ішкі істер, Егіншілік* халық комиссариаттарының және басқаларының қатысуы ескерілсін.
6) Баспасөздегі науқан
7) Орта шаруаны қорғау туралы «Манифест».
8) Коммуналарға кіру жөніндегі *күштеу* шараларын тексеру (және жою).
9) *Орташадан* алынатын реквизицияларды, өндіріп алынатын нәрселерді және басқа сол сияқтыларды бәсеңдету бағытында *азық-түлік* шараларын тексеру.

10) Амнистия.

11) «Кулактың мойындауы».

12) Астық және мал жемі салымы.

13) Майдагерлер мен қолөнершілер мойындайды.

*1919 ж. марттың аяғында—
апрельдің басында жазылған*

*Бірінші рет 1933 ж. Лениннің
XXIV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып
отыр*

ҚОСЫМШАЛАР

наборщику: должно быть: с капиталом промышленном громадной концентрации. (с промышленным капиталом громадной концентрации)

ственно-производительного процесса для обеспечения благосостояния и всестороннего развития всех членов общества, социальная революция пролетариата уничтожит деление общества на классы и тем освободит все угнетенное человечество, так как положит конец всем видам эксплоатации одной части общества другою.

«Необходимое условие этой социальной революции составляет диктатура пролетариата, т.-е. завоевание пролетариатом такой политической власти, которая позволит ему подавить всякое сопротивление эксплоататоров. Ставя себе задачу сделать пролетариат способным выполнить свою великую историческую миссию, международная коммунистическая партия организует его в самостоятельную политическую партию, противостоящую всем буржуазным партиям, руководит всеми проявлениями его классовой борьбы, разоблачает перед ним непримиримую противоположность интересов эксплоататоров интересам эксплоатируемых и выясняет ему историческое значение и необходимые условия предстоящей социальной революции. Вместе с тем, она обнаруживает перед всей остальной трудящейся и эксплоатируемой массой безнадежность ее положения в капиталистическом обществе и необходимость социальной революции в интересах ее собственного освобождения от гнета капитала. Партия рабочего класса, коммунистическая партия, зовет в свои ряды все слои трудящегося и эксплоатируемого населения, поскольку они переходят на точку зрения пролетариата».

Процесс концентрации и централизации капитала, уничтожая свободную конкуренцию, привел в начале XX века к созданию могучих монополистических союзов капиталистов,— синдикатов, картелий, трестов,—получивших решающее значение во всей экономической жизни, к слиянию банкового капитала с громадной концентрацией капитала промышленного и к усиленному вывозу капитала в чужие страны. Тресты, охватывая целые группы капиталистических держав, начали экономический раздел мира, поделенного уже территориально между богатейшими странами. Эта эпоха финансового капитала, неизбежно обостряющая борьбу между капиталистическими государствами, есть эпоха империализма.

Отсюда неизбежно вытекают империалистические войны, войны за рынки сбыта, за сферу приложения капитала, за сырье и за рабочую силу, т.-е. за мировое господство и за власть над малыми и слабыми народностями. Именно такова первая великая империалистическая война 1914—1918 гг.

И чрезвычайно высокая степень развития мирового капитализма вообще; и смена свободной конкуренции государственно-монополистическим капитализмом; и подготовка банками, а равно союзами капиталистов, аппарата для общественного регулирования процесса производства и распределения продуктов; и стоящий в связи с ростом капиталистических монополий рост дороговизны и гнета

Думаю, что вы ошибаетесь. И первой корректуре, как и в старой программе писалось верно: эксплуатация. Слово французское: „exploitation", читается „эксплуатасион".

28.III.1919. Ленин.

дарства, грабя колониальные и слабые народы, дают возможность буржуазии, за счет добытой этим грабежом сверхприбыли, ставить в привилегированное положение и таким образом подкупать верхушки пролетариата, обеспечивать им в мирное время сносное мещанское существование и брать на службу себе вождей этого слоя. Оппортунисты и социал-шовинисты, будучи слугами буржуазии, являются прямыми классовыми врагами пролетариата, особенно теперь, когда они в союзе с капиталистами вооруженной рукой подавляют революционное движение пролетариата, как в своих, так и в чужих странах.

С другой стороны, буржуазным извращением социализма является течение „центра", наблюдаемое равным образом во всех капиталистических странах, которое колеблется между социал-шовинистами и коммунистами, отстаивая единство с первыми и пытаясь возродить обанкротившийся II Интернационал. Руководителем борьбы пролетариата за его освобождение является лишь новый, третий, коммунистический интернационал, одним из отрядов котораго является Р. К. П. Этот Интернационал фактически создан образованием коммунистических партий из действительно пролетарских элементов прежних социалистических партий в ряде стран, а особенно в Германии, и формально основан в марте 1919 года на его первом С'езде в Москве. Коммунистический Интернационал, приобретающий все больше сочувствия в массах пролетариата всех стран не только в своем названии возвращается к марксизму, но и всем своим идейно-политическим содержанием, всеми своими действиями осуществляет революционное учение Маркса, очищенное от буржуазно-оппортунистических извращений. П-[xx]

Развивая конкретнее задачи пролетарской диктатуры применительно к России, главной особенностью которой является численное преобладание мелко-буржуазных слоев населения, Р. К. П. определяет эти задачи следующим образом:

В области обще-политической. Наборщику: Не курсив, а жирный шрифт какой был в первой корректуре

1. Буржуазная республика, даже самая демократическая, освящаемая лозунгами всенародной, общенациональной или внеклассовой воли, неизбежно оставалась на деле—в силу того, что существовала частная собственность на землю и другие средства производства,—диктатурой буржуазии, машиной для эксплуатации и подавления громадного большинства трудящихся горсткой капиталистов. В противоположность этому, пролетарская или советская демократия превратила массовые организации, именно угнетенных капитализмом классовъ, пролетариев и беднейших крестьян—полупролетариев, т.-е. громадного большинства населения, в постоянную и единственную основу всего государственного аппарата, местного

xx Наборщику: малое тире, как на строке 6-ой сверху.

Исправлено 28/III Ленин.

ПРОГРАММА

Российской Коммунистической партии (большевиков).

Принята 8-ым с'ездом партии 18—23 марта 1919 г.

Октябрьская революция (25 окт., 7 ноября, 1917 г.) въ России осуществила диктатуру пролетариата, начавшего при поддержке беднейшего крестьянства или полупролетариата, созидать основы коммунистического общества. Ход развития революции в Германии и Австро-Венгрии, рост революционного движения пролетариата во всех передовых странах, распространение советской формы этого движения, т.-е. такой, которая направлена прямо к осуществлению диктатуры пролетариата, все это показало, что началась эра всемирной пролетарской, коммунистической революции.

Эта революция явилась неизбежным результатом развития капитализма, господствующего пока в большинстве цивилизованных стран. Природу капитализма и буржуазного общества наша старая программа правильно, если не считать неточного названия партии социал-демократической, охарактеризовала в следующих положениях:

«Главную особенность такого общества составляет товарное производство на основе капиталистических производственных отношений, при которых самая важная и значительная часть средств производства и обращения товаров принадлежит небольшому по своей численности классу лиц, между тем как огромное большинство населения состоит из пролетариев и полупролетариев, вынужденных своим экономическим положением постоянно или периодически продавать свою рабочую силу, т.-е. поступать в наемники к капиталистам, и своим трудом создавать доход высших классов

РОССИЯ КОММУНИСТІК (БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫ

Россияда 1917 ж. 25 октябрьде (7 ноябрьде) болған Октябрь революциясы ең кедей шаруалардың немесе жартылай пролетариаттың қолдауымен коммунистік қоғамның негіздерін құра бастаған пролетариат диктатурасын жүзеге асырды. Германия мен Австро-Венгриядағы революцияның даму барысы, барлық алдыңғы қатарлы елдердегі пролетариаттың революциялық қозғалысының өсуі, бұл қозғалыстың советтік формасының, яғни пролетариат диктатурасын тікелей жүзеге асыруға бағытталған формасының таралуы, мұның бәрі бүкіл дүние жүзілік пролетарлық, коммунистік революцияның заманы басталғанын көрсетті.

Бұл революция әзірге цивилизациялы елдердің көпшілігінде үстемдік етіп отырған капитализмнің дамуының сөзсіз нәтижесі болды. Егер партияның социал-демократиялық деген атының дәл еместігін есепке алмасақ, біздің ескі программамыз капитализм мен буржуазиялық қоғамның табиғатын мына қағидаларда дұрыс сипаттаған болатын:

«Мұндай қоғамның басты ерекшелігі — капиталистік өндірістік қатынастар негізіндегі товар өндірісі болып табылады; мұндай өндірістік қатынастардың тұсында өндіріс құрал-жабдықтарының және товар айналысының ең маңызды және көп бөлегі өзінің саны жағынан аз ғана адамдар табының қолында болады, ал халықтың орасан көпшілігі пролетарлар мен жартылай пролетарлардан құралады, олар өздерінің экономикалық жағда-

йы бойынша өздерінің жұмыс күшін үнемі немесе дүркін-дүркін сатып отыруға, яғни капиталистерге жалдануға мәжбүр болады, сөйтіп өздерінің еңбегімен қоғамның жоғары таптарына табыс келтіріп отырады.

Техниканың үнемі жетілуіне қарай капиталистік өндірістік қатынастардың үстемдік ету саласы барған сайын кеңейе түседі, сөйтіп ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызын арттырып, ұсақ дербес өндірушілерді ығыстыруға бастайды, олардың бір бөлегін пролетарларға айналдырады, ал қалғандарының қоғамдық-экономикалық өмірдегі ролін кемітеді, кей жерлерде оларды азды-көпті толық түрде, азды-көпті ашық түрде, азды-көпті ауыр түрде капиталға тәуелді етеді.

Дәл сол техникалық прогресс, оның үстіне, кәсіпкерлерге өндіріс және товар айналысы процесінде әйелдер мен балалардың еңбегін барған сайын кең түрде қолдануға мүмкіндік береді. Ал, екінші жағынан, бұл техникалық прогресс жұмысшының қол еңбегін кәсіпкерлердің керек етуін біршама кемітетін болғандықтан, жұмыс күшіне сұраным оның ұсынымынан сөзсіз артта қалып отырады, осының салдарынан жалдама еңбектің капиталға тәуелділігі күшейіп, ол еңбекті қанау дәрежесі артады.

Буржуазиялық елдердегі істің мұндай жағдайы және бүкіл дүние жүзілік рынокта олардың өзара бәсекесінің ұдайы шиеленісіп отыруы барған сайын үнемі көп мөлшерде өндірілетін товарларды өткізу ісін бірден-бірге қиындата береді. Азды-көпті күшті өнеркәсіп дағдарыстарында көрініп отыратын артық өндіруден соң өнеркәсіптің біршама ұзақ уақыт бойына тоқырауы басталады, артық өндіру буржуазиялық қоғамдағы өндіргіш күштердің дамуының салдарынан сөзсіз болатын нәрсе. Дағдарыстар мен өнеркәсіптің тоқырау дәуірлері, өз кезегінде, ұсақ өндірушілерді онан сайын күйзелтеді, жалдама еңбектің капиталға тәуелділігін онан сайын арттырады, жұмысшы табы жағдайының біршама, ал кейде мүлдем нашарлауын бұрынғыдан да тездетіп отырады.

Сонымен, еңбек өнімділігінің артуы және қоғамдық байлықтың өсуі болып табылатын техниканың жетілуі

буржуазиялық қоғамда қоғамдық теңсіздіктің ұлғаюына, дәулеттілер мен дәулетсіздер арасының қашықтауына, тіршілік ету қиыншылықтарының, жұмыссыздықтың және еңбекші бұқараның анағұрлым қалың топтары үшін басқа да әр түрлі мұқтаждықтардың өсуіне себеп болады.

Бірақ буржуазиялық қоғамға тән осы қайшылықтардың бәрі өсіп, өрбіген сайын, сонымен қатар еңбекші және қаналған бұқараның болып отырған тәртіпке наразылығы да өсіп отырады, пролетарлардың саны көбейіп, топтасуы күшейеді, олардың өздерін қанаушыларға қарсы күресі шиеленісе түседі. Сонымен қатар техниканың жетілуі өндіріс және айналыс құрал-жабдықтарын шоғырландыра отырып, капиталистік кәсіпорындардағы еңбек процесін қоғамдастыра отырып, капиталистік өндірістік қатынастарды коммунистік өндірістік қатынастармен ауыстыруға, яғни пролетариаттың таптық қозғалысын саналы түрде білдіруші болып отырған халықаралық коммунистік партияның бүкіл қызметінің түпкі мақсаты болып саналатын әлеуметтік революцияның болуына материалдық мүмкіндікті барған сайын тез туғызады.

Өндіріс және айналыс құрал-жабдықтарына жеке меншікті қоғамдық меншікпен ауыстырып және қоғамның барлық мүшелерінің әл-ауқатын жақсарту үшін, олардың барлық жағынан жетілуін қамтамасыз ету үшін қоғамдық-өндіріс процесін жоспарлы түрде ұйымдастыруды енгізе отырып, пролетариаттың әлеуметтік революциясы қоғамның тaптарға бөлінуін жояды, сөйтіп барлық езілген адамзатты азат етеді, өйткені қоғамның бір бөлегін екінші бөлегі қанауының барлық түрлерін біржолата жояды.

Бұл әлеуметтік революцияның қажетті шарты—пролетариат диктатурасы, яғни пролетариаттың саяси өкіметті, қанаушылардың қандай да болсын қарсылығын жаныштау үшін өзіне мүмкіншілік беретін саяси өкіметті жеңіп алуы болып табылады. Пролетариатты өзінің тарихи ұлы міндетін атқара алатындай ету міндетін алдына қоя отырып, халықаралық коммунистік партия оны барлық буржуазиялық партияларға қарсы тұратын дер-

бес саяси партия етіп ұйымдастырады, оның таптық күресінің барлық түрлеріне басшылық етеді, қанаушылардың мүдделерінің қаналғандардың мүдделеріне келіспестей қарама-қарсы екендігін пролетариаттың алдында әшкерелейді және оған алдағы болатын әлеуметтік революцияның тарихи маңызы мен қажетті шарттарын түсіндіреді. Мұнымен бірге ол бүкіл қалған басқа еңбекші және қаналған бұқара алдында оның капиталистік қоғамдағы халінің үмітсіздігін және оның өзінің капитал езгісінен азат болу мүдделері үшін әлеуметтік революцияның қажет екендігін ашып көрсетеді. Жұмысшы табының партиясы, Коммунистік партия, еңбекші және қаналған халықтың барлық тобын, олар пролетариаттың көзқарасына көшіп жатқандықтан, өз қатарына шақырады».

Капиталдың шоғырланып, орталықтану процесі еркін бәсекені жоя отырып, XX ғасырдың басында капиталистердің қуатты монополистік одақтарының—бүкіл экономикалық өмірде шешуші маңызға ие болған синдикаттардың, картельдердің, трестердің—құрылуына, банк капиталының орасан зор шоғырланған өнеркәсіп капиталымен қосылуына және бөтен елдерге капитал шығарудың күшеюіне әкеп соқтырды. Капиталистік державалардың тұтас топтарын қамтыған трестер аса бай елдердің арасында территория жағынан бөлініп қойылған дүние жүзін экономикалық жағынан бөлісуді бастады. Капиталистік мемлекеттер арасындағы күресті шиеленістірмей қоймайтын финанс капиталының бұл заманы империализм заманы болып табылады.

Осыдан келіп сөзсіз империалистік соғыстар, өнім өткізетін рыноктар үшін, капитал орналастыру сфералары үшін, шикізат үшін және жұмыс күші үшін жүргізілетін соғыстар, яғни дүние жүзіне үстемдік ету үшін және шағын, әлсіз халықтарға үстемдік жүргізу үшін болатын соғыстар туады. 1914—1918 жылдардағы бірінші ұлы империалистік соғыс—нақ осындай соғыс.

Жалпы алғанда дүние жүзілік капитализм дамуының өте-мөте жоғары сатысы да, еркін бәсекені мемлекеттік-монополистік капитализмнің алмастыруы да, банктердің, сол сияқты капиталистер одақтарының өнімдерді

өндіру және болу процесін қоғамдық жолмен реттеу үшін аппарат әзірлеуі де, капиталистік монополиялардың өсуіне байланысты болатын қымбатшылықтың өсуі мен синдикаттардың жұмысшы табын езуінің күшеюі, жұмысшы табын империалистік мемлекеттің құлдыққа салуы, пролетариаттың экономикалық және саяси күресінің орасан зор қиындауы да, империалистік соғыс туғызатын сұмдықтар, апаттар, күйзеліс те,—міне осының бәрі капитализмнің күйреуін, қоғамдық шаруашылықтың жоғарғы типіне көшуді болғызбай қоймайды.

Империалистік соғыстың әділетті бітіммен аяқталуы мүмкін болмағаны былай тұрсын, буржуазиялық үкіметтердің жалпы алғанда азды-көпті тұрақты бітім жасасуымен де аяқталуы мүмкін емес еді. Капитализм дамуының қазіргі жеткен сатысында бұл соғыс біздің көз алдымызда пролетариат бастаған қаналған еңбекшілер бұқарасының буржуазияға қарсы азамат соғысына сөзсіз айналып отырды және айналып отыр.

Пролетариаттың тегеурін көрсетуінің күшеюі және әсіресе оның жеке елдердегі жеңістері қанаушылардың қарсылығын күшейтеді және олардың тарапынан капиталистердің халықаралық бірлестіктерінің жаңа формалары (Ұлттар лигасы және т. б.) жасалуын туғызады; ал бұл бірлестіктер жер бетіндегі барлық халықтарды ұдайы қанауды дүние жүзілік көлемде ұйымдастыра отырып, бірінші кезекте өздерінің күш-жігерін барлық елдер пролетариатының революциялық қозғалыстарын тікелей басып-жаныштауға жұмсайды.

Мұның бәрі жеке мемлекеттердің ішіндегі азамат соғысын қорғанушы пролетарлық елдердің, сондай-ақ қаналған халықтардың империалистік державалардың езгісіне қарсы жүргізетін революциялық соғыстарымен ұштастыруға сөзсіз алып келеді.

Мұндай жағдайларда пацифизм, капитализм тұсындағы халықаралық қарусыздану, аралық соттар ұрандары және т. б. реакциялық утопия болатындығы былай тұрсын, сонымен бірге еңбекшілерді тікелей алдау болып табылады, ол пролетариатты қарусыз қалдыруға және қанаушыларды қарусыздандыру міндетінен оның назарын басқа жаққа бұрып әкетуге бағытталған.

Империализм мен империалистік соғыстар туғызған тұйықтан адамзатты тек пролетарлық, коммунистік революция ғана алып шыға алады. Революцияның қиыншылықтары және оның болуы мүмкін уақытша сәтсіздіктері немесе контрреволюцияның толқындары қандай болған күнде де—пролетариаттың түпкілікті жеңіп шығатыны сөзсіз.

Дүние жүзілік пролетарлық революцияның бұл жеңісі алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшы табының барынша толық сенімін, туысқандық аса тығыз одағын және революциялық қимылдарының мүмкіндігінше күшті бірлігін талап етеді.

Социализмді буржуазиялық бұрмалаушылықтан, ресми социал-демократиялық және социалистік партиялардың жоғарғы топтары арасында жеңіп шыққан буржуазиялық бұрмалаушылықтан үзілді-кесілді принципті түрде қол үзбейінше және оған қарсы аяусыз күрес жүргізбейінше, бұл шарттар жүзеге аспайды.

Мұндай бұрмалаушылық дегеніміз, бір жағынан, оппортунизм мен сөз жүзінде социализмді, іс жүзінде шовинизмді жақтайтын социал-шовинизм ағымы, «өзінің» ұлттық буржуазиясының тонаушылық мүдделерін қорғауды жалпы алғанда да, әсіресе 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде де «отан қорғау» деген жалған ұранмен бүркемелеу болып табылады. Бұл ағым алдыңғы қатардағы капиталистік мемлекеттердің отар және әлсіз халықтарды тонау арқылы буржуазияға осы тонаудың нәтижесінде алынған үстеме пайданың есебінен пролетариаттың жоғарғы тобын артықша жағдайға қойып, бейбіт уақытта олардың әжептәуір мещандық тұрмыс құруын қамтамасыз етіп, осы топтың көсемдерін өздеріне қызмет еткізуіне мүмкіндік бергендігінен туды. Оппортунистер мен социал-шовинистер, буржуазияның малайлары бола отырып, пролетариаттың тікелей таптық жаулары болып табылады, әсіресе қазіргі уақытта, капиталистермен одақтаса отырып, олар өз елдерінде де, бөтен елдерде де пролетариаттың революциялық қозғалысын қарудың күшімен жаныштап отырған кезде осылай болып отыр.

Екінші жағынан, социализмді буржуазиялық тұрғыдан бұрмалау—«центр» ағымы болады; барлық капиталистік елдерде де бірдей байқалып отырған бұл ағым социал-шовинистер мен коммунистердің арасында ауытқумен жүр, сөйтіп социал-шовинистермен бірлікті жақтайды және банкрот болған II Интернационалды қайта туғызуға тырысады. Пролетариатты азат ету жолындағы пролетарлық күрестің басшысы тек жаңа, III, Коммунистік Интернационал ғана болып табылады, РКП—соның отрядтарының бірі. Бұл Интернационал іс жүзінде бірқатар елдерде, әсіресе Германияда, бұрынғы социалистік партиялардың шын пролетарлық элементтерінен коммунистік партиялардың пайда болуы нәтижесінде құрылды, ал формальды түрде оның негізі 1919 ж. мартта Москвада өткен бірінші съезінде қаланды. Барлық елдердің пролетариат бұқарасында барған сайын тілектестікке ие болып отырған Коммунистік Интернационал тек өзінің атымен ғана марксизмге қайта оралып қойған жоқ, сонымен бірге буржуазиялық-оппортунистік бұрмалаушылықтардан тазартылған Маркстің революциялық ілімін өзінің бүкіл идеялық-саяси мазмұнымен, өзінің бүкіл қимыл-әрекетімен жүзеге асыруда.

Пролетарлық диктатураның міндеттерін халықтың ұсақ буржуазиялық топтарының сан жағынан басымдылығы басты ерекшелігі болып табылатын Россияның жағдайына лайықтап нақты дамыта отырып, РКП бұл міндеттерді былайша белгілейді:

Жалпы саяси салада

1. Буржуазиялық республика, бүкіл халықтық, жалпы ұлттық немесе таптан тысқары ерік ұрандарымен қастерленетін тіпті ең демократиялық буржуазиялық республика да, іс жүзінде—жерге және басқа өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болуы себепті—буржуазияның диктатурасы, капиталистердің аз ғана тобының еңбекшілердің орасан көпшілігін қанауға және басып-жаныштауға арналған машинасы болып сөзсіз түрде қалып отырды. Бұған қарама-қарсы, пролетарлық

немесе советтік демократия нақ капитализм езген таптардың, пролетарлар мен ең кедей шаруалардың—жартылай пролетарлардың, яғни халықтың орасан зор көпшілігінің бұқаралық ұйымдарын жергілікті және орталық, төменнен жоғарыға дейінгі бүкіл мемлекеттік аппараттың тұрақты және бірден-бір негізіне айналдырды. Совет мемлекеті бұл арқылы, оның бер жағында, қай жердегіден болса да, анағұрлым кең түрде, ешқандай өкімет орындарын жоғарыдан тағайындамай-ақ, жергілікті және облыстық өзін өзі басқаруды жүзеге асырды. Партияның міндеті өзінің дұрыс қызмет етуі үшін бұқараның мәдениет, ұйымшылдық және дербес әрекетке қабілеттілік дәрежесін ұдайы көтеріп отыруды талап ететін демократизмнің осы жоғарғы типінің шын мәнінде толық жүзеге асырылуы жолында талмастан жұмыс істеу болып табылады.

2. Өз мемлекетінің таптық сипатын жасыратын буржуазиялық демократияға қарама-қарсы, Совет өкіметі әзірге қоғамның таптарға бөлінуі жойылмай тұрғанда, сонымен бірге мемлекеттік өкімет атаулының бәрі құрымай тұрғанда, қандай мемлекеттің болсын таптық сипатта болатындығы сөзсіз екенін ашық мойындайды. Өзінің мәнісі жағынан алғанда, Совет мемлекеті қанаушылардың қарсыласуын жаныштауға бағытталған, ал советтік Конституция, егер бостандық еңбекті капиталдың езгісінен азат етуге қайшы келсе, онда мұндай бостандықтың қандайы болсын алдаушылық болып табылатынын негізге ала отырып, қанаушылардан саяси праволарды тартып алудан тартынып қалмайды. Пролетариат партиясының міндеті қанаушылардың қарсыласуын ұдайы жаныштап және буржуазиялық праволар мен бостандықтардың сөзсіз сипаты жөніндегі тереқ сіңген соқыр сенімдермен идеялық күрес жүргізе отырып, сонымен бірге саяси праволардан айыру мен бостандықты қандай болсын бір шектеудің барлығы қанаушылардың өздерінің пұрсатты жағдайларын қорғап қалуға немесе қалпына келтіруге тырысқан әрекеттеріне қарсы күресудің тек уақытша шаралар ретінде ғана қажет екенін түсіндіру болып табылады. Адамды адамның қанауының объективтік мүмкіндіктері жойылған

сайын, бұл уақытша шаралардың қажеттігі де жойылады, сөйтіп партия оларды ықшамдауға және толық жоюға тырысатын болады.

3. Буржуазиялық демократия саяси праволар мен бостандықтарды, мәселен: барлық азаматтарға бірдей жиналыстар, одақтар, баспасөз бостандығын формальды түрде таратумен ғана шектеліп келді. Бірақ шындығында өкімшілік практика да, сол сияқты ең алдымен еңбекшілердің экономикалық құлдықта болуы да буржуазиялық демократия тұсында еңбекшілердің осы праволар мен бостандықтарды азды-көпті кең пайдалануына ешбір уақытта жол берген емес.

Керісінше, пролетарлық демократия праволар мен бостандықтарды формальды жариялаудың орнына, қайта бұларды бәрінен бұрын және көбінесе халықтың капитализм езгісінде болған таптарына, яғни пролетариат пен шаруаларға іс жүзінде берілуін көздейді. Бұл үшін Совет өкіметі буржуазиядан үйлерді, баспаханаларды, қағаз қоймаларын экспроприациялап, оларды еңбекшілердің және олардың ұйымдарының емін-еркін пайдалануына береді.

РКП-ның міндеті еңбекші халықтың қалың бұқарасын демократиялық праволар мен бостандықтарды пайдалануға барынша көп тарту және мұның материалдық мүмкіндігін кеңейту болып табылады.

4. Буржуазиялық демократия жынысына, дініне, нәсіліне және ұлтына қарамастан адамдардың теңдігін ғасырлар бойына жариялап келді, бірақ капитализм бұл тең праволылықтың нақты жүзеге асырылуына еш жерде жол бермеді, ал өзінің империалистік сатысында нәсілдік және ұлттық езгінің мейлінше күшті шиеленісуіне әкеп соқтырды. Совет өкіметі еңбекшілердің өкіметі болғандықтан ғана ол дүние жүзінде тұңғыш рет өмірдің барлық салаларында бұл тең праволылықты неке және жалпы алғанда семья правосы саласындағы әйел теңсіздігінің соңғы сарқыншақтарын толық жоюға дейін ақырына жеткізе жүзеге асыра алды. Партияның қазіргі кезеңдегі міндеті бұрынғы теңсіздіктің немесе өсіресе пролетариат пен шаруалардың артта қалған топтары арасындағы теріс түсініктердің барлық қалдық-

тарын ақырына дейін жою жолында идеялық және тәрбие жұмысын басымырақ жүргізу болып табылады.

Партия әйелдердің формальды тең праволылығымен шектеліп қалмай, үй-коммуналарды, қоғамдық асханаларды, орталық кір жуатын орындарды, яслилерді және т. б. енгізу жолымен оларды үй шаруашылығының материалдық ескі ауыртпалықтарынан босатуға тырысады.

5. Буржуазиялық демократия мен парламентаризм тұсындағыға қарағанда, еңбекшілер бұқарасына депутаттарды сайлауды және кері шақырып алуды жұмысшылар мен шаруалар үшін неғұрлым оңай және жеңіл әдіспен жүргізуге анағұрлым зор мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, Совет өкіметі сонымен бір мезгілде парламентаризмнің теріс жақтарын, әсіресе заң шығаратын және іс атқарушы орындардың бөлінуін, өкілетті мекемелердің бұқарадан қол үзуін және басқаларын жояды.

Совет мемлекеті сайлау единицасы және мемлекеттің негізгі ұясы территориялық округ емес, ал өндірістік единица (завод, фабрика) болуымен де мемлекеттік аппаратты бұқарамен жақындатады.

Партияның міндеті осы бағыттағы бүкіл жұмысты жүргізе отырып, еңбекшілер бұқарасының практикада демократизмді барған сайын бұлжытпай және барған сайын толық жүзеге асыруы жолымен, әсіресе қызмет адамдарының жауапкершілігін және есеп беруін іске асыру жолымен өкімет органдарының еңбекшілер бұқарасымен одан әрі жақындаса беруіне қол жеткізу болып табылады.

6. Өзінің декларацияларына қарамастан, буржуазиялық демократия әскерді еңбекшілер бұқарасынан бөліп тастап және оны оларға қарсы қойып, солдаттар үшін саяси праволарды жүзеге асыруға мүмкіндік қалдырмай немесе оны қиындатып, әскерді дәулетті таптардың қаруына айналдырып отырғанда, Совет мемлекеті жұмысшылар мен солдаттарды олардың праволарының толық теңдігі және олардың мүдделерінің бірлігі негізінде өз органдарында, Советтерде біріктіреді. Партияның міндеті қарулы күштердің пролетариат пен жартылай пролетариаттың ұйымдарымен ажырамас байланысын

нығайта отырып, жұмысшылар мен солдаттардың Советтердегі осы бірлігін қорғау және дамыту болып табылады.

7. Еңбекшілер бұқарасының неғұрлым шоғырландырылған, біріктірілген, білім берілген және күресте шынықтырылған бөлегі ретінде қалалық өнеркәсіп пролетариатының бүкіл революциядағы басшылық ролі Советтердің пайда болуының өзінде де, сондай-ақ олардың өкімет органдары ретінде дамуының бүкіл барысында да көрінді. Мұның өзі біздің советтік Конституцияда деревнядағы анағұрлым бытыранды ұсақ буржуазиялық бұқарамен салыстырғанда өнеркәсіп пролетариатында кейбір артықшылықтар болуын сақтау арқылы бейнеленген.

РКП, деревнядағы социалистік ұйымдастыру ісінің қиындықтарымен тарихи байланысты бұл артықшылықтардың уақытша сипатын түсіндіре отырып, өнеркәсіп пролетариатының бұл жағдайын, жұмысшылар арасында капитализм тудырған цехтық және кәсіптік тар өрісті мүдделерге қарама-қарсы, алдыңғы қатарлы жұмысшыларға деревняның пролетарлары мен жартылай пролетарларының, сондай-ақ орта шаруалардың неғұрлым артта қалған және бытыранды бұқарасын жақынырақ қосуға мүлтіксіз және үнемі пайдалануға тырысуы тиіс.

8. Тек мемлекеттің советтік ұйымы арқасында ғана пролетариат революциясы ескі, буржуазиялық, чиновниктік және соттық мемлекеттік аппаратты бірден талқандап, түпкі негізіне дейін қирата алды. Алайда қалың бұқараның мәдени дәрежесінің айтарлықтай жоғары болмауы, жауапты орындарға бұқараның өз арасынан шығарған қызметкерлердің басқару ісінде қажетті дағдыларының жоқтығы, қиын жағдайларда ескі мектептен өткен мамандарды жедел іске тарту қажеттігі және қала жұмысшыларының ең жетілген тобын әскери жұмысқа жіберу советтік құрылыстың ішінде бюрократизмнің ішінара қайта туына әкеліп соқтырды.

Бюрократизмге қарсы мейлінше батыл күрес жүргізе отырып, РКП бұл кесапатты толық құрту үшін мына шаралардың жүзеге асырылуын қорғайды:

1. Советтің әрбір мүшесін мемлекетті басқару жөніндегі белгілі бір жұмысты атқаруға міндетті түрде тарту.

2. Бұл жұмыстар басқарудың барлық салаларын біртіндеп қамтитындай болуы үшін ол жұмыстарды үнемі алмастырып отыру.

3. Мемлекетті басқару жөніндегі жұмысқа біртіндеп еңбекші халықтың бәрін тегіс қатыстыру.

Париж Коммунасы түскен жолмен одан әрі ілгері басқан қадам болатын бұл шаралардың бәрін толық және жан-жақты жүзеге асыру және еңбекшілердің мәдени дәрежесін көтере отырып, басқару қызметін оңайлату мемлекеттік өкіметтің жойылуына қарай бастайды.

Ұлттық қатынастар саласында

9. Ұлт мәселесінде РКП мына қағидаларды басшылыққа алады:

1) Помещиктер мен буржуазияны құлату жолында бірлескен революциялық күрес жүргізу үшін түрлі ұлттардың пролетарлары мен жартылай пролетарларын жақындастыру саясаты ең басты міндет етіп қойылады.

2) Езілген елдердің еңбекшілер бұқарасы тарапынан бұл елдерді қанаған мемлекеттердің пролетариатына деген сенімсіздікті жою мақсатында қандай ұлттық топтардың болса да барлық және қандай болсын пұрсаттылықтарын жою қажет, ұлттардың тең праволылығы болуы керек, отарлардың және тең праволы емес ұлттардың мемлекет болып бөлінуге правосы бар екенін мойындау қажет.

3) Нақ сондай мақсаттарды көздеп, партия советтік тип бойынша ұйымдасқан мемлекеттердің федерациялық бірлестігін толық бірлікке жету жолындағы өтпелі формалардың бірі ретінде алға қояды.

4) Ұлттың бөлініп шығуға деген еркін білдіруші кім болуға тиіс деген мәселеге РКП тарихи-таптық көзқарас тұрғысынан қарайды—ол белгілі бір ұлт өзінің тарихи дамуының қай сатысында тұрғандығымен: орта ғасырлықтан буржуазиялық демократияға қарай беттеген жолда немесе буржуазиялық демократиядан совет-

тік немесе пролетарлық демократияға беттеген жолда және т. б. тұрғандығымен санасады.

Қалай дегенмен де, қанаушы ұлттар болған ұлттардың пролетариаты тарапынан езілген немесе тең праволы емес ұлттардың еңбекшілер бұқарасының ұлттық сезімдерінің сарқыншақтарына ерекше сақтық және айрықша ілтипат болуы қажет. Советтік Россияның төңірегіне бірқатар ұлттық Совет республикаларын біріктірудің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, халықаралық пролетариаттың ұлт жағынан әр текті элементтерінің шын мәнінде берік, ерікті бірлігі болуы үшін тек осындай саясат тұсында ғана жағдайлар жасалуы мүмкін.

Әскери салада

10. Партияның әскери саладағы міндеттері мынадай негізгі қағидалармен белгіленеді:

1) Империализм іріп-шіріген және азамат соғысы өрши бөретін заманда ескі армияны сақтап қалу да, таптан тысқары немесе жалпы ұлттық делінетін негізде жаңа армияны құру да мүмкін емес. Пролетарлық диктатураның қаруы ретінде Қызыл Армия қажет болғандықтан ашық таптық сипатта болуға тиіс, яғни ол тек қана пролетариаттан және шаруалардың оған жақын жартылай пролетарлық топтарынан жасақталуы тиіс. Мұндай таптық армия тек таптардың жойылуымен байланысты ғана бүкіл халықтық социалистік милицияға айналады.

2) Барлық пролетарлар мен жартылай пролетарларға әскери істі мейілінше кең көлемде үйрету және мектепте тиісті пәндерді оқытуды енгізу қажет.

3) Қызыл Армияны әскери оқыту және тәрбиелеу ісі таптық топтастыру және социалистік ағарту негізінде жүргізіледі. Сондықтан әскери бастықтармен қатар, сенімді және қажырлы коммунистерден саяси комиссарлардың тағайындалуы және ішкі идеялық байланыс пен саналы тәртіптің орнауы үшін әрбір бөлімде коммунистік ұялардың құрылуы қажет.

4) Ескі армияның құрылымына қарама-қарсы мыналар істелуі қажет: мүмкіндігінше қысқа мерзімді бірың-

ғай казармалық оқып-үйрену іске асырылсын, казармалар әскери және әскери-саяси мектептердің типіне жақындатылып, әскери жасақтардың фабрикалармен, заводтармен, кәсіптік одақтармен, деревня кедейлерінің ұйымдарымен мүмкіндігінше тығыз байланыс жасалуы керек.

5) Жас революциялық армияға қажетті ұйымдық байланыс пен тұрақтылық саналы жұмысшылар мен шаруалардың арасынан шыққан, алғашқы кезде төмен дәрежедегі болса да, командирлер құрамының көмегі арқылы ғана беріле алады. Сондықтан неғұрлым қабілетті және жігерлі әрі социализм ісіне берілген солдаттарды командирлік қызметтерге әзірлеу армияны құру ісіндегі аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

6) Соңғы дүние жүзілік соғыстың оперативтік және техникалық тәжірибесін мейлінше кең пайдалану және қолдану қажет. Осымен байланысты армияны ұйымдастыру ісіне және оған оперативтік басшылық жасау ісіне ескі армияның мектебінен өткен әскери мамандарды кеңінен тарту қажет. Осыдан келіп, армияға саяси басшылық және командирлер құрамына жан-жақты бақылау жасау ісін жұмысшы табының қолында шоғырландыру бұл жұмыстың қажетті шарты болып табылады.

7) Командирлер құрамы солдаттарды, солдаттар арқылы еңбекшілер бұқарасын таптық бағындыру аппараты ретінде іріктеп алынып, тәрбиеленетін буржуазиялық армия жөнінде орасан зор принциптік маңызы болған командирлер құрамын сайлап қою талабы таптық жұмысшы және шаруа Қызыл Армиясы жөнінде өзінің принциптік маңызынан мүлде айрылады. Революциялық таптық армияда сайлап қоюдың және тағайындаудың мүмкін болатын қиюласуы тек қана практикалық мақсаттар бойынша талап етіледі және мұның өзі армия бөлімдерінің жасақталу деңгейіне, топтасқандық дәрежесіне, командирлер кадрларының бар-жоғына және тағы сондайларға байланысты болады.

Сот саласында

11. Бүкіл өкіметті өзінің қолына алып және буржуазиялық үстемдіктің органдарын—бұрынғы құрылыстың соттарын,— бүтіндей таратып жіберіп, пролетарлық демократия «судьяларды халық сайлайды» деген буржуазиялық демократияның формуласы орнына «судьяларды еңбекшілерден тек қана еңбекшілер «сайлайды» деген таптық ұранды ұсынды, сөйтіп оны бүкіл сот ұйымдастыру ісінде жүзеге асырды, судьяларды сайлауда, сондай-ақ судьялардың міндетін атқаруда әйелдер мен еркектердің барлық праволарын бірдей етіп теңестірді.

Әділ сотты жүзеге асыруға пролетариат пен кедей шаруалардың ең қалың бұқарасын қатыстыру үшін ұдайы ауыстырылып отыратын уақытша судьялардың—заседательдердің сотқа қатысуы енгізілді, бұқаралық жұмысшы ұйымдары, кәсіптік одақтар және басқалар тізімдерді жасауға тартылды.

Толып жатқан инстанциялары бар, құрылымы әр түрлі бұрынғы соттардың көптеген орындары орнына біртұтас халықтық сотты құрып, Совет өкіметі соттың құрылымын жеңілдетті, оны халық үшін мүлде оңайлатты, сөйтіп істерді қараудағы созбұйдаға салушылықтың қандайын болса да жоятындай етті.

Құлатылған үкіметтердің заңдарын күшінен айырып, Совет өкіметі Советтер сайлайтын судьяларға пролетариаттың еркін жүзеге асырып отыруды, бұл үшін оның декреттерін қолдануды, ал ондай декреттер болмаса немесе олар жеткіліксіз болса, социалистік право санасын басшылыққа алуды жүктеді.

Осылайша ұйымдастырылған соттар жазалау саласында шартты түрде соттауды кең көлемде жүзеге асырып, қоғамдық сөгісті жаза ретінде қолданып, бас бостандығынан айыруды айыпкердің бостандығын сақтай отырып міндетті түрде еңбек етуімен алмастырып, түрмелерді тәрбие мекемелерімен алмастырып және жолдастық соттардың практикасын қолдануға мүмкіндік бере отырып, айыпкерді жазалаудың сипатын түбірінен өзгертті.

РКП, соттың нақ осы жолмен одан әрі дами беруін қорғай отырып, барлық еңбекшілердің судьялық міндеттерді атқаруға түгелдей қатыстырылуына және жазалау жүйесі біржолата тәрбие сипатындағы шаралар жүйесімен алмастырылуына жетуге тырысып отыруға тиіс.

Халық ағарту саласында

12. Халық ағарту саласында РКП 1917 жылғы Октябрь революциясынан кейін басталған мектептерді буржуазияның таптық үстемдігі құралынан қоғамның таптарға бөлінуін толық жою құралына, қоғамды коммунистік жолмен қайта өзгерту құралына айналдыру ісін ақырына дейін жеткізуді өзінің міндеті етіп қояды.

Пролетариат диктатурасы дәуірінде, ягни коммунизмді толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жагдайларды дайындау дәуірінде, мектеп жалпы алғанда коммунизмнің принциптерін жүзеге асырушы болып қана қоймауға тиіс, сонымен бірге коммунизмді біржолата орнатуға қабілетті ұрпақты тәрбиелеп өсіру мақсатында еңбекшілер бұқарасының жартылай пролетарлық және пролетарлық емес топтарына пролетариаттың идеялық, ұйымдық, тәрбиелік ықпалын жүргізуші де болуға тиіс. Қазіргі уақытта бұл жолдағы ең таяу міндет Совет өкіметі қазірдің өзінде орнатқан мектеп және ағарту ісінің мынадай негіздерін одан әрі дамыту болып табылады:

1) 17 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың бәріне тегін әрі міндетті түрде жалпы және политехникалық (өндірістің барлық басты салаларымен теория жүзінде және практика жүзінде таныстыратын) білім беру.

2) Қоғамдық тәрбиені жақсарту және әйелді кіріптарлықтан босату мақсатында мектепке дейінгі мекемелер жүйесін: яслилер, бақшалар, ошақтар және басқаларын жасау.

3) Сабақ беру ана тілінде жүргізілетін, ұлдар мен қыздар бірге оқытылатын, сөзсіз түрде азаматтық, ягни діни ықпалдың қандайынан болсын ада етілген, оқыту ісін қоғамдық өнімді еңбекпен тығыз байланыстыра

жүргізетін, коммунистік қоғамның жан-жақты жетілген мүшелерін даярлап шығаратын бірыңғай еңбек мектептерінің принциптерін толық жүзеге асыру.

4) Барлық оқушыларды мемлекет есебінен тамақпен, киіммен, аяқ киіммен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету.

5) Коммунизм идеялары бойына сіңген ағарту қызметкерлерінің жаңа кадрларын даярлап шығару.

6) Еңбекші халықты ағарту ісіне белсенді қатыстыру («халыққа білім беру советтерін» дамыту, сауаттыларды іске жұмылдыру, т. т.).

7) Жұмысшылар мен шаруалардың өздігінен білім алуына және өздігінен жетілуіне мемлекет тарапынан жан-жақты көмек көрсету (мектептен тысқары білім алу мекемелері жүйесін құру: кітапханалар, ересектерге арналған мектептер, халықтық үйлер мен университеттер, курстар, лекциялар, кинематографтар, студиялар және т. с. ашу).

8) Жалпы политехникалық білім берумен байланысты 17 жастан асқан адамдарға арнап кәсіптік білім беруді кеңінен дамыту.

9) Оқуға тілек білдіргендердің бәріне, ең алдымен жұмысшыларға жоғары мектептің аудиторияларына есікті кеңінен ашу; жоғары мектепте оқытушылық қызметке онда оқытуға қабілеті бар адамдардың бәрін тарту; жас ғылыми күштер мен кафедра арасындағы жасанды кедергілердің бәрін және қандайын болса да жою; пролетарлар мен шаруалардың жоғары мектепті іс жүзінде пайдалануына мүмкіндік беру мақсатында оқушыларды материалдық жағынан қамтамасыз ету.

10) Сонымен бірге, еңбекшілердің еңбегін қанау арқылы жасалған және осы уақытқа дейін тек қана қанаушылардың қарамағында болып келген өнердің барлық қазынасына еңбекшілер үшін есік ашылып, бұған олардың қолы жететін болуы қажет.

11) Коммунистік идеяларды мейлінше кең насихаттауды дамыту және бұл мақсат үшін мемлекеттік өкіметтің аппараты мен құралдарын пайдалану.

Діни қатынастар саласында

13. Дінге көзқарас саласында РКП шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу жөнінде шығарылған декреттермен, яғни буржуазиялық демократия өзінің программаларында алға қоятын, бірақ капиталдың діни насихатпен іс жүзіндегі алуан түрлі байланыстары арқасында дүние жүзінде еш жерде ақырына дейін жеткізілмеген шаралармен қанағаттанып қалмайды.

РКП бұқараның бүкіл қоғамдық-шаруашылық қызметінде жоспарлылық пен саналылықты жүзеге асыру ғана діни соқыр сенімдердің толық құрып бітуіне жеткізе алады деген сенімді басшылыққа алады. Партия қанаушы таптар мен діни насихат ұйымдарының арасындағы байланысты толық күйретуге, ғылыми-ағарту насихаты мен дінге қарсы насихатты мейлінше кеңінен ұйымдастыра отырып, еңбекші бұқараны діни соқыр сенімдерден іс жүзінде азат етуге тырысады. Бұл ретте дінге сенетін адамдардың сезімін қорлау атаулының қандайынан болса да сергектікпен аулақ болу керек, өйткені ондай қорлау тек діни фанатизмді нығайтуға ғана әкеліп соқтырады.

Экономикалық салада

1. Буржуазияны экспроприациялау, өндіріс пен айналыс құрал-жабдықтарын Совет республикасының меншігіне айналдыру, яғни барлық еңбекшілердің ортақ меншігіне айналдыру жөнінде басталған жұмысты, қазірдің өзінде ең бастылары және ең негізгілері істеліп болған жұмысты бұлжытпай жалғастыра беру және ақырына дейін жеткізу.

2. Елдің өндіргіш күштерін ұдайы арттыра беруді Совет өкіметінің бүкіл шаруашылық саясатын белгілеп беретін басты және негізгі міндет ретінде қою керек. Елдің аса ауыр күйзелісті бастан кешіріп отыруы себепті практикалық мақсатқа—халыққа ең қажет азықтүлік мөлшерін дереу және қайткен күнде де көбейтуге—басқа жұмыстың бәрі бағындырылуға тиіс. Халық шаруашылығымен байланысты әрбір совет мекемесінің

жұмысындағы табыстар осы саладағы практикалық нәтижелермен өлшенуге тиіс.

Мұның өзінде ең алдымен мыналарға назар аударылуы керек:

3. Империалистік шаруашылықтың ыдырауы советтік құрылыстың алғашқы дәуіріне өндірісті ұйымдастыру мен басқаруда белгілі бір былықтың болуын мұра етіп қалдырды. Осы себепті — түбегейлі міндеттердің бірі ретінде—елдің бүкіл шаруашылық қызметін біртұтас жалпы мемлекеттік жоспар бойынша ұйымдастыру талап етіледі; өндірісті жеке салалар және салалар топтары бойынша біріктіру және оны ең таңдаулы өндірістік единицаларда шоғырландыру мағынасында және шаруашылық міндеттерді орындаудың шапшаңдығы мағынасында алғанда өндірісті неғұрлым көп орталықтандыру талап етіледі; барлық өндірістік аппаратты неғұрлым көбірек дұрыс жолға қою, елдің барлық материалдық ресурстарын тиімді және үнемді пайдалану талап етіледі.

Сонымен бірге басқа халықтармен экономикалық ынтымақтастықты және саяси байланыстарды ұлғайтуға қамқорлық жасау қажет, мұның өзінде олардың ішінен советтік құрылысқа көшкендерімен бірыңғай шаруашылық жоспар жасауға ұмтылу керек.

4. Ұсақ және майдагерлік өнеркәсіп жөнінде майдагерлерге мемлекеттік заказдар беру жолымен бұл өнеркәсіпті кеңінен пайдалану қажет; майдагерлік және ұсақ өнеркәсіпті шикізатпен және отынмен жабдықтаудың жалпы жоспарына енгізу, сондай-ақ жеке майдагерлер, майдагерлік артельдер, өндіргіш кооперативтер мен ұсақ кәсіпорындар анағұрлым ірі өндірістік және өнеркәсіптік единицаларға біріктірілген жағдайда оны финанс жағынан қолдап отыру керек; мұндай бірлестіктерді оларға басқа шаралармен қатар майдагерлердің ұсақ өнеркәсіпшілерге айналуға тырысқан әрекетін іске асыртпауға және өндірістің осы артта қалған формаларының анағұрлым жоғары, ірі машиналы индустрияға қиындықсыз отуіп қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық артықшылықтар беру жолымен көтермелеп отыру керек.

5. Қоғамдастырылған өнеркәсіптің ұйымдық аппараты ең алдымен кәсіптік одақтарға арқа сүйеуі тиіс. Олар цехтық тар өрістіліктен біртіндеп арыла беруі және өндірістің белгілі бір саласындағы еңбекшілердің көпшілігін, бірте-бірте барлығын тегіс қамтитын ірі өндірістік бірлестіктерге айналуы қажет.

Совет республикасының заңдарына және орныққан практикаға сәйкес, өнеркәсіпті басқарудың барлық жергілікті және орталық органдарына қатысушылар бола отырып, кәсіптік одақтар бірыңғай тұтас шаруашылық ретінде бүкіл халық шаруашылығын басқаруды іс жүзінде түгелдей өзінің қолында шоғырландыруға жетуге тиіс. Сонымен, орталық мемлекеттік басқарудың, халық шаруашылығының және еңбекшілердің қалың бұқарасының арасында ажырағысыз байланысты қамтамасыз ете отырып, кәсіптік одақтар шаруашылықты жүргізу жөніндегі тікелей жұмысқа еңбекшілер бұқарасын мейлінше кең көлемде тартуы керек. Кәсіптік одақтардың шаруашылықты жүргізуге қатысуы және олардың бұл іске қалың бұқараны тартуы сонымен бірге Совет өкіметінің экономикалық аппаратының бюрократтануына қарсы күресудің басты құралы болып табылады, сөйтіп ол өндірістің нәтижелеріне шын халықтық бақылаудың қойылуына мүмкіндік береді.

6. Халық шаруашылығын жоспарлы түрде өркендету мақсатында қажет болатын мемлекеттегі қолда бар жұмыс күшін барынша толық пайдалану, түрлі территориялық облыстар арасында, сондай-ақ халық шаруашылығының түрлі салалары арасында ол күшті дұрыс бөлу және қайта бөлу Совет өкіметінің шаруашылық саясатының ең таяудағы міндеті болуға тиіс, ал бұл міндетті ол тек кәсіптік одақтармен тығыз бірлесіп қимыл жасағанда ғана жүзеге асыра алады. Белгілі бір қоғамдық жұмыстарды орындау үшін кәсіптік одақтардың қатысуымен Совет өкіметінің еңбекке жарамды халықтың бәрін жаппай іске жұмылдыруы осы уақытқа дейінгіден гөрі әлдеқайда кең және жүйелі түрде қолданылуға тиіс.

7. Еңбекті капиталистік жолмен ұйымдастырудың берекесі кеткен жағдайда елдің өндіргіш күштерінің

қалпына келтірілуі және дамытылуы, ал социалистік өндіріс әдісінің нығайтылуы тек еңбекшілердің жолдастық тәртібі, олардың барынша дербес әрекет етуге қабілеттілігі, еңбектің жемістілігіне жауапкершілікті түсінуі және оны өзара қатаң бақылауы негізінде ғана мүмкін.

Бұл мақсатқа жету бұқараны қайта тәрбиелеу жолында табандылықпен, ұдайы жұмыс істеуді талап етеді, бұқара капиталистің, помещиктің және көпестің тайдырылғанын іс жүзінде көріп отыр және өздерінің әл-ауқат дәрежесі тек олардың өз еңбегінің тәртіптілігіне ғана байланысты болады деген сенімге практика жүзіндегі тәжірибесінде көздерін жеткізіп отыр, ал мұның өзі қайта тәрбиелеу жұмысын жеңілдете түседі.

Жаңа, социалистік тәртіпті орнатудағы бұл жұмыста ең басты роль кәсіптік одақтардың үлесіне тиеді. Кәсіптік одақтар ескі шаблоннан қол үзе отырып, бұл мақсатты жүзеге асыру үшін практикада әр түрлі шараларды, атап айтқанда: есеп беріліп отырылуын енгізуді, жұмыс нормаларын тағайындауды, арнаулы жолдастық жұмысшы соттары және т. б. алдында жауап беруді қолданып, сынап көруге тиіс.

8. Өндіргіш күштерді дамытудың нақ осы міндеті бізге ғылым мен техниканың капитализм мұраға қалдырған мамандарын, көп жағдайларда буржуазиялық дүние таным мен дағдылар бұлардың бойына сөзсіз сіңген болса да, дереу, кеңінен және жан-жақты пайдалануды талап етеді. Партия бұл топтың ұйымдасқан түрде саботаж жасауынан туған, осы топқа қарсы қатал күрес жүргізу кезеңі аяқталды деп есептейді, өйткені жалпы алғанда бұл саботаж тойтарылды. Кәсіптік бірлестіктерімен тығыз одақтаса отырып, партия өзінің бұрынғы бағытын жүргізе беруге тиіс: бір жағынан, осы буржуазиялық топқа титтей де саяси жеңілдік бермеуге, оның контрреволюциялық әрекеттерінің қандайын болса да аяусыз жаныштап отыруға тиіс, ал екінші жағынан, буржуазиялық мамандардан үйренбей-ақ, оларды пайдаланбай-ақ, олармен қатар отырып жұмыс істеудің ұзақ мектебінен өтпей-ақ еңбекшілер капитализмді және буржуазиялық құрылысты жеңе алады

дейтін жалған радикалдық, іс жүзінде надан пікірге қарсы да аяусыз күрес жүргізуге тиіс.

Еңбек атаулының қандайына болса да төленетін ақыны тең етуге және толық коммунизмге қарай ұмтыла отырып, Совет өкіметі бұл теңдікті қазіргі уақытта, капитализмнен коммунизмге өту жолында тек алғашқы қадамдар ғана жасалып жатқан кезде, дереу жүзеге асыруды өзіне міндет етіп қоя алмайды. Сондықтан мамандар бұрынғыға қарағанда жұмысты жаман істемей, қайта жақсы істейтін болуы үшін оларға неғұрлым жоғары ақы төлеуді белгілі бір уақытқа дейін әлі сақтай тұру қажет және дәл осы мақсат үшін неғұрлым жемісті және әсіресе ұйымдастырушылық жұмысы үшін сыйлықтар беру жүйесінен де бас тартуға болмайды.

Сонымен қатар буржуазиялық мамандардың саналы коммунистер басшылық ететін қатардағы жұмысшылар бұқарасымен қоя ұстасқан жолдастық ортақ еңбек жағдайында болуын көздеу қажет, сөйтіп капитализм ажыратқан дене еңбегі мен ой еңбегі қызметкерлерінің өзара түсінісіп, жақындасуына көмектесу қажет.

9. Совет өкіметі ғылымды дамытуға және оны өндіріспен жақындастыруға бағытталған бірсыпыра шараларды: жаңа ғылыми-қолданбалы институттардың, лабораториялардың, сынақ станцияларының, жаңа техникалық әдістерді, жетілдірулерді және өнер табуды тексеру жөніндегі тәжірибелік өндірістердің тұтас жүйелерін жасауды, барлық ғылыми күштер мен құралдарды және т. б. есепке алу мен ұйымдастыруды — қазірдің өзінде қолданып отыр. РКП осы шаралардың бәрін қолдай отырып, оларды одан әрі дамытуға және ғылыми жұмысты елдің өндіргіш күштерін өрге бастырумен байланыстыра отырып бұл жұмысқа неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылады.

Ауыл шаруашылығы саласында

10. Жерге жеке меншікті толық жою ісін жүзеге асыра отырып, Совет өкіметі социалистік ірі егіншілікті ұйымдастыруға бағытталған бірқыдыру шаралар жүргізуге қазірдің өзінде-ақ көшті. Мұндай шаралардың ең

маңыздылары мыналар: 1) советтік шаруашылықтар, яғни социалистік ірі экономиялар ұйымдастыру; 2) жерді қоғамдасып өңдеу үшін құрылатын қоғамдарды, сондай-ақ серіктіктерді қолдау; 3) егін егілмеген жерлердің бәріне, ол жерлер кімдікі болса да, мемлекеттік егін егуді ұйымдастыру; 4) ауыл шаруашылығының мәдениетін көтеру жолында мықты шаралар қолдану үшін барлық агрономиялық күштерді мемлекеттік көлемде іске жұмылдыру; 5) егіншілердің ірі ортақ шаруашылық жүргізу үшін нағыз ерікті одақтары ретінде ауыл шаруашылық коммуналарын қолдау.

Осы шаралардың бәрін егіншіліктегі еңбектің мейлінше қажет болып отырған өнімділігін көтерудің бірденбір жолы деп қарай отырып, РКП бұл шараларды мүмкіндігінше толық жүзеге асыруға тырысады, оларды еліміздің неғұрлым артта қалған облыстарына таратуға және нақ сол бағытта бұдан былай да ілгері басуға тырысады.

РКП әсіресе мына шараларды қорғайды:

1) ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеумен шұғылданатын ауыл шаруашылық кооперациясын мемлекеттің барынша қолдап отыруы;

2) кең көлемде жүргізілген мелиорация жүйесі;

3) кедей және орта шаруаларды прокат пункттері арқылы құрал-сайманмен кең және жоспарлы түрде жабдықтау.

РКП, ұсақ шаруа шаруашылығы әлі ұзақ уақыт өмір сүретіндігімен санаса отырып, шаруа шаруашылығының өнімділігін арттыруға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асыруға күш салады. Ондай шаралар мыналар: 1) шаруалардың жерді пайдалануын реттеу (аралас танаптылықты, шұбатылған жерлерді және басқаларын жою және т. с.); 2) шаруаларды жақсы тұқыммен және жасанды тыңайтқыштармен жабдықтау; 3) шаруа малының тұқымын асылдандыру; 4) агрономиялық білімдерді тарату; 5) шаруаларға агрономиялық көмек көрсету; 6) шаруаның ауыл шаруашылық құрал-сайманын совет жөндеу шеберханаларында жөндеу; 7) прокат пункттерін, тәжірибе станцияларын, өнегелі егістіктер-

ді және т. б. ұйымдастыру; 8) шаруа жерлерін мелиорациялау.

11. Деревняның шаруашылық және мәдениет жағынан артта қалғандығының ең терең негіздерінің бірі — қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық болып отырғандықтан, ал қазіргі сияқты соншама асқынған дағдарыс заманында бұл қарама-қарсылық қаланы да, деревняны да тікелей азғындау және апатқа ұшырау қатеріне соқтыратын болғандықтан, РКП коммунистік құрылыстың түбегейлі міндеттерінің бірі осы қарама-қарсылықты жою деп біледі, сондықтан жалпы шаралармен қатар өнеркәсіп жұмысшыларын егіншіліктегі коммунистік құрылысқа кеңінен және жоспарлы түрде қатыстыру қажет, осы мақсат үшін Совет өкіметі қазірдің өзінде ұйымдастырып отырған жалпы мемлекеттік «Жәрдемдесу жөніндегі жұмысшы комитетінің» және сондайлардың жұмысын ілгері бастыру қажет деп есептейді.

12. РКП деревнядағы өзінің бүкіл жұмысында бұрынғыша деревняның пролетарлық және жартылай пролетарлық топтарына сүйенеді, оларды ең алдымен дербес күшке ұйымдастырып, деревняда партия ұяларын, кедейлер ұйымдарын, деревняның пролетарлары мен жартылай пролетарларының кәсіптік одақтарының ерекше типін және т. б. құрады, оларды қала пролетариатымен барған сайын жақындастырады, сөйтіп оларды деревня буржуазиясы мен ұсақ меншікшілдік мүдделердің ықпалынан босатады.

РКП-ның кулактар жөніндегі, деревня буржуазиясы жөніндегі саясаты олардың қанаушылық әрекеттеріне қарсы батыл күрес жүргізу, олардың советтік саясатқа қарсылығын жаныштау болып табылады.

РКП-ның орта шаруалар жөніндегі саясаты — оларды социалистік құрылыс жұмысына біртіндеп және жоспарлы түрде тарту. Оларды кулактардан айыруды, олардың артта қалғандығына қарсы әсте жаныштау шаралары арқылы емес, ал идеялық әсер ету шаралары арқылы күресе отырып, олардың өмірлік мүдделеріне қатысты жағдайлардың бәрінде де олармен практикалық келісімге келуге тырыса отырып, социалистік қайта құрылысты

жүргізу әдістерін белгілеуде оларға кеңшілік жасай отырып, олардың қажеттеріне зер сала қарау арқылы оларды жұмысшы табының жағына тартуды партия өзіне міндет етіп қояды.

Бөліс саласында

13. Бөліс саласында Совет өкіметінің міндеті қазіргі уақытта мынадай: сауданы жоспарлы түрде, жалпы мемлекеттік көлемде ұйымдастырылған өнімдерді бөлумен ауыстыру ісін үздіксіз жүргізе беру. Мұндағы мақсат — бүкіл халықты тұтынушылар коммуналарының біртұтас жүйесіне ұйымдастыру, бұл коммуналар бүкіл бөліс аппаратын қатаң түрде орталықтандыра отырып, барлық қажетті өнімдерді мейлінше тез, жоспарлы түрде, үнемділікпен, еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып бөлуге қабілетті болуға тиіс.

Тұтынушылар коммуналарының және олардың бірлестіктерінің негізі етіліп тұтынушылардың ең ірі ұйымы және жаппай бөлістің капитализм тарихы неғұрлым толық әзірлеген аппараты болып саналатын қазіргі бар жалпы азаматтық және жұмысшы кооперациясы алынуға тиіс.

Кооперативтік аппаратты лақтырып тастауды емес, қайта оны бұдан былай осы сияқты коммунистік жолмен дамытуды принципті түрде бірден-бір дұрыс жол деп есептей отырып, РКП өз саясатын үздіксіз жүргізе беруге тиіс: партияның барлық мүшелерін кооперативтерде жұмыс істеуге міндеттеуге, кооперативтерді тағы да сол кәсіптік одақтардың көмегімен коммунистік рухта бағыттап отыруға, кооперативтерге біріктірілген еңбекші халықтың дербес әрекет етушілігі мен тәртібін дамытуға, бүкіл халықты кооперативтермен қамтуға және бұл кооперативтердің бірыңғай, жоғарыдан төменге дейін, бүкіл Совет республикасын қамтитын кооперативке бірігуін қамтамасыз етуге қол жеткізуге тиіс: ақырында, мұның өзі ең басты нәрсе,— еңбекшілердің басқа топтарына пролетариаттың басым ықпал жүргізуін ұдайы қамтамасыз етіп отыру қажет және барлық жерде де практика жүзінде әр алуан шараларды сынап көру қа-

жет, мұндай шаралар ескі, капиталистік типтегі ұсақ буржуазиялық кооперативтерден пролетарлар және жартылай пролетарлар басқаратын тұтынушылар коммуналарына көшуді жеңілдетіп, жүзеге асырып отыруға тиіс.

Ақша және банк ісі саласында

14. Париж Коммунасының қателіктеріне жол бермей, Совет өкіметі Россияда мемлекеттік банкті бірден қолына алды, одан соң жеке меншіктегі коммерциялық банктерді национализациялауға көшті, национализацияланған банктерді, жинақ кассаларын және казначейліктерді мемлекеттік банкпен біріктіруге кірісті, сөйтіп бұл арқылы Совет республикасының біртұтас халықтық банкінің негізін қалады және банкті финанс капиталының экономикалық үстемдігінің орталығынан және қанаушылардың саяси үстемдігінің құралынан жұмысшы өкіметінің құралына және экономикалық төңкерістің тұтқасына айналдырды. Совет өкіметі бастаған жұмысты ақырына дейін одан әрі дәйекті түрде жүргізе беруді өзіне мақсат етіп қоя отырып, РКП мына принциптерді бірінші кезекке қояды:

1) бүкіл банк ісін Совет мемлекетінің қолында монополияландыру;

2) банк аппаратын Совет республикасының бірыңғай үлгідегі есеп және ортақ есеп-қисап аппаратына айналдыру жолымен банк операцияларын батыл түрде өзгерту және жеңілдету. Жоспарлы қоғамдық шаруашылықтың ұйымдастырылуына қарай бұл банктің жойылуына және оның коммунистік қоғамның орталық бухгалтериясына айналуына жеткізеді.

15. Капитализмнен коммунизмге өтудің алғашқы кезінде, коммунистік өндіріс пен өнімдерді бөлу әлі толық ұйымдастырылмай тұрғанда, ақшаны жойып жіберу мүмкін емес. Мұндай жағдайда халықтың буржуазиялық элементтері жеке меншікте қалып отырған ақша знактарын жалдаптық жасау, баю және еңбекшілерді тонау мақсаттарына одан әрі пайдаланып отырады. Банктерді национализациялауға сүйене отырып, РКП ақшасыз есеп айыру саласын кеңейтетін және ақшаның

жойылуын дайындайтын бірқатар шараларды жүзеге асыруға тырысады, ол шаралар мыналар: ақшаны міндетті түрде халықтық банкте ұстау; бюджет кітапшаларын енгізу, ақшаны чектермен, азық-түлікті алуға право беретін қысқа мерзімдік билеттермен ауыстыру және т. б.

Финанс саласында

16. Капиталистерден экспроприацияланған өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастыру басталып отырған шамада мемлекеттік өкімет өндіріс процесінен жоғары тұрған паразиттік аппарат болудан қалады; ол елдің экономикасын басқару қызметін тікелей атқаратын ұйымға айнала бастайды, сол себептен де мемлекеттік бюджет тұтас алғанда бүкіл халық шаруашылығының бюджетіне айналады.

Мұндай жағдайларда кірістер мен шығыстарды балансқа келтіріп отыру тек мемлекет өнімдерді жоспарлы түрде өндіруді және бөлуді дұрыс жолға қойғанда ғана мүмкін болады. Ал өтпелі замандағы тікелей мемлекеттік шығындардың орнын толтыруға келетін болсақ, онда РКП социалистік революцияның алғашқы кезінде тарихи қажет және заңды болған капиталистерден алынатын контрибуция жүйесінен үдемелі табыс салығы мен мүлік салығына көшуді қорғайтын болады. Дәулетті таптарды экспроприациялаудың кең көлемде жүргізілуі себепті бұл салықтың дәурені өтіп бара жатқандықтан, мемлекеттік шығындардың орнын толтыру түрлі мемлекеттік монополиялардан түсетін табыстардың бір бөлегін мемлекет табысына тікелей айналдыруға негізделуі тиіс.

Тұрғын үй мәселесі саласында

17. Әсіресе соғыс кезеңінде қиындай түскен тұрғын үй мәселесін шешуге тырыса отырып, Совет өкіметі капиталистік үй иелерінің барлық үйлерін толық экспроприациялап, оларды қалалық Советтерге берді; жұмысшыларды қаланың шетінен буржуазияның үйлеріне жаппай көшіріп кіргізуді жүзеге асырды; ең таңдаулы үйлерді жұмысшы ұйымдарына беріп, ол үйлерді ұстау-

га жұмсалатын шығынды мемлекет мойнына алды; жұмысшы семьяларын мебельмен және т. б. қамтамасыз етуге кірісті.

РКП-ның міндеті мынада: жоғарыда көрсетілген жолмен алға басып және капиталист емес үй иелерінің мүдделеріне нұқсан келтірместен барлық күшті жұмсай отырып, еңбекшілер бұқарасының тұрғын үй жағдайларын жақсартуға тырысу керек; ескі кварталдардағы аса тығыздықты және санитарлық тазалықтың жоқтығын жоюға, жарамсыз үйлерді құлатып тастауға, ескі үйлерді жөндеп қайта салуға, жұмысшы бұқара тұрмысының жаңа жағдайларына сәйкес келетін жаңа үйлер салуға, еңбекшілерді тиімді түрде орналастыруға тырысу қажет.

Еңбек қорғау
және әлеуметтік қамсыздандыру саласында

Пролетариат диктатурасы орнатылғаннан кейін социалистік партиялардың еңбек қорғау саласындағы программа-минимумын толық жүзеге асыруға бірінші рет мүмкіндік туды.

Совет өкіметі мына шараларды заң жүзінде іске асырды және «Еңбек туралы заңдардың кодексінде» баянды етті: барлық еңбекшілер үшін ең ұзақ жұмыс уақыты ретінде 8 сағаттық жұмыс күні белгіленді, мұның өзінде 18 жасқа толмаған адамдарға, өндірістің ерекше зиянды салаларында, сондай-ақ жер астында істейтін кенші жұмысшыларға да жұмыс күні 6 сағаттан аспауға тиіс; барлық еңбекшілер үшін апта сайын 42 сағаттық үзіліссіз демалыс белгіленді; жалпы ереже ретінде, мерзімнен тыс жұмыс істеуге тыйым салынды; балалар мен 16 жасқа дейінгі жасөспірімдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынды; барлық әйелдерге және 18 жасқа толмаған еркектерге түнде жұмыс істеуге және аса зиянды салаларда жұмыс істеуге, сондай-ақ мерзімнен тыс жұмыс істеуге тыйым салынды; әйелдер босанғанға дейін 8 апта және босанған соң 8 апта бойы жұмыстан босатылады, бұл уақыт ішінде толық табысы сақталынады, тегін дәрігерлік көмек көрсетіледі, дәрі-дәрмек беріледі және жұмысшы әйелдерге әрбір 3 сағат сайын баланы

емізуге жарты сағат уақыт беріледі, емшекте баласы бар аналарға қосымша жәрдем көрсетіледі; еңбек инспекциясы және кәсіптік одақтардың советтері сайлайтын санитарлық инспекция тағайындалады.

Совет өкіметі басқаның еңбегін қанамайтын барлық еңбекшілерді еңбекке жарамдылықтан айрылудың барлық түрлерінен толық әлеуметтік қамсыздандыруды заң жүзінде іске асырды және — дүние жүзінде тұңғыш рет — жалдаушылар мен мемлекет есебінен, қамсыздандырушылар толық өзін өзі басқаратын жағдайда және кәсіптік одақтар кеңінен қатыстырылатын жағдайда, жұмыссыздықтан құтқарды.

Ол ол ма, Совет өкіметі кейбір жағынан программа-минимумнан да асып түсті, сөйтіп әлгі «Еңбек туралы заңдардың кодексінде» жұмысқа жалдау және жұмыстан босату туралы мәселелерді шешуге жұмысшы ұйымдарының қатысуын белгіледі; кемінде бір жыл үзіліссіз жұмыс істеген барлық еңбекшілер үшін жалақысы сақталынатын бір айлық демалыс тағайындады; кәсіптік одақтар жасайтын тарифтерге сүйене отырып, мемлекет жалақыны реттеп отырады; белгілі бір органдар, атап айтқанда Советтердің және кәсіптік одақтардың жанындағы жұмыс күшін бөлу және есепке алу бөлімдері жұмыссыз қалғандарға жұмыс беруге міндетті.

Бірақ соғыс тудырған аса күшті күйзеліс және дүние жүзілік империализмнің тегеуріні Совет өкіметін мынадай шегіністер жасауға мәжбүр етті: ерекше жағдайларда мерзімнен тыс жұмыс істетуді қолдануға рұқсат етіледі, бірақ ол жылына 50 күннен аспауға тиіс; 14 жастан 16 жасқа дейінгі жасөспірімдердің еңбек етуіне рұқсат етіледі, бірақ олардың жұмыс күні 4 сағаттан аспауы керек. Уақытша 1 айлық демалыстың орнына 2 апталық демалыс беріледі; түнгі жұмыс мерзімін 7 сағатқа дейін ұзартуға рұқсат етіледі.

РКП еңбек қорғау саласындағы барлық шараларды жігерлі түрде жүзеге асыруға еңбекшілердің өздерін белсенді қатыстыруға бағытталған насихатты кеңінен жүргізуге тиіс, бұл үшін мыналар жүзеге асырылуы қажет:

1) бұл мақсат үшін жұмысшылардың өздерінің арасынан белсенді қызметкерлерді іріктеп алу және даярлау жолымен еңбекті ұйымдастыру және оны инспекциялауды кеңейту жөніндегі, мұны ұсақ және үй өнеркәсібіне қолдану жөніндегі жұмыс күшейтілсін;

2) еңбек қорғау жұмыстың барлық түрлеріне (құрылыс жұмысшыларына, құрылықтағы және су транспортына, үй қызметшілеріне және ауыл шаруашылық жұмысшыларына) қолданылсын;

3) жасы жетпегендер жұмыстан біржолата босатылсын және жасөспірімдердің жұмыс уақыты одан әрі қысқартылатын болсын.

Мұнымен бірге, РКП мыналарды өзіне міндет етіп қоюға тиіс:

1) бұдан былайғы жерде, еңбек өнімділігі жалпы арттырылған жағдайда, еңбекке төленетін ақы кемітілместен жұмыс күнінің ең жоғары мөлшері 6 сағат болып белгіленуге тиіс, сөйтіп еңбекшілер, бөлек ақы төленуін талап етпей, мұның сыртында 2 сағат уақытын қолөнері мен өндіріс теориясына, мемлекеттік басқару ісі мен әскери өнерге практикалық жағынан үйренуге міндеттеме алуға тиіс;

2) еңбек өнімділігін арттырғаны үшін сыйлық берудің көтермелеу жүйесін енгізу керек.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласында РКП соғыстың және стихиялық апаттардың құрбандықтарына ғана емес, сонымен бірге қоғамдық қатынастардың зардаптары құрбандықтарына да мемлекет тарапынан кеңінен көмек беруді ұйымдастыруға тырысады, арамтамақтық пен жатып ішерліктің қандайына болса да қарсы батыл күрес жүргізеді және еңбек жолынан тайып кеткен әрбір адамды еңбекпен өмір сүруге қайтаруды өзіне міндет етіп қояды.

Халықтың денсаулығын сақтау саласында

РКП ең алдымен аурулардың өршуінің алдын алу мақсатын көздейтін кең көлемді сауықтыру және санитарлық шараларды жүзеге асыруды халықтың денсаулығын сақтау саласындағы өз қызметінің негізі етіп ала-

ды. Пролетариат диктатурасы буржуазиялық қоғам шеңберінде жүзеге асырылмайтын бірсыпыра сауықтыру және емдеу шараларын: аптека ісін, жеке меншіктегі ірі емдеу мекемелерін, курорттарды национализациялауды, медицина жұмыс күштерінің еңбек міндеткерлігін және т. б. жүзеге асыруға қазірдің өзінде мүмкіндік беріп отыр.

Осыған сәйкес РКП мыналарды өзіне ең таяудағы міндет етіп қойды:

1) еңбекшілердің мүдделері үшін кең көлемді санитарлық шараларды батыл түрде жүзеге асыру керек, бұл шаралар мынадай:

а) елді мекендерді сауықтыру (топырақты, суды және ауаны қорғау);

б) қоғамдық тамақтандыруды ғылыми-гигиеналық негізге қою;

в) жұқпалы аурулардың өршуіне және таралуына жол бермейтін шараларды ұйымдастыру;

г) санитарлық заңдарды жасау;

2) әлеуметтік ауруларға (туберкулезге, соз ауруына, алкоголизмге және т. б.) қарсы күресу;

3) жалпы жұрттың қолы жете алатын, тегін және мамандандырылған емдік және дәрі-дәрмектік көмекпен қамтамасыз ету.

В. И. ЛЕНИН
РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

РКП(б) VIII СЪЕЗІ ҚАБЫЛДАҒАН РОССИЯ КОММУНИСТІК (БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫ

РКП(б) программасының жобасын партияның VII съезінде құрылған комиссия В. И. Лениннің басшылығымен жасады. Сонымен бірге В. И. Ленин РКП(б) VIII съезінің программалық комиссиясының председателі болды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Ленин жазған программа бөлімдерінің жобалары және оның қосымшалары мен түзетулері енгізілген бөлімдердің жобалары, сондай-ақ «Россия коммунистік (большевиктер) партиясы программасының» В. И. Ленин белгілер салған және түзетулер енгізген екінші корректурасы сақтаулы.

ДЕРЕВНЯДАҒЫ САЯСИ НАСИХАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-АҒАРТУ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ РКП(б) VIII СЪЕЗІНІҢ ҚАРАРЫ

В. И. Лениннің съезд 1919 ж. 23 мартта бекіткен бұл қарарды редакциялауға қатысқаны туралы А. В. Луначарскийдің естеліктерінде айтылады. («На путях к новой школе», 1924, № 1, 7—14-беттер; «Ұлы төңкеріс», I бөлім, 1919, 72-бет).

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҮНДЕУЛЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ

РОССИЯ КОММУНИСТІК (БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ СОВЕТТІК РОССИЯ ШАРУАЛАРЫНА ҮНДЕУІНІҢ ЖОБАСЫ. *1919 ж., 7 апрельден кешірек.*

ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫ БАСҚАРУ МЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ, СОВЕТТІК РОССИЯ МЕН УКРАИНАНЫҢ ТРАНСПОРТЫН БАСҚАРУДЫҢ БІРЛІГІН БҰЛЖЫТПАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАЖЕТТІГІ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ. *8 апрель, 1919 ж.*

СОЛТҮСТІК-БАТЫС ГУБЕРНИЯЛАРЫНЫҢ КОММУНИСТЕРІ МЕН ЖҰМЫСШЫЛАРЫН ПЕТРОГРАД МАЙДАНЫНА МОБИЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ. *21 май, 1919 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде үндеулер мен аталған қаулылардың В. И. Ленин түзету енгізген жобалары сақтаулы.

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ТҰТЫНУШЫЛАР КОММУНАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *16 март, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАМАНДАРЫН МОБИЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *20 март, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ В. И. ТАНЕЕВКЕ ПЕНСИЯ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *25 март, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ КОСТРОМА, ВЛАДИМИР, ПЕТРОГРАД ЖӘНЕ БАСҚА ГУБЕРНИЯЛАРДА ФИНН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУЫ ҮШІН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАРЖЫ БОСАТУЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *1 апрель, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ РОССИЯ ҚЫЗЫЛ КРЕСТ ҚОҒАМЫНА ДЕРБЕС САТЫП АЛУ ПРАВОСЫН БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *7 апрель, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ АТТАРДЫҢ ЕСЕБІН АЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *7 апрель, 1919 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *9 апрель, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *10 апрель, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ САЛ АҒЫЗУДА ІСТЕЙТІН ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ СЫЙЛЫҚТАР БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *10 апрель, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ САЛ АҒЫЗЫЛАТЫН ОРЫНДАРҒА АРНАЛҒАН АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ЖӘНЕ БАСҚА ЖҮКТЕРДІҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *10 апрель, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АСТЫҚ ТАСУДЫ КҮШЕЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕДЕЛ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК

ЖОСПАРЛАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *12 апрель, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДӘРІГЕР-ӘЙЕЛДЕРДІ МІНДЕТТІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *14 апрель, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕГІ РОССИЯ АКАДЕМИЯСЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *18 апрель, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ӨНДІРУШІ ГУБЕРНИЯЛАР МЕН ДОН ОБЛЫСЫНА ҚОНЫС АУДАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *24 апрель, 1919 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚАМАУҒА АЛЫНҒАНДАР МЕН ТҰТҚЫНҒА АЛЫНҒАНДАРДЫҢ КЕЙБІР КАТЕГОРИЯЛАРЫН ТҰТҚЫННАН БОСАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *25 апрель, 1919 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КОНТРРЕВОЛЮЦИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ ЕҢ КЕДЕЙ ШАРУАЛАР МЕН ОРТА ШАРУАЛАРДЫ МОБИЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *25 апрель, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ КЕЙБІР ГАЗЕТТЕРДІҢ КӨЛЕМІН ШАҒЫНДАУ ЖӘНЕ БІРСЫПЫРА ГАЗЕТТЕРДІ ШЫҒАРУДЫ ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *26 апрель, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ӘСКЕРИ ЖАБДЫҚТАУ ЗАТТАРЫН ҚОЙМАЛАРДАН АЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *28 апрель, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖАБДЫҚТАУ ОРТАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ МОСКВА МЕН ОНЫҢ МАҢЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАРДАҒЫ ҚОЙМАЛАРДЫ ТЕКСЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *29 апрель, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СЫРТҚЫ САУДАНЫ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *30 апрель, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ КЕЙБІР ТЕМІР ЖОЛДАРДАН РЕЛЬСТЕРДІ АЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *6 май, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДАУ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *7 май, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУБЕРНИЯЛЫҚ КРЕДИТ ҚОҒАМДАРЫН ЖОЮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *17 май, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ШЫМТЕЗЕК ДАЙЫНДАУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫН АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ЖАБДЫҚТАУ НОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *20 май, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СМЕТА ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *24 май, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАҒАЗ БЕН КАРТОНДЫ БӨЛУДІҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *27 май, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МОСКВА МЕН ПЕТРОГРАДТЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА БУРЖУАЗИЯНЫҢ ТАСТАП КЕТКЕН МҮЛІКТЕРІН АЛУҒА ПРАВО БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *12 июнь, 1919 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған қаулылардың В. И. Ленин түзету енгізген жобалары сақтаулы.

ТЕЛЕГРАММАЛАР

УКРАИНА ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Х. Г. РАКОВСКИЙГЕ ТЕЛЕГРАММА. *6 май, 1919 ж.*

ПЕТРОГРАД СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Г. Е. ЗИНОВЬЕВКЕ ТЕЛЕГРАММА. *7 май, 1919 ж.*

ӘСКЕРИ ҚАТЫНАС ОРТАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНА, ЭВАКУАЦИЯ ЖӨНІНДЕГІ БАС БЮРОҒА ЖӘНЕ ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ТЕЛЕГРАММА. *12 май, 1919 ж.*

ТУЛА ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *19 май, 1919 ж.*

УКРАИНА АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРЫ А. Г. ШЛИХТЕРГЕ ТЕЛЕГРАММА. *19 май, 1919 ж.*

СМОЛЕНСК, ТВЕРЬ, МОСКВА, РЯЗАНЬ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЖЕР БӨЛІМДЕРІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *20 май, 1919 ж.*

УКРАИНА КП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *22 май, 1919 ж.*

ПЕТРОГРАД ҚОРҒАНЫС КОМИТЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *26 май, 1919 ж.*

УКРАИНА ӘСКЕРИ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚ КОМИССАРЫ Н. И. ПОДВОЙСКИЙГЕ ТЕЛЕГРАММА. *31 май, 1919 ж.*

ОҢТҮСТІК МАЙДАННЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *8 июнь, 1919 ж.*

ТВЕРЬ ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА, *17 июнь, 1919 ж.*

ОҢТҮСТІК МАЙДАННЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *25 июнь, 1919 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған телеграммалардың В. И. Ленин түзету енгізген текстері сақтаулы. Олардың бір бөлегі жарияланған (қараңыз: Лениннің XXIV жинағы, 127—128, 178-беттер; Лениннің XXXIV жинағы, 131, 132—133, 144—145, 146, 156—157, 158—159, 182—183-беттер).

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Бұл арада В. И. Лениннің 1917 жылы 4 апрельде, эмиграциядан Россияға қайтып келгеннен кейін екінші күні, Таврический сарайында өткен большевиктердің жиналысында және большевиктер мен меньшевиктердің — жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық кеңесі делегаттарының — біріккен жиналысында сөйлеген сөздері айтылып отыр. Бұл жиналыстарда Ленин өзінің «Пролетариаттың осы революциядағы міндеттері туралы» атақты Апрель тезистерін оқыды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 124—130-беттер).— *1.*

[2] Бұл арада II Интернационал партияларының Берн конференциясы Советтік Россияға барып қайту үшін тағайындаған комиссия айтылып отыр; конференция 1919 жылы 3—10 февральда өтті. Бұл мәселеде делдалдық қызмет атқарған герман үкіметінің 1919 жылғы 19 февральдағы радиотелеграммасында: комиссия «Россиядағы әлеуметтік және саяси жағдайды зерттеу» мақсатымен барады делінген. Комиссия құрамына: Ф. Адлер немесе О. Бауэр, К. Каутский, Р. Гильфердинг, Ж. Лонге, А. Гендерсон, Томазо (Аргентина), Финляндияның бір өкілі және Италияның бір өкілі кірді.

Сол күні-ақ Совет үкіметі В. И. Ленин дайындаған жауап радиотелеграммасында былай деп мәлімдеді: «біз Берн конференциясын социалистік деп те, жұмысшы табының қандай дәрежедегі болсын өкілдігі деп те есептемегенімізбен, солай бола тұрса да, біз хабардар болуды мақсат ететін... буржуазиялық комиссияның қандайына болса да келуге рұқсат ететініміз сияқты, біз сіз айтқан комиссияның да Россияға келуіне рұқсат етеміз және оның жан-жақты танысуына мүмкіндік жасайтынымызға кепілдік береміз». Совет үкіметі өзінің радиотелеграммасында комиссия құрамына азаматтары кіріп отырған елдерге Совет республикасы өкілдерінің бару мүмкіндігі туралы сұрады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 524-бет).

«Берндегі әйгілі ревизорлардың» Россияға келуінің сәті түспеді.— *3.*

³ *Келісу елдері* немесе *Антанта* — империалистік державалардың (Англия, Франция және Россия) блогы, XX ғасырдың басында пайда болды; Үш жақты одақ (Германия, Австро-Венгрия, Италия) империалистеріне қарсы бағытталды. 1904 жылы жасалған ағылшын-француз келісіміне «Entente cordiale»-ге («Шын пейілді келісу») сәйкес аталды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) Антантаға Америка Құрама Штаттары, Жапония және басқа елдер қосылды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін бұл блоктың басты қатысушылары — Англия, Франция, Америка Құрама Штаттары мен Жапония — Совет еліне қарсы соғыс интервенциясына дем берушілер, оны ұйымдастырушылар және оған қатысушылар болды.— *4.*

⁴ Әңгіме *Париж бейбітшілік конференциясы* жайында болып отыр, конференцияны дүние жүзілік империалистік соғыс (1914—1918) аяқталғаннан кейін жеңген державалар жеңілген елдермен бітім шарттарын әзірлеу үшін шақырды. Париж бейбітшілік конференциясын ұйымдастыруда және оның жұмысында Великобритания, Америка Құрама Штаттары, Франция, Италия және Жапония басты роль атқарды. Конференция 1919 жылы 18 январьда ашылды.

Париж бейбітшілік конференциясына қатысушылар арасында олжаны бөлісу — жеңілген елдерді тонау үшін кескілескен күрес болды. Германияға қарасты отарларды бөлісу туралы мәселе алауыздықты асқындыра түсті. Ұлттар лигасын құру жөнінде Вильсон ұсынған идея төңірегінде қатты күрес болды. Конференция Совет республикасын тұншықтыруға және халықаралық революциялық қозғалысты басып-жаншуға ұмтылуда ғана бірауызды болып шықты.

Париж бейбітшілік конференциясы бірқатар шарттарға: Германиямен — 1919 жылғы 28 июньдегі Версаль шартына, Австриямен — 1919 жылғы 10 сентябрьдегі шартқа, Болгариямен — 1919 жылғы 27 ноябрьдегі шартқа, Венгриямен — 1920 жылғы 4 июньдегі шартқа, Түркиямен 1920 жылғы 10 августағы шартқа қол қоюмен аяқталды.— *5.*

⁵ *«The Times»* («Замана») — 1785 жылы Лондонда құрылған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консервативтік газеттерінің бірі.— *6.*

⁶ Обьті Котлас арқылы Петроградпен және Мурманскімен жалғастыратын темір жолды — Ұлы солтүстік жолын салу туралы мәселе Октябрь социалистік революциясына дейін-ақ баспасөзде және ғалымдар арасында талқыланған болатын. Обьті Солтүстік теңіз жолы порттарымен байланыстыратын және орман байлығы мен пайдалы қазындыларды

іске жаратумен шұғылдануға мүмкіндік беретін жаңа қатынас жолын ашудың орасан зор экономикалық маңызын ескере отырып, сондай-ақ Совет елі, ол кезде дүние жүзілік империалистік соғыс пен шетел соғыс интервенциясы душар еткен күйзеліс жағдайында болғандықтан, бұл жолды өз күшімен сала алмайтынын ескере отырып, Совет үкіметі еліміздің өндіргіш күштерін дамыту мүдделерін көздеп, бұл іске концессиялық негізде жекеше капиталды тартуға болады деп есептеді. Бұл жолды суретші А. А. Борисов норвег азаматы Э. Ганневигпен бірлесіп салуға тілек білдірді. 1918 жылы олар концессия алуға арыз берді.

Ұлы солтүстік темір жолын концессияға беру туралы мәселе жөнінде Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын Халық Комиссарлары Советі 1919 жылы 4 февральда осы мәселені талқылау кезінде қабылдады, қаулының жобасын Ленин ұсынған болатын. Бұл концессияға шарт жасалған жоқ.— *14.*

7 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 54-бет.— *16.*

8 Бұл арада М. М. Кожуц жолдастың сөйлеген сөзі айтылып отыр; ол өз сөзінде Брест шартының жасалуына байланысты Балтық флоты бастан кешіріп отырған қиыншылықтар туралы хабарлаған болатын; бұл шарттың талаптары бойынша Балтық флотының корабльдері Нева өзенінің сағасында бос тұрған-ды.— *17.*

9 Әңгіме *бір жолғы төтенше революциялық он миллиардтық салық* жайында болып отыр; бұл салық туралы декрет Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 30 октябрьдегі мәжілісінде қабылданды. Бір жолғы төтенше салық негізінен кулактар мен қала буржуазиясына салынды. Қала мен деревня кедейлері және 1500 сомнан аспайтын бір ғана жалақымен немесе пенсиямен күн көріп отырған адамдар салық төлеуден босатылды. 1919 жылы 9 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті төтенше салық төлеу жөнінде орта шаруаларға жеңілдіктер беру туралы қосымша декрет қабылдады. Бұл декрет бойынша «төменгі мөлшерде салық түсетін азаматтарға» салық салу бұдан былай тоқтатылатын болды.— *18.*

10 Ақша реформасын әзірлеу туралы мәселені В. И. Ленин 1917 жылы декабрьде банктерді национализациялауды жүзеге асыру туралы декреттің жобасында қойған болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 188-бет). 1918 жылы көктемде Ленин тұрақты советтік валютаны жасауды көздеген ақша реформасының жоспарын талдап

жасады. Реформа жүргізуге әзірлік 1918 жылдың алғашқы айларында басталды. Бұл жұмыс Лениннің тікелей басшылығымен жүргізілді; ол жаңа, советтік ақшаны әзірлеп, шығарудың тездетілуін талап етті, оның үлгі жобалары барлық егжей-тегжейіне дейін талқылануына зер салды (қараңыз: Лениннің жинақтары: XXI, 179—180-беттер; XXXV, 31—32-беттер). Реформа жүргізу үшін басылған ақша 1918 жылдың аяғына дейін айналысқа шығарылған жоқ; айырбас үшін жаңа ақша үлгілерінің қоры жасалды, реформаны жүргізудің техникалық жағы әзірленді. 1919 жылы ақша айналысын ретке келтіру мақсатымен жаңа, советтік ақша знактары — «1918 ж. мемлекеттік кредит билеттері» шығарылды. Нақ сол жылы «РСФСР-дің есеп айырысу знактары» шығарыла бастады. Бұл ақша знактары көп ұзамай Советтік Россияда қағаз ақшаның негізгі түрлеріне айналды. Шетел интервенттері мен ішкі контрреволюцияға қарсы соғысқа байланысты, «әскери коммунизм» саясатына көшкеннен кейін, ақша реформасы ол кезде жүзеге асырылған жоқ. Советтік бірінші ақша реформасы 1922—1924 жылдары жүргізілді.— *19.*

11 *Егіс көлемі жөніндегі комитет* Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 28 январьдағы декреті бойынша Егіншілік халық комиссариаты жанынан құрылды. Бұл декрет бойынша егіске жарамды, бірақ пайдаланылмай жатқан жердің бәрі егін егуді ұйымдастыру үшін мемлекет қарамағына берілді; бүкіл астық Азық-түлік халық комиссариатының қарамағына түсуге және ол ең алдымен фабрика-завод жұмысшыларына бөлініп берілуге тиісті болды. Егіс көлемін ұйымдастыру жөніндегі шараларға басшылық ету және оларды жүзеге асыру ісі Егіс көлемі жөніндегі комитетке жүктелді, бұл комитетке Егіншілік халық комиссариатының, Халық шаруашылығы жоғары советінің, Азық-түлік халық комиссариатының және ВЦСПС-тің өкілдері кірді. Комитетке мүдделі ведомстволардың, ұйымдардың өкілдерін және істі білетін адамдарды өз мәжілістеріне шақыруға право берілді.— *19.*

12 Социалистік ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыруға *жәрдемдесу жөніндегі жұмысшы комитеті* Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекіткен «Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы ереженің» негізінде Егіншілік халық комиссариатының жанынан 1919 жылы февральда ұйымдастырылды. Комитеттің міндетіне мыналар енді: жұмысшылардың ішінен тәжірибелі ұйымдастырушыларды губерниялық және аудандық совхоздар басқармаларына және жекелеген совхоздарға жіберу, ауыл шаруашылығы жұмысшыларының кәсіптік бірлестіктерін ұйымдастыруға жәрдемдесу, ауыл шаруашылығы жұмыстарына индустрия-

лық пролетариатты тарту, советтік шаруашылықтардың және олардың төңірегіндегі село халқының қажеттері үшін советтік шаруашылықтарда әр түрлі техникалық жабдықтар орнатуға жәрдемдесу және басқалар. Комитет Егіншілік халық комиссариатының және Кәсіптік одақтардың бүкіл россиялық советінің өкілдерінен құрылды. 1921 жылы Жәрдемдесу жөніндегі жұмысшы комитеті мен ВЦСПС-тің Әскери-азық-түлік бюросы бір орган болып — ВЦСПС-тің Ауыл шаруашылық азық-түлік бюросы болып біріктірілді.— *20.*

13 Халық Комиссарлары Советінің «Орталықтарға азық-түлік пен көмір тасып жеткізу мақсатымен жолаушылардың жүріп-тұруын тоқтату туралы» қаулысы 1919 жылы 8 мартта қабылданып, 1919 жылы 11 мартта «Правда» газетінде жарияланды.— *22.*

14 *Петроград губерниясы ауыл шаруашылық жұмысшыларының I съезі* 1919 жылы 11—13 мартта Петроградта өтті. Съезге әр түрлі ауыл шаруашылық ұйымдарынан 200-ге жуық делегат қатысты. Съезд ағымдағы кезең жөніндегі баяндамаларды, жергілікті жерлердің баяндамаларын, ұйымдастыру бюросының жұмысы туралы баяндаманы тыңдады, ауыл шаруашылық саясаты туралы баяндаманы талқылады. Съезд қарар және ауыл шаруашылық жұмысшылары одағының уставын қабылдаумен және басқарманы сайлаумен аяқталды.— *24.*

15 Бұл арада 1872 жылы ауыл шаруашылық жұмысшы Джозеф Арчтың Ауыл шаруашылық жұмысшыларының ұлттық одағын (National Agricultural Labourers Union) құрғандығы айтылып отыр. 1872 жылдың аяғына қарай одақтың 100 мыңға жуық мүшесі болды, одақтың ауыл шаруашылық жұмысшыларының жалақысын арттыруға қолы жетті. Алайда ауыл шаруашылық өндірісіндегі депрессияның әсерінен 70-жылдардың ортасында одақтың маңызы төмендеді; 1894 жылы ол біржолата ыдырап кетті.— *26.*

16 В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы күнінен-ақ коллективтік шаруашылықтарды ұйымдастыруға зор мән берді. Мұны Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы бірқатар қаулылар растайды. Бұған «Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы ереже» де дәлел болады, бұл ережені әзірлеуге В. И. Ленин барынша тікелей қатысты. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің осы мәселе жөнінде құрған Комиссиясында баяндамашы болды. Лениннің XXIV жинағының 39—41-беттерінде В. И. Лениннің жерді қоғамдасып өңдеу туралы ереженің жобасына жазған ес-

кертпелері басылған, бұл ескертпелердің негізінде Егіншілік халық комиссариатының коллегиясы жобаны қайта өңдеді, сөйтіп ол жоба «Ережеге» 8-тарау болып енгізілді. «Ережені» Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1919 жылы февральда қабылдады және ол 1919 жылғы 14 февральда «Известия ВЦИК». газетінде жарияланды.— *30.*

17 Ленин 1919 жылы 13 мартта Халық үйінің опера залында Петроград қаласы жұмысшыларының, матростарының және қызыл әскерлерінің он мың адам қатысқан митингісінде сөз сөйледі. Ол өзінің сөзінде тыңдаушыларды Совет республикасының ішкі және халықаралық жағдайымен таныстырды. Лениннің сөзін тыңдағысы келгендердің бәрі бірдей залға сыймағандықтан Ленин Халық үйінің фойесінде екінші рет сөз сөйледі.— *35.*

18 *Украин Совет Республикасы* 1917 жылы декабрьде жарияланды. 1918 жылы февральда австро-герман әскерлері Украинаға басып кірді, сөйтіп апрельдің аяқ шенінде бүкіл территория оккупацияланды. Басқыншылар мен олардың қол шоқпарлары қуып шығарылғаннан кейін Украинада Совет өкіметі қалпына келтірілді. 1919 жылы мартта Харьковте өткен Советтердің Бүкіл украиндық III съезі Украин ССР-інің тұңғыш Конституциясын қабылдады, бұл конституция украин халқының жеңістерін заң жүзінде баянды етті.— *35.*

19 Бұл арада Коммунистік Интернационалдың I конгресі делегаттарының сөйлеген сөздері айтылып отыр. 1919 жылы 8 мартта конгрестің кейбір делегаттары Петроградқа келді, мұнда оларды қала еңбекшілері салтанатты түрде қарсы алды. Сол күні кешкі сағат 6-да РКП(б) жалпы қалалық IX конференциясының мәжілісі ашылды, мәжіліске конгресс делегаттары — Ф. Платтен, А. Гильбо, О. Гримлунд және басқалар қатысып, сөз сөйледі. 9 мартта жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Петроград Советінің Коминтерннің I конгресі құрметіне арналған салтанатты мәжілісі болды; Советтің мәжілісінде Коминтерннің Германиядан, Франциядан, Австриядан, Сербиядан, Финляндиядан, Швециядан және Швейцариядан келген делегаттары сөз сөйледі.— *41.*

20 Ленин бұл арада Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, РКП(б) Москва комитетінің, ВЦСПС-тің, Москваның кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттерінің Коммунистік Интернационалдың ашылуы құрметіне арналған біріккен салтанатты мәжілісінде 1919 жылы 6 мартта сөйлеген сөзін айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 560—566-беттер).— *42.*

21 В. И. Лениннің *«Совет өкіметінің табыстары мен қиыншылықтары»* деген еңбегі 1919 жылы жеке кітапша етіп шығарылды.

Кітапшаның бірінші басылымында мынадай тақырыпша берілді: «1919 жылы 13 мартта Петербургтегі митингіде сөйленген сөз». В. И. Ленин Шығармаларының екінші және үшінші басылуларында бұл тақырыпша алынып тасталды, өйткені кітапшада Лениннің екі сөзі: 1919 жылы 12 мартта Петроград Советінің мәжілісінде жасаған «Халық Комиссарлары Советінің сыртқы және ішкі саясаты туралы баяндама» және «Петроград Халық үйіндегі митингіде 1919 жылы 13 мартта сөйленген сөз» біріктіріліп берілді.— *43.*

22 *Кедейлер комитеттері* Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 11 июньдегі «Деревня кедейлерін ұйымдастыру және жабдықтау туралы» декреті бойынша құрылды. Декрет бойынша, кедейлер комитеттеріне шаруа шаруашылықтарындағы азық-түлік запасының есебін алу, кулактардың запастары мен артық азық-түліктерін анықтау және осы артық азық-түліктерді күштеп алуда совет азық-түлік органдарына көмек көрсету, кулак шаруашылықтарының есебінен кедейлерді азық-түлікпен жабдықтау, ауыл шаруашылық құрал-саймандары мен өнеркәсіп товарларын бөлу және т. б. міндеттер жүктелді. Алайда кедейлер комитеттерінің практикалық жұмысы деревнядағы жұмыстың барлық жағын қамтыды; іс жүзінде олар пролетариат диктатурасының деревнядағы тірек пункттері, органдары болды; кедейлер комитеттерінің ұйымдастырылуы деревнядағы социалистік революцияның одан әрі өрістетілуінің айғағы болды. 1918 жылдың аяғында кедейлер комитеттері, өздеріне жүктелген міндеттерді орындағаннан кейін, болыстық және селолық Советтермен біріктірілді.

Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 26 марттағы декреті негізінде 1918 жылы көктемде *деревнямен* ұйымдасқан түрдегі *товар айырбасы* басталды. Декрет бойынша өнеркәсіп товарларын астыққа айырбастау ісін жүргізу Азық-түлік халық комиссариаты органдарына жүктелді; декрет товар айырбасына деревня кедейлерін тартуды, ал астыққа айырбастау үшін берілетін товар қорларын «мұқтаж болып отырған халық арасында одан әрі бөлу үшін» («Совет өкіметінің декреттері», II т., 1959, 24-бет) болыстық немесе аудандық ұйымдардың қарамағына өткізуді міндеттеді.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің «Деревня кедейлерін ұйымдастыру және жабдықтау туралы» 1918 жылғы 11 июньдегі декреті бойынша, сондай-ақ Халық Комиссарлары Советінің «Астықты селолық жерлердегі міндетті товар айырбасы туралы» 1918 жылғы 5 августағы декреті бойынша да деревняның астыққа айырбастап алатын өнеркәсіп товарларын бөлудің таптық принципі көзделді; товар-

лармен бірінші кезекте және жеңілдік беру негізінде деревня кедейлері жабдықталды.— *69.*

Соңғы сөзді В. И. Ленин Петроградқа Г. Е. Зиновьевке жіберді; мұнда «Совет өкіметінің табыстары мен қиыншылықтары» деген кітапша басылып жатқан болатын. Лениннің бұл соңғы сөзді «ең ұсақ петитпен болса да» басуды өтінгеніне қарамастан, ол басылған жоқ. 1919 жылы 7 августа Ленин «қатаңырақ тергеу» тағайындауды және «бұл соңғы сөзді дереу» іздеп табуды өтініп Зиновьевке записка жіберді. 1921 жылы ««Жаңа экономикалық саясат туралы мәселе жөнінде (Екі көне мақала және бір одан да гөрі көне соңғы сөз)» деген кітапшаға алғы сөзінде» Ленин бұл соңғы сөзді толық қайта келтіріп, Зиновьев бастаған «питерліктер» оны «алдап» автордың тілегін орындамағанын жазады. 1921 жылы бұл соңғы сөз тағы да басылған жоқ; Лениннің: «Октябрь революциясының төрт жылдығы жөнінде» және «Алтынның қазіргі кездегі және социализм толық жеңгеннен кейінгі маңызы туралы» деген екі мақаласы енген кітапша «Жаңа экономикалық саясат туралы мәселе жөнінде (Екі көне мақала)» деген атпен Москвада шықты. Бұл соңғы сөз бірінші рет баспасөзде 1922 жылы В. И. Ленин Шығармалары жинағының 1-басылуының XVI томында жарық көрді.— *81.*

[24] Партия программасын қайта қарау туралы мәселені В. И. Ленин Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін қойды. ««Алыстан жазылған хаттардың» бесінші хатының нобайында» Ленин программаны өзгертудің негізгі бағыттарын белгілеп, «бұл жұмысты дереу қолға алу керек» (Шығармалар толық жинағы, 31-том, 64—65-беттер) деп көрсетті. Бұл нобайда белгіленген қағидаларды Ленин Апрель тезистерінде, РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында жасаған партия программасын қайта қарау туралы баяндамасында, басқа да документтерде дамытты (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 127—128, 449—452-беттер). Апрель конференциясына арнап Ленин «Программаның теориялық, саяси және басқа кейбір бөлімдеріне енгізілмек өзгерістердің жобасын» жазды, жобада 1903 жылғы РСДРП программасына енгізілетін бірқатар түзетулер көрсетілді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 155—160-беттер). Бұл жоба гранка күйінде конференцияның делегаттарына таратылып берілді. Апрель конференциясы Орталық Комитетке партияның VI съезіне дейін партия программасының жобасын жасауды тапсырды.

1917 жылы 26 июль — 3 августа (8—16 августа) өткен РСДРП(б) VI съезі Апрель конференциясының программаны қайта қарау қажеттігі туралы қаулысын қуаттап, Орталық Комитетке программа мәселелері жөнінде кең көлемде айтыс ұйымдастыруды тапсырды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдары-

ның қаралары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 550—551-беттер). Съезге дейін-ақ, 1917 жылы июньде, Орталық Комитеттің тапсыруы бойынша Ленин әзірлеген «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар» деген кітапша басылып шықты, бұл кітапшаға Орталық Комитетте бар программа материалдарының бәрі енгізілді. Осымен бір мезгілде дерлік РСДРП Москва өнеркәсіптік ауданының облыстық бюросы «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар. В. Милютиннің, В. Сокольниковтың, А. Ломовтың және В. Смирновтың мақалалар жинағы» деген жинақты басып шығарды. 1917 жылдың жазы мен күзінде партия ішінде теориялық айтыс өрістетілді. Ленин 1917 жылдың октябрінде «Просвещение» журналының 1—2-номерінде басылған «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том 395-429-беттер) мерзімді баспасөзде жарық көрген мақалалар мен Москва жинағына талдау жасап, сынайды.

РСДРП(б) Орталық Комитеті партия программасы туралы мәселені бірнеше рет талқылап, 1917 жылғы 5(18) октябрьдегі мәжілісінде 1917 жылдың күзінде шақыруға ұйғарылған партияның кезекті съезіне дейін партия программасын қайта өңдеу жөнінде Ленин бастаған комиссия құрды. Ақырында, Орталық Комитеттің 1918 жылғы 24 январьдағы (6 февральдағы) қаулысы бойынша программа жобасын жасау Ленин бастаған жаңа комиссияға жүктелді. Ленин «Программа жобасының бастапқы нобайын» жазды, бұл нобай партияның VII съезінің делегаттарына айтысқа арналған материалдар ретінде таратылып берілді. Алайда, программа съезде егжей-тегжейлі талқыланған жоқ; программаның түпкілікті жобасын жасау съезде 7 адамнан сайланған комиссияға тапсырылды; комиссияны Ленин басқарды. Съезд комиссияға бірауыздан қабылданған лениндік қарарда баяндалған нұсқауларды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 63—64-беттер) программаны қайта қарау кезінде басшылыққа алуды міндеттеді.

Программалық комиссияның жұмысы барысында программаның жалпы бөлімі мәселелері жөнінде және программаның ұлттық қатынастар саласындағы пункті жөнінде алауызлық байқалды; лениндік қағидаларға Н. И. Бухарин мен Г. Л. Пятаков қарсы шықты. 1919 жылдың февралында программалық комиссия «РКП(б) программасының жобасын» жасап бітірді, оның негізгі қағидаларын В. И. Ленин тұжырымдап берді; жоба 25—27 февральда «Правдада» жарияланды. Комиссияның жобаға жазған алғы сөзінде: жаңа программаның ескі программадан едәуір айырмашылығы бар, онда «капитализмнің ең жаңа, империалистік фазасын маркстік тұрғыдан зерттеудің нәтижелері ғана емес, сонымен бірге дүние жүзілік соғыстың тәжірибесі және мемлекеттік өкімотті жеңіп алған пролетариаттың бір жылдың

практикасы да» бейнеленген деп атап көрсетілді. РКП(б) программасының жобасы жарияланғаннан кейін жергілікті жерлерде партия ұйымдары оны талқылауға кірісті. Талқылау партия ұйымдарының көпшілігі программаның жобасын мақұлдайтынын және оны біраз түзетулер мен толықтырулар енгізіп қабылдауды ұсынатынын көрсетті.

Осы томдағы Қосымшада VIII съезд қабылдаған РКП(б) программасы басылып отыр. — *91.*

25 1903 жылы РСДРП II съезінде қабылданған партия программасын лениндік «Искраның» редакциясы 1901 жылдың аяғында —1902 жылдың бірінші жартысында әзірледі. Лениннің ұсынысы бойынша программаның теориялық бөлімінің бастапқы жобасын Г. В. Плеханов жазды. Ленин бұл жобаны 1902 жылдың январында Мюнхенде болған «Искра» редакциясының кеңесінде сынға алды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 215—223-беттер). Плеханов жасаған жобаны талқылау кезінде «Искра» редакциясының ішінде үлкен алауыздық байқалды. Программаның теориялық бөлімінің жобасымен бірге «Искра» редакциясының Мюнхен кеңесінде программаның практикалық бөлімінің жобасын талдап жасауға байланысты мәселелер де талқыланды (бұл да сонда, 445—446-беттер). 1902 жылы январьдың аяғында—февральдың басында РСДРП программасы жобасының практикалық бөлімінің бастапқы нұсқасы жазылып бітті; оның аграрлық бөлімі мен қорытындысының авторы Ленин болды (бұл да сонда, 460—461-беттер).

Программаның теориялық бөлімінің Плеханов жазған жобасының жарамсыздығына көзі жеткен В. И. Ленин өз жобасын жасауға кірісті (бұл да сонда, 224—231, 232, 453—458-беттер). Сонымен бір мезгілде Плеханов та өзінің РСДРП программасының екінші жобасын жазды. Ленин бұл жобаға да елеулі сын айтып, талдау жасады (бұл да сонда, 233—258 және 259—261-беттер). Программаның Ленин және Плеханов жазған жобаларын үйлестіру үшін және РСДРП программасының жалпы жобасын жасау үшін «Искра» редакциясы «келістіру» комиссиясын құрды. Плеханов жазған жобаны негізге алған комиссия жобасына Лениннің табандылықпен талап етуінің арқасында бірқатар аса маңызды қағидалар: ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстырып шығаруы туралы қағида енгізілді, партияның таза пролетарлық сипатының дәл анықтамасы берілді; социалистік революцияның қажетті шарты болып табылатын пролетариат диктатурасы туралы қағида программаның аса маңызды пунктіне айналды. Программаның комиссия жасаған жобасымен танысқаннан кейін Ленин оған өз ескертпелерін жазды (бұл да сонда, 264—277-беттер). «Искра» редакциясының 1902 жылы 14 апрельде (жаңаша) Цюрихте өткен кеңесінде программаның жалпы редакциялық жобасы: оның теориялық бөлімі (комиссия жасаған жоба) мен практикалық бөлімі («Искра»

редакциясының барлық мүшелерімен 1902 жылы марттың бас кезінде-ақ келісілген бөлімі) бекітілді; бұл кеңеске Ленин қатысқан жоқ. Программаның жобасын жасаушылар Ленин ұсынған ескертпелердің, түзетулер мен толықтыруларды көпшілігін жоба Цюрих кеңесінде талқыланған кезде ескерді.

1903 жылы 17 июль — 10 августа (30 июль — 23 августа) өткен РСДРП II съезі партия программасының искралық жобасын азын-аулақ өзгерістер енгізіп қабылдады. РСДРП программасының капитализм дамуының жалпы заңдылықтары мен тенденциясын сипаттайтын теориялық бөлімі В. И. Лениннің ұсынысы бойынша РКП(б) VIII съезінде қабылданған РКП(б)-ның жаңа Программасына енгізілді.— *93.*

26 Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 32-том, 155—160-беттер және 36-том, 76—82-беттер.— *93.*

27 Ешқандай шек қойылмайтын жалпыға бірдей сайлау правосы адамзат тарихында тұңғыш рет 1936 жылы СССР Конституциясында баянды етілді, бұл право бойынша барлық ересек халық нәсілі мен ұлтына, жынысына және т. б. қарамастан, мемлекеттің өкілетті органдарын сайлауға қатыса алады. Бұған дейін біздің елімізде тек еңбекшілердің ғана сайлау және сайлану правосы болған еді, еңбек етпейтін және қанаушы таптардың мұндай правосы болмады. Бірақ, бұған қарамастан, буржуазиялық елдермен салыстырғанда СССР-дегі сайлау правосы ең демократиялық және ең кең право болды, өйткені ересек халықтың басым көпшілігі сайлауға қатысатын еді. СССР-де социализмнің жеңуі, қанаушы таптардың жойылуы дауыс беру жасырын жүргізілетін жалпыға бірдей сайлау правосын енгізуге мүмкіндік туғызды. — *122.*

28 Бұл текст VIII съезде қабылданған РКП(б) Программасына —«Жалпы саяси салада» деген бөлімнің бесінші пункті— өзгерістермен енді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулылары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 43-бет). *123.*

29 Қосымша VIII съезде қабылданған РКП(б) Программасына —«Ұлттық қатынастар саласында» деген бөлімнің төртінші пункті — толығымен енді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулылары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 45-бет). — *125.*

30 Программаның экономикалық бөлімінің бұл пункті бастапқы нұсқасында үшінші пункт еді; кейін Ленин оны қайта өңдеп, сегізінші пункт етті. Бұл пункт азын-аулақ өзгерістермен партияның VIII съезінде қабылданған Программаның экономикалық бөліміне сегізінші пункт етіп енгізілді

(қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 52-бет). — *133.*

81 *РКП(б) VIII съезі* 1919 жылы 18—23 мартта Москвада өтті. Съезд жұмысына партияның 313 766 мүшесінен өкіл болып, шешуші дауыспен 301 делегат және кеңесші дауыспен 102 делегат қатысты. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) Орталық Комитеттің есебі; 2) РКП(б) Программасы; 3) Коммунистік Интернационалдың құрылуы; 4) Соғыс жағдайы мен соғыс саясаты; 5) Деревнядағы жұмыс; 6) Ұйымдық мәселелер; 7) Орталық Комитетті сайлау. Бірінші мәжілісте съезд президиумының ұсынысы бойынша үш секция: аграрлық, әскери және ұйымдық секциялар құрылды.

В. И. Ленин съезді ашарда және жабарда сөз сөйледі, РКП(б) Орталық Комитетінің есебін жасады, партия программасы туралы және деревнядағы жұмыс туралы баяндамалар жасады, әскери мәселе жөнінде сөз сөйледі.

В. И. Лениннің басшылығымен және тікелей қатысуымен әзірленген партияның жаңа программасын талқылап, қабылдау съездегі өзекті мәселе болды.

Партия программасын талқылау кезінде Бухариннің программадан капитализм туралы, ұсақ товар өндірісі туралы пункттерді алып тастап, таза империализмге сипаттама берумен шектелуді ұсынуына байланысты қызу айтыс туды; Бухарин империализмді айрықша қоғамдық-экономикалық формация деп есептеді. Бұл ұсыныстарға қарсы шыға отырып, Ленин олардың теориялық қисынсыздығын және саяси зияндылығын көрсетіп берді. Ұсақ товар өндірісін елемеу пролетариаттың одақтасы болып табылатын орта шаруалардың ролін, олардың социалистік құрылыстағы ролін бекерге шығаруға әкеліп соқтырады. Сонымен қатар мұны елемеу ұсақ товар шаруашылығынан капиталистік элементтердің пайда болып, өсу фактісін бүркемелейді, мұның өзі кейінірек Бухаринді «кулактың» социализмге «ұласуы» дейтін оппортунистік теорияға ұрындырды. Съезд Бухариннің антибольшевиктік ұсыныстарын қабылдамай тастады және лениндік қағидаларды мақұлдады.

Ленин программадан ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пунктті алып тастауды ұсынған Пятаков пен Бухариннің ұлт мәселесі жөніндегі қате көзқарастарын да талқандады. Ленин бұл ұсыныстың Совет мемлекетіне және халықаралық пролетариаттың ынтымақтастығына орасан зор зиян келтіретінін дәлелдеп берді. Съезд ұлт мәселесі жөнінде лениндік программаны қабылдады.

Партия программасы туралы баяндама бойынша В. И. Ленин қорытынды сөз сөйлегеннен кейін съезд «программаның жобасын жалпы және тұтас алғанда қабылдауға» және оны түпкілікті редакциялау үшін программалық комиссияға бе-

руге қаулы алды. Программалық комиссияның ұсынысы бойынша В. И. Ленин «Программаның жалпы саяси бөлімінің үшінші пунктінің жобасын (Партияның VIII съезінің программалық комиссиясына арнап)» жазды, бұл жобаны комиссия қабылдады (қараңыз: осы том, 205-бет). 22 мартта съезд Программаның түпкілікті текстін бекітті.

Съездегі аса маңызды мәселелердің бірі орта шаруаларға көзқарас туралы мәселе болды. Ленин сөйлеген сөздерінің бәрінде және әсіресе деревнядағы жұмыс туралы баяндамасында партияның орта шаруаларға көзқарас жөніндегі жаңа саясатын, орта шаруаларды бейтарап қалдыру саясатынан жұмысшы табының олармен берік одағын орнатуға көшу саясатын, көшкенде кедейлерге сүйене отырып, кулактарға қарсы күрес жүргізе отырып, пролетариаттың орта шаруалармен одағында пролетариаттың басшылық ролін сақтай отырып көшу саясатын негіздеп берді. Бұл ұранды Ленин 1918 жылы ноябрьдің аяғында-ақ ұсынған болатын. Съезд Ленин жазған «Орта шаруаларға көзқарас туралы қарарды» қабылдады. Лениндік саясат жұмысшы табы мен шаруалардың әскери-саяси одағын нығайтуға көмектесті, интервенттер мен ақ гвардияшыларды жеңіп шығуда шешуші роль атқарды. Бұл саясат бұдан былайғы жерде жұмысшылар мен шаруалардың бірлесе күш-жігер жұмсап, социализмді орнатуын қамтамасыз етті.

Съездің жұмысында соғыс жағдайы туралы, партияның әскери саясаты туралы, Қызыл Армия құрылысы туралы мәселе елеулі орын алды. Партияның әскери саясатының негізгі қағидаларын Ленин талдап жасады. Бірақ әскери құрылыс практикасында қателіктер және партия саясатын елеулі түрде бұрмалаушылықтар байқалды: РКП(б) Орталық Комитетінің байырғы мамандар жөніндегі, қатал орталықтандырудың және тәртіптің қажеттігі туралы нұсқаулары бұзылды; Республика Революциялық-әскери советінің председателі болған Троцкий армиядағы партия кадрларының рөлін төмендетті, байырғы әскери мамандардың алдында бас иді, армияға мобилизация жүргізу кезінде таптық тұрғыдан іріктеудің большевиктік принципін бұзды.

Партия съезінде Орталық Комитеттің тезистеріне «әскери оппозиция» дейтін қарсы шықты, оның ішінде бұрынғы «солшыл коммунистер» (В. М. Смирнов, Г. И. Сафаров, Г. Л. Пятаков және басқалар) болды; мұнда оппозициялық топтарға қатысы жоқ адамдар да болды. «Әскери оппозиция» партизаншылдықтың сарқыншақтарын қорғады, байырғы әскери мамандарды тарту қажеттігін теріске шығарды, армияда темірдей берік тәртіп енгізуге қарсы шықты. 1919 жылы 21 мартта съездің жабық пленум мәжілісінде Орталық Комитеттің тезистерін қорғап сөйлеген Ленин тұрақты, қатаң тәртіптегі армия құрудың, буржуазиялық әскери ғылымның жетістіктерін пайдаланудың, комиссарлардың, партия ұяларының бақылауымен әскери мамандарды тартудың

қажеттігін негіздеп берді. Сөз сөйлеген делегаттардың көпшілігі «әскери оппозицияны» айыптады. Сонымен бірге Республика Революциялық-әскери советінің жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктер, атап айтқанда оның председателі Троцкийдің іс-әрекеті қатты сынға алынды. В. И. Лениннің нұсқаулары әскери мәселе жөніндегі партия программасына енгізіліп, әскери құрылыста басшылыққа алынатын болды.

Әскери мәселені ұзақ талқылағаннан кейін съезд көпшілік дауыспен (95 дауысқа қарсы 174 дауыспен) Орталық Комитеттің тезистерін негіз етіп қабылдады. Келістіру комиссиясы әзірлеген, лениндік қағидаларға негізделген әскери мәселе жөніндегі қарарды партия съезі бірауыздан бекітті (бір адам қалыс қалды).

Ұйымдық мәселе жөніндегі қарарда съезд Сапронов — Осинскийдің оппортунистік тобына тойтарыс берді; бұл топ пролетариат диктатурасы системасында партияның басшылық ролін теріске шығарған болатын.

Партия құрылысы жөніндегі шешімде партияға жұмысшы емес және шаруа емес элементтерді қабылдауға қойылатын талапты күшейту қажеттігі, партияның әлеуметтік құрамын нашарлатуға жол бермеу қажеттігі атап көрсетілді. 1919 жылдың 1 майына дейін партияның барлық мүшелері жаппай тіркеуге алынатын болып ұйғарылды.

Съезд партия құрылысының федерациялық принципін қабылдамай тастады және партияның бүкіл жұмысына басшылық ететін бірыңғай Орталық Комитеті бар, бірыңғай орталықтандырылған Коммунистік партия болуын қажет деп тапты. Съезд Орталық Комитеттің ішкі құрылымын белгіледі: Орталық Комитет Саяси бюроны, Ұйымдастыру бюросын және Секретариат құрады.

Съезд В. И. Ленин бастаған Орталық Комитетті сайлады. Съезд III, Коммунистік Интернационалдың құрылуын құттықтады және оның платформасына түгелдей қосылды.

РКП(б) VIII съезінің орасан зор маңызы болды: ол партияның жаңа Программасын қабылдады, бұл Программа біздің еліміздегі социализм құрылысының негізгі міндеттерін белгілеп берді, қала мен деревня еңбекшілерін социализм жеңісі жолындағы күреске жігерлендірді. — *139.*

[82] *Принц аралдарындағы* (Мәрмәр теңізі) *конференция* Россия территориясындағы барлық үкіметтер өкілдерінің қатысуымен азамат соғысын тоқтату шараларын әзірлеу үшін Ллойд Джордж бен Вильсонның инициативасы бойынша өткізілмекші болған еді.

Совет үкіметі империалистердің «бітістірушілік» бет пердесін жұлып алып, Совет үкіметінің іс-әрекеті жөнінде қандай да болсын жалған түсінікті жоймақ болып ұйғарды. Совет үкіметі тарапынан жауаптың болмауын империалистер барлық елдердің қоғамдық пікірі алдында конференцияға қатысқысы келмеушілік және бітімге жетуді тілемеуші-

лік деп түсіндіруге тырысты. 1919 жылы 4 февральда Совет үкіметі, шақыру алмағанына қарамастан, конференцияға қатысуға келісіп жауап қайтарды. РСФСР Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариатының радиотелеграммасында бітімге жету үшін Совет үкіметінің қандай кеңшіліктер жасауға келісетіндігі тұжырымдалды. Совет үкіметі «не Принц аралдарында, не қандай да болсын басқа бір жерде келіс сөзді дереу бастауға» әзір екендігі туралы мәлімдеп, өз өкілдерін қайда, дәл қашан және қандай жолмен жіберу керек екендігін дереу хабарлауды сұрайды. Антанта империалистері Сыртқы істер халық комиссариатының радиотелеграммасын жауапсыз қалдырды. Совет республикасын әскери күшпен тұншықтыруға үміт артқан Деникин, Колчак және басқа контрреволюциялық үкіметтер конференцияға қатысудан бас тартты. Конференция өткен жоқ. — *145.*

33 *Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы* — 1917 жылы апрельде құрылтай съезінде құрылған центристік партия. «Тәуелсіздер» социал-шовинистермен бірлікті уағыздады, тап күресінен бас тартуға дейін құлдырады. Партияның негізгі бөлегі рейхстагтағы «Еңбек ынтымақтастығы» деген каутскийшілдік ұйым болды. 1920 жылы октябрьде Тәуелсіз социал-демократиялық партияның Галледегі съезінде жікке бөлінушілік болды; оның едәуір бөлегі 1920 жылдың декабрінде Германия Коммунистік партиясымен бірікті. Оңшыл элементтер жеке партия құрып, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы деген ескі атауды қабылдады; партия 1922 жылға дейін өмір сүрді. — *150.*

34 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 441-бет.— *152.*

35 Германия Коммунистік партиясының 1918 жылдың 30 декабрінен 1919 жылдың 1 январына дейін Берлинде өткен Құрылтай съезінде кәсіподақтардың оңшыл басшыларының сатқындық саясаты салдарынан Роза Люксембург съездің бірқатар делегаттарының кәсіподақтарды жою туралы мәселе жөніндегі қате сөздерін қолдады. Оның пікірінше, кәсіподақтардың міндеттерін жұмысшы және солдат депутаттары Советтері мен фабрика-завод комитеттері өз қолдарына алуға тиіс болды. Құрылтай съезінің бұл қате позициясы герман коммунистерінің бұқара үшін күресінде олардың жолында ұзақ уақыт бойы кедергі болып келді. Реакциялық кәсіподақтарда революционерлердің жұмыс істеу қажеттігі туралы лениндік нұсқаулар «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітапта баяндалған (қараңыз: Шығармалар, 31-том, 31—41-беттер). — *156.*

36 1919 жылы 11 мартта Владимир Ильич М. Т. Елизаровты жерлеуге қатысу үшін Петроградқа жүріп кетті.

Петроградта болған кезінде ол Петроград губерниясының ауыл шаруашылық жұмысшылары I съезінде ауыл шаруашылық жұмысшылары кәсіптік одағын ұйымдастыру туралы сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 24—29-беттер).— *159.*

37 В. И. Ленин бұл арада өзінің 1918 жылы 27 ноябрьде Москва партия қызметкерлерінің жиналысында пролетариаттың ұсақ буржуазиялық демократияға көзқарасы туралы жасаған баяндамасы мен осы баяндама бойынша сөйлеген қорытынды сөзін айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 221—250-беттер).— *160.*

38 *РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы шетелдік топтар федерациясы* шетелдік-коммунистердің басшы органы ретінде Россиядағы бұрынғы соғыс тұтқындарының арасында жұмыс жүргізу үшін 1918 жылдың майында ұйымдастырылды. Федерацияның тұңғыш председателі болып Бела Кун сайланды.

Россиядағы соғыс тұтқындарының арасында революциялық қозғалыс Октябрь социалистік революциясына дейін-ақ туа бастаған болатын; революция жеңгеннен кейін соғыс тұтқындары өздерінің революциялық ұйымдарын құра бастады, ол ұйымдар 1917 жылы декабрьдің басында тиісті тілдерде газеттер шығаруға кірісті. 1918 жылы соғыс тұтқындарының арасында шетелдік коммунистік топтар құрылды, бұл топтар РКП(б) программасын және пролетариат диктатурасы үшін күресті толық мойындады. Социалист-интернационалистердің 1918 жылы мартта болған кеңесінде Шетелдік коммунистік топтардың орталық бюросы құрылды, бұл бюро олардың жұмысына басшылық етуге, РКП(б) Орталық Комитетімен және тиісті елдердегі коммунистік ұйымдармен байланыс жасауға тиіс болды, РКП(б) Орталық Комитетінің жанынан шетелдік секциялар құрылды. Федерацияға барлығы 9 коммунистік топ: чехословак, ағылшын, француз, румын, неміс, венгр, югослав, поляк және болгар коммунистік топтары енді. Топтардың басты міндеті соғыс тұтқындарының арасында және Совет республикасына шабуыл жасап жатқан интервенттер әскерлерінің арасында насихат пен үгіт жүргізу болды. Топтардың есептері «Правда» газетінде үнемі жарияланып отырды. 1920 жылдың басында шетелдік топтардың федерациясы жойылды. — *162.*

39 *«Коммунист» баспасы* — РКП(б) Орталық Комитетінің баспасы, 1918 жылы «Волна» баспасының «Жизнь и знание» кооперативтік баспасымен бірігуі нәтижесінде құрылған; көп ұзамай оған «Прибой» баспасы да қосылды. Баспа негізінен көпшілікке арналған бұқаралық әдебиет шығарды. 1919 жылы майда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен Мемлекеттік баспа құрылды, оған «Коммунист» баспасы да енді. — *164.*

40 *«Беднота»* («Кедейлер»)— шаруаларға арналған күнделікті газет; 1918 жылғы 27 марттан 1931 жылғы 31 январьға дейін Москвада шығып тұрды. Газет РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы бойынша «Деревенская Беднота», «Деревенская Правда» және «Солдатская Правда» газеттерінің орнына шығарылды. Газет жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту жолында, деревняның кедей және орташа шаруа бұқарасын Коммунистік партия мен Совет өкіметінің төңірегіне ұйымдастырып, топтастыру жолында белсенді күрес жүргізді. «Беднота» шаруалардың еңбекші топтарының саяси жағынан көзін ашу және мәдениетін көтеру, деревня кедейлері мен орташа шаруалар арасынан қоғам өміріне белсене қатысушыларды жоғарылату, село тілшілерінің сан алуан армиясын тәрбиелеу ісінде маңызды роль атқарды. 1931 жылғы 1 февральдан бастап «Беднота» «Социалистическое Земледелие» газетімен бірікті. — *164.*

41 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Боркхеймнің «1806—1807 жылдардағы ура-патриоттардың есіне» деген кітапшасына кіріспе» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 361-бет). — *168.*

42 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 381-бет). — *171.*

43 *Спартакшылдар* — герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымының мүшелері; ұйымды дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка) және В. Пик құрған. Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы жаппай бой көрсетулер ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунистік лидерлерінің сатқындығын әшкереледі. Алайда спартакшылдар теория мен саясаттың кейбір аса маңызды мәселелерінде елеулі қателер жіберді. Ленин герман солшыл социал-демократтарының қателерін талай рет сынап, олардың дұрыс позиция ұстауына көмектесті (мәселен, «Юниустың кітапшасы туралы», «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» және басқа еңбектерін қараңыз.— Шығармалар толық жинағы, 30-том, 1—18, 149—162-беттер).

1917 жылы апрельде спартакшылдар центристік Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кіріп, онда өзінің ұйымдық дербестігін сақтады. 1918 жылы ноябрьде, Германиядағы революция барысында, спартакшылдар «Спартак одағы» болып қалыптасты, 1918 жылы 14 декабрьде өз программасын жариялады, «тәуелсіздерден» қол үзді. 1918 жылы 30 декабрьде — 1919 жылы 1 январьда болған Құрыл-

тай съезінде спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды. — *173.*

44 Бұл арада В. И. Лениннің 1917 жылы 18 (31) декабрьде буржуазиялық Финляндия үкіметінің басшысы П. Свинхувуд пен мемлекеттік секретары К. Энкельге Финляндияның тәуелсіздігін тану туралы Халық Комиссарлары Советінің декретін тапсыруы айтылып отыр. 1917 жылы 22 декабрьде (1918 жылы 4 январьда) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Финляндияның тәуелсіздігін тану туралы декретті бекітті. — *174.*

45 Ленин бұл арада Башқұрт автономиялық Совет республикасын құру жөніндегі келіс сөздерді айтып отыр, бұл келіс сөздер башқұрт делегациясымен 1919 жылы мартта жүргізілген еді. 20 мартта «Советтік автономиялық Башқұртстан туралы Орталық Совет өкіметінің башқұрт үкіметімен келісіміне» қол қойылды. Оны Халық Комиссарлары Советінің председателі В. И. Ленин мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі бекітті. Келісім Советтік Конституция негізінде автономиялық Башқұрт Совет республикасының ұйымдастырылғанын белгіледі, республиканың шекарасын және оның әкімшілік жағынан бөлінуін анықтады. Келісім 1919 жылы 23 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 63-номерінде жарияланды. — *174.*

46 *Жұмысшы депутаттарының Варшава Советі* Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД), Поляк социалистік партиясы-солшылдардың (ППС-солшылдар) және кәсіптік одақтар Варшава советінің инициативасы бойынша 1918 жылы 11 ноябрьде құрылды. Жұмысшы депутаттары Советтерін құруда Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының және Поляк социалистік партиясы-солшылдардың басшылық роль атқаруы Советтерге революциялық сипат берді. Варшава Советінің алғашқы шешімдерінің бірі 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу туралы, фабрика комитеттерін құру туралы, фабриканттардың саботажына қарсы олардың күрес жүргізуі туралы және басқа шешімдер болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының ықпалымен австро-неміс оккупациялық әскерлерінің шегінуі кезінде Польша қалаларында жұмысшы депутаттары Советтерінің кең желісі құрылды, бірқатар жерлерде шаруа депутаттарының Советтері де пайда болды. Бұрынғы Польша Корольдігінің территориясындағы қалаларда барлығы 100-ден астам Совет құрылды.

Жұмысшы депутаттары Варшава Советінің революциялық қызметі мен өсіп келе жатқан беделінен мазасызданған келісімпаз партиялардың — Поляк социалистік партиясы-«фракциясының», Ұлттық жұмысшы одағының және Бундтың лидерлері революциялық Советке қарсы өздерінің советтерін

құрды. Бұл қосарланған советтердің құрылуы Варшава пролетариатының күресін әлсіретті. Варшава Советі бұл советтер құрылған алғашқы күннен бастап-ақ Варшава жұмысшыларының бірыңғай Совет құру жолындағы күресін басқарды.

1918 жылы 12 декабрьде жаңа бірыңғай Совет сайлауы басталды, ал 1919 жылы 5 январьда Советтің тұңғыш мәжілісі өтті. Варшава пролетариатының бір бөлегінің арасында ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық пиғылдың болуына және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының революцияның бірқатар мәселелері жөнінде қателерге жол беруіне байланысты Советте социал-келісімпаздар көпшілік болып шықты. Коммунистердің және келісімпаздар лидерлерінің арасында шиеленіскен қақтығыс басталды. Келісімпаздар Советтерді жікке бөлуге, олардың күресін мұқалтуға, олардың маңызын әлсіретуге тырысты. Поляк социалистік партиясының өкілдері Варшава Советінен және басқа да қалалардағы Советтерден шыққан кезде, 1919 жылы июньде ол біржола жікке бөлінді. 1919 жылдың жазында буржуазиялық реакция мен келісімпаздық партиялар лидерлерінің күш біріктіруі арқылы Советтер жойылды. — *178.*

47 Бұл жобаны съезд «РКП(б) VIII съезінің партия ұйымдарына арналған үндеуі» ретінде сол күні-ақ қабылдады және ол келесі күні — 20 мартта «Правда» газетінде жарияланды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 88-бет). — *180.*

48 *Тұтынушылар коммуналары туралы декретті* Халық Комиссарлары Советі 1919 жылы 16 мартта қабылдады; декрет 1919 жылы 20 мартта «Известия ВЦИК» газетінде жарияланды. Декретті әзірлеуге В. И. Ленин тікелей қатысты (қараңыз: Лениннің XVIII жинағы, 293—298-беттер). Декрет бойынша қалалар мен деревнялардағы барлық кооперативтер бір тұтас тұтынушылар коммунасы болып бірікті. Оған сол жердің барлық халқы кірді; әрбір азамат коммунаның мүшесі болуға және оның болуы пункттерінің біріне тіркелуге тиіс болды. Барлық жергілікті тұтынушылар коммуналары губерниялық одақтар болып бірікті; барлық тұтынушылар коммуналары одақтарының бірыңғай орталығы Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы болды. — *181.*

49 *Новожизньшілдер* — «Новая Жизнь» газетінің төңірегіне топтасқан интернационалист-меньшевиктер.

«Новая Жизнь» («Жаңа Өмір») — күнделікті газет; 1917 жылғы 18 апрельден (1 майдан) 1918 жылғы июльге дейін Петроградта шығып тұрды. «Летопись» журналының төңірегіне топтасқан интернационалист-меньшевиктер мен жазушылар газетті шығарудың инициаторлары болды. Ленин

новожизньшілдерді сипаттай келіп, олардың пиғылдарында «принципсіздікті бүркемелейтін де, білдіретін де интеллигенттік скептицизм... басым болып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 34-том, 118-бет) деп атап көрсетті және оларды мысқылдап «интернационалистсымақтар», «марксистсымақтар» деп атады. Газет Октябрь социалистік революциясына және Совет өкіметінің орнауына дұшпандық көзқараста болды. 1918 жылғы 1 июньнен бастап газеттің екі басылымы: петроградтық және москвалық басылымы шығарылды. 1918 жылы июльде оның екі басылымы да жабылды. — *187.*

50 *Эрфурт программасы* — Герман социал-демократиялық партиясының программасы, 1891 жылы октябрьде Эрфуртте болған съезде қабылданды. Гота программасымен (1875) салыстырғанда, Эрфурт программасы бір адым ілгері басқандық болды; капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз күйрейтіні және оның социалистік өндіріс әдісімен алмастырылатыны туралы марксизм ілімі программаның негізіне алынды; программада жұмысшы табының саяси күрес жүргізуінің қажеттігі баса айтылды, осы күрестің басшысы ретінде партияның ролі және т. с. атап көрсетілді; бірақ Эрфурт программасында да оппортунизмге елеулі икемделушілікке жол берілді. Ф. Энгельс Эрфурт программасының жобасын «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген еңбегінде жан-жақты сынға алды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 227—243-беттер); мұның өзі шын мәнінде бүкіл II Интернационалдың оппортунизмін сынау еді. Алайда герман социал-демократиясының басшылары Энгельстің сынын партия бұқарасынан жасырды, ал Энгельстің аса маңызды ескертпелері программаның түпкілікті текстін әзірлеген кезде ескерілмеді. В. И. Ленин Эрфурт программасының пролетариат диктатурасы туралы үндемей қалғандығы оның басты кемшілігі, оның оппортунизм алдында қорқақтықпен шегінуі болды деп есептеді. — *197.*

51 Бұл арада *«РСФСР мен Финляндия социалистік жұмысшы республикасы арасындағы достық пен туысқандықты нығайту туралы шарт»* айтылып отыр, бұл шарт 1918 жылы 1 мартта Петроградта жасалды. Ол тарихта социалистік екі республика арасында жасалған тұңғыш шарт болды. — *202.*

52 1919 жылы 22 мартта радио арқылы Венгр Совет республикасының құрылғаны туралы хабар алынды. РКП(б) VIII съезі В. И. Ленинге съезд атынан Венгрия Советтік республикасының үкіметіне құттықтау радиотелеграмма жолдауды тапсырды.

Венгриядағы Совет республикасы 1919 жылы 21 мартта құрылды. Венгриядағы социалистік революция бейбіт сипатта болды; күресуге мүмкіндіктері болмаған Венгрия буржуа-

зиясының ол кезде Совет өкіметінің орнауына қарсылық көрсетуге батылы бармады.

Венгр буржуазиясының ішкі және сыртқы қиыншылықтарды жеңуге әлі келмейтін еді, сондықтан ол революцияның өрістеуіне кедергі жасау мақсатымен өкіметті оңшыл социал-демократтарға уақытша бере тұрмақ болды. Алайда Венгрия Коммунистік партиясының бұл кезде бұқара арасындағы беделінің орасан зор болғаны соншалық және социал-демократтар партиясының қатардағы мүшелерінің коммунистермен одақтасуды батыл талап еткені соншалық, социал-демократиялық партия басшылығы коммунистік партияның тұтқында отырған басшыларына үкіметті бірлесіп құру жөнінде ұсыныс жасады. Социал-демократтардың лидерлері келіс сөздер кезінде коммунистердің ұсынған шарттарын: совет үкіметін құру, буржуазияны қарусыздандыру, Қызыл Армия мен халық милициясын құру, помещиктік жерлерді конфискелеу, өнеркәсіпті национализациялау, Советтік Россиямен одақ жасасу жөніндегі және басқа шарттарды қабылдауға мәжбүр болды. Сонымен бірге екі партияны Венгрия социалистік партиясы етіп біріктіру туралы келісімге қол қойылды. Екі партияны біріктіруді жүзеге асыру кезінде қателіктер жіберілді, бұл қателіктер кейін әсерін тигізді; бірігу реформистік элементтерден іргені аулақ салмай, жапа-тармағай қосылу жолымен жүзеге асырылды.

Революциялық үкімет советі бірінші мәжілісте-ақ Қызыл Армияны құру туралы шешім қабылдады. 26 мартта Совет үкіметі өнеркәсіп орындарын, транспортты, банктерді национализациялау туралы декрет шығарды; 2 апрельде сыртқы сауда монополиясы туралы декрет жүзеге асырылды. Жұмысшылардың жалақысы орта есеппен 25 процентке көбейтілді, 8 сағаттық жұмыс күні енгізілді; 3 апрельде жер реформасы туралы заң қабылданды, бұл заң бойынша көлемі 100 хольдтен (57 га) астам поместьелердің бәрі конфискеленіп, мемлекеттік ірі шаруашылықтарға айналдырылды, бірақ олар іс жүзінде сол бұрынғы басқарушылардың қолында қалдырылды. Совет өкіметінің қолынан жер алуды көксеген ең кедей шаруалардың үміті ақталмады. Мұның өзі пролетариаттың шаруалармен берік одақ орнатуына кедергі жасады, Венгриядағы Совет өкіметін әлсіретті.

Антанта империалистері Венгрияда пролетариат диктатурасының орнатылуын дұшпандық ниетпен қарсы алды; Совет республикасы экономикалық блокадаға ұшыратылды. Венгр Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясы ұйымдастырылды. Венгрияға Советтік Россияға жөнелтілуге әзірленген француз экспедициялық корпусы жіберілді. Антанта сонымен бірге көрші мемлекеттердің — Румынияның, Чехословакияның, Югославияның әскерлерін де пайдаланды. Интервенционистік әскерлердің шабуылы венгр контрреволюциясын жандандыра түсті. Халықаралық империализммен одақ жасасқан оңшыл социал-демократтардың

сатқындық әрекеті де Венгр Совет республикасының күйреуіне тағы бір себеп болды.

1919 жылы жазда, Советтік Россия барлық жағынан жаулардың қоршауында болып, Венгр Совет республикасына көмек көрсете алмаған кезде орын алған қолайсыз халықаралық жағдай да теріс роль атқарды. 1919 жылы 1 августа сыртқы империалистік интервенция мен ішкі контрреволюцияның бірлесіп әрекет етуі нәтижесінде Венгриядағы Совет өкіметі құлатылды. — *206.*

[53] *Деревнядағы жұмыс туралы мәселе жөніндегі секция* РКП(б) VIII съезінің 1919 жылғы 18 марттағы бірінші мәжілісінде ұйымдастырылды. Аграрлық секция үш мәжіліс (20, 21 және 22 мартта) өткізді. Бұл мәжілістерде жер саясаты туралы, деревнядағы жұмыс туралы баяндамалар тыңдалып, тезистерді қарау үшін комиссия сайланды. Съезд В. И. Ленин жазған орта шаруаларға көзқарас туралы қарарды және А. В. Луначарский жазып, В. И. Ленин редакциялаған «Деревнядағы саяси насихат және мәдени-ағарту жұмысы туралы» тезистерді бекітті. — *207.*

[54] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 501—525-беттер). — *215.*

[55] «Нижегород губерниясында партия жұмысының қойылысы туралы нұсқаулар мен ережелер» деген кітапшаның цитатқа алынған жері жөнінде Нижний Новгород (қазіргі Горький) партия ұйымынан келген делегаттар РКП(б) VIII съезінің президиумына арыз берді, бұл арызда «жалпы орта шаруаларды» деген сөздер өкінішті қате, «жалпы» деп емес, «орта шаруалардың бір бөлегін» деп оқу керек деп көрсетілді. Запискада: «Біз былай деп мәлімдейміз: Нижний Новгород губерниялық ұйымы орта шаруаларға көзқарас туралы мәселеде Ленин жолдас айтқан көзқарасты толық қуаттайды және оны жүзеге асырады» делінген. — *218.*

[56] РКП(б) VIII съезінің «Ұйымдық мәселе жөніндегі» қарарының «Партия құрылысы» деген бөлімінде былай деп жазылған: «Съезд 1 майға дейін бүкіл Россия бойынша партияның барлық мүшелерін жаппай тіркеу ісі жүргізілсін деп қаулы етеді». Орталық Комитеттің 1919 жылы 24 апрельде «Правдада» жарияланған нұсқауында партия ұйымдарының бүкіл адам құрамын егжей-тегжейлі тексеру қажет деп көрсетілді және қайта тіркеудің мақсаты: «партияны коммунистік емес элементтен, ең алдымен, партияға оның үстемдік жағдайына бола өте салған және партия мүшесі деген атақты өзінің қара басының мүддесіне пайдаланатын адамдардан тазалау» деп атап көрсетілді. Партия мүшелерін қайта

тіркеу ісі 1919 жылы майдан октябрьге дейін жүргізілді.— *244.*

[57] Лениннің сөздерін граммофон пластинкаларына жазуды Центропечать ұйымдастырды. 1919—1921 жылдары Лениннің 16 сөзі жазылып алынды. Россиядағы бірден-бір грампластинкалар фабрикасы қалпына келтірілген күннен бастап-ақ Ленин граммофондық насихат ісіне аса зор көңіл бөліп, бұл күрделі істі жолға қоюға барынша көмек көрсетіп отырды. В. И. Лениннің алғашқы сөздері Кремльде, арнайы дайындалған бөлмеде жазылды; Лениннің сөзі соңғы рет Центропечатьта жазылды. Жазудың қиындығы сол, сөзді 3 минутта сөйлеп үлгеру керек еді. Ленин өзінің сөзін дәл осы уақыт ішінде айтып үлгергеніне қатты қуанатын. Грампластинкаларға жазылған сөздер ондаған мың дана болып таратылды. Әсіресе «Орта шаруалар туралы», «Совет өкіметі дегеніміз не?» және «Азық-түлік салығы туралы» деген сөздері өте кең таралды.— *251.*

[58] *Жұмысшы және қызыл әскер депутаттарының Москва Советі пленумының 1919 жылғы 3 апрельдегі төтенше мәжілісі* Москвада азық-түлік жағдайының қиындауына және осыған сүйеніп меньшевиктер мен эсерлердің теміржолшылар арасында үгіт жұмысын өрістетуіне байланысты аудандық Советтердің, фабрика-завод комитеттерінің және кәсіптік одақтар басқармаларының өкілдерімен бірлесіп өткізілді. Меньшевиктер мен эсерлер теміржолшыларды темір жол шеберханаларында ереуілге, саботаж жасауға шақырды. Бұл контрреволюциялық үгіт Александр темір жолындағы шеберханаларда ереуіл жасауға әкеліп соқтырды, осының салдарынан Қатынас жолдары халық комиссариатының қаулысы бойынша 31 мартта басты-басты шеберханалар жабылды, ал оларда жұмыс тек 3 апрельде, кулак элементтер жұмыстан шығарылғаннан кейін ғана қайта басталды.

Мәжілісте В. И. Ленин Совет республикасының сыртқы және ішкі жағдайы туралы баяндама жасады; темір жол транспортының жайы туралы Л. Б. Красин, азық-түлік саясаты туралы А. И. Свидерский баяндама жасады. Жарыс сөзде сөйлеушілер меньшевиктер мен эсерлердің контрреволюциялық үгітін айыптады. А. В. Луначарский қорытынды сөз сөйлеп, Совет республикасының сыртқы және ішкі жағдайы туралы Ленин жазған қарарды ұсынды.

Осы томда қарардың бастапқы жобасы тұңғыш рет жарияланып отыр (289—291-беттер). Москва Советінің пленумы контрреволюциялық үгітті айыптап, Қатынас жолдары халық комиссариатының Александр темір жол шеберханалары жөнінде қабылдаған шараларын мақұлдаған арнаулы қарар қабылдады. — *269.*

59 Бұл арада Париж бейбітшілік конференциясы комиссияларының мәжілістері айтылып отыр; конференция жұмысы әуелгі кезде «Онның советіне» жинақталды, бұл «совет» бес державаның премьер-министрлері мен сыртқы істер министрлерінен құрылды: Америка Құрама Штаттарынан президент Вильсон мен статс-секретарь Лансинг, Франциядан — премьер-министр Клемансо мен сыртқы істер министрі Пишон, Англиядан — премьер-министр Ллойд Джордж бен сыртқы істер министрі Бальфур, Италиядан — премьер-министр Орландо мен сыртқы істер министрі Соннино, Жапониядан — Макино мен Шинда қатысты. Одан кейін конференцияның жұмысы «Бесеудің советінде» (Америка Құрама Штаттарының, Великобританияның, Францияның, Италияның сыртқы істер министрлері және Жапонияның өкілі) жалғастырылды. Содан соң комиссия төрт адамға дейін шағындалып, Америка Құрама Штаттарының президенті, Великобританияның, Францияның және Италияның премьер-министрлері қатысты. — *284.*

60 Советтердің II съезі 1917 жылы 8 ноябрьде (26 октябрьде) қабылдаған бітім туралы декретте соғысушы мемлекеттердің барлық халықтары мен үкіметтеріне аннексиясыз және контрибуциясыз демократиялық бітім жасасуға кірісу ұсынылды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 35-том, 13—18-беттер). Өзінің бейбітшілік саясатына адал Совет үкіметі бітім жолындағы күресін табандылықпен жүргізе берді. 1918 жылы 15 мартта Советтердің Бүкіл россиялық съезі Брест бітім шартын бекітті. 3 ноябрьде Сыртқы істер халық комиссариаты бейтарап елдердің өкілдері арқылы Антантаның барлық үкіметтеріне бітім жасасуды ұсынды. 6 ноябрьде Советтердің Төтенше VI съезінде Англияның, Францияның, Америка Құрама Штаттарының, Жапонияның үкіметтеріне интервенцияны тоқтатып, бітім туралы келіс сөз бастауды ұсынған қарар қабылданды. 23 декабрьде Сыртқы істер халық комиссариатының өкілі Стокгольмде болып, Совет үкіметінің тапсыруымен Антанта елдерінің елшілеріне бітім туралы келіс сөзге кірісуді ұсынды. 1919 жылы январьда Совет үкіметі бітім туралы екі мәрте (12 және 17 январьда) ұсыныс жасады. 4 февральда Совет үкіметі радио арқылы Великобритания, Франция, Италия, Жапония және Америка Құрама Штаттары үкіметтеріне Принц аралдарында өткізілмекші болып жорамалданған бітім конференциясына қатысуға өзінің әзір екендігі туралы мәлімдеді. — *289.*

61 *«Всегда Вперед!»* («Әрдайым Алға!») — меньшевиктік газет; Москвада шығып тұрды; 1918 жылы бір номері басылды, 1919 жылғы 22 январьдан 25 февральға дейін шығарылды. — *290.*

62 *«Дело Народа»* («Халық Ісі») — эсерлер партиясының органы; 1917 жылғы марттан 1919 жылғы мартқа дейін Петро-

градта, одан кейін үзілістермен және әр түрлі атпен Самарада және Москвада шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советке қарсы дұшпандық позицияда болды; газет контрреволюциялық қызметі үшін жабылып тасталды. — *290.*

63 Бұл кезде Шығыс майданда Совет республикасына төнген қатерлі қауіпке байланысты В. И. Ленин, Коммунистік партия, Совет үкіметі майданды нығайту үшін шаралар қолданды. Халық Комиссарлары Советі 1919 жылы 10 апрельде Петроградтағы, Москвадағы және егіншілікпен айналыспайтын бірсыпыра губерниялардағы 1886—1890 жылдары туған жұмысшылар мен шаруаларды Қызыл Армияға шақыру туралы декрет қабылдады. Декрет 1919 жылы 11 апрельде «Известия ВЦИК» газетінде жарияланды. — *295.*

64 *Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық орталық советінің пленумы* 1919 жылы 11 апрельде өтті; күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: Шығыс майданға мобилизациялауға байланысты кәсіптік одақтардың міндеттері; тариф саясаты; азық-түлік мәселесі және қызметшілердің одағы туралы.

Бірінші мәселе жөнінде Ленин сөз сөйледі. Мұның өзі пленумның өзекті мәселесі болатын: біріншіден, сол кезде ең басты, шешуші майданга айналган Шығыс майдандағы ауыр жағдайға байланысты еді де, екіншіден, Халық Комиссарлары Советінің жұмысшылар мен шаруаларды Қызыл Армияға шақыру туралы 1919 жылы 10 апрельде қабылдаған декретіне байланысты еді. ВЦСПС пленумы Ленин ұсынған «Шығыс майдандағы жағдайға байланысты РКП(б) Орталық Комитетінің тезистерін» қабылдады (қараңыз: осы том, 299—302-беттер). Қабылданған тезистерге сәйкес кәсіподақтарды мобилизациялау жоспарын әзірлеу және осы жоспарды жүзеге асыру үшін пленумда президиум мүшелерінен және металлистер, тоқымашылар және теміржолшылар одақтарының бір-бір өкілінен құралған комиссия сайланды. — *303.*

65 Ленин бұл арада Москва Советінің 1918 жылғы 24 августағы қаулысы мен Петроград Советінің 1918 жылғы 5 сентябрьдегі қаулысын айтып отыр, бұл қаулылар бойынша Москва және Петроград жұмысшылары мен қызметшілеріне тек қана жеке басына тұтыну үшін бір жарым пұтқа дейін азық-түлік өнімдерін еркін алып жүруге рұқсат етілді. Бұл төтенше шара азық-түлік жағдайының қиындауынан туған еді. Халық Комиссарлары Советінің шешімі бойынша, көрсетілген қаулылардың күшінде болу мерзімі 1918 жылдың 1 октябріне дейін деп белгіленді. — *310.*

66 *«Frankfurter Zeitung»* («Франкфурт Газеті») — күнделікті газет; ірі неміс біржашыларының органы; 1856 жылдан 1943

жылға дейін Майндағы Франкфуртте шығып тұрды. 1949 жылдан «Frankfurter Allgemeine Zeitung» («Жалпыға бірдей Франкфурт Газеті») деген атпен қайтадан шыға бастады; батыс герман монополистерінің жаршысы болып табылады.— *319.*

67 Азық-түлік жағдайының қиындауын және жалақыға беретін ақша знактарының жетіспеуін пайдаланып, меньшевиктер мен эсерлер Туладағы қару-жарақ заводы мен патрон заводында жұмысшылардың стачкасын ұйымдастырды. Өкімет кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолданды. 1919 жылы 12 апрельде ереуіл тоқтатылды.— *321.*

68 В. И. Ленин бұл арада Сергиев заводының және Самараға жақын жердегі, Иващенково станциясындағы Томылов артиллерия қоймасының жұмысшыларын ақ гвардияшылардың 1918 жылы 1 және 2 октябрьде айуандықпен жазалағанын айтып отыр. Жұмысшылар Қызыл Армия бөлімдері жақындаған кезде ақ гвардияшылардың завод жабдықтарын көшіріп әкетуіне жол бермеуге бел байлаған болатын. Контрреволюциялық чехословак бөлімдерінің көмегімен ақ гвардияшылар жұмысшылардың қарсылығын басып, мыңнан астам адамды атып өлтірді. — *322.*

69 *«Уақыт»* («Le Temps») — күнделікті газет; 1861 жылдан 1942 жылға дейін Парижде шығып тұрды. Францияның билеуші топтарының мүддесін көздеді және іс жүзінде сыртқы істер министрлігінің ресми органы болды. — *333.*

70 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1958, Қаз. мемл. баспасы, 113—114-беттер. — *336.*

71 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1958, Қаз. мемл. баспасы, 94-бет. — *338.*

72 *«Бостандық»* («Die Freiheit»)—күнделікті газет, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының органы; 1918 жылғы 15 ноябрьден 1922 жылғы 30 сентябрьге дейін Берлинде шығып тұрды. — *340.*

73 *Оқушы-коммунистердің Бүкіл россиялық I съезі* 1919 жылғы апрельдің 15-нен 21-не дейін Москвада өтті. Съезге оқушы коммунистер одағының 8000 мүшесінен өкіл болып 200-ге жуық делегат қатысты. Съезд оқушы коммунистер одағының Коммунистік жастар одағының құрамына кіруі туралы шешім қабылдады. РКП(б) Орталық Комитеті 1919 жылы 11 майда бекіткен Россия коммунистік жастар одағының жұмысы туралы ережеге сәйкес жұмысшы-шаруа жастарының да, оқушы жастардың да арасында жүргізілетін жұмыс-

тың бәрі Россия коммунистік жастар одағына жүктелді. — *353.*

[74] *Бавария Совет республикасы* 1919 жылғы 13 апрельден майдың басына дейін өмір сүрді. 13 апрельде Бавария контрреволюциясы «тәуелсіз социал-демократтар» партиясы лидерлерінің бірі басқарған үкіметті құлатуға әрекет жасады; Мюнхен көшелерінде кескілескен күрес өріс алып, бұл күрес пролетариаттың жеңісімен аяқталды. 13 апрельдің кешінде революциялық фабрика-завод комитеттері мен солдат советтерінің жиналысында 15 адамнан құралған Қимыл комитеті құрылды, комитет Бавария коммунистерінің лидері Евгений Левиненің басқаруымен құрамында төрт мүшесі бар Атқару советін сайлады. Бавария Совет республикасының үкіметі пролетариат диктатурасының міндеттерін — пролетариатты қаруландырып, буржуазияны қарусыздандыру, Қызыл Армияны құру, банктерді национализациялау, өнеркәсіп орындарында жұмысшы бақылауын орнату, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, азық-түлік ісін жолға қою, т. с. міндеттерді жүзеге асыруға кірісті. Республиканың ішкі және сыртқы жағдайы ауыр болды. Бавария Совет үкіметінің революциялық шаралары барлық контрреволюциялық күштердің өршеленген өшпенділігін туғызды. «Тәуелсіз социал-демократтардың» өкілдері Совет республикасы душар болған алғашқы қиыншылықтарда-ақ ашықтан-ашық сатқындық саясат жүргізе бастады. 27 апрельде «тәуелсіздер» коммунистерді басшылық қызметтерден кетірді. Осы жағдайды пайдаланған контрреволюция Германия жұмысшы табының жендеттері Шейдеман мен Носке жіберген 120 мың адамы бар армияның қолдауымен шабуылға шықты. 1 майда ақ гвардияшыл бөлімдер Мюнхенге басып кірді. Бірақ күрес жүргізген жұмысшылар табан тіраскен үш күндік шайқастан кейін ғана жеңіліске ұшырады.— *354.*

[75] *Мектептен тыс білім беру жөніндегі Бүкіл россиялық I съезд* 1919 жылғы майдың 6-нан 19-на дейін Москвада өтті. Съезге 800-ге жуық делегат қатысты. Съезд ашылған күні В. И. Ленин құттықтау сөз сөйледі, А. В. Луначарский мектептен тыс білім берудің міндеттері туралы сөз сөйледі. Ағымдағы кезең және мектептен тыс білім беру туралы Н. К. Крупская баяндама жасады. Съезд сондай-ақ республикадағы мектептен тыс білім берудің жағдайы және республикада мектептен тыс білім беру-ағарту жұмыстарын біріктіру туралы және басқа баяндамаларды тыңдады. Съезд алғашқы мәжілістерде негізгі баяндамаларды тыңдап болысымен 8 майда бөлімдер мен секциялардағы жұмысқа көшті. Секцияда Пролеткульт туралы А. А. Богданов баяндама жасады.

Съезд мектептен тыс білім беру жөніндегі бұдан былайғы жұмысты белгілейтін бірқатар қаралар қабылдады; сауат-

сыздықты жою туралы декрет шығару қажеттігі жөнінде, мектептен тыс мекемелердің негізгі мемлекеттік жүйесін құру туралы, Пролеткульт пен Мектептен тыс білім беру бөлімінің жұмыстарын ұйымдық жағынан біріктіру қажеттігі туралы арнаулы қарар қабылданды; ағымдағы кезең жөнінде де арнаулы қарар қабылданды.

Съездің 19 майдағы қорытынды мәжілісінде В. И. Ленин бостандық және теңдік ұрандарымен халықтың қалай алданып жүргені туралы сөз сөйледі. — *361.*

76 Ленин бұл арада марксизмге жат көзқарасты, «пролетарлық мәдениет» деген атпен орын тепкен көзқарасты айтып отыр. Мәдени-ағарту ұйымы (Пролеткульт) Халық ағарту комиссариатының жанында өнердің әр түрлі салаларында пролетариаттың дербес әрекетке қабілеттігін көрсететін ерікті ұйым ретінде жұмыс істеді. Пролеткульт ұйымдық жағынан 1917 жылы сентябрьде құрылды. Басшылық ету ісі А. А. Богдановтың және оның жақтастарының қолына шоғырланған Пролеткульт Октябрь революциясынан кейін де өзінің «тәуелсіздігін» қорғауын тоқтатпады, сол арқылы өзін Коммунистік партия мен пролетарлық мемлекетке қарсы қойды. Осының салдарынан Пролеткультке буржуазиялық интеллигенттер еніп кетіп, оның позициясына шешуші ықпал ете бастады. Пролеткультшілдер іс жүзінде бұрынғы мәдени мұраның маңызын жоққа шығарды, бұқаралық мәдени-ағарту жұмысының міндеттерінен жалтаруға және өмірден қол үзіп, «лабораториялық жолмен» айрықша «пролетарлық мәдениетті» жасауға тырысты. Пролеткульттің басты идеологы Богданов марксизмді сөз жүзінде мойындап, іс жүзінде субъективтік-идеалистік, махистік философияны уағыздады. Пролеткульт біртекті ұйым болған жоқ. Пролеткульттің көптеген ұйымдарына жетекшілік еткен буржуазиялық интеллигенттермен қатар, ол ұйымдарға Совет мемлекетінің мәдени құрылысына шын ниетімен көмектесуге тырысқан жұмысшы жастар да енді. Пролеткульт ұйымдары 1919 жылы барынша дамыды. 20-жылдардың бас кезінде олар құлдырай бастады; 1932 жылы Пролеткульт өзінің өмір сүруін тоқтатты.

В. И. Ленин «Пролетарлық мәдениет туралы» қарардың жобасында (Шығармалар, 31-том, 319—320-беттер), өзінің басқа да бірқатар еңбектеріндегі сияқты, Пролеткульттің қате бағытын батыл сынады. — *364.*

77 Бұл арада «Сауаттыларды мобилизациялау және советтік құрылысты насихаттауды ұйымдастыру туралы» декрет айтылып отыр, декретті Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 10 декабрьде қабылдады және ол 12 декабрьде «Известия ВЦИК» газетінің 272-номерінде жарияланды. Декрет бүкіл сауатты халықты есепке алып, олардың арасынан дауыстап жақсы оқитындарды іріктеп алып, топтарға бөлуді ұсынды,

бұл топтар «...біріншіден: сауатсыз халықты үкіметтің барлық шараларынан хабардар етіп отыруға, екіншіден, жалпы алғанда бүкіл халықтың саяси жағынан жетілуіне жәрдемдесуге...» тиіс болды. — *365.*

78 *Версаль бітімі* — Германия мен оның дұшпандары — Америка Құрама Штаттары, Британ империясы, Франция, Италия, Жапония және олармен біріккен державалар арасында болған 1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғыс аяқталғаннан кейін 1919 жылы Париж бейбітшілік конференциясында әзірленген бітім шарттарының жүйесі.

Версаль бітім шартына баға бере келіп, Ленин 1920 жылы 15 октябрьде былай деді: «Бұл бітім ондаған миллион адамды, соның ішінде ең цивилизациялы адамдарды құлдық халге түсірген құлақ естімеген, тонаушылық бітім» (Шығармалар, 31-том, 330-бет). Версаль бітім шарты капиталистік дүниенің жеңген державалардың пайдасына қайта бөлінуін баянды етуді, сондай-ақ елдер арасында Советтік Россияны тұншықтыруға және бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалысты талқандауға бағытталған қатынастар жүйесін орнатуды мақсат етті. — *373.*

79 *«Речь»* («Тіл») — кадеттердің контрреволюцияшыл буржуазиялық партиясының орталық органы; газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград әскери-революциялық комитетінің қаулысы бойынша жауып тастағаннан кейін, ол 1918 жылғы августқа дейін «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді.— *388.*

80 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 108—109-беттер).— *390.*

81 В. Шердің «Азық-түлік ісіне байланысты жабдықтау ісіндегі кооперацияның ролі» деген тезистері Л. Германовтың 1919 жылы 13 майда «Правданың» 101-номерінде 2-бетте жарияланған «Керенскийден кері шегініс» деген мақаласында келтірілген.— *391.*

82 Бұл арада, сірә, «Freiheit» газеті айтылып отырса керек, газеттің 1919 жылғы 15 апрельдегі 181-номерінде К. Каутскийдің Советтердің Бүкіл германдық II съезіндегі баяндамасы жарияланған-ды; бұл баяндаманы оның зайыбы Луиза Каутская оқып берген еді.— *394.*

83 *Сухаревка* — Москвадағы 1692 жылы I Петр салдырған Сухарев мұнарасының төңірегіне орналасқан базар. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдары Сухаревка жалдаптықтың орталығына айналды. Осы кезден бастап Сухаревка «еркін» жеке сауданың синонимі болып алды.

1932 жылы Сухаревка біржолата жабылды, ал 1934 жылы көше жүрісіне кедергі келтіргендіктен Сухарев мұнарасы бұзылды. Қазір бұрынғы Сухаревка территориясына Колхоз алаңы орналасқан.— *399.*

84 Қолжазбада В. И. Лениннің қолымен: Сталин, Крестинский деп те жазылған.— *417.*

85 «Герман халқына» деген үндеу Версаль бітім шартына байланысты жазылған. Онда герман халқына күштеп таңылған бұл шарт оны құлақ естімеген тонаушылыққа және кіріптарлыққа ұшыратады делінген.

Ленин үндеудің бас тақырыбын: «Герман жұмысшыларына және өзгенің еңбегін қанамайтын шаруаларға» деп өзгертіп, қорытынды бөлімін жазды.— *418.*

86 1919 жылы 25 майда жалпыға бірдей әскери оқудың бір жылдығы мерекеленді, ол Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің «Міндетті түрде әскери өнерге үйрету туралы» 1918 жылғы 22 апрельдегі декреті бойынша енгізілген еді. Декрет шығарылған кезден бастап әскери іске үйретілген жүздеген мың еңбекшілер Қызыл Армияның қатарын толықтырды. В. И. Ленин Қызыл алаңда Жалпыға бірдей әскери оқуда оқитындар полктерінің парадын қабылдап, Жалпыға бірдей әскери оқудың штабымен бірге жүріп, жұмысшы полктерінің, коммунистік батальондардың, аудандық отрядтардың, Москва қаласындағы әскери мектептер курсанттарының сапын аралап шықты.— *422.*

87 Қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 27-бет).—*425.*

88 *«Коммунистический Интернационал»*—журнал, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің органы, орыс, неміс, француз, ағылшын, испан және қытай тілдерінде шығып тұрды. Бірінші номері 1919 жылы 1 майда шықты. Журналда теориялық мақалалар және Коммунистік Интернационалдың документтері басылып тұрды, онда Лениннің бірқатар мақалалары жарияланды. Журналда халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыс проблемаларына байланысты маркстік-лениндік теорияның негізгі мәселелері жазылып тұрды; журнал Совет Одағындағы социализм құрылысының тәжірибесін де корсетті; әр түрлі антилениндік ағымдарға қарсы күрес жүргізді. Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының Коммунистік Интернационалды тарату туралы 1943 жылғы 15 майдағы қаулысына байланысты 1943 жылдың июнінде журналды шығару тоқтатылды.— *428.*

89 *«Орталық Комитеттің әскери бірлік туралы директивасының жобасы»* РКП(б) Орталық Комитетінің, В. И. Лениннің туыс-

қан Советтік республикалардың: РСФСР-дің, Украинаның, Латвияның, Литваның және Белоруссияның әскери одағын құру және нығайту жөніндегі орасан зор ұйымдастырушылық қызметін бейнелейді. Туысқан республикалардың Совет үкіметтері шетел интервенттері мен ақ гвардияшыл контрреволюциялық армияларға қарсы бірлесіп қорғаныс соғысын жүргізу үшін барлық күштер мен материалдық құралдарды біріктіруге бірауыздан шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1919 жылы 1 июньде «Дүние жүзілік империализмге қарсы күрес жүргізу үшін Россия, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия Советтік республикаларын біріктіру туралы» декрет қабылдады. Барлық республикалардың үкіметтері арасында келісім жасасу жолымен: әскери командование, халық шаруашылығы советтері, темір жол транспорты басқармасы, финанс, еңбек комиссариаттары біріктірілді (Заңдар жинағы, 1919, № 21, 264-статья). 1920 жылы 30 сентябрьде РСФСР мен Азербайжан ССР-і арасында әскери және финанс-экономикалық одақ туралы шарт жасалды; 1920 жылы 28 декабрьде РСФСР мен УССР әскери және шаруашылық одақ туралы Одақтық жұмысшы-шаруа шартын жасасты; 1921 жылы 16 январьда РСФСР мен БССР арасында осындай Одақтық жұмысшы-шаруа шарты жасалды. Туысқан Советтік республикалардың әскери және шаруашылық одағы шетел интервенттері мен ақ гвардияшыл контрреволюцияны жеңіп шығуды қамтамасыз етті, Советтік республикаларды біртұтас одақтық мемлекет етіп біріктіруде, лениндік дана жоспар бойынша ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағын құруда маңызды кезең болды.

Документтің астында В. И. Лениннің қолымен бірге И. В. Сталиннің қолы да қойылған.— *440*.

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

1917, № 256, 20 декабря, стр. 7, в отд.: Действия правительства. — *174—175.*

Декрет о единовременном чрезвычайном революционном налоге, принятый в заседании Всерос. Центр. Исполн. Комитета 30 октября 1918 года. № 2813.—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 240 (504), 2 ноября, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *230.*

Декрет об организации и снабжении деревенской бедноты, принятый Всерос. Центр. Исполнит. Комитетом Советов рабоч., солд., крест. и каз. депутатов в заседании от 11-го июня 1918 года.—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 119 (383), 12 июня, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *158, 159.*

[*Декрет Революционного Совета Венгрии о временном управлении и рабочем контроле в промышленных, горнозаводских и транспортных предприятиях*].—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестьянск., Казачьих и Красноарм. Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноарм. Депутатов», 1919, № 68 (620), 29 марта, стр. 2, в отд.: События в Венгрии. Под общ. загл.: Социализация промышленности. — *257.*

Декрет [*СНК*] *о мобилизации грамотных.* 10 декабря 1918 г. — «Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 272 (536), 12 декабря, стр. 4—5, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *365.*

Декрет [*СНК*] *о прекращении пассажирского движения в целях подвоза к центрам продовольствия и угля.* 8 марта 1919 г.— «Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестянск., Казачьих и Красноарм. Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноарм. Депутатов», 1919, № 54 (606), 11 марта, стр. 1. — *22, 36—38, 73—75, 274.*

Декрет [*СНК*] *о свободе совести, церковных и религиозных обществах.* [20 января (2 февраля) 1918 г.].—«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 16 (280),

21 января, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *106, 131.*

Декрет [СНК] об увеличении посевной площади. [28 января 1919 г.].—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1919, № 21, 30 января, стр. 5, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *19—20.*

Декрет Совета Народных Комиссаров [*о мобилизации.* 10 апреля 1919 г.].—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 78 (630), 11 апреля, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *299, 305, 308—310, 311, 342, 350.*

Декрет Совета Народных Комиссаров о потребительских коммунах. [16 марта 1919 г.].—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестьянск., Казачьих и Красноарм. Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноарм. Депутатов», 1919, № 60 (612), 20 марта, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *181.*

«Дело Народа», Пг. — Самара — М. — *290, 293, 369, 374, 376—377, 381—382.*

— Пг., 1917, № 160, 21 сентября, стр. 1. — *387—388.*

Договор между Российской и Финляндской социалистическими республиками. —«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 45 (309), 10 марта, стр. 3. — *202.*

«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1. — *289, 292.*

— 1917, № 209, 28 октября, стр. 1. — *33, 196—197.*

— 1917, № 256, 20 декабря, стр. 7. — *174—175.*

«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 16 (280), 21 января, стр. 2. — *106, 131.*

— 1918, № 28 (292), 19 (6) февраля, стр. 3. — *99—100, 112—113, 447.*

— *Декрет о земле съезда Советов рабочих и с. д.* (Принят на зас. 26 окт. в 2 ч. н.).— «Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 209, 28 октября, стр. 1. — *33, 196.*

— *Декрет о мире, принятый единогласно на заседании Всероссийского съезда Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов 26 октября 1917 г.* —«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1. — *289, 292.*

— *Доклад о внешней и внутренней политике Совета Народных Комиссаров — қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина в заседании Петроградского Совета 12 марта 1919 г.

— *Доклад о внешнем и внутреннем положении Советской республики — қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина на расширенном собрании Московского Совета 3 апреля 1919 г.

— *Доклад о задачах профессиональных союзов в связи с мобилизацией на Восточный фронт.* 11 апреля 1919 г. — *323.*

— *Доклад об отношении пролетариата к мелкобуржуазной демократии — қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина на собрании активных партийных работников 27 ноября 1918 г.

— [*Доклад о партийной программе 19 марта 1919 г. на VIII съезде РКП(б)*].— В кн.: VIII съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 41—55. (РКП(б)). — *192, 193.*

— *Запись радиотелеграммы Бела Куну 23 марта 1919 г.* — *256.*

— *К пересмотру партийной программы.*—«Просвещение», Пг., 1917, № 1—2, сентябрь—октябрь, стр. 81—99. Подпись: Н. Ленин. — *174.*

— *О задачах пролетариата в данной революции.* —«Правда», Пг., 1917, № 26, 7 апреля, стр. 1—2. Подпись: Н. Ленин. — *1.*

— *Об обмане народа лозунгами свободы и равенства.* (Речь на съезде по внешкольному образованию). [19 мая 1919 г.].— В кн.: [Ленин, В. И.] Две речи на 1-м Всероссийском съезде по внешкольному образованию. (6—19 мая 1919 года). М., Госиздат, 1919, стр. 10—32. (РСФСР. День советской пропаганды). Перед загл.: авт.: Н. Ленин. — *411, 413.*

— *Об основании Коммунистического Интернационала. Речь на торжественном соединенном заседании ВЦИК, Московского Совета, МК РКП(б), ВЦСПС, профессиональных союзов и фабрично-заводских комитетов Москвы в день чествования открытия Коммунистического Интернационала 6 мар-*

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

— *Речь тов. Ленина на расширенном собрании Московского Совета 3 апреля 1919 г.*—«Правда», М., 1919, № 76, 9 апреля, стр. 2—3; № 77, 10 апреля, стр. 2—3. В газ. ошибочно указана дата выступления: 4 апреля. — *289, 292.*

— *Речь тов. Ленина на собрании активных партийных работников 27 ноября 1918 г.* —«Правда», М., 1918, № 264, 5 декабря, стр. 2—3; № 265, 6 декабря, стр. 2—3. — *160.*

— *Тезисы ЦК РКП(б) в связи с положением Восточного фронта.* —«Правда», М., 1919, № 79, 12 апреля, стр. 2. Подпись: Центральный Комитет РКП (больш.).— *308—309, 310—311, 312—313, 315, 317, 319.*

— *Третий Интернационал и его место в истории.* —«Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 1, 1 мая, стлб. 31—38. Подпись: Н. Ленин. — *428.*

— *Черновой набросок проекта программы, предложенный тов. Лениным.*—«Коммунист», Пг., 1918, № 5, 9 марта, стр. 3. — *93.*

Манифест Коммунистической партии к пролетариям всего мира.—«Правда», М., 1919, № 52, 7 марта, стр. 1. — *199.*

Манифест социалистов-революционеров Вольского и Святицкого — *қараңыз:* Ко всем членам партии социалистов-революционеров от группы членов п. с.-р.

Маркс, К. Гражданская война во Франции. Воззвание Генерального Совета Международного Товарищества Рабочих. Апрель — май 1871 г. — *151—152.*

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I—III. 1867—1894 гг. — *209, 414—415.*

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I. 1867 г. — *171, 392.*

— *Критика Готской программы.* Замечания к программе германской рабочей партии. Апрель — начало мая 1875 г. — *425.*

— *Письмо Ф. Энгельсу.* 16 апреля 1856 г. — *338.*

Мирный договор между Россией с одной стороны и Германией, Австро-Венгрией, Болгарией и Турцией с другой. М., тип. Моск. Совета раб. и солд. депутатов, 1918. 150 стр.; 1 л. карт. — *14—16.*

Неразрешимые вопросы.—«Правда», М., 1919, № 72, 3 апреля, стр. 2, в отд.: Телеграммы. — *283—284, 285.*

«Новая жизнь», Пг.—М.—187.

— Пг., 1917, № 135 (129), 23 сентября (6 октября), стр. 1.— *388.*

Новая программа независимых.—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1919, № 59 (611), 18 марта, стр. 5. Под общ. загл.: Революция в Германии. — *150.*

О Коммунистическом Интернационале. [Резолюция, принятая на VIII съезде РКП(б)].— В кн.: VIII съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 355. (РКП(б)). — *234.*

О союзе крестьян и рабочих. [Циркуляр СНК и Наркомпрода всем губернским Советам и продовольственным комитетам].—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 177 (441), 18 августа, стр. 4. — *231.*

[*Обращение VIII съезда РКП(б) к партийным организациям*].— В кн.: VIII съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 55—56. (РКП(б)). — *180.*

Обязательное постановление о провозе продуктов.—«Северная Коммуна», Пг., 1918, № 98, 6 сентября, стр. 1. — *309—310.*

Оперативная сводка к часу ночи 30 марта.—«Правда», М., 1919, № 71, 2 апреля, стр. 2. Под общ. загл.: Советская Украина. — *270.*

Основной закон о социализации земли. [27 января (9 февраля) 1918 г.].—«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 28 (292), 19 (6) февраля, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *99—100, 112—113, 447.*

Петроград, 16 сентября.—«Речь», Пг., 1917, № 218 (3960), 16 (29) сентября, стр. 2. — *388.*

Петроград, 21 сентября (3 окт.). Пути соглашения.—«Дело Народа», Пг., 1917, № 160, 21 сентября, стр. 1. — *387.*

Пишон о России.—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестьянск., Казачьих и Красноарм. Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноарм. Депутатов», 1919, № 68 (620), 29 марта, стр. 2, в отд.: За границей. — *286.*

— 1919, № 79, 12 апреля, стр. 2. — *308—310, 311, 312—313, 315, 317, 319.*

— 1919, № 96, 7 мая, стр. 2. — *406.*

— 1919, № 101, 13 мая, стр. 2.—*391, 401, 402.*

Преступная работа левых эсеров.—«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестьянск., Казачьих и Красноарм. Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноарм. Депутатов», 1919, № 72 (624), 3 апреля, стр. 2, в отд.: По России.— *280—281.*

Программа РКП (большевиков).— В кн.: VIII съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 337—355. (РКП(б)). — *214—216, 228, 231, 234, 244, 382, 383—384, 388—389.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП). — *93, 94—97, 115—118, 169—171, 194, 199—200.*

Проект программы РКП (большевиков).— В кн.: VIII съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 319—336. (РКП(б)). — *148—149, 153—154, 156, 167, 168, 170—171, 172—173, 174, 176, 178, 179—182, 183, 187, 190, 191, 192—193, 195, 196—197, 198, 199, 200, 203.*

Проект программы РКП (большевиков). —«Правда», М., 1919, № 43, 25 февраля, стр. 1; № 44, 26 февраля, стр. 1; № 45, 27 февраля, стр. 1. — *15—17.*

«Просвещение», Пг., 1917, № 1—2, сентябрь—октябрь, стр. 81—99. — *173—174.*

Радиотелеграмма народного комиссара по иностранным делам. Правительствам Великобритании, Франции, Италии, Японии и Северо-Американских Соединенных Штатов. 4 февраля 1919 г. —«Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1919, № 26 (578), 5 февраля, стр. 1. Под общ. загл.: Россия и союзники. — *145—146, 148—149.*

Резолюции и постановления, [принятые на VIII съезде РКП(б). 18—23 марта 1919 г.].— В кн.: VIII съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 319—379. (РКП(б)). — *227, 234, 249.*

Der Bolschewismus in Ungarn.—«Frankfurter Zeitung und Handelsblatt». Zweites Morgenblatt, 1919, Nr. 222, 23. März, S. 1. — *319.*

David, E. Die Sozialdemokratie im Weltkrieg. Berlin, Singer, 1915. 192 S. — *436.*

«Frankfurter Zeitung und Handelsblatt». Zweites Morgenblatt, 1919, Nr. 222, 23. März, S. 1. — *319.*

«Die Freiheit». Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 71, 9. Februar, S. 1. — *430.*

— Morgen-Ausgabe, 1919, Nr. 74, 11. Februar, S. 1. — *339—341, 430.*

— Abend-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 75, 11. Februar, S. 3. — *153—154.*

— Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 114, 9. März. Beilage zur «Freiheit», S. 1—3. — *431—433, 436.*

— Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 178, 13. April. Beilage zur «Freiheit», S. 1—2.— *430, 431—432.*

— Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 181, 15. April. Beilage zur «Freiheit», S. 1—2.— *394.*

— Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 211, 4. Mai, S. 1—2. — *436—437.*

Guilbeaux, H. Le mouvement socialiste et syndicaliste français pendant la guerre. (Esquisse historique). 1914—1918. Préface de N. Lénine. Petrograd, ed. de L'Internationale communiste, 1919. 68 p. — *328—329.*

Haase, H. Die Internationale in Amsterdam.—«Die Freiheit». Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 211, 4. Mai, S. 1—2. — *436—437.*

Hilferding, R. Die Einigung des Proletariats.—«Die Freiheit». Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 71, 9. Februar, S. 1. — *430.*

L'Internationale communiste.—«Le Temps», Paris, 1919, N 21070, 15 mars, p. 3. Под общ. загл.: Questions sociales. — *332—333.*

Internationale Sozialistenkonferenz. Democratie und Diktatur. Schluß des Kongresses. Bern, 10. Februar.—«Die Freiheit». Abend-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 75, 11. Februar, S. 3. — *153—154.*

**Kautsky, K. Die Agrarfrage.* Eine Übersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 451 S. — *213—215.*

— *Aussichten der Revolution.*—«Arbeiter Zeitung». Morgenblatt,Wien, 1919, Nr. 98, 9. April, S. 1—2. — *433, 434—436, 437.*

— *Die Diktatur des Proletariats.* Wien, Brand, 1918. 63 S. — *9. 403—404, 429, 430—432.*

— *Karl Marx's Ökonomische Lehren.* Stuttgart, Dietz, 1887. X, 259 S. — *392, 400.*

— *Die soziale Revolution.* I. Sozialreform und soziale Revolution. Berlin, Exped. der Buchh. «Vörwärts», 1902. 56 S. — *433—434.*

— *Die soziale Revolution.* II. Am Tage nach der sozialen Revolution. Berlin, Exped. der Buchh. «Vörwärts», 1902. 48 S. — *433—434.*

Organized Bolshevism.—«The Times», London, 1919, No. 41, 994, January 10, p. 9. — *6, 54.*

Programm der Sozialdemokratische Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891, S. 3—6. — *197.*

Rathenau, W. Der neue Staat. Berlin, Fischer, 1919. 74, 5 S. — *437—438.*

Der Revolutions — Parteitag.—«Die Freiheit». Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 114, 9. März. Beilage zur «Freiheit», S. 1—3.— *431—433, 435—436.*

«Le Temps», Paris. — *332—333.*

— 1919, N 21070, 15 mars, p. 3. — *332—333.*

«The Times», London, 1919, No. 41, 994, January 10, p. 9. — *6, 54.*

Zweiter Rätekongreß.—«Die Freiheit», Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr .178, 13. April. Beilage zur «Freiheit», S. 1—2. — *430, 431—432.*

Zweiter Rätekongreß.—«Die Freiheit». Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 181, 15. April. Beilage zur «Freiheit», S. 1—2.— *394.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Аванесов, В. А. (1884—1930) — совет мемлекет қайраткері; 1903 жылдан РСДРП мүшесі, 1914 жылдан — большевик. Солтүстік Кавказда партиялық жұмыс жүргізді. 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысқан. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшылар депутаттары Москва Советіндегі большевиктік фракцияның және Москва Советі президиумының мүшесі. 1917 жылғы Октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің құрамына кірген. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиум мүшесі және секретары. 1920 жылдан 1924 жылға дейін — Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары, 1924 жылдан 1925 жылға дейін—сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары, 1925 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің Президиум мүшесі. 1922—1927 жылдары — СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі.— *421.*

Авксентьев, Н. Д. (1878—1943) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советі атқару комитетінің председателі; Керенскийдің екінші коалициялық үкіметінде ішкі істер министрі, кейінірек контрреволюциялық «Россия республикасы Уақытша советінің» (Предпарламенттің) председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1918 жылы—«Уфа директориясы» дейтіннің председателі; одан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, онда Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді.— *379.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында центристік жел сөздерді бүркемеленіп, іс жүзінде социал-шовинизм

позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі, Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды насихаттады.— *379.*

Антонов — қараңыз: Антонов-Овсеенко, В. А.

Антонов-Овсеенко, В. А. (1883—1938) — Октябрь социалистік революциясына белсене қатысушы, көрнекті совет әскери қайраткері. Революциялық қозғалыс жолына 1901 жылы түсті. 1910 жылы Парижге эмиграцияға кетіп, онда меньшевиктерге қосылды. 1914 жылдың аяғында меньшевизмнен қол үзді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист. Эмиграциядан қайтып оралғаннан кейін, 1917 жылы июньде большевиктер партиясына кірді. 1917 жылы октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі, Қысқы сарайға тіке шабуыл жасау басшыларының бірі. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі болып кірді. 1917 жылдың аяғында — 1918 жылдың басында калединшілдер мен Орталық радаға қарсы күрескен совет әскерлеріне қолбасшылық етті. 1918 жылы марттан майға дейін — Россияның Оңтүстігіндегі совет әскерлерінің қолбасшысы; 1919 жылы январьдан июньге дейін — Украин майданының қолбасшысы. 1922—1924 жылдары — Республиканың Революциялық-әскери советінің Саяси басқармасының бастығы. Кейінгі жылдары совет, әскери және дипломатиялық жұмыста болды. 1923—1927 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды.— *417.*

Аустерлиц (Austerlitz), *Фридрих* (1862—1931) — Австрия социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі, оның орталық органы «Arbeiter-Zeitung»-тің («Жұмысшы Газеті») бас редакторы; Венадан парламентке депутат.— *433.*

Б

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, «австромарксизм» дейтіннің идеологы. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдары Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі болды. 1919, 1927 және 1934 жылдары Австрия жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды.— *428, 433.*

Бентам (Bentham), *Иеремия* (1748—1832) — ағылшын юрисі және философы, буржуазиялық либерализмнің идеологы, утили-

таризм теоретигі. Оның ілімі бойынша, қоғам жеке бастың пайдасына ұмтылушылықпен ғана байланысқан индивидуумдардың жиынтығы болып саналады. Маркс Бентамды «буржуазиялық топастықтың данышпаны» деп атап, оның ілімін өлтіре сынады (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 624-бет).— *383, 414.*

Брешко-Брешковская, Е. К. (1844—1934)— эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі, оның барып тұрған оң қанатында болды. Саяси қызметін 70-жылдарда «халық арасына барудан» бастады, тұтқынға алынып, айдауда (1878 жылы —193-тің процесі бойынша) болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беруді жақтаушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. 1919 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті, одан кейін Францияда тұрды. Шетелде Советтік Россияға қарсы жалақорлық науқан жүргізді, жаңа интервенцияны әзірлеуді жақтады, Париждегі ақ эмиграннтық орган — «Дниге» қатысты.— *379, 409—410.*

Брюханов, Н. П. (1878—1938)— совет мемлекет қайраткері, 1902 жылдан РСДРП мүшесі, 1904 жылдан — большевик. Қазанда, Симбирскіде, Уфада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП Уфа біріккен комитетінің мүшесі, жұмысшы және солдат депутаттары Уфа Советінің председателі, 1917 жылы октябрьде — Уфа губерниялық революциялық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — азық-түлік халық комиссарының орынбасары, ал кейіннен — азық-түлік халық комиссары, финанс халық комиссары, жабдықтау халық комиссарының орынбасары, СССР Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Егіннің шығымдылығын анықтау жөніндегі комиссия председателінің орынбасары. Партияның XV және XVI съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды.— *38, 75.*

Бухарин, Н. И. (1888—1938)—1906 жылдан большевиктік партияда болды; Москваның әр түрлі аудандарында насихатшы болып істеді. 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде маркстік позицияға жатпайтын позиция ұстады. Партияның VI съезінде жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың одағын теріске шығаруды негізге ала отырып, революцияны дамытудың антилениндік схемасын ұсынды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін «Правданың» редакторы, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Комин-

В

Г

Гильбо (Guilbeaux), *Анри* (1885—1938)—француз социалисі, журналист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде «Demain» («Ертең») журналын шығарып тұрды, интернационалдық байланыстарды қалпына келтіруді жақтады, 1916 жылы Кинталь конференциясына қатысты. 20-жылдардың бас кезінен Германияда тұрды, «L'Humanitè» («Адамзат») газетінің тілшісі болды. Кейіннен троцкистік позицияға көшті, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды.— *328—329.*

Гильфердинг (Hilferding), *Рудольф* (1877—1941)—герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунистік лидерлерінің бірі; «австромарксизм» дейтіннің теоретигі. 1907 жылдан 1915 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газетінің редакторы. 1910 жылы «Финанс капиталы» деген еңбек жариялады, бұл еңбек монополистік капитализмді зерттеуде белгілі бір дәрежеде игі роль атқарды; сонымен қатар кітапта елеулі теориялық қателер және оппортунистік қағидалар да бар еді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, социал-империалистермен бірлікті жақтады. Соғыстан кейін «ұйымдасқан капитализм» теориясының авторы болды, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті ретінде көрінді. 1917 жылдан — «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының» лидері, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының ашық жауы. Веймар республикасы буржуазиялық үкіметінің құрамына бірнеше рет кірді. Өкімет басына фашизм келгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетті.— *9—10, 150, 340, 341, 428, 430.*

Гинденбург (Hindenburg), *Пауль* (1847—1934)—герман әскери және мемлекет қайраткері, генерал-фельдмаршал, герман империализмінің реакциялық және шовинистік элементтерінің өкілі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — Шығыс майдандағы герман армиясының қолбасшысы, одан соң — бас штабтың бастығы. Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясын басып-жаншуға қатысты. 1925—1934 жылдары — Веймар республикасының президенті. 1933 жылы Гитлерге үкімет құруды тапсырды, сөйтіп ресми түрде бүкіл өкімет билігін түгелдей фашистердің қолына берді.— *270, 271.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930)— герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, ревизионист, кәсібі жөнінен экономист. 1903 жылдан бастап рейхстагтың депутаты болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі; гер-

ман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды.— *337, 436.*

Деймиг (Däumig), *Эрнст* (1866—1922) — герман саяси қайраткері, социал-демократ, журналист. «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының» негізін қалаушылардың бірі, ал 1919 жылдың авгусынан — оның председателі. 1920 жылы декабрьде «тәуелсіздердің» сол қанатымен бірге Германия Коммунистік партиясына кірді, бірақ 1922 жылы социал-демократиялық партияға қайтып оралды.— *431, 432—433.*

Деникин, А. И. (1872—1947) — патша генералы; азамат соғысы кезінде — ақ гвардиялық қозғалыс басшыларының бірі. Генерал Корнилов өлгеннен кейін — Россияның оңтүстігіндегі антисоветтік қарулы күштердің бас қолбасшысы. Совет әскерлері оның армиясын талқандағаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *268, 370, 393, 401.*

Дзержинский, Ф. Э. (1877—1926) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, 1895 жылдан партия мүшесі. Польша мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың бірі. Польшада және Россияда партиялық жұмыс жүргізді. Бірінші орыс революциясы жылдарында поляк пролетариатының күресіне белсене қатысты және оның басшыларының бірі болды. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады: 11 жылдан астам уақыт түрмеде, каторгада және айдауда болды. Партияның IV съезінен бастап — РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Москвада партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің және көтеріліске басшылық ету жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. Революция жеңгеннен кейін контрреволюциямен және саботажбен күресу жөніндегі Бүкіл россиялық төтенше комиссияның (ВЧК) председателі болды. 1918 жылдың басында Брест бітімін жасасу туралы мәселе жөнінде қате позицияда болды. 1921 жылы Бүкіл россиялық төтенше комиссия председателі және ішкі істер халық комиссары қызметтерін атқарумен қатар, қатынас жолдары халық комиссары болып тағайындалды, 1924 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1924 жылғы июньнен — РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат және РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мүшесі.— *151, 439.*

Дридзо, С. А.— қараңыз: Лозовский, С. А.

Дукельский, М. П. (1875—1956) — Воронеж ауыл шаруашылық институтының профессоры.— *240—245.*

З

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е.* (1883—1936)—1901 жылдан большевиктік партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, «Пролетарий» газетінің және партияның Орталық Органы —«Социал-Демократтың» редакцияларына кірді. РСДРП V съезінен бастап — партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті; қарулы көтеріліске қарсы шықты. Каменевтің өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялауы партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы —«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындағандығы туралы мәлімдеме жасады, сөйтіп ол партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *162.*

И

Иоффе, А. А. (1883—1927)— совет дипломатиясының көрнекті қайраткері. 90-жылдардың аяқ шенінен бастап социал-демократиялық қозғалысқа қатысты; РСДРП(б) VI съезінде ауданаралықшылдармен бірге большевиктер партиясына қабылданып, Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Брест келіс сөздері кезінде совет бітім делегациясының құрамына кірді. 1918 жылғы апрельден ноябрьге дейін — РСФСР-дің Берлиндегі уәкілетті өкілі. Бұдан кейінгі жылдарда Советтік Россияның бірқатар капиталистік елдер үкіметтерімен келіс сөздеріне қатысты. 1925—1927 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды.— *417.*

---

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

К

Калинин, М. И. (1875—1946)— Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, 1898 жылдан партия мүшесі. Алғашқы астыртын маркстік жұмысшы үйірмелерінде және В. И. Ленин құрған Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» жұмыс істеді. Бірінші орыс революциясына белсенді қатысушы. Петербургте, Тифлисте, Ревельде, Москвада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Патша үкіметінің талай-талай жазалауларына ұшырады. 1912 жылы VI (Прага) конференциясында РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды, одан соң РСДРП Орталық Комитеті Орыс бюросының құрамына енді. «Правда» газетін ұйымдастырушылардың бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде Петроград жұмысшылары мен солдаттарының айбынды бой көрсетулері басшыларының бірі, Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі болды. Петроградтағы 1917 жылғы Октябрь қарулы көтерілісіне белсенді қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін— Петроградтың қала басы, одан соң қала шаруашылығы комиссары.. 1919 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі, 1922 жылдан — СССР Орталық Атқару Комитетінің председателі, 1938 жылдан — СССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі. 1919 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі. 1944 жылы Калининге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Социалистік құрылыс және коммунистік тәрбие мәселелері жөніндегі көптеген еңбектердің авторы.— *246—250, 281, 283, 453.*

Калинин, М. И. (1875—1946) — Коммунистік партия мен Совет киім фабрикасының жұмысшысы, большевик. 1917 жылғы октябрь күндері Петроградтың Москва ауданы Әскери-революциялық комитетінің жұмысына белсене қатысты. 1918 жылғы январьдан —«Скороходта» жұмысшы бақылауының мүшесі. 1 апрельде антисоветтік листовкалар таратып жүрген солшыл эсорлер тобын ұстауға әрекет жасаған кезінде өлтірілді.— *281.*

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936)— 1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі. «Пролетарий» және «Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *357, 417.*

Карольи (Kàrolyi), *Михай* (1875 ж. туған) — граф, венгр буржуазиялық саяси қайраткері. Австро-Венгрия құлап, 1918 жылы 16 ноябрьде Венгрия республикасы жарияланғаннан кейін Карольи президент болып сайланды. Елде революциялық қозғалыстың өрлеуі және халықаралық жағдайдың нашарлауы оны 1919 жылы мартта отставкаға кетуге мәжбүр етті. Венгрияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін эмиграцияға кетті; шетелде тұрған ол, Венгрияның гитлерлік Германия жағында екінші дүние жүзілік соғысқа қатысуына қарсы шықты. 1946 жылы Венгрияға қайтып оралды. 1947 жылы Франциядағы венгр кіші елшісі болып тағайындалды. 1949 жылы өзінің отставкаға кететіндігін мәлімдеп, отанына қайтып оралмады.— *286.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппотунизмге қарай ауытқушылық көрсеткен еді, сол үшін оны К. Маркс пен Ф. Энгельс қатты сынға алған еді. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, оппортунизм позициясына көшті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясы-

Россияның жоғарғы әміршісі деп жариялап, Уралда, Сибирь мен Қиыр Шығыста әскери буржуазиялық-помещиктік диктатураны басқарды. Қызыл Армияның соққысы және революциялық-партизандық қозғалыстың өсуі колчакшылдықтың күйреуіне әкеліп соқты; Колчак тұтқынға алынып, Иркутск ревкомының қаулысы бойынша 1920 жылы 7 февральда атылды.— *211, 268, 271, 272, 278, 279, 280, 295, 299, 301, 302, 305, 306, 307, 317, 319, 322, 330, 343, 344, 347, 349—350, 351, 352, 357, 365, 373—374, 376, 377, 381, 382, 391—392, 393, 401, 406.*

Красин, Л. Б. (1870—1926)—советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясына белсене қатысты. РСДРП III және IV съездерінде РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі, V съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Біраз уақыт антипартиялық «Вперед» тобында болды; кейінірек саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастырушылардың бірі, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдары халық комиссары болды. 1919 жылдан бастап дипломатиялық жұмыста болды. 1920 жылдан сыртқы сауда халық комиссары және сонымен қатар 1921—1923 жылдарда Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді. 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкілі.— *420.*

Краснов, П. Н. (1869—1947) — патша армиясының генералы, 1917 жылғы августағы Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. 1917 жылы октябрьдің аяғында антисоветтік бүлік кезінде Керенский Петроградқа аттандырған казак отрядтарының командирі болды. 1918—1919 жылдары Дондағы ақ казак армиясын басқарды. 1919 жылы шетелге қашып барып, онда антисоветтік әрекетін тоқтатпады, гитлершілдерге қызмет етті. Тұтқынға алынып, СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімі бойынша өлім жазасына кесілді. — *38, 75, 77, 270, 344—345.*

Кун (Kun), *Бела* (1886—1939)—венгр және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Венгрия Коммунистік партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Томскіде соғыс тұтқыны болды, соғыс тұтқындары арасында революциялық насихат жүргізді. 1916 жылы РСДРП(б) жергілікті ұйымымен байланыс жасады, большевиктер партиясына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Томск губерниялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы — РКП(б) шетелдік топтар федерациясының председателі. 1918 жылы күзде Венгрияға қайтып оралды. 1919

нерлер оны айуандықпен өлтірді. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализмге қарсы сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар толық жинағы, 37-том, 495-бет). — *62, 79, 313—314, 318, 394.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1916—1922 жылдары — премьер-министр. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокадаға дем берушілердің және оны ұйымдастырушылардың бірі. 1922 жылы бірқатар саяси сәтсіздіктерден кейін отставкаға кетті, алайда өмірінің ақырына дейін белгілі бір саяси ықпалын сақтап қалды. — *284, 332, 370.*

Лозовский (Дридзо), С. А. (1878—1952) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі. 1909 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда тұрып, ымырашыл-большевиктер тобына қосылды. 1917 жылы июньде Россияға қайтып оралды; Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық III конференциясында (июль, 1917 ж.) ВЦСПС секретары болып сайланды. 1917 жылы декабрьде партияның саясатына қарсы шыққаны үшін РСДРП(б) қатарынан шығарылды. Кейін интернационалист социал-демократтар тобын басқарды, осы топтың құрамында 1919 жылы декабрьде РКП(б) қатарына қайтадан алынды. 1921 жылдан 1937 жылға дейін — Профинтерннің бас секретары; одан соң Мемлекеттік әдебиет баспасының директоры. 1939—1946 жылдары СССР сыртқы істер халық комиссарының (кейін министрінің) орынбасары. Партияның XV съезінен бастап — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, XVIII съезде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. — *324.*

Луначарский, А. В. (1875—1933) — профессионал революционер, советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін—большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационализм позициясында болды. 1917 жылы Россияға қайтып келген соң Луначарский «ауданаралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды, 1930 жылдан — академик. 1933 жылы августа

СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Публицист, драматург, өнер және әдебиет мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *363.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Р. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты.

Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1918 жылғы Германиядағы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етіп қатысты. 1919 жылдың январында контрреволюционерлер оны тұтқынға алып, айуандықпен өлтірді. — *62, 79, 156, 313—314, 318, 394.*

М

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер). — *121, 152, 171, 208—209, 212, 214, 215, 254, 334, 338, 341, 382, 390, 392, 400, 414—415, 425, 426, 463.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды. — *321, 416.*

Махно, Н. И. (1884—1934) — Украинадағы контрреволюциялық анархистік-кулактық отрядтардың басшысы, бұл отрядтар 1918—1921 жылдары Совет өкіметіне қарсы күресті. Өзін шаруалар мүддесін қорғаушы ретінде көрсете отырып, Махно және оның жақтастары шаруалар бұқарасын өз жағына тартуға, сөйтіп оларды Совет өкіметіне қарсы күреске айдап салуға тырысты. Саяси және әскери жағдайлардың өзгеруін ескере отырып, Махно бұлталаққа салып бақты: бірде ақ гвардияшыларға қар-

сы, бірде Қызыл Армияға қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Оның штабы Гуляй-Поле селосында (бұрынғы Екатеринослав губерниясында) болды. Махноның анархистік-кулактық бандалары саяси бандитизммен айналысты, совет ұйымдарына шабуыл жасап, ойран салды, халықты тонады, партия және совет қызметкерлерін өлтірді. Махно бандалары 1921 жылы көктемде біржолата талқандалды. Махноның өзі шетелге қашып кетті. — *417*.

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. 1905 жылы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, одан кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беру саясатын жүргізді. 1917 жылы августа — Корнилов бүлігіне дем берушілердің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. — *48, 387—388*.

Моргари (Morgari), *Одино* (1865—1929) — итальян социалисі, журналист. Итальян социалистік партиясын құруға және оның қызметіне қатысты, центристік позиция ұстады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде халықаралық социалистік байланыстарды қайтадан бастауды жақтады. Циммервальд конференциясына қатысты, онда центристік позиция ұстады. 1919—1921 жылдары — парламенттік социалистік фракцияның секретары. — *351*.

Муравьев, М. А. (1880—1918) — патша армиясының офицері. Октябрь социалистік революциясынан кейін солшыл эсерлерге қосылды. 1918 жылы июльде, Шығыс майданы әскерлерінің қолбасшысы болып жүріп, Совет өкіметіне опасыздық жасады, әскерлер арасында бүлік шығаруға тырысты. Оның бұл арандатуы әшкереленді және жойылды. Қамауға алар кезде Муравьев қарулы қарсылық көрсеткендіктен атып өлтірілді. — *36, 72—73*.

Н

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды. — *4, 60, 405*.

Носке (Noske), *Густав* (1868—1946) — Герман социал-демократиялық партиясының оппортунистік лидерлерінің бірі. 1918 жы-

лы, Германиядағы Ноябрь революциясы кезінде, Кильдегі матростардың революциялық қозғалысын басып-жаныштауға басшылық етушілердің бірі болды. 1919—1920 жылдары әскери министр болды; Берлин жұмысшыларын жазалауды және К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтіруді ұйымдастырды, сол үшін «қанды ауыз ит» деп атанды. Кейіннен Пруссияның Ганновер провинциясының президенті болды. Фашистік диктатура жылдарында гитлерлік үкіметтен мемлекеттік пенсия алып тұрды. — *337, 394.*

О

Орландо (Orlando), *Витторио Эмануэле* (1860—1952)—итальян мемлекет қайраткері, буржуазиялық либералдар лидерлерінің бірі. 1917—1919 жылдары—Италияның премьер-министрі, Париж бейбітшілік конференциясында итальян делегациясын басқарды. 1919—1920 жылдары парламент председателі болды. Муссолинидің фашистік диктатурасы орнағаннан кейін белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. 1948—1952 жылдары сенатор болды. — *284.*

П

Пишон (Pichon), *Стефан Жан Мари* (1857—1933)— француз саяси қайраткері және дипломаты. 1917 жылдан—Клемансо кабинетінде сыртқы істер министрі. Кабинет құлағаннан кейін (январь, 1920 ж.) саяси қызметтен шеттеп кетті. — *286.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918)— орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы —«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевиктердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды, большевиктерге,

социалистік революцияға қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады. — *93.*

Подбельский, В. Н. (1887—1920) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің қайраткері. 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва комитетінің мүшесі, «Социал-Демократ» газетінің редакциясында жұмыс істеді. Москвада Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысушы, Москва Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1918 жылғы майдан — РСФСР почта және телеграф халық комиссары. — *192—193, 200.*

Подвойский, Н. И. (1880—1948) — көрнекті партиялық және әскери қызметкер. 1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі, бірінші орыс революциясына белсене қатысушы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі, Октябрь қарулы көтерілісін әзірлеу және өткізу күндерінде — Петроградтағы Әскери-революциялық комитеттің председателі, Қысқы сарайға тіке шабуыл басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі, Петроград әскери округінің қолбасшысы. 1919 жылы — Украинаның әскери-теңіз істері жөніндегі халық комиссары. ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып талай рет сайланды. Өмірінің соңғы жылдарында насихат және әдеби жұмыспен шұғылданды. — *417.*

Попов, П. И. (1872—1950) — статистик. 1924 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1918 жылдан Орталық статистика басқармасының басқарушысы, СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі болды, 1926 жылдан 1949 жылға дейін — РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі және Ленин атындағы Бүкіл одақтық ауыл шаруашылық ғылымдары Академиясының мүшесі. РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы. Одан кейін СССР Орталық статистика басқармасы жанындағы Ғылыми-методологиялық советтің мүшесі. Статистика жөніндегі бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. — *19.*

Пятаков, Г. Л. (1890—1937) — 1910 жылдан большевиктік партияда болды. Украинада және шетелде партиялық жұмыс жүргізді; «Коммунист» журналына жазып тұрды. 1915—1917 жылдары ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде

К

Калинин, М. И. (1875—1946) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, 1898 жылдан партия мүшесі. Алғашқы астыртын маркстік жұмысшы үйірмелерінде және В. И. Ленин құрған Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» жұмыс істеді. Бірінші орыс революциясына белсенді қатысушы. Петербургте, Тифлисте, Ревельде, Москвада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Патша үкіметінің талай-талай жазалауларына ұшырады. 1912 жылы VI (Прага) конференциясында РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды, одан соң РСДРП Орталық Комитеті Орыс бюросының құрамына енді. «Правда» газетін ұйымдастырушылардың бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде Петроград жұмысшылары мен солдаттарының айбынды бой көрсетулері басшыларының бірі, Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі болды. Петроградтағы 1917 жылғы Октябрь қарулы көтерілісіне белсенді қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроградтың қала басы, одан соң қала шаруашылығы комиссары. 1919 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі, 1922 жылдан — СССР Орталық Атқару Комитетінің председателі, 1938 жылдан — СССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі. 1919 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі. 1944 жылы Калининге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Социалистік құрылыс және коммунистік тәрбие мәселелері жөніндегі көптеген еңбектердің авторы.— *246—250, 281, 283, 453.*

Калинин, Я. А. (1880—1919) — Петербургтегі «Скороход» аяқкиім фабрикасының жұмысшысы, большевик. 1917 жылғы октябрь күндері Петроградтың Москва ауданы Әскери-революциялық комитетінің жұмысына белсене қатысты. 1918 жылғы январьдан — «Скороходта» жұмысшы бақылауының мүшесі. 1 апрельде антисоветтік листовкалар таратып жүрген солшыл эсерлер тобын ұстауға әрекет жасаған кезінде өлтірілді.—*281.*

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі. «Пролетарий» және «Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *357. 417.*

Карольи (Károlyi), *Михай* (1875 ж. туған) — граф, венгр буржуазиялық саяси қайраткері. Австро-Венгрия құлап, 1918 жылы 16 ноябрьде Венгрия республикасы жарияланғаннан кейін Карольи президент болып сайланды. Елде революциялық қозғалыстың өрлеуі және халықаралық жағдайдың нашарлауы оны 1919 жылы мартта отставкаға кетуге мәжбүр етті. Венгрияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін эмиграцияға кетті; шетелде тұрған ол, Венгрияның гитлерлік Германия жағында екінші дүние жүзілік соғысқа қатысуына қарсы шықты. 1946 жылы Венгрияға қайтып оралды. 1947 жылы Франциядағы венгр кіші елшісі болып тағайындалды. 1949 жылы өзінің отставкаға кететіндігін мәлімдеп, отанына қайтып оралмады.— *286.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқушылық көрсеткен еді, сол үшін оны К. Маркс пен Ф. Энгельс қатты сынға алған еді. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды: бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары оппортунизм позициясына көшті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясы-

кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — бірқатар контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушы, Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясына жәрдемдесті, ақ эмигрант. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды; СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша бұл ең жоғары жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. 1925 жылы түрмеде отырғанында өзін өзі өлтірді. — *379.*

Самуэли (Szamuely), *Тибор* (1890—1919) — венгр жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Венгр Совет республикасы басшыларының бірі (1919); кәсібі жөнінен журналист. 1915—1917 жылдары Россияда соғыс тұтқыны болды, мұнда большевиктік партияға кірді. Бұрынғы соғыс тұтқындарынан интернационалдық бригадаларды ұйымдастырушылардың бірі болды, бұл бригадалар Советтік Россияда контрреволюциялық күштерге қарсы шайқасты. Венгрия Коммунистік партиясының негізін қалаушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. Венгрияда Совет өкіметі жарияланғаннан кейін Әскери істер жөніндегі халық комиссариаты басшыларының бірі, кейін халық ағарту комиссары, тылдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі комитеттің басшысы болды.

1919 жылы майда Совет мемлекеті мен Венгр Совет республикасының империалистік интервенцияға қарсы бірлесіп күрес жүргізуі жөніндегі мәселелерді талқылау үшін Москваға келді. Венгрияда Совет өкіметі жаныштalғаннан кейін Австрия шекарасында өлтірілді.— *422.*

Свердлов, Я. М. (1885—1919) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1901 жылдан партия мүшесі. Нижний Новгородта, Сормовода, Костромада, Қазанда, Москвада, Петербургте және Россияның басқа да қалаларында революциялық жұмыс жүргізді. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Уралдың большевиктік ұйымдарына басшылық етті. РСДРП VI (Прага) конференциясынан (январь, 1912 ж.) кейін РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кооптацияланып, Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енгізілді. «Правда» газетінің редакциясына кірді. Революциялық қызметі үшін патша үкіметінің талай рет қуғындауына ұшырады; бәрін қосқанда түрмелер мен айдауда 12 жыл болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Урал партия ұйымы басшыларының бірі. Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында РСДРП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, Орталық Комитет секретариатының жұмысына басшылық етті. Свердлов Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және өткізуге белсене ат салысты. Петроград Әскери-революциялық комитетінің және көтеріліске басшылық ету жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. 1917 жылы 8(21) ноябрьде

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі болып сайланды. В. И. Ленин Я. М. Свердловты бұқараның аса талантты ұйымдастырушысы және аса көрнекті пролетарлық революционер ретінде сипаттады.— *83—84, 90, 141, 156, 161, 162, 233, 246, 253, 280.*

Свинхувуд (Svinhufvud), *Пер Эвинд* (1861—1944) — Финляндия саяси және мемлекет қайраткері. 1917—1918 жылдары — Финляндия жұмысшы революциясына қарсы аяусыз террор жүргізген Финляндия буржуазиялық үкіметінің басшысы. 1931 жылдан 1937 жылға дейін — Финляндия республикасының президенті. Кезекті президенттік сайлауда сәтсіздікке ұшырағаннан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.— *174.*

Святицкий, Н. В. (1887 ж. туған) — эсер, Құрылтай жиналысының мүшесі, 1918 жылы — Самарада Құрылтай жиналысы мүшелерінің контрреволюциялық комитетінің секретары. Колчак төңкерісінен кейін және Құрылтай жиналысының көптеген мүшелері қамауға алынғаннан кейін эсерлердің «Халық» тобына кірді, бұл топ Совет өкіметіне қарсы қарулы күрестен бас тартты. Кейін совет мекемелерінде жұмыс істеді.— *376—377.*

Стучка, П. И. (1865—1932) — социал-демократиялық қозғалыстың ең байырғы қайраткерлерінің бірі, советтің көрнекті мемлекет қайраткері. 1895 жылдан партия мүшесі, Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің председателі болды, патша үкіметі тарапынан жазалауға ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі атқару комитеті большевиктік фракциясының мүшесі және сол кезден бастап Орталық Атқару Комитетінің үздіксіз мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — юстиция халық комиссары. 1918—1919 жылдары — Латвия Совет үкіметінің председателі, одан кейін — РСФСР юстиция халық комиссарының орынбасары, 1923 жылдан — РСФСР Жоғарғы сотының председателі. Мемлекет және право мәселелері жөніндегі бірқатар ғылыми еңбектердің авторы.— *349.*

Суница, Л. Б. (1887 ж. туған) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Азамат соғысы жылдарында —1-армияның, Түркістан армиясының және 5-армияның саяси қызметкері. Кейінгі жылдары партиялық және оқытушылық жұмыс атқарды. — *193.*

Т

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демокра-

тиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеген еді, сөйтіп ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деген теорияны қорғады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп те ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *61, 153.*

У

Успенский, Г. И. (1843—1902) — орыстың аса көрнекті жазушысы әрі публицисі, революцияшыл демократ. «Современник» және «Отечественные Записки» журналдарына жазып тұрды.— *12—13.*

Ф

Фрумкин, М. И. (Германов, Л.) (1878—1938) — 1898 жылдан партия мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Красноярск губерниялық атқару комитеті мен губерниялық комитетінде жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — партия және совет жұмысын атқарды: азық-түлік халық комиссарының орынбасары, Сибирь революциялық комитеті председателінің орынбасары, сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары, финанс халық комиссарының орынбасары болды. Оңшыл оппозицияға белсене қатысты.— *391.*

Ц

Цедербаум, Ю. О. — *қараңыз:* Мартов, Л.

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалысының аса көрнекті қайраткері, талантты жазушы, жалынды шешен әрі трибун.

Герман социал-демократиясының сол қанатында бола отырып, Цеткин Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірге Бернштейнге және басқа да оппортунистерге қарсы күреске белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық интернационализм позициясында болды, социал-шовинизмге қарсы шықты. 1916 жылы «Интернационал» тобына, одан кейін «Спартак одағына» енді. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Коминтерн Атқару комитетіне сайланды. Оның халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан бастап Революция күрескерлеріне көмек берудің халықаралық ұйымы (МОПР) атқару комитетінің председателі қызметін үзбестен атқарды.— *436.*

Цюрупа, А. Д. (1870—1928) — профессионал революционер, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалысқа 1891 жылы кірісті; 1898 жылдан партия мүшесі. Уфада, Харьковте, Тулада және басқа қалаларда партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП Уфа біріккен комитетінің, кейін большевиктік комитетінің, жұмысшы және солдат депутаттары Советінің мүшесі, Уфа губерниялық азық-түлік комитетінің және қалалық думаның председателі болды. Октябрь қарулы көтерілісі күндерінде Уфа Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1917 жылғы ноябрьден бастап Петроградта азық-түлік халық комиссарының орынбасары болып істеді; 1918 жылдың басынан бастап — РСФСР азық-түлік халық комиссары. 1921 жылдың аяқ шенінен — Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары. 1922—1923 жылдары Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары, 1923—1925 жылдары — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі, 1925 жылы — ішкі және сыртқы сауда халық комиссары болды. Партияның XII—XV съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болды.—*158, 231.*

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1917 жылғы май—августа — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі; помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ.— *387.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы және социалист-утопист, ғалым, жазушы, әде-

биет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды.— *371.*

Ш

Шейдеман (Scheidemann), *Филипп* (1865—1939) — герман социал-демократиясының барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді, оның қызметі буржуазияның мүдделеріне сай белгіленіп отырды. 1919 жылғы февраль — июньде Веймар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы неміс жұмысшы қозғалысын қанға бояп жаныштауды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *14, 323, 333, 336, 337, 341, 354, 394, 418—419, 432—434.*

Шер, В. В. (1884—1940) — социал-демократ, меньшевик. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москвадағы солдат депутаттары Советінің секретары; июль оқиғаларынан кейін — Москва әскери округі әскерлері қолбасшысының көмекшісі, ал одан кейін — әскери министрліктің саяси басқармасының бастығы. Совет өкіметі тұсында Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағында, Халық шаруашылығы жоғары советінде және Мемлекеттік банкте істеді. 1931 жылы тұтқынға алынды және Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекеті үшін СССР Жоғарғы соты оны соттады.— *392, 393, 401, 402.*

Шмидт, В. В. (1886—1940) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Петербургте және Екатеринославта партиялық жұмыс жүргізді. 1915—1917 жылдары Петроград металлистер одағының және РСДРП(б) Петербург комитетінің секретары болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — кәсіподақтардың Петроград советінің секретары, 1918—1928 жылдары — ВЦСПС секретары, одан кейін еңбек халық комиссары. 1928 жылдан — СССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары. ВКП(б)-да оңшыл оппозицияға қосылды, бірақ кешікпей одан шеттеді. Партияның VII, XIV және XV съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланды.— *20, 24, 93, 185.*

Э

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *160, 168, 215, 336, 390.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(12 март — 27 июнь, 1919)

12 март. Ленин Петроградқа келеді, питерлік партия және совет қызметкерлерімен әңгімелеседі, олардың сұрауы бойынша Таврический сарайында Петроград Советінің мәжілісінде баяндама жасайды. Баяндама мен жарыс сөзден кейін көптеген запискаларға жауап береді.

13 март. Ленин М. Т. Елизаровты Волков зиратына жерлеуге қатысады.

Ленин кәсіподақтардың Петроград губерниялық советі орналасқан Еңбек сарайын көреді. 16 сағат 50 минутта Петроград губерниясының ауыл шаруашылық жұмысшыларының I съезінің мәжілісінде сөз сөйлейді және сұрақтарға жауап береді, ал содан кейін кәсіподақ қызметкерлерімен әңгімелеседі.

Ленин Халық үйінде: он мың адам қатысқан үлкен залдағы митингте, ал одан кейін фойеде екі рет сөз сөйлейді.

14 март. Ленин Петроградтан Москваға қайтып оралады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады; Америка Құрама Штаттары үкіметінің өкілі В. Буллитпен келіс сөз туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді. Мәжілісте партияның VIII съезінің күн тәртібі және съезді өткізу тәртібі бекітіледі. Орталық Комитет Ленинге съезде саяси және ұйымдық есеп бойынша және партия программасы туралы баяндамалар жасауды тапсырады. Сондай-ақ соғыс жағдайы, Төтенше комиссия-

ның жергілікті органдарын нығайту туралы, меньшевиктік және эсерлік газеттерді жабу туралы, Москва жұмысшыларына азық-түлік паегін көбейту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Міндетті түрдегі зығыр салымы туралы декреттің жобасы, Халық Комиссарлары Советінің зығыр мен жүн дайындауға бөлінетін кредитті ұзарту туралы және ағаш дайындауға қаржы босату туралы қаулыларын Финанс халық комиссариатының орындамауы жөнінде, Ішкі істер халық комиссариатының губерниялық, қалалық және уездік атқару комитеттерінің өзара қатынастары туралы тезистері және басқа мәселелер талқыланады.

15 март. Ленин барлық губерниялық және уездік Советтерге темір жол линиялары мен көпірлерді қалпына келтіруде темір жол әкімшілігіне жәрдем көрсетуді тапсырған телеграммаға қол қояды.

Ленин Шарья станциясының Төтенше комиссиясына телеграммаға қол қояды, онда жұмысшылар И. Куликов пен Е. Григорьеваның астығын конфискелеу себебін хабарлауды өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, күн тәртібіне Халық Комиссарлары Советінің хрестоматиялар басып шығару туралы қаулысының жобасы жөніндегі пунктті қосады, сағат тілін 1 сағат ілгері жылжытып қою туралы декреттің жобасын бекіту жөнінде белгі қояды. Халық шаруашылығы жоғары советінің полиграфия бөлімі туралы баяндаманы талқылау кезінде Ленин Халық Комиссарлары Советінің осы мәселе жөніндегі қаулысының нобайын жазады; Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы ұсынған тұтынушылар коммуналары туралы декреттің жобасымен таныса келіп, ескертпелер жазады және Н. Н. Крестинскиймен жобаның мәні жөнінде қағазға жазып пікір алысады. Мәжілісте сондай-ақ Жоғары геодезиялық басқарма

құру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

16 март. Ленин Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі С. И. Араловпен әңгімелесіп, оған РКП(б) VIII съезінде майдандардағы жағдай туралы баяндама жасауды ұсынады, баяндаманы даярлау жөнінде нұсқаулар береді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады; Мемлекеттік бақылау халық комиссариатын қайта құру туралы, Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегиясының құрамы туралы, халық комиссариаттары коллегияларының өкілдерін партияның VIII съезіне жіберу туралы мәселелер талқыланған кезде сөз сөйлейді. Мәжілісте Дон және Оренбург казактарына көзқарас туралы, солшыл эсерлердің Петроградтағы контрреволюциялық бой көрсетуі туралы, партия және совет баспасөзі туралы, Башқұрт Советтік Автономиялық Республикасымен шарт жасасу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин сырқаттанып жатқан Я. М. Свердловтың халі ауыр екенін естиді де, оған барып қайтады.

Ленин Я. М. Свердловтың қайтыс болуына байланысты жиналған РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады. Мәжілісте Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қызметіне басшылық ету туралы мәселе талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, тұтынушылар коммуналары туралы декреттің жобасын талқылаған кезде сөз сөйлейді, декреттің жобасына қосымшалар мен түзетулер енгізеді.

17 март. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына записка жазып, Симбирск губерниясындағы шаруалардың толқуы туралы Шығыс майданы Революциялық-әскери советінен хабар алынуына байланысты, Симбирск губерниясының совет және партия ұйымдарын тексеру үшін тергеу комиссиясын тағайындауды өтінеді; бұл толқу-

лар солшыл эсерлердің айдап салуы мен жергілікті өкімет орындарының заңсыз әрекеттері салдарынан болған еді.

Ленин Юстиция халық комиссары Д. И. Курскийге записка жазып, Чуд монастырында сақталған өліктердің табытын куәлардың көз алдында ашуды ұсынады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады. Орталық Комитет оған Я. М. Свердловты жерлеуде және партияның VIII съезін ашарда сөз сөйлеуді тапсырады. Шетелдік топтардың федерациясы туралы, Түркістанға жіберілген комиссияның жұмысы туралы, А. Д. Цюрупаның азық-түлік жағдайы туралы баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. С. Д. Марковтың арнаулы бағыттағы поездардың жүрісін ұйымдастыру туралы баяндамасы талқыланған кезде Москваға көмір және азық-түлік жеткізетін вагондардың келу кестесін жасайды. Әскери өкімет орындарының Халық шаруашылығы жоғары советінің кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысына араласуы туралы, атқару комитеттері мен кедейлер комитеттерінің темір жолдарды қар басып қалуына қарсы күресте темір жолдарға көмек көрсетуі туралы, кейбір заводтардың жұмысшыларын қызыл әскер паегіне көшіру туралы, Москва маңы бассейнінің кен жұмысшыларына Украинадан азық-түлік жөнелту туралы, Боровичи жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

18 март. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Я. М. Свердловты еске алуға арналған мәжілісінде сөз сөйлейді. Мәжіліс аяқталғаннан кейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшелерімен бірге Одақтар үйінің Колонналы залына барады, табыт басында құрметті қарауылға тұрады, ал одан кейін жерлеу рәсіміне ілесіп Қызыл алаңға барады, онда Я. М. Свердловтың қабірі басында сөз сөйлейді.

Ленин «Беднота» газетінің редакторы Л. С. Сосновскиймен және орталық газеттердің басқа да редакторларымен баспасөздің міндеттері және партияның орта шаруаларға көзқарасы туралы әңгімелеседі.

Ленин партияның VIII съезін кіріспе сөз сөйлеп ашады, съезд президиумына сайланады, мәжілістің бас кезінде председательдік етеді, ал одан кейін РКП(б) Орталық Комитетінің есепті баяндамасын жасайды.

19 март. Ленин РКП(б) VIII съезінің екінші мәжілісінде председательдік етеді және партия программасы туралы баяндама жасайды.

Ленин РКП(б) VIII съезінің үшінші мәжілісіне қатысады, партия программасы туралы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді. Ленин съездің программалық комиссиясының құрамына сайланады.

20 март. Ленин РКП(б) VIII съезінің программалық комиссиясының бірінші мәжілісінде председательдік етеді, онда съезге ұсынылған партия программасының жобалары талқыланады. Ленин талдап жасаған программа жобасы негізге алынады. Жобаға енгізілген қосымшалар мен түзетулерді талқылау кезінде Ленин пролетариат диктатурасының негізгі міндеттерін белгілейтін программа пункттері туралы мәселе жөнінде және басқа мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Комиссия Ленинге программаның жалпы саяси бөліміне қосымша пункт жазуды тапсырады.

Ленин Орталық Комитеттің жаңа құрамына ұсынылған кандидатуралар туралы мәселе талқылаған РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады; ұсынылған кандидаттардың тізіміне қол қояды; Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегиясының құрамы туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді.

Ленин РКП(б) VIII съезінің программалық комиссиясының екінші мәжілісінде председательдік етеді, программаның жалпы саяси бөліміне қосымша пункттің жобасын ұсынады. Халық ағарту комиссариатының коммунистер фракциясы ұсынған «Программаның халық ағарту саласындағы жобасын» талқылау кезінде Ленин программаның осы бөліміне

енгізілетін қосымшалар жобасының нобайын жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, Халық Комиссарлары Советінің Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегиясының құрамы туралы қаулысының және ауыл шаруашылығы мамандарын мобилизациялау туралы декреттің жобаларын бекіту туралы белгілер соғады. Сондай-ақ Башқұрт автономиялық республикасын бекіту туралы мәселе, армияға шақырылған қызыл әскерлердің шаруашылықтарындағы егістік жерлерді жырту және оларға тұқым себу туралы декреттің жобасы, майдан өңіріндегі комиссияларға азық-түлік өнімдерін тасып әкетуге тыйым салу правосын беру туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Россия жұмысшы-шаруа үкіметінің Башқұрт Совет автономиясы туралы Башқұрт үкіметімен жасасқан келісіміне қол қояды.

21 марттан ертерек. Ленин VIII съезд делегаттары—«әскери оппозицияға» қатысушылармен және басқа әскери қызметкерлермен Қызыл Армиядағы істің жайы туралы әңгімелеседі.

21 март. Ленин партияның VIII съезінің аграрлық секциясының председателі А. В. Луначарскиймен секцияның жұмысы туралы, орта шаруаларға көзқарас туралы қарарды талдап жасау жөнінде әңгімелеседі, осы әңгімелесу үстінде «Деревнядағы саяси насихат және мәдени-ағарту жұмысы туралы» қарардың Луначарский жазған жобасын қайта өңдейді.

Ленин РКП(б) VIII съезінің программалық комиссиясының үшінші мәжілісінде председательдік етеді, онда программаның жалпы саяси бөлімінің 3-пунктінің Ленин жазған жобасы қабылданады. Лениннің ұсынысы бойынша программа жобасына партияның ғылыми-техникалық жұмысты ұйымдастыру саласындағы міндеттері туралы Н. П. Горбунов ұсынған қосымша енгізіледі.

Ленин РКП(б) VIII съезінің бесінші мәжілісіне қатысады, әскери мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Кеш дегенде 22 март. Ленин жергілікті кедейлер комитетінің орташаларға теріс көзқарасы туралы шаруалардың хат жазуына байланысты Вологда губерниясындағы Кадников уезінің Корбанг Советіне тексеру жүргізіп, қайта сайлау өткізу қажеттігі туралы Ішкі істер халық комиссары Г. И. Петровскийге записка жазады.

22 март. Ленин Будапешттен алынған радиотелеграмма туралы, Венгриядағы революция туралы хабар алып, бұл хабарды VIII съездің президиумына тапсырады, ол жетінші мәжілісте оқылады. Съезд Ленинге Венгр Совет үкіметіне құттықтау телеграмма жіберуді тапсырады. Ленин өзінің құттықтау телеграммасының текстін телефон арқылы Москва радиостанциясына береді, ал содан кейін Венгр Совет үкіметіне партияның VIII съезі атынан құттықтау телеграмманың текстін жазады. Ленин Будапештпен радио арқылы үздіксіз байланыс жасап отыру жөнінде нұсқау береді.

23 март. Ленин Будапештке Бела Кунге жіберу үшін Венгр Совет үкіметінің құрамы мен венгр коммунистерінің тактикасы туралы сұрастырылған радиотелеграмманың текстін (неміс тілінде) жазады.

Ленин VIII съездің аграрлық секциясының орта шаруаларға көзқарас туралы қарар жобасын жасау жөнінде жұмыс істеп жатқан комиссияның мәжілісінде жобаның түпкілікті нұсқасын жасауды өзіне және Луначарскийге тапсыру жөнінде ұсыныс енгізеді, ал содан кейін қарар текстін жазады, тексті комиссия қабылдайды.

Ленин партия съезінің сегізінші мәжілісіне қатысады, деревнядағы жұмыс туралы баяндама жасайды және баяндама бойынша болған жарыс сөзде сөз сөйлейді. Съезд орта шаруаларға көзқарас туралы лениндік қарарды қабылдайды, ал содан кейін Ленинді РКП(б) Орталық Комитетінің құрамына сайлайды.

Ленин Орталық Комитетке және тексеру комиссиясына сайлау нәтижелері туралы хабарлама жасайды, РКП(б) VIII съезі жұмысының аяқталуына байланысты қорытынды сөз сөйлейді.

24 март. Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, мәжіліс барысында мал дәрігерлерінің кейбір категорияларын әскерге шақырудан босату туралы қаулының жобасына қол қояды. Сондай-ақ товар тасымалын күшейту үшін жолаушылар жүрісінің үзіліс кезін пайдалану жоспары, Оңтүстік майданда санитарлық істің қойылысы туралы, Тверь губерниялық атқару комитетінің сал ағызу ісін мамандармен, ақшамен және азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі өтініші, Қызыл Армияға қызмет көрсету үшін артистерді мобилизациялау туралы, азық-түлік және транспорт жұмысын күшейту үшін жер-жерге уәкілдер жіберу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 немесе 25 март. Ленин РКП(б) VIII съезіне кешігіп келген Түркістан Коммунистік партиясының делегаттарын қабылдайды, олармен съезд жұмысы туралы және Түркістандағы жағдай туралы әңгімелеседі, Москвада халық комиссариаттарының жұмысымен танысуды ұсынады.

25 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің жаңа құрамының мәжілісінде председательдік етеді, бұрынғы сайланған Орталық Комитеттің соңғы мәжілістерінде қабылданған В. Буллитпен келіс сөздер туралы, III Интернационал туралы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің басшылығы туралы шешімдер жөнінде хабарлама жасайды. Ленин Орталық Комитеттің Саяси бюросының құрамына сайланады, VIII съездің әскери секциясы жұмысының қорытындылары және әскери ведомствоны қайта құру туралы мәселені талқылау кезінде сөз сөйлейді. Сондай-ақ Украина Компартиясы III съезінің ұсақ буржуазияға көзқарас туралы қарарлары жөнінде, КП(б)У Орталық Комитетінің азық-түлік мәселесі жөніндегі директивалары туралы, орта шаруаларға манифест туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, Халық Комиссарлары Советінің В. И. Танеевке пенсия тағайындау туралы қаулысының жобасына қосымшалар енгізеді, бөлінген қаржыға алдын ала финанс бақылауын жасау туралы прак-

тикалық ережелердің жобасын жазады. Сондай-ақ Брянск гарнизонын азық-түлікпен жабдықтау туралы, статистика қызметкерлерін есепке алу және мобилизациялау туралы декреттің жобасы, халық комиссариаттарының штаттарын қайта қарау және қысқарту туралы, Украинадағы қант өнеркәсібін қаржыландыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

26 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің әскери секцияның жұмыс қорытындылары және партияның VIII съезінің әскери мәселе жөніндегі шешімдерін жүзеге асыру туралы қаулысының жобасына қол қояды.

Ленин Неміс коммунасының губерниялық азық-түлік комитетіне және Саратов губерниялық революциялық комитетінің председателі В. А. Радус-Зеньковичке Волганың сол жағалауындағы Голокарамыш уезінде жатқан астықты Астрахань мен Москваға шұғыл тасып әкету қажеттігі туралы берілген телеграммаға қол қояды.

27 март. Ленин профессор М. Дукельскийдің ашық хатын алғаннан кейін «Правдаға» «Маманның ашық хатына жауап» деген мақала жазады.

Ленин 5-армияның саяси бөлімі бастығының орынбасары В. И. Каюровтың Уфаны қалдырып кету себептері туралы берген телеграммасына жауап телеграмма жазады, онда әскери бөлімдерде саяси жұмысты жақсарту үшін қолданылған шаралар жөнінде сұрайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Варшава-Вена және Висла бойы темір жолдары басқармасын және Қатынас жолдары халық комиссариатының құрама басқармасын тарату туралы мәселе талқыланған кезде Ленин Халық Комиссарлары Советінің қаулысы жобасының нобайын жазады. Бүкіл россиялық төтенше комиссия коллегиясының құрамы туралы, Москва зоология бағын РСФСР меншігі деп жариялау туралы, мүліктер мен бағалы заттарды эвакуациялау тәртібі туралы және басқа қаулылардың жобаларына оларды Ха-

лық Комиссарлары Советінің бекітуі жөнінде белгілер соғады. Сондай-ақ РСФСР статистика күштерін есепке алу және мобилизациялау туралы қаулының жобасы, экономикалық қарым-қатынасты ретке келтіру үшін Латвияға РСФСР өкілін жіберу туралы, Латвияға, Литваға және Белоруссияға реэвакуация жасау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Кеш дегенде 27 март. Ленин Ішкі істер халық комиссары Г. И. Петровскийге записка жазады, онда Ішкі істер халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. Г. Правдинге «жөн-жосықсыз «билік жасауға» бейім екендігін» және Вологда шаруаларының шағымына формальды түрде қарағандығын ескертуді ұсынады.

28 март. Ленин «Россия Коммунистік (большевиктер) партиясының программасы» деген кітапшаның корректурасын екінші рет оқиды, оған жөндеулер, түзетулер енгізеді және «Түзетілді 28/III. Ленин» деп белгі соғады.

Ленин жұмысшы кооперациясы Бүкіл россиялық советінің делегаттарын қабылдайды, олармен Халық Комиссарлары Советінің тұтынушылар коммуналары туралы декретін жүзеге асыруға байланысты мәселелер жөнінде әңгімеледеседі.

29 март. Ленин Белозерск уезі, Покровск болысының Новосело деревнясындағы шаруа әйел Е. А. Ефимованың өзінің астығын реквизициялағаны жөнінде шағым айтқан телеграммасын алғаннан кейін Череповец губерниялық атқару комитетіне телеграмма жазады, онда шағымды тексеріп, оның нәтижелерін хабарлау жөнінде нұсқау береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді; қаулылардың екі жобасына оны Халық Комиссарлары Советінің бекітуі жөнінде белгі соғады, медицина дәрігерлерін және емдеушілердің көмекшілерін майдандағы әскери қызметке шақыру туралы декреттің жобасына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ мемлекеттік бақылау туралы декреттің жобасы, Халық шаруашылығы жоғары советі қызметшілеріне төлене-

тің ақы мөлшері туралы уақытша қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

30 март. Ленин Саратовтың «Қызыл астаналардағы ашыққан балаларды қорғау советінің» азық-түлік сыйлықтарын жинағаны туралы хабарын алғаннан кейін совет председателі С. Королевке және Саратов губерниялық атқару комитетіне телеграмма жазып, онда сыйлықтарды Москваға жөнелтудің қажеттігі туралы және совет қызметіне жәрдем көрсету туралы айтады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Председательдігі қызметіне М. И. Калининнің кандидатурасы туралы сөз сөйлейді.

31 март. Ленин аштыққа ұшыраған Россияға жәрдем көрсету комитеттерін ұйымдастыру туралы және ол комитеттерді Украина Азық-түлік халық комиссариатына бағындыру қажеттігі туралы Киевке Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі X. Г. Раковскийге телеграмма жібереді.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Темір жол транспорты жұмысшыларын астықпен жабдықтау туралы мәселені талқылау кезінде қаулының жобасын жазады; 5-курстың дәрігер-студенттерінің оқуын дереу бітіртіп, оларды әскери қызметке шақыру туралы, су тасқынының болу ықтималдығына байланысты қатынас жолдарында тоқталысты болдырмау жөніндегі шаралар туралы, жау уақытша басып алған территориядағы мұнай өндіру орындарынан мұнай өнімдерін тасып жеткізу туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ Туланың қару-жарақ заводтарында жұмысшыларды қызыл әскер паегіне көшіру туралы, Бүкіл россиялық төтенше комиссияның антисоветтік заговорларды жоюы туралы мәселелер, Украинадағы жағдай туралы хабар, Ижевск қару-жарақ заводы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Марттың аяғы. Ленин граммофон пластинкаларына жаздыру үшін 8 рет сөз сөйлейді.

1 апрель. Ленин контрреволюционерлердің Петроград су құбыры станциясын және темір жол көпірлерін бұзбақшы болған әрекеттері туралы мәліметтер алынуына байланысты Бүкіл россиялық төтенше комиссияға телефонограмма жіберіп, темір жолдарды бұзу және бүлдіру жөніндегі барлық әрекеттерді басып-жаншу үшін және эсерлер мен меньшевиктердің антисоветтік үгітіне тыйым салу үшін жедел шаралар қолдануға жарлық береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Кострома, Владимир, Петроград және басқа губернияларда финн жұмысшыларының бірқатар өнеркәсіп орындарын ұйымдастыруы үшін Халық шаруашылығы жоғары советінің қаржы босатуы туралы қаулының жобасын талқылау кезінде Ленин жобаға қосымша енгізеді. Сондай-ақ астық жүктері келуінің жеткіліксіздігі туралы, еңбекшілерді әлеуметтік қамсыздандыруға қаржы алу тәртібі туралы, профессор Ю. В. Ломоносовты Америкадағы қатынас жолдары миссиясына бас уәкіл етіп тағайындау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

2 апрель. Ленин қант өнеркәсібіндегі ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін шаруалардың Бүкіл россиялық I съезінің председателі А. Т. Севастьяниxинмен съезд жұмысы туралы әңгімелеседі, съезде айтылған тілектерді жазып алады, ал содан кейін делегаттардың кейін қайтуын қамтамасыз ету қажеттігі туралы Қатынас жолдары халық комиссариатына записка жазады.

Ленин Курск губерниясының Путивль уезі өкілдерінің шағымына байланысты Путивль Советіне тексеру жүргізіп, қайта сайлау өткізудің қажеттігі туралы Ішкі істер халық комиссарына записка жазады.

3 апрель. Ленин мұнай өнеркәсібіне қажетті барлық материалдарды мейлінше қатаң есепке алу қажеттігі туралы Астрахань мен Царицынға жіберілетін телеграммаға қол қояды.

Ленин аудандық Советтердің, фабрика-завод комитеттерінің және кәсіптік одақтардың өкілдерімен бірлесіп өткізілген Москва Советінің Төтенше пленумында баяндама жасай-

ды. Жарыс сөздер кезінде ол қарардың жобасын жазады.

Ленин қалада астықтың болмауына байланысты ереуіл болу қаупінің төніп отырғаны туралы Орехово-Зуеводан телеграмма алады, азық-түлік тиелген 7 вагон жөнелту жөнінде Н. П. Брюхановпен және Қатынас жолдары комиссариатымен келіседі де, содан кейін бұл туралы Орехово-Зуево атқару комитетіне телеграмма жазады.

Ленин меньшевиктердің қару-жарақ заводтарында ереуілдер ұйымдастырмақшы болған әрекеттері туралы хабар алынуына байланысты Ф. Э. Дзержинскийдің Тулаға баруын жеделдету жөнінде нұсқау береді.

Ленин Калуга губерниясы, Медынск уезінің Галкин болысындағы Бухановка хуторлықтарының уәкіліне өзімен әңгімелесу үшін Москваға келуге рұқсат етуге нұсқау береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, мәжіліс барысында Ленин советтік жұмысшы-шаруа милициясы туралы декрет жобасына, Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы басқармасын қайта құру туралы қаулының жобасына қол қояды, мемлекеттік бақылау туралы декреттің жобасына редакциялық түзетулер енгізеді. Сондай-ақ астық жүктерін тасып жеткізуді күшейту жөнінде қабылданған шаралар туралы, Мемлекеттік бақылау коллегиясының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

4 апрель. Ленин Тула губерниялық атқару комитетінің председателі Г. Н. Каминскиймен Тула жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау жөнінде тікелей провод арқылы сөйлеседі.

Ленин Бела Кунге орыс және француз соғыс тұтқындарымен алмасуға байланысты РСФСР Сыртқы істер халық комиссариатының Франция сыртқы істер министріне 1919 жылғы 4 апрельдегі нотасының мазмұны баяндалған радиограмма жібереді және оны Будапешттегі американ өкілі арқылы Америка Құрама Штаттары үкіметіне табыс етуді өтінеді.

4 немесе 5 апрель. Ленин Россия Қызыл Крест қоғамының Солтүстік-Америка және Великобритания Қызыл

Кресіне Колчак үкіметімен келіс сөз жүргізіп, Россия Қызыл Крест қоғамының ашыққан балалар колониялары үшін Сибирьден азық-түлік сатып алуына және ағылшын үкіметімен келіс сөз жүргізіп, Баку ауданынан азық-түлік тасуға қажетті мұнай сатып алуына рұқсат беруі жөніндегі радиограммалардың жобаларымен танысқаннан кейін Қорғаныс Советінің Россия Қызыл Крест қоғамына жау уақытша басып алған территорияда өздігінен сатып алуға право беру туралы қаулысының жобасын толықтырады.

5 апрель. Ленин Саратовтың «Қызыл астаналардағы ашыққан балаларды қорғау советіне» көмек көрсету туралы Азық-түлік халық комиссариатының Саратов губерниялық атқару комитеті мен губерниялық азық-түлік комитетіне жолдаған хатына және совет жұмысына жәрдем көрсету қажеттігі туралы совет председателі С. Королевке берген Халық Комиссарлары Советінің куәлігіне қосымшалар жазады.

Ленин Рязань губерниясының Скопин уезі шаруаларының аманатына белгілер соғады және орта шаруаларға төтенше салықтың заңсыз салынғаны жөнінде шаруаларға жауап жазады, ал содан кейін А. И. Свидерскиймен телефон арқылы сөйлеседі де, оған Скопин шаруаларының делегаттарын қабылдап, олардың өтінішін қанағаттандыруды өтініп записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, Халық Комиссарлары Советінің ара өсіруді қорғау туралы қаулысының, касса бірлігін қатаң түрде жүзеге асыру шаралары туралы декреттің, Халық Комиссарлары Советі мәжілістері регламентінің жобаларына қол қояды. Сондай-ақ Халық Комиссарлары Советінің еңбекшілерді әлеуметтік қамсыздандыруға керекті қаржы алу тәртібі туралы мәселе жөніндегі комиссияның құрамы туралы, қызметшілер мен өнеркәсіп жұмысшыларына әркелкі проценттік қосымша беру туралы, жасы толмағандардың еңбегі туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

7 апрель. Ленин Бела Кунге Бавария Совет республикасына құттықтауын жеткізуді және Бавария-

дағы оқиғалар жөнінде егжей-тегжейлі хабарлауды өтініп телеграмма жібереді.

Ленин темір жол вагондарының болмауы себепті астық жөнелтудің бөгеліп отырғандығы жөнінде Тамбов губерниясынан телеграмма алғаннан кейін бұл мәселені Қорғаныс Советінде талқылауға қою туралы нұсқау береді.

Ленин Сокольники орман мектебінің шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, бұрынғы питерлік жұмысшы Ф. И. Бодровпен азық-түлік жағдайы туралы, деревня өмірі туралы әңгімелеседі, ал содан кейін Бодровтың астықты Тула губерниясынан Москваға арбамен тасып жеткізуге болады деген ұсынысын мұқият зерттеу қажеттігі жөнінде С. П. Середа мен А. Д. Цюрупаға хат жазады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; темір жолдарды бүлдіруден және бұзудан күзету туралы, национализацияланған тас көмір кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілерінің өз бетімен жұмысты тастап кетуіне тыйым салу туралы, бұрынғы офицерлерді Қызыл Армияға шақыру туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ Оңтүстік майданда санитарлық істің жолға қойылуы туралы, Тула қару-жарақ заводтарында өнімділіктің төмендеуіне қарсы күрес шаралары туралы, әскери ведомствоның паровоздарды тартып алуы туралы және транспорт ісіне араласуы туралы, Саратовта суға батқан паромдарды көтеріп шығаруда жұмысшылардың жан қиярлықпен жұмыс істегені туралы, қызыл әскер паегіне көшіруге жататын әскери бөлімдердің, заводтар мен фабрикалардың тізімдерін бекіту, Уфадан эвакуацияланғандардың жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

8 апрельден ертерек. Ленин орта шаруалармен одақты нығайтуға бағытталған үкімет шараларының жоспарын жазады.

8 апрель. Ленин Бела Кунге Бавариядағы революция туралы және Бавария Совет республикасы үкіметінің программасы туралы егжей-тегжейлі хабар беруді өтінген телеграмма жібереді.

Ленин Нижний Новгород губерниясының Княгининск уездік жер бөліміне шаруалардың жерді қоғамдасып өңдеуге көшуі үшін күштеу шараларын қолдануға болмайтындығы туралы телеграммаға қол қояды.

Ленин Донбасстағы азық-түлік жағдайы туралы мәселені Халық Комиссарлары Советінің талқылауына қою туралы нұсқау береді.

Ленин шабуылды одан әрі өрістете беру қажеттігі туралы және ағылшын әскери командованиесімен келіс сөз жүргізу кезінде қырағылықты күшейту туралы 6-армияның әскери комиссары Н. Кузьминге телеграмма жібереді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Қызыл Армия командованиесі мен оны жабдықтау және транспортты басқару ісін біріктіруді жүзеге асыру қажеттігі туралы қаулысының жобасына түзетулер енгізіп, қол қояды, бұл қаулыны Украина КП(б) Орталық Комитетіне директива ретінде бекітуді ұсынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, орталық белгілеген азық-түлік нормаларын жергілікті өкімет органдарының кемітуі туралы және Қатынас жолдары халық комиссариатының Украина темір жолдарына қарыз ретінде беру үшін қаржы бөлуі туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ пролетар және жартылай пролетар халықтың кооператив ісін жүргізуге қатысу дәрежесі туралы мәліметтер программасы, әскери жүктерді тасымалдауды қысқарту жөніндегі шаралар туралы баяндама, бір жолғы төтенше революциялық салықты төлету кезінде орта шаруаларға жасалатын жеңілдіктер туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

9 апрель. Ленин барлық губерниялық жер бөлімдеріне және губерниялық атқару комитеттеріне коммуналарды және басқа коллективтік бірлестіктерді ұйымдастыру кезінде шаруалар жөнінде күштеу шараларын қолдануға болмайтындығы туралы нұсқау телеграммаға қол қояды.

Ленин Колчактың Спасскіге бет алу қаупінің төнуіне байланысты Спасск затонында тұрған Волга кемелерін жедел эвакуациялау жөнінде шифрмен телеграмма жіберу қажеттігі туралы Э. М. Склянскийге нұсқау береді.

Ленин Қазан губерниялық атқару комитетіне телеграмма жазып, тұтқындарды тергеу жүргізбей түрмеде ұстап отырғандары жөнінде Ядриннен түскен шағымды дереу тексеру туралы жарлық береді.

Ленин Оленец және Тверь губернияларының Москваға келген өкілдерін қабылдайды.

10 апрель. Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретары Л. А. Фотиеваға Павловский посад майдагерлері артелі басқармасына Халық шаруашылығы жоғары советі майдагерлер шеберханаларын национализациялауды көздемейтіндігі жөнінде хабарлауды тапсырады.

Ленин барлық күшті Шығыс майданға көмек көрсетуге жұмылдыру қажеттігі туралы Петроград жұмысшыларына хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Мәжіліс барысында Ленин 1886—1890 жылдары туған жұмысшылар мен шаруаларды Қызыл Армияға шақыру туралы, індетке қарсы күрес шаралары туралы, шешекке қарсы міндетті түрде егу туралы, жинақ кассаларын халықтық банкпен қосу туралы декреттердің жобаларына, 1919 жылы сал ағызу туралы қаулыға қол қояды. Сондай-ақ азық-түлік жүктерін тасымалдау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

11 апрель. Ленин қарт революционер П. А. Кропоткинге жеті пұт азық-түлік алып жүруге рұқсат ету жөнінде записка жазады.

Ленин «Шығыс майдандағы жағдайға байланысты РКП(б) Орталық Комитетінің тезистерін» жазады.

Ленин Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық орталық советінің пленумында баяндама жасайды, жарыс сөздер кезінде Туладағы болған ереуіл туралы сұраққа жауап береді, ал

содан кейін қорытынды сөз сөйлейді. Жиналысты жүргізу тәртібі туралы сөйлей келе, Ленин былай деп мәлімдеді: «Ұсыныс атаулының бәрін дауысқа салу керек. Қазір үш ұсыныс түсті... Барлық түскен ұсынысты президиум дауысқа салуға міндетті». Пленум Ленин ұсынған «Шығыс майдандағы жағдайға байланысты РКП(б) Орталық Комитетінің тезистерін» қабылдайды.

12 апрель. Ленин Брянск заводында жасалған ауыл шаруашылық құрал-саймандарын бөлу туралы мәселені Халық Комиссарлары Советінің талқылауына қою туралы нұсқау береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Мәжіліс барысында Ленин Халық Комиссарлары Советінің астық тасу ісін күшейту жөніндегі шұғыл шаралар туралы және азық-түлік жоспарларын орындау перспективалары туралы қаулысының жобасына қосымшалар енгізеді және оған қол қояды. Сондай-ақ тоқыма кәсіпорындарының жұмысшыларымен оларға мата беріп есеп айырысу туралы, Республикада өнеркәсіп санағын жүргізу туралы, Донбасстағы жағдай туралы және басқа мәселелер талқыланады.

П. А. Красиковтың Троице-Сергиевск лаврасында өліктердің табытын ашу жөнінде және бұл туралы фильм түсірілгендігі жөнінде хабарлаған запискасын алғаннан кейін Ленин: «Бұл киноны тезірек бүкіл Москвада көрсету үшін істі *бақылап* және *тексеріп* отыру керек» деп жазады.

13 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; Э. М. Склянскийдің мобилизация жүргізу туралы тезистерін хабарлайды және мобилизацияға байланысты партия жұмысының міндеттері туралы баяндама жасайды, А. Д. Цюрупаның ел ішіндегі азық-түлік жағдайы туралы жасаған баяндамасы бойынша және басқа мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Сондай-ақ Советтер съезін шақыру туралы, Петроград пен Москва жұмысшыларының жағдайын жақсарту туралы, Солтүстік майданда ағылшындармен соғыс тұтқындарын алмасу туралы, қағаз дағдары-

сы және газеттер шығару туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Петроград Советі баспасының меңгерушісі И. И. Ионовқа записка жазып, Лениннің «Совет өкіметінің табыстары мен қиыншылықтары» деген кітапшасының басылып шығуына байланысты алған 15 мың сом ақшасын баспа кассасына беруді өтінеді.

Ленин Анри Гильбоның «Франциядағы социализм мен синдикализм соғыс кезінде» деген кітапшасына алғы сөз жазады.

14 апрель. Ленин М. И. Калининге записка жазып, Нижний Новгород губерниясының Княгининск уезіндегі Карташиха деревнясының экономикалық жағдайдың ауыр болуына байланысты қосымша азық-түлік салымынан босату туралы өтінген шаруаларына көмек көрсетуді сұрайды.

Ленин 10-армияның жабдықтау бөлімінің бастығына жазылған, Астрахань губерниясының Николаевск уезіндегі Широкинск болысының ең кедей шаруаларының егістігіне тұқым себу үшін бидай бөлу жөнінде жарлық берілген телеграммаға қол қояды.

Ленин «III Интернационалдың міндеттері туралы» деген мақаланың жоспарын жазады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Күн тәртібін ол Түркістан совет ұйымдарына өлкелік армия үшін қару-жарақ материалдарын бөлу туралы және басқа мәселелермен толықтырады, әйел-дәрігерлерді әскери қызметке шақыру туралы декреттің жобасына, Шатура және Кашира электр станциялары құрылысының жұмысшылары мен қызметшілерін милитарландыру туралы қаулының жобасына қол қояды. Сондай-ақ Оңтүстік майданда санитарлық істі жолға қоюды жақсарту үшін қабылданған шаралар туралы, паровоздарды жөндеу туралы, Волга және Урал әскери-дайындау органдарына, орталықтың мақұлдауын күтпей-ақ, Шығыс майданның қажетін қанағаттандыру жөнінде берілген жарлық туралы, ағаш тиеу үшін әскери бөлімдерді командировкаға жіберу туралы, 7-армия үшін және Петроградта құрылып жатқан бөлімдер

үшін етік әзірлеу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

15 апрель. Ленин Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге Россияның оңтүстігіндегі курорттарды қорғау туралы телеграммаға қол қояды.

Ленин ауыр артиллерия командирлерін даярлайтын бірінші Москва курсына РКП(б) Рогожск аудандық комитетінің туын тапсыруға арналған салтанатты мәжілісте сөз сөйлейді, содан кейін курсанттармен әңгімелесіп, олармен бірге суретке түседі.

Ленин партия және совет қызметкерлерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мамандарын Дон облысында жұмыс істеуге жіберу туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросында шешу қажеттігі жөнінде Е. Д. Стасоваға записка жазады.

Ленин РКП(б) VIII съезіне Түркістан Коммунистік партиясынан келген делегаттармен Түркістандағы жұмыстың міндеттері туралы әңгімелеседі және жергілікті жерге жедел жүріп кетуді ұсынады.

Ленин «Коммунистический Интернационал» журналының бірінші номеріне арнап «Үшінші Интернационал және оның тарихта алатын орны» деген мақаласын жазады.

16 апрель. Ленин Петроград төтенше комиссиясы тұтқынға алған Қытай—Шығыс темір жолы басқармасының мүшелері — инженерлер тобын кепілдікке босату туралы Ф. Э. Дзержинскийге нұсқау береді.

Ленин Самара уездік атқару комитетінің телеграммасына байланысты уезге бөлінген тұқым қоры туралы мәселені А. И. Середадан анықтау жөнінде нұсқау береді.

Ленин үгіттік әдебиетпен жабдықталған соғыс тұтқындарын дұшпан әскері тұрған жерге жіберуге рұқсат беру жөнінде 6-армияның әскери комиссары Ореховқа телеграмма жолдайды.

Ленин Тула уездік атқару комитетіне хат жазып, егін егуді ұйымдастыру жөніндегі уездік шаруалар съезінің құрамы және съездің та-

ратылу себептері туралы мәліметтерді дереу хабарлауды талап етеді.

Ленин Нижний Новгород губерниясының Княгининск уезіндегі РКП(б) Ичалки аудандық комитетіне хат жолдап, коммунистердің уездік съезінің жерді қоғамдасып өңдеу туралы қаулысы жөнінде толық директерді хабарлауын өтінеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, мәжіліс барысында талқыланған мәселелердің тізімін жазады: РКП(б) Москва комитетінің жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі 12 апрельдегі қарары туралы, мектептерде сабақтан тыс уақытта діни оқу жайында сабақ өткізуге рұқсат етуге байланысты мәселе жөнінде Халық ағарту комиссариатының коллегиясында болған жанжал туралы, Х. Г. Раковскийдің украин солшыл тәуелсіз социал-демократтарымен келіс сөз туралы сұрағы, Украинадағы экономикалық жағдай туралы Орталық Комитет директиваларының жобасы, М. И. Калининнің жергілікті жерлерге баруы туралы және басқа мәселелер.

Ленин Москва торабы теміржолшыларының конференциясында сөз сөйлейді.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Л. Б. Каменевтің азық-түлік жүктерін тасымалдау туралы баяндамасын талқылау кезінде Ленин қабылданған қарардың негізіне алынған ұсыныстардың нобайын жазады. Сондай-ақ армияны жабдықтау және доңғалақты транспорт өндірісінің жағдайы туралы, шымтезек өндіруде істейтін жұмысшылар үшін азық-түлік тасуды қамтамасыз ету әдістері туралы, Гурьевтегі мұнайды алу жөнінде операция өткізу туралы, Ижорск заводының отын тапшылығына байланысты шағымы, Мұнай-газ заводына 20 слесарьды командировкаға жіберу туралы, Серпуховтың азық-түлік жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

17 апрель. Ленин оқушы-коммунистердің Бүкіл россиялық I съезінде құттықтау сөз сөйлейді.

Ленин Москва фабрика-завод комитеттері мен кәсіподақтарының конференциясында сөз сөйлейді.

Ленин «Совет өкіметінің табыстары мен қиыншылықтары» деген кітапшаға соңғы сөз жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, майдагерлерге көмектесу туралы баяндама жасайды, басқа да талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, азық-түлік посылкалары туралы қаулының жобасын жасау жөніндегі комиссияның құрамына сайланады. Сондай-ақ кітапхана ісі туралы, еңбекші халыққа ағаш босату правосын беру туралы декреттің жобасы, Қызыл Армияны жабдықтау жөніндегі Төтенше комиссия туралы, Шығыс майданынан совет мекемелерін және жұмысшылардың семьяларын эвакуациялау туралы, соғыс мүгедектерін әлеуметтік қамсыздандыру туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

18 апрель. Ленин бас қолбасшы И. И. Вацетистің майдандардағы жағдай туралы баяндамасымен танысады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Шығыс майданы Революциялық-әскери советі туралы, Шығыс майданы әскерлерінің Оңтүстік тобының командованиесі туралы, 3-ші жаяу әскер және 2-ші атты әскер дивизияларында саяси жұмысты күшейту қажеттігі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин (Г. Е. Зиновьевтің Қызыл Армияга мобилизациялау туралы декретке Питер жұмысшыларының қызу үн қосуы туралы хабарына жауап ретінде) телеграмма жазып, майдандардағы жағдайға байланысты мобилизацияланғандардың жөнелтілуін тездету және бұл жұмысқа Петроградта жүрген М. И. Калининді қатыстыру жөнінде жарлық береді.

Ленин Украина армиясының барлық күштерін Донецк және Буковина бағытына шоғырландырудың қажеттігі туралы, Шығыс майданга аттар жіберу туралы Украина

Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге, әскери істер жөніндегі халық комиссары Н. И. Подвойскийге және майдан қолбасшысы В. А. Антонов-Овсеенкоға жіберілетін телеграммаға қол қояды.

Ленин Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге Ростовты алудың және Буковина арқылы Советтік Венгрияға бұзып өтуді жүзеге асырудың қажеттігі туралы, сондай-ақ украин эсерлерін Украина совет үкіметінің құрамына енгізу жөнінде олармен келіс сөз жүргізу туралы телеграмма жазады.

Ленин өзінің қабылдауында болған Чернигов шаруалары Н. Д. Горелов пен П. И. Новиковтың тұтқынға алыну себептеріне мейлінше қатаң тексеру жүргізу қажеттігі туралы Ф. Э. Дзержинскийге записка жазады.

19 апрель. Ленин Спас-Деменскідегі халық мұғалімі Бурыкиннің ата-анасының мүлкін конфискелеу себептерін тексеру жөнінде Калуға губерниялық атқару комитетіне берілген телеграммаға қол қояды.

Ленин шаруалардың көктемгі егіске керек тұқымды еркін тасып жеткізуіне рұқсат ету қажеттігі туралы Гомельден Е. Б. Бош жіберген телеграммаға «Середаға *асығыс түрде*» деген белгі соғады.

Ленин Қызыл Армияның Әскери академиясында қызыл командирлердің оқуын мерзімінен бұрын бітіруіне байланысты сөз сөйлейді, академия тыңдаушыларымен әңгімелеседі.

20 апрель. Ленин Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советінің мүшесі Г. Я. Сокольниковқа Донбасс пен Ростовты азат ету жөніндегі және Оңтүстік майданның тылындағы ақ казактар бүлігін басып-жаншу жөніндегі операцияларды тез өрістетуді ұсынып, телеграмма жазады.

Ленин Х. Г. Раковскийге, Н. И. Подвойскийге және В. А. Антонов-Овсеенкоға Шығыс майданына жүк машиналары мен бірнеше артиллерия батареяларын шұғыл жөнелтудің қажеттігі туралы телеграмма береді.

Ленин Тамбов тұтынушылар қоғамы мүшелерінің жалпы жиналысының телеграммасына

жауап ретінде Халық Комиссарлары Советінің тұтынушылар коммуналары туралы декретін түсіндіріп, Тамбов губерниялық атқару комитетіне хат жазады.

21 апрель. Ленин Серпуховқа бас қолбасшы И. И. Вацетиске және Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі С. И. Араловқа Украина армиясының алдында тұрған негізгі оперативтік міндеттер: Донбассты тезірек азат ету және Галиция мен Буковина арқылы Советтік Венгриямен байланыс орнату міндеттері туралы телеграмма жазады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; онда «Әскери қорғаныс саласындағы жұмысты күшейту туралы» баяндама жасайды және осы мәселе жөніндегі қарардың қорытынды бөлімінің нобайын жазады. Сондай-ақ Саратовтан майданға дәрігерлер жіберу туралы, шымтезек өндірісінің жұмысшылары үшін азық-түлік тасып жеткізу туралы, Мурманск, Пермь және Солтүстік темір жолдарының қызметшілерін азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы, Оңтүстік майдан армиясының қарауында артық тұздың бар екені туралы, Кронштадт қамалының Воронежден дайындалған картопты тасып әкетуге рұқсат ету жөніндегі өтініші, Петроградтағы бірқатар құрылыстарға мина қою туралы, отын туралы және басқа мәселелер талқыланады.

22 апрель. Ленин әскери мүлік есебінің жолға қойылуын зерттеу жөніндегі Қорғаныс Советі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин Украина майданының қолбасшысы В. А. Антонов-Овсеенкоға Донбассты азат ету қажеттігі туралы және Ростов пен Таганрогты алу үшін жаңа бөлімдер құру туралы телеграмма жазады.

Ленин өзі сұратып алдырған Волхов, Свирск, Кашира және Шатура электр станцияларының құрылысы туралы А. В. Винтердің баяндамасымен танысады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Мәжіліс

барысында Ленин санасының жеткіліксіздігі салдарынан антисоветтік бой көрсетулерге қатысқан жұмысшылар мен шаруаларды қамаудан босату туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасына түзетулер енгізеді; Халық Комиссарлары Советі бұл жобаны редакциялап, қол қоюды және Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің бекітуіне беруді Ленинге жүктейді. Сондай-ақ майдагерлерге жәрдемдесу туралы қаулының жобасы, ақы төлеу мөлшері туралы, пенсионерлерді қамсыздандыру туралы, архивтер туралы декреттің жобасы, Иваново-Вознесенскіде су құбырын салуға қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

23 апрель. Ленин Австрия және Бавария коммунистерінің тактикасы туралы Австрия және Бавария компартияларының басшыларына жеткізу үшін Бела Кунге жіберілетін шифрлы радиограмманың текстін жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда мобилизациялаудың барысы және саяси-үгіт жұмысының міндеттері туралы, Украина әскери командованиесіне және Украина Компартиясы Орталық Комитетіне берілетін директивалар туралы, Қырым Советтік автономиялық республикасын құру туралы мәселелер талқыланады.

24 апрель. Ленин Э. М. Склянскийге совет республикаларының әскери бірлігі туралы Орталық Комитет директивасының жобасын және Жалпыға бірдей әскери оқу ісінің командирлер құрамын мобилизациялау туралы декреттің жобасын дереу дайындау жөнінде нұсқау берген записка жазады.

Ленин Батыс майданның қолбасшысына және Революциялық-әскери советіне Вильноны азат ету жөніндегі операцияларды барынша тез өрістету жөнінде жарлық берген телеграмма жібереді.

Ленин 9-армияның Революциялық-әскери советіне және Украина Совет үкіметіне Оңтүстік майданның тылында контрреволюцияшыл казактардың бүлігін тезірек басып-жаншу қажеттігі туралы телеграммалар жазады.

Ленин Астраханьға К. А. Меховошинға Советтік Россияға мұнай тасып жеткізу үшін Петровскіні, Уралдың сағасы мен Гурьевті алу жоспарын жасауды ұсынып, телеграмма жазады.

Ленин жала жапқан көрсетумен тұтқынға алынған Вятка халық судьясы В. К. Ключаревтың ісіне тексеру жүргізуді өтініп, Д. И. Курскийге записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, күн тәртібін толықтырады, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, өнім шығаратын губерниялар мен Дон облысына қоныс аударуды ұйымдастыру туралы, майдагерлік өнеркәсіпке жәрдемдесу шаралары туралы және заттай салық салу шаралары мен жеңілдіктер беру туралы декреттердің жобаларына қол қояды. Сондай-ақ кітапхана ісі туралы мәселе, жергілікті Советтердің шетелдік паспорттар беруіне тыйым салу туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

25 апрель. Ленин Э. М. Склянскийдің төтенше мобилизация жүргізуге байланысты бұқаралық саяси науқан ұйымдастыру қажеттігі туралы ұсынысын Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының талқылауына ұсынады.

Ленин Украина майданының қолбасшысы В. А. Антонов-Овсеенкоға оның Оңтүстік майдан мен Украина майданының арасын шектеу жөнінде ұсынған жобасының жарамсыздығы туралы және Украина әскерлерін дереу Таганрог бағытына жөнелту қажеттігі туралы телеграмма жібереді.

Ленин Украина эсерлері Екатеринослав ұйымының қарарымен танысқаннан кейін, украин эсерлерін Украинаның Советтік Россиямен одағының дұшпандары және кулактарды қорғаушылар ретінде баспасөзде әшкерелеу қажеттігі туралы «Правда» редакциясына Н. И. Бухаринге записка жазады және Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге телеграмма жазады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; ең кедей және орта шаруаларды запастағы бөлімдерге мобилизация жасау туралы декреттің жоба-

сына, РСФСР-дің бүкіл қоймаларынан барлық әскери жабдық заттарын губерниялық әскери комиссариаттардың алуы туралы қаулының жобасына қол қояды. Сондай-ақ теңіз ведомствосының отын запастарын зерттейтін комиссияны бекіту туралы, Вильноны қалдырып кету себептерін тексеру жөнінде комиссия тағайындау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

26 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Петроград майданындағы жағдай туралы хабарлама жасайды. Сондай-ақ ақ гвардияшылардың Минскінің шығысындағы көпірлерді қопарғаны туралы, интернационалистер тобына көзқарас туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Колчактың Чистопольді басып алуына жол бермеу жөнінде шұғыл шаралар қолдану қажеттігі туралы Э. М. Склянскийге записка, Шығыс майданы Революциялық-әскери советіне С. И. Гусевке телеграмма жазады.

Ленин Юстиция халық комиссариатына Калуга губерниялық халық судьялары советінде қызмет бабын пайдаланып қиянат жасау туралы түскен мәліметтерді мұқият тексеру жөнінде нұсқау береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, қағаздың тапшылығына байланысты кейбір газеттердің көлемін шағындау және бірсыпыра газеттерді шығаруды тоқтату туралы қаулының жобасына, Бас мұнай комитетінің рұқсатынсыз сұйық отынды жұмсауға және босатуға тыйым салу туралы Волга бойындағы қалалардың барлық атқару комитеттеріне, халық шаруашылығы советтеріне және Революциялық-әскери советтеріне жазылған телеграммаға қол қояды. Сондай-ақ 1919 ж. январь—июньге арналған бюджет туралы декреттің жобасы, ауыл шаруашылық санағы туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Апрельдің аяғы, кейін дегенде 27 апрель. Ленин Мюнхен коммунистік жастар ұйымының басшысы, неміс коммунисі А. Курелламен Бавариядағы жағдай туралы әңгімеледі.

27 апрель. Ленин Бавария Совет республикасына құттықтау жазады.

28 апрель. Ленин Владимир губерниясының Гороховецк уезіндегі Фоминка селосының шаруасы И. А. Чекуновты қабылдап, онымен деревнядағы жағдай жөнінде әңгімелеседі.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Бүкіл россиялық бас штабты және Әскери комиссариаттың басқа да мекемелерін қайта құру туралы, Украина Азық-түлік халық комиссариаты туралы, Қырым автономиялық Совет республикасының үкіметі туралы, 6-армияның Революциялық-әскери советінің құрамы туралы, Петроград газеттерінің тиражы туралы, М. И. Калининнің Саратов губерниясына сапары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, әскери жабдық заттарын қоймалардан алу туралы, майдандағы армияға жөнелтілетін әскери эшелондардың жүру тәртібі туралы, 1 Май күні қызыл әскер паегін көбейту туралы, Басқұншақ тұз өнеркәсібіне қажетті түйелер мен аттарды әскери ведомствоның реквизициялауын тоқтату туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ Шығыс майданына төтенше мобилизация жүргізуге байланысты Қызыл Армия бөлімдері мен запас батальондар жасақтау туралы, отынды үнемдеу жөнінде шұғыл шаралар қолдану туралы, Сормово, Коломна, Кулебак және Выкса заводтарының жұмысшылары мен қызметшілерін мобилизациялау туралы, отын тиеуге байланысты халықты еңбек міндеткерлігіне тарту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

29 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мен Ұйымдастыру бюросының біріккен мәжілісіне қатысады, онда жалпы және ерікті мобилизация жүргізу тәртібі және Орталық Комитеттің нұсқау хатының жобасы, советтік республикалар армияларының әскери командованиелерінің бірлігін қатаң жүргізу қажеттігі туралы, жұмысшылардың тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі комиссия-

ның жұмысы туралы, жұмысшы кооперациясының Орталық секциясы басқармасын бекіту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Москваның және қала төңірегінің қоймаларын Орталық жабдықтау басқармасы өкілдерінің тексеру тәртібі туралы, Москва темір жол және Подольск паровоз жөндеу заводтарын мемлекеттік ерекше маңызды кәсіпорындар деп жариялау туралы, тұтқыннан оралған бұрынғы офицерлерді және бұрынырақ босатылған барлық әскери техник-мамандарды әскери қызметке шақыру туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ майданға аттандырылған дәрігерлердің саны туралы, Халық шаруашылығы жоғары советі мен Азықтүлік халық комиссариатының мекемелері мен бөлімдеріндегі жұмысты әскери ведомствоның мұқтаждықтарына сәйкес ұйымдастыру туралы, Украинаға кездеме жөнелту туралы, Брянск заводының азық-түлік жағдайы туралы, темір жолдарда істейтін ағаш тиеушілер мен ағаш тасушыларды азық-түлікпен жабдықтау туралы, Николаевтағы кеме жасау заводтарын көмірмен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

30 апрель

Ленин Рязань губерниялық азық-түлік комитетіне телеграмма жазып, 62 жастағы Бургованың өзін азық-түлік паегінің 1-категориясына көшіру жөніндегі өтінішін орындамаудың себептерін сұрайды.

Ленин Петроградтағы жағдай туралы және Питердің таңдаулы жұмысшыларын деревнядағы совет жұмысына жіберу қажеттігі туралы Петроград жұмысшысы Н. А. Емельяновпен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, 1919 ж. январь—июньге арналған бюджет туралы, шет мемлекеттерден товар әкелу және оларға товар шығару жөнінде шарттар жасасудың тәртібі туралы декреттердің жобаларына қол қояды. Газет баспасын жолға қою туралы баяндаманы талқылау кезінде Ленин баяндама бойынша және мерзімді баспасөзді тарату-

ды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы өз пікірлерін жазып қояды. Сондай-ақ ақша знактарын бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

1 май. Ленин Қызыл аланда өткен Бірінші Май парадына және демонстрацияға қатысады, демонстранттар алдында үш рет: 1 Май туралы екі рет, ал одан кейін Степан Разин ескерткішінің ашылуына арнап бір рет сөз сөйлейді.

2 май. Ленин Россия телеграф агенттігінің жауапты басшысы П. М. Керженцевпен әдеби күштерді жұмылдыру және РКП(б) Орталық Комитеті тарапынан Россия телеграф агенттігінің жұмысына басшылықты күшейту қажеттігі туралы әңгімелеседі.

Ленин Оңтүстік майданға жөнелтілетін 33-дивизияның бөлімдерін Астраханьда қалдыру қажеттігі туралы Э. М. Склянскийге записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советі жанындағы Экономикалық комиссияның мәжілісінде председательдік етеді. Жұмысшылардың жағдайын жақсарту жөніндегі (тамақ ұйымдастыру, тұрғын үй мәселесі, кездемемен қамтамасыз ету, балаларға жәрдем) шараларды талқылау кезінде Ленин комиссия қаулысының жобасын жазады. Сондай-ақ еркін сауданы реттеу туралы, ақша тапшылығы және ақша знактарын шығару перспективалары туралы мәселелер талқыланады.

3 май. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Үгіт курстары мен Пролетарлық университет тыңдаушыларының алдында партияның шаруаларға көзқарас жөніндегі саясаты туралы баяндама жасайды. Баяндамадан кейін сұрақтарға жауап береді, тыңдаушылармен әңгімеледі.

Ленин Москва-Қазан темір жолының Кирск ағаш дайындау орнының бір топ жұмысшылары мен қызметшілерінен 1 Майға байланысты құттықтау телеграмма алғаннан кейін құттықтау телеграммаларға тыйым салу жөнінде почта және телеграф халық комиссары В. Н. Подбельскийге записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, Республика ормандарынан жыл сайын ағаш босату туралы

декрет жобасына қол қояды. Сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру советтері туралы, қала халқын тамақтандыру туралы, темір жолдарда мектептен тыс білім беруге қаржы бөлу туралы, халық арасында театр билеттерін тарату туралы, жұмыс күшін есепке алу және бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

4 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; финн үкіметінің ультиматумын талқылау кезінде Совет үкіметінің жауап нотасының жобасына Орталық Комитет қабылдаған түзетулерді жазып алады. Россияға азық-түлік жөнінен көмек көрсету мүмкіндігіне байланысты Ф. Нансеннің хатына жауап туралы мәселе жөнінде Ленин Г. В. Чичеринге Орталық Комитет қабылдаған шешім туралы записка жазады және одан Ф. Нансенге берілетін жауаптың жобасын дайындауды өтінеді. Ф. Э. Дзержинскийдің председательдігімен өткізілген РКП(б) Орталық Комитеті комиссиясының балаларды азық-түлікпен жабдықтау туралы және жұмысшыларға астық пен кездеме беру туралы шешімін талқылағаннан кейін Ленин комиссия мәжілісінің протоколына мынадай белгілер соғады: «Халық Комиссарлары Советінде менің есіме салынсын. Жас балалар паегі туралы мәселе жөнінде». Сондай-ақ Петроград қорғанысын нығайту жөніндегі шаралар туралы, Орталық Комитеттің мобилизация туралы қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының есебі; армиялардың бірыңғай әскери командованиесін нығайту туралы. Литвадағы жағдай туралы, Москвадағы тұрғын үй мәселесі туралы, Дон облыстық революциялық комитетінің құрамы туралы, революциялық-әскери советтер мен жергілікті ұйымдардың арасындағы өзара қарым-қатынас туралы, лауазымды адамдардың қылмысты істеріне қарсы күресу туралы декрет дайындау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

5 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің атынан В. А. Антонов-Овсеенкоға және Н. И. Подвойскийге Донбассты азат ету жөніндегі шаралар туралы Орталық Комитеттің нұсқауларын

орындамағандары үшін оларға сөгіс жариялanатыны туралы телеграмма жазады.

Ленин Донбассқа жәрдем көрсету үшін әскери бөлімдерді жөнелту ісін жылдамдату туралы Украина совет және әскери қызметкерлеріне телеграф арқылы нұсқау береді.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; отынды реквизициялауды тоқтату туралы және машина жасау заводтарын жұмыс күшімен қамтамасыз ету туралы, почта-телеграф ведомствосының барлық қызметшілерін мобилизациялау туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ Вятка ауданына товар жеткізу туралы, майданға дәрігерлер жіберу туралы, совет мекемелеріне жүргізілген тексеру қорытындылары және штаттарды қысқарту жөнінде қабылданған шаралар туралы, жолаушылар жүріп-тұруын азайту туралы, әскери жүктерді тасымалдауды тәртіпке келтіру туралы, Брянск заводтарын азық-түлікпен жабдықтау туралы, теміржолшыларға тұқымдық картоп беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 май. Ленин мектептен тыс білім беру жөніндегі Бүкіл россиялық I съезде құттықтау сөз сөйлейді.

Ленин Г. В. Чичеринге және М. М. Литвиновқа хат жазып, Ф. Нансенге Россияны азық-түлікпен жабдықтауға жәрдем көрсету және уақытша бітім жасасу жөніндегі оның ұсыныстарына жазылған жауап хаттың жобаларына ескертпелер жасайды, жауапты Вильсонның, Ллойд Джорджның және Клемансоның саясатын әшкерелеу үшін пайдалануды ұсынады.

Ленин Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне — Г. Я. Сокольников пен А. Л. Колегаевқа және 9-армияның штабына — Қорғаныс Советінің уәкілі А. Г. Белобородовқа телеграммалар жазып, Оңтүстік майдан тылындағы контрреволюцияшыл казактардың бүлігін басып-жаншу үшін барынша жігерлі шаралар қолдануды талап етеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған

мәселелер бойынша сөз сөйлейді, кейбір темір жолдардан рельсті алу туралы қаулының жобасына, Москва қызметшілерін бір жолғы тіркеу тәртібі туралы декреттің жобасына қол қояды. Сондай-ақ бірыңғай жүк түсіру органының қызметі туралы, деревняда және майданда газеттер тарату туралы және әдеби-үгіт баспасөзі туралы мәселелер, Тамақ-ғылыми институтының баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

7 май. Ленин ауған әмірінің тапсыруы бойынша ресми емес сапармен келген Индия ұлттық конгресінің мүшесі профессор Баракатулланы қабылдайды және онымен Шығыстағы жағдай туралы, ағылшын империализміне қарсы күресте Ауғанстанға көмек көрсету мүмкіндігі туралы әңгімелеседі.

Ленин финн коммунист әйелі Л. П. Парвиайненмен әңгімелеседі; 1917 жылы августа Ленин соның үйінде жасырын тұрған еді.

Ленин Харьковқа Украинаның әскери істер жөніндегі халық комиссарының орынбасары В. И. Межлаукқа Харьковтан барлық әскери бөлімдер мен мобилизацияланған жұмысшыларды Донбасcқа дереу аттандыру қажеттігі туралы телеграмма береді.

Ленин Қорғаныс Советінің уәкілі Л. Б. Каменевке тапсыру үшін Киевке Х. Г. Раковскийге телеграмма береді, телеграммада Луганскіге дереу қосымша күштер жеткізуді ұйымдастыруға Каменевтің тікелей өзі жауап беретіндігі туралы және Донбассты тезірек азат ету қажеттігі туралы айтылған.

Ленин Халық Комиссарлары Советі жанындағы Экономикалық комиссияның мәжілісінде председательдік етеді, мәжілісте финанс шаралары туралы мәселе талқыланады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жергілікті әскери дайындау бөлімдерінің праволары туралы қаулының жобасын толықтырады, 1886—1891 жылдары туған Донбасс жұмысшыларын әскери қызметке шақыру туралы, майданға барудан жалтарған медицина қызметкерлерін сотқа тарту туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ Дон

флотилиясын құру туралы, тыңайтқыштарды бірінші категориядағы жүк ретінде тасымалдау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

8 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің атынан Украина Халық Комиссарлары Советінің Председателі Х. Г. Раковскийге телеграмма жазып, Оңтүстік майданға әскери жәрдемді күшейту үшін және Ростовты алу үшін Одесса, Екатеринослав, Николаев, Харьков, Севастополь жұмысшыларын дереу мобилизациялау жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, партия, кәсіподақ және совет ұйымдарының қаулылары бойынша Қызыл Армияға мобилизацияланғандарды еріктілер деп тану туралы декреттің жобасына қол қояды. Сондай-ақ балалар паегі туралы, егіс көлемін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстардың барысы туралы және Донға қоныс аудару туралы, мерзімді баспасөз туралы, қызыл әскерлер семьяларын қамсыздандыру туралы, ақ гвардияшылардың бүлігі салдарынан қираған құрылыстарды қалпына келтіру үшін Царицын қалалық атқару комитетіне қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

9 май. Ленин Киевке Қорғаныс Советінің уәкілі Л. Б. Каменевке, А. А. Иоффеге және Х. Г. Раковскийге берген телеграммасында РКП(б) Орталық Комитетінің партиялық жұмыстың міндеттері туралы және Оңтүстік майданды күшейту үшін Украинаның өнеркәсіп орталықтарынан екі апта мерзімнің ішінде жиырма мың жұмысшыны мобилизациялау тәртібі туралы директиваларын хабарлайды.

Ленин қарт революционер, анархизм теоретигі П. А. Кропоткинмен мемлекеттің және кооперацияның социалистік құрылыстағы ролі туралы әңгімелеседі.

10 май. Ленин бас қолбасшы И. И. Вацетистің Қызыл Армияның әскер құрамы және оны қару-жарақпен, оқ-дәрімен және әскери жабдықпен жасақтау туралы баяндамасымен танысады.

Ленин Украина әскери халық комиссары Н. И. Подвойскийге Оңтүстік майданды нығайтуға жіберілетін жиырма мың украин жұмысшысын мобилизациялау, қаруландыру және оларға киім-кешек беру тәртібі туралы жазылған телеграммаға қол қояды.

Ленин Солтүстік облысы кооператив съезінің делегациясын қабылдап, кооперацияның қызметі жөнінде әңгімелеседі.

11 май. Ленин герман жұмысшыларына және басқаның еңбегін қанамайтын шаруаларға арналған үндеудің жобасына толықтырулар енгізеді.

12 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. Мәжіліс барысында ол мобилизация жүргізу үшін жер-жерге жіберілген барлық уәкілдерге Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының алдын ала рұқсатынсыз қайтып оралмау жөнінде нұсқау беруге ұсыныс енгізеді. Сондай-ақ достық ниеттегі советтік социалистік республикалармен бірыңғай экономикалық сыртқы саясат жөнінде келісім жобасы туралы, кредит билеттерінің жаңа үлгісін айналысқа шығару туралы, РКП(б) Орталық Комитеті есебінің жобасын бекіту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин 5-армияның Революциялық-әскери советіне И. Н. Смирновқа телеграмма жазып, Колчак әскерлерінің ыдырауы туралы мәліметтердің дұрыс-бұрысы жөнінде сұрайды және шабуылды жеделдету қажеттігін айтып нұсқау береді.

Ленин Шығыс майданның Оңтүстік тобының қолбасшысы М. В. Фрунзеге ақ казактар қоршауға алған Оренбургке қосымша күш жіберу қажеттігі туралы телеграмма береді.

Ленин әскери қатынас Орталық басқармасына, Бас эвакуация бюросына және Қатынас жолдары халық комиссариатына балаларды оңтүстіктегі жазғы колонияларға апару жөнінде телеграмма жібереді.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; барлық жергілікті қорғаныс комитеттері мен қорға-

нысқа жәрдемдесуші комитеттерді тарату туралы баяндама жасайды, ескі армияның тұтқыннан оралған бұрынғы солдаттарын әскери қызметке шақыру туралы және Кольчуга мыс өңдеу заводын отынмен жабдықтау туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ мобилизацияланған және майданға жіберілген дәрігерлердің саны туралы, қызыл әскерлердің азық-түлік посылкалары туралы, әскери жүктер таситын транспортты тәртіпке келтіру туралы, отын туралы, Петроградтағы соғыс жағдайын жою туралы, Брянск заводтарының және «Динамо» заводының жұмысшылары мен қызметшілерін мобилизациялау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

13 май. Ленин Бела Кунге оның 22 апрельдегі хатын алғандығы туралы телеграмма жазады, Венгр Қызыл Армиясын құттықтайды және украин совет бөлімдерінің Днестрден өткендігі туралы хабарлайды.

Ленин Орталық Комитеттің Саяси бюросының атынан «Октябрь революциясы» үгіт поезына М. И. Калининге телеграмма жолдап, жалпы азық-түлік саясатын қатаң сақтауды және шаруалар арасындағы үгіт жұмысына басты назар аударуды ұсынады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, патрон шығару жөнінде және Республиканың әскери ведомствосы мен қарулы күштері органдарына айрықша тексеру тағайындау туралы баяндамалар жасайды, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Патрон шығару жөніндегі мәселені талқылау кезінде Ленин кейін қарарға енгізілген практикалық ұсыныстардың нобайларын жазады, тораптық станцияларда және әскерлер поезға отырғызылатын жерлерде үгіт-ағарту пункттерін ұйымдастыру туралы қаулының жобасына қол қояды. Сондай-ақ жөнделген паровоздардың саны туралы мәліметтер, армиялар мен майдандардағы Бүкіл россиялық төтенше комиссияның айрықша бөлімдері туралы, Тула патрон заводын қорғау туралы, Финляндиядан және Мурманск өлкесінен қашқан босқындардың Россияға келуі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Петроград қорғаныс комитетіне Г. Е. Зиновьевке телеграмма жолдап, қаладан кейбір заводтардың эвакуациялану себептерін сұрайды және Петроград қорғаныс комитетінің шараларын Қорғаныс Советінің бекітуі қажет екенін айтып нұсқау береді.

Ерте дегенде 13 май. Денсаулық жағдайына байланысты оңтүстікке жұмысқа ауыстыру жөніндегі өтінішін қабылдамаған И. В. Сталиннің дөрекілігі жөнінде қарт большевик П. И. Воеводиннің шағым беруіне байланысты, Ленин Орталық Комитеттің Саяси бюросына записка жазып, П. И. Воеводинге еңбек ақысы сақталып, екі айлық демалыс және жәрдем беру жөнінде ұсыныс жасайды.

14 май. Ленин Петроградқа және Дорогобужға жолданған телеграммаларға қол қояды, оларда Халық Комиссарлары Советінің отын дайындау жұмысында істеп жүрген қызметкерлерге әскерге шақырылу мерзімін ұзарту туралы декретін қатаң сақтау жөнінде жарлық берілген еді.

Ленин Республика Революциялық-әскери советінің председателі Л. Д. Троцкийге телеграмма жолдап, контрреволюцияшыл казактардың бүлігін басып-жаншудың барысы туралы сұрайды және мобилизацияланған коммунистерді Оңтүстік және Шығыс майдандарға бөлу жөнінде хабарлайды.

Ленин Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне Г. Я. Сокольниковқа контрреволюцияшыл казактардың бүлігін тезірек жою қажеттігі туралы және мобилизацияланған коммунистерді қызыл әскер бөлімдерін нығайтуға пайдалану туралы телеграмма жібереді.

15 май. Ленин Г. Е. Зиновьевке Петроградты эвакуациялауды Қорғаныс Советінің тоқтатқандығы туралы телеграмма жібереді.

Ленин Астраханьнан келген 33-дивизияны ақ казактар бүлігін басуға жөнелту туралы және Донбассқа шабуылды өрістетіп, Ростовты алу қажеттігі туралы Л. Д. Троцкийге тікелей проводпен телеграмма жібереді.

Ленин Костромаға Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің уәкілі А. В. Луначарскийге Костромаға азық-түлікпен жәрдем көрсету туралы және жұмысшылар мен шаруалардың Дон облысына жаппай қоныс аударуы қажеттігі жөнінде телеграмма жібереді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; күн тәртібін Шатура және Кашира электр станциялары құрылысын қаржыландыру туралы, Украина темір жолдарына қаржы бөлу туралы, Латвия, Литва және Белоруссия совет үкіметтеріне несие беру туралы мәселелермен толықтырады, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Мәжіліс барысында Ленин аудандық азық-түлік органдары туралы және жаңа кредит билеттерінің 1918 жылғы үлгісін айналысқа шығару туралы декреттердің жобаларына қол қояды. Сондай-ақ РСФСР телефон байланыстарын национализациялау туралы декреттің жобасы, Су транспорты бас басқармасы туралы, кәмелетке толмағандарды фабрикалар мен заводтардағы жұмыстан босату туралы декреттің жобасы, Түркістанда суландыру жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі декреттің жобасы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 май. Ленин көмір шахталарының забойшыларын әскерге шақырудан босату туралы және Донбасс жұмысшыларын мобилизациялауды жалпы тоқтатуға жол бермеу туралы Харьковқа Көмір бас комитетіне телеграмма жібереді.

17 май. Ленин Советтердің Москва уездік төтенше V съезінің мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне А. Л. Колегаевқа Дон облысына орналастырылатын қоныс аударушы жұмысшылардың санын көбейту қажеттігі туралы телеграмма жазады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, мәжілісте генерал Родзянко әскерлерінің шабуылына байланысты Петроградты және Петроград ауданын эвакуациялау туралы мәселе талқыланады. Ленин Батыс майданның Революциялық-әскери советіне Қорғаныс Советінің Пет-

роградты жаппай эвакуациялауды тоқтату туралы қаулысы хабарланған телеграммаға қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, Мемлекеттік баспа туралы ереженің жобасына және балаларды тегін тамақтандыру туралы декреттің жобасына қол қояды. Сондай-ақ буржуазиядан қалған мүліктерді жұмысшылар арасында бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

18 май. Ленин Царицынға 10-армияның қолбасшысына және Астраханьға 11-армияның Революциялық-әскери советіне телеграмма жіберіп, дұшпанның шабуылына қарсы қолданылып жатқан шаралар туралы сұрайды.

Ленин Кремль курсанттарының кешіне қатысады.

19 май. Ленин Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне Г. Я. Сокольниковқа ақ гвардияшылардың Петроградқа шабуылы, ақ казактардың бүлігін дереу басып-жаншу қажеттігі туралы және осы мақсат үшін 33-дивизия мен мобилизацияланған коммунистерді пайдалану туралы телеграмма жазады.

Ленин мектептен тыс білім беру жөніндегі Бүкіл россиялық I съезде «Бостандық және теңдік ұрандарымен халықты алдау туралы» сөз сөйлейді.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Тула патрон заводындағы істің жайын талқылағаннан кейін ол Тула губерниялық атқару комитетіне жазылған телеграммаға қол қояды, онда Тулаға келетін үш мың жұмысшыны пәтермен дереу қамтамасыз етуге шаралар қолдану тапсырылған еді; мәжіліс барысында Финн шығанағындағы соғыс жағдайына байланысты Балтық флотының соғыс кемелерін жөндеу жөнінде шұғыл жұмыстар жүргізу туралы, отын дайындау және жеткізу жөніндегі шаралар туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ соғыс қажеттеріне пайдаланылмай отырған қаруды алу туралы, Батыс майданы арқылы босқындарды өткізу тура-

лы, Великий Устюг шаруаларын азық-түлікпен және жем-шөппен жабдықтау туралы, Волганың төменгі жағынан тұз тасу туралы, Подольск заводтары жұмысшыларының азық-түлікпен жабдықталуын жақсарту туралы, гильза жинау жөніндегі шұғыл шаралар туралы және патронды майдагерлік әдіспен өндірудің мүмкіндігі туралы, Кашира электр станциясының құрылысы туралы, Ижевск заводынан Симбирск заводына жұмысшыларды тасып жеткізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Майдың екінші жартысы, кеш дегенде 20 май.

Ленин қызметінен уақытша шеттетілген Шығыс майданның қолбасшысы С. С. Каменевпен майдандағы жағдай туралы және Колчакқа қарсы шабуылды өрістету жөніндегі оперативтік жоспарлар туралы әңгімелеседі.

Ленин майдан шебінен өтіп келген Сибирь Советтері Орталық Атқару Комитетінің мүшесі В. Виленский-Сибиряковпен Колчак әскерлерінің тылындағы, Сибирьдегі және Қиыр Шығыстағы жағдай туралы әңгімелеседі.

20 май.

Ленин С. С. Каменевті қайтадан Шығыс майданның қолбасшысы етіп тағайындауды ұсынып Л. Д. Троцкийге телеграмма жазады.

Ленин Харьковқа Донбассты азат ету үшін қолданылып жатқан шаралар туралы сұрап, Украинаның әскери халық комиссарының орынбасары В. И. Межлаукқа телеграмма жазады.

Ленин Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне Г. Я. Сокольниковқа хат жазып, ақ казактар бүлігін басып-жаныштаушы қызыл әскер бөлімдерінің халін сұрайды және оларға көмекке курсанттар мен мобилизацияланған коммунистердің жіберілгенін хабарлайды.

Ленин Новгород губерниялық атқару комитетіне Солтүстік облысының кооперативтік съезі делегаттарының тұтқынға алынуына айыптыларды қатаң жазалау туралы ескертіп телеграмма жазады; тұтқынға алынған делегаттар Ленинге шағым жасаған болатын.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары В. А. Аванесовқа аста-

налық істер жөніндегі Ерекше комиссияның қызметкерін шаруалардың шағымдарына формальды-бюрократтықпен қарағаны үшін тұтқынға алуды ұсынып записка жазады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Мобилизациялау жөніндегі шұғыл шаралар туралы баяндаманы талқылау кезінде Ленин Дон және Оренбург казактарын мобилизациялау туралы практикалық ұсыныстардың нобайын жазады; темір жол станцияларына астықтың жеткізілмеу себептері туралы мәселені талқылау кезінде цифр келтіріп, астық запастарының есебін шығарады. Донға қоныс аударуды ұйымдастыру туралы баяндаманы талқылағаннан кейін Ленин Смоленск, Тверь, Москва, Рязань губерниялық жер бөлімдеріне және Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советінің азаматтық басқармасына шаруалар мен жұмысшыларды Дон облысына қоныс аударту тәртібі туралы жазылған телеграммаларға қол қояды. Сондай-ақ Теңіз ведомствосына көмір бөлу туралы, жау қолында қалып қоятын темір жол линияларын бұзу туралы, қосымша күштің жеткізілуі туралы, мобилизациялау кезінде семья жағдайына байланысты берілетін жеңілдіктер туралы, Луганск заводтары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин ақ гвардияшылардың Царицынға жасаған шабуылын тоқтату үшін және Минск қорғанысын нығайту үшін шұғыл шаралар қолдану қажеттігі туралы Э. М. Склянскийге запискалар жазады.

Ленин Петроград майданына жәрдем көрсету үшін қосымша күштер жіберу және Петроград жұмысшыларын мобилизациялау туралы Петроградқа И. В. Сталинге телеграмма жазады.

21 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің солтүстік-батыс губерниялардың коммунистері мен жұмысшыларын Петроград майданына мобилизациялау туралы қаулысының жобасына қосымшалар мен түзетулер енгізеді.

Ленин Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне А. Л. Колегаевқа қосымша

күштер жіберу туралы және ақ казактардың бүлігін басып-жаншудағы кедергілерді үзілді-кесілді жою қажеттігі туралы телеграмма жібереді.

22 май. Ленин ақ гвардияшылар әскерлерінің Батыс майданда шабуылға шығуына және Астрахань түбіндегі жағдайдың шиеленісуіне байланысты Дондағы контрреволюцияшыл казактардың бүлігін дереу жою туралы Л. Д. Троцкийге директива береді.

Ленин Шығыс майданның Оңтүстік тобының қолбасшысы М. В. Фрунзеге қоршауда қалған Оренбургке көмек көрсету қажеттігі туралы телеграмма жібереді.

Ленин Луганск патрон заводының директорына және саяси комиссарына патрон шығаруды жедел қалпына келтіру туралы директива берілген телеграммаға қол қояды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мен Ұйымдастыру бюросының біріккен мәжілісіне қатысады, мәжілісте Рига түбінде майданның бұзылуына байланысты Батыс майданындағы жағдай туралы және Шығыс майданның командованиесі туралы мәселелер талқыланады.

Ленин Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетіне жолданған, Украина Совет үкіметі жүргізіп отырған финанс шараларын РКП(б) Орталық Комитетімен алдын ала келісіп алуы туралы директива берілген телеграммаға толықтыру енгізіп, қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Штат жөніндегі комиссияның баяндамасын талқылау кезінде Халық Комиссарлары Советі тариф саясатының негіздерін белгілеу және мамандардың еңбегіне ақы төлеу үшін Ленин бастаған ерекше комиссия құруға шешім қабылдайды. Сондай-ақ Түркістанда суландыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы декреттің жобасы, электр.энергиясын үнемдеу мақсатымен баспаханаларды жабу туралы, қызыл әскерлер семьяларын қамсыздандыру туралы

декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

23 май. Ленин Халық Комиссарлары Советінің тариф саясатының негіздерін белгілеу және мамандардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі ерекше комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді, мамандардың жалақысы туралы шешімнің жобасын жазады, жобаны комиссия қабылдайды. Ленин бұл мәселе жөнінде Халық Комиссарлары Советінің 24 майдағы мәжілісіне баяндамашы болып тағайындалады.

24 май. Ленин Украина Халық Комиссарлары Советіне телеграмма жолдап, атаман Григорьевтің контрреволюциялық бүлігін басып-жаншуға байланысты құттықтайды және босаған әскерлерді Донбассқа жөнелту жөнінде жарлық береді.

Ленин Воронеж және Тамбов губерниялық әскери комиссариаттарына мобилизацияланған коммунистерді Оңтүстік майданға аттандыруды жеделдету туралы телеграмма арқылы жарлық береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, мамандарға ақы төлеу мөлшері туралы және казактарды РСФСР-дің барлық еңбекші халқымен право жөнінде теңгеру туралы декреттің жобасы туралы баяндамалар жасайды; мәжілісте сметалық ережелер туралы және тұтқындар мен босқындар жөніндегі Орталық коллегияны Ішкі істер халық комиссариатының карауына көшіріп, соған бағындыру туралы декреттердің жобаларына қол қояды. Сондай-ақ еврейлердің ойрандалуы құрбандарына жәрдем беру туралы, еңбекші халыққа ағаш босату туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

25 май. Ленин Қызыл алаңға Жалпыға бірдей әскери оқу бөлімдерінің парадына барады; Жалпыға бірдей әскери оқу штабымен бірге жұмысшы батальондарын көріп шығады, содан кейін оларға арнап сөз сөйлейді. Сөйлеп болғаннан кейін Ленин Жалпыға бірдей әскери оқу бөлімдерінің парадын қабылдайды.

26 май. Ленин Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге және әскери істер жөніндегі халық комиссарының орынбасары В. И. Межлаукқа халықта бар қару-жарақты алу және атаман Григорьевтің бүлігін басқан бөлімдерді Донбассқа жөнелту жөнінде директива берілген телеграмма жазады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мемлекеттік қағаздарды дайындау экспедициясын эвакуациялау туралы Петроградқа Қорғаныс Комитетіне жіберілетін телеграмма мен Қатынас жолдары халық комиссариатының қызметшілерін Қызыл Армияға шақыру туралы қаулының жобасы талқыланғаннан кейін оларға қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ босқындарды Батыс майдан арқылы өткізу туралы, Тула патрон заводын болатпен жабдықтау туралы, Кашира электр станциясы туралы, Дон және Оренбург казактарын әскерге шақыру жоспары туралы, Донға қоныс аударудың барысы туралы, жолаушылардың жүріп-тұруын азайту туралы, Луганскіні қорғау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

27 май. Ленин Ауғанстан королі Аманолла-ханға жазылған хатқа қол қояды.

Ленин Будапешттен самолетпен келген Венгр Совет республикасының әскери істер жөніндегі халық комиссариаты басшыларының бірі Тибор Самуэлимен Венгриядағы жағдай туралы әңгімелеседі.

Ленин «Венгр жұмысшыларына сәлем» деген мақала жазып, оны Тибор Самуэлиге береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Астық дайындаудың жайы және жаңа егінге дейінгі азықтүлік науқанының нақты жоспарлары туралы А. Д. Цюрупаның баяндамасын талқылау кезінде Ленин 1916 жылдан бастап 1919 жылғы майға дейінгі астық дайындау жөніндегі салыстырмалы деректерді жазып алады. Ленин штаттың қысқартылуына байланысты жұмыстан босатылған совет қызметшілерінің еңбегін өнімді пайдалану жөнінде Я. М. Аникстің баяндамасын талқылау кезінде бірқатар ұсыныстар енгізеді, қызыл әскерлер

семьяларына берілетін ақшалай жәрдемді көбейту туралы декреттің жобасына қол қойды. Сондай-ақ буржуазия тастап кеткен жеке мүлік туралы қаулының жобасы, Москва мен Петроградта еңбек книжкаларын енгізу туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

28 май. Ленин Симбирскіде Қызыл Армия бөлімдерінің тым көбейіп кеткендігіне байланысты ондағы қала шаруашылығының ауыр жағдайы туралы Ф. Э. Дзержинскийдің баяндамасын Қорғаныс Советіне қою туралы нұсқау береді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Оңтүстік майдандағы жағдай туралы мәселе талқыланғаннан кейін Орталық Комитеттің Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге барлық күшті Донбассты азат етуге шоғырландыру қажеттігі туралы және Харьков пен Екатеринослав жұмысшыларын түгел мобилизациялау туралы директивасына қол қойды. Сондай-ақ Украинамен әскери-экономикалық одақ жасасу туралы, Қырым республикасы және РКП(б) Қырым облыстық комитеті туралы, Поляк үкіметінің нотасы туралы, Новгород, Псков және Витебск губернияларында партиялық жұмысты күшейту қажеттігі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Оңтүстік майдандағы жағдай туралы және РКП(б) Орталық Комитетінің барлық күшті Донбассты азат етуге шоғырландыру жөнінде қабылдаған шешімі туралы Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге тікелей проводпен жіберу үшін записка жазады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; қосымша міндет атқаратын барлық әскерлерді Ішкі істер халық комиссариатының қарауына көшіру туралы, жолаушылар поездарын пайдалану тәртібі туралы, шегінген кезде жау әскерлеріне қалдырылатын темір жол линияларын бұзып кету туралы, Дон майданының позицияларын нығайту жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету туралы қаулылардың жобаларына қол қойды. Сондай-ақ санитарлық поез-

дардағы мүлік пен азық-түлікті реквизициялауға болмайтындығы туралы, әскери эшелондарды жеткізіп салу туралы, Царицын зеңбірек заводында 6-дюймдік зеңбіректер жасауды ұйымдастыру туралы, Центротекстильдің Украинаға кездеме жіберуді кешеуілдетіп отырғандығына байланысты Азық-түлік халық комиссариатының шағымы, жоғары оқу орындарының оқушыларын әскерге шақыру туралы, ағаш отын дайындаудың барысы туралы, Вязьма станциясы мен Новосокольникидегі жарылыс туралы, Тула заводында еңбек өнімділігін арттыру туралы, Тула заводына коммунист-жұмысшы әйелдерді мобилизациялау туралы, атылған гильзаларды жинау туралы, мобилизациялау кезінде семья жағдайына байланысты берілетін жеңілдіктер туралы, деревнядағы мобилизацияның барысы туралы, мұнайды автомобиль жанармай қоспасын дайындауға пайдалану туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин «Коммунистический Интернационал» журналының екінші номері үшін «Берндік Интернационалдың сабаздары» деген мақала жазады.

29 май. Ленин майдан қолбасшысы В. А. Антонов-Овсеенкоға және Украинаның әскери істер жөніндегі халық комиссары Н. И. Подвойскийге жолдаған телеграммасында Бахмут пен Славянскіге қауіп төнуіне байланысты Донбассқа қосымша күштердің жіберілуін тездетуді ұсынады.

Ленин Шығыс майданның Революциялық-әскери советінің мүшелеріне және партия активіне С. С. Каменевтің майдан қолбасшысы болып тағайындалуы туралы, бөлімдерде саяси жұмысты күшейту, Оренбург казактарын және майданға таяу өңірдегі халықты Уралды азат ету үшін мобилизациялау қажеттігі туралы телеграмма жазады.

30 май. Ленин Деникин әскерлерінің Миллерово бағытында бұзып өтуін жою үшін қолданылған шаралар жөнінде хабарлауды талап етіп Л. Д. Троцкийге телеграмма жібереді.

Ленин Харьковқа В. И. Межлаук пен К. Е. Ворошиловқа киім-кешек пен қару-жарақ

алуды күтіп отырмай-ақ, Оңтүстік майданға қосымша күштерді дереу аттандыру туралы директива берілген телеграмма жібереді.

Ленин Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросына шіркеу рәсіміне қатысатын және діни соқыр сенімдерді ұстанатын коммунистерді партиядан шығарудың қажеттігі туралы записка жазады.

31 май. «Правдада» В. И. Ленин мен Ф. Э. Дзержинскийдің қолдары қойылған «Шпиондардан сақтаныңыздар!» деген халыққа арналған үндеу хат жарияланады.

Ленин Литва-Белоруссия республикасы Қорғаныс Советінің мүшесі Е. Б. Бошпен Батыс майдандағы жағдай және Минскіні қорғауды ұйымдастыру туралы әңгімелеседі, ал содан кейін Бүкіл россиялық бас штабқа записка жазып, Минск жұмысшы батальондарына қару-жарақ беру және нұсқаушылар жіберу жөнінде өтініш айтады.

Ленин Петроград пен Москваға аттар мен тачкілер жөнелту жөнінде және мобилизацияланған жұмысшылар мен мүлік тиелген арбалы керуенді Оңтүстік майданға жөнелту жөнінде Украинаның әскери істер жөніндегі халық комиссары Н. И. Подвойскийге жіберілетін телеграмманы толықтырып, оған қол қояды.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мобилизация жүргізуге байланысты мәселелерді талқылау кезінде ол саудада, өнеркәсіп пен транспортта істейтін жұмысшылар мен қызметшілерді әскери қызметке шақыру туралы декреттің жобасын жазады, содан кейін оған қол қояды. Сондай-ақ армияны қару-жарақпен жабдықтау туралы мәселе, дезертирлікке қарсы күрес шаралары туралы қаулының жобасы, өнеркәсіп салалары бойынша жұмысшыларды әскерге шақыру туралы, 19 жастағыларды шақыру туралы, Жалпыға бірдей әскери оқудағы офицерлер мен унтер-офицерлерді шақыру туралы, «Қорғаныс күндері» туралы, Петроград маңындағы көпірлердің қиратылу себептерін тексеру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

1 июнь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Советтік социалистік республикалардың әскери-экономикалық одағы туралы мәселені талқылаған мәжілісіне қатысады. Орталық Комитет Саяси бюросының тапсыруы бойынша Ленин Харьковқа В. И. Межлаукқа, К. Е. Ворошиловқа, Ф. А. Артемге және басқа украин қызметкерлеріне дербес Украина майданын қалыпына келтіру әрекетін тоқтатуды және Украина армиясын ығайту жөнінде батыл шаралар қолдануды талап еткен телеграммалардың текстерін жазады.

Ленин Л. Д. Троцкийге РКП(б) Орталық Комитетінің Украина әскери істер жөніндегі халық комиссариатын жою туралы және Донбасска көмек көрсету жөнінде батыл шаралар қолдану туралы директиваларын оның орындамағандығын айтып телеграмма жазады.

2 июнь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мен Ұйымдастыру бюросының біріккен мәжілісіне қатысады, мәжілісте Украинадағы әскери басқарма мен командованиені қайта құру туралы, Батыс майдандағы жағдай туралы, бөлшек сауданы ретке келтіру туралы, финанс және азық-түлік мәселелері, антисемитизмге қарсы күресу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, Украинаға комиссарлар мен уәкілдер жіберу тәртібі туралы баяндама жасайды, винтовкаларды жөндеу және айырбастау туралы, саудада, өнеркәсіп пен транспортта істейтін жұмысшылар мен қызметшілерді мобилизациялау жөніндегі комиссиялар туралы, Петроградтың жағдайын жеңілдету тәртібі туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ халықтан қару-жарақ алу жөніндегі нұсқау туралы, дайындалған ағаш мөлшері туралы, көпірлерді күзету туралы, 19 жастағыларды жедел мобилизациялау жөніндегі шаралар туралы, Сормово заводтарында жұмыстарды жақсарту туралы мәселелер, дезертирлікке қарсы күресу туралы декреттің жобасы, Симбирск мен Подольск заводтарына жұмысшылар жіберу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

3 июнь. Ленин Шығыс майданның Революциялық-әскери советіне С. И. Гусевке, М. М. Лашевичке және К. К. Юреневке башқұрттарды, Оренбург казактарын және майданға жақын өңірдегі халықты мобилизациялау туралы және халықтың қолындағы қару-жарақты алу туралы телеграмма жібереді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Украина майданы армияларының командованиесі жөніндегі 1 июньдегі шешімдерін жүзеге асыру туралы директиваны Харьковқа Л. Д. Троцкийге телеграфпен жолдайды.

Ленин Украина азық-түлік халық комиссары А. Г. Шлихтерге Минск мен Петроградқа азық-түлік жөнелтуді тездету туралы телеграмма жібереді.

Ленин Дон облысы Котельниково ауданының революциялық комитетінің мүшелері Колесниковпен және Неклюдовпен Дондағы жағдай және казактарға көзқарас туралы әңгімеледі, ал содан кейін Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне казактардың тұрмысын күштеп өзгертуге жол беруге болмайтындығы туралы телеграмма жібереді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, шетелдік паспорттар берудің тәртібі туралы, Москвадағы жөндеу-құрылыс жұмыстарының жүргізілуі туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ картопты өз бетімен дайындауға тыйым салу туралы декретті жүзеге асырудың нәтижелері жөнінде баяндама, штаттарды қысқарту туралы мәселе, еңбекші халыққа ағаш босату туралы декреттің жобасы, қосымша қант шығару және Украина қант өнеркәсібіне қаржы бөлу туралы мәселе, 1918 жылдың II жарты жылдығында шығындарды қысқарту жөнінде тындырылған істер туралы баяндама, Донға қоныс аударудың барысы туралы, егіншілік құрал-саймандарымен және ауыл шаруашылық машиналарымен жабдықтау ісін Азық-түлік халық комиссариатының қарауынан Егіншілік халық комиссариатының қарауына беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

4 июнь. Ленин Шығыс майданның Революциялық-әскери советіне С. И. Гусев пен М. М. Лашевичке 3-армияның жағдайы туралы және Глазов пен Агрызды қалдырып кету себептері туралы сұраған телеграмма жазады.

Ленин Батыс майданды комиссарлармен нығайту туралы және әскерлерді басқа майдандарға ауыстыру үшін Петроград түбіндегі ақ гвардияшыларды тезірек талқандау туралы директиваны И. В. Сталинге телеграфпен жолдайды.

Ленин Украина төтенше комиссиясының председателі М. И. Лациске Украинадағы Төтенше комиссияның аппаратын тазарту қажеттігі жөнінде хат жазады.

5 июнь. Ленин Орел губерниясы, Елецк уезінде төтенше салық алу кезінде заңсыз әрекеттер жасалу фактісін мұқият тексеру жөнінде Д. И. Курскийге нұсқау береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. 3 мың сомнан артық ақы алатын мамандардың тізімдерін бекіту туралы мәселені талқылау кезінде Халық Комиссарлары Советі: арнаулы комиссия тізімдерді бірауыздан бекіткен жағдайда ол тізімдерге Халық Комиссарлары Советінің атынан қол қою Ленинге тапсырылсын деген шешім қабылдайды. Сондай-ақ буржуазия тастап кеткен жеке мүлікті таратып беру туралы қаулының жобасы, штаттардың қысқартылуына байланысты совет мекемелерінің қызметкерлерін босату тәртібі туралы декреттің жобасы, электр желілері құрылымы мен пайдаланылуы туралы ереженің жобасы, Мемлекеттік баспаның редакциялық коллегиясын тағайындау туралы, 1914—1918 жылдардағы соғыс олжалары музейі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Петроград Советінің председателі Г. Е. Зиновьевке Петроградқа азық-түлік жөнелту туралы мәліметтерді телеграф арқылы хабарлайды.

6 июнь. Ленин Башқұрт Совет республикасының әскери комиссары А. Валидовпен және Башқұрт

революциялық комитетінің өкілдерімен башқұрт әскерлерін Шығыс майданда пайдалану туралы және Түркістандағы жағдай туралы әңгімелеседі.

Ленин 10-армияның Революциялық-әскери советіне Ефремовқа тылды тазарту және Царицынды қорғау үшін жұмысшыларды түгел мобилизациялау туралы телеграмма жібереді.

Ленин Оңтүстік майдандағы жағдайдың шиеленісуі, Колчактың Вятка арқылы бұзып өтіп, Петроградқа қауіп төндіру мүмкіндігі туралы және майданға жақын өңір халқын мобилизациялау есебінен майдан бөлімдерін толықтыру қажеттігі туралы Шығыс майданның Революциялық-әскери советіне С. И. Гусев пен М. М. Лашевичке телеграмма жібереді.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, радио станцияларын әскери әкімшіліктің қарауына беру тәртібі туралы және радио мамандарын әскери қызметке шақыру туралы қаулының жобасына, азық-түлік дайындауды күшейту үшін жер-жерге командировкаға жіберілетіндердің мандаттарына қол қояды. Сондай-ақ Германиядан келе жатқан тұтқын орыстарды батыс шекара арқылы өткізу туралы, Симбирскінің қала шаруашылығының жағдайы туралы, бензин өндіру туралы мәселелер, тораптық станцияларда және әскерлер поезға отырғызылатын жерлерде үгіт-ағарту пункттерін ұйымдастыру туралы баяндама, темір-жолшыларға азық-түлік дайындау үшін ерекше азық-түлік отрядтарын ұйымдастыру туралы, Симбирск заводында гильза жасайтын шеберханаларды жабдықтау туралы, темір-жолшы коммунистерді көпірлерді күзету ісіне тарту туралы, кәсіподақтардың 10 процентін мобилизациялаудың барысы туралы, қара жолдар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Дюмо металлургия заводы үшін отын алуға рұқсат сұрап Царицыннан келген инженер Майммен және жұмысшы И. Гостюшкинмен әңгімелеседі.

9 июнь. Ленин Петроград майданындағы жағдайдың шиеленіскені туралы және Архангельск мен Шығыс майдандарынан әскер бөлімдерін Петроградты қорғауға дереу жөнелту қажеттігі туралы Э. М. Склянскийге записка жазады.

Ленин Петроград және Оңтүстік майдандардағы соғыс жағдайының шиеленісе түсуіне байланысты оларға Шығыс майданнан әскер бөлімдерін апару қажеттігі туралы, саяси-үгіт жұмысының міндеттері және майданға жақын өңірдегі халықты мобилизациялау туралы Шығыс майданның Революциялық-әскери советіне телеграмма жолдайды.

Ленин Харьковқа Қорғаныс Советінің уәкілі Г. Н. Мельничанскийге телеграмма жолдап, Қызыл Армияға мобилизациялауды аяқтау үшін төтенше шаралар қолдану туралы директива береді.

10 июнь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады; Петроград майданындағы жағдайды талқылау барысында Орталық Комитет қаулысының жобасын жазады. Сондайақ 13 июньде Р. Люксембургті еске түсіру күнін өткізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин «Бостандық және теңдік ұрандарымен халықты алдау туралы» сөйлеген сөзінің басылымына арналған алғы сөздің нобайын жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Мәжілісте украин қант өнеркәсібін ақша знактарымен жабдықтау туралы мәселе, Қызыл Армияның тұтқынға түскен әскери қызметшілері туралы және олардың семьяларын қамсыздандыру туралы ереженің жобасы, отынның барлық түрін темір жолдар арқылы тасымалдау тәртібі туралы мәселе, өнертапқыштарға ақы төлеу туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

11 июнь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады; мәжілісте ең жоғары жазаны қолдану туралы, жау қолындағы жерлерде құпия жұмыс жүргізу туралы, Венгр Советтер съезіне және Венгр компартиясына құттық-

тау туралы, Закавказье коммунистерінің конференциясын шақыру туралы, Петроград майданына қосымша күштер жіберудің бөгелу себептері туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Шығыс майданның Революциялық-әскери советіне төрт телеграмма жолдап, майданға жақын өңірдің халқын түгел мобилизациялау, Оренбург және Урал аудандарында контрреволюциялық бүліктерді басып-жаншу және әскер бөлімдерін Петроград майданына жіберу туралы директивалар береді.

Ленин Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге Петроградқа азық-түлік жәрдемін көрсету жөнінде шұғыл шаралар қолдану туралы телеграмма жолдайды.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; 40 жасқа толмаған подпрапорщиктер мен унтер-офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы қаулының жобасына қол қояды. Сондай-ақ Москва маңы көмір бассейнін зерттеу жөніндегі комиссияның баяндамасы, босқындарды Батыс майдан арқылы өткізу туралы, Астраханьнан балық тасу туралы, 6 және 3-армияларға арналған азық-түлік пен жемшөп туралы, тылдағы әскери қызметшілердің қызыл әскер паегін алуының дұрыс еместігі туралы, Тула, Подольск және Симбирск заводтарына жұмысшылар жіберу туралы, халықтың қолындағы қару-жарақты алу жөніндегі нұсқау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

12 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Тұқымдық картоп және огород жөніндегі мәселені талқылау кезінде Ленин цифрлар келтіріп, есеп жасайды. Мәжіліс үстінде ол балаларды тегін тамақтандыру жөніндегі декреттің 16 жасқа толмаған балалардың бәріне қолданылатын болуы туралы және Москва мен Петроград жұмысшыларына, буржуазия тастап кеткен мүліктерді алуға право беру туралы қаулылардың жобаларына және мемлекет нормаламаған өнімдерді дайындайтын аудан-

дар туралы декреттің жобасына қол қояды. Сондай-ақ еңбекшілердің семья мүшелерін қамсыздандыру туралы декреттің жобасы, Қырғыз өлкесін уақытша басқару туралы және басқа мәселелер талқыланады.

13 июнь. Ленин Петроградқа И. В. Сталинге Петроград майданына бронепоездар мен мобилизацияланған коммунистердің аттандырылғаны туралы хабарлайды.

Ленин Екатеринослав Советінің председателі Аверинге жұмысшыларды мобилизациялауды тыңғылықты аяқтау туралы жарлық берілген телеграмма жолдайды.

Ленин 5-армияның Революциялық-әскери советіне колчакшылдар шегінген кезде Белая өзені пристаньдарында қалдырып кеткен астықты Нижний Новгородқа дереу жеткізу жөнінде директива берілген телеграммаға қол қояды.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, мәжілісте армияны астық жемімен және азық-түлікпен жабдықтау туралы, темір жолдарда соғыс жағдайын енгізу тәртібі туралы, Москва маңы көмір бассейнін зерттеудің нәтижелері туралы, саудада, өнеркәсіп пен транспортта істейтін жұмысшылар мен қызметшілерді мобилизациялау тәртібі туралы, 19 жасар теміржолшыларды мобилизациялау туралы, Владимир губерниясында соғыс жағдайын енгізу туралы мәселелер талқыланады; жүктерді эвакуациялаудың шұғылдығы жөнінде 11 июньде Ленин қол қойған кесте бекітіледі.

14 июнь. Ленин Оңтүстік майданның және 10-армияның Революциялық-әскери советтеріне телеграммалар жолдап, Царицынды жауға бермеу үшін шұғыл шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Москва пулеметшілер курсы курсанттарының митинг-концертінде сөз сөйлейді.

15 июнь. Ленин қызыл пулеметші-командирлердің бірінші рет оқуды аяқтауына байланысты Кремль курстарының парадын қабылдайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, мәжілісте жоғары командирлер құрамындағы қызмет орнын ауыстыру

туралы және революциялық-әскери советтерді нығайту туралы, әскери мамандарды бақылау туралы, Шығыс майдан туралы, әскери бөлімдерді бір жерден екінші жерге ауыстыру туралы, Будапештте коммунистік жастар одақтарының халықаралық конференциясын шақыру туралы венгр коммунистерінің ұсынысы, ең жоғары жазаны қолдану туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 июнь. Ленин И. И. Ульяновпен және Уралдың революцияшыл казактарының басқа да өкілдерімен Колчак әскерлерінің тылында партизандық қимыл жүргізу үшін казактар отрядын құру мүмкіндігі туралы әңгімелеседі, содан кейін РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына және Республика Революциялық-әскери советіне И. И. Ульяновтың ұсынысын қарауды өтініп записка жазады.

17 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, Халық ағарту комиссариатының бірыңғай еңбек мектебіне қажетті қаржыны бөлу туралы өтінішін талқылау кезінде цифр келтіріп, есеп жасайды; қызыл әскер дүкендерінің Орталық басқармасын қайта құру туралы қаулының жобасына қол қояды. Сондай-ақ театр және цирк өнері кәсіпорындарын, музыка аспаптарын жасайтын және сататын магазиндер мен шеберханаларды национализациялау туралы мәселе, тұрғын үйлерді санитарлық жағынан қорғау туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

18 июнь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы мен Ұйымдастыру бюросының біріккен мәжілісіне қатысады, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді. Онда тұтынушылар қоғамдарының Орталық одағы және жұмысшы кооперациясы туралы, азық-түлік қиыншылықтарына байланысты тоқымашы-жұмысшылардың ереуілдері туралы, Оңтүстік және Батыс майдандарына қосымша күш жіберу туралы мәселелер талқыланады.

Колчак армиясының тылында Қостанайда болған көтеріліс туралы және көтерілісшілердің Челябинскіге беттегені туралы мәжіліс үстінде хабар алғаннан кейін Ленин Шығыс

майданның Революциялық-әскери советіне М. М. Лашевичке көтерілісшілермен байланыс жасау қажеттігі туралы телеграмма жазады. 10-армияның ауыр жағдайы туралы хабар алынуына байланысты Ленин осы армияның Революциялық-әскери советіне Царицынды табандылықпен қорғау қажеттігі туралы телеграмма жазады.

Ленин Бела Кунге РКП(б) Орталық Комитетінің совет өкілін Венгрияға жіберу жөніндегі шешімі туралы және Антанта елдерімен уақытша бітім жасасу туралы келіс сөз жүргізген кезде ерекше сақтық жасау қажеттігі туралы хабарлаған телеграмманың текстін жазады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, майданға қосымша күш апара жатқан әскери эшелондарға міндетті түрде күзет қою туралы қаулының жобасына қол қояды. Мәжілісте Оңтүстік майдандағы әскери-санитарлық жағдай туралы, кәсіподақтар мобилизациялаған адамдарды бөлу туралы және мобилизацияланған тоқымашылардың саны туралы, әскерге шақыру жасындағы шетел азаматтарының елден кетуіне тыйым салу туралы, аңшылық мылтықтарды мобилизациялау туралы, Каспий флотилиясының үш теплоходын Царицынды қорғауға беру туралы, бензин өндіру туралы, винтовкаларды жөндеу және айырбастау барысы туралы, мобилизацияның іс жүзіндегі барысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин мәжіліс кезінде Воронеж, Тамбов және Саратов губернияларындағы позицияларды нығайту жұмыстарына жаппай мобилизация жасауға Төтенше комиссияның қатысу қажеттігі туралы және жасырулы жатқан қару-жарақты табу үшін жаппай тінту жүргізу туралы Ф. Э. Дзержинскийге записка жазады.

19 июнь. Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; онда азық-түлік армиясын көбейту жөніндегі шаралар туралы, Батыс майданда қорғаныс құрылысының тоқтап қалуын жою жөніндегі шаралар

туралы, казактардың құрама бөлімдерін жасақтау туралы, Новосокольникиде болған жарылысты тергеудің нәтижелері туралы, Тула заводына коммунист-жұмысшы әйелдерді мобилизациялау туралы, 19 жастағыларды мобилизациялау жөніндегі шаралар туралы, девертирлерге қарсы күрес туралы, әскерге шақыру жасындағы шетел азаматтарының елден кетуіне тыйым салу туралы, 14-армияның қарауына Қырымнан көмір жеткізу туралы, Красная Горкада болған оқиғаларды тергеу туралы, қалмақтарды мобилизациялау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 июнь. Ленин Шығыс майданның Революциялық-әскери советіне М. М. Лашевич пен К. К. Юреневке Уралға одан әрі шабуыл жасай беру қажеттігі туралы және бөлімдердің жауынгерлік қабілетін күшейту жөніндегі шаралар туралы директива берілген телеграмма жазады.

Ленин Қырымның азық-түлік комиссарына Россияның солтүстігіндегі ауру балаларды тамақтандыру үшін жеміс-жидек консервілері мен сыр қорының бәрін жөнелту туралы телеграф арқылы нұсқау береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, қаулылардың жобаларына қол қояды. Мәжілісте еңбек книжкалары туралы декреттің жобасы, Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының құрамы, «Электропередачаның» құрылымы және оны пайдалану туралы ереженің жобасы, автомобильдерді пайдалану ережелері туралы және басқа мәселелер талқыланады.

21 июнь. Ленин Л. Д. Троцкийге Царицынды қорғауды нығайту жөнінде шұғыл шаралар қолдану туралы телеграф арқылы жарлық береді.

Ленин Шығыс майданның жабдықтау жөніндегі бастығына әскерлердің Оңтүстік тобын жабдықтау ісін бөліп алуға болмайтындығы туралы және бүкіл майдан үшін бірыңғай жабдықтау аппаратын сақтау туралы телеграф арқылы жарлық береді.

Ленин Х. Г. Раковскийге Батыс майданға үш эшелон астықты дереу жөнелту қажеттігі туралы телеграмма жазады.

23 июнь. Ленин өзінің «Бостандық және теңдік ұрандарымен халықты алдау туралы» сөйлеген сөзінің жеке басылуына алғы сөз жазады.

24 июнь. Ленин 5-армияның Революциялық-әскери советіне Колчак әскерлерінен азат етілген территорияда қолға түсірілген астық қорын Азық-түлік халық комиссариатының рұқсатынсыз жұмсауға тыйым салынатыны туралы телеграф арқылы жарлық береді.

Ленин Республика Революциялық-әскери советінен мобилизацияланған және майданға аттандырылған жұмысшылардың саны туралы Украина әскери істер жөніндегі халық комиссариаты берген деректердің анықтығын сұрайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы мен Ұйымдастыру бюросының біріккен мәжілісіне қатысады, мәжілісте Бүкілроссиялық бас штаб пен Теңіз ведомствосына комиссарлар жіберу туралы, коммунисторге қару қалдыру туралы, азық-түлік жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, темір жол қатынасы үшін және телеграф корреспонденциясын алысу үшін Москва уақытын енгізу туралы қаулының жобасына қол қояды. Сондай-ақ нормаланбаған өнімдерді сатып алу үшін мекемелерге авансқа ақша беру туралы, кітапхана ісі туралы, штаттарды қарау жөніндегі комиссияның жұмысы туралы баяндама, отынның барлық түрін бөлу, реквизициялау, конфискелеу жөнінде бірыңғай тәртіп орнату туралы декреттің жобасы, әдеби қызметкерлер үшін ортақ тарифтер жасау туралы, штаттарды өсіруге жол бермеу ісіне бақылау жасау туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

25 июнь. Ленин Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне жолданатын телеграмманы Донбассты эвакуациялау үшін жіберілген

Иваново-Вознесенск тоқымашылары азық-түлік армиясына жіберілсін деген ұсыныспен толықтырып, оған қол қояды.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, Москваның ауыр және бекіністі атқылауға арналған артиллерия шеберханаларын қызыл әскер паегіне көшіру туралы мәселені талқылау кезінде, бұл үшін қажет нанды цифрлар келтіріп есептеп шығарады, саудада, өнеркәсіп пен транспортта істейтін жұмысшылар мен қызметшілерді әскери қызметке шақыру тәртібі туралы және осыған байланысты кәсіподақтардың бұрын жариялаған мобилизацияларының бәрін тоқтату туралы, колчакшылдарға қарсы шайқастарда көрсеткен ерекше ерліктері үшін 2-ші, 5-ші және Түркістан армияларына алғыс жарпялау туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ Қорғаныс Советі жанынан Комиссия құру туралы, әскерге шақырылуға тиісті теміржолшыларды мамандықтары және жолдар бойынша бөлу туралы, майданға қосымша күш апаратын әскери эшелондарға күзет қою туралы, Кронштадтан халықты эвакуациялау туралы, армияда санитарлық істі жақсарту жөніндегі шараларды белгілеу туралы, Мариинск жүйесінен Волга бассейніне сал ағызу туралы, Батыс майданның Ерекше азық-түлік комиссиясын ұйымдастыру туралы, винтовкаларды жөндеу жөніндегі жұмыстардың барысы туралы, Украинаға қару-жарақ пен оқ-дәрі беру туралы, маман жұмысшы-әскери тұтқындар туралы, қызыл әскерлерге төленетін ақыны арттыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин мұнай өнімдерін Саратовқа тасу туралы Царицын ұйымдарына жазылған телеграммаға қол қояды.

Ленин А. И. Свидерскийден Белая өзенінен астық тасымалдау барысы туралы сұрастырып, Петроградты азық-түлікпен жабдықтау үшін шұғыл шаралар қолдану қажеттігі туралы нұсқау береді.

26 июнь. Ленин Қырым Халық Комиссарлары Советіне Алупкада тұратын геолог-ғалым Д. И. Муш-

кетовтың семьясын көшіруді тоқтату туралы өтінген телеграммаға қол қояды.

Ленин 5-армияның Революциялық-әскери советіне телеграмма жолдап, Уфа губерниясының Мензелинск уезінде Азық-түлік халық комиссариаты дайындаған азық-түлікті армия жабдықтаушыларының өз бетімен тартып алуын тоқтату жөнінде жарлық береді.

Ленин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; зеңбірек замоктарын шығару және оның запастары туралы баяндама жасайды; күн тәртібін бірқатар мәселелермен толықтырады.

Сарапульден өзен флоты қызметкерлерінің Кама арнасын ақ гвардияшылар қойған минадан тазартуға көмек көрсетуді өтінген телеграммасын алғаннан кейін Ленин бұл мәселені Қорғаныс Советінің талқылауына қояды, бұдан соң Волга әскери флотилиясының штабына өзеншілерге көмек көрсету жөнінде жарлық берілген телеграммаға қол қояды.

Ленин мәжіліс үстінде Петроградтың жағдайын жеңілдету және мекемелерін эвакуациялау тәртібі туралы, Владимир оқ-дәрі заводының қоймаларын салу үшін Рязань губерниялық атқару комитетінің балташы-шаруаларды мобилизациялауы туралы, Орман, Көмір, Мұнай, Отын бас комитеттерінің барлық мекемелері мен кәсіпорындарын милитарландыру туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Сондай-ақ армияны астық жемімен және азық-түлікпен жабдықтау туралы, «Электропередача» және шым тезек кәсіпшіліктерінде еңбек тәртібін нығайту туралы, Батыс майданды босқындардан арылту жөніндегі жұмыстардың барысы туралы, барлық қару-жарақ заводтарын Халық шаруашылығы жоғары советінің қарауына көшіру туралы, Мемлекеттік бақылау комиссиясының мекемелердегі мобилизацияланған еркектердің орнына әйелдерді қою жөніндегі жұмыстардың барысы туралы баяндамасы, Подольск, Тула және Симбирск заводтарына жұмысшылар жеткізу туралы, 6-майдандық құрылыстың қорғаныс жұмыстары жоспарын қайта қарау туралы, мобилизациялаудың барысы туралы, тыңайтқыштар жасайтын заводтардың жұмысшыларын тамақтандыруды күшейтуді

жолға қою туралы, халықтың қолындағы қару-жарақты алу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

27 июнь. Ленин Нижний Новгородқа үгітшілер мен нұсқаушылар тобымен бірге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің «Красная Звезда» үгіт пароходында Волга және Кама бойымен сапарға шыққалы отырған Н. К. Крупскаямен әңгімелескенде үгіт бригадасының міндеттері туралы нұсқаулар береді, содан кейін жол жүрушілерді шығарып салуға Курск вокзалына барады.

Ленин Қазан, Саратов, Самара және Уфа губерниялық азық-түлік комитеттеріне Москва мен Петроградтағы азық-түлік жағдайының өте қиын екендігі туралы жазылған телеграммаларға қол қояды, онда жұмысшылар мен әскер бөлімдерін жабдықтау үшін июнь жоспары бойынша астық жөнелтуді дереу аяқтау жөнінде жарлық берілген болатын.

Ленин Шығыс майданның Революциялық-әскери советіне М. М. Лашевич пен К. К. Юреневке Колчак әскерлерінен қашып келгендерді үгітшілер ретінде пайдалану туралы және Николаевск ауданында ақ казактардың бүлігін басып-жаншу қажеттігі туралы телеграмма жазады.

Ленин В. В. Адоратскиймен Ұлы Октябрь социалистік революциясының тарихы жөніндегі материалдарды жинау және зерттеу қажеттігі туралы әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, отынның барлық түрін бөлу, реквизициялау, конфискелеу жөнінде бір тектес тәртіп орнату туралы декреттің жобаларына қол қояды. Азық-түлік жөніндегі жаңа декреттің негізгі ережелері туралы мәселені талқылау кезінде Ленин Халық Комиссарлары Советінің осы мәселе жөнінде құрылған комиссиясының құрамына сайланады. Сондай-ақ бірыңғай жүк түсіру органының міндеттерін Қатынас жолдары халық комиссариатына беру туралы мәселе, жолаушылар багажын жоғалтқаны немесе бүлдіргені үшін темір жолдардың жауап-

көршілігі туралы декреттің жобасы, тұрақты бағалар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркснзм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ҚОСЫМШАЛАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.
Л 40 Шығармалар толық жинағы: Орысша 5-бас. аударылды /В. И. Ленин; Қазақст. КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин.-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин.-тының филиалы.— Алматы: Қазақстан.—
Басп. 1973 жылдан шығады.
Т. 38. Март — июнь 1919.—1980.—664 бет.

ББК 11.5
3К2

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар
Л. Ф. Никольская **мен** *Е. Ф. Полковникова*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Л. П. Черешнева

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Е. Б. Струкова

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін
дайындаған *В. Т. Логинов*

Редактор *И. А. Гладков*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 978

Сдано в набор 29. 08. 79 г. Подписано к печати 11. 08. 80 г. Формат 84×108¹/₃₂. Бум. тип. № 1. Обыкновенная новая гарнитура. Высокая печать. Физ. п. л. 20,75+2 вкл. ¹/₄ печ. л. Условн. п. л. 35,07. Уч.-изд. л. 30,98. Тираж 15 000 экз. Заказ № 2785. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.